




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сабри Хизметли

# ИСЛАМ ТАРИХЫ

алғашқы кезең



Алматы, 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сабри Хизметли

# ИСЛАМ ТАРИХЫ

## Алғашқы кезең

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ 28 (075-8)  
КБЖ 86.38 я 73  
Х 42

Қазақ тіліне аударған:  
*Якши Мукарама Зуниновна – фил.ғ.к.*

**Хизметли С.**

**Х 42 ИСЛАМ ТАРИХЫ. Алғашқы кезең: Оқулық / Ауд.**  
М.З. Якши. – Алматы, 2014. – 588 бет.

ISBN 978-601-217-496-0

Еңбекте автор ислам тарихнамасының тарихына жалпы шолу жасап, ислам тарихының қайнар көздері мен көне тарихшылар жөнінде мағлұмат берген. Исламнан бұрынғы жәһілдік дәуірге, ислам тарихының Мекке мен Мәдина кезеңдеріне және рашид халифалар дәуіріне жан-жақты сипаттама бере отырып, әрбір кезеңнің саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-діни құрылымына жеке-жеке тоқталған.

**ӘОЖ 28 (075-8)**  
**КБЖ 86.38 я 73**

ISBN 978-601-217-496-0

© «Анкара Окул Йайыңлары» баспасы: 97  
© Қазақ тіліндегі басылым, ҚР Жоғары  
оқу орындарының қауымдастығы, 2014

**Профессор, доктор Сабри Хизметли** 1951 жылы Сивастың Кангал ауданына қарасты Ескикарахисар ауылында дүниеге келген. Сивас имам-хатип лицейі мен Кония Каратай лицейін бітірген. Жоғары білімін Селчук университетінің Исламтану факультетінде тамамдаған. Магистрлік және докторлық зерттеу жұмыстарын Францияда жүргізіп, 1979 жылы Париждегі Сорбонна университетінде доктор атағын алды. Сонымен қатар 1977-1978 жылдар аралығында Тунисте түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Біршама уақыт ҰББМ-де (Ұлттық Білім беру министрлігі) Білім беру және тәрбие бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1980 жылы Анкара университеті Исламтану факультетіне ғылыми зерттеуші ретінде тағайындалды. 1984 жылы доцент дәрежесін алды. 1986 жылы Ислам тарихы кафедрасының доценттік құрамына бекітілді. 1990 жылы профессор атағы беріліп, Ислам мәдениеті мен әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1986-1988 жылдар аралығында Алжирдегі Оран университетінде қонақ оқытушы ретінде қызмет атқарды. Қазіргі уақытта Анкара университеті Исламтану факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамында болумен қатар, Қазақстандағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде проректор қызметін атқарады. Сабри Хизметлидің түрік, араб және француз тілдерінде кітаптары мен мақалалары жарық көрген, аудармалары басылған. Көптеген ұлттық және халықаралық конференция мен симпозиумдарға қатысқан. Сондай-ақ автордың түрлі журнал мен газеттерде мақалалары жарияланып тұрады, радио мен теледидарда бағдарламалар жүргізеді.

## **МАЗМҰНЫ**

<b>ТӨРТІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	11
<b>БЕСІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	13

### **КІРІСПЕ**

<b>ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ИСЛАМ ТАРИХНАМАСЫ</b> .....	15
<b>А. ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА</b> .....	15
1. Тарих ұғымы .....	15
2. Тарихтың мағыналары мен анықтамалары .....	16
3. Тарихтың өткені мен бүгіні .....	25
4. Тарихты оқыту және оның әдістері.....	28
<b>Ә. МҰСЫЛМАНДАРДАҒЫ ТАРИХНАМА</b> .....	32
1. Исламнан бұрынғы арабтардағы тарих .....	32
2. Ислам тарихнамасының пайда болуы .....	36
3. Ислам тарихының қайнар көздері.....	48
4. Кешегі күннен бүгінге дейінгі ислам тарихнамасы .....	67
5. Ең алғашқы мұсылман тарихшылар .....	81

### **БІРІНШІ ТАРАУ**

#### **ИСЛАМНАН БҰРЫНҒЫ АРАБИЯ ТҮБЕГІ ЖӘНЕ**

<b>АРАБТАР</b> .....	113
<b>А. ЖАҒРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ</b> .....	113
<b>Ә. АРАБИЯ ТҮБЕГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК</b>	
<b>ҚҰРЫЛЫМ</b> .....	116
Араб қауымдары .....	119
1. Араб-ы бәида.....	119
2. Араб-ы бақия.....	122
<b>Б. САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕ</b> .....	126
Араб мемлекеттері .....	130
<b>В. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ</b> .....	134
<b>Г. ОЙ-ПІКІР ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖҮЙЕ</b> .....	139
1. Жәһілдік дәуір.....	139
2. Діни және ахлақтық құрылымы .....	148

Ғ. ХИЖАЗ АЙМАҒЫ .....	153
1. Жағрафиялық және экономикалық құрылымы .....	153
2. Хижаздағы әлеуметтік құрылым .....	161
3. Хижаздағы ой-пікір жүйесі мен мәдени құрылым .....	167
4. Исламнан бұрын Мекке .....	171
5. Мәдина (Йәсриб).....	185
Д. АРАБСТАНҒА КӨРШІ ХАЛЫҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ .....	189

## ЕКІНШІ ТАРАУ

### **ИСЛАМ ПАЙҒАМБАРЫ ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ӨМІРІ..... 193**

#### **А. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҚТАН**

БҰРЫНҒЫ ӨМІРІ .....	193
1. Әз.Мұхаммедтің ата-тегі.....	193
2. Әз.Мұхаммедтің ата-анасы .....	198
3. Әз.Мұхаммедтің дүниеге келуі.....	199
4. Әз.Мұхаммедтің балалық шағы .....	202
5. Әз.Мұхаммедтің жастық шағы .....	205
6. Әз.Мұхаммедтің жанұясы (Әһлі бәйт) .....	207
7. Әз.Мұхаммедтің Қағбада төрешілік етуі.....	217

#### **Ә. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ**

ИСЛАМ ТАҢЫНЫҢ АТУЫ.....	218
1. Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығына қатысты хабарлар .....	218
2. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы .....	220
3. Алғашқы уахи және соңғы пайғамбар Әз.Мұхаммед .....	223
4. Әз.Мұхаммедтің исламға үндеу әдісі .....	227
5. Әз.Мұхаммед үндеуінің мәні мен араб қоғамына әсері.....	229
6. Құранның уахи етілуі .....	232
7. Исламға үндеу және алғашқы мұсылмандар .....	242
8. Исламның Меккеде тарауы және Құрайыштың қарсылығы .....	252
9. Эфиопияға хижрет ету .....	262
10. Хашим ұлдарын қоршауға алу жөніндегі қарар және реакциялар.....	265
11. Пұтқа табынушылар көрсеткен қысымның салдарлары .....	267

12. Исламның Мекке дәуірінде орын алған кейбір маңызды оқиғалар.....	269
13. Меккеден Мәдинаға хижрет ету.....	281

### ҮШІНШІ ТАРАУ

<b>ИСЛАМНЫҢ МӘДИНА ДӘУІРІ</b> .....	293
<b>А. САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕ</b> .....	293
Мәдиналықтар келісімшарты.....	296
<b>Ә. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ</b> .....	308
Жеке ислам бауырластығы.....	310
<b>Б. ОЙ-ПІКІР МЕН МӘДЕНИ ЖҮЙЕ</b> .....	314
1. Хижреттен бұрынғы Мәдинаның (Йәсрибтің) ой-пікір және мәдени құрылымы.....	314
2. Хижреттің ой-пікір мен мәдени саладағы салдарлары.....	319
<b>В. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ</b> .....	331
<b>Г. ӘСКЕРИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ҒАЗАУАТТАР</b> .....	338
1. Әскери жүйе.....	338
2. Ғазауаттар.....	347
4. Алғашқы мұсылман елшілері және бүкіләлемдік ислам үндеуінің әлемге тарауы.....	390
<b>Ғ. СОТ ЖҮЙЕСІ</b> .....	392
<b>Д. УӘДА ҚАЖЫЛЫҒЫ МЕН УӘДА ҚҰТБАСЫ</b> .....	395
<b>Е. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУІ</b> .....	400
<b>Ж. ҚҰРАН КӘРІМДЕ БАЯНДАЛҒАН ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ КӨРКЕМ АХЛАҒЫ</b> .....	402
1. Ислам үндеуі мен оның басты ерекшеліктері.....	402
2. Құрандағы Әз.Мұхаммедтің сипаты.....	405
3. Әз.Мұхаммедтің көркем ахлағы.....	418

### ТӨРТІНШІ ТАРАУ

<b>РАШИД ХАЛИФАЛАР ДӘУІРІ</b> .....	441
<b>А. ӘЗ.ӘБУ БӘКІРДІҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (11-13/632-634)</b> .....	446
1. Әз.Әбу Бәкірдің халифа сайлануы (11/632).....	446
2. Әз.Әбу Бәкір тұсында бой көтерген оқиғалар.....	448
3. Әз.Әбу Бәкір тұсында орын алған фәтх әрекеттері.....	453
4. Әз.Әбу Бәкірдің дүниеден өтуі.....	456

Ә. ӘЗ.ОМАРДЫҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (13-23/634-644).....	457
1. Әз. Омардың халифа сайлануы .....	457
2. Әз.Омар дәуірінде орын алған фәтх әрекеттері.....	458
3. Әз.Омардың өлтірілуі.....	463
Б. ӘЗ.ОСМАННЫҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (644-659).....	464
1. Әз.Османның халифа сайлануы (23/644) .....	464
2. Әз.Осман дәуірінде орын алған фәтх әрекеттері.....	466
3. Әз.Осман дәуірінде бой көтерген оқиғалар мен ішкі шиеленістер.....	468
4. Әз.Османның өлтірілуі.....	472
5. Әз.Османның өміріне жасалған қастандық оқиғасы туралы берілген түсініктемелер .....	474
В. ӘЗ.ӘЛИДІҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (35-40/656-661).....	480
1. Әз.Әлидің халифа сайлануы (35/656) .....	480
2. Әз.Әли дәуірінде бой көтерген оқиғалар .....	481
3. Әз.Әли және харижилер .....	488
4. Әз.Әлидің өлтірілуі .....	490
5. Әз.Хасанның халифалығы және билікті Муғауияға тапсыруы .....	492

## БЕСІНШІ ТАРАУ

<b>РАШИД ХАЛИФАЛАР ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ</b> .....	495
А. САЯСИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ХАЛИФАТ .....	496
Ә. ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕ .....	504
Б. ӘСКЕРИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ФӨТХ ЕТУ ПӘЛСАПАСЫ .....	509
В. СОТ ЖҮЙЕСІ .....	520
Ғ. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ.....	547
1. Мемлекет кірістері.....	547
2. Мемлекет шығыстары немесе мемлекеттік қазынадан (бәйтүл-малдан) жұмсалған қаражат .....	559
Д. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ МЕН ІШКІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР .....	568
<b>БИБЛИОГРАФИЯ</b> .....	577



## ТӨРТІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

1990 жылы оқырман қауым назарына ұсынылған бұл еңбек кезекті басылымында қайта редакцияланған болатын. Әсіресе, 1999 жылы шыққан үшінші басылымында маңызды өзгертулер енгізіліп, көлемі айтарлықтай кеңейтілген еді. Ғылым мен әдістеме салаларының дамуы аталған өзгерту мен кеңейту мәселелеріне өз ықпалын тигізді. Оның үстіне, оқырмандарымыздың басым бөлігі университет студенттері болғандықтан, кітап мазмұнын жоғары білім беру бағдарламаларына сәйкестендіру де қажет болды.

Кітаптың үшінші басылымы жарыққа шыққан күннен бастап жеті-сегіз айдай аз уақыттың ішінде толығымен тарап үлгерді. Кітаптың бір томдық болуы, түрлі қоғамдық топтардың назарын аударуы, қарапайым тіл мен заманауи көзқараста жазылуы кітапқа деген қызығушылықты және төртінші басылымға деген сұранысты арттырды. Соған байланысты оқырмандарымыздың қызығушылығы мен талап-тілектерін ескере отырып, төртінші басылымды жарыққа шығардық. Кітаптың өткен басылымдарында атап өткен тілектерімізді қайталай отырып, еліміз бен ислам әлемінде бейбітшілік пен татулықтың жалғасуына өз үлесімізді қоссақ деген ниеттеміз. Кітаптың осы басылымына үлес қосқан құрметті әріптестерім Хасан Курт, Мурат Ақарсу және Әййуп Башқа алғысымды білдіремін.

Проф., док. Сабри Хизметли.

Шымкент қаласы.

24.01.2001



## БЕСІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

«Ислам тарихы (алғашқы дәуір)» атты кітабымыздың алғашқы басылымы осыдан он бес жыл бұрын жарық көрген болатын. Қолға тиген күннен бастап үлкен қызығушылық тудырған кітап жарнамалаусыз-ақ кеңінен тарап, қалың оқырман қауымның ықыласына бөленді. Кітаптың оқырмандары арасында түрлі қоғамдық топ өкілдері болғанымен, негізінен, университеттер тарапынан оқытылды. Исламтану, жаратылыстану және әдебиеттану факультеттері, сондай-ақ педагогика факультеті студенттері тарапынан кітапқа деген сұраныстың артуына байланысты кітаптың төртінші басылымының таралымы бір жыл ішінде тарап үлгерді.

Қолыңыздағы кітап Түркияның республикалық кезеңінде өз саласында жазылған алғашқы бір томдық еңбек болып табылады. Еңбек қазіргі тарихнама ұстанымдарына сәйкес дайындалып, өзіндік қайнар көздерге негізделеді. Кітаптың басты ерекшеліктері арасында: қарапайымдылық, түсініктілік, тура және қысқа баяндау, дұрыс ұсыным сияқты жақтарын атап көрсетуге болады. Еңбектегі пікірлер мен түсініктемелер, бір жағынан, оқырман үшін қолжетімді түрікше дереккөздермен қатар басқа да еңбектерге негізделген болса, екінші жағынан, «орта жолды ұстану сенімі» мен «тарихи шындықтарға» да сәйкес берілген. Кіріспе бөліміндегі «Тарихнама және ислам тарихнамасы» тақырыбы болса, тарих сүйгіш қауым мен тарих пәлсапасына қызығушылық танытқан кісілерге мол мағлұмат беріп, жол көрсететіндей ерекшелікке ие. Сондықтан қолыңыздағы кітап ислам тарихының алғашқы дәуіріне көңіл бөлген оқырман арасында сүйіп оқитын бір кітапқа айналар деген сенімдемін.

Проф., док. Сабри Хизметли.  
23 қыркүйек, жұма, 2001 ж.



# КІРІСПЕ

## ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ИСЛАМ ТАРИХНАМАСЫ

### А. ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

#### 1. Тарих ұғымы

«Тарих» арабша бір сөз, сөздікте «уақыттың білінуі» дегенді білдіреді. Бұл мағынада «тарих» – кез келген нәрсенің соңына ерген шегі және уақыты. Тарихтың тақырыбы болса, уақыт пен адам.<sup>1</sup>

Алайда, «тарих» сөзінің түбірі мен мағынасы жөнінде басқа да пікірлер бар. Кейбіреулердің пікірінше, «тарих» семид тіліндегі «у-р-х» түбірінен шыққан арабша сөз болып табылады. Ал иврит тілінде бұл сөз «йареах» (ай) сөзімен беріліп, адам мен уақытқа қатысты құбылыстарды түсіндіруде қолданылады.<sup>2</sup> Тарих сөзінің мұндай мағынада қолданысы өте ерте замандардан бастау алады. Мұнда «тарихтың» мағынасы уақыт бірлігін көрсететін айды таныта отырып, бір жағынан, уақиғаны, тарихи оқиғаны анықтап мезгілін белгілесе, ал екінші жағынан, уақыт үдерісі мен хронологиясын білдіреді.<sup>3</sup>

Енді бір тарихшылар «тарих» сөзі арабша емес, парсы тіліндегі «мах руз» (айдың көрінуі) сөзінен алынып, арабтандырылған деп пікір білдіреді. Олар өз пікірлеріне дәлел ретінде бұл сөздің «ай басының анықталуы» мағынасын беретіндігін келтіреді.<sup>4</sup> Аталған пікір бойынша «тарих» сөзі араб негізді емес, мұсылмандар Кітап иелерінен алған сөз болып табылады.<sup>5</sup>

Тарих сөзінің «arch» сөзінен шыққандығын, грек тілінде «ырх» деп оқылып, «ескі» деген мағынаға келетіндігін айтқандар да бар.

---

1 Мұхаммед ибн Абдуррахман әс-Сәхауи (831-902/1427-1492), *әл-И'лан бит-Тәубих ли Мән Зәммәт-Тарих*, баспа: F.Rozenthal. - Бейрут, 1989, 14, 16, 17.

2 Н.А.Р.Гибб, «Тарих», *IA*, XI, 777.

3 Хауаризми, *Мифтәхул-Улум*, Von Vloten баспасы.

4 Сәхауи, *аталмыш еңбек* 17; Н.А.Р.Гибб, «Тарих», *IA*, XI, 777.

5 Ибн Манзур, *Лисанул-Араб*. - Бейрут, I, 44.

Өйткені осыған негіздей отырып, көне еңбектер «археология» (archeology) деп аталған-ды.

Міне, бұл грекше сөз арабшаға енгеннен кейін «негіз» және «асыл» мағыналарында қолданылып, «археотип» (archetype) «алғашқы нұсқа» деген мағынаға ие болды.

Христиан терминологиясында Жәбірейіл «arcangel» деп аталады. Архангелдің түбірі «archangel» болып табылады. Ал италиянша баламасы «storì'a», французша «histoire», испанша «historia», грекше баламасы «storia»-дан туындаған. Арабшаға «тарих» сөзі исламнан бұрын хикая, қисса мағынасында кірген болатын. Құранда жиі айтылған «бұрынғылардың хикаялары» (*әл-әсатирул- әууәлин*) адамзатқа өзі өмір сүрген сәт пен келешекке қатысты түрлі хабарлар береді.

Дегенмен, «тарих» сөзіне, жалпы алғанда, «уақыттың білінуі», «уақыт ғылымы» ретінде мағыналар, сондай-ақ өте көптеген анықтамалар берілген-ді

## **2. Тарихтың мағыналары мен анықтамалары**

Тарих, адамның қоршаған ортамен байланысын білдіреді. Табиғи, әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени орта адамдар арасындағы қарым-қатынаста шешуші фактор болып табылады. Мұның айқын дәлелі ретінде жабайы және отырықшыл өмір сүру салтына қарай тұлғалардың қалыптасатындығын, сенім мен ғибадат түрлерін негізге ала отырып, әртүрлі адам типтерінің, мәдениет пен өркениеттердің пайда болатындығын айтуға болады. Адам өмір сүрген ортасына қарай өзін-өзі жетілдіріп қалыптастырған әрі айналасын түрлендіріп көркейткен. Яғни өз ортасындағы орны мен жағдайына қарай адам бірде субъект, бірде объект болған. Ортасын өзгерткен және ортасына қарай өзгерген. Осылайша өзгеруші және өзгертуші, жабайы және мәдени, тұлғалы және тұлғасыз, иманды және имансыз сияқты типологиялық ерекшеліктерге ие болған. Тарих адамның осы ерекшеліктерінің бір панорамасы ретінде саналады.

Алайда, мінезі, типі мен жағдайы қандай болмасын, адам адам болып, ал ол өмір сүрген әрбір дәуір тарих ретінде қала береді.

Сондықтан жазба деректер мен мәліметтерден бұрын орын алған «адамзат тарихы» (prehistorik) да жазбаша мәліметтерге сүйенетін «адамзат тарихындай» құнды және пайдалы.

Құранның «жаратылыс» туралы әңгімелеуі мен «әмбебап ілімді» ұсынуы, «адамды» ерекшеліктері мен типтеріне қарап бөліп-жармай негізге алуы және адамға тіл қатуы тарихқа қай дәуірде орын алғандығына қарамастан, «адам мен оқиғалардың баяндалуы» ретінде қарау қажет деген көзқарасты растайды. Өйткені жабайы өмір салты мен мәдени өмір салты да, тарихтан бұрынғы дәуірлер мен тарихтан кейінгі дәуірлер де адамға қатысты болып, адам және адамзат қоғамын түрлі жағдайлар мен мүмкіндіктер аясында танытады. Негізінде, мүмін, кәпір, мұнапыққа бір адам ретінде қарайтын болсақ, көне сенім-нанымдарды ұстанатындар, атеист пен деисттер де бір адам. Жиырма бірінші ғасыр табалдырығын аттағалы отырған бүгінгі күні Орталық Африка елдерінде толығымен жабайы өмір сүріп, көне сенім-нанымдарды ұстанатын көптеген тайпалар бар. Жиырма бірінші ғасырдың сауатты да мәдениетті әлемінде оларға орын бермеу қаншалықты шындыққа қайшы болса, «тарихтан бұрынғы» дәуірлерді тарихқа жатқызу да соншалықты жаңылыс бір көзқарас.

Шындығында, тарихқа адамзат баласы өте ерте замандардан бері үлкен көңіл бөлген. Ғасырлар бойы адамдар тарихты білуге ерекше ықылас қойған. Ұлыстар мен мемлекеттер материалдық және рухани мүмкіндіктеріне, өмір сүрген дәуірдің шарттарына қарай жеке-жеке мәдениет құрған. Яғни әрбір халықтың өзіне тән бір «тарихы» бар, әрбірі өзіндік бір «тарих» жазған. Жаңа бір мемлекет пен мәдениет қалыптастырушылар, міне, осы «тарихты» оқып, өткеннің тәжірибесін пайдалана отырып, тың еңбектер жазуды көздеген. Кейбір тұлғаларға ресми түрде тарих жазу міндеті жүктелген. Қай дәуірде және қай мемлекетте жазылғандығына қарамастан, жазылған тарихтардың көпшілігінің «ресми тарих», ал тарихшылардың басым бөлігінің «ресми тарихшы» немесе «сарай-династия тарихшысы» болуы мұның айқын дәлелі.

Қандай сипатқа ие болмасын, тарихшылар – тарихты яғни өткенді адамдарға жеткізген, жазған еңбектерімен оны жүздеген жылдар бойы жасатқан тұлғалар. Ауызша және жазбаша риуаяттарды, деректер мен мәліметтерді пайдалана отырып жазған шығармалары барлық

дәуірлерде адамдардың ерекше назарын аударған. Басқарушылар да, қоластындағылар да тарих ғылымына айрықша маңыз берген. Өте ерте замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жеке және жалпы кітапханаларда жинақталған кітаптардың басым бөлігін осы тарих кітаптары құраған болатын. Соғыс кезінде де, бейбіт заманда да, көбіне, тарихи жазбалар мен зерттеулер оқылған. Өйткені адамдар өз жеке жағдайына қарай тарихты үйренуді, өткеннің білімі мен тәжірибесінен пайдалануды қажетсінді. Шындығында, адамның өткен өмірі үйрену немесе «ғайыпты» білуге деген құмарлықтан тұрады. Сондықтан тарихты оқыту мен жазу мәселесіне барлық дәуірлерде көңіл бөлінген. Тарих «ерекше қызықтыратын ғылым» сипатын алған.

Жеке тұлға және қоғам ретінде адамның «тұлғалық» жетілуі мен «ұлттық тұлға» болып қалыптасуында тарихты дұрыс білу мен өткенді жақсы танудың маңызы зор. Материалдық-рухани даму мен мәдениеттену құбылыстары, көбіне, тарих білімі, сана мен тәжірибеге байланысты жүзеге асады.

Тарих адамзаттың өткенін жалпылай ұсынатын бір естелік іспеттес. Онда әрбір қоғам мен мәдениет өзінің материалдық және рухани дамуына қарай белгілі бір «өлшеммен» өз орнын алады. Әрбір халықтың өзіне тән мінездемесі бар, сол арқылы өзін таниды және басқалар тарапынан танылады. Соның нәтижесінде мақсат етілген бұқара тарихи сана мен білімге ие болып, тарихты пайдаланады және сабақ алады.

Бұл жағынан тарих – соңғы риуаятшының алдыңғы риуаятшыдан жеткізген бір риуаяты. Тарихи оқиғаларды бір риуаятшыдан екіншісіне жеткізу барысында өзгерту, қосып айту және алып тастау сияқты жағдайлар жиі кездеседі. Сонымен қатар тарихшының өзі тікелей куә болған оқиғалар мен жазғандары арасында айырмашылық та байқалуы мүмкін. Жеткізілген риуаяттарда да, жазылған деректерде де шындығында болмаған, ойдан құрастырылған не қиялдан туындаған оқиғалар, яғни аңыздар мен ираилият кездеседі.

Ұлыстар тарихында аңыздар жиі қолданылады. Яһудилер тарихы мұның бір дәлелі. Негізінде, оқиғалардың желісі, тіпті, заттар мен жансыз нәрселердің өткендегі жағдайы туралы ауызша не жазбаша жеткізудің өзі де бір тарих. Яғни кез келген жазба мен хикаяны тарих деуге болады. Дегенмен, тарих дегенде алдымен



халықтар мен мемлекеттер тарихы ұғынылады. Сондықтан тарих әлеуметтік құрылымның басты элементі және мүшесі болған адамдардың материя және ойлау тұрғысынан дамуын көрсететін бір ғылым. Яғни тарих адамзаттың дамуы мен кемелденуі барысында физиологиялық әрі рухани тұрғыдан жеке тұлға және қоғам ретінде қалыптасуына ықпал еткен жағдайлар мен оқиғаларды себеп-салдар байланысында, «тұжырымдамалық және теориялық шеңбер» аясында қарастырады.

Ал тарих әдістері (*усул*) зерттеудің саласы мен қағидаларын белгілейтін ғылым болып табылады. «Неге-қалай тарихнамасы» оқиғаларды даму және кемелдену контексті, себеп-салдар байланысы аясында, уақыт пен мекен тұжырымдамаларымен байланыстыра отырып баяндайды.

Зеки Велиди Тоғанның тарих ғылымы жөніндегі анықтамасы осы контексте келеді:

«Тарих ғылымы адамдардың уақыт пен мекен шеңберінде қалыптасқан пікірлерін және бұл пікірлердің бастапқы кезінен атқарған қоғамдық рөлі мен маңызын анықтап, сипаттайды. Ал тарихшы – әрі нақты факторлар мен оқиғаларды әрі рухани факторларды анықтайтын тұлға».<sup>6</sup>

Тарих ғаламның жаратылысынан бастап білінуі тиісті мәліметтерді қамтиды. Оның құрамына жер беті мен көк жүзіне қатысты кез келген мәлімет кіреді. Көне тарихшылардың өз еңбектерін әлемнің жаратылысы жөніндегі сөздермен бастауы да осыған байланысты болар. Мәселен, Табари, Ибнул-Әсир, Ибн Кәсир сынды мұсылман тарихшылар мен «Әлемнің қысқаша тарихын» жазған Herbert G.Wills, Will Durant сияқты шығыстанушылар өз туындыларын жер бетінің жаратылысы туралы сөздермен бастаған. Аталған тарихшылар тарихқа уақыттың білінуі деп анықтама берген. Яғни тарих – өткен оқиғаларды айқындап, уақытын көрсете отырып баяндайтын ғылым.

Оқиғалар желісі, тіпті, материя мен заттың көрінісі, жағдайы жөнінде баяндайтын әрбір жазба мен хикаяның өзі бір тарих. Мұндағы айтылып отырған нәрсе бір табиғи құбылыстың,

---

6 Зеки Велиди Тоған, *Тарихте Усул*. - Стамбул, 1969, 1-25.

ғылымның және заттың тарихы. Алайда, бізді қызықтыратын халықтар мен мемлекеттер тарихы болып табылады. Бұл тұрғыдан тарих әлеуметтік құрылымның негізі саналған адамзат әрекеті мен ой-пікірінің дамуын көрсететін мағлұматтардан құралады.

Тарих адамзаттың дамуы мен кемелденуі барысында жүзеге асқан жеке және қоғамдық іс-әрекет пен пікірлерді, сондай-ақ олардың нәтижесі ретінде туындаған оқиғаларды зерттейді. Олардың себептері мен арасындағы байланыстарды анықтайды.

Тарихты зерттеу әдістерін көрсететін ғылым «тарих усулы» деп аталады.

Біздің пікірімізше, «тарих» сөзі, негізінен, уақыт ұғымын қамтиды, тұлғалар мен қоғамның жағдайын, іс-әрекеттерін «уақыт» шеңберінде анықтайды. Этимологиялық анықтамалар да осыны меңзейді. Мұсылмандар, мүмкін, осы түсінік негізінде хижрет жылын «Ислам жыл санауының» бастауы деп таныған болар. Негізінде, ескі «араб жылы» ай (қамар) бойынша есептелген. Көшпенді (бәдеуи) арабтар да, отырықшыл өмір сүрген арабтар да бастапқыда тек айдың кезеңдеріне негізделген «қамари жыл» бойынша қалыптасқан уақыт бірліктерін қолданатын еді. Бұл бірліктер, кейінірек, «күн жыл санауына» сәйкестендірілді.<sup>7</sup>

Арабия түбегі халқы үнемі бір күнтізбе қолданбаған. Бастан өткен оқиғалар мен уақытын белгілеу үшін арабтар түрлі тәсілдерді пайдаланған. Оқиғалардың болған уақыты, негізінен, әміршілердің салтанат құрған дәуірімен байланысты есте сақталған. Оқиғаның уақыты тайпа немесе мемлекет басшыларының, шейхтар мен танымал тұлғалардың өмір сүрген уақытына негізделе отырып белгіленген-ді.

Хижрет оқиғасы күнтізбенің бастауы немесе жыл санаудың басы ретінде кім тарапынан қалыптастырылғандығы жөнінде ортақ пікір жоқ. Сәхауи мен Ибн Асакир Әз.пайғамбардың Мәдинаға келуімен бірге, «хижри күнтізбенің» бастау алғандығын айтады.<sup>8</sup> Әл-Әсмаирабиғул-әууәл айының хижрет айы (хижрет жылының басы) ретінде

7 Gibb, *аталмыш еңбек*, 777-778.

8 Әс-Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 138.

қабыл етілгендігін атап көрсетеді. Әл-Хәкимнің Ибн Журайж, Әбу Сәлама мен Ибн Шихаб әз-Зухри тізбегімен жеткізген риуаятына қарағанда Әз.Мұхаммед Мәдинаға келген уақытта бір күн қойылуын бұйырады, соған байланысты «рабиғул әууәл» деп жазылады.<sup>9</sup>

Алайда, көпшіліктің пікірі бойынша, Әз.Мұхаммедтің Мәдинаға хижрет ету оқиғасы күнтізбенің (хижри күнтізбенің) бастауы ретінде Әз.Омардың халифалығы тұсында қабылданған.<sup>10</sup>

Исламнан кейін де арабтар біраз уақытқа дейін жәһілдік дәуірінен қалған аралас күнтізбені пайдаланды. Кейінірек хижрет оқиғасы жыл санау бастауы ретінде қабылданды. Әз.Мұхаммед «Уәда» (қоштасу) қажылығынан қайтқан уақытта атап өткеніндей, араб күнтізбесі 12 қамари айдан құралады. Бұл күнтізбеге сәйкес мерекелер мен Рамазан айы жылдың бір мезгілінен екіншісіне ауысып отырады.

Хижри күнтізбеде қолданылатын айлар исламнан бұрын да қолданылып келген айлар болатын. Олардың алғашқысы – Мухаррам айы. Хижраның 10-ыншы жылы пайда болған бұл күнтізбенің бір бастауы жоқ-ты. Хижрет (мұсылмандардың Меккеден Мәдинаға қоныс аудару) оқиғасы 17 жылдан кейін хижри-қамари күнтізбенің басы ретінде қабыл етілді.<sup>11</sup> Ал исламнан бұрын адамдар күнтізбенің бастауы ретінде, алдымен, Әз.Адамның жер бетіне жіберілу уақытын санаған. Бұл жағдай Нұх топанына дейін жалғасты. Кейінірек Юсуф пайғамбардың дәуірі, Сүлеймен пайғамбардың дәуірі, Иса пайғамбардың дәуірі, «Піл» оқиғасы күнтізбе бастауы ретінде қабылданды.<sup>12</sup>

---

9 Әс-Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 139.

10 Ибн Манзур, *аталмыш еңбек*, I, 44.

11 Явуз Ержан, *Тарих методоложиси (жарияланбаған дәріс жазбалары)*. - Анкара, 1997, 10-106.

12 Тарихтың бастауы жөніндегі басқа көзқарастар жөнінде Әс-Сәхауидың *аталмыш еңбегінің* 146-149 беттеріне қараңыз; IA, «Хижрет» және «Нәси» материалдары.

Құран Кәрім түрлі мәселелерге қатысты уақыт жөнінде айта отырып, «айды» уақыт бірлігі ретінде алады.<sup>13</sup> Алайда, Құранның уақыт өлшемдері Аллаһтың жанындағы бірліктер болғандықтан, жер бетіндегі адамдар тарапынан білінген және қолданылған уақыт аралықтары мен өлшемдерінен өзгеше. Сондай-ақ дүниедегі уақыт аралықтары мен акирет өміріне қатысты уақыт та бір-бірінен ерекшеленеді.

Құранда адамның түсіну қабілеті, білімі мен тәжірибе деңгейіне байланысты бірқатар уақыт ұғымдары орын алған. Әсіресе, Құранның уақыт ұғымы үздіксіз үдерісте дамиды уақытты білдіреді. Өткенді уақыт үдерісінде алатын орнына қарай танытып, адамды да солай әрекет етуге бағыттайды. Негізінде, бар болу мен жоқ болу құбылыстары, яғни жарату мен жоқ қылу сияқты иләһи (Жаратушыға тән) істер үздіксіз жалғасатын уақыт ағымында жүзеге асады. Сол сияқты тарихи оқиғалар да осындай даму мен үдерісте жалғасады. Адам баласынан бастап, барлық жандылардың жаратылып, жер бетіне келуі, халықтар мен мемлекеттердің тарих үдерісінде өмір сүруі, табиғат құбылыстарының жүзеге асуы, пайғамбарлардың жіберілуі мен уахи түсіріліп, адамдардың ақиқатты қабылдауға шақырылуы тарихи үздіксіз үдерісте жүзеге асады. Шектеулі өмір сүретін барлық жандылардың «бар болу уақыты» белгілі бір уақыт аралығымен (ажалмен) шектеледі. Әке уақыт үдерісінде ұлынан бұрын келеді. Ұрпақтар мен қоғамдардың пайда болу үдерістері

---

13 Құран уақыт бірлігі ретінде уақыт, сағат, күн, ай, маусым, жыл, ғасыр, таңғы уақыт, таң, түс, екінті, ақшам, түн, күндіз бен басқа да сандық ұғымдарды қолданады: «...оның нәтижесі келген күні...» (Ағраф, 7/52); *Күдіксіз Раббыңыз сондай Аллаһ көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Сонан кейін ғаршыны меңгерген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, жұлдыздарды да әміріне бағындырған...* (Ағраф, 7/54); *«Ол жоғарғы орынға періштелер және Жәбірейіл мәлишері елу мың жылдық бір күнде шығады. (Мәғариж, 70/4); «Ол сондай Аллаһ, күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгіледі. Аллаһ бұларды шындықпен жаратты. (Юнус, 10/5); «...Негізінде Аллаһтың қасында бір күн сендер санайтын мың жылмен тең» (Хаж, 22/47); «Расында Аллаһтың қасында көктер мен жерді жаратқалы Аллаһтың Кітабындағы айлардың саны он екі. Бұлардан төртеуі харам (құрметті) айлар. Міне, осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріңе зұлымдық етпеңдер... (Тәуба, 9/36). Құрандағы «заман» мәселесі жеке зерттеулер тақырыбын құрайды. Біз бұл жерде тек тақырыбымызға қатысты бір-екі мәселені ғана көрсеттік.*

де солай. Жаратылыс, ондағы оқиғалар мен құбылыстар үйлесімді жүйеде және белгілі бір себеппен жүзеге асады.

Тарих сөзінің этимологиялық мағынасын негізге алған әл-Кәфияжи мен Сәхауи сынды тарихшылар тарих, уақыт пен оған қатысты жағдайлар туралы айта келе, «тарихтың тақырыбы адам, уақыт және осы екеуіне қатысты мәселелер», – деген.<sup>14</sup> Алайда, пайғамбарлардың өміріндегі кейбір жағдайлар сияқты<sup>15</sup> тарихқа қатысты бұл қағидалардан тыс оқиғалар мен фактілер де кездеседі.

Сонымен қатар «тарих» сөзі б.э.б. V-VI ғасырлардағы иондықтар дәуірінде барлық кісіге қатысты мәселелер туралы ғылым мағынасында қолданылып, мемлекеттер, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер, өткен және сол уақыттағы саяси құрылымдар туралы ғылымды білдірген. Уақыт өте келе мағыналық жақтан тез өзгеруі нәтижесінде мемлекеттер мен тұрғындарының өткен және сол уақыттағы қоғамдық жүйелері, әдет-ғұрыптары туралы ғылымға айналып, осылайша терминдік мағынасында «тарих» сөзі пайда болған.<sup>16</sup>

Римдіктер «тарих» сөзін жоғарыда көрсетілген түбірі мен мағынасында алып, терминдік сөз ретінде қолданды.<sup>17</sup>

Уақыт өте келе мағынасы дамып кеңіген «тарих» сөзі қазіргі уақытта адам мен оның бүкіл іс-әрекетін, қауымдар мен түрлі құрылымдарды, сондай-ақ кез келген тарихи даму мен кемелдену жағдайларын қамтиды.

Арабтар да сол дәуірлерде тарих сөзін термин ретінде қолданды. Араб әлемінде бұл сөз алғаш рет Оңтүстік Арабстан (Йемен) арабшасында беріліп, Яғла бин Умәййа бұл сөзді алғаш рет қолданған йемендік болды.<sup>18</sup>

---

14 Әл-Кәфияжи, *Китабул-Мухтасар фи Илмут-Тарих*, Тарих ғылымының ұстанымдары бөлімі; (Rosenthal, *Илмут-Тарих индәл-Муслимин* II т.); Әс-Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 14-16.

15 Бақара, 2/67-73, 259-260; Ағраф, 7/73; Юнус, 10/90-93.

16 F.Rosenthal, *Илмут-Тарих индәл-Муслимин*, ауд. Салих Ахмед әл-Али. - Бейрут, I, 16-17.

17 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 17.

18 Әс-Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 79-80.

Тарих сөзі, жалпы алғанда, жанды-жансыз барлық нәрсе туралы білімді қамтиды. Тарихтың мұндай анықтамасы ислам тарихында да кездеседі. Арабшада тарих ұғымы «тарих» және «ахбар» терминдік сөздерімен беріледі. Уақыт өте келе «ахбар» ғылымына ешқандай шек қойылмай, ол хикаялар мен қиссаларды қамтитын бір ғылымға айналды.<sup>19</sup>

Арабтар арасында тарих ұғымын білдіру үшін «хабар» сөзінің көпше түрін білдіретін «ахбар» сөзі кеңінен қолданылды. Бұл біртіндеп мағыналық жағынан өзгеріп, Расулуллаһтың істері мен сөздеріне қатысты мәліметтерді қамтыды. Кейінірек бұл сөз «тарихи кітаптар» және «тарих» кітабы деген мағынаны білдіретін болды.

XIX ғасырда тарих сөзі тарихи ойдың дамуымен қатар кеңі келе жалпы сипат алып, жанды-жансыз кез келген нәрсеге қатысты қолданыла бастады.<sup>20</sup>

Мұсылман тарихшылардан әл-Мәсғудидың «*Муружуз-Захәб*» және басқа да еңбектерінде, әл-Мутаххардың «*Әл-Бәдәу уәт-Тарихында*», әл-Кәфияжидің «*Әл-Мухтасар*» атты кітабы мен осыған ұқсас еңбектерде тарих ұғымы мен ой-пікіріне түрлі дәрежеде сілтеме жасалып, тарих сөзінің бара-бара кеңіп, жалпыланған соңғы мағынасын қамтитын анықтамалар жасалды.

Термин ретінде «тарих» сөзінің көптеген анықтамалары кездеседі. Тарих түрлі қауымдардың жағдайлары, мемлекеттері, әдет-ғұрыптары, ата-тектері, танымал тұлғалары мен олардың жойылуы және т.б. жөнінде білу деген мағынаға келеді.<sup>21</sup>

Тарих «зерттелген дерек» дегенді білдіріп, адамзат әлеміне қатысты оқиғалар туралы сөз қозғайды. Тарих сөзі тек оқиғалар ғана емес, сонымен қатар тарихи деректер, зерттеулер, сипаттама мен тарих ғылымын да қамтиды.<sup>22</sup>

19 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 24.

20 Тарих сөзіне қатысты түрлі анықтамалар үшін қараңыз: Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 10-28; Leon-E. Halkin, *Тарих Тенкидинин Унсурлары* (Elements de Critique Historique), ауд. Бахаеддин Йедийылдыз, ТТК басп. - Анкара, 1989. - 69.

21 Ташкөпрүлүзде Ахмед б. Мустафа, *Мифтахус-Саадә уә Мисбахус-Сиядә фи Мәудуатил-Улум*. - Бейрут, 1405/1985, I, 231.

22 E. Bernheim, *Тарих Илмине Гириш: Тарих Методу ве Фелсефеси*, ауд. М.Шүкрү Аккайя. - Стамбул, 1936, 3-4.

Тарих риуаятшылар мен ғалымдардың тууы, өлімі, ой өрісі, денсаулығы және т.б. сипаттарын, саяхаттары мен қажылық сияқты сапарларын да хатқа түсірген уақыт.<sup>23</sup>

### 3. Тарихтың өткені мен бүгіні

Тарих сөзінің алуан түрлі мағынада қолданылуы оған түрлі ұғым, анықтама мен баға берілуіне себеп болды. Тарихтың түрлі мағынада түсіндірілуіне тарихи шындық, деректермен қатар хикаялар мен ойдан құрастырылған қиссаларды да қамтуы әсер еткен.

Бірақтар тарихшылар тарихты «бастан өткен ақиқат» ретінде қабылдағанда, оған бастан өткен шындықты ғылыми зерттеу нәтижесінде алынған мағлұматтар ретінде қараған.<sup>24</sup> Бұл анықтама бойынша, тарих тек бастан кешірілген ақиқат туралы ғылымды білдіреді. Алайда, тарих кітаптарының жалпы мән-мәнісіне, хикаяшыл, қиссашыл, ираилиятшыл сипатына қарағанда, бұл анықтаманың тым асыра берілгендігі байқалады. Шындығында, тарих түгелдей бастан кешірілген шындықты қамтитын ғылым болмаған. Тарих кітаптарында, жалпы алғанда, әдіс ретінде «хикаяшылдық» пен «риуаятшылдық» жол таңдалып, салыстыру, талдау және сынға алу сияқты мәселелерге көңіл бөлінбеген.

Кейбір тарихшылардың ойынша, тарих адамдардың өткенін зерттейтін және әлеуметтік мәндегі іс-әрекеттерінің сипаттамасын ұсынатын пән болып табылады.<sup>25</sup> Алайда, адам өмірінің бір жағын алып, екінші жағын назардан тыс қалдырған анықтама кем анықтама, өйткені тарих адам мен адамзат қауымының барлық қырын қамтиды. Адамға қатысты барлық нәрсе тарихтың тақырыбына кіреді.

Тарихты адам мен қауымдар өмірінің белгілі бір жақтарын бөліп қарау деп түсінетіндер тарихтың зерттеу аясына адамның тек әлеуметтік мәнге ие, қоғам жөнінде хабар беретін іс-әрекеттерін ғана кіргізеді.<sup>26</sup> Мұндай жағдайда, тарихтың пәні маңызды тарихи тақырыптар мен назар аударарлық оқиғалар дегенді білдіреді.

---

23 Әс-Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 17.

24 Halkin, *аталмыш еңбек*, 4.

25 Halkin, *аталмыш еңбек*, 4.

26 Halkin, *аталмыш еңбек*, 4.

Жалпы мағынада тарих өткен уақытта болған оқиғалар мен жүзеге асқан істердің барлығын қамтиды. Тарих адамзаттың өмірбаяны, ақыл-ой мен мәдениетінің жалпы көрінісі іспеттес. Басқа бір анықтама бойынша, тарих адамдар қауымының немесе ұлыстардың материалдық-рухани тұрғыдан өткендегі дамуын, бір-бірімен қарым-қатынасын, мәдениеттерін, ішкі және сыртқы мәселелерін қамтиды. Адамзаттың жаратылыстан бергі бастан кешірген кезеңдері, материалдық және рухани кемелденуі тарихтың басты тақырыбы болып табылады.

Алайда, тарих бұл оқиғалардың өзі емес, оларды анықтау, баяндау. Араларындағы байланысты анықтап, бұл оқиғалар желісінен сабақ алу ғылымы.<sup>27</sup>

Біз өмір сүріп отырған уақыт кезеңі толық қалыптасып бітпегендіктен, оған тарихи тұрғыдан баға беру ерте. Сондықтан ол тарих тақырыптарының құрамына кірмейді. Себебі тарих тек жабылған уақытта ғана шын мәніне ие болады.

Тарихшы тарихты, жалпы тарихты қазіргі уақыт тұрғысынан немесе оқиғалардың нәтижелері тұрғысынан тек келешекте ғана бағалай алады.<sup>28</sup> Шындығында, тарих ақиқатты үйрету болып табылады. Өткенге қатысты шындықтардың анықталуы, бастан өткен заманның бағалануы және келешекке жақсырақ дайындалу үшін өте маңызды бір фактор.<sup>29</sup> Материалдық-рухани даму, мәдениеттену мен кемелдену, көбіне, өткенді білу, тәжірибелерінен пайдалану, жаңылыстарын түзетіп, келешекке лайықты шарттар әзірлеумен жүзеге асады.

Даму және мәдениеттену үдерісіндегі тарихтың ролін анықтағаннан кейін халықтар мен мемлекеттер «тарих ғылымын» қалыптастыруға қарай бет алды және уақыт өте келе тарихнама мәселесінде бір-бірімен жарысқа түсті. Соның нәтижесінде «жалпы» және «ұлттық» тарихтар жазылды.

Дегенмен, тарихты ғылым қатарына жатқызу не жатқызбау мәселесі де тарихшылар арасында тартыс тудырған мәселе.

---

27 Сейид Кутуб, *Тарихте Дүшүнже ве Метод*. - Стамбул, 1985, 7.

28 Кутуб, *аталмыш еңбек*, 5.

29 Тоған, *аталмыш еңбек*, XV.



Кейбіреулер тарихты ғылым ретінде бағаламай, бір пән немесе өнер ретінде санайды. Бұл пікірді ұстанушылар сөздің негізгі мағынасына қарай отырып, тарихтың ғылым анықтамасына сай келмейтіндігін айтады. Яғни тарих ғылымы математика сияқты абстрактілі дәлелдеуді де, тәжірибе жасау арқылы мәселенің аныққанығын анықтауды да қажет етпейді. Тарихты адамдардың істеген істерін уақыт пен жағдай тұрғысынан анықтай отырып, танытуға ұмтылу деп түсіндіреді.

Кейбір тарихшылар тарих заңдылықтарын таптық деп санаған болса, кейбіреулері бұл ғылымның бірқатар беймәлім қағидаларға сүйенетіндігін алға тартады. Дегенмен, көзқарастардың екеуін де дәлелдеу өте қиын.

Тарих бірқатар халықтар мен мемлекеттердің заман үдерісінде жойылып кеткендігін баяндаса да, нақты санын бере алмайды. Халықтардың жойылу себебі ретінде уақыт пен шарттар талабына жауап бере алмауын көрсетеді. Материалист тарихнамаға сай берілген бұл тұжырым бар болу мен жоқ болудың белгілі бір заңдарға сәйкес жүзеге асатындығын назардан тыс қалдырады.

Тарихтың бір рет қалыптасатындығын және кері қайтпайтындығын айтқан жөн. Тарихшылар тарапынан берілген тұжырымдамалар орынды да, жаңылыс та болуы мүмкін, сондықтан кез келген жағдайға қатысты қолдануға келмейді. Кез келген оқиға белгілі бір жағдайда жүзеге асады, сонымен бірге қайта туындауы да мүмкін. Шындығында, оқиғалар бір-бірінің себеп-салдары түрінде үздіксіз жалғасып отырады.<sup>30</sup>

Олай болса, тарихтың тақырыбын құрайтын «тарихи құбылыстар» мен «маңызды оқиғалар» қайта қайталанбайды. Өйткені тарих тәжірибелермен емес, куәліктермен жазылады. «Тарихи әдіс пен сынның арқасында және жанама ғылымдардың араласуымен ғана тарих ғылыми сипатқа ие болады».<sup>31</sup> Сондықтан зерттеу, баяндау және бақылау жолының салмақтылығына қарай отырып, тарихтың бір ғылым екендігін толық айта аламыз.

Атақты османдық тарихшы Ахмед Жеудет Паша (1822-1895) тарихты пайдалы ғылым ретінде санап:

---

30 Halkin, *аталмыш еңбек*, 6.

31 Halkin, *аталмыш еңбек*, 7.

«Тарих ғылымы барлық адамдарға, өкілдер мен мемлекет басындағыларға өткендегі жасырын және сыр болған оқиғалар жөнінде хабар беру, бүкіл дүниенің мүддесін көздей отырып, халық тарапынан оқып бағаланатын және мемлекет басшылары тарапынан үлкен көңіл бөлінетін, пайдасы көп ғылым,<sup>32</sup> – деп анықтама берген.

Тарихты ғылымға жатқызу не жатқызбау жөнінде туындаған тартыстардың себептері арасында тарихтың мазмұнын да келтіруге болады. Ең көне тарих кітаптары, жалпы алғанда, ғұмырнамалық шығарма түрінде жазылып, бірқатар ел басқарған тұлғалар мен олардың жанұялары, батырлар, ғалымдар мен атақты өнер қайраткерлерінің аңызға айналған ғұмырнамаларын сипаттаумен шектелген еді. Бұл еңбектерде әміршілер, мемлекеттер мен олардың құрылымы, әскери майдандағы жеңістер мен басшылар тұлғасы асыра сипатталған. Мұндай көзқарас алғашқы дәуір тарихшыларын оқиғалар мен риуаяттарды сол күйінде жеткізуге бағыттап, соның нәтижесінде «хикаяшыл» және «риуаятшыл» немесе «еліктегіш» тарих пайда болды.<sup>33</sup>

#### 4. Тарихты оқыту және оның әдістері

Кез келген ғылымның зерттеу саласында қажетті деректерді белгілеу мен тиісті нәтижелерді шығаруда қолданылатын жол мен тәсілді «әдіс» (метод) деп атайды. «Зерттеу-сараптау түсінігі» деп аталатын әдіс екі маңызды элементтен құралады: талдау-саралау (анализ) және жинақтау (синтез). Тарихи еңбекті классификациялауға дейінгі істелетін дайындық немесе зерттеу сипатындағы жұмыстар талдау, ал топтастыру кезеңіндегі істер жинақтау болып табылады. Жинақтау – бір оқиғаны себеп-салдар байланысына қарай жан-жақты қарастыру ісі.

Өртүрлі уақыт пен ортада өмір сүрген адамдардың ойлау және ойын жеткізу жолдарын анықтау үшін жүзеге асырылған зерттеулер, «түсіндірме» (hermeneotik) және «сынға алу» да тарихи әдістер құрамына енеді.

32 Ахмед Жевдет Паша, *Тарихи Жевдет*. - Стамбул, I, 33.

33 W.Barthold-F. Көпрүлү, *Ислам Мәдениеті Тарихи*. - Анкара, 1977, 4.

Тарихты оқып үйрену адамзаттың жаратылуы және жер бетінде үстемдік құруымен басталады. Өзі шыққан ортаның халқы мен мәдениетін білу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу және үйрету, сонымен қатар адамзат әлемінде орын алған оқиғалар мен маңызды өзгерістерді, құрылған мәдениеттер мен қоғамдық ұйымдарды білу әрбір жеке тұлға мен қауымды қызықтыратын мәселелер болып табылады. Сондықтан тарихты оқытуға дүниежүзі халықтары мен мемлекеттері ерекше мән берген.

Барлық дәуірлерде адамдар тарихты білуге өте үлкен көңіл бөлді. Тарихты сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігіне мән бере отырып оқыту мәселесі барлық кезде ерекше мәнге ие болды. Алайда, адамдар тарихты қалай білуі керек? Тарихты үйреткісі келгендер қандай әдіс ұстануы тиіс? Міне, осы сұрақтардың жауабы әрі «тарихи әдістерді» әрі «тарихнама негіздерін» белгілеуге итермеледі. Бұл көзқарас уақыттың өтуімен дами келе, мазмұны мен әдістері жағынан «тарих ғылымын» қалыптастырып, әр дәуірде өзіндік сипатта дамып, толыға түсті. Тарихшылар да зерттеу саласында жеткілікті «мәлімет пен дерекке» қол жеткізді, сонымен қатар «ғылым мен білім беру әдістерін» жетілдірді.

Барлық саладағы сияқты тарих саласында да мағлұмат алу-беру және білім алу, ең алдымен, бір әдіс-тәсіл мәселесі екендігінде күмән жоқ. Тарихты оқытудың табысты әрі пайдалы болуы үшін оқыту мен зерттеу жұмыстары бірқатар ұстанымдар мен әдістерге негізделуі тиіс. Яғни тарихты оқыту мәселесінде тарих кітаптарының тарихнама қағидалары мен әдістеріне сай жазылуы маңызды. Сондай-ақ оқытылатын тарихтың қандай топқа арналғандығы, оқытушы мен оқырман деңгейі, берілетін материал көлемі, оны жеткізу жолдары мен құралдарын белгілеу де тарихнама әдіс-тәсілдері шеңберінде жүзеге асырылуы керек. Бұл тарих ғылымы мен тарихнаманың тарихты зерттеу мен оқытуда қаншалықты қажетті, пайдалы және маңызды екендігін көрсетеді.

Тарихты оқыту өзіндік ерекшеліктер мен әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Сондықтан білім беру орындарында тарихшы мамандығына берілетін арнайы білім басқа мамандықтарға берілетін жалпы білімнен өзгеше әдісті қолдануды талап етеді.

Ислам тарихын оқыту өзіндік ережелер мен қағидаларға негізделіп, ислам тарихшылары тарапынан берілген мағлұматтар аясында іске асырылуы тиіс.

Ислам тарихын осы саладағы тарихшылар мен олардың еңбектерін оқыту арқылы үйрету оқушылардың алдымен өз елі мен ислам әлемінің, одан кейін адамзат тарихының ертедегі және жуырдағы өткені жөнінде тарихи білімін қалыптастырады, бастан кешкен сәттің түрлі мәселелерін қарастыру және шешімін табу қабілетін жетілдіреді. Соның негізінде, материалдық және рухани құндылық тұжырымдарын қамтитын ислам тарихын оқыту біртіндеп ислам тарихын жазуға ұласады.

Тарихты оқытуда, ең алдымен, оқытылатын топ анықталуы қажет. Тарихшылардың еңбектерінде жазылған және көрсетілген мағлұматтар толығымен шындыққа сай келеді деу қиын. Сондықтан басқа мамандықтарға мұны оқыту қажет емес. Негізінде, тарихи мағлұматтардың қандай көлемде және қандай әдіспен оқытылатындығы алға қойылған мақсатына қарай тарих сабағы бағдарламасында белгіленеді. Сондай-ақ, тарихты оқытуда қандай нәтиже көзделгендігі де маңызды.

Тарихты оқытудың мақсаттарын дұрыс белгілеу сол мақсаттарға жету үшін қандай мағлұматтың қандай деңгейде берілетіндігін жоспарлауға және оны іске асыруға бағыттайды. Берілген мағлұматтардың оқытылған топты әрекетке бағыттап, не бағыттамағандығын түрлі өлшем мен бағалау құралдары арқылы бағамдау бұл мәселеде ең соңғы кезекте келеді. Ғылымды қалыптастыру, мақсатты белгілеу, оқытылатын топты анықтау, мақсатқа жеткізетін мағлұматтарды ажырату, топтастыру және ыңғайлы әдіспен үйрету де бұл саладағы ең маңызды істер қатарына жатады.

Тарихты оқытуда берілетін білімнің дереккөздері мен құралдарының сенімді болуы, яғни тарихты жазу мен тарих кітаптарының сенімді негіздерге сүйенуі басты мәселелердің бірі болып табылады. Тарихшы пайдаланатын материалдар ғылыми, тиімді, ақиқатты жеткізетін, оқиғаға сәйкес келетін және т.б. ерекшеліктерге ие мағлұматтардан қалыптасуы тиіс. Ойдан шығарылған риуаяттар мен деректерге, айғақсыз және негізсіз деректерге, шындыққа қайшы мәліметтерге негізделген тарих білімі де бермейді, жол да көрсете алмайды, қайта адамды жаңылыстырады. Алайда, аталған талаптарға сай еңбек жазған тарихшылар саны өте аз болғандығын айта кеткен жөн.

Тарихты оқытуда уақыт ұғымын өзгертіп, оқиғаларға үш қырынан қарау да маңызды мәселе. Яғни «уақытпен» мағыналас «тарих» ұғымына «өткен, бүгін және келешек» тұрғысынан қарастырылатын құбылыс пен үдеріс ретінде қараған жөн. Осының негізінде әрі жалпы тарих әрі ислам мен оның мәдениетінің тарихы негізсіздік, қатып қалу, мәнсіздік сияқты сипаттардан арылып, мұсылмандар мен бүкіл адамзат баласын келешекке әзірлейтін серпінді қайнар көз бен құралға айналады. Тарихты мақсатты және саналы түрде оқыту адамдарды жарқын келешекке дайындауды көздейді.

Әлеуметтік ғылымдар қатарына жататын тарих ғылымы адам және қоғамның айналасымен болған қарым-қатынасын зерттейді. Әлеуметтік, мәдени, экономикалық, құқықтық, әскери, саяси және т.б. салаларда орын алған оқиғаларды анықтап, танытады. Тарихты дұрыс ұстанымға негіздей отырып, оқыту халықтың өз өткенін шындыққа сай тануына мүмкіндік беріп, келешекте мәдени қоғамға айналуына көмегін тигізеді.

Өткен тарихи бір оқиға зерттелген кезде, адам, орын және уақыт факторлары қарастырылып, анықталады. Яғни әлеуметтік болмысқа ие адам, оның өмір сүрген уақыты мен мекені басты ерекшеліктерімен жас ұрпаққа танытылады. Өйткені тарих ғылымы өткен мен өткендегі оқиғаларды мекен, уақыт және кейіпкерлерін көрсете, қайнар көздерге сүйене отырып, себеп-салдар байланысында зерттейді.

Тарихты оқытуда түрлі әдістер қолданылғанымен, көбіне, «тікелей баяндау әдісі» басым түседі. Оқытушының баяндауы мен оқушының тыңдауы немесе оқуына негізделген бұл әдісте «мысал келтіру» де маңызды болып табылады. Яғни берілген мәлімет әсерлі болуы үшін мысалдармен қуатталып отырады.

Негізінде, иләһи бұйрықтарды үйрету де, көбіне, «тікелей баяндау» тәсіліне сүйенеді. Құран оқылғанда пайғамбарлар мен қауымдарға қатысты қиссаларға назар салатын болсақ, тікелей баяндаудың басым екендігін аңғарамыз. Құранда адамзат тарихы түрлі адам типтері, пайғамбарлар мен салихалы тұлғалар, мүміндер мен кәпірлер қауымы жөнінде мысалдар келтіру арқылы үйретіледі.

Сұрақ қою, мысал келтіру, оқиға болған жерді аралауға шақыру сияқты әдістер тарих жазу мен оқытуда да, сондай-ақ иләһи

бұйрықтардың уахи етілуінде де қолданылған. Негізінде, тарихты оқытудың мақсаты шынайы, деректі, ұстанымды және дұрыс білім қалыптастыру, адамдардың айтылған нәрселерді ұғуын және оны есте ұстап, одан пайдалануын қамтамасыз ету болып табылады.

Археологиялық, геологиялық, антропологиялық зерттеулер негізінде табылған заттар мен деректер, ауызша және жазбаша мәліметтер, кітаптар, карталар, фотосуреттер, суреттер, радио, теледидар, магнитофон, компьютер және кез келген құжат тарихты оқытудың керек-жарағы болып есептеледі.<sup>34</sup>

## Ә. МҰСЫЛМАНДАРДАҒЫ ТАРИХНАМА

### 1. Исламнан бұрынғы арабтардағы тарих

Арабтар исламнан бұрын тарихқа өте үлкен көңіл бөлген. Өйткені өткендегілердің кейінгілерге, ата-бабаларының балалары мен немерелерінің жеке және қоғамдық өміріне ықпалы бар деп сенген «жәһілдік дәуір» арабтары жанұя, ру мен тайпаның ата-тегін дұрыс білу және сақтау мәселесіне үлкен мән берді. Өткен мен өмір сүріп отырған уақыт арасында берік байланыс бар деп сенген арабтар тарихқа адам өмірін бағыттайтын күш ретінде қарады.

Сол себептен, исламнан бұрынғы араб тарихнамасы: «ата-тек шежірелері» және «әййәмүл-араб» сияқты екі бағытта дамыды. Арабтар өткенді үнемі есте ұстау үшін ата-тегін (*әнсаб*) білуге, ал ру мен тайпаның ұлттық-рухани құндылықтарын жаңғырту және қорғау үшін әдет-ғұрыптарды (*әййәмүл-араб*) білуге айрықша маңыз берді. Алайда, ата-тек туралы мәліметтер болсын, «әййәм» хикаялары болсын, қандайда бір тарихи мақсатта емес, ауызекі түрде, ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Исламның алғашқы кездеріндегі «ауызша тарихнама» мен жәһілдік дәуірдегі ата-тек шежірелері, «әййәм» тарихнамасы арасында түр мен әдіс тұрғысынан ұқсастық байқалғанымен, исламнан бұрынғы арабтардың салт-дәстүрлері мен мұсылман арабтардағы «ресми тарихшылық» арасында қуатты байланыс болғандығын айту қиын.

---

34 Нури Көстүклү, *Сосиал Билимлер ве Тарих Өгретими*. - Кония, 1998, 15.

«Әййәм» хикаяларының жетуі мен тарауын қамтамасыз еткен, б.э. VI-VII ғасырларында өмір сүрген арабтардың ең қуатты қаруы саналған «араб өлең-жырларын» да осы ауызша тарих түріне жатқызған жөн. Өйткені соғыста, бейбітшіліктің орнығуында, руаралық қарым-қатынастардың жүзеге асуында, сенім мен ойды жеткізуде өлең-жыр өте күшті рөл атқарды. Араб өлең-жыр жинақтарында «әййәмул-араб», «соғыстар», «шежірелер», «тайпалардың қаһармандығы мен наным-сенімдері» сияқты мәселелер жырланды. Бірқатар ғалымдар бұл сипаттағы өлең-жырға қызығушылық танытып, жинақтаған-ды. Көбіне, араб өлең-жырлары ауызекі жолмен тарады. Указ жазығында өткізілген жәрмеңкелерде (б.э. 570 ж.) өлең жарысы өткізіліп, ең үздік деп жарияланған өлеңдер Қағбаның қабырғасына ілініп отырды.

Жәһілдік дәуір арабтарының өмірінде өлең сөз бен қара сөздің алған орнын білу арабтардың тарихқа және бұл екі ғылымға қаншалықты көңіл бөлгендігін анықтауға көмектеседі. Өйткені шежірені білу мен өлең арасында тығыз бір байланыс болды. Шежіре іліміне деген қызығушылық, әсіресе, өлең-жырлар кейбір тарихи оқиғалар мен тұлғалардың анықталуын қамтамасыз етті.<sup>35</sup> Бұл жағдай тарихи ой-пікірдің дамуына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Хижаз аймағы мен Йемен өңірі тарихи бай мұраға ие болатын. Түрлі мәдениет пен дін өкілдері сауда, саяхат және қажылық сапарларымен Арабстанға келетін еді. Әсіресе, саудагерлер мен Қағбаны зиярат етуге келген қажылар арқылы арабтар көрші халықтар мен мемлекеттердің тарихынан хабардар болып отырды. Меккеде өткізілетін түрлі жиылыстарда халық жиналып, «әййәмул-араб» жөнінде білетіндер мен саяхаттары барысында естіп-білген қызықты оқиғаларды жеткізгісі келгендер сөз алып баяндайтын еді.<sup>36</sup>

Кейбір зерттеушілер меккеліктердің тарих туралы білгендігін, исламнан бұрын Меккеде тарихи мәселелерді қарастыратын арнайы министрліктің, тіпті, Сыртқы істер министрлігімен ортақ жұмыс

35 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 33-35.

36 Мұхаммед Хамидуллаһ, «Сирату Ибн Исхақтың *әл-Мәбғас уәл-Мәғаз* атты еңбегке жазған кіріспесі, бұдан былай «кіріспе» деп көрсетіледі. - Кония, 1981.

атқарған бір «тарих ұйымының» болғандығын жазады.<sup>37</sup> Омар бин әл-Хаттаб ол уақытта тарих саласында Меккедегі ең білімді кісілердің бірі саналатын. Мекке қалалық өкіметінің бас елшісі, яғни Сыртқы істер министрі сияқты қызмет атқарған Омар көрші мемлекеттердің тарихы мен құқығын білуге тиісті де еді.<sup>38</sup>

Кейбір тарихшылар араб тарихының да, ислам тарихының да негізін шеттен іздеуге тырысты. Олардың пікірінше, исламнан бұрынғы тарих түсінігі риуаяттардың ықпалымен дамып өрбіген. Арабтарда тарих ұғымы медицина, философия, жағрафия, астрономия сияқты ғылымдарға қатысты еңбектердің аударылуы арқылы, үнділер мен басқа халықтардан үйренгендеріне қарай қалыптасты.<sup>39</sup>

Исламнан бұрынғы араб тарихы мен тарихнамасы мәселелеріне қатысты мәліметтер, негізінен, ислами дереккөздерге сүйенеді. Бізге жеткен бұл дереккөздер мен еңбектердің тарапсыздығы мен ғылымилығы әлі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Сондықтан бұл дәуірлерге қатысты деректер мен мағлұматтарға ықтиятпен қараған жөн.

Солтүстік Арабстан арабтары арасында рушылдық пен тайпашылдыққа үлкен мән берілгендіктен, «ауызекі дәстүрге» сүйенетін «тайпа риуаятшылығы» басым болды. Арабтар тайпалар шежіресі мен «әййәмул-арабты» сақтауға ерекше көңіл бөлді. Араб риуаяттары жалпы «ауызекі» түрде жетті. Алайда, Мина, Сәба және Химияри жазба ескерткіштері Оңтүстік Арабстанда (Йеменде) исламнан бұрын «жазбаша тарихи» дәстүрдің де болғандығын көрсетеді. Йемендегі кейбір жанұялар тарапынан сақталған ата-тек жөніндегі жазбалар мен құжаттар кейінгі тарихшылар тарапынан пайдаланылды. Арабтар Парсы мен Византия әміршілері туралы да хабардар болған. Парсы халқына тән бірқатар қайнар көздер б.э. VI-VII ғасырларында арабшаға аударылған-ды.<sup>40</sup>

37 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*; Ибн Абди Раббих, *Әл-Иқдул-Фәрид*, зертт. Абдулмежид ет-Терхини. -Бейрут, 1987. - 45-46; Мақризи «*Фил-Хабар анил-Бешер*», Басшылық мәртебесі бөлімі (М.Хамидуллаһтан жеткізілген).

38 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*.

39 Велиди Тоған, «Ортағағ Ислам Алемінде Тенкиди Тарих Телақкиси», *Ислам Теодиклері Енститүсү Дергиси*. - Стамбул, 1953, 1-10-4, 43.

40 Ибн Хишам, I, 91; сондай-ақ қараңыз: Ибн Исхак, *Сира*, 182; Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 79-80; Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 44.



Дегенмен, бұл айтылғандардың растығы әлі дәлелденбеген. Тіпті, қазіргі оқиғалар туралы айтылған кездің өзінде, бұрынғы арабтардың тарихи білімдерінің дамымағандығы, оларға қатысты бар мағлұмат «ауызекі дәстүр» арқылы жеткендігі айтылады. Негізінде, тарихты жазу бір мемлекеттегі тарихшылардың тарихи ой-пікірінің дамуын көрсететін нәрсе.

Жәһілдік дәуір тарихнамасының ата-тек шежірелері мен «әй-йәмул-араб» арқылы жеткендігін, ал өлең-жыр олардың қосымша тармағы ретінде қаралатындығын жоғарыда айтқанбыз. «Әй-йәмул-арабқа» қатысты мәліметтер өте көне деректер қатарына жатады. F. Rosenthal «әй-йәмул-арабтың» «Семид» түрінде Таураттағы тарихи тармақтарға сәйкес тәртіппен баяндалғандығын алға тартады. Бұған дәлел ретінде Таурат пен «әй-йәмул-арабта» оқиғалардың «қисса» түрінде айтылып, соңында бір өлеңмен қорытындылануын келтіреді.<sup>41</sup>

Ата-тек ілімінің арабтарда өте ертеден келе жатқандығы және үлкен маңызға ие болғандығы белгілі. Арабтар арасында тарихи сөз ретінде пайда болған ата-тек ілімі оларда тарих түсінігінің қолданылғандығын көрсететін ең қуатты дәлел. Шежірелердің сақталуымен, шежіреде аты аталған тұлғаларға қатысты көптеген тарихи деректер те сақталған еді. Ата-тек ілімін білген кісі естіп-білгендерін жадында тоқыған. Шежірелерге деген сенімсіздіктің туындауына байланысты шежірешілер ата-тек жөніндегі деректерді күмән тудырмайтындай, ойдан құрастыруға жол бермейтіндей түрде хатқа түсіруге немесе кітапқа жазуға ұмтылды. Бұл өз кезегінде ата-текке қатысты еңбектердің жазылуына түрткі болды. Тарихи сананың дамуында ата-тек ілімі үлкен рөл атқарды.<sup>42</sup> Әбу Бәкір (Абдуллаһ) исламнан бұрын Меккеде ата-тек іліміндегі ең танымал тұлғалардың бірі еді.

«Ислами дәуірден алыс жәһілдік дәуір» және «ислами дәуірге жақын жәһілдік дәуір» деген екі бөлімнен тұратын «Араб жәһілдік дәуір тарихы» туралы дереккөздер мұнымен шектелмейді. Тауратта, Талмудта, иврит, грек-рим, арамей тілдерінде жазылған еңбектерде, Византия, Греция, Парсы, Йемен және Эфиопия тарихына қатысты

---

41 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 31.

42 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 36-37.

жазбаларда жәһилдік дәуіріндегі араб тарихында орын алған мәселелер мен байланыстарға қатысты мәліметтер кездеседі.

Исламдық кезең қайнар көздерінде жәһилдік дәуіріндегі араб тарихының, көбіне, б.э. V ғасырынан кейінгі кезеңдері жөнінде баяндалып, одан ерте кезеңдер қамтылмайды. Бұл жөнінде тәпсір, хадис, пайғамбардың өмірбаяны мен мәғазы, әдебиет пен өлең-жыр жинақтарында қомақты деректер орын алған. Парсы мен Рим-Византия тарихшыларынан әсерленгендіктен болар, мұсылман авторлар жәһилдік дәуір арабтарының тарихын, көбіне, ауызекі мәліметтер, өлең-жыр, дастан, ертегі, мәнқиба, әййәмул-араб, мәсалибул-араб, ата-тек, қисса және деректерге сүйене отырып жазды.

Әмеуилер мен аббасилер тұсында жәһилдік дәуіріндегі араб тарихымен арнайы айналысқан тұлғалар өмір сүрген. Олардың арасында: Абид бин Шәрийа әл-Журхуми, Уәһб бин Мунәббих, Мұхаммед бин Сағиб Әл-Кәлби мен ұлы Әбул-Мунзир Хишам бин Мұхаммед бин Сағиб әл-Кәлби сынды тұлғалар танымал болған. Әмеуилер кезеңінде жәһилдік дәуір туралы Жубәйр бин Мутғим (54/664 ж.д.с.), Ақил бин Әбу Талиб (60/680 ж.д.с.), Мәхрама бин Нәуфал (54/664 ж.д.с.), Әл-Ақра бин Харис Әт-Тәмими (31/651 ж.д.с.), Зийад бин2 Әбихи, Хуәйтиб (53/672 ж.д.с.), Дағфал бин Ханзала сынды әйгілі тарихшылар жазған еді. Аббасилер кезеңінде де жәһилдік дәуір тарихымен көптеген тарихшылар айналысқан болатын, олар: Әбу-Бухтари, Ләкит Әл-Мухариби, Дәххак бин Осман, Халид бин Тағлиқ, Әбул-Йәкзан, Ибраһим бин Мұса, Хишам Әл-Кәлби, Әл-Хәйсам бин Адий, Әбу Фирас Әл-Ханбаси, Ибнул-Хаббаб және Әбу Мұхаммед ибн Ахмад Әл-Хамадани.

## **2. Ислам тарихнамасының пайда болуы**

Ислам тарихы б.э. 610 жылы «Құранның уахи» етілуі және Әз.Мұхаммедтің пайғамбар ретінде таңдалуымен басталады. Меккеде «оқы» деп бұйырған және қаламды мадақтаған алғашқы уахимен «исламға үндеу» дәуірі басталған-ды. Ислам үндеуінің қайнары болған Құран ислам дініндегі сенім, ғибадат және ахлақ негіздерін уағыздаумен қатар, адамзат тарихына қатысты жалпы мағлұмат та берген еді. Адамзат тарихы жөнінде келтірілген аяттарда адам тегінің

жаратылуына, халықтар мен мемлекеттер тарихына, пайғамбарлар мен ел басшыларының тарихына, діндер мен мәдениеттер тарихына қатысты мәселелер ғибратты түрде баяндалды. Негізгі мақсат исламды үйрету болғанымен, бұрынғы халықтар мен әміршілердің сенімі, ғибадаты, ахлағы, әлеуметтік және экономикалық жағдайы туралы мағлұматтар да қамтылды. Сондай-ақ ғаламның хал-ахуалымен тікелей байланыстыра отырып, түрлі қауымдардың өмір сүру салтына да ерекше назар аударылды.<sup>43</sup>

Адамзат баласының өткені мен атқарған істері жөнінде жалпы үйретуші әдіспен баяндаған Құраннан мұсылмандар мол тарихи дерек қорын тапқан еді. Шынында, адамзат баласын исламға үндеген сүрелер мен аяттарда келтірілген Құранның негізгі ақиқаттарының бірі «тарихи оқиға мен құбылысты» қамтуы болып табылады.

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед жеткізген үндеуде адам өміріне қатысты айтылған пікірлер мен VII-VIII ғасырларда Арабстан топырағында өмір сүрген яһудилер мен христиандар мәдениетінде орын алған пікірлер арасында үлкен ұқсастықтар байқалғанымен, адам мен оның жаратылуына қатысты ислам көзқарасы, түптеп келгенде, өзгеше сипатта және ешбір түсіндіруді қажет етпейтіндей дәрежеде айқын болды.

Ислам тарихқа ақыл мен ақиқатқа сай түсініктеме береді, дүние мен ақирет тіршілігінің бар екендігін дұрыс ұғындыруды мақсат етеді. Бүкіл адамзат баласы әрбір ісіне жауап беретін Есеп күні (*Йәумуд-Дин*), яғни Қиямет күні келген уақытта дүниедегі тіршілік аяқталатындығы, ақирет өмірінің келешекте жүзеге асатындығы анық және абсолюттік ақиқат екендігін еске салады. Сөйтіп, ислам өткеннің тарихы бар екендігін келешек тарихын ұсыну арқылы дәлелдейді. Бұл тарихи ой-пікірдің келешекке ұласатындай ұзаққа созылуын қамтамасыз етеді. Өйткені Есеп күніне деген сенім адам мен оның іс-әрекеттеріне, өмір сүріп отырған уақыттың оқиғаларына тікелей ықпал етеді. Дүние өміріндегі іс-әрекеттеріне жауап беретіндігін саналы түрде сезінген адамның кез келген іс-әрекеті соңы

---

43 Бұл мәселелерге кітабымыздың кейінгі бөлімдерінде арнайы тоқталамыз. Құранда баяндалған мәселелерге қатысты көптеген аяттар бар, мәселен: Бақара 2/246-251; Әли Имран 3/56-79; Хаж 22/44-49; Һуд 11/6-8, 12-19, 26-117; Таһа 20/9-98, т.с.с. аяттар.

бар-соңы жоқ деген екі шек арасында жүзеге асады әрі мәңгілік сипатқа ие болады.

Сондай-ақ Расулуллаһтың (с.а.с) өзі де Аллаһтың ғаламды жаратуымен басталған тарихтың негізгі тақырыптарының бірін құрайды. Өйткені адамзат баласы жаратылып, жер бетіне жіберілген кезден басталған пайғамбарлық Өз.Мұхаммедпен аяқталған еді. Түрлі дәуірлерде адамдарды «тура жолға» бағыттау үшін әртүрлі қауымдарға пайғамбарлар жіберілді. Өз.Мұхаммед ақырғы пайғамбар ретінде ортаға шыққан уақытта, үндеуін алдымен өз қауымы «араб ұлтынан» бастады. «Алдымен жақындарыңды ескерт»,<sup>44</sup> «Ол сен үшін және қауымың үшін бір ескерту»<sup>45</sup> деген Құран бұйрықтарына сәйкес ең жақын туыстарынан бастап, қауымын жаңа дінге үндеді.

Өз.Мұхаммедтің үндеуінде қамтылған тарихи мағлұматтар мұсылман қоғамындағы «тарихнама» мен «тарихи зерттеу» әрекеттерінің негізгі қайнар көзін құрады. Өткеннің оқиғалары, жер бетінде өмір сүрген қауымдардың бүкіл іс-әрекеті әрі діни әрі тарихи маңызы бар тақырыптар болды. Сондай-ақ Өз.Мұхаммедтің өнегелі өмірі мен жарқын тұлғасы да тарихи ағыстың өзгеше жолын қалыптастырды. Кейінгі уақыттарда ғылымның бір саласы ретінде қалыптасқан «ислам тарихы» осы аяда дамып өрбіді.<sup>46</sup>

Құранда бұрынғы өткен халықтар, мемлекеттер, ел басқарушы тұлғалар мен пайғамбарлар туралы баяндаған тарихи қиссалар мұсылмандардың тарихи зерттеулерлер жүргізуіне, сондай-ақ тәпсіршілердің аяттарға түсініктеме беру үшін қажетті тарихи деректерді Құраннан және одан басқа дереккөздерден қарастыруына себеп болды. Тарихи мәселелерге мән беру уақыт өте келе тәпсір саласындағы еңбектерінің негізгі ерекшеліктерінің біріне айналды.<sup>47</sup>

44 Шуғара 26/214.

45 Шуғара 26/215.

46 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 41; З.В.Тоған мұсылман арабтарда тарих түсінігінің исламнан бұрынғы араб және парсы риуаяттарының ықпалымен дамығандығын айтады, сондықтан ислам тарихы шет негізді бір ғылым болған деген пікірге бағыттайды. «Ортачағ Ислам Алемінде Тенкиди Тарих Телаккиси», 43.

47 Бұл мәселеге байланысты қараңыз: Өс-Суйути, «*әл-Итқан*». - Каир,1317, I, 27; Ташкөпрузаде, *Мифтахус-Саадә*. - Хайдарабад, 1328-56, III, 41.

Ислам тарихы – Өз.Адамнан Өз.Мұхаммедке дейінгі дәуірлерде түрлі нәбилер арқылы адамзатқа уахи етілген иләһи ақиқаттар, исламды қабылдаған халықтар мен мемлекеттер, нәбилер мен расулдардың *тәблиғ* (дінді тиісті түрде жеткізу) жолындағы күрес-тері, мұсылмандардың мәдениеті мен өркениеті туралы ғылым. Әр діннің өкілдері өздері өмір сүрген дәуірлерде мәдениет пен өркениет тарихтарын жазып қалдырған. Алайда, біз бұл жерде ислам тарихы дегенде ақырғы нәби және расул болған Өз.Мұхаммедке уахи етілген ислам діні мен Өз.Мұхаммедтен бүгінгі күнге дейінгі дәуірлерде өмір сүрген мұсылман халықтардың мәдениеті мен өркениетінің тарихы жөнінде айтып отырмыз.

Әр дәуірде ислам тарихы саласында көптеген еңбектер жазылды. Ислам діні мен оның пайғамбарын, ислам мәдениетінің даму сатыларын таныту бұл еңбектердің жазылуындағы ең маңызды факторлар болды. Бірқатар сияр және мәғазилер еңбектері мүмкіндігінше Құран мен сүннетке негізделіп жазылса, бірқатары, көбіне, қиссалар, хикаялар, аңыздар мен ираилиятты қамтыды.

Сондықтан ислам тарихы туралы салмақты, талаптарға сай ғылыми-академиялық зерттеулердің жүргізілуі, маңызды оқиғалар мен ислам мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен қозғалыстар жөнінде сыни тұрғыдан жазу және дұрыс әдісті таңдай білу мұсылман қоғамы үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Өткенді жақсы білмейінше келешектің негізін дұрыс қалау мүмкін емес. Салт-дәстүрді білмей, жаңалықты алға тарта алмаймыз.

Сол себептен, мұсылмандар тарих саласына барлық дәуірлерде дерлік ерекше маңыз берді. Мұсылмандардың бұл салаға арнайы бет бұруына ислам әдебиетін, мәдениеті мен өркениетін ұсынуда дереккөздерді басшылыққа алуы, сонымен қатар сенімі, амалы, ахлағы, ойлау мен мәдени құндылықтары өзге халықтармен бірге өмір сүруі де ықпал етті. Бір жағынан, исламнан бұрынғы араб тарихы мен қоғамдық құрылымын, екінші жағынан Меке мен Мәдина кезеңдеріндегі Өз.Мұхаммедтің өмірбаянын, ахабаларының өмір жолын, мұсылман халықтар мен мемлекеттер тарихын қамтитын ислам тарихы риуаят пен деректерге сүйенетін дәстүрлер негізінде жазылды. Сияр мен мәғазилер жазу негізінде қалыптасқан ислам тарихының мазмұнын құрайтын бұл мәселелер алдымен түрлі тараулар мен тақырыптарға бөлініп қарастырылды, содан кейін жеке

хаттар мен еңбектердің тақырыбына айналды. Кейінірек құрамы мен мазмұны жағынан байыған ислам тарихы бірқатар ғылым тармақтарына бөлінді: Сияр (Өз.Мұхаммедтің өмірбаяны), Мәғазі (Өз.пайғамбардың ғазуаттары), Табақат пен Тәражим еңбектері (хадистанушылар, тәспірішілер, ғалымдардың және т.б. өмірбаяны), Фугухат (фәтх әрекеттері жөніндегі еңбектер) және Әнсаб (ата-тек шежірелері) атауларымен аталған еңбектер пайда болды. Бұл салаларда жеке сипаттағы ауқымды еңбектер жазылды. Ислам тарихына қатысты ғылым салаларының әрбірінде көптеген атакты ғалымдар шықты.

Ислам тарихын зерттеушілер аталған салаларда еңбек сіңіріп, кітап жазған кісілерді түрлі дәрежелер мен топтарға бөле отырып зерттеді. Әбан бин Осман бин Аффан (100/718 жылы дүние салған), Уруа бин Зубәйр (94/713 ж.д.с.), Шурахбил бин Сағд (123/741 ж.д.с.), Уәһб бин Мунәббих (110/728 ж.д.с.) сияқты тарихшылар алғашқы сатыда; Абдуллаһ бин Әбу Бәкір бин Хазм (135/752 ж.д.с.), Асым бин Амр бин Қатада (120/737 ж.д.с.), Ибн Шихаб әз-Зухри (124/741) және т.б. тарихшылар екінші сатыда; Мұса бин Уқба (141/758 ж.д.с.), Мағмар бин Рашид (154/770 ж.д.с.), Мұхаммед бин Исхақ (151/768 ж.д.с.), әл-Уақида (207/823 ж.д.с.) және с.с. ғалымдар үшінші сатыда көрсетілді.

Сонымен қатар ислам тарихшылары мамандығы, өмір сүрген дәуірі мен жазған еңбектерінің саласына қарай да топтастырылып, дәрежелендірілді.

Шындығында, алғашқы ислам тарихшылары, сияр мен мәғазі жазушылар, көбіне, мухаддистерден (хадистанушы ғалымдардан) болған. Өйткені сияр мен мәғазі ілімдері бастапқыда хадис ғылымының құрамында еді. Кейінгі ислам тарихшылары хадис ғалымдарының ізімен жүріп, олардың әдісін ұстанды. Олар риуаяттарды мәтін мен тізбек (*сәнәд*) тұрғысынан талдай отырып, хадистанушылар қолданған «жарх» (сенімсіз деп санау) және «тағдил» (сенімді деп санау) әдіс-тәсілдеріне қарай бағалады. Алайда, хадистерді жинау мен жазуда, мәтін мен тізбектерді бағалауда қойылған талап тарихи риуаяттарды жинау мен жинақтауда ұсталмады. Риуаяттар мен деректер сын елегінен өткізілмеді. Жазылған еңбектерде, көбіне, табылған кез келген мәлімет немесе риуаят қамтылған еді.

Дегенмен, мұсылмандар тарихнама мәселесіне үлкен көңіл бөліп, көптеген әйгілі тарихшылар тәрбиелеп шығарды. Бұл мәселеге мән беруіне әсер еткен басты факторлар ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Мұсылмандар Әз.пайғамбар дәуіріндегі оқиғаларды да, оның өлімінен кейін туындаған қайшылықтарды да білуге үлкен көңіл бөлді. Сондықтан олар Әз.пайғамбар дәуірінде және Әділетті (Рашид) халифалар тұсында болған оқиғаларға, Сәида ұлдарының ықпалымен өткізілген халифа сайлау жиналысы мен соған байланысты тартыстарға, үшінші халифаның өміріне жасалған қастандық уақиғасына, Әли-Муғауия күресіне, Хашими-Әмеуи дауына, Жамал және Сыффын уақиғаларына қатысты шындықты егжей-тегжейлі білуге мән берді.

Саяси билік мәселесі яғни мұсылман қоғамын басқару ісі Құран мен сүннет тарапынан белгіленіп, ал мемлекет басшысын сайлау мен саяси билік түрін анықтау мәселесі мұсылмандардың еркіне қалдырылған еді. Бұл жағдай олардың түрлі саяси, діни және әлеуметтік топтарға бөлінуіне, билік тартысына себеп болды. Түрлі пікірлер мен көзқарастар туындап, шешімін күткен мәселелер күн тәртібіне қойылды. Мемлекетті басқаруға қатысты монополиялық және теократиялық көзқарастармен қатар демократиялық және еркіндік сүйгіш пікірлер де ұсынылды. Әрбір көзқарас иесі өз пікірін діни немесе тарихи бір оқиғаны баяндай отырып, дәлелдеуге тырысты. Соның негізінде, кейбір тарихи оқиғалар бірқатар билік жүйелері мен үкіметтердің, түрлі сенімдер мен фикх үкімдерінің қайнар көзіне айналды. Осыған байланысты ислам тарихында орын алған және жоғарыда аталған уақиғаларға тарих және хадис кітаптарында арнайы бөлімдер арналды. Харижилық пен шииттік саяси-діни топтардың имамдық пен халифалық мәселелеріне ерекше мән беруі ислам тарихшыларының осы мәселелерге қатысты жеке еңбектер жазуына түрткі болды.

2. Ауызекі тарихнама ұзақ жылдар бойы жалғасты. Мұсылмандар қиссашылдыққа, хабаршылдыққа және ислам тарихында орын алған уақиғалардың риуаяттарына үлкен мән берді. Негізгі ислам ғылымдары жазыла бастаған тұста ауызекі тарихтың бұл материалдары жазбаша тарихтың басты материалы мен дереккөзіне айналды. Бастапқыда бір оқиға мен оған қатысты риуаяттарды қамтыған ең-

бектер жазылса, кейінірек жалпы сипаттағы және ауқымды еңбектер пайда болды. «*Уақғату Жамал*», «*Уақғату Сыффин*», «*Мақтәлу Осман*» және «*Китабур-Ридда*» сияқты туындылар бірінші түрге; ал Табари, Мәсғуди сынды классикалық кезеңдегі ислам тарихшыларының еңбектері екінші түрге жатады. Әбу Михнаф Лұт бин Яхия, Сәйф бин Омар, әл-Уакиди, Әли бин Мұхаммед әл-Мәдаини сынды атақты риуаятшылар мен тарихшылар дүниеге келді.

Алайда, жазба ислам тарихының ауызекі ислам тарихымен бірге басталғандығын ұмытпаған жөн.

**3.** Құран мен сүннеттің Кітап иелері (яһудилер мен христиандар), сабейліктер мен мәжусилер (отқа табынушылар) сияқты топтар жөнінде сөз қозғауы, олардың діндері мен мәдениеті туралы мәнді де жалпы мағлұмат беруі, мұсылмандардың мемлекеттер мен халықтар тарихы, діндер тарихы, пайғамбарлар тарихы, жалпы мәдениет пен өркениет тарихымен шұғылдануына себепші болды. Соның нәтижесінде, мұсылман тарихшылар бұрынғы халықтар мен мемлекеттердің, сондай-ақ ислам дәуірінде өмір сүрген түрлі діндегі қауымдардың сенім-наным, ғибадат, мәдениет пен өркениет құндылықтарын зерттей отырып, еңбектер жазды. Яһудилер, христиандар, мәжусилер, ассириялықтар мен гректердің тарихын ислам тарихы тақырыптарының қатарына енгізді. Табаридың «*Тарихул-Мулук уәл-Умәм*», Мәсғудидің «*Муружуз-Зәхәб*» атты туындылары осы сипатта жазылған еңбектерге жатады.

**4.** Мұсылмандар өз ғылыми және мәдени құндылықтарын, ғалымдар мен ойшылдарын танумен қатар, замандас, өздерімен бірге өмір сүрген халықтардың мәдениеті мен өркениеті жөнінде білуге де ұмтылды. Бұл мәселелерге көңіл бөлуі биография ғылымы саласында алға басуына, ислам тарихнамасында маңызды орын алған «Тәражим» және «Табақат» кітаптарын жазуына себепші болды. Мұндай сипаттағы еңбектер ғалымдар, ойшылдар, тарихшылар мен басқа да ғылым саласындағы ғалымдарды, олардың өмірбаяны мен еңбектерін ғылым әлеміне танытты. Ибн Сағдтың «*Табақаты*», Ибн Нәдимнің «*Әл-Фихристи*», Кәтиб Челебидің «*Сулләмул-Усулы*» мен «*Тарихи Димашиқ*», «*Тарихи Мысыр*», «*Тарихи Бағдад*» сияқты еңбектері бұл тұрғыдан адамзат үшін білім қазынасына айналды.



5. Ата-тек, ру және тайпа байланыстарына ерекше мән берген мұсылмандар «Әнсаб» іліміне де үлкен көңіл бөлді. Соның негізінде бұл ілім жеке пән ретінде дамыды. Текшілдік пен рушылдық ғылым, мәдениет, өнер және әдебиет салаларына бейбіт жағдайда да, соғыс кезінде де барынша ықпал етті. Бұл жағдай ислам тарихшыларының «Әнсаб» кітаптарында түрлі уақиғалар мен кейіпкерлер арқылы жан-жақты сипатталды. Мәселен, Бәлазуридың «*Әнсабул-Әшраф*» атты еңбегі осындай еңбектер қатарына жатады.

6. Мұсылмандар фәтх етілген (исламға қаратылған) өлкелердегі халықтарды, олардың мәдениеті мен өркениетін, ұлттық-рухани құндылықтарын тануға ұмтылды. Бұл көзқарас пен тілек оларды исламға қаратылған өлкелердің тарихы мен жағрафиялық шарттарын, фәтх етілу жағдайын, яғни бейбіт жолмен бе, әлде соғыс нәтижесінде ме ислам елдері қарамағына кіргендігін зерттеуге итермеледі. Өйткені бұл мәселелерді білу мұсылмандардың әр елге қатысты құқықтық негіздерді белгілеуі үшін, сондай-ақ сол халықпен қалай қарым-қатынас жасау керектігін білуі үшін қажет болды. Соның нәтижесінде, мұсылман тарихшылары исламға қаратылған елдер мен халықтарға қатысты «Футухат» және «Өлкелер жағрафиясы» (*булдан*) сияқты еңбектер жазды. Сөйтіп, араб, парсы, түркі, үнді, барбар, рим және т.б. исламға қаратылған халықтар мен олардың мәдениеттерін мұсылман қоғамына танытуды көздеді. Бәлазуридың «*Футухатул-булдән*», Йакуттың «*Муғжам*» атты еңбектері осы сипатта жазылған белгілі туындылар еді.

Он төрт ғасырлық ислам мәдени мұрасының шынайы бет бейнесі мен басты ерекшеліктерін тану үшін, ең алдымен, иләһи әрі адами қайнар көздерден бастау алатын бұл мұра шынайы сыни көзқараспен мұқият зерделеніп бағалануы, ғылыми әдіспен зерттеліп, бөтен элементтер мен ақиқат бет бейнесін көлеңкелейтін, түпнұсқа қалпын бұзатын және тұнықтығын былғайтын нәрселерден тазартылып, өзінің таза болмысына кері қайтарылуы тиіс. Мұны жүзеге асыру арқылы, «*Ей мүміндер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер*»,<sup>48</sup> - деген аятта көрсетілген мақсатқа жетуге болады.

Сондықтан ислам тарихын Құранды негізге ала отырып, шындыққа сәйкес жазуға көңіл бөлдік. Ислам тарихын оқытуда, ең алдымен, адамзат тарихының біртұтас қаралуы, содан кейін ислам тарихы мен мәдениетінің негізгі ерекшеліктері бағалануы керек. Әсіресе, ислам мәдениеті мен өркениетінің жалпы өркениет тарихындағы орны, сондай-ақ пайғамбарлар мен олардың үмметтері өмір сүрген дәуір мен жағрафия, олар құрған мәдениет анықталуы тиіс. Мұндай әдіс оқырмандарға адамзаттың және мұсылман халықтардың материалдық-рухани тұрғыда бастан кешірген түрлі кезеңдері, білім мен мәдениет деңгейлері туралы мағлұмат беріп, ғибрат алуына мүмкіндік береді.

Ислам тарихы мен мәдениетін оқытуда адам мен қоғам негізге алынып, міндетті түрде, «тұжырымдамалық-теориялық шеңбер» қалыптастырылуы керек. Ол үшін ислам тарихы мен мәдениетін басқа мәдениет және өркениеттермен салыстыра қарастыру; адамдар, оқиғалар мен деректер арасында үндестік пен үздіксіздіктің сақталуына мән беру; ғылыми түсінікке негіздеу және тарихи материализмнен ұзақ тұру; сыни және шынайы көзқараста болу қажет. Яғни ислам тарихын оқыту зерттеу, зерделеу, салыстыру, сынға алу, болжау және бағалау әдістеріне негізделуі тиіс.

Ислам тарихын жазудағы басты қағидалардың бірі тағдыр (*қадар*) мен оның іске асу (*қаза*) сенімін дұрыс түсіну болып табылады. Кейінгі ғасырларда өмір сүрген мұсылмандар бұл сенімді жаңылыс ұғынды. Кейбіреулер оны мойындамаса, енді біреулер ол туралы мүміндерді жаңылыстырды.

Тарихи оқиғалар зерттелгенде, жаратылысқа байланысты шындықтар, адам мен іс-әрекеттеріне қатысты иләһи бұйрықтар дұрыс ұғынылуы және бағалануы керек. Кез келген нәрсенің пайда болуы мен жойылуы бірқатар себептерге негізделеді. Мұның ақиқат екендігін білген жөн. Мысал ретінде мұсылмандардың Йармук шайқасында римдіктерді жеңуін келтіруге болады. Екі жақтың әскери күші тең емес-ті. Рим әскері мұсылман әскерінен саны жағынан алты есе артық, жүйесі мен қаруы жағынан да мықты болатын. Соған қарамастан, мұсылман әскері қалай жеңіске жетті? Мұнда материалдық себептерден гөрі рухани себептер басым рөл атқарған деуге негіз бар. Демек, тағдыр мен оның іске асуының ықпалы зор.

Алайда, тағдыр мен оның іске асуын сылтауратып, адам жауапкершіліктен құтыла алмайды. Тағдыр мен оның іске асуын сылтауратып, бірқатар тұлғалар мен қауымдардың істеген істері мен әрекеттерін ақтап алу қате.<sup>49</sup>

Өткен замандарда тағдыр мен оның іске асуы жөніндегі сенім бірқатар қауымдар мен мәдениеттердің пайда болуы мен жойылуында маңызды рөл атқарған. Дұрыс сенімге, тағдыр мен оның іске асуы жөнінде дұрыс сенімге ие болған қауымдар ұзақ уақыт рахат өмір сүріп, алып өркениеттер құрған. Ал жаңылыс түсінгендер ұзаққа бармаған. Мәселен, әмеуилер кезеңінде кейбір топтар мен тұлғалар тағдыр мен оның іске асу сенімін бір мәжбүрлік ретінде түсініп, ерік-қалау еркіндігіне қарсы шықты. Бұл олар жүргізген саясатқа да ыңғайлы еді. Алайда, айтылып отырған *жәбрие* сенімі олардың жойылуына себеп болды. Олар әрбір оқиғаның себебін Аллаһтың қалауы тұрғысынан, тағдыр мен оның іске асу сенімі арқылы түсіндіруге тырысты. Түрлі жамандықтар жасап, тыйымдарды бұзды және бұл істерді өз ерік-қалауымен жүзеге асырмағандығын алға тартты. Тағдыр мен оның іске асу сенімін дұрыс түсінбегендіктен, кейінгі авторлардың еңбектерінде әмеуи мемлекетін бағалауда үлкен қателерге жол берілді. Бұл мемлекеттің мәжбүр болу мен кері қайтару (*иржә*) ағымдарын қолдағандығы айтылды. Сонымен қатар әмеуи мемлекеті Аллаһтың қалауымен, тағдыр және оның іске асуы нәтижесінде құрылған, оған өте үлкен құрмет көрсетілуі керек деген пікірде болды. Аллаһтың қалауы мен тағдырдың іске асуын саяси үстемдіктерін жүргізу үшін пайдаланды.

Ал шындығында, Әмеуи (Умәййа) ұлдары мәжбүр болу мен кері қайтару сенімін қолдамаған. Тіпті, әмеуи халифалары жәбрие көзқарасын ұстанған Жәйлан әд-Димашқи, Мағбад әл-Жухани сияқты екі имам мен Жағфар бин Дирхәмді өлтірткен еді.<sup>50</sup>

Сондықтан дұрыс көзқарас және әдіспен жазылған ислам тарихы көптеген қателіктерді түзетіп, көптеген шындықты анықтайтын болады.

49 Әнғам, 148; Ясин, 47; Зухруф, 30; Зүмәр, 7; Бақара, 205.

50 Мұхаммед бин Шәмил әс-Суләми, Мәнһәжу Китәбәтит-Тарихил-Ислами уә Тәдрисиһи. - Каир, 1408/1988, 186.

Негізінде, тәпсір, хадис, сияр мен мәғазидің мәселелері зерттеле бастаған уақытта, мұсылмандар жалпы дүние тарихы жөнінде қарапайым түрде болса да, хабары бар болатын. Олар дүние тарихына қызығушылық танытты. Өйткені Құран мен хадистер яһуди, христиан, сабейліктер мен мәжусилерге қатысты көптеген деректерді қамтыды. Терең мазмұнды бұл қиссаларда тарихты баяндау арқылы адамдардың одан ғибрат алуы көзделген еді. Құран тәпсіршілері бұл қиссаларды Таурат пен Інжілден, сондай-ақ олардың түсіндірмелері мен түсініктемелерінен алынған мәліметтермен толықтыруға тырысты. Кітап иелеріне (яһудилер мен христиандарға), әсіресе, Исраил ұлдарына қатысты риуаяттардың (*исраилият*) Ислам әдебиетіне енуінде Кәғбул-Ахбар (32/652 ж.д.с.), Абдуллаһ бин Сәлам (43/663 ж.д.с.) және олардан кейінгі буын өкілі Уәһб бин Мунәббих (110/728 ж.д.с.) сынды исламды кейін қабылдаған Кітап иелері басты рөл атқарды.<sup>51</sup> Олардың бірқатар еңбектері библиографиялық кітаптарда аталған. Бұл тұлғалар әлемнің жаратылуы, пайғамбарлардың қиссалалары мен Исраил ұлдарының тарихы туралы көп мәлімет білген. Олардың өмірбаяны жөнінде кейінірек тоқталамыз. Олардың еңбектерінен алынған дәйексөздер тәпсір, мәғазиді және жалпы тарих кітаптарында кездеседі. Әсіресе, Табари (309/923 ж.д.с.) діндер тарихына қатысты деректерді жазуда осы риуаяттардан көп пайдаланған.

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедтің өмірін (*сирә*) жан-жақты зерттеу, Құранды тәпсірлеу мен хадистерді жинау әрекеттері мұсылмандар арасында «тарихнама» негізін қалыптастырды. Аталған әрекеттерді жүзеге асыру барысында аяттар мен сүрелердің түсу себебін, хадистердің айтылған жері мен тізбектерін анықтау, сондай-ақ Әз.Мұхаммедтің өміріне қатысты деректер жинау қажет болды. Жиналған бұл деректер біраз уақытқа дейін жаттау және ауызша жеткізу жолымен сақталды, содан кейінгі жылдарда жазылып, хаттар, кітаптар мен жинақтарда орын алды.<sup>52</sup> Сондықтан мұсылмандар арасында тарихқа қатысты еңбектердің Әз.пайғамбар өмірбаянымен (*сирә*) басталуы заңды құбылыс. Өйткені хадистер ислам тарихының Құраннан кейінгі қайнар көзі болып саналады. Ал сиярға

51 Фуад Сезгин, *Тарихут-Турасил-Араби*. - Мысыр, 1977, I, 486-491.

52 Barthold-Көпүрүлү, 151.

қатысты мағлұматтар хадистерде, Әз.пайғамбардың ғазуаттары туралы деректер мен атқарған істері жөніндегі риуаяттарда баяндалды. Мұндай еңбектердің алғашқы орталығы Мәдина қаласы болды. Ал Мекке, Басра, Куфа, Шам сияқты елді мекендерде сияр мен мәғазидерттеулері хижраның II ғасырында жазыла бастады. Хадистегі тізбек қолдану әдісі тарих әдістемесіне де ықпал етті. Бұл ортақ сипат осы кезден бастап тарихи мәліметтерді сипаттау, сын елегінен өткізу мен шынайылығын анықтауда үлкен өзгерістің пайда болуына мүмкіндік берді. Осылайша алғаш рет тарихтың берік негізі қалыптастырылған болатын.<sup>53</sup>

Фәтх әрекеттері де ислам тарихнамасының қалыптасуына ықпал еткен факторлар қатарына жатады. Тарих туралы шектеулі білімі бар мұсылман арабтар осы жорықтар нәтижесінде көрші халықтар және мемлекеттермен түрлі қарым-қатынастар жасап, олардың өткені, ұлттық және рухани құндылықтары туралы мағлұмат алды. Сондай-ақ бірге өмір сүрген халықтардың, исламға қаратылған елдердің тарихын үйренуге тырысты. Сөйтіп, бір жағынан, тарихқа деген қызығушылықтары оянса, екінші жағынан, олардың кітаптарын арабшаға аудару бастады.<sup>54</sup>

Мұсылман арабтар өздерінің фәтх әрекеттерін жазып қалдыру үшін хроникалық сипаттағы «футухат» кітаптарын жазды. Олар бұл еңбектерінде «хикаяшыл тарих» бағытын ұстанып, тарих пәлсапасына көңіл аудару қоймады. Әз.пайғамбардан риуаят етілген хадистердің шынайылығын анықтау ісі басталғанда, осы бағытта зерттеулер жүргізілді, соның нәтижесінде «хадисті зерттеу әдістемесі» (хадис усулы) қалыптасты. Міне, сол уақыттан кейін мұсылмандар арасында риуаяттарды сын елегінен өткізу әдісі қолданылып, өте ерекше мұқияттылықпен орнығып дамыды.<sup>55</sup>

---

53 Gibb, *аталмыш еңбек*, 784.

54 М.Шемседдин, *Исламда Тарих ве Муверрихлер*. - Стамбул, 1342/1923, 12; Тоған, *аталмыш еңбек*, 43.

55 Тоған, *аталмыш еңбек*, 43.

### **3. Ислам тарихының қайнар көздері**

Ислам тарихының қайнар көздері түп негізінде иләһи және адами болып екіге бөлінеді. Иләһи қайнар көз – Ұлы Аллаһ уахи еткен және пайғамбарлары арқылы адамзатқа жеткізген нәрселер. Пайғамбарларға берілген парактарда, Зәбур, Таурат, Інжіл мен Құранда адамзат тарихына жалпы шолу жасалады. Олардың арасында, әсіресе, Құран Кәрім Әз.Мұхаммедтен бұрынғы пайғамбарлар дәуірінде болған уақиғаларды, ғалам мен адамзаттың дамуына қатысты барлық маңызды өзгерістерді жалпы деңгейде камтиды.

Адами дереккөздер адамға негізделеді және нәбилік хабарлар мен адамдардың туындылары болып екіге бөлінеді. Соған орай, мұсылман ғалымдар еңбектерінің жалпы ерекшеліктерін қарастырып, ал нәбилік хабарлар жөнінде кейінірек «Хадистердегі тарих» тақырыбында тоқталамыз.

Бастапқыда ислам тарихын жазушылар өз еңбектерінде екі түрлі әдіс қолданды. Олардың кейбірі риуаяттарды негізге алған болса, енді бір ғалымдар «уақиғаға» негіздей отырып жазды. Тарихнама саласында тарихи оқиғаларды жазудың «уаканувистік» (ресми тарихнама) әдісі қолданылды. Бұл әдіс бойынша оқиғалар мен олардың кейіпкерлері пайда болу шартына, сондай-ақ хронологиялық ретіне қарай жазылды. Алайда, жазудан бұрын оқиғаны растайтын мәліметтер жинау немесе алдын ала зерттеу жүргізу сияқты мәселелерге көңіл бөлінбеді. «Болды» деп саналған бір уақиға негізге алынып, оның барысы мен кейіпкерлері сипатталды. Содан кейін барып, уақиғаның растығын дәлелдейтін деректер келтіріліп отырды. Ал негізінде, оқиғаның анық-қанығы алдымен анықталып, хабар, айғақ пен деректер арқылы дәлелденуі тиіс.

Риуаяттарға негізделіп жазылған тарих алдын ала үкім беру, жорамал мен болжамға емес, ауызша және жазбаша мәліметтер, риуаяттар, деректер мен құжаттарға сүйенеді. Алдымен дерек пен құжат жиналып, соның негізінде оқиғаның анық-қанығы анықталады, содан кейін барып, оқиға суреттеліп, бағаланады. Тарихты жазудың бұл әдісі дұрыс, объективті және ғылыми әдіс болып табылады.

Ислам тарихының қайнар көздерін құрайтын еңбектер, жалпы алғанда, «жинау-жинақтау» арқылы жинақталған риуаяттар негізінде қалыптасты. Бұл қайнар көздер ауқымы авторлар тарапынан тікелей зерттеліп қарастырылған не жиналған риуаяттармен немесе олардың білім, тәжірибе және көзқарасымен ғана шектелмейді. Исламның алғашқы ғасырларында жазылған тарихи жазбалардағы деректер, бұрынғы тарихшылар мен риуаятшылардың жинаған риуаяттары, Ибн Сағд, Яқуби, Бәлазури, Мәсғуди, Табари, Ибнул-Әсир мен Ибн Кәсир сынды атақты тарихшылардың еңбектері де осы қайнар көздер құрамына кіреді.

Алайда, бұл көне риуаяттар мен оларға негізделген еңбектер тарихи шындықты және бұрынғы дәуірлерде орын алған оқиғаларды толығымен әрі дұрыс жеткізді деп сену қиын. Өйткені:

- а) Табаридан бұрынғы авторлардың еңбектерінің басым көпшілігі жоғалған;
- ә) Ең көне риуаяттардың өзі кейінірек аббасилер дәуірінде жазылғандықтан, сөз бен мағына тұрғысынан дұрыс және оқиғаға сәйкес болуы күмәнді;
- б) Ең көне риуаяттардың басым бөлігі белгілі бір саяси-идеологиялық ортада топталып жинақталғандықтан, сол ортаның ықпалына ұшырауы мүмкін;
- в) Ең көне риуаяттар мен ислам тарихы дереккөздері, көбіне, әмеуилерге қарсы және шииттікті жақтайтын сипатта жазылған;
- г) Әбу Михнәф, Лұт бин Яхия, Яқуби, Ибн Сағд, Бәлазури және Табари сияқты көне риуаятшылар мен тарихшылар түрлі қырынан сынға алынып, сенімсіз, истраилиятшыл, шииттікті жақтаушы, сахабаға дұшпан, ойдан құрастырушы деп айыпталған еді.

Сондықтан бізге жеткен мағлұматтарды ықтиятпен бағалап, іштей және сырттай сынға алуымыз қажет.<sup>56</sup>

Мұсылман халықтарда тарихқа қатысты еңбектердің жазылуы хадис пен сүннеттің жинақталуымен тең ұғынылды. Өйткені хадис пен сүннет ғылымының мақсаты Әз.пайғамбардың сөздері мен істерін анықтау болса, сияр мен мәғазидің салалары да сол мақсаттағы мағлұматтарды қамтыған еді.

---

56 Шахин Учар, «Тарих Араштырмаларында Метод Меселеси», *Милли Күлтүр Дергиси*. - Анкара, 1991, 60-61.

Ислам тарихына қатысты хижраның I ғасырында бір шама зерттеу еңбектері жазылғанымен, жинақы және ауқымды сипатта емес еді. Бұл саладағы елеулі зерттеулер хижраның II-III ғасырларында жазылды. Хадис ғалымдары тарихты алғаш жазған тұлғалар болды. Өз.пайғамбардың өмірбаяны, ғазауаттары, сахабаларының істеген істері, мұсылман қоғамының түрлі іс-әрекеттері, ғазауат пен күрестері жөнінде еңбектер жазылды.

Бастапқыда тарих ғылымы ауызекі риуаяттарға негізделу және әдіс тұрғысынан хадис ғылымына ұқсас болды. Алайда, екі ғылым мақсаты мен қарастырған риуаяттары жағынан бір-бірінен ерекшеленді. Хадистанушылар фикһ пен ахлақ тақырыптарына қатысты риуаяттарды алса, ал тарихшылар оқиғаларды жан-жақты сипаттаған риуаяттарға көңіл бөлді.

Арабтардағы тарих ғылымы хадис ғылымы сияқты әрі *риуаятқа* әрі *дираятқа* (қалыптасқан жеке көзқарасқа) негізделді. Сондықтан бұл екі ғылымның қайнар көзі мен әдісі бірдей болды. Алайда, хадис ғылымында тізбекке көбірек мән берілді. Бұл хадисшы ғалымдардың риуаятшылар туралы байыпты зерттеулер жүргізуіне түрткі болды. Мұндай сипаттағы еңбектер «Табақат» және «Тәражим» деп аталды. Риуаятшылардың өмірбаянын егжей-тегжейлі баяндаған мұндай еңбектер арасында Ибн Сағдтың (230/844 ж.д.с.) «*Табақат*» және Зәхабидың (748/1347 ж.д.с.) «*Табақаты Хәффаз*» атты еңбектері ең алғашқы еңбектер болып табылады.

Бұл еңбектерде, негізінде, риуаятшыларды сынға алу, жарх (сенімсіз деп санау) және тағдил (сенімді деп санау) мәселелері қарастырылды.

Хадис пен тарих бірге қамтылған еңбектер арасында ең ерте жазылғандары мәғазі мен сияр кітаптары еді. Алғашқы мәғазі мен сияр еңбектері Мәдинада пайда болды. Ал хижраның II ғасырынан бастап тарих Мәдинадан тыс жерлерде де осы сипатта жазыла бастады. Сияр мен мәғазі кітаптарында Өз.пайғамбардың өмірбаяны мен ғазауаттары сипатталды. Мәғазі саласындағы ең көне кітап Уруа бин Зүбәйдің (94/713 ж.д.с.) еңбегі болып табылады. Бұл кітаптың кейбір бөлімдері Ибн Исхак, Уақиди мен Табаридың кітаптары арқылы бізге жеткен.

Сонымен қатар сияр мен мәғазі авторлары, көне ислам тарихшылары жағрафия туралы жазуға, жағрафия тарихнамасына да



әуелден-ақ үлкен көңіл бөлген еді. *Тәқуимул-булдан*, яғни жағрафия ғылымы мен тарих ғылымы арасында тығыз байланыс құрылды. Исламның алғашқы күндерінен бастап, өздері өмір сүрген өлкелер, қалалар және т.б туралы егжей-тегжейлі жазды. Жағрафия тарихнамасына көңіл бөлуге себеп болған тағы бір жайт исламға қаратылған және қаратылатын жерлерді білу мәселесі еді. Жизия мен хараж салықтарының жүйеге келтірілуінде, дін жолындағы күрес пен фәтх әрекеттерінің сәтті жүргізілуінде жағрафия тарихнамасы мен тарих жағрафиянамасы үлкен рөл атқарды.

### **а) Құрандағы тарих**

Құран – ислам ғылымдарының негізгі қайнар көзі. Дәлірек айтқанда, барлық ислам ғылымдары ислам дінінің қайнар көзі болған Құранға сүйенеді және одан бастау алады. Тек қирағат және тәпсір сияқты Құранға қатысты ғылымдар ғана емес, сонымен бірге хадис, фикһ, кәлам, сопылық және ислам пәлсапасы сияқты ғылымдардың да қайнары Құран болып табылады. Өйткені исламның негізгі қайнар көзі саналған Құран бұл ғылымдар көтерген тақырыптарға қатысты үкімдер, деректер мен ұстанымдарды қамтиды. Мұсылмандар арасында туындаған қажеттіліктер негізінде қалыптасқан ислам ғылымдары тарапынан қарастырылған және шешімін табу көзделген мәселелердің қайнары да, олардың шешімін қамтамасыз ететін үкімдер де Құранда бар, басқа сөзбен айтқанда, алдымен, Құраннан ізделуі тиіс.

Сондай-ақ Құран, негізінен, хабарларға, жазба және ауызекі риуаяттарға сүйенетін ислам тарихының да қайнар көзі болып табылады. Қамтыған мағлұматтары, өткенге қатысты деректері, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға қатысты берген түсіндірмелері тұрғысынан ислам тарихының қайнар көзі болған Құран ерекше маңызға ие. Өйткені Құран ислам тарихы, әсіресе, діндер мен өркениеттер тарихы, халықтар мен мемлекеттер тарихы, әлеуметтік тарих, дүниежүзі тарихы сияқты қазіргі кезде жеке ғылым салалары ретінде қалыптасқан тарих ғылымдарына қайнар көз қызметін атқарумен қатар, қажетті материалдармен қамтамасыз етіп, мазмұн мен әдіс жағынан бағыт береді. Ислам тарихы, сияр және мәғазі ғылымдарының тақырыптарын құрайтын мәселелердің өзегі де Құраннан табылады.

Сондықтан мұнда ислам тарихының басты қайнар көзі саналған Құранға негіз ретінде қарай отырып, оның қандай мәселелерде және қай қырынан негіз болатындығын, тарихқа қатысты материалдарының сипаты мен саласын қысқаша көрсетуге тырысамыз. Алайда, ниетіміз ислам тарихын түгелдей Құранның ішінде деп көрсету және тақырыпты ислам тарихы пәлсапасы мен әдіснамасы тұрғысынан қолға алу емес. Тамаша бейнеде жаратылғандығы, алуан түрлі физиологиялық және рухани нығметтерге бөленгендігі, жер бетіндегі барлық жаратылыс арасында Аллаһтың халифасы ретінде белгіленгендігі, өмірдегі түрлі сындар мен Есеп күнінен сәтті өтіп, ақиретте мәңгі бақытқа жетуі үшін дүниеге жіберілгендігі Құранда баяндалған адам, адамдар қауымы мен оларға қатысты барлық нәрсе тарихтың тақырыбына кіреді. Құранның бұйрықтары арасында адамның өзі мен айналасын, табиғат пен мақлұқаттарды, Жаратушысын тануы да орын алған. Құран бұл мәселеде бақылау, тәжірибе және ғибрат беру сияқты әдістер ұстанады. Құран адамға тарихты шынайы бет бейнесімен танытуды мақсат етеді. Ал тарих болса, адамға бастан өткен уақытты дұрыс бағалап, келешекке жақсырақ дайындалуы үшін өткенді үйретіп, оны еске салу арқылы қайтадан жаңғыртады.

Негізінде, Құран сүрелері мен аяттарындағы адамзатқа бағытталған иләһи үндеудің басты ақиқаттарының бірі «тарих оқиғасы» болып табылады. Құранда баяндалған алуан түрлі тарихи оқиғалар адамзат қоғамының жалпы даму үдерісіне сәйкес дамып отырады. Бұл оқиғаларда, ең алдымен, назар аударатын нәрсе – адамның жүріс-тұрысы мен әрекеттеріндегі даму. Бұл тұрғыдан тарихи оқиғалар Құранда маңызды орын алады. Өйткені Құранның барлық сүрелерінде дерлік, міндетті түрде, адам не адамдар қауымы немесе оларға қатысты «құбылыстар» мен «оқиғалар» баяндалады.<sup>57</sup>

Шынында, бастапқы кезден бүгінгі күнге дейін ислам ғылымдары, әсіресе, ислам тарихы саласында жазылған еңбектерге қарайтын болсақ, олардың басты тақырыбы Құранда орын алған шындықтың «хикая» немесе «қисса» түрінде баяндалуы екендігін айқын көреміз.

---

57 Имадуддин Халил, *Исламын Тарих Йоруму*, ауд. Ахмед Ағырақча. - Стамбул, 1988, 3.

Негізінде, Құран тек ислам сенімін, ғибадаты мен моральдық нормаларын ғана уағыздап қоймай, сонымен қатар адамзат баласының дүниедегі өмір сүру салты мен қағидаларын да белгілейді. Бұл мәселелерге қатысты адамзат тарихынан айғақтар келтіреді. Ал әлемнің жалпы жаратылысы, пайғамбарлар мен ел басқарған тұлғалар, түрлі қауымдар жөнінде айтылған «қиссалар» болса, осы тұжырымдардың материалын құрайды. Ислам доктринасы туралы айтқанда, бұрынғы қоғамдар мен әміршілердің сенімі, жүріс-тұрысы, әлеуметтік және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер береді.<sup>58</sup> Сондай-ақ Құранда түрлі халықтардың бастан кешірген оқиғалары сипатталып, бұл деректер арқылы адамға дүниеде өмір сүру жолдары үйретіліп, жақсы мен жаманды бір-бірінен ажырату қажеттігі көрсетіледі.

Алайда, Құранның тарихқа көзқарасы өзіндік сипатқа ие. Көктен түскен бұрынғы діндер мен кітаптардың да, тарихшылар мен пәлсапашылардың да пікірінен өзгеше. Өйткені Құран өткен, бүгінгі және келешектегі өмірді біртұтас күйде ала отырып, тарихқа адам баласы қызмет көрсететін сала ретінде қарайды.<sup>59</sup>

Адам өткенімен, бүгінгі және келешегімен тарихты қалыпқа салатын фактор болып табылады. Жанды-жансыз барлық жаратылыс адамға бағындырылған. Ал адамнан талап етілетін нәрсе – құлшылық міндетін орындап, дүние мен ақирет өмірін көркейтегіндей ғұмыр кешуі.

Құранда алуан түрлі тақырыпта мәліметтер берілген, тіпті, бұл мәліметтер Құранның маңызды бір бөлігін құрайды. Алайда, Құрандағы тарихқа қатысты мәліметтер яһудилер Таураттабар деп жүрген нәрселерден өзгеше: белгілі бір нәсілдің ғана артықшылығын дәріптеу емес, бүкіл адамзат тарихын қамтиды. Жаратылған күннен бастап, адам баласының бастан өткізген түрлі кезеңдері, даму мен кемелдену сатылары, ұшыраған жағдайлары, өздері себеп болған оқиғалар мен істеген іс-әрекеттері сипатталады. Сөйтіп, тарихи құбылыс пен тарихи оқиғалар біртұтас күйде, түрлі деңгейде және әртүрлі қауымдарды мысал келтіру арқылы «қисса» (хикая) түрінде

58 Бақара, 249-251; Әли Имран, 66; Хаж, 47.

59 Сулейман Хайри Болай, «Кураны Керимин Тарихе Бакышы», *Түрк Күлтүр Араштырмалары*. - Анкара, 1985, 149.

тарихи ағысқа сай баяндалады. Бұл баяндаулардың барлығында адам, уақыт, мекен мен тарихқа қатысты басқа да мәселелер негізгі факторлар болып табылады.<sup>60</sup>

Құранда жалпы тарихқа қатысты ұсынылған мәліметтер христиан дініндегіге де ұқсамайды. Мәселен, Құранның тарихи кейіпкері болған адам – дүниенің мырзасы деп танылуға лайықты тек үміткер.<sup>61</sup> Ол дүниеге басты кінәні арқалап, бүкірейген күйде келмеді және одан қорқып қаймықпайды да. Ақыл, ой, ерік пен күшке ие болғандықтан, адам істеген істеріне жауапты. Адам еркі мен ақылын дұрыс пайдаланса, өзіне бағындырылған жер беті мен көк жүзіндегі жаратылыстарды дұрыс әрі тиімді пайдалана алады және алдындағы кедергілерден де сүрінбей өтеді. Оның үстіне, адам Құранда «адамға тән сипаттармен» баяндалады. Ол жақсылық та, жамандық та жасай алатын қабілетке ие. Ол бір періште емес. Физиологиялық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырған жағдайда, дамып жетіледі және бақытты болады. Адам баласын шынайы болмысымен баяндаған Құран адамзат тарихы туралы шындыққа сай мәліметтер беретін «жалпы тарих» немесе «дүниежүзі тарихы» іспеттес.<sup>62</sup>

Шындығында, Құрандағы тарих ұғымы, түп негізінде адам табиғатын терең түйсінуге бағытталған. Сондықтан онда тарихқа деген көзқарас өмір шындығымен үйлестіріле ұсынылған. Яғни Құранның тарихқа деген көзқарасы адамның тарихтағы жеке және қоғамдық сипаттарының көрінісіне негізделген. Сондай-ақ Құран адамзат тарихымен байланыс құру мәселесінде де үздік басқару негіздерін алға тартады.<sup>63</sup> Адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынастарды «себеп-салдар» жағынан бағаласа, ал табиғат құбылыстарын «себеп-нәтиже» тұрғысынан қарастырады. Зеки Велиди Тоған бұл мәселені:

«Ислам ақидасы (сенімі) Аллаһты қалағанын істейтін және істегені үшін ешкімге есеп бермейтін Құдірет ретінде тани отырып, «тағдыр сенімін» ұсынады. Ал Аллаһтың қалауы жөнінде тарихта «себеп пен нәтиже» заңымен түсіндірілетін формуланы алға тартады. Барлық

---

60 Rosenthal, *аталмыш еңбек*, I, 42.

61 Болау, *аталмыш еңбек*, 149.

62 Мазхаруддин Сыддыки, *Қуранда Тарих Каврамы*, ауд. С.Калкан. - Стамбул, 1982, 61.

63 Халил, *аталмыш еңбек*, 8.

нәрсе Аллаһтың абсолюттік қалауымен жүзеге асқанымен, Аллаһ барлық нәрсені белгілі бір «заңға» қарай жүзеге асырады. Бұл оның Өз қалауының нәтижесі. Исламның бұл ұстанымы тарихшыларға оқиғалардың ағысын «себеп пен нәтиже заңына» қарай түсіндіру жолында үлкен мүмкіндіктер берді»<sup>64</sup>, – деп түсіндіреді.

Шындығында, Құранның адамзатқа берген ең үлкен нығметтерінің бірі ойлаудағы «ғылыми түсінік», «ғылыми әдіснама» болып табылады. Адамның ойлау мен зерттеу нәтижесінде қол жеткізген бұл әдісі «иман-ақыл» бірлігін құруда өте маңызды. Өйткені адам шындыққа тек осы жолмен ғана жете алады. Құран ұсынған ғылыми әдіснаманың негізгі элементтері мәлімет алу немесе мәлімет жинау, жиналған мәліметті салыстыру және сыни көзқараспен зерттеп бағалаудан құралады. Уақиғалар мен пікірлердің зерттеліп бағалануы және қоғамның игілігіне жаратылуы, міне, осы әдіске байланысты. Хужурат сүресінің 6-аятында бұл әдіс:

*«Ей, мүміндер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінерсіңдер»,* – деп түсіндіріледі.

Әрине, Құран «тарихи пәлсапа» мен «тарих әдістемесін» бүгінгі мағынасында дамытты деп отырғанымыз жоқ. Өйткені мұндай пікірді алға тарту Құранда көптеген зерттеулер жүргізуді талап етеді. Алайда, бұл көзқарас арқылы Құранның тарих пәлсапасына бастама болатын деректерді, сондай-ақ ислам тарихы әдіснамасы мен пәлсапасында дұрыс деп саналған бірқатар негіздерді қамтитындығын айтқымыз келеді. Себебі, Құран, түсінгенімізше, ашық бір тарих пәлсапасын ұсынбағанымен, тарих ұғымын түсіндіріп, тарихнамаға негіз болатындай ұстанымдарды алға тартады.<sup>65</sup>

Құранда ислам тарихына қатысты алуан түрлі мәселелердің негізін құрайтын тұстар жалпы сипатта берілген. Онда, тіпті, қазіргі кезде жеке пән ретінде арнайы оқытылатын түрлі тарих

64 Тоған, «Ортағаш Ислам Алемінде Тенкиди Тарих Телақкиси», 43.

65 Тарих пәлсапасына қатысты қараңыз: Dilthey, *Meaning in History*. - Лондон, 1965; A. Toynbe, *A Study of History*. - Лондон, 1956; A. Hourani, *A Vision of History*. - Бейрут, 1961; O. Spengler, *The Decline of the West*, ауд. C.F. Atkinson. - Лондон, 1954; K. Lovvith, *Meaning in History*. - Чикаго, 1958.

ғылымдарының мәселелеріне мысал мен негіз болатын тақырыптар да қамтылған. Өмірбаян мен монографияға мысал ретінде Өз.Адам, Өз.Ибраһим, Өз.Мұса және Өз.Мұхаммед сияқты пайғамбарлардың өмірбаяндары келтірілген. Бұл пайғамбарлардан әрбірінің өмірі (*сирә*) қысқаша баяндалған. Мұсылмандардың сияр, мәғазі, қисасул-әнбия түрінде жазған еңбектері осы мәліметтерге негізделеді. Мұсылман ғалымдар Құранда кездесетін мағлұматтарды түрлі дереккөздерден алған мәліметтер мен риуаяттар ақылы толықтыра отырып, сияр, мәғазі және қисасул-әнбия сипатында ауқымды еңбектер жазды.

Құран дүниежүзі тарихы мен пайғамбарлар тарихын жазуда әдіс пен мазмұн тұрғысынан үлгі ретінде алынды. Құран бұл мәселелерге қатысты дұрыс, адам табиғатына сай көзқарас ұсынды. Мәселен, пайғамбарлар Құранда «таңдаулы болу», «күнәсіздік», «турашылдық» сипаттары аясында танытылды. Өз.Ибраһимның яһуди де, христиан да, мүшрік те емес, хәниф және ислам дінінде болғандығын айтылды.

Өз.Дәуіт, Өз.Иса мен Өз.Мұса, христиандық сенімінен басқаша түрде, яғни адамдық және нәбилік сипаттарымен баяндалды.<sup>66</sup> Алайда, Құран пайғамбарлар мен қауымдардың өмірін егжей-тегжейлі қарастырмайды. Мәселен, Өз.Мұхаммедтің қазауаттарын жан-жақты суреттемей, тек оның күрес жолы мен табандылығы туралы мәліметтер береді.

Сонымен қатар Құран адамзаттың өткені туралы хабар беріп, оның көне дәуірлеріне қатысты «үйретуші-тәрбиелеуші» мағлұматтар ұсынады. Пайғамбарлар мен олардың күрестері, түрлі қауымдар, ұлыстар мен әлеуметтік-саяси топтар, экономикалық және ахлақтық көзқарастар, сенім негіздері, жеңістер мен жеңілістер, залым басшылар мен әділ басшылар, олардың атқарған істері, туралық пен алдау жеке-жеке мысалдармен дәйектеліп, танытылады. Сондықтан Құран, бір жағынан, жалпы білім беру тарихының бастапқы мәліметтері мен негіздерін қамтитын болса, екінші жағынан, тарихты үйретіп, үйренген нәрселерден ғибрат алуды бұйырады. Мәселен, Құранда Ғад, Самуд және Мәдиан қауымдары мен олардың өздеріне жіберілген пайғамбарларды қалай қабылдағандығы жөнінде,

---

66 Али 2Имран, 34-68.

пайғамбарларға итағат еткендер мен қарсы келгендер туралы, бұл қауымдардың тіршілігі, мәдениеті мен соңы туралы айтылады.<sup>67</sup> Лұт пен Салих пайғамбарларға қауымдарының қарсы келуі мен олардың жойылуына себеп болған оқиғалар баяндалады. Осы арқылы айтылған нәрселерді «себеп-нәтиже» байланысы аясында бағалап, қауымдардың жойылу «себептеріне», сондай-ақ жақсылар мен жамандардың «соңы» қалай аяқталғандығына зер салып, ғибрат алуға шақырады.

Құран Аллахқа мойынсұнушылар мен қарсы келушілерді, әділдер мен залымдарды, яғни жақсы мен жаманды қатар сипаттайды. Сол арқылы тірілерге және үндеуіне құлақ асқандарға халықтар мен мемлекеттер тарихы, пайғамбарлар тарихы туралы мәліметтер ұсынады. Айтылған нәрселерден міндетті түрде пайдалану, сабақ алу керектігін насихаттайды. Жер бетін аралап, Аллаһты, Оның кітабы мен пайғамбарын өтірікке шығарғандардың, байлық және мансабымен тәкаппарланғандардың ақыры не болғандығын көру қажеттігін айтады.

Құранның әдісі қарапайым болғандықтан, мәдениет пен білім деңгейі әртүрлі адамдардың өзі оны оңай түсінеді. Бұл әдіс адамның тікелей куә болуы, сарапқа салуы мен ізденуіне негізделеді.

Құранға зер салар болсақ, онда тарихи оқиғаларды, бұрынғы өткен қауымдарды түрлі қырынан танытуға ерекше мән берілгендігін айқын көруге болады. Құранның үндеуі адамға бағытталған, яғни оның тарихи кейіпкері – адам баласы. Сондықтан барлық сүрелер мен аяттарда адам жөнінде айтылады. Өйткені «тарихты қозғаушы күш – адам, ал адамды қозғайтын күш – иман. Тарихты жасаушы да, қалыптастырушы да, дүниедегі өмірді жаннат пен тозаққа айналдыратын да адам.<sup>68</sup> Тарих адаммен басталды және адаммен аяқталады.

Құранда айтылғандар адамның өмірін ретке келтіріп, келешегіне, яғни ақиретіне жол көрсететіндей сипатқа ие. Құранда баяндалған ақиқат пен ескертулер мысалдармен жандандырылады. Онда, көбіне, дүние ақырының келуі, Қияметтің басталуы, жер мен көктің біріктірілуі, таулардың мақтадай түтіліп шашылуы, күн

67 Фуссилат, 15; Шуғара, 128-135; Нәжім, 50; Фәжр, 6-8.

68 Болай, *аталмыш еңбек*, 149.

мен айдың жағдайы, адам баласының махшар күнінде жиналуы, қайтадан тірілілуі, есеп беру, жаннат пен тозақ өмірі жайында сөз қозғалады. Ойланған және түсінген кісі үшін онда үлкен өнеге бар.

Бұл әдіс арқылы Құран өткен, бүгінгі күн, келешек және ақи-ретке қатысты оқиғаларды адамның алдына үш қырынан біртұтас күйінде тартады. Соның негізінде адам әрі тарихтың ағысын әрі өмірге қатысты бірқатар заңдылықтарды үйренеді. Өмір сүріп отырған дүниенің пәнилігін, мәңгі өмірдің барлығын ұғынып, соған қарай өмірін ретке келтіреді.

Міне, Құран осы көрсетілген қырларымен бір «Ахбар кітабы» іспеттес және тарихи зерттеулер тақырыбының қайнар көзін құрайды. Ислам тарихының бастауларының бірі екендігін көрсетеді.

Құрандағы оқиғалар, көбіне, бұрынғы өткен қауымдар жөнінде айтылғанымен, Өз.пайғамбардың үндеуі, дінді тарату жолындағы күресі, болған соғыстар мен жасалған келіссөздер, Мекке мен Мәдина халқының пайғамбар мен оның үндеуіне көрсеткен қарсылығы, сахабаларының артықшылығы мен исламға көрсеткен қызметтері сияқты мәселелерді де қамтиды. Ислам пайғамбары мен мұсылмандардың басынан өткен оқиғаларды баяндаған аяттар, бір жағынан, тарихи сана мен білімді қалыптастырса, екінші жағынан, мұсылмандардың сияр және мәғазидің саласындағы еңбектерінің тақырыптарына арқау болды.<sup>69</sup> Алайда, Құран өткен уақытқа қатысты Өз.пайғамбар мен мұсылмандардың басынан өткен оқиғалар туралы ғана хабар беріп қоймай, сонымен қатар қазіргі оқиғаларға да ишарат жасайды. Мәселен, римдіктердің көп ұзамай парсыларды жеңетіндігі және бұл екі халықтың арасында ол кезде соғыс жүріп жатқандығы жайында хабар береді.<sup>70</sup>

Сол сияқты Құран аз да болса, келешекте болатын оқиғалар туралы да мәлімет беріп, адамдарды кейбір жағдайларда абай болу, дайын және сабырлы болу, үмітін үзбеуге шақырады. Мәселен, Меккенің, міндетті түрде, мұсылмандар тарапынан фәтх етілетіндігі жөнінде хабар беріп, Өз.пайғамбар мен мұсылмандардың уайым-қайғысын сейілтті.<sup>71</sup> Құранда ислам дінін насихаттау үшін орталық

---

69 F.Rosenthal, аталмыш еңбек, 42.

70 Рум, 1-3.

71 Фәтх, 26-27.



ретінде таңдалған Арабия түбегі мен Арабстан халқы туралы және жаңа дінді жеткізу жағдайы жөнінде түсініктемелер беріліп, шайқастарға қатысқан және қатыспаған мұсылмандар туралы баяндалғанымен, Құран бір «оқиғанама» кітабы емес. Құранның мақсаты бұл баяндаулар мен түсініктемелер арқылы адамдарға «сипаттамалы» мәлімет беру және жол көрсету болып табылады.

Құран өткенге қатысты ауқымды да жалпы тарихи түсініктемелер береді. Оқиғаларды бірте-бірте дамыта отырып, баяндайды. Әрбір сүрені оқу барысында адам жаңа бір нәрсе үйренеді. Құранды оқыған адам Құран мен тарихи көзқарас арасында берік байланыстың бар екендігін аңғарады. Құранның тарихи түсініктемесінің байыбына барған кісі оның мәңгі жалғасатын көзқарасқа ие екендігін ұғынады.<sup>72</sup> Негізінде, Құран бойынша тарих (өткен уақыт) Аллаһ-тың әзелден бар мәңгілік құдіреті мен қалауының көрініс тапқан орны. Аллаһтың қалауы табиғатта, жанды-жансыз жаратылыстарда, адамда және адамдар қоғамында, қысқаша айтқанда, барлық жерде және әр уақытта жүзеге асып отырады.<sup>73</sup>

Өткен уақытқа қатысты Құран адамзаттың тарихы мен өмір сүру шарттары, физиологиялық және рухани дамуы, келешегі мен ертеңіне қажетті жағдайлар туралы сөз қозғайды. Тарихи даму бір уақытта бола салмағандығын, өзгерістің қарсаңында топтар мен күштер арасында тартыс шығатындығын, олардың бірінің екіншісінен үстем түсуі нәтижесінде әлеуметтік және саяси хал-ахуалдың өзгеретіндігін, жүзеге асқан бұл тарихи өзгерістердің адамзаттың рухани тұрғыдан бақытқа жетуі үшін қажетті екендігін, мұндай өзгерістер болмаған жағдайда, адамзат әлемінің жүйесі түп негізінен бұзылатындығын білдіреді.<sup>74</sup>

Құран бұл өзгеріс, үстем түсу мен жеңілу, соның нәтижесінде бар болу мен жоқ болуға қатысты: «Ахлақтық жағы мен сенімі бұзылған немесе әлсіреген қоғамдар мен халықтар жойылды және әрдайым жойылады», деген ереже белгілейді. Құран моральдық жағынан азғындаған, залым, құқықты мойындамайтын адамдар мен қоғамдардың иләһи жазаға ұшырағандығын, ақыр-соңында оңбай,

---

72 Халил, *аталмыш еңбек*, 92.

73 Болау, *аталмыш еңбек*, 151.

74 Бақара, 249-256.

жер бетінен жойылғандығын баяндайды».<sup>75</sup> Аллаһтың қалауын үстем тұтқан және таухид сенімін жайған, көркем мінезді адамдар тура жолдан таймай, талап етілгендей әрекет ететін болса, өмір күресінде жеңіске жетіп, бақытты және рақат ғұмыр кешетіндігін хабарлайды. Құран бұл көзқарас арқылы пенделерінің таңдауымен Аллаһтың заңдарының тарихқа бағыт бергендігін білдіре отырып, исламда адамға, оның іс-әрекетіне, ақылы мен қалауына үлкен мән берілгендігін де көрсетеді. Адамның еркін таңдауы, қалауы мен жігер-қайраты тарихқа жөн сілтеп, өң береді, тек Аллаһ көрсеткен шектерге назар салуды ұмытпаса болғаны.

Құранның тарихқа деген көзқарасы белгілі бір уақыт және мекенмен шектелмейді. Онда оқиғалар ашық түрде әрі жан-жақты, жеке-жеке қаралады. Бұл көзқарас белгілі бір ұстанымда қатып қалмаған, классикалық қалыпқа салынған тар және фанат пікірлерден де аулақ, кез келген нәрсеге төзімділікпен қарайтын ауқымды бір көзқарас. Ол позитивистік және нигилистік пәлсапа ұғымына да, капиталистік немесе материалистік түсінікке де ұқсамайды. Ол белгілі бір дәуір оқиғалары және дүниетанымымен де шектелмейді. Құранның көзқарасы шынайы, белгілі бір дәуірмен шектелмейтін, иләһи бастауы бар көзқарас және бағалау болып табылады. Оқиғалар мен құбылыстарды уақыт пен мекен шегінде, сондай-ақ одан тыс көзқараспен бағалайды.

Құранда уақыт тұрғысынан да тарихқа шек қойылмаған. Онда өткен, қазіргі және келешек уақыт бір-бірінен ажыратылмай, кемел байланыс пен үйлесімділікте қаралады. Өйткені адамның дүниедегі өмірі өткен, бастан кешірілген жағдайлардан тұрады және келешек өмірге қарай, яғни адамның дүниедегі тіршілігі мен әрекеттерінің барып тірелетін ақырғы орны болып саналатын Есеп күніне дейін үздіксіз жалғасатын тарих майданы іспеттес.<sup>76</sup> Негізінде, Құранның тарихқа көзқарасы тікелей Аллаһтың көзқарасы мен түсінігі болып, уақыт пен мекен шегінің, сондай-ақ адам әрекеттерінің шындыққа сай бағалануы болып табылады. Бұл тұрғыдан Құран адамзатқа тарихи шындықты түрлі әдістерді қолдану арқылы танытуды, үйретуді мақсат етеді.

---

75 Хаққа, 10-7; Зарият, 43-46; Қамар, 18-21.

76 Сыддықи, *аталмыш еңбек*, 69.

Құрандағы тарихи мәліметтердің басым бөлігі бұрынғы өткен қауымдардың жағдайларына (*әсәтирул-әууәлинге*) қатысты екендігін айтқан болатынбыз. Алайда, бұл «баяндаулар» біз білетін хикаяшылдықтан өзгеше. Өйткені адамзатқа өмір сүріп отырған уақыты мен келешегі жөнінде берілген хабарлар «тарихи насихаттар» түрінде келеді. Құран баяндалған қиссалардың астарында жатқан: ойлау, сараптау, тәжірибе жинақтау, ғибрат алу, анықтау және ерікке ие болу сияқты даналықты да көрсетеді.<sup>77</sup>

Сонымен бірге, Құрандағы қиссалар жай хикаялар емес, жеке тұлға мен қоғам мүддесі үшін маңызды ғылыми мәліметтерді де қамтиды. Әрі оқиғаларды баяндау әдісі мен мазмұны арасында табиғи байланыс та бар. Қиссалар қарапайым және айқын түрде баяндалғандықтан, жасырын және күмән тудыратын тұстар кездеспейді. Қарастырған мәселелерге қатысты жеткілікті мәліметтер берілген.<sup>78</sup> Бір тақырыпқа қатысты берілген қайталаулар да жай ғана қайталау емес, сол тақырыптағы алдыңғы баяндауларға түсініктеме беру және оларды жаңа мысалдармен қуаттауды мақсат етеді. Мәселен, адам мен иман, пайғамбарлар мен үндеулері, тайпалар мен қауымдар жөнінде айтылғандар осы сипатта келеді. Өйткені Құранның қозғаған тақырыбы адам және адамның іс-әрекеттері, сипаттары мен тұлғалық жай-күйлері негізінде туындаған қоғамдық құрылымдар болып табылады. Мысалға, әрбір сүренің тақырыбы адам жайында, алайда, бір нәрсе қайталана бермейді. «Бақара» және «Инсан» сүрелерінде берілген мәліметтер «адам баласын» бірдей қырынан қарастырғанымен, бір-бірін толықтырып отырады. Әрі адам жайында айтылғандар бірде диалог не пікірталас түрінде берілсе, енді бірде қисса не өмірбаяндық баяндау үлгісінде келеді. Яғни әрбір сүренің адам және оған қатысты оқиғалар мен құбылыстарды баяндау әдісі әртүрлі. Бір тақырыптың өзі сүрелерде бір-бірінен өзгеше қырынан бағаланады. Соның нәтижесінде, жер бетіндегі әр алуан адам типі айқын ерекшеліктерімен танытылады. Мақсат

---

77 Құрандағы қиссалардың хикметі мен мақсаты жөнінде қараңыз: Сәхауи, *аталмыш еңбек*, 49, т.б.; Халил, *аталмыш еңбек*, 91-100; Халил, *аталмыш еңбек*, 61-75; Идрис Шенгүл, *Құран Қыссалары Үзерине*. - Измир, 1994, 277, т.б.; М.С.Шимшек, *Құран Қыссаларына Гириш*. - Стамбул, 1993, 67-111; А.Н.Серинсу, *Құран Недир?* - Стамбул, 1996.

78 Халил, *аталмыш еңбек*, 92.

– жаңа бір адам типін қалыптастыру. «Бақара» сүресінде алғашқы адам және тұңғыш пайғамбар болған Әз.Адам туралы айтылады. Онда адам баласының жаратылысы мен басқа жаратылыстар жөнінде баяндалса, ал «Инсан» сүресінде адам тұлғасы жағымды және жағымсыз сипаттарымен қатар сипатталады.

Құран адамға қатысты баяндауларында кейде типология жасап отырады, таныстырған адам типтері мен олардың бойында болуын қалаған ерекшеліктер осы «типологияның» элементтерін құрайды. Мәселен, Әз.Лұттың, Ғад және Самуд қауымдарының сипаттары мен Асхабы Кәһфтің ерекшеліктері бір-бірінен өзгеше өмір сүрген екі адамзат қоғамын көрсетеді.<sup>79</sup> Сенім мен моральдық болмысы, әлеуметтік тіршілігі бір-біріне қарама-қайшы екі қоғам танытылады, сол арқылы орта жолды ұстанатын жаңа бір қоғам типін қалыптастыру көзделеді.

Дегенмен, Құран бір типология ғылымы да емес. Құран адамзат тарихында орын алған әрбір оқиғаны түрлі қырынан баяндайтын «жалпы тарих» кітабы да емес. Өйткені барлық тарихи оқиғалар мен оларға қатысты мәліметтерді қамту Құранның мақсатынан тыс нәрсе. Құран, жалпы алғанда, адамзат тарихының ағысын өзінде кескіндеуші, айқындаушы, үйретуші және бағыттаушы тарихи мәліметтер береді. Ұлы Аллаһ бұл шындықты:

*«Расында сенен бұрын да елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те, кейбірін баян етпедік...»<sup>80</sup>*, - деп көрсетеді.

Құрандағы тарихи мәліметтердің тағы бір ерекшелігі Ұлы Аллаһтың ілімінің шексіз, соңсыз және абсолютті шындық болуымен байланысты. Сондықтан Аллаһтың ілімі тарих ұғымының өткенін де, бүгін мен келешегін де қамтиды. Бұл жағдай Аллаһтың барлық нәрсені Жаратушы және барлық пайғамбарлар үндеуінің Иесі екендігін ашық түрде көрсетеді. Өйткені Құран тарихи оқиғалардың шығу себебі мен салдары арасында байланыс құрып, олардың заңдылықтарын ашып көрсетеді. Сөйтіп, тарихи оқиғаларда бірте-бірте даму, тұрақтылық және себептік сияқты элементтердің ықпа-

79 Құранның тарихи оқиғалар мен адамға қатысты құбылыстарды қарастыратын аяттарының тізімін қараңыз: Халил, *аталмыш еңбек*, 94-96.

80 Ғафыр, 78; Ағраф, 101; Нуд, Юсуф, Юнус және Хаж сүрелері.

лы бар екендігін үйретеді, табиғат құбылыстарының өзгермейтін ұстанымдарға сәйкес жүзеге асатындығын білдіреді.

*«Олар қарғысқа ұшырап, қайдан табылса да ұсталып, өлтіріледі. Аллаһтың бұрынғы өткендерге жолы осы. Аллаһтың жолынан әсте ауыс-күйіс таба алмайсың»;*

*«...Олар бұрынғылардың жолынан басқаны күте ме? Аллаһтың жолынан әсте бір өзгеріс таба алмайсың да Аллаһтың жолынан бір бұрмалау да көре алмайсың.»<sup>81</sup>*

### ә) Хадистердегі тарих

Хадис ислам тарихының қайнары болу тұрғысынан ерекше орынға ие. Тарихшылар ислам тарихының алғашқы қайнар көздері туралы сөз қозғағанда хадистің маңызына назар аударады. Тіпті, тарих хадистің бір тармағы ретінде де саналады. Сәхауи: «Тарих – хадис ілімдерінің бірі», – дегенде, осы жағына мән береді.

Хадистің ислам тарихы тұрғысынан маңызы зор. Өйткені онда Өз.пайғамбардың өмірі туралы мәліметтер берілген. Өз.пайғамбардың істері, сөздері мен әрекеттеріне қатысты хадистер сияр және мәғазидің қайнарын құрайды. Мұсылмандар Құраннан кейін ең көп «Алты кітап» (*Кутубус-ситтә*) деп аталған хадис кітаптарына маңыз береді. Бұл еңбектер көптеген тарих кітаптарының жазылуында басты дереккөздер арасында орын алды. Сондықтан ислам тарихнамасының қалыптасуы мен дамуында хадистің рөлі зор. Сондай-ақ риуаятшыларды, хабарларға негіз болған риуаяттарды анықтауда осы «Алты кітап» пен басқа да хадис еңбектерінің орны ерекше. Хадис ғалымдарының риуаяттарды мәтін мен тізбек тұрғысынан нақтылауға, риуаятшылардың жағдайын мұқият анықтауға үлкен мән беруі ислам тарихының алғашқы деректерінің, соның негізінде сияр мен мәғазидің кітаптарының мазмұн жағынан берік негізге орнығуын қамтамасыз етті.

Хадистің тарихи тұрғыдан маңызын арттыратын тұстарының бірі исламның алғашқы дәуірлеріндегі діни және діни емес хабарларды риуаят түрінде жеткізуі болды. Әсіресе, хижраның II ғасы-

---

81 Ахзаб, 61, 62; Фатыр, 43.

рынан бастап, ислам ілімдері жинақтала (*тәдуин*) және жүйеге келтіріле (*тасниф*) бастады. Соған байланысты тәпсіршілер, хадистанушылар, құқықтанушылар, кәлам ілімімен шұғылданушы және басқа да ғалымдар мәселелерді қарастыру мен ижтиһад жасауда Өз.пайғамбардың әрекеттерін, сахабалар, табиғиндер мен одардың артынан ерген ұрпақтың ижтиһадтары мен баяндауларын білуге ерекше ықылас қойған еді. Бұл жағдай исламның алғашқы ғасырларына қатысты деректердің анық-қанығын нақтылауды қажет етті. Өйткені бұл зерттеулер жазбаша және ауызша түрдегі хадистерге негізделген-ді. Сондықтан хадиске (сүннетке) баса назар аударылып, барлық сын риуаяттар мен риуаятшыларға бағытталды. Өз.пайғамбарға қатысты деп айтылған оқиғалар мен хабарлар мәтін мен тізбек тұрғысынан жан-жақты талқыланды. Ислам тарихының қайнары болу тұрғысынан хадистің құндылығының талқылауға салынуы, міне, осыдан туындайды.

Сонымен қатар тарихи оқиғаларға, соның ішінде хадистерге берілген маңыз ескі және жаңа тарихшылар арасында әртүрлі деңгейде болды. Ең алғашқы тарихшылар тарихи мәліметтерді өздері белгілеген ұстанымдар негізінде бағалап, содан кейін барып дереккөз ретінде пайдаланды және бұл мәселеде өте мұқият әрекет етті. Ал қазіргі тарих зерттеушілері ислам тарихының алғашқы дәуірлеріне қатысты деректерге күмәнмен қарайды. Сондықтан бұрынғылардың сынға алу әдістеріне және сол әдістерге қарай дұрыс деп қабыл етілген хабарларға жеткілікті түрде маңыз бермейді. Шындығында, олардың өз арасында да хадис пен тарихи деректердің құндылығы мен шынайылығы жөнінде ортақ пікір жоқ.<sup>82</sup>

Әсіресе, батыстық ориенталистер исламның алғашқы ғасырларына қатысты тарихи мәліметтер мен хадистердің шынайылығына сенімсіздікпен қарады. Голдзихер (Goldziher) бұл деректер мен хадистердің көпшілігін исламның алғашқы дәуірлерінде орын алған діни, тарихи және әлеуметтік өзгерістермен қатар пайда болған еңбектер ретінде бағалады. Бұл мәселедегі күмәндарын растайтын дәлел ретінде Голдзихер де, онымен ортақ пікірді ұстанатындар да тарихи мәліметтер мен хадистердің сан жағынан көп болуы

---

82 Фуад Сезгин, «Ислам тарихинин Кайнағы Олмак Бакымындан Хадисин Ехеммийеті», *Ислам теоджиклери Институсу Дергиси*. - Стамбул, 1953, 197.

мен риуаяттардың діни-әлеуметтік мақсаттарда алға тартылуын көрсетті.<sup>83</sup>

Хадисті зерттеу әдістемесі (*хадис усулы*) ислами риуаяттарды зерттеп, олардың басқа риуаяттардан өзгеше тұстарын көрсетеді. Ислами риуаяттарды тізбек пен мәтін тұрғысынан зерттеу тарихи мәліметтер мен хадистердің шынайылығын анықтауға септігін тигізіп, қайнар көздердің сенімділік және жарамдылық деңгейін көрсетеді.

Дегенмен, тарихи деректер мен хадистердің шынайылық деңгейін анықтау бастапқы кезден-ақ талас тудырған мәселе екендігін айта кеткен жөн. Хадис кітаптарында да, басқа да ислами еңбектерде де көптеген сенімсіз деректер мен хадистердің кездесетіндігі белгілі. Сынға алушылар мен хадистанушылар өз еңбектерінде осы мәселеге қатысты көптеген мысалдар келтіреді. Сондықтан сияр, мәғазі және мәлахим кітаптарына қарағанда ахбар кітаптарында қамтылған риуаяттардың әлсіздігі басым түседі. Өйткені мәліметтерді жеткізуде оны дәлелдейтін айғақтар келтірілмейді. Жеткізілген риуаяттарда тізбегі көрсетілмеген немесе толық берілмеген. Ал сияр мен мәғазі, мәлахим кітаптарындағы деректер, көбіне, тізбектерімен берілгендіктен, мүснәд болып табылады. Оқиғаны бастапқы кезінен автор өмір сүрген кезге дейін жеткізген риуаятшылардың тізбегі аталып өтеді. Риуаяттары болса, хадис ғалымдарының «риуаят» және «риуаятшыға» қоятын талаптарына сәйкес келеді. Алайда, бұл қайнар көздер арасында шынайылық тұрғысынан, сол сияқты әлсіздігі жағынан да түрлі деңгейде келгендері бар. Сопылық мазмұндағы риуаяттар, кейбір ғибадат мәселелері және пікірлестер тобын құруға қатысты риуаяттар, көбіне, ең соңғы кезекте орын алады.

---

83 Салыстырыңыз: Goldziher, *Muhammedanische Studien* - Halle, 1889-90, I, 4-5; *The Principles of Law in islam*, (in the history of the World, 1904, 294-304; Caetani, *Annali deli islam*, (Тарихи Ислам Түркче тержүмесі), I, 90; Dozy, *Essaie sur l'histoire de l'Islamisme*, 124; R.Blashere, *Le Probleme de Mahomet*, 9, т.б. Қазіргі уақыттағы танымал тарихшылардың бірі М.Фуад Сезгин тарихи деректердің құндылығын анықтау мәселесінде көне және жаңа тарихшылар арасында үлкен айырмашылықтың болу факторларын «Ислам тарихинин Кайнагы Олмак Бакымындан Хадисин Ехеммийети» атты ғылыми мақаласының тақырыбы ретінде алды.

«Бізге халал мен харамға қатысты бір нәрсе риуаят етілсе, риуаятшыларға қатаң түрде қараймыз, ал амалдардың артықшылығы туралы риуаяттарда жеңілдік көрсетеміз»,<sup>84</sup> - деген мұсылман ғалымдар екіншілеріне біріншісіндей маңыз бермеді. Тақуалықпен өмір сүру мәселесі мен мәғазиге қатысты деректерді жеткілікті түрде сынға алмады. Тіпті, бұл сипаттағы риуаяттарға «маудуғ» (жалған) болмаған жағдайда, оң көзбен қарады. Мәғазидің үкімге қатысты деректерін ғана мұқият сын елегінен өткізді. Имам Юсуфтың (112-182 / 730-798) «*Китәбул-Хәжжәжәж*» атты еңбегі мен Имам Мұхаммед Әш-Шайбанидың (135-189 / 752-804) «*Сиярул-Кәбир*» атты еңбегі осы әдіспен жазылған.

Тарихи мәліметтер мен хадистердің шынайылық деңгейіне және тарихтың алғашқы дереккөздерінің мәніне қатысты айтылатын тағы бір мәселе: бірқатар мұсылман зерттеушілер мен батыстық шығыстанушылардың басым бөлігі исламның алғашқы ғасырларының тарихын, әдейі, ауызекі деректер мен материалдарға негіздейді. Сондықтан «Бақытты ғасыр» мен алғашқы екі ғасырға қатысты мағлұматтар ауызша риуаят етілгендігін, ал риуаятты жазбаша жеткізу мен тарихнаманың кейінгі ғасырларда пайда болғандығын алға тартады. Сөйтіп, «Хадис әдебиетінің қайнар көзі мен материалдарын иснадсыз және сенімсіз деп бағалап, ислам тарихы ақиқаты беймәлім деректерге негізделген, сенімсіздік тудыратын бір ғылым деп сендіреді. Соның негізінде, Әз.пайғамбардың өміріне (*сирә*) қатысты мәліметтер мен Арабия түбегінің тарихына қатысты деректердің жазба деректер емес, ауызша материалдарға негізделетіндігін айтады».<sup>85</sup> Ал шындығында, хадистердің хатқа түсірілуі мен тарихи мәліметтердің жазылуы Әз.пайғамбардың көзі тірісінде-ақ жүзеге асқан еді. Ауызша риуаят жеткізу мен жазбаша риуаят жеткізу – аз ғана бір уақыт аралығымен – бір дәуірде басталған болатын.

84 Зебиди, Зейнуддин Ахмед б. Ахмед б. Абдуллатиф, *Тержриди Сарих* Тержүмеси, ауд. Камил Мирас. - Стамбул, 1991, 1, 100.

85 Goldziher, II, 175-193; Blachere, *аталмыш еңбек*, 14; Ch.Pellat, *Le Millieu Basiren et la formation de Ğahiz*. - Париж, 1953, 82, т.6.



#### 4. Кешегі күннен бүгінге дейінгі ислам тарихнамасы

Ислам тарихнамасы «сияр» және «мәғазиді» жазумен басталды. «Сира» (көпше түрі сияр) ислам әдебиетінде Әз.Мұхаммедтің «өмірбаяны», «өмір хикаясы» мағынасын білдіреді. «Мәғза» сөзінің көпше түрі «мәғазиді» болса, «соғыс», «соғыс майданы» деген мағынаны білдіріп, Әз.Мұхаммед ғазуаттарының тарихын баяндайды. Алайда, бұл ұғым уақыт өте келе, «сиярмен» мағыналас сөз ретінде қолданылып, әсіресе, Әз.Мұхаммед және пайғамбарлықтың Мәдина дәуірі ретінде ұғыныла бастады. Соның негізінде, «сияр» мен «мәғазиді» ұғымдары Әз.Мұхаммедтің өмірі және ғазуаттары туралы ғылымдардың арнайы атауына айналды.

«Жүріс-тұрыс», «іс-әрекет» және «өмір сүру тәрізі» сияқты мағыналарды беретін *сира-сияр* сөзі ислам тарихында, негізінен, Әз.Мұхаммедтің өміріне қатысты қолданылды. Әз.Мұхаммедтің бейбіт уақыт пен соғыс кезіндегі жүріс-тұрысы мен істеген іс-әрекеттерін қамтумен қатар, соғыс кезіндегі мұсылмандардың мүшріктер және Кітап иелерімен қарым-қатынасын, басқа діндегілердің (*зиммилер*) ислам мемлекетіндегі құқықтары мен мәртебесін де қамтыған еді.

Сияр жазуда Әз.Мұхаммедтің өмірін Құранға сүйене отырып жазу, Құранда сипатталғандай түрде таныту басшылыққа алынды. Сөйтіп, ол туралы шектен тыс және кертартпа пікірлерге, аңыздар мен ираилиятқа, пайғамбарды адамға тән емес ерекшеліктермен сипаттауға жол берілмеді.

Сияр ислам тарихы негіздерінің бірін құрайды. Бұл салада өте көптеген еңбектер жазылған. Сияр ғылымы Әз.Мұхаммедтің ата-тегі, пайғамбарлықтан бұрынғы және кейінгі өмірі, бейбіт және соғыс кезеңдеріндегі істерін тақырып ретінде қарастырады. Бұл ғылым мұсылман халықтар мен мемлекеттердің іс-қимылдарында, мұсылмандар мен басқа халықтар арасындағы қарым-қатынаста қайнар көз қызметін атқарып, жол көрсеткен. Әз.Мұхаммедтің сахабаларымен және жанұясымен жасаған қарым-қатынасы, дипломатиялық іс-әрекеттері, ғибадаттарды атқару жолы, көркем мінез-құлқы сияқты тақырыптар сияр ғылымы арқылы адамзатқа мәлім болды.

Ал мәғазиді ғылымы Әз.Мұхаммедтің ғазуаттарына қатысты мағлұматтарды қамтыды. Исламның Мәдина дәуірі де осы мәғазиді

қарастырылды. Исламдағы соғыс құқығына қатысты ұстанымдар, халықаралық қатынастар, әлеуметтік, экономикалық және әскери құрылымдар жөніндегі үкімдер де мәғазиді ғылымының басты тақырыптарын құрады.

Әз.Мұхаммед мұсылмандардың жан және мал қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сенім құндылықтарын еркін түрде ұстануы үшін қажетті бірқатар шараларды іске асырды. Бұл шаралардың бір бөлігі ішкі, екінші бөлігі сыртқы қауіпсіздікке қатысты болды. Мекке кезеңінде мұсылмандардың мүшріктердің зұлымдығына, көрсеткен жәбір-жапасына іс жүзінде қарсылық көрсетпеуі, Эфиопия мен Йәсрибке қоныс аударуы, Әз.пайғамбардың Таифке баруы, Ақабада жасалған серттер, мәдиналықтармен келіссөз жасауы, Худәйбия бейбіт келісімі, мүшріктер мен христинадарға қарсы ғазуаттарға шығуы, яһудилердің қоныстарын қоршауға алуы басты шаралар арасында орын алды.

Алайда, жүзеге асырылған шаралар, негізінде, қорғаныс пен сақтануға бағытталған еді. Бұл шаралардың мақсаты шабуыл жасау, басып алу, қан төгу, қорқыту немесе исламға күштеп кіргізу емес, мұсылмандардың да, басқа қауымдардың да бейбіт және қауіпсіз жағдайда өмір сүруін, түрлі сыртқы шабуылдарға қарсы қорғалуын алдын ала қамтамасыз ету болды.

Ислам әлемінде жазылған сияр мен мәғазиді саласындағы еңбектер ислам дініне, оның тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттыра түсті. Ислам тарихы жөніндегі зерттеулердің түрі мен мазмұнына бағыт сілтеді. Сияр және мәғазиді саласында алғаш еңбек жазғандар арасында кейбір сахабалардың ұлдары мен хадистанушылар да орын алды. Бұл жағдай ислам тарихына қатысты еңбектердің жазылуына үлкен ықпал етті.

Көп тараған көзқарас бойынша, сияр ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедке қатысты барлық мәліметтерді қамтиды. Сияр ғылымы – оның өмірі, іс-әрекеттері, жүріс-тұрысы мен жағдайына байланысты барлық мәселелер жөнінде сөз қозғайтын ғылым. Сияр мен мәғазиді саласындағы зерттеулер мен ислам тарихына қатысты еңбектер бұл ғылымның басты дереккөздері болып саналады.

Әз.Мұхаммедтің заманында сахабалар тарапынан сүннетке қатысты бірқатар «сахифалар» (жазбалар) жазылғандығы белгілі. Мәселен, сауатты сахабалар арасында Абдуллаһ бин Амр бин әл-

Астың осындай «сахифалары» болған. Алайда, олар бізге жетпеген. Сондықтан сияр ғылымына байланысты қайнар көздеріміз II ғасырдың басынан басталады.

Сияр тақырыптары орын алған дереккөздер әрі иләһи, әрі адами сипатқа ие. Таурат, Інжіл және Құранда Өз.Мұхаммед жөнінде негізгі мәліметтер орын алған. Ал оның пайғамбарлығы жөнінде жазған ең көне авторлар мен кейінгі авторлардың жазбаларында, сияр мен мәғазидің еңбектерінде Өз.Мұхаммедтің туған күнінен бастап дүниеден өткен кезге дейінгі бүкіл ғұмыры жан-жақты баяндалған.

Бұл тақырыптағы еңбектер «сахифа» мен «кұжаттар» түрінде, сондай-ақ мақалалар, үлкенді-кішілі кітаптар түрінде де жазылған.

Өз.Мұхаммедтің дәуірінен кейінгі уақытта сиярға қатысты еңбектер хижраның II ғасырының бастарында жазылды. Түрлі тарих кітаптарында, тәпсір мен хадис салаларында жазылған еңбектерде сияр мен мәғазидің қатысты жеткілікті материал және ауқымды мағлұмат қамтылды. Соған қарамастан, Өз.Мұхаммед және оның сүннетіне берілген маңыз, сондай-ақ белең алған бірқатар оқиғалар мен жағдайлар мұсылмандарды арнайы «сияр ғылымын» қалыптастыруға ынталандырды. Тіпті, адамдар сияр жазу мәселесінде бір-бірімен жарысқа түскендей еді. Ислам тарихының барлық кезеңдерінде «сиярға» қатысты мұсылман және мұсылман емес авторлар тарапынан жазылған көптеген еңбектер пайда болды.

Сияр жазу ісі, жалпы алғанда, ислам тарихы саласына кіреді. Сияр жазушылар Өз.Мұхаммедтің өмірін, мүмкіндігінше, объективтік түрде жазуға тырысты. Хадисті алу ережелері мен жарх-тағдил қағидаларынан тұратын ғылыми әдіс қолданылған еді. Осы ұстанымдар мен әдістер негізінде оның сияры мен мәғазисын нақтылап, жинақтады. Бұған жеке көзқарастары мен пікірлерін араластырмады.

Құранда Өз.Мұхаммедке иман ету, итағат ету, сүйіспеншілік пен сенім көрсету және инқияд (мойынсұну) сияқты мәселелерге маңыз берілуі, пайғамбардың өнеге ретінде көрсетілуі, сонымен қатар Өз.пайғамбардың сүннетін анықтау және білу, хадистерді хатқа түсіру ісі де сияр және мәғазидің деген қызығушылықты арттырып, бұл салада өте көптеген еңбектердің жазылуына түрткі болды.<sup>86</sup>

---

86 Хамидуллаһ, Сирәту Ибн Исхака йаздығы «Мукаддимеси».

Абдуллаһ бин Амр бин әл-Ас (65/685 ж.д.с.), Бәра бин Азиб (74/693 ж.д.с.), Бухари (256/870 ж.д.с.), Алә бин әл-Хадрами, Хумәйд, Сағд бин Убада, Абдуллаһ бин Аббас (68/688 ж.д.с.) атты сахабалардың Өз.пайғамбардың сияры мен мәғазисына қатысты алғаш еңбек жазғандар екендігі белгілі.<sup>87</sup>

Хижреттің I ғасырында табиғиндер Өз.пайғамбар заманындағы бірқатар мәтіндер мен сахабалар дәуіріндегі ауызша және жазбаша мәліметтерді жинақтап, еңбектер жазды. Бұл дәуірде сияр мен мәғазис саласындағы еңбектер саны артып, құнды туындылар жарық көрді. Сияр мен мәғазис жазуда Зухри (124/737 ж.д.с.) және замандастары Уруа (94/713 ж.д.с.), Асым бин Омар бин Қатада (120/737 ж.д.с.), Әбу Исхак Амр бин Абдуллаһ әс-Сәбиғи (127/745 ж.д.с.), Якуб бин Утба (128/746 ж.д.с.), Абдуллаһ бин Әбу Бәкір (130 не 135/747-752 ж.д.с.), Ибн Исхак (151/761 ж.д.с.) сынды авторлар табиғин буынынан шыққан еді.

Уруа және басқа да осы буыннан шыққан тұлғалар Өз.Мұхаммедтің түрлі іс-қимылдары мен ғазуаттары жөнінде Абдүлмәлік бин Маруан (86/705 ж.д.с.) сияқты мемлекет басшылары тарапынан өздеріне қойылған сұрақтарға жауап берген. Мәселен, Уруаның халифа Абдүлмәлікке берген жазбаша жауаптары әз-Зухри тарапынан риуаят етілген. «Риуаят етілген Уруаның бұл хаттары Өз.Мұхаммедтің өміріне байланысты оқиғалар жөнінде бізге жеткен ең көне және ең сенімді мәтіндер болып табылады. Бұл мәтіндер сондай-ақ ислам тарихнамасының да алғашқы мысалдарын құрайды».<sup>88</sup>

Сонымен қатар Құранның тәпсір етіле бастауы, аяттардың түсу себептерін анықтауға үлкен мән берілуі және хадистердің жинақталуы да мұсылмандардың Өз.Мұхаммедтің өмірін терең зерттеп тануына мүмкіндік туғызды. Мұсылмандар яһуди және христиандармен бір жерде қатар өмір сүрді. Бұл жағдай оларды ислам пайғамбарының өмірбаянын жан-жақты білу мен хатқа түсіруге бағыттады. «Бұрынғылардың» қиссалары мен «өткен» қауымдар жөнінде баяндайтын Құран аяттары арасында сол қауымдардың жай-күйіне назар салуға, ой толғап, ғибрат алуға үндейтін аяттар

87 Ахмед Емин, Духал-Ислам. - Бейрут, II, 335; Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 12, т.б.; Gibb, *аталмыш мақала*, 784, т.б.

88 Gibb, *аталмыш мақала*, 784, т.б.; Ахмед Емин, *аталмыш еңбек*, II, 350.

кездеседі. Сонымен қатар пайғамбарлар туралы сөз қозғайтын және ислам негізінің өте ертеден басталатындығын көрсететін аяттар да бар. Бұл қырынан Құран сан ғасырға созылған тарихтың деректерін қамтуда. Қысқаша болса да, бұрынғы пайғамбарлар өмірі жөнінде мәлімет беруі мұсылман зерттеушілер үшін сияр жазуда қайнар көз болып, оларды пайғамбарлар тарихын жазуға ынталандырды.

Мұсылмандар тарихи зерттеулерде, бастапқыда, бір-бірінен өзгеше екі жол ұстанды. Олардан бірі «хадис жеткізу», ал екіншісі «ауызекі риуаят дәстүрі» болды. Исламнан бұрын қолданылған бұл «тайпалық дәстүр» фәтх әрекеттеріне де біршама әсер етті. Әсіресе, бұл ықпал тайпалық негіздер үстемдік құрған Куфа мен Басра қалаларында байқалды. Ал хадис жинау мен оны жаттап жеткізу болса, ислам мемлекетінің астанасы Мәдина қаласында ұсталған жол еді. Фәтх әрекеттерінің негізінде қоластына қаратылған елді мекендерде, жалпы алғанда, тайпалық құндылықтарға үлкен құрмет көрсетілді. Тіпті, соғыс кезінде де әскер тайпасына қарай сап түзеді. Басқару мен әлеуметтік құрылымда да көптеген тайпалық дәстүрлер сақталды. Бұл жағдай тайпалық мереке күндері мен әдеттердің ыждағаттылықпен қорғалуына себеп болды.<sup>89</sup>

Мұсылман мемлекет басшыларының тарих ғылымының дамуына қолдау көрсетуі мұсылмандар арасында тарихқа деген қызығушылықтың артуына және тарихнаманың дамуына ықпал етті. Алғашқы мұсылмандар сол дәуірге тән түрлі тарихи материалдарды жинауға тырысты. Олар өздері өмір сүрген кезеңдегі ел басшылары, ғалымдар, ақындар мен басқа да белгілі тұлғалар туралы мәлімет жинады. Мәлімет жинауда исламнан бұрынғы уақытта сот істерінде қолданылған куәлік талап ету әдісі пайдаланылды. Риуаяттар мен оларға негізделген хадистердің, міндетті түрде, оқиғаға куә болған тұлғаларға телінуі талап етілді. Сөйтіп, бір оқиға және ол туралы риуаят көзбен көрген куәлар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Тарих ғылымында қолданылған бұл «тайпалық дәстүр» мен «ауызекі риуаят жеткізу» әдістері бірге мұқият қолданылды. Тарихқа ерекше мән берген алғашқы мұсылмандар «тарих ғылымының» ақиқатты баяндайтын сенімді қайнар көзге айналуына үлес қосты.<sup>90</sup>

---

89 А.А.Дури, *The Irak School of the Nineth Centure. Historians of the Middle East.* - Лондон, 1954, 46-47.

90 Хамидуллаһ, *Муқаддима.*

Сахабалар Әз.Мұхаммедтің өмірбаянын білу және оған қатысты барлық деректі дұрыс анықтау, ауызша және жазбаша түрде жинақтау мәселесіне айрықша маңыз берген еді. Соның негізінде, олар Әз.пайғамбар туралы, оның сөздері мен істері жөнінде білген барлық мәліметті бөлек-бөлек сахифаларда жинақтап, бұл деректерді шәкірттеріне үйретті. Сөйтіп, ислам тарихы дамып кеңейді.<sup>91</sup>

Мұсылмандардың екінші буын ұрпағы болған табиғиндер тарихтың дамуында тек жинап-реттеу қызметін ғана емес, қайнар көз қалыптастырушы рөл де атқарған еді. Олар бірнеше сахабадан ілім алды. Ислам тарихы, мәдениеті мен өркениеті туралы материалдарды алғашқы қайнар көздерден жинақтады. Табиғиндер дәуірінде ұзақ уақыттан бері риуаятшылар мен шежіре жазушыларға тиесілі болып келген «тайпа риуаяты» саласы тілшілердің қолына өткен болатын. Осы материалдарды жинап іріктеу арқылы тарихтың сақталуына ерекше үлес қосқан ескі өлең-жырларды жинап, түсіндіруге тырысты. Одан кейінгі уақытта бұл деректер қысқаша түрде тарих кітаптарына өтті.<sup>92</sup>

Ислам ғылымдарының жинақталуы, реттелуі мен жүйеге келтірілуі де осы табиғиндер дәуірінде басталған-ды. Мұсылмандар өз діндерін сенімді риуаяттармен негіздеуге барынша күш салды. Сондықтан діни құжаттар ең сенімді айғаққа айналды. Өйткені бұл діни-тарихи құжаттарда діни мәселелер де, исламның алғашқы жылдарында орын алған оқиғалар да бейтарап түрде баяндалды.

Әз.пайғамбар хадистерінің жинақталуына тарихтың қайнар көз деректерінің де жинақталуы деп қараған жөн. Өйткені хадистерде Әз.пайғамбардың өмірбаяны хикая түрінде берілмеген. Онда сол дәуірде орын алған оқиғалар да біршама қамтылған. Әрі бұл оқиғаларды жеткізуде риуаятшы-риуаят тұтастығы сақталғандықтан, сенімділігі күмән тудырмайды. Тарихнама, негізінде, дереккөз материалдарды жинақтауды да, қолдануды да қажет етеді. Шындығында, Әз.пайғамбардың өмірі мен хадистері ол өмір сүрген дәуір тұрғысынан «ислам тарихы» іспеттес. Хадистерде Әз.Мұхаммедтің сөздері мен іс-қимылдары, сол кезеңде болған оқиғалар, сондай-ақ Арабстан, Эфиопия, Парсы және Рим

---

91 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 11

92 Gibb, *аталмыш мақала*, 783.

мемлекеттерінің тарихи және діни ахуалы туралы мағлұматтар да бар. Сондықтан Бухари (256/870 ж.д.с.) өзінің әйгілі хадис кітабын «*Әл-Жамиус-Сахиһул-Муснәдул-Мухтасар мин Умури Расулиллаһ уә Әййәмиһи*» деп атаған еді.

Тәпсір, хадис және фикһ ғылымдарының қалыптасуында Өз.пайғамбардың өмірбаяны мен дәуірінде орын алған оқиғалар жөнінде, сонымен қатар оның таңдаулы халифалары (Рашид халифалар) мен сахабаларының өмірбаяны, атқарған іс-шаралары туралы деректерді білуге үлкен көңіл бөлінді. Олардың басқару, саяси, әскери, сот ісін жүргізу мәселелеріне қатысты іс-әрекеттерін зерттеп білу қажет болды. Соның негізінде, мұсылман қоғамында «Пайғамбарлар тарихы» саласында еңбектер жазылды.<sup>93</sup>

Алғашқы төрт халифа хадистердің жатталуы мен жинақталуына, сондай-ақ ислам тарихына қатысты материалдардың сақталуына үлкен мән берді. Жалпы тарихты да назардан тыс қалдырмады. Кейінірек, (661-680 жылдар аралығында билік құрған) әмеуи халифасы Әбу Суфиян да жалпы тарихқа ерекше көңіл бөліп, тарих кітаптарын араб тіліне аударумен айналысатын арнайы басқару мекемесін құрды. Сол кезеңдегі әйгілі тарихшылардың бірі Абид ибн Сәрия әл-Журхумиді Йеменнен жанына алдыртып, одан көне араб тарихына және арабтардың басқа халықтармен болған соғыстарына қатысты мәліметтерді қамтитын бір кітап жазуын талап етті.<sup>94</sup>

Хижраның II ғасырының басында тайпалық шежіре мен салт-дәстүрлерді жақсы білген қарттар мен риуаятшылар болғандығы, сондай-ақ өлең-жыр мен шежірелерді қамтитын еңбектер де жазылғандығы белгілі. Бұл монографиялар мен риуаяттар кейінгі тарихшылар үшін дереккөз қызметін атқарды. Бұл жағдай уақыт өте келе, тайпалармен ғана шектелмей, өлкелік сипатқа ие болды. Басра мен Куфа (Ирак) тарих мектептері осылайша қалыптасқан еді.<sup>95</sup>

Хижраның II ғасырының орталарынан бастап бірқатар тарихи және діни оқиғаларға қатысты риуаяттар жинақталып, өзара байланысты монографиялар жазыла бастады. Әбан ибн Осман және Уруа ибн Зубәйр «мәғазиге» қатысты еңбектер жазған болса, Әбу

93 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 12.

94 Мәсғуди, *Муружуз-Зәһәб*. - Каир, 1327, 73-78; Хамидуллаһ, *Муқаддима*.

95 Gibb, *аталмыш мақала*, 784.

Михнәф (158/774 ж.д.с.) пен Сәйф ибн Омар (180 не 200/ 796-815 ж.д.с.) сынды ирактық риуаятшылар исламның алғашқы дәуірлерінің тарихы жөнінде монографиялар жазды.<sup>96</sup> Зухри мен Ибн Исхак ибн Йәсар сияр және мәғазисаласында ауқымды еңбектер жазған алғашқы авторлар болды. Олар жөнінде ілгеріде айтылады. Аталған ғалымдардың сияр мен мәғазисаға қатысты туындылары бізге дейін жетпеген. Тек мысырлық зерттеуші Абдүлмәлік ибн Хишам (218/833 ж.д.с.) Ибн Исхактың еңбегінің қысқаша түйінін бізге жеткізген.

Сөйтіп, тарихнама сияр және мәғазисаласында жазылған еңбектер түрінде жалғасты. Кейінірек бұл еңбектер қатары «Табақат» кітаптарымен толықты. Бір хадистің мәтіні мен тізбегін анықтау үшін риуаятшылардың өмірбаяны мен басқа да қырларын білу қажет болды. «Табақат» және «Тәражим» кітаптары осындай қажеттілікке байланысты жазылған еді.<sup>97</sup> Мұхаммед ибн Сағдтың «*Табақатус-Сахаба*», Ибн Кутәйбаның «*Табақатус-Шура*», Зәхабидің «*Табақутул-Хуффәз*» атты еңбектері ең алғашқы *Табақат* және *Тәражим* кітаптары болып табылады.

Хадис, сияр, мәғазиса және шежіре салалары тарихнамамен қатар дамыды. Алайда, сияр мен мәғазиса авторлары жалпы тарихқа да көңіл бөлген еді. Ибн Исхактың *Сира* атты еңбегі мұның айқын дәлелі.

Үшінші буын ұрпақтың келуімен тарихнама саласының ауқымы кеңіп, бұл тақырыптағы еңбектер алуан түрлі сипаттағы мәселелерді қамтыды. Мұсылман зерттеушілер сияр және мәғазиса жазумен шектеліп қалмады. Мәселен, Ибн Исхактың шәкірті Мұхаммед ибн Омар әл-Уәкидидің (130-207/747-823) «*Әт-Тарихул-Кәбир*» атты еңбегі жалпы тарихқа қатысты жазылған. Бұл еңбек мәғазиса мен табақат салаларында өте маңызды еңбек болып саналды. Аталған еңбектен кейінгі тарихшылар, әсіресе, Табари көп пайдаланған.<sup>98</sup> Кітапта Әз.пайғамбардың өмірі мен ғазуаттары, сонымен қатар Харун әр-Рашидтің халифалығына дейінгі кезенді қамтитын мағлұматтар да баяндалған. Сөйтіп, бастапқыда хадистен бастау алған «тарих ғылымы» өзіне тән дәстүрлік әдісті сақтай отырып, тілшілер тарапынан сақталған тарихи материалды да

96 Duri, *аталмыш еңбек*, 46.

97 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 12.

98 Ахмед Емин, *Духал-Ислам*, II, 335; Gibb, *аталмыш мақала*, 790.



камтуға бет алды. Әл-Уәқидидің «*Мәғазид тарихы*» атты еңбегі түпнұсқасын-да бізге дейін жетпегенімен, ол кітапта қамтылған материалдан Мұхаммед ибн Сағд «*Табақатты*» жазуда көп пайдаланды. Сахабалар мен табиғиндердің өмірбаяны сипатында жазылған Ибн Сағдтың «*Табақат*» атты кітабы тарихнаманың дамуы мен тарихтың хадиспен тығыз байланысын көрсететін айқын дәлелдердің бірі болып табылады. Негізінде, Ибн Сағд «*Табақаттың*» материалын хадисті сынға алу үшін жинаған еді.<sup>99</sup>

Аббасилер дәуірінде аударма жасау әрекеті тарихнамаға да әсер еткен еді. Бұл әрекет мұсылмандар арасында тарихнаманың дамуына және жаңа сипат алуына түрткі болды. Көбіне, римдіктер, парсылар, яһудилер мен христиандар жайындағы еңбектер аударылды. Әз.пайғамбар дәуірін діни, саяси, әскери, құқықтық және ғылыми тұрғыдан тануға деген қызығушылық пен ұмтылыстың артуы ислам тарихнамасының ауқымын кеңейте түсті. Бұл ауқым исламнан бұрынғы ұлыстар мен мемлекеттердің тарихы, грек ой-пікірі мен әдебиеті, бірқатар ассириялық авторлардың еңбектерімен таныс болған мұсылман авторлардың Византия және Парсы мәдениеттерін тануға деген қызығушылығы негізінде де кеңіді. Ислам тарихына қатысты сияр және мәғазид саласында жазылған еңбектерге «Футух» кітаптары мен «Пайғамбарлар тарихы» да қосылды. Ислам тарихы жалпы тарихнамаға сай дамыды. Осылайша, «риуаятшыл тарих жазу» (ресми тарихшылық) қалыптасқан еді.<sup>100</sup> Хижраның II х.ғ./б.э.VIII ғасырлары ислам тарихы дамыған және таңдаулы тарихшылар тәрбиелеген бір дәуір болды.

Хижраның III ғасыры ислам тарихының алтын ғасыры саналады. Материалдық мәдениет деңгейінің көтерілуі мен қағаздың қолданылуына байланысты ислами зерттеулер мен тарихнама жаңа сипат алған еді. VIII ғасырда, алдымен, Самарқанда, одан кейін Бағдатта (178/794) қағаз өндіріле бастады. Соған байланысты түрлі елді мекендерде риуаят етілген және жазылған тарихи деректерден тұратын ауқымды материал қоры жинақталды. Ең көне еңбектердің

---

99 Кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 12, т.б.; Duri, *аталмыш еңбек*, 40; Gibb, *аталмыш мақала*, 788, т.б.; Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 480, т.б.; Hrovitz, *аталмыш еңбек*, 127-133.

100 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 4.

жазба мәтіндері осы кезден бастап сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті.<sup>101</sup> Бұл жағдай күшті тарихи сананың қалыптасуына өз үлесін қосты.

Хижраның III ғасырының соңындағы маңызды оқиғалардың бірі ретінде хадисшілердің «ғылым іздеу саяхаттарының» артуы мен дәстүрге айналуын келтіруге болады. Хадистерді жинақтау, жүйеге және тәртіпке келтіруді мақсат еткен бұл саяхаттар нәтижесінде тарих пен хадис арасында әдіс тұрғысынан бір ықпалдасу орын алды. Соған орай, әрбір тарихи уақиға көзбен көріп куә болған немесе сол кездерде өмір сүрген кісінің сөздерімен риуаят етіліп, тізбек жолы арқылы еңбекті жазған кісіге дейін жеткізілді. Риуаятты жеткізуде мұндай ұстаным мен әдістің қолданылуы оқиғалардың болған айы мен күнін нақты анықтау мәселесінде табандылық көрсету керек деген пікірдің дамуына ықпал етті. Бұл әдіс бойынша, риуаят етілген оқиғаны растау тізбек шеңберінің толық әрі үздіксіз жалғасуы мен оқиғаның сындық талдаудан өтуіне байланысты болды. Яғни мәтін мен тізбекті сынға алудан гөрі, сол тізбекте аты аталған әрбір тұлғаның сенімділігіне аса мән берілді. Сондықтан тарихты зерттеушінің тізбекті таңдау және қолда бар деректерді бағалау, сондай-ақ оны толық талдау, сын және салыстыру жүргізу мүмкіндігі болмады.<sup>102</sup> Мүмкін, тарихпен арнайы айналысқан тарихшылардың болмауына және дін ғалымдары мен хадисшілердің тарихпен шұғылдануына осы себеп ықпал еткен болар.

Хижраның III ғасырының орта тұсында тарихи хикаяларға қатысты дереккөздер мен монографиялар, яғни сияр, мәғазі, ата-тек шежірелері мен тарихи риуаяттардан тұратын материалдарға негізделген жүйелі түрде тарих жазу ісі басталған-ды. Бұл дәуір авторларының арасында Бәлазури (279/892 ж.д.с.) классикалық дәстүрді жалғастырған еді. Мұхаммед ибн Сағд пен басралық Әли ибн Мұхаммед әл-Мәдаинидің (225/840 ж.д.с.) шәкірті болған Бәлазури өз дәуірінде ең қатал сыни көзқарасты ұстанды. «*Футухул-Булдән*», «*Әнсабул-Әшираф*» атты еңбектерін жазуына осы ұстаздары ықпал еткен болатын.<sup>103</sup> Осы дәуірде басқа да атақты тарихшы-

---

101 Ахмед Емин, *Духал-Ислам*, II, 350.

102 Philip K.Hitti, *Сияси ве Медени Ислам тариху (History of The Arabs)*, ауд. Салих Туғ. - Стамбул, 1980, 594.

103 Gibb, *аталмыш мақала*, 794.

лар өмір сүрді. Олар: Ибн Кутәйб (276/889 ж.д.с.), Әбу Ханифа әд-Динәуари (282/895 ж.д.с.) және Ибн Уәзих әл-Йакуби (284/897 ж.д.с.).

Хижраның III ғасырында алтын шағын бастан кешірген ислам тарихнамасы IV ғасырда да дамуын жалғастырды. Бұл ғасырда Табари (310/923 ж.д.с.) сынды әйгілі тарихшылардың құнды еңбектері жарық көрді. Хижраның II ғасырында (VIII ғ.) жинақталып, III ғасырда (IX ғ.) дами түскен тарихнама IV ғасырда кемеліне жеткен еді. Яғни хижраның III және IV ғасырларында ислам тарихнамасы барынша дамыған болатын. Бұл дәуірдегі танымал тарихшылар ислам тарихының ғылымның бір тармағы ретінде қалыптасып дамуында өте елеулі үлес қосты. Ибн Жәрир әт-Табари хижраның IV ғасырында (IX-X ғғ.) *«Кутәбу Ахбарир-Расул уәл-Мулук»* атты әйгілі тарих кітабын классикалық әдіспен жазды.

Бұл дәуір ерекшеліктерінің бірі ретінде жалпы тарихпен қатар ұлттық және жергілікті сипаттағы тарихтардың да жазыла бастауын, яғни ұлттық және жергілікті тарихнаманың пайда болуын айтуға болады. Табари мен Мәсғуди (345/956 ж.д.с.) жалпы тарихқа қатысты еңбектер жазса, ал Уәкидидің *«Футухуш-Шам»*, Бәлазуридін *«Футухул-Булдән»* атты еңбектері ұлттық және жергілікті тарих бағытында жазылды.

Хижраның IV ғасырының тағы бір ерекшелігі тарих жазушылардың басым бөлігінің сарай қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлерден құралғандығы болды. Ал дін ғалымдары тарих жазуға аса көңіл бөлмеді. Әміршілер мен мемлекет тарапынан ресми қызметке тағайындалған бұл тарихшылар текті әулеттер, мемлекет басшылары және жанұяларына қатысты арнайы тарихтар жазды.

Хижраның V ғасырында (XI-XII ғғ.) жалпы және ұлттық тарихтардың жазылуы жалғасқан болатын. Ресми тарих жазу саласында әлемнің жаратылысынан басталатын «адамзат тарихнамасының» немесе исламмен бірге пайда болған «жалпы тарихнаманың» VI ғасырда (XII ғ.) қайта өрлегендігі байқалады.

Хижраның VI және VII (XII-XIII ғғ.) ғасырларында «өмірбаяндық» сипаттағы тарих жазуға да үлкен көңіл бөлінді. Мысырлық Ибнул-Қыфти (646/1248 ж.д.с.), сириялық Ибн Әбу Усайбия (668/1278 ж.д.с.) және Ибн Халликан (618/1282 ж.д.с.) осы дәуірдің әйгілі тарихшылары болып табылады.

Кейінгі дәуірлерде әййубилер мен мәмлүктер де тарихнамаға қолдау көрсетіп, тарихшыларды өз қамқорлығына алды. Соның негізінде, тарих кітаптарының саны артты. Табақат, Тәражим және Рижәл салаларында ғылыми еңбектер жазылып, ұлттық және жергілікті тарих кітаптары жарық көрді. Хижраның VIII және IX (XIV-XV ғғ.) ғасырларында танымал болған тарихшылар ретінде Ибн Халдунды (808/1449 ж.д.с.), Макризиді (845/1442 ж.д.с.), Ибн Хажар әл-Асқалани (852/1449 ж.д.с.) мен Суйутиді (911/1515 ж.д.с.) атауға болады.

Хижраның IX ғасырында ислам тарихнамасы әйгілі әлеуметтанушы әрі тарихшы Ибн Халдунның (808/1406 ж.д.с.) келуімен жана дәуірге аяқ басты. Дәстүрлі әдіспен жазылған алғашқы ислам тарихы кітаптары мен олардың авторларын өткір тілмен сынға алған Ибн Халдун тарихнамада жаңа бір шақтың пердесін ашты. Ислам тарихнамасының сынға алу әдістерін белгілеп, тұңғыш рет тарих әдістемесі мен тарих пәлсапасын жеке тақырып ретінде қарастырды. Жеке көріп білген деректерге сүйене отырып, тарихи материалдарға сыни тұрғыдан баға берді. Ғылыми және сындық сипаттағы ислам тарихнамасының негізін қалады. Тарих жазуда халықтардың тарихи тағдыры мен әлеуметтік-мәдени құрылымы арасында байланыс құру пікірін алға тартты. Оның пікірлеріне ілгеріде тоқталамыз.

Хижраның XI және XII ғасырларында (XVII-XVIII ғғ.) қысқаша ислам тарихын жазумен шұғылданған тарихшылар тобы пайда болды. Олар еңбектерін өте ықшамды түрде жазып, мемлекет басшылары мен қалалардың аттарын атаумен ғана шектелді. Энциклопедиялық сипаттағы бұл еңбек авторларының білім деңгейі мен жазғандарына сену қиын. Өйткені олар, Ибн Халдун айтқандай, белгілі тарихи көкарасты да, тарих берген пайдалы нәрселерді де жойған еді.<sup>104</sup>

Кейінірек еліктеуші тарихшылар пайда болды. Б.э. XVI ғасырының соңына қарай ислам ғылымдарында белең алған еліктеушілік әрекеті тарихнамаға да ықпал етті. Мұндай тарихшылар еңбектерінде алдыңғыларға еліктеп, өткен халықтар мен мемлекеттер және соларға қатысты оқиғалар жөніндегі деректерді жай ғана жеткізумен шектелді. Ал әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да ерекшеліктерді назардан тыс қалдырды. Бұрыннан

---

104 Ибн Халдун, *Муқаддима*, Дарул Калем. - Бейрут, 1978, 5.

айтылып келген деректерді сол күйінде қайталады. Баяндау мен түсіндіру қиынға соққандықтан және еліктеу шегінен тысқа шыққан мәселе болғандықтан, кейінгі дәуірлерде орын алған оқиғалар мен қоғамдық топтардың ахуалы туралы сөз қозғамады.

XVII ғасырдан бастап ислам әлемі тарихи және ғылыми даму тұрғысынан артта қалды. Құрылымын жаңарта алмағандықтан, тоқырау кезеңіне енді. Мәдениеттену жолында қажетінше ілгерілей алмады. Ғылыми ақиқаттарды негізсіз теріске шығарып, сын және талдауға негізделген ғылыми еңбектер ұсына алмады. Бұл жағдай Батыстың дүниежүзінде ғылым, ой-пікір мен іскерлік саласында үстемдік құруына және мұсылман елдерді қарамағына алып, оған түрлі жолдармен шабуыл жасауына жол ашты. Ендігі жерде, ислам елдері саяси, пікір, экономикалық және мәдени тұрғыдан Батысқа тәуелді жағдайға түсті. Өз ұлттық-рухани құндылықтарына немқұрайлықпен қарайтын, тіпті, оларды артта қалуының себебі ретінде бағалап, зиянды факторларға жатқызатын, тарихи шындықтарды батыстық авторлардың кітаптарынан үйреніп, сол пікірлерге сеніммен қарайтын жаңа «еліктегіш тарихшы» типі пайда болды. Батысқа қайран болған және еліктеген бұл авторлар нақтылауды қажет ететін оқиғаларды зерттемей, батыстықтардың көзілдірігімен шолып өтіп, өз құндылықтарын да шетелдіктердің ой-өрісі тұрғысынан бағалауға бет алды. Тарихи уақиғалар мен олардың кейіпкерлері бұрмаланып сипатталды. Қазіргі кезде мұсылман елдеріндегі мектеп оқулықтары да осы көзқарастың жемісі болып табылады.

Әрине, мұсылман зерттеушілер көптеген тарихи еңбектер жазды. Алайда, жоғарыда атап өтілген ерекшеліктерін айтпағанда, бұл еңбектер жалпы бірін-бірі қайталап, оқиғаны риуаят етумен шектелді. Сондықтан ғылыми сипатқа ие болмады.

Дегенмен, XIX ғасырдан бастап ислам әлемінде, көбіне, ислами ғылымдарда, әсіресе, тарихнама саласында маңызды өзгерістердің орын алғандығы байқалады. Мұсылман қоғамының түрлі кезеңдері жөнінде сөз қозғаған ұлттық тарихпен қатар жалпы тарих, халықтар мен мемлекеттер тарихы, діндер мен мәдениеттер тарихы, ой-пікір мен пәлсапа тарихтары жазылды. Ислам тарихына байланысты алуан түрлі салаларды қамтитын еңбектер саны артты. Қысқаша және энциклопедиялық тарихтар да жарық көрді. Бейруттегі Америка

университеті Араб зерттеулері орталығы жариялаған *«Мә Әсмә Биһил-Араб фи Дирасатит-Тарих фи Миәтис-Сәнәтил-Ахирати»* атты кітап соңғы ғасырда өмір сүрген мұсылман тарихшылар мен еңбектерін қамтиды. М.Шемседдин Гүналтайдың *«Исламда Тарих вә Муәррихлер»* атты еңбегі классикалық кезеңдегі ислам тарихшыларын, Ф.Розенталдың *«Илмут-Тарих индәл-Муслимин»* атты кітабы ислам тарихы әдістемесін, Сәхауидің *«Әл-Иғлән Бит-Тәубих ли мән Заммәт-Тарих»* атты еңбегі ислам тарихын сынға алу негіздерін ауқымды түрде қарастырған құнды еңбектер болып табылады. Әсіресе, Ахмед Әминнің *«Духал-Исләм»*, Мәулана Шиблидің *«Асры Сағадәт»*, Шехбендерзаде Филибәли Ахмед Хилмидің *«Тарихи Исләм»*, Ташкөпрузадениң *«Мифтәхус-Сағадә»*, Фуад Көпрулінің *«Түрк Едебийаты Тарихи»*, Рамазан Шешенің *«Мүслұманларда Тарих-Жоғарфия йазыжылығы»* атты еңбектерінде ислам тарихнамасына қатысты маңызды деректер қамтылған.

Соңғы ғасырлардағы тарихнаманың басты ерекшеліктерінің бірі ретінде ислам тарихының ең көне қайнар көздерінің қайта жарық көруін немесе аударылуын атауға болады. Түрлі мақсаттарда жазылған бұл еңбектер жаңа ұрпақ алдында тарихты жандандырумен қатар, тарихқа деген қызығушылықтың артуына жол ашты. Батыстық ориенталистердің ислам тарихына ерекше көңіл бөлуі және бұл салада әдістемелік кітаптар жазуы да мұсылман авторларға ықпал етті. Соның негізінде талапқа сай еңбектер жазыла бастады.

Қазіргі кезде Түркияда ислам тарихына қатысты жүргізіліп жатқан зерттеулердің жоғарыда атап өтілген өзгерістерге сай дамығандығын айтуға болады. Заманның ғылыми көзқарасы мен стандарттарына сай келетін жалпы және ұлттық тарихтар жазылумен қатар, риуаятшыл және жеткізуші тарихтар да жазылды, тіпті, көптеген еліктегіш тарихшылар пайда болды.

Осындай жағдайда қалуының маңызды себептерінің бірі ретінде ХХ ғасырда жазылған тарихи зерттеулер мен осы салаға қатысты әдістердің сол кезеңде жазылған ислам тарихы кітаптарына енбеуін айтуға болады. Әсіресе, елімізде жазылған жалпы және ұлттық тарих кітаптары, көбіне, саяси, әскери және басшы тұлғалар мен олардың өмір хикаяларын, түрлі кезеңдерде орын алған соғыстар, көтерілістер, төңкерістер мен қастандықтарды қамтуда. Олардың арасында мазмұны жағынан бұл шектен шыққандары болса да, саны өте аз.

## 5. Ең алғашқы мұсылман тарихшылар

Бұл бөлімде ислам тарихының кешегісі мен бүгінін жақсырақ түсіну мақсатында исламның ең алғаш дәуірлері мен классикалық кезеңінде өмір сүрген ислам тарихшыларының бірқатары жөнінде қарастырмақпыз. Тарихшылар жоғарыда айтып өтілген мәліметтер аясында, мүмкіндігінше, қайтыс болған жылдарына сәйкес ретпен беріледі. Олардың риуаят ету және тарих жазу ерекшеліктері, еңбектері, қайнар көздері, әдістері мен әсерлері туралы қысқаша түрде сөз қозғамақпыз.

**Уруа ибн әз-Зубәйр (26-94/644-713):** «Жама» оқиғасы орын алған уақытта (35/655) оның 13 жаста болғандығы айтылады. Әбан ибн Османмен бірге «сияр ғылымының» негізін салушы ретінде саналады. Уруа «мәғазиді» саласында да танымал болған. Анасы Әсманы мақтан тұтқан.<sup>105</sup> Хижраның 71 жылына қарай Хажжажбен (661-714) тартысқан кезінде: «анам Әбу Бәкір қызы Әсма, әжем Абдулмутталиб қызы Сафия, әкем жағынан әпкем Айша, нағашы әпкем Хуәйлид қызы Хадиша», – деп, өзінің тегін мақтан еткен. Әкесі Зубәйр ибн әл-Аууам (35/656 ж.д.с.) мұсылмандықты алғаш қабылдаған тұлғалардың және *ашараи мубашишараның* (жаннатпен сүйіншіленген он кісінің) бірі еді. Бауыры Абдуллаһ болса, әйгілі қолбасшы және басқарушылар қатарында орын алып, хижраның 64 – 73 жылдары арасында Меккені басқарды. Абдуллаһтан біраз жас кіші болған Уруа жасына байланысты «Жамал» оқиғасына қатыспады.<sup>106</sup> Ол жеті жыл бойы (х. 58 – 65) Мысырда өмір сүрді және сонда үйленді. Ағасы Абдуллаһ (73/692 ж.д.с.) әмеуилерге қарсы соғыста өлтірілгеннен кейін Уруа Мәдинаға қайтты.<sup>107</sup>

Уруаның дүние салған уақыты жөнінде нақты дерек жоқ. Алайда, дереккөздердің басым бөлігінде хижраның 94/713 жылы қайтыс болғандығы айтылады. Оның 8 баласынан екеуінің (Хишам мен Мұхаммедтің) ғана аттары белгілі.<sup>108</sup>

105 Бәлазури, *Әнсаб*, 63.

106 Ибн Сағд, *Табакат*, V, 133; Табари, *Тарихул-Умәм уәл-Мулук*- Бейрут, 1967, I, 3103, 3113.

107 Бәлазури, *Футухул-Булдан*, De Goeje баспасы, 217.

108 Ибн Хишам, *Хз. Мұхаммеддин Хаяты (әс-Сирәтун-Нәбәуийә)*, ауд. И.Хасан –Н.Чағатай. - Анкара, 1971, I, XII; Ибн Кутәйба, *Әл-Маариф*, 114; J.Horowitz, *аталмыш еңбек*, 18.

Хадис ғылымында танылған Уруа Мәдинаның әйгілі 7 фикһшысының бірі болған. Ол исламның алғашқы дәуіріндегі оқиғаларға қатысты мәліметтер мен сенімді риуаятшылардан өзіне жеткен деректерді де риуаят еткен. Оның жинақтаған хаттары Ибн Исхак, Уәкиди және Табаридың кітаптары арқылы бізге жеткен.

Уруа алғашқы «сира» жазушыларының бірі және «мәғазидә» да ерекше беделге ие болды. Алғашқы ислам тарихшыларының көпшілігі оған ислам тарихы ғылымының негізін салушы ретінде қарады. Алайда, ешбір көне қайнар көзде, біздің білуімізше, Уруаның мәғазидә кітабы жазғандығы жөнінде дерек жоқ. Тек Өз.пайғамбардың өмірінде орын алған бірқатар маңызды оқиғаларға қатысты бір кітап жазғандығы туралы айтылады. Сондай-ақ оның берген жазбаша жауаптарын қамтитын бір хадис жинағы болған.<sup>109</sup>

Уруа өмір сүрген шақта тізбек көзқарасы әлі жетілмегендіктен, тізбекке мән бермеді. Алайда, хадистерге үлкен көңіл бөліп, оларды балаларына үйретті. Уруадан бізге жеткен көптеген хадис бар. Одан ең көп риуаят жеткізгендер ұлы Хишам мен Зухри болды. Оның риуаяттары хадис жинақтары мен сияр кітаптарында орын алды. Ең алғашқы хадистанушылар мен тарихшылар оның риуаяттарын сақтады. Уруадан риуаят етілген хадистер қолда бар сияр материалдарының және Өз.пайғамбардың өміріне қатысты хадистердің басым бөлігін құрайды. Риуаяттарының көпшілігі әке жағынан әпкесі болған Айша арқылы жеткен. Алайда, оның тізбектерге мән бермеген көптеген риуаяттары да бар.<sup>110</sup>

Уруа риуаяттарында жазба құжаттарға да жүгініп, Рашид халифаларға байланысты деректерге үлкен мән берді. Өлең-жырды сүйген Уруа сираға қатысты мәліметтерді жинақтау мен сақтауға, сияр тарихнамасына байланысты материалдардың қалыптасуына үлкен көңіл бөлді.

**Кәғб әл-Әхбар (32/652 ж.д.с.):** Тегі жағынан йемендік яһуди-лерге жатады. Өз.пайғамбар қайтыс болғаннан кейін мұсылмандықты қабылдаған. Тізбектерінің басым бөлігі Кітап иелерінен бастау алады. Сондықтан оның яһуди негізді риуаяттардың мұсылман мәдениетіне енуіне үлкен үлес қосқандығы айтылады.

109 Табари, I, 1230.

110 Ибн Сағд, V, 133; Ибн Хажер, *Техзиб*, VII, 182-183.



Кәбтің еңбектері ретінде саналған кітаптарды алғашқы мұсылман риуаятшылар мен тарихшылар білетін еді. Оның Адам мен Хауа туралы жазғандары әл-Хамаданидың «*Әл-Иқлил*» атты еңбегінде кездеседі. Сондай-ақ «*Сирату Искендер*», «*Уәфәту Мұса*» және «*Хадису Зилкифл*» де оның еңбектері саналады.<sup>111</sup>

**Абдуллаһ ибн Сәлем (43/663 ж.д.с.):** Мәдиналық яһудилердің бірі болған. Хижреттен кейін мұсылмандықты қабылдаған. Яһудилік дін мен мәдениет жөнінде хабары бар Абдуллаһ ондағы әлемнің жаратылысы, Исраил ұлдарының өткені және пайғамбарлар тарихы туралы мәліметтерді білетін еді. Ең алғашқы мәғазиде, хадис, тәпсір және тарих кітаптарындағы осы тақырыптарға қатысты риуаяттардың басым бөлігі Абдуллаһ *бин* Сәлемнің риуаяттары болып табылады. Ол Даниал пайғамбардың мәғазисына қатысты риуаяттарды қамтитын кітаптар жазған. Сондай-ақ оның Өз.Мұхаммедке қойған сұрақтары мен өзіне берілген жауаптарды қамтитын «*Әл-Мәсәил*» атты еңбегі де бар.<sup>112</sup>

**Әбан бин Осман (100/718 ж.д.с.):** III халифа Өз.Османның (35/656 ж.д.с.) ұлы, анасы – Умму Амр бинт Жундуб. Мәғазиды терең білуімен танымал болған алғашқы тұлға. Хижреттен 20 жыл бұрын (601) дүниеге келгендігі айтылады. Өйткені Әбан хижраның 35 жылы орын алған «Жамал» оқиғасына, яғни Өз.Айша, Талха және Зубәйр бастаған көтеріліске қатысқан. Көтерілісшілер өлтірілген Өз.Осман халифаның кегін алуды көздеген болатын. Бұл дерек Әбанның ол кездері ер жеткен шағында болғандығын көрсетеді.<sup>113</sup>

Әбан соғыс кезінде Өз.Айшаға келіп, одан бірқатар тұтқындар жайында сұраған. Әмеуи халифасы Абдүлмәліктің (685-705 билік құрған) тұсында хижраның 75/694 жылы Мәдинаға уәли болып тағайындалған. Бұл уақытқа дейін ол туралы еш сөз болмаған. Оған ешбір риуаят телінбеген еді. Әбан хижраның 75-83 жылдары 7 жыл бойы Мәдина қаласын басқарды. Уәли болған тұста «умраға да басшылық» етті. Кейін әмеуи халифасы Абдүлмәлік тарапынан қызметінен босатылған.<sup>114</sup>

111 Сезгин, *аталмыш еңбек*, 488.

112 Сезгин, *аталмыш еңбек*, 497.

113 Табари, I, 3104; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 3.

114 Ибн Сағд, V, 112; Табари, II, 1027; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, I, XI.

Оның уәлилігі тұсында әйгілі сахабалар және Мәдинаның белді азаматтары арасынан Жәбир бин Абдуллаһ, Мұхаммед әл-Ханафия және Әз.Жағфардың ұлы Абдуллаһ дүние салады. Олардың жаназа намазын Әбан оқиды. Кейінірек ол қазы болып тағайындалады. Дүниеден өтерінен бір жыл бұрын сал боп жатып қалады.<sup>115</sup>

Оның қайтыс болған уақыты да туған жылы сияқты тартыс тудырған мәселе. Бухари Әбанның әмеуи халифасы Уәлидтің заманында (86 – 96 жылдары), хижраның 94 не 96 жылы дүние салғандығын айтса, ал Ибн Сағд Йәзид (100 – 105 жылдары) билік құрған тұста, хижраның 105 жылы қайтыс болғандығын алға тартады.<sup>116</sup>

Әбанның аты мәдиналық фикһшылар арасында аталады. Әкесінің пәтуаларын жаттағандығы айтылса да, бағзы риуаяттар оның әкесінен хадис тыңдағандығын жоққа шығарады.<sup>117</sup> Алайда, ол хадисшілер арасында әйгілі болды. Әбу Зинад, Зухри және өзінің ұлы Абдуррахманның одан хадис риуаят еткендіктері белгілі. Бірақ аты сияр кітаптарында орын алмағандықтан, хадис риуаяты сенімсіздік тудырады. Ибн Исхақ, Ибн Сағд және Уәкидидің «Сиярларында» ол туралы айтылмаған. Тек Ибн Сағд оған бірқатар хадистерді телиді.<sup>118</sup>

III халифа Әз.Османның ұлы Әбанды Осман әл-Бәжәлидің ұлы Әбанмен шатастыратындар да бар екендігін осы тұста айта кеткен жөн. Өйткені Әбан бин Осман әл-Бәжәли «*әл-Мәбдә уәл-Мәғбас уәл-Мәғазилә*» тақырыбында кітап жазған. Ал Әз.Османның ұлы Әбан сияр ғылымының негізін салушылардың бірі саналады және оған үлкен маңыз беріледі.<sup>119</sup>

Одан өте аз хадис риуаят етілген. Алайда, сияр мен мәғазилә саласында білімділігімен танылған Әбан «мәғазилә» қатысты жеке бір жинақ жазған алғашқы тұлға.<sup>120</sup>

115 Табари, II, 940, 1031, 1049.

116 Ибн Сағд, V, 113; Табари, II, 1046, 1085, III, 2339.

117 Ибн Хажер, *Техзиб*, I, 97.

118 Ибн Сағд, IV, 29, V, 156, 185.

119 J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 5-6.

120 J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 6.

**Шурахбил бин Сағд (123/741 ж.д.с.):** Мәғазидің тарихының белгілі тұлғаларының бірі. Шурахбил азаттығын алған құлдардан еді. Оның Әз.Әлимен таныс болғандығы айтылады. Ол Зәйд бин Сәбит, Әбу Хурайра мен Әбу Сағид әл-Худри сияқты сахабалардан хадис риуаят еткен.<sup>121</sup>

Шурахбил ұзақ жылдар бойы Зәйд бин Сәбиттің елінде тұрған.<sup>122</sup> Соған байланысты риуаяттарының көпшілігін Зәйдке телиді. Ол Мәдинаға хижрет еткен меккелік мұсылмандардың, Бәдір шайқасына қатысқандардың тізімін жасаған. Әсіресе, Бәдір шайқасы жөнінде, жалпы алғанда, мәғазидің саласында одан артық білімді ешкімнің болмағандығы айтылады.<sup>123</sup> Ең көне тарих қайнар көздері оны сенімді риуаятшылар қатарында атап көрсетеді. Ибн Исхак пен Уәкиди одан риуаяттар жеткізген. Шурахбил Ибн Сағд – мәдиналық танымал мәғазидің ғалымы. Өте білімді кісі болған және қартайған шағында ақылынан алжасқан.

**Уәхб бин Мүнәббих (110/728 ж.д.с.):** Табиғиндер қатарына жатады. Тегі парсыдан шыққан ол Оңтүстік Арабстан топырағында өмір сүрген. Әкесі Мүнәббих жәһилдік дәуірінде парсы шахы Әну Шируан тұсында парсы әскерінің құрамында Арабстанға соғысу үшін келіп, тұтқынға түсіп, осында қалған. Уәхбтің әкесі хорасандық (хиралық) болғандығы және Йеменнің алынуымен аты аталған шах тарапынан жіберілгендігі, Әз.пайғамбардың көзі тірісінде (хижраның 10 жылы) исламды қабылдағандығы айтылады. Ал Уәхбтің хижраның 34 жылы исламға кіргендігі дереккөздерде көрсетілген. Кітап иелерінен шыққан Уәхб мұсылман болғаннан кейін тақуалық ғұмыр кешкен. Алайда, танымал ғалымдармен кездесіп тұруға да уақыт бөлген. Ол өмірінің соңғы күндерін түрмеде өткізген.<sup>124</sup>

Ең көне қайнар көздерде Уәхбтің өте аз кісіден риуаят еткендігі, сенімді болғандығы жазылған. Сондай-ақ ол Кітап иелеріне тән риуаяттарға да көңіл бөлген. «Израилиятқа» қатысты көптеген

---

121 Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, I, XI; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 25.

122 Якут, *Мугжәм*, I, 629.

123 Ибн Хажер, *Техзиб*, IV, 321.

124 Табар, I, 1763; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 30; М.Мухаммед Зеху, *әл-Хадис уәл-Мухаддисун*. - Каир, 1958, 184.

деректердің ислам мәдениеті тарихының қайнар көздеріне енуіне Уәхбтің себеп болғандығы айтылады.<sup>125</sup>

Уәхб «*Әл-Мубтәдә*» атты хаттарында адамзаттың жаратылысынан бастап жазған. Алайда, ол адамзат тарихын Кітап иелерінің классикалық түсінігіне сай сипаттап, хаттарына пайғамбарлар қиссасын да қосқан.

Уәхб пайғамбарлар тарихы тақырыбында сенімді тұлға болып есептелген. Алайда, ираилиятшылдық қырымен де танылған еді. Ескі кітаптарды жеткізуші кісі ретінде де белгілі болған. Тіпті, оның бір хаты «ираилият» сипатында жазылған.<sup>126</sup> «*Әл-Мубтәдә*» атты хатында, көбіне, яһуди және христиан негізді риуаяттарға сүйенуі оның ираилиятқа қызығушылық танытқандығының басқа бір дәлелі ретінде көрсетіледі. Негізінде, мұндай сипаттағы риуаяттар одан кейінгілерде, әсіресе, Ибн Кутәйба, Табари және Мәсғуди сынды тарихшыларда да кездеседі.

Әмеуилер дәуірінде ең көп еңбек жазған авторлардың бірі болған Уәхб бин Мүнәббихтің бастапқыда «қадария мазһабын» ұстанғандығы, кейін келе бұл көзқарасынан бас тартқандығы айтылады. Оның химярилердің саяси және мәдени тарихына қатысты жазған кітабынан Ибн Хишамнан бастап, басқа да көптеген тарихшылар пайдаланған. Уәхбтің сондай-ақ «*Қисасул-Әнбия*», «*Рисалә фин-Нәби*», «*Хикмәту Уәхб*», «*Хикмәту Луқмән*» және «*Мәуиза*» атты еңбектері болған.<sup>127</sup>

**Шихаб әз-Зухри (50-124/670-741):** Уруаның шәкірттерінің бірі болған. Ол – мәғазил саласында алғаш жеке кітап жазған тұлға. Фикһ және хадис салаларында теңдесі жоқ, заманының ең үлкен ғұламаларының бірі ретінде саналған. Уруа - әйгілі хадистанушы ғалым Бухаридің ұстазының ұстазы. Ол Мәдинадағы барлық ансарлардың үйін жеке-жеке аралап, әйел-еркек, жас-кәрі демей, барлығымен кездескен. Сөйтіп, Әз.пайғамбардың хадистерін жинауға атсалысқан. Сахабалардың көпшілігіне жолығып, пікірлерін пайдаланған.<sup>128</sup>

125 J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 31-32.

126 J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 32.

127 Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 489-491.

128 Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, I, XII- XII.

Мұхаммед бин Муслим бин Убәйдуллаһ бин Абдуллаһ бин Шихаб әз-Зухри – Меккедегі Зухра ұлдары әулетінің өкілі. Мұны Зухри лақабы растайды. Зухридің туған жылы туралы ортақ пікір жоқ, хижраның 50, 51, 56, 57 немесе 58 жылы туғандығы айтылады. 23 жасында (73/692) хадистегі білгірлігімен танымал болған. Зухри Дамаскіде өмір сүрген және Омар бин Абдулазиз тұсында бірқатар фикһ мәселелеріне қатысты пәтуа берген. «*Китәбул-Мәғазил*» атты еңбегін Омар бин Абдулазиздың сұрауы бойынша жазған. Ол әмеуи халифасы Хишам бин Абдүлмәліктің балаларын оқытумен де айналысқан.

Ибн Шихаб ұзақ жылдар бойы Мәдинада білім алған, тайпасының ата-тек шежіресі жөнінде деректер жинаған. Соның негізінде, жеке пайдалану мақсатында жинақталған деректерден тыс, сиярға қатысты түрлі еңбектер де жазған. Хадис жинақтарында «Зухрият» атауымен кейінгі авторлар тарапынан кітаптарына енгізілген арнайы бөлімнің орын алуы оның бұл салада қаншалықты терең білімді болғандығын көрсетеді. Ол хадистерді, көбіне, тізбегімен бірге риуаят еткен.

Зухри – Омар бин Абдулазиздың бұйрығымен алғаш хадис жинаған және жинақтаған тұлға.<sup>129</sup>

**Абдуллаһ бин Әбу Бәкір бин Хазм (130 немесе 135/747-752 ж.д.с.):** Табиғиндерден кейінгі буынның хадистанушылары арасында болған ол мәғазифа ерекше көңіл бөлген. Ибн Исхақтың үш ұлық ұстазының бірі атанған мәдиналық Абдуллаһ бин Әбу Бәкір Мәдина мектебінен шыққан-ды. Аталары Әз.пайғамбар дәуірінде исламға елеулі қызмет көрсеткен ансарлардан еді. Әз.пайғамбар Абдуллаһтың атасы Мұхаммед бин Амрды Йеменге дінді үйрету үшін мұғалім ретінде жіберген. Кейінірек ол осында Нәжранның уәлиі ретінде тағайындалған. Мұхаммед бин Амр «әл-Харра күнінде», яғни әмеуилер мәдиналықтарды жеңген оқиғада қаза тапқан.

Абдуллаһтың әкесі Әбу Бәкір әмеуи халифасы Мәруан бин Абдүлмәлік тұсында (86-96/705-714) ұзақ жылдар бойы қазы болып қызмет атқарған. Ал хижреттің 96 жылы Мәдинаға уәли болып тағайындалған. II Йәзид оны уәли қызметінен босатқанымен, қазы-

---

129 Ибн Сағд, Ибн Сағд, VII, 157; Ибн Кутәйба, *әл-Маариф*, 228, 239; J.Hogovitz, *аталмыш еңбек*,52; Зеху, *аталмыш еңбек*, 175.

лық қызметі жалғасқан еді. Әбу Бәкір хижраның 118 жылы қайтадан Мәдинаға уәли болды. Алайда, қызметі ұзаққа созылмады.<sup>130</sup>

Әкесінің көзі тірісінде ресми қызметте болған Абдуллаһ таны-мал хадистанушылардан хадис үйренді. Мәғазиге көңіл бөлген ол Әз.пайғамбардың өміріне қатысты басқа да деректер жинаған. Сондай-ақ ол Ридда оқиғалары мен Әз.Осман дәуірінде белең алған оқиғалар жөнінде де сөз қозғап, бұл оқиғаларды хронологиялық ретіне қарай баяндаған. Абдуллаһ Әз.пайғамбардың ғазауаттарын да жылдарына қарай реттеп жинақтаған еді. Ол жеткізген деректер арасында өлең-жырлар да бар.<sup>131</sup>

**Мағмар бин Рашид (96-154/714-770):** Әзд тайпасынан шыққан Худдат ұлдарының азатты құлы. Хижраның 96 жылы Басрада дүниеге келген. Жас кезінде әйгілі хадиситанушы Қатада бин Диямадан (114 ж.д.с.) хадис үйренген. Кейінірек ілім алу үшін сапарға шығады. Мағмар Йеменде үйленіп, сонда 154 жылы 58 жасында қайтыс болған.

Хадисті терең білген Мағмар көркем мінезімен де танылған еді. Оның «*Кутәбул-Мәғазии*» атты кітап жазғандығы белгілі. Мағмар жеткізген деректердің көпшілігі Зухриге барып тіреледі. Ол Кітап иелері мен пайғамбарлар тарихына да ерекше көңіл бөлген. Мағмар риуаяттарының басым бөлігі Табари еңбектерінде кездеседі.<sup>132</sup>

**Мұса бин Уқба (141/758 ж.д.с.):** Әз-Зухридің шәкірттерінің бірі болған. II халифа Әз.Омардың ұлы Абдуллаһпен кездескен. Мұса Зубәйр бин әл-Аууамның балаларының азатты құлы еді. Туған жылы туралы нақты мәлімет жоқ. Ол хижраның 141 жылы дүниеден озған.

Мұса бин Уқба мәғазиды терең білген. Хадис саласында да белді тұлғалардың бірі болған. Ол Имам Мәлікке хадис сабағы берген. Имам Мәлік ұстазын өте қатты жақсы көрген және мәғазии үйренгісі келгендерді оған жіберіп тұрған.

Мұсаның мағазииға қатысты риуаяттарын бауырының ұлы Исмаил бин Ибраһим (158 ж.д.с.) жеткізген. Мұсаның еңбегі бүгінгі

130 Ибн Хишам, *әс-Сирәтун-Нәбәуиййә*, IV/251; Ибн Сағд, II, 134; Табари, I, 1852; 11/417.

131 Ибн Нәдим, әл-Фихрист, 226; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 24-44.

132 Ибн Хажер, *Техзиб*, 243; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 74.

күні қолымызда жоқ. Өйтсе де көптеген кісілердің одан пайдаланғандығы белгілі.<sup>133</sup>

**Жәбир әл-Жуфи (128/745 ж.д.с.):** Куфалық шиит тарихшы және алғашқы авторлардың бірі болған. Оның тарихи жазбалары жөнінде түрлі көзқарастар бар. Бізге жеткен ең көне қайнар көздерде, әсіресе, Наср бин Музахимның «*Китәбус-Сиффин*» атты еңбегінде және Табаридың «*Тарихында*» Жәбир әл-Жуфидің кітаптарынан дәйексөздер келтірілген. Оған: «*Китәбун-Нәуәдир*», «*Китәбул-Фәзаил*», «*Китәбул-Жәмәл*», «*Китәбу Сиффин*», «*Китәбу Нәхрауан*», «*Мақталу Али уә Мақталу Хусәйн*» атты еңбектер телінеді<sup>134</sup>

**Мұхаммед бин Хасан әш-Шәйбани (132-189/749-804):** Әбу Абдуллаһ Мұхаммед бин Хасан әш-Шәйбани Шәйбан тайпасының азатты құлы еді.

Шыққан тегі жөнінде нақты дерек жоқ. Әкесі Хасан сириялық болған. Ол Ирактағы Уәсыт қаласында әскери қызмет атқарған. Шәйбани 132/749 жылы сол жерде дүниеге келген. Бұл тұста Әмеуи ұлдарының салтанаты құлдырап, билік басына аббасилер орныққан еді.

Шәйбани ілім алу үшін Куфаға сапар шегеді. Өйткені Куфа сол дәуірдегі зиялы қауым орталығы болған. Куфада тіл мен құқық өте дамыған еді. Қаланың араб халқын, көбіне, йемендіктер құраған-ды. Мұнда Ибн Мәсғуд, ән-Нәхди, Ибраһим ән-Нәхай, Хаммад сынды Әбу Ханифаның ғұлама ұстаздары өмір сүрген.

Шәйбани зайырлы-дәстүрлі фикһ мектептері, түрлі саяси-діни мазһабтар мен кәлам мектептері кең тараған бір ортада өсті. 14 жасынан бастап Әбу Ханифадан, кейінірек Әбу Юсуф пен Имам Мәліктен сабақ алған. Тәпсір, хадис, фикһ және тарих саласында білім алған. 30 мың дирхамдық байлығын толығымен кітапқа жұмсаған еді.

Оқуын бітіргеннен кейін Раққада қазы болып қызмет атқарған. Халифа Харун оған ерекше ықылас көрсеткен. Харун Рашид

---

133 Ибн Исхактың *Сирасын The Life of Muhammed* деп ағылшыншаға аударған A.Guillaume кітабының кіріспе бөлімінде ол жөнінде кең мағлұмат береді, сондай-ақ қараңыз: Ибн Хишам, Хз.Мухаммедин Хайаты (*әс-Сирәтун-Нәбәуийә*, XIII.

134 Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 491.

халифалық астанасын көшірген сайын Шәйбаниды қазы ретінде алып жүрген. Мәселен, Рай қаласына көшкенде де, халифа оны сол жерге қазы етіп тағайындаған. Бір жолы шииттер көтеріліске шығады. Халифа Харун Рашид көтерілісшілердің басшысы Яһиа бин Абдуллаһқа кешірім етеді. Алайда, кейін сөзінде тұрмай, оны дарға астырады. Шәйбани бұған қатаң түрде қарсы шығады. Халифа оған қатты ашуланып, алдындағы сия сауытты бетіне лақтырып жібереді.

Тағы бірде Харун Рашид халифа оған: Әз.Омар христиан Тағлиб ұлдарымен бейбіт келісім жасасқанда, олардан бұдан былай балаларын баптистіктен ұзақ ұстауын талап еткен-ді. Алайда, олар бұл талапты орындамады. Сонда Әз.Омар: «Енді оларды өлтіру – бізге халал», – деген еді. Бұл жөнінде не дейсің? – деп сұрақ қояды.

Шәйбани:

«Әз.Омардың оларға мұндай нұсқау бергендігі де, олардың мұны орындамай, балаларын баптистікке баулуды жалғастырғаны да рас. Алайда, Әз.Осман мен Әз.Әли бұл мәселеде оларға төзімділікпен қараған еді. Бұл тәжірибе сол кезден бастап сүннет ретінде жалғасты. Әз.Османнан кейінгі халифалар да осы жолды ұстанып, баптистерге қатысты мәселені бейбіт келісімнің бір шарты ретінде қарады. Сіздің де оларға төзімділікпен қарауыңызға болады. Бұл күнә емес. Осы мәселе жөнінде заңдар да бар. Алайда, ерік өзіңізде.

Сонда Харун Рашид халифа:

«Аллаһ қаласа мен де бұл дәстүрді жалғастырып, баптистікке рұқсат етермін», – дейді.

Шәйбани:

«Аллаһ пайғамбарына ақылдасуды бұйырған. Сондықтан пайғамбар үкімет мәселелерін ақылдасып шешті. Содан кейін Жәбірейіл Аллаһтың әмірімен оған түскен еді. Олай болса, сіз де айналаңыздағыларға ақылдасуды бұйырыңыз», – дейді.

Бұл жауапқа разы болған халифа оған үлкен сый ақы береді. Шәйбани берілген сыйлықты жолдастарына таратып жібереді.

Шәйбани сарайдағы басқару және сот істерімен қатар ғылыммен де шұғылданды. Ислам құқығы мен тарихына қатысты көптеген еңбектер жазды. «*Китәбул-Асл*», «*Китәбул-Мәбсут*», «*Жәмиғус-Сағир*», «*Жәмиғул-Кәбир*», «*Китәбус-Сиярис-Сағир*», «*Китәбус-Сиярил-Кәбир*», «*Зиядат*» оның басты еңбектері саналады.



Шәйбани – жүздеген еңбек жазған және көптеген ғылымдардың негізін салған ғалым.

Шәйбани 57 жасында 189/804 жылы Райда қайтыс болған. Оның Тегеран маңындағы Рай елді мекенінде немесе Ранбуяда жерленгендігі айтылады.

**Ауана бин Хәкәм (147/764 ж.д.с.):** Әмеуилер дәуірінің куфалық тарихшысы және шежірешісі болған. Ескі араб өлең-жырлары мен деректерін жақсы білген. Әкесі Хәкем де жәһилдік дәуір тарихы жөнінде хабардар кісі болатын. Ауана өз еңбектерінде исламның алғашқы жүз жылдық тарихы мен фәтх әрекеттерін, ридда оқиғаларын, әмәуи халифасы Абдүлмәлікке дейінгі кезеңде Ирак пен Сирия-да орын алған оқиғаларды қарастырған.<sup>135</sup> Оның «*Кутәбут-Тарих*» және «*Сирату Муғауия уә Бәну Умәййә*» атты екі кітап жазғандығы белгілі. Хишам бин Кәлби одан риуаят жеткізген. Табаридың «*Тарихында*» да Ауананың еңбектерінен көптеген дәйексөздер келтірген.<sup>136</sup>

**Ибн Исхақ (85-151/704-768):** Тарихшы әрі хадисші Зухридің таңдаулы шәкірттерінің бірі. Хижраның 85 жылы Мәдинада дүниеге келіп, 151 жылы Бағдатта дүние салған. Атасы Йасар 12/633 жылы Айнут-Тәмрин фәтх етілген шақта Халид бин Уәлидтің әскері тарапынан тұтқынға алынып, Мәдинаға жіберілген. Тұтқын ретінде Қайс бин Махрам бин әл-Мутталибтің үлесіне беріледі.

Йасардың ұлы Исхақ 50/670 жылы туылған. Анасы азатты бір күн еді. Исхақ пен бауыры Мұса хадиспен арнайы шұғылданады.

Азатты құлдардан саналған Мұхаммед бин Исхақ та әкесінің жолын қуып, жас күнінен бастап хадиспен айналысты. Мұхаммед бин Муслим әз-Зухри, Асым бин Омар бин Қатада және Абдуллаһ бин Әбу Бәкір бин Хазм сынды екінші буын хадистанушыларымен араласты. Отыз жасында (115/734) Мысырға сапар шегіп, Йәзид бин Хабибтен сабақ алады. Мәдинаға қайтқан уақытта жинаған риуаяттар мен хадистерін жинақтап, жүйеге келтіреді.

Өкінішке орай, Ибн Исхақ Мәдинаға оралғаннан біршама уақыт кейін Мәлік бин Әнаспен ренжісіп қалады да, қаланы тастап кетуге

---

135 Duri, аталмыш еңбек, 48.

136 Сезгин, аталмыш еңбек, I, 491-492.

мәжбүр болады. Біраз уақыт әл-Жәзира, Куфа және Райда тұрғаннан кейін Бағдатқа келіп орналасады.

Ибн Исхақ көптеген шәкірт тәрбиелеген. Зияд бин Абдуллаһ бин әт-Туфайл әл-Бәккаи (130/749 ж.д.с.) – солардың бірі. Ибн Исхақтың озық шәкірттерінен саналған Бәккаи Ибн Хишамға ұстаздық еткен, яғни Ибн Исхақ пен Ибн Хишам арасында бір көпір іспеттес болған еді. Ибн Хишам өз риуаяттарын реттеуде тек Бәккаидың риуаяттарына сүйенді.

Мәдина мен Мысырда жиналған риуаяттар мен хадистерге негізделген «*Кутәбул-Мәғази*» атты еңбек – Ибн Исхақтың ең танымал туындысы. Ол бұл еңбегін Бағдатқа бармай тұрып, Мәдинада аяқтаған еді. Сондықтан ирактық риуаятшылардың есімдері онда аталмаған. Еңбекті аббасилер халифасы Әбу Жағфар әл-Мансурдың сұранысы бойынша жазып, Хашимия қаласына жасаған сапарында тарту еткен. Кейінірек халифаның бұйрығымен кітапқа «әл-Мубтәдә» бөлімін қосып, халифаның ұлына сыйлаған.

Ибн Исхақ тарих ғылымында сенімді ғалым ретінде саналады. Тіпті, сияр мен мәғази ғылымдарының негізін салушы ретінде аталады. Ол – Әз.пайғамбардың өмірбаянына қатысты барлық деректерді жинақтап, бізге толығымен жеткізген тарихшы. Алайда, хадистанушылар оның риуаяттарына аса көп мән бермеген. Мәселен, Бухари (256/870 ж.д.с.) оның риуаят еткен хадистерін кітабына алмаған. Дегенмен, тарих мәселелерінде үнемі Ибн Исхаққа сілтеме жасап, сындарын оның риуаяттарына негіздеген.

Ибн Исхақ сияр мен мәғази ғылымдарының дамуына үлкен үлес қосты. Халықтың бұл салаға көңіл бөлуіне түрткі болды. Алайда, Кітап иелерінің риуаяттарын қабыл етуіне, риуаяттарының басым бөлігін яһудилер мен христиандарға негіздеуіне және адамның жаратылысы, адамзат пен пайғамбарлар тарихы мәселелерінде Кітап иелерінің көқарасына сүйенуіне байланысты сынға алынды. Мәселен, әйгілі тарихшы әрі хадистанушы Зәхаби оны осы тұрғыдан сынға алған еді. Ибн Нәдим Ибн Исхақтың яһуди және христиан ғалымдармен қарым-қатынас жасап, олармен кездесіп тұрғандығын, аталған ғалымдарды көне ғылымдарды білетін кісілер ретінде бағалап, риуаяттарына маңыз бергендігін айтады.

Ибн Исхақтың «*Кутәбул-Мәғази*» атты кітабы «*Әл-Мубтәда*», «*Әл-Мәбғас*» және «*Әл-Мәғази*» деген тараулардан тұрады. Бұрынғы

пайғамбарлар, Өз.Мұхаммедтің жастық шағы, оның Меккеде атқарған іс-шаралары мен исламның Мәдина дәуіріндегі өмірбаяны кітапта қарастырылған басты тақырыптар саналады. Кітаптың «*Әл-Мубтәда*» атты тарауы жаратылыс, адамзат пен пайғамбарлар тарихы тақырыптарын қамтығандықтан, Ибн Хишамның кітабына енгізілмеген. Алайда, сол тараудың жәһілдік дәуір мен Йемен тарихына қатысты бөлімі Ибн Хишамның «*Сирасында*» жазылып, толықтырылған. Құранда да исламнан бұрынғы Йемен тарихы мен жәһілдік дәуір туралы айтылған.<sup>137</sup> «*Әл-Мубтәда*» тарауының үшінші төменгі бөлімінде мүшрік араб тайпалары мен олардың пұтқа табынушылық нанымдары жөнінде баяндалған. Төртінші бөлім Өз.пайғамбардың ата-бабалары мен Меккедегі діни ахуалға арналған.

«*Әл-Мәбғас*» тарауы Өз.пайғамбардың Меккеде өткізген өмірі мен хижрет оқиғасын қамтиды. Бұл тарауда тізбектер саны артып, Ибн Исхақ, Зухри және Суфиян бин Уйайна сынды мәдиналық ұстаздардың риуаяттары беріліп, жекелеген риуаяттардың мазмұны қысқаша түрде жазылған. Бұл тақырыпқа қатысты қиссалар да келтірілген. Сондай-ақ тарау Өз.пайғамбардың мәдиналық тайпалармен жасаған келісімшарт құжаттарын да қамтиды. Бұл құжаттар одан бұрынғы ешбір мәғазиде авторында кездеспейді.

Ал еңбектің «*Әл-Мәғазиді*» атты тарауы Өз.пайғамбардың ғазуаттарына арналған. Онда Бәдір, Ухуд және басқа да ғазуаттар мен оларға қатысқан сахабалардың аты-жөні жан-жақты баяндалған.

Ибн Исхақтың «*Китәбул-Мәғазисі*» Ибн Исхақ тарапынан жасалған қысқарту және түзетулермен бірге Германия, Мысыр, Англия және Түркияда басылып, бірнеше тілге аударылған.<sup>138</sup>

**Әбу Михнәф (157/774):** Ол – ирактық тарихшылар арасында ең танымал тұлға. Әмеуилер дәуірінің соңына қарай өмір сүріп, бұл биліктің құлауына куә болғандардың бірі. Ол өзінен бұрынғы, сондай-ақ өз тұсындағы риуаятшылардың еңбектерін пайдаланған.

137 Мәселен, Буруж және Піл сүрелерінде сол дәуір мен ондағы оқиғалар туралы сөз болады.

138 Ибн Исхақ жөнінде қараңыз: Ибн Кутәйба, *Әл-Маариф*, 247; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, XII-XIV; Хамидуллаһ, *Мұқаддима*; J.Fack, *ibn Ishaq Sein Leben und seine Werke*. - Франкфурт, 1925; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 77-105.

Оның риуаяттарының басым бөлігі риуаятшылардың көзбен көріп жеткізгендері болды.

Әбу Михнәф өз еңбектерін фәтх әрекеттері жөніндегі жазумен бастап, Сыффын соғысы жайлы, сондай-ақ өзі өмір сүрген дәуірдің жалпы ахуалы туралы деректер берген. Ол Ирак аймағы, соның ішінде Куфа мен оның атырабына көбірек көңіл бөлген. Себебі, әмәуи билігін ұнатпаған. Оның үстіне халифатқа қарсы оппозиция өкілдері Ирак пен Куфада шоғырланған-ды. Бұл жағдай оның осы аймаққа ерекше маңыз беруіне себеп болды. Риуаяттарында ақыл мен логика емес, сезім мен саяси-идеологиялық көзқарас басым түсті. Сондықтан көптеген сыншылар, әсіресе, хадистанушалыр тарапынан өткір сынға алынып, оған шиит, өтірікші және сенімсіз деген айыптар тағылды.<sup>139</sup>

Әбу Михнәфтің еңбектері кейінгі ғасырларда бірқатар өзгерістерге ұшыраған. Алайда, Устенфелд оның «*Мақтәлу Хусәйн*» мен «*Мухтасарус-Сақафи*» атты кітаптарының мәтіні қазіргі уақытқа өзгеріссіз жеткендігін алға тартады. Әбу Михнәф – Өз.Османның өлтірілуі жөнінде алғаш рет жеке еңбек жазған және ол туралы риуаяттарды жүйеге келтірген ғалым. Оның ең маңызды еңбектерінің бірі – «*Мақтәл Осман*» атты кітабы. Әбу Михнәфтің еңбектерінен ең көп дәйексөз келтірген тарихшы Табари болған.<sup>140</sup>

**Сәйф бин Омар (180 немесе 200/796-815 ж.д.с.):** «*Китәбул-Футухул-Кәбир уәр-Риддә*», «*Китәбул-Жәмәл уә Мәсиру аиша уә Али*» атты кітаптарымен әйгілі болған ол бұл еңбектерін Әбу Михнәфтің әдісімен жазған. Шиит авторлар мен бірқатар хадистанушылар тарапынан сынға алынғанымен, фәтх әрекеттеріне қатысты кітаптарын кейінгі тарихшылар қайнар көз ретінде пайдаланды. Сәйф өзінің «Тәмим» тайпасы туралы риуаяттары мен Ибн Сәбаға қатысты риуаяттары үшін сынға алынып, оған

139 Әбу Михнаф жөнінде көп нәрсе айтылып, зерттеушілер оны түрлі қырынан сипаттайды. слстр.: Ибн Хажер, *Техзибут-Тәхзиб*, Бейрут, 1968, 68-69, IV, 295, т.б., Юсуф әл-Ышш, *әд-Дәуләтул-Әмәуийә*, Дамаск, 1385/1965, 68-69; J.Wellhausen, *Исламның Ен Ески Тарихине Гириш*, ауд. Ф.Ышылтан, Анкара, 1964, 96, т.б.

140 Сезгин, *аталмыш еңбек*, 498; Ахмед Ратиб Армүш, *әл-Фитнету уә Уақғатул-Жәмәл*, Дәрүн-Нәфаис, 1391/1972, 27; Сабри Хизметли, «Тарихи Ривайетлере Гөре Хз.Османын Өлдүрүлмеси, АҮИФД. - Анкара, 1985, 149.

фанат, шындықты бұрмалаушы деген айыптар тағылды.<sup>141</sup> Сәйфтің жоғарыда аталған екі еңбегі де бізге дейін жетпеген. Алайда, тарихшылардың еңбектерінде олардан көптеген дәйексөздер келтірілген. Мәселен, Ибн Хажар Сәйф бин Омардың фәтх әрекеттері мен ридда тақырыбында жазылған еңбектерін өз аузынан не онымен хат жазысу арқылы естіген және бұл еңбектерді «*Әл-Исаба*» атты кітабын жазуда пайдаланған. Оның еңбектері Йәкуттың «*Мугжә-мул-Булданына*», Ибн Асакирдың «*Тариху Димашқына*» да ықпал еткен. Сәйф туындылары – Табаридың басты қайнар көздерінің бірі.<sup>142</sup>

**Әбул-Мунзир Хишам әл-Кәлби (204/819 ж.д.с.):** Куфада дүниеге келіп, Бағдатта қайтыс болған. Ол әскер отбасында дүниеге келген. Ибн әл-Кәлби арабтардың шежіресі, исламнан бұрынғы діни және саяси ахуалы жөнінде ауқымды мәлімет жинақтаған. Әкесі Ибн әл-Әшастың тәрбиесін көрген. Ибн әл-Кәлби 146/763 жылы дүниеден өткен әкесінің арабтардың ата-тегі мен тарихына қатысты жазған жазбаларын негізге ала отырып, «әнсаб ғылымын» тереңінен зерттеген. Жәһілдік дәуір арабтарының тегі жөнінде кітап жазғандықтан, өткір сынға ұшыраған. Ол арабтардың пұтқа табынушылық нанымы мен исламның алғашқы кездерінде орын алған оқиғаларға қатысты берген мағлұматтарына байланысты да сынға алынған.<sup>143</sup>

**Мұхаммед бин Омар әл-Уәкиди (130-207):** Жүйелі түрде мәғазиді жазған тұлға. Атасының аты Уәкид болған. Соған байланысты әл-Уәкиди деген лақаппен танылған. Оны әл-Әсләми деп те атаған. Уәкиди азатты құлдардан еді. II Мәруанның тұсында хижраның 130/747 жылы Мәдинада дүниеге келген. Мәдинада хадисті талқылау мәжілістеріне қатысқан. Уәкиди аббаси халифасы әл-Мәмун дәуірінде (207/823) 78 жасында дүниеден қайтқан.

Өзінен бұрынғылардың еңбектерін оқып, риуаяттар мен деректерді жүйеге келтірген Уәкиди 28 еңбек жазған. Қайтыс болған кезінде, артында 600 «қашарға» жүк боларлық кітап қалдырған екен.

---

141 J.Wellhausen, *аталмыш еңбек*, 98, т.б., Муртаза әл-Аскери, *Устурату Абдуллаһ б. Себе фи Есаретин –Ухра.* - Нежеф, 1375, 17-83; Ибн Хажар, IV, 492.

142 Сезгин, *аталмыш еңбек*, 499

143 Сезгин, *аталмыш еңбек*, 499.

Оның еңбектері сияр мен мәғазиді, сонымен қатар Құран, хадис және фикһ салаларын қамтыған.

Уәкидидің Әз.пайғамбардан кейінгі дәуірлерге қатысты еңбектері де бар. Мекке мен Мәдина тарихы осы еңбектер қатарына жатады. Ал «*Китәбул-Ридда уәд-Дар*» атты еңбегі ең танымал еңбектерінің бірі болып табылады. Уәкиди – әл-Хәйсам бин Адиден кейін *табақат* саласында еңбек жазған алғашқы тұлғалардың бірі. Оның «*Табақат*» атты еңбегімен Ибн Сағдтың «*Табақаты*» арасында өте көп ұқсастықтар бар. Өйткені Ибн Сағд оның хатшысы әрі шәкірті болған. Уәкиди сахабалардың табақатына, мәдиналықтардың ата-тек шежіресіне, куфалық және басралық хадистанушылардың лақап аттарына үлкен көңіл бөлген еді. Сондықтан ол «*Табақат*» арқылы Әз.пайғамбардың өмірбаянына арнаған басқа еңбектерін толықтырған. Ибн Сағдтың кітабында Уәкидидің еңбектерінен көптеген бөлімдер келтірілген. Уәкидидің еңбектерінен бізге тек «*Китәбул-Мәғазиді*» атты кітабы ғана толығымен жеткен.

Мәғазиді белгілі бір тәртіппен жеткізген Уәкиди хадистерге ерекше көңіл бөлген. Еңбектерінде хадистерді көп пайдаланған. Алайда, хадистанушылар тарапынан шиит деп айыпталып, терістелген. Уәкиди «*Табақатының*» материалдары Арабстан, Сирия, Ирак және басқа да елдерге жасаған сапарлары кезінде жинаған деректерден құралған. Оның еңбегінде аңыз-әңгімелер де көптеп кездеседі. Сирия, Ирак, Мысыр және Мағриб елдерінде жүзеге асқан фәтх әрекеттерін «*Футух*» және «*Футухуш-Шам*» атты еңбектерінде шабыт толы сөздермен жеткізген еді.<sup>144</sup>

Уәкидидің (207/823 ж.д.с.) ислам тарихына қатысты: «*Әт-Тарихул-Кәбир*», «*Әт-Табақатис-Сира*», «*Ахбару Мәккә*», «*Бәйәтүс-Сақиғә*», «*Сирату Әбу Бәкір уәр-Ридда*», «*Йәумул-Жәмәл*», «*Сыффин*», «*Футухуш-Шам*», «*Футухул-Ирақ*», «*Дарбуд-Дәнанир уәд-Дәрахим*» және «*Китәбул-Мәғазиді*» атты еңбектері бар. Оның Құран, хадис және фикһқа қатысты кітаптары да болған.

144 Уәкидидің «*Китәбул-Мәғазисиді*» М. Jones тарапынан 3 том түрінде Англияда (Лондон, 1966) басылды. Уәкиди және еңбектері жөнінде қараңыз: Ибн Сағд, V, 321; X. Гази Юрдайдың, *Ислам тарихи Дерслери*. - Анкара, 1989, 2; Зекерия Китапчы, *Йени Ислам тарихи ве Түркистан*. - Стамбул, 1986, 80; J. Horowitz, *аталмыш еңбек*, 115, 120.

**Мұхаммед бин Сағд (230/845 ж.д.с.):** Мұхаммед бин Сағд «*Китәбут-Табақатил-Кубра*» атты белгілі биографиялық-тарихи еңбектің авторы болып табылады. Еңбекте Өз.пайғамбардың өмірбаяны жан-жақты сипатталған. Онда Өз.пайғамбар өмір сүрген дәуір мен Рашид халифалар тұсындағы оқиғалар жөнінде кең ауқымды мағлұматтар қамтылған. Алайда, Табаридың «*Тарихы*» сияқты бұл еңбекте де түрлі жорамалдар мен көптеген күманды риуаяттар кездеседі. Бұл риуаяттар көзбен көрген куәларға негізделмеген. Еңбекте Ибн Исхақтың «*Сирасында*» кездеспейтін бірқатар риуаяттар да қамтылған. 1904 жылы Sachau тарапынан Голландияда жарық көрген аталмыш еңбек кейінірек Бейрутта қайта басылған болатын (1957).

Уәкидидің хатшысы болған Ибн Сағд хижраның 168 жылы Басрада дүниеге келген. Мәдинада және басқа да жерлерде тұрған. Азатты құлдар жанұясынан шыққан. Ол Уәкидиден кейінгі алғашқы табақат жазушысы болып есептеледі. Өз.пайғамбардың *сирасы* Уәкидидің «*Табақат*» атты еңбегі арқылы толығымен бізге жеткен.

Ибн Исхақтан кең көлемде дәйексөздер келтірілген «*Табақаттың*» бірінші кітабы «*Китәбу Ахбарин-Нәби*» деп аталады. Онда Өз.пайғамбардың өмірбаяны жан-жақты баяндалған. Бірінші кітаптың екінші тарауы пайғамбарлар тарихына арналған. Өз.пайғамбардың ата-бабаларының тарихы, сондай-ақ Өз.пайғамбардың балалық шағы мен жастық шағы да осы тарауда қамтылған. Бірінші кітаптың үшінші тарауында Мәдина дәуірі суреттелген.

Екінші томның бірінші тарауында Өз.пайғамбардың ғазуаттары сипатталған. Осы томның екінші тарауы Өз.пайғамбардың науқастануы, қайтыс болуы, жерленуі мен мұрасы жөніндегі мәселелерді қамтиды. Сондай-ақ тарауда мәдиналық әйгілі фикһшылардың сөздері де келтірілген.

Ибн Исхақ оқиғаларды белгілі бір ретпен баяндамаған. Алайда, ол – Өз.пайғамбардың ахлағы, пайғамбарлық белгілері мен сипаттары жөнінде алғаш болып қалам тартқан мәғазидің авторы. «Шәмәил әдебиетінің» пайда болуына әсер еткен Ибн Исхақ Өз.пайғамбардың өміріне қатысты деректерде, көбіне, Уәкидиге сүйенген. Еңбектерінде Кітап иелері тарихына көп тоқталмаған.

Ибн Сағд мәғазиге қатысты риуаяттарға да үлкен маңыз берген. Ол «*Мәғазиде*» Ибн Исхақтың есімін еш атамаған, өз ой-

пікірін де келтірмеген. «*Табақат*» атты еңбегінде сахабалардың барлығын дерлік көрсетіп, өмірбаяндарын таныстырған. Бұл еңбегі Өз.пайғамбардың өмірбаянына қатысты еңбектерін толықтыра түседі. Кейінгі ғасырларда (III және IV ғасырларда) Өз.пайғамбардың өмірі жеке еңбек ретінде қарастырылмады. Табари, Мәсғуди және Уәкиди сынды тарихшылар бұл тақырыпта арнайы кітап жазбаған. Тек одан кейінгі дәуірлерде әл-Халеби (1044 ж.к.б) сяқты ғалымдар өз еңбектерінде «сира» тақырыбына тоқталған еді.<sup>145</sup>

**Ибн Хишам (218/833 ж.д.с.):** Өз аты Абдүлмәлік болған. Химяр тайпасынан шыққан Ибн Хишамның химяр әміршісі туралы жазған еңбегі бүгінгі күнге жеткен. Сенімді тарихшы әрі хадистанушылардан саналады. Ибн Исхақтың «*Сирасын*» ықшамдай отырып, «*Сира*» атты еңбек жазған. Алайда бұл еңбек Ибн Исхақтан гөрі Ибн Хишамның атымен танымал болған еді. Аталмыш еңбек ислам әлемінде үлкен ықыласқа бөленіп, бірнеше рет қайта жарияланған және басқа тілдерге аударылған. Ибн Исхақтың «*Сирасы*» тарихи зерттеулер саласында басты дереккөздердің бірі болып табылады. Өз.пайғамбардың өмірі, ол өмір сүрген дәуірдегі оқиғалар мен Рашид халифалар тұсында орын алған оқиғалар туралы жазған деректері еңбектің құндылығын арттыра түседі. Еңбекте әрбір сөздің түсініктемесі де берілген. Ибн Хишамның «*Сирасы*» Әбу Насыр Фәтх бин Мұса әл-Хадрауи (603 ж.д.с.), «Сағд Уәкари» есімімен танылған Абдулазиз бин Ахмед (607 ж.д.с.), Әбу Исхак әл-Ансари әл-Тлемсани, Ибн Шәхид лақабымен белгілі болған Фәтхуддин Мұхаммед бин Ибраһим сынды тұлғалардың еңбектері арқылы өлең-жырға қосылған. Фәтхуддин Мұхаммедтің жазған жыры «*Фәтхул-Ғариб фи Сиратил-Хабиб*» деп аталады.<sup>146</sup>

**Мәдаини (235/850 ж.д.с.):** Басрада дүниеге келген. Алайда, кейінірек Мәдинаға келіп қоныстанғандықтан, соған орай Мәдаини деген лақаппен аталған. Бағдатқа тұрған кезінде Исхак бин Ибраһим әл-Мәусилиге қол тапсырған еді. Мәдаини 235/850 жылы Бағдатта дүние салған.

145 Ол жөнінде қараңыз: Ибн Хажер, *Техзиб*, II, 342; Юрдайдын, *аталмыш еңбек*, 2; Китапчы, *аталмыш еңбек*, 80; J.Horovitz, *аталмыш еңбек*, 125-128; Әбу Зехра, *аталмыш еңбек*, 349-350.

146 Хамидуллаһ, *Муқаддима*; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, XI-XII; Шибли, *Асри Саадет*, I, 34; Ибн Нәдим, *Фихрист*, 100 т.б.



Мәдаини Әз.пайғамбар дәуірі, фәтх әрекеттері, халифалар тарихы, ақындардың өмірі мен әдеби тақырыбында көптеген еңбек жазған. Ибн Нәдим «*Фихрист*» атты еңбегінде Мәдаинидің тікелей өзі жазған 230 еңбектің атын атап көрсетеді. Алайда, олардың барлығы жеке кітап емес, арасында кішігірім жазбалар да кездеседі. Оның тарих саласында жазған ең ауқымды еңбегі «*Ахбарул-Хуләфаил-Кәбир*» болып табылады. Бұл еңбек халифа Муғтасам тұсына дейінгі оқиғаларды қамтыған. Табари әмеуилер тарихына қатысты мәселелерде, жалпы алғанда, Әбу Михнәфтің еңбектеріне сүйенген болса, ал халифа Хишамнан (724/743) кейінгі дәуір мен халифа Уәлид дәуірінің бастапқы кезеңіне қатысты деректерді осы Мәдаиниден алған еді. Мәдаинидің «*Китәбу Футух Хорасан*» атты тарихи монографиясы Орта Азия тарихында орын алған ислам фәтх әрекеттеріне қатысты ең басты дереккөз саналады. Табари бұл еңбекті де қайнар көз ретінде пайдаланған. Табари Басра қаласы туралы деректерді де Мәдаинидің «*Басра тарихы*» атты еңбегінен алған-ды. Бәлазури де «*Футухул-Булдан*» атты кітабында Мәдаинидің «*Мәдина тарихы*» мен Футухат тарихына қатысты монографияларына сүйенген еді. Абдүлқадір әл-Бағдади да (429/1037 ж.к.б) «*Хазанатул-Әдеб*» атты кітабында Мәдаинидің еңбектерін пайдаланған. Бұл жағдай кейінгі зерттеушілердің Мәдаини еңбектерін дереккөз ретінде бағалағандығын көрсетеді.<sup>147</sup>

**Ибн Абдил-Хакам (257/871 ж.д.с.):** Әбул-Қасым Абдуррахман бин Абд әл-Хакам мысырлық белделді отбасында дүниеге келген. Ол – еңбектері бүгінгі күнге дейін жеткен Мысыр және Солтүстік Африкадан шыққан ең көне тарихшылардың бірі. Әкесі Абд әл-Хакам кезінде Мысырдың хадис және фикһ саласындағы білімді тұлғаларынан еді. 214/830 жылы дүние салған Абд әл-Хакам ілімі мен парасаттылығының арқасында Мысырда мәлики мазһабының имамы болған-ды. Ол Мысыр қазысының кеңесшісі қызметін де атқарған. Ал Абдуррахман атақты тарихшылардан саналады. Ол 871 жылы Фустатта дүниеден қайтқан. Ол хадис ғылымына қатысты еңбек жазған. Абдуррахманның ең басты туындысы – Мысыр мен Солтүстік Африканың фәтх етілуі жөнінде жазған «*Футуху Мыср уәл-Мағриб*» атты еңбегі. Бұл еңбек оның тарих жөніндегі

---

147 Сезгин, аталмыш еңбек, I, 502, 505.

білімінің ауқымдылығын көрсетеді. Алайда, еңбекте ой-пікір сыны орын алмаған. Бұл ерекшелік басқа көне тарихи кітаптарға да тән. Абдуррахан риуаяттар мен оқиғаларға қатысты мағлұматтарды ерекше мұқияттылықпен жинаған. Бірақ деректерді салыстыруға, оқиғаларды сынға алуға мән бермеген еді.<sup>148</sup>

**Ибн Кутәйба (198-267/813-889):** Ол – хадис, тәпсір, тіл және әдебиет салаларындағы атақты ғалымдардың бірі. Ибн Кутәйба «*Китәбул-Мағариғф*» атты еңбек жазған. Бұл еңбекте хадистанушылар, тілшілер, ақындар мен шешендер туралы ауқымды материал қамтылған. Онда Әз.пайғамбардың өмірбаяны мен хижраның III ғасырына дейін ислам тарихында орын алған оқиғалар жөнінде де жеткілікті мағлұмат берілген. Сондықтан аталмыш еңбек білім беруде, мәдениет тарихын үйренуде өте маңызды еңбек болып есептеледі.

Хадис, араб тілі мен әдебиеті, ислам тарихы салаларында өзіндік орын алған Әбу Мұхаммед Абдуллаһ бин Кутәйба әд-Динауаридың өмірі Бағдатта өткен еді. Ол өмірінің соңына дейін ғылыммен, ғылыми еңбектер жазумен айналысқан-ды.<sup>149</sup>

**Динауари (282/892 ж.д.с.):** Хижраның III ғасырында өмір сүрген танымал тарихшылардың бірі. Ол Ирактың Динауар ауылында дүниеге келген. «*Китәбул-Ахбарит-Тыуал*» атты белгілі еңбектің авторы. Бәлазуридың замандасы болған Динауаридың риуаяттары, көбіне, Иран дереккөздеріне сүйенеді. Еңбекте үшінші халифа Әз.Осман тұсында белең алған оқиғаларға, Әли мен Муғауия арасында өрбіген қайшылықтарға және Әмеуи ұлдары дәуіріндегі хадистерге ерекше көңіл бөлген автор сасанилер билігі мен Ирак фәтх әрекеттері, Көктүріктер, Мәураннаһр мен Харзем төңірегінде өмір сүрген түркілер туралы да мәліметтер берген. Алайда, Иран тарихына қатысты оқиғаларды ұлтшылдық және Иран ұлттық тарихы тұрғысынан бағалаған. Сондықтан Ану Шируан туралы жазғанда Әз.пайғамбар жөнінде қысқаша ғана тоқталған. Арабтар мен ислам діні туралы Иранды фәтх ету тақырыбында ғана айтылған. Ал әмеуилер жөнінде Шығыспен қарым-қатынас аясында ғана сөз

148 Шемседдин, аталмыш еңбек, 108-109.

149 Юрдайдын, аталмыш еңбек, 2.

қозғайды. Динауари еңбегінің тағы бір ерекшелігі Кербала сияқты шииттікке қатысты оқиғаларды трагедия ретінде баяндауы болып табылады.

Динауари тарихшы болумен қатар, өз тұсында математика және табиғаттану ғылымдары саласында да алдыңғы қатарлы ғалымдардан саналған. Әйгілі «*Әт-Тыуал*» атты еңбегінің арабша мәтініне Ж.Виладамир (J.Wiladamir) түзетулер енгізген. Ал В.Фиудгас (W.Fuidgass) оны 1888 жылы Лейденде басып шығарған еді. Аталған еңбек 1912 жылы сол жерде ерекше бір мазмұнмен Крачавский (Kratchavsky) тарапынан қайта жарық көрген-ді.<sup>150</sup>

**Бәлазури (284/892 ж.д.с.):** Парсыдан шыққан Ахмед бин Яһиа бин Жәбир – аббасилер дәуіріндегі ең танымал ғалымдардың бірі. Ол – хижраның I ғасырында орын алған фәтх әрекеттерін қамтитын «*Футухул-Булдан*» мен «*Әнсабул-Әшраф*» атты әйгілі еңбектердің авторы. Бәлазури өзінен бұрынғы ғалымдардың еңбектерін зерттеген. Ол оқиғалар мен оларға негіз болған риуаяттарды баяндап қана қоймай, олардың себептерін де қарастырып, саяси-экономикалық және әлеуметтік факторларға да тоқталған-ды. Зерттеулерінде барынша бейтарап көзқарас ұстанған. Риуаяттарды, мүмкіндігінше, көз көрген куәлардан алуға тырысқан Бәлазури ең сенімді дереккөз ретінде Әбул-Хасан Әли әл-Мәдаинидің (830 немесе 945 ж.д.с.) «*Китәбул-Мәгази*» және «*Тарихул-Хуләфа*» атты еңбектерін пайдаланған.

Бәлазури – түрлі қала мен өлкелердің фәтх етілуін жан-жақты әрі біртұтас сипаттап, бір кітапқа сыйғыза білген тарих жазушысы. «*Футухул-Булдан*» атты еңбегінде Әз.пайғамбардың яһудилерге, Мекке мен Таифқа жасаған сапарларын, сонда-ақ «Ридда» оқиғаларын, әл-Жазира, Мысыр, Марокко, Ирак сияқты елдердің фәтх етілу тарихын қамтыған.

Бәлазури – жүйелі жалпы тарихтың алғашқы үлгісін ұсынған тұлға. Ол Ибн Сағд, Мәдаини және Мусғаб әз-Зубәйрдің шәкірті болып табылады.<sup>151</sup>

---

150 Қараңыз: Динауари, *әт-Тыуал*. - Мысыр, 1330, 73-74; В.Levin, «Dineveri», IA, III, 593-594.

151 Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 501.

**Яқуби (292/905 ж.д.с.):** Ибн Уазих әл-Яқуби өзінің әйгілі «*Тарихул-Яқуби*» атты еңбегінде ислам тарихының бастапқы кезінен 259/872 жылға дейінгі аралықта орын алған оқиғаларды жылдарына қарай қарастырған. Тарихи тізбек пен уақытқа мән бере отырып, оқиғаларды белгілі бір ретпен баяндаған. Дүниежүзі тарихы жөнінде қысқаша жазылған бұл еңбекте автор әлемнің жаратылысынан бастап, исламнан бұрынғы араб тарихы, Иран тарихы, Вавилон, Үнді, Грек, Рим, Мысыр, Варвар, Эфиопия, негрлер мен түркілер тарихы туралы да сөз қозғаған.

Яқуби білім алу үшін Парсы, Үнді, Армения, Сирия, Мысыр, Мағриб және Андалусия елдеріне сапар шеккен. Ол шииттік ағымды ұстануымен сынға алынған. Әлиді жақтаушы және әмеуилерге қарсы деп айыпталған Яқуби риуаяттарына негіз болған дереккөздерді ашық түрде көрсетіп, сынға алған. «*Яқуби Тарихы*» 1358 жылы Нәжафта жарық көрген.

**Табари (224-309/838-923):** Әбу Жағфар Мұхаммед бин Жәрир бин Рүстем Табари – хижраның III ғасырында өмір сүрген ең танымал тарихшы әрі тәпсіршілердің бірі. Ол – ислами ғылымдар саласында ең көп еңбек жазған автор. Хижраның 224 жылы Табаристанның Амел қаласында дүниеге келген. Білімі Тирмизи және Насаимен деңгейлес Табари орташа дәулеті бар отбасында туған. Амелде діни сауатын ашқан ол білім алу үшін Мысыр, Сирия және басқа да көрші елдерге сапар шеккен-ді. Хадис пен фикһ ғылымын Бағдатта үйренген еді. Аббасилердің құлдырау кезеңінде өмір сүрген Табаридың аты «*Тарихур-Русул уәл-Мулук*» немесе «*Тарихул-Умәм уәл-Мулук*» атты еңбегімен және «*Жәмиғул-Бәйән фи тәфсирил-Қуран*» атты тәпсір кітабымен әйгілі болды. Негізінде, Табари тәпсір, тарих, хадис және фикһ ғылымдарында шоқтығы биік ғалым ретінде саналады. Заманындағы танымал ғалымдардан білім алған Табари тарих саласында ислам әлемінің Геродоты болып есептеледі. Сондай-ақ ол тәпсір ғылымының да негізін салушылардың бірі ретінде де қаралады.

«*Табари тарихы*» немесе «*Жағфари тарихы*» деген қысқа атаулармен танылған әйгілі тарихи еңбек, негізінен, екі тараудан тұрады: бірінші тарауда исламнан бұрынғы адамзат тарихы, әлемнің жаратылысынан бастап, ислам діні шыққанға дейінгі кезең қарастырылады. Ал екінші тарауда исламның бастапқы кезінен бас-

тап, III/X ғасырға дейінгі ислам тарихы қамтылған. Еңбекте баяндалған оқиғалар ғасырларға, белгілі кезеңдерге немесе тақырыптарға қарай емес, орын алған жылдарына қарай жазылған. «*Табари тарихы*» Ибн Исхақтың «*Сирасындағы*» маңызды риуаяттарды да қамтыған. Еңбекте риуаяттар саны көп болғанымен, бір-бірімен аралас және байланыссыз келеді. Табари ираилият пен қиссаларды білуге ерекше көңіл бөлген. Ол алдына келген кез келген риуаят пен деректі, тапқан не естіген әр мәліметті сын елегінен өткізбей, сол қалпында кітабына жазған. Сондықтан «*Табари тарихының*» басты ерекшелігі ретінде кез келген бір оқиғаға қатысты риуаяттардың барлығын жай ғана жинап жеткізгендігін айтуға болады. Автор кейде бір оқиғаның өзіне қатысты көптеген риуаяттар келтіреді. Бұл қырынан кітап «тарихи риуаяттар мен деректер қазынасы» іспеттес. Алайда, бұл әйгілі де ауқымды еңбекте ақиқатқа қайшы келетін және ислам шындығына еш сәйкеспейтін мәліметтер де кездеседі.

«*Табаридың тарихында*» кіріспе бөлімінен кейін ең көне дәуір тарихы, пайғамбарлар мен ел басшылары тарихы басталады. Одан кейін сасанилер дәуіріндегі тарих баяндалады. Оның артынан Өз.пайғамбар, Рашид халифалар, әмеуилер мен ең соңында аббасилер тарихы орын алады. Материалдар хижреттің бастапқы кезінен бастап, хижра жыл санауына қарай, оқиғалардың жылдық ретімен жүйеленген. Еңбек 302 жылдың зулхиджа айындағы (915 жылдың шілде айындағы) оқиғалармен аяқталады.

«Табари бұл әйгілі тарихын жазуда деректердің басым бөлігін ауызша риуаяттардан алған» деген бұрыннан келе жатқан жаңылыс пікір соңғы уақыттарда жүргізілген зерттеулер негізінде толығымен жоққа шығарылды. М.Фуад Сезгиннің айтуы бойынша Табари еңбегінде сол дәуірде өзі тікелей куә болған және жақын кісілерден ауызекі түрде естіген деректерді жеткізген. Сонымен қатар, материалдардың көпшілігін риуаят деп саналатын да, саналмайтын да еңбектерден жинақтаған. Ол пайдаланған кітаптардың бір бөлігі қазіргі уақытқа дейін жеткен болса, қалғаны жоғалған.<sup>152</sup>

Ауқымды еңбектің қысқаша нұсқасы ретінде жазылған бұл еңбек саяси тарих пен ислам тарихы, сондай-ақ Мәураннаһр мен Кавказ

---

152 Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 519-521; Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 28; Фикрет Ышылтан, «Табери», *IA*, 594-597.

аймағында исламның таралу тарихы тұрғысынан өте құнды еңбек болып табылады. Ұлттық тарихымыз үшін де маңызды саналатын бұл туынды Осман мемлекеті тұсында бірнеше рет түрік тіліне аударылған-ды. Алғаш аударма Хусаметтин Челеби тарапынан 710/1310 жылы еңбектің парсы тіліндегі Бәлами аудармасынан жасалған екен. Бұл аударма кейінірек Станбул мен Мысырда бірнеше рет жарық көрген. XVI ғасырда Матракчы Насух *«Табари тарихын»* арабша түпнұсқасынан түрікшеге аударып, аудармасын *«Мәжмугат-Тауарих»* деп атаған. *«Табари тарихы»* М. de Goeje тарапынан 1879/1900 жылдар аралығында он үш томдық еңбек ретінде жарық көрген. Соңғы рет түрікшеге З.Кадири Уган тарапынан 1954-1958 жылдар аралығында аударылған. Аталған аударма Станбулда басылып, *«Peugamberler ve Hükümdarlar tarihi»* (*Пайғамбарлар мен елбасшылар тарихы*) деп аталады. Ал 1328 жылы Мысырда жарық көрген *«Табари тарихына»* дәрігер әрі тарихшы Ариб бин Сағд әл-Куртуби (369/979 ж.д.с.) қосымша жазып, Табаридың тарихында кездеспейтін кейбір оқиғаларға, мән бермей кеткен риуаяттарға тоқталады, яғни 291/905 жылдан бастап аббасилер халифасы әл-Муктадирдың (320/934 ж.д.с.) халифалығының соңына дейінгі кезеңде орын алған оқиғалар мен деректерді береді. Сондай-ақ бұл маңызды еңбек 1879 жылы Noeldeke тарапынан неміс тіліне аударылып, сасанилер кезеңіне қосылып берілді.<sup>153</sup>

**Мәсғуди (345/957 ж.д.с.):** Атасы Ибн Мәсғудқа телініп, Мәсғуди лақабымен аталған. Хижраның IV ғасырында Иракта өмір сүрген белді тарихшылардың бірі. Мәсғуди Бағдатта дүниеге келген. Ол Мысырдың Фустат қаласында қайтыс болған. Бағдаттағы оқуын тамамдаған Мәсғуди өзінен бұрынғы ғалымдарың жолын қуып, білімін жалғастыру үшін түрлі елдерге сапар шеккен. Мәсғуди – әйгілі *«Муружус-Зәхаб»* және *«Китәбут-Тәнбих»* атты еңбектердің авторы. Мәсғудидің аты осы *«Муружус-Зәхаб»* атты еңбекпен танылған еді. Ол бұл кітабын Парсы, Үнді, Палестина, Сирия, Мысыр және Андалусия елдеріне жасаған сапарлары барысында жинаған деректерге сүйене отырып жазған-ды. *«Муружус-Зәхаб»* екі басты тараудан тұрады. Бұл тараулар қарастырылған халықтар

---

153 Сезгин, *аталмыш еңбек*, I, 28; Wellhausen, *Prolegomena zur ältesten Geschichte des Islams*; R.Paret, «Taberi», IА, 594-597; Юрдайдын, *аталмыш еңбек*, 70.

мен мемлекеттердің атауына қарай бөлінген. Еңбекте исламнан бұрын өмір сүрген ұлыстар тарихы, космография мен жағрафия тақырыптары, сондай-ақ аббасилер халифасы әл-Мугтилиллаһ тұсына дейінгі ислам тарихы қамтылған. Мәсғудидың екі әйгілі еңбегі француз тіліне аударылған. Олардың бірі осы «*Муружуз-Захаб*» атты еңбек. Оны В. De Meunard пен Courtaille аударып, «*Les Prairies d'Or*» деген атаумен жариялаған (Париж, 1861-1877 ж.). Ал «*Әм-Тәнбих*» атты еңбегі Carra da Vaux тарапынан аударылған. Бұл аударма «*Le Laure de L'Avertissement*» деген атаумен жарық көрген. (Париж 1897 ж.).<sup>154</sup>

**Ибн Нәдим (386/988 ж.д.с.):** Әбул-Фараж Мұхаммед бин Исхак бин Әбу Якуб бин Надимнің өмірі жайлы жеткілікті мәлімет жоқ. Ол «*Әл-Фихрист*» атты еңбегімен танымал болған. Бұл еңбек өз саласында теңдесі жоқ еңбектерден саналады. Өйткені онда хижраның III ғасырындағы ислам ғылымдарының дамуына қатысты сенімді деректер қамтылған. Кезінде жоғалған, жойылған немесе жағылған көптеген еңбектердің атаулары, авторлары мен мазмұны жөніндегі мағлұмат бізге осы еңбек арқылы жеткен. Ибн Нәдимнің «*Әл-Фихристи*» 378/988 жылы жазылған. Автор осы еңбектен 8 жылдан соң 386/996 жылы дүние салған.

«*Әл-Фихрист*» жай ғана бір каталог емес, онда көптеген тарихи мәліметтер де қамтылған. Хижраның IV ғасырының орта тұсына дейінгі ислами ой-пікір мен өркениет тарихы тұрғысынан да маңызы зор еңбек болып табылады. Он мақаладан тұратын еңбектің тоғызыншы және оныншы мақалалары ислам тарихы мен діндер тарихы тақырыптарына арналған. Gustav Flugel бұл еңбекті 1871 жылы басып шығарған болатын. Еңбектің бір жазбаша нұсқасы Көпрүлү кітапханасында сақталған.<sup>155</sup>

**Макдиси (387/997 ж.д.с.):** Хижраның IV ғасырында өмір сүрген айтулы ғалымдардың бірі. Өмірбаяны жөнінде көп мағлұмат жоқ. Деректерде оның Палестинада дүниеге келгендігі, 355-356/966 жылдары Сижистанда (Бустта) өмір сүргендігі айтылады. Сижистанды ол кезеңде Әли Асуманда Мансұр бин Нұхтай

---

154 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 76; Юрдайдын, *аталмыш еңбек*, 4; Китапчы, *аталмыш еңбек*, 82.

155 Шемседдин, *аталмыш еңбек*, 102.

басқарған еді. Мансұр уәзірлерінің бірінің сұрауы бойынша «*Китәбул-Бәдғу уәт-Тарих*» атты шығармасын жазған. Алайда, бұл кітап бұрыннан танымал пәлсапашы әл-Киндидің шәкірттерінің бірі әл-Бәхлиге (322 ж.д.с.) телінеді. Дегенмен, еңбекті хижраның 355-356 жылдары әл-Мақдиси жазғандығы бірқатар зерттеушілер тарапынан дәлелденген болатын.

«*Китәбул Бәдғу уәт-Тарих*» – әрі саясат тарихы әрі діндер мен мәдениеттер тарихы жайындағы еңбек. Ислами ғылымдар түгел дерлік қамтылған еңбек 22 тараудан тұрады. Кітаптың 19-ыншы тарауында түрлі діндер мен сол дінді ұстанушылар тарихына, сондай-ақ ислам мазһабтарының тарихына қатысты маңызды мәліметтер берілген. Еңбекте хижраның 350 жылына дейінгі оқиғалар қысқаша түрде баяндалған. «*Китәбул Бәдғу уәт-Тарихтың*» жазбаша бір нұсқасы Дамат Ибраһим Паша кітапханасында сақталған. Осы нұсқа француз жазушы Н.Сламан тарапынан көшіріліп, французша аудармасымен бірге 5 томдық кітап түрінде Парижде жарияланған.<sup>156</sup>

**Ибн Мискауайх (421/1029 ж.д.с.):** Рай қаласында дүниеге келген. Муғизуд-Дәуланьң уәзірі Әбу Мұхаммед Мухаллебидің көмегімен сарайға қызметке алынған еді. Ибн Мискауайх көптеген шәкірт тәрбиелеген. Ол – «*Тәжәрубул-Умәм уә Тәғақибул-Химәм*» атты еңбектің авторы. Әбу Әли Ахмед бин Мискауайх бұл еңбегін аса мұқияттылықпен саналы түрде жазған. Онда оқиғаларды белгілі бір дәрежеде ақылға негіздей отырып, сынға алған. Еңбек халифа Адудуддәула дүниеден өткенге дейінгі (372 жыл) оқиғаларды қамтиды. «*Тәжәрубул-Умәмде*» хижраның IV ғасырында орын алған оқиғалар жөнінде кең ауқымды мәлімет берілген. Еңбектің басым бөлігі Иран тарихына арналып, Иран ұлтшылдығын жақтай отырып жазылған.

Ибн Мискауайх ахлақ, логика, математика ғылымдары мен мәғазитакырыбында көптеген еңбек жазған. «*Китәбу Әдәбил-Араб уәл-Фурс*», «*Китәбу тәртибис-Сағдә*», «*Китәбус-Сияса*», «*Китәбус-Сияр*» солардың бірқатары. Соңғы дәуірлер зерттеушілерінен Gibb «*Тәжәрубул-Умәмді*» өз атымен аталатын топтама құрамында жариялаған болатын. Толығымен ағылшынша жарық көрген бұл жарияланыммен қатар, Мысырда бесінші және алтыншы томдары

---

156 Шәмседдин аталмыш еңбек 88.



Фәжруллах Зәки әл-Курди тарапынан Ибн Жәрир тарихына қосымша ретінде жарыққа шықты. Қосымшалары бар еңбек хижраның IV ғасыры жөнінде жазылған өте маңызды дереккөз болып табылады.<sup>157</sup>

**Бәйхақи (386-470/ 996-1077):** Ибн Хусейн әл-Бәйхақи Хорасанның кішкене қаласы Бәйхаққа қарасты Харисабат ауылында дүниеге келген. Бала күнінен Сәбуктекин ұлдарына қызмет еткен. Газнауилердің ең шиеленіскен кезеңінде өмір сүрген және өзі куә болған осы дәуірдің оқиғалары туралы жазған. Алайда, еңбектерінің басым бөлігі Моңғол шапқыншылығы кезінде жойылған. Отыз томдық *«Тәриху Бәйхақи»* атты ауқымды еңбегінен тек бесінші томның соңынан оныншы томға дейінгі бөлігі ғана қалған. Міне, осы бес томдық бөлім Газнауи сұлтаны Мәсғұдтың билігі тұсында (421-432/1030-1041) орын алған оқиғаларды қамтиды. Еңбек Газнауи мемлекетінің ішкі және сыртқы істері жөнінде жақыннан білетін кісінің естелік дәптері түрінде жазылған. Morlay оны 1862 жылы *«Bibliotecas Indias»* атты топтамасының ішінде жарыққа шығарды.<sup>158</sup>

**Ибн Асакир (571/1176 ж.д.с.):** *«Тариху Димашиқ»* атты әйгілі еңбектің авторы. Алғашқы екі томы тікелей Дамаскіге арналған бұл көлемді еңбектің қалған томдары Дамаскіде өмір сүрген басшылар мен ғалымдар туралы баяндайды. Ибн Асакирдің бұл құнды еңбегі – әл-Бағдадидың *«Тариху Бағдад уә Мәдинәтүс-Сәләм»* атты он төрт томдық ауқымды еңбегінің толықтырылған және көптеген жақтары кеңейтілген түрі. Ибн Асакир білімі мен жазғандары арқылы дәуіріндегі басшылардың ықыласына бөленіп, қолдау көрген. Ол – тарихты риуаят етуде хадис әдісінің ықпалын арттырған ғалым.

**Сәмғани (562/1167 ж.д.с.):** Әбу Сағид Абдүлкәрім әс-Сәмғани хижраның VI ғасырында (506/1113) Хорасанның Мәру ауданында дүниеге келген. Ол – хадис пен тарих ғылымдарында айтулы тұлғалардың бірі. Бұл екі ғылымға қосқан үлесі үшін *«Тәжжүл-Ислам»* лақабы берілген әс-Сәмғани Тәммим ұлдарының Сәмған руынан шыққан еді. Дәуіріндегі ең үлкен ғылым мен мәдениет орталықтарының бірі Мәру қаласында білім алған. Ол әл-Бағдадидың 40 томдық *«Бағдат тарихына»* 15 томдық қосымша жазған. Сон-

---

157 Шәмседдин, *аталмыш еңбек* 102.

158 H.Laoust, *Les Schismes dans l'Islam*, Payot. - Paris 1977, 179-180; Шәмседдин, *аталмыш еңбек* 123.

дай-ақ тарих пен жағрафия каталогы түрінде жазылған «*Китәбул-Әнсаб*» атты еңбегі Азия тарихы тұрғысынан өте маңызды болып табылады. Ол Мәру тарихына қатысты 20 томдық бір еңбек те жазған-ды.<sup>159</sup>

**Ибн Әсир (630/1233 ж.д.с.):** хижраның VI ғасырындағы тарихшылардың бірі. Хижраның 555 жылы Мусул маңындағы Ибн Омар аралында туылған. Әбул-Кәрімнің Мәжидуддин, Иззуддин мен Зияуддин атты үш ұлының бірі еді. Шығыстың айтулы ғалымдарынан саналған және туған ауылының атын шар тарапқа жайған бұл үш ағайынды тарихта «Ибнул-Әсирлер» деген атпен аталған. Үшеуі де Мусулда білім алған. Мәжидуддин, әсіресе, хадис саласында, кіші бауыры Зияуддин өлең-жыр мен проза саласында, ал Иззуддин тарих ғылымында танымал болды.

Маңызды тарихи оқиғалар орын алған жерлерді аралап, аббасилер дәуіріне қатысты көлемді мағлұмат жинаған Иззуддин де (Ибн Әсир) Ибн Халликан сияқты дәуірінің әйгілі тарихшыларымен кездескен. Ол «*Китәбул-Әнсаб*», «*Усдул-Ғабә фи Мәғрифатис-Сахабе*» және «*Тарихул-Кәмил*» атты әйгілі еңбектерін Мусулда жазған.

Ибн Әсир Шығыс пен Батыста «*Тарихул-Кәмил*» атты ебегімен танылды. Еңбек әрі дүниежүзі тарихы әрі көлемді ислам тарихы болып табылады. Еңбекте адамның жаратылысынан бастап, VII/XII ғасырдың орталарына (628/1230) дейінгі кезеңде орын алған оқиғалар қамтылған. Оқиғалар тақырыбы мен тарихи ретіне қарай берілген. «*Әл-Кәмил*» түрік ислам тарихы тұрғысынан да үлкен маңызға ие. Бұл еңбек Іслап тарапынан французшаға аударылып, түпнұсқа мәтінімен жарияланған, сондай-ақ 1290/1873 жылы Мысырда да жарық көрген.

Ибн Әсир «*Усдул-Ғабә*» атты еңбегінде 7500 жуық сахабаның өмірбаянын баяндаған. Ал «*Әл-Бақир фи Тарихид-Дәуләтил-Атабекийә бил-Мусул*» атты тарих кітабында Мусул Атабек мемлекеті туралы арнайы жазған.

Ибн Әсир риуаяттарында, жалпы алғанда, Табарига сүйенген. Еңбектерінде Табариды бірде сөзбе-сөз қайталаса, енді бірде басқаша жол ұстанған-ды. Сонымен қатар ол риуаяттарында тізбектер мен

---

159 Шәмседдин, *аталмыш еңбек* 126.

риуаятшылардың есімдерін атамай, кейбір белгісіз деректерді өлең-жыр мен риуаяттар арасында үндестік құра отырып, түсіндіруге тырысқан. Ол Мағриб пен Андалусия тарихы туралы да маңызды деректер берген. Ибн Әсир Табари дүние салған уақыттан бастап (Х.310), 628 жылға дейінгі кезеңде орын алған оқиғалар мен оларға қатысты риуаяттарды алғаш рет кітабында жинақтаған.<sup>160</sup>

**Ибн Халликан (608-681/1211-1282):** Шәмсуддин Әбул-Аббас Ахмед бин Ибраһим бин Әбу Бәкір бин Халликан Ермилде білімді отбасында дүниеге келген. Әкесі Музаффәруддин бин Зәйнуддин тарапынан құрылған «Музаффәрия медресесінің» оқытушыларының бірі болған. Алғашқы діни сауатын осы медреседе ашқан. Сонымен қатар Уммул-Муәййид ән-Нисабури атты ғалым әйелден ілім үйреніп, шәйх Салих бин Хибәтуллаһтан хадис сабақтары алған. Хижраның 62 жылы 14 жасында Бухари хадистерін оқып үйренген. Ал 18 жасқа келгенде, ілім үйрену мақсатымен түрлі елдерге саяхатқа шыққан. Халеп пен Сирияда болған. Білім алуын тамамдағаннан кейін Сирияға қазы болып тағайындалған. Ислам әлемінен шыққан ғалымдар мен олардың еңбектерін қамтитын «*Уәфәйәтул-Айян*» атты шығармасымен даңқы жайылған. 1256 жылы бастаған еңбегін 1274 жылы аяқтаған. Хижраның I ғасырынан кейінгі дәуірлерде шыққан танымал мұсылман ғалымдар мен олардың еңбектерін қамтитын бұл маңызды еңбек Wustenfled тарапынан Goeting-те жарық көрген.<sup>161</sup>

**Субки (777/1370):** Тәжуддин Әбу Наср Абдулуәххаб бин Тақийуддин әс-Субки – «*Табәқатуш-Шафиғия*» атты еңбектің авторы. Шафиғи мазһабын ұстанған Субки аталған еңбегінде «Тарихшылар үшін ережелер» атты тарауды тарих әдістемесіне арнаған. Субки онда тарихшыға қойылатын талаптар мен ерекшеліктерді атап көрсетеді. «Тарихшы бейтарап және тура сөзді болуы керек. Басқалардан риуаят еткенде, сөзбе-сөз дәлдікті ұстануы, яғни риуаяттардың тек мағынасын алып, өз сөзімен сөзбен жеткізбеуі тиіс. Жеткізген риуаяттарға сын көзбен қарай отырып, тізбегімен бірге беруі, оқиғалардың себептерін зерттеп білуі, риуаяттардың дұрысын бұрысынан ажырата алатындай білім мен әдіске ие болуы қажет. Сондай-ақ тарихшы мақтау мен жамандаудан да ұзақ тұруы

---

160 Шәмседдин, *аталмыш еңбек*, 147.

161 Шәмседдин, *аталмыш еңбек*, 187.

керек. Дұрыс баға беруі, үкім шығаруда мұқият болуы және орта жолдан таймауы, түсіндіру мен бағалауында көріп білгендерінен гөрі, басқалардың риуаяттары мен мәліметтеріне сүйенуі тиіс», – деп пікір білдіреді.<sup>162</sup>

Субқи жеке тарихи еңбек жазбағанымен, аты аталған еңбектің тиісті тарауында тарих әдіснамасы мен пәлсапасы жөнінде маңызды мағлұматтар берген-ді.<sup>163</sup>

**Ибн Кәсир (774/1373 ж.д.с.):** Әбул-Фида Исмаил – *«Әл-Бидәйә уән-Нихәйә фит-Тәрих»* атты еңбектің авторы. Зәхаби мен бірқатар сириялық фикшылардан ілім алған Ибн Кәсирдің бұл еңбегі әлемнің жаратылысынан бастап, хижраның VIII ғасырының басына дейінгі кезенді қамтитын дүниежүзі тарихы мазмұнындағы кітап болып табылады. Еңбектің үлкен бір тарауы Әз.пайғамбардың өміріне арналған. Еңбек әййубилер мен мәмлүктердің хронологиясымен аяқталған.<sup>164</sup> Ибн Кәсирдің *«Әл-Бидәйә»* атты шығармасы кейінгі дәуірлердегі авторлар мен батыстық ориенталистердің арнайы жүгінген еңбектерінен бірі саналады. Н.Laoust оның шәкірттері мен жолын ұстанғандардың бірі ретінде *«Әл-Бидәйәни»* Батысқа танытқан-ды.

Кейінгі тарихшыларға жол көрсетіп, еңбектеріне қайнар көз болған, классикалық ислам тарихы туралы жалпы ой-пікір қалыптастырған ең көне тарихшылар мен олардың еңбектеріне қысқаша тоқталдық. Аталған бұл тарихшылармен қатар, ислам тарихнамасында ерекше орын алатын көптеген басқа тұлғалар да бар. Олар жөнінде жеке-жеке сөз қозғау өз алдына жеке еңбек тақырыбы болып табылады. Жамалуддин Әбул-Хасан Әли бин әл-Кифли өзінің *«Ахбарул-ғұлама би Ахбарил-Хукәма»* атты еңбегінде хижраның VI ғасырына дейінгі кезеңде өмір сүрген айтулы ислам тарихшылары жөнінде баяндаған. Зәхабидің әйгілі *«Сияру Аләмин-Нубәлә»* атты шығармасы да осы сипатта жазылған. Негізінде, ислам ой-пікірі мен өркениеті тарихына бағыт берген, түрлі ғылым салаларындағы әйгілі ғұламаларды танытқан *«Табақат»* кітаптары мен монографиялық еңбектерде мұсылман тарихшылардың шығармаларына өз дәреже-

162 Laoust, *аталмыш еңбек*, 277-378.

163 Laoust, *аталмыш еңбек*, 278.

164 Laoust, *аталмыш еңбек*, 275.

сінде көңіл бөлінген. Мәселен, М.Шәмсуддин (Гүналтай) *«İslamda Tarih ve Müverrihler»*, F.Rosenthal *«Илмут-Тәрих индәл-Муслимин»*, Horovitz *«Әл-Мәғазил-Фулә уә Муәллифухә»*, M.F.Sezgin *«Тәрихут-Турасил-Араб»* атты еңбектерінде классикалық дәуірдегі ислам тарихшылары, олардың еңбектерінің ерекшеліктері мен ислам тарихнамасында алатын орны жөнінде қысқаша мағлұмат берілген.

Сонымен қатар «Энциклопедиялық сөздік» сипатындағы тарихи еңбектер мен көптеген мұсылман саяхатшылар тарапынан жазылған саяхатнамалар, өмірбаян мен естелік кітаптар да бұл тақырыптағы ауқымды материалды қамтиды. Әсіресе, саяхатшылар өз еңбектерінде аралаған жерлерде кездескен ғалымдар, көріп-естіген еңбектер, ғылыми және мәдени жағдай жөнінде жан-жақты баяндаған. Олар түрлі қалалар мен мәдени орталықтардың билік, саяси, әлеуметтік және экономикалық қырларын таныстырған. Осы сипаттағы саяхатнамаларға: Ибн Батутаның (779/1377 ж.д.с.) *«Тухфәтун-Нуззар фи Ғараибил-Әмсар уә Аждаибил-Әмсар»*, Әт-Тәмғуритидің (1595 ж.д.с.) *«ән-Нәхфәтул Мисқийә фис-Сәфәратит-Туркийя»*, әл-Аййашидың (1679 ж.д.с.) *«Мәул-Мәуәғид»*, Ибн Мәңйамның *«Әл-Бустан фи Зикрил-Әулия уәл-Уләма бит-Тлемсан»*, әл-Йәфридің *«Ән-Нузхәтул Хәди фи Уләмаил-Қарнил-Хәди»*, әр-Рашидидің *«Әс-Сәғрул Жумғани»* атты еңбектері, ал энциклопедиялық сөздік мазмұнындағы еңбектерге: Якут әл-Хамәуидің (626/1229 ж.д.с.) *«Мугжәмул-Булдан»* және *«Мугжәмул-Убәда»*, Ибн Әби Усайбийяның (668/1270 ж.д.с.) *«Табақатул-Әтибба»*, Хажы Халифаның (1067/1657 ж.д.с.) *«Кәшфуз-Зунун уә Сулләмул-Усул»* атты еңбектерді жатқызуға болады.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бастапқы кезеңінен бастап, Шығыста да, Батыста да ислам тарихы саласында, басқа да ислам ғылымдарындағы сияқты, көптеген зерттеулер жүргізіліп, түрлі деңгейде еңбектер жазылды. Мәселен, Мәулана Шиблидің *«Асры-Саадет»*, Мұхаммед Хамидуллаһтың *«Ислам Пейғамбери»*, *«Расуллуллаһ Мұхаммед»*, *«Исламда Девлет Идареси»*, Хасан Ибраһим Хасанның *«әт-Тарихул-Ислами»*, Ахмед Әминнің *«Фәжрул-Ислам»* және *«Духәл-Ислам»*, М.Асым Коксалдың *«Ислам тарихи»*, Исмаил Хаккы Измирлидің *«Тарихи Ислам ве Сияри Жәлилә Нәбәуийә»*, Ж.Зәйданның *«Тариху Тәмәддунил-Ислам»*, T.V.Arnold-тың *«Интишари Ислам тарихи»*, C.Brokelman

ның «Ислам Миллетлери ве Девлетлери Тарихи», Р.К.Нитти-дің «Сияси ве Медени Ислам тарихи», Исмаил Х. Узунчаршылының «Османлы Тарихи», Ахмед Жевдет Пашаның «Тарихи Жевдет», Йылмаз Өзтунаның «Бүйүк Түркийе Тарихи», Н.Лауст-тың «Les Schimes dans l'Islam», М.Лингс-тің «Хз.Мұхаммедин Хайаты», Watt-тың «Хз.Мұхаммед Меккеде» атты еңбектері мен т.б. еңбектер, Хусейн Мунистің Андалусия тарихы мен Абдулжәлил әт-Тәмими мен Тәуфиқ әл-Мәдәни, Әбул-Қасым Садуллаһ, Абдурахман әл-Жийләли сынды авторлардың Солтүстік Африка тарихы туралы, Енвер Зия Карал, Осман Туран, Яшар Южел, Али Севим, Хаккы Дурсун, Йылдыз, Зекерия Китапчы, Исмаил Хами Данишменд және т.б. зерттеушілер мен ғалымдардың Түрік ислам тарихына қатысты зерттеулері ислам тарихы саласында жазылған белгілі еңбектерден саналады.

Сондай-ақ М.Фуад Көпрүлү, Бахаеддин Өгел, Hammer, Мустафа Нури Паша, М.Фуад Сезгин, Зеки Велиди Тоган, F.Sümer, М.Ақдағ, Н.Лауст, С.Сәһен, R.Mantran, Н.Lammens, В.Lewis, Исмаил Хаккы Узунчаршылы, Йавуз Ержан, Ахмет Уғур, Ибраһим Кафесоғлу, Халил Иналжык, Мұхремин Халил Йынанч, Рефет Инанч, М.Аталай Көймен, Ердоған Мерчил, С.Е.Bosworth, Решат Генч, К.Йашар Копраман, W.Barthold, Бекир Күтүкоғлу, Мустафа Кафалы, Шинаси Алтундағ, Й.Хикмет Байур, Таййыб Гөкбилгин, Мұхабат Күтүкоғлу, Ержүмент Куран, Ахмед Йашар Ожак, Бахаеддин Йедийылдыз, Х.Г.Юрдайдын және т.б. тарихшылардың да Түрік ислам тарихын түрлі қырынан қарастырған құнды еңбектері бар.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде тарихнама тұрғысынан үлкен маңызға ие көптеген басылымдардың бар екендігіне, адамзат тарихының ғылыми, мәдени, әлеуметтік және экономикалық қырларын толығымен қамтитындай дәрежеде тарағандығына, сондай-ақ тарихты зерттеушілерге үлкен пайдасы тигендігіне назар аударғымыз келеді.

## БІРІНШІ ТАРАУ ИСЛАМНАН БҰРЫНҒЫ АРАБИЯ ТҮБЕГІ ЖӘНЕ АРАБТАР

### А. ЖАҒРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Арабия түбегі (жәзиратул-араб) немесе «Арабстан» атауының шығу тегі туралы ғалымдар пікір таластырған. Кейбір тілшілер бұл атты тікелей арабтар қойғандығын, яғни бұл аймаққа «Арабия түбегі» атын арабтар бергендігін айтады.

«Араб» пен «раб» сөздері тілде шешендік пен ділмарлық мағынасында келеді, басқаларға қарағанда, тілді жақсырақ білеміз және қолданамыз деп санаған арабтар өздерін «араб», ал қалған ұлыстарды «ажәм» деп атаған.<sup>165</sup>

Арабтардың ата жұрты мен исламның бесігі саналған Арабия түбегі немесе Арабстан Азия құрылығының оңтүстік-батысында орналасқан. Ол шығысында Оман теңізі мен Басра шығанағы, батысында Қызыл теңіз, солтүстігінде Ирак пен Сирия, оңтүстігінде Аден шығанағы және Үнді мұхитымен шектеседі. Кейбір географтардың ойынша, жалпы алғанда, Сирия мен Ирак та Арабия түбегінің құрамына кіреді. Шығыс арабтары осы аймақта өмір сүреді. Арабтардың ата жұрты, семид тобының бесігі ретінде саналса да, бүгінгі Сауд Арабиясы мен Йемен территориясына енетін аймақ болып табылады.

Үш жағынан теңізбен қоршалған Арабия түбегі маңызды жағрафиялық орынға ие. Ескі дүниенің ортасында мемлекеттер мен құрылықтар арасы сауда, теңіз және құрылық жолдарының қиылысында орналасқан «байланыс аймағы», «қиылысу нүктесі»

---

165 Арабстанның табиғи және жағрафиялық құрылымы үшін қараңыз: Әл-Хасан б. Ахмед б. Якуб әл-Хамадани, *Сифати Жәзиратил-Араб*, басп., Мухаммед б. Али әл-Әқуа әл-Хауали. - Рияд, 1394/1974; Өмер Рыза Кеххале, *Жоғрафияту Шибхи Жәзиратил-Араб*. - Каир, 1964; Саид Ауаз Бавезир, *Мәлиму Тарихил-Жәзиратил-Арабиййа*. - Аден, 1966; Нәбих Ақыл, *Тарихул-Арабил-Қадим уә Асрир-Расул*, Дарул-Фикр. -Дамаск, 1403/1983.

іспеттес. Жарты аралдың бұл табиғи және жағрафиялық жағдайы экономикалық және әлеуметтік құрылымына маңызды ықпал еткен. Сауда мен туризм, егіншілік пен мал шаруашылығы Арабстан экономикасының басты даму көзі болып табылады. Мекке мен Қағбаны зиярат ету экономиканың негізгі тірегі, сауданың бел омыртқасы саналады. Ал жазықтар, оазистер, шалғындар мен басқа да су көздері егіншілік пен мал шаруашылығының басты қайнар көздерін құрайды.

Жәһілдік дәуір тарихының және «Әййәмул-арабтың» басты тақырыптарын құрайтын, бәдеуилер мен хадарилерді, меккеліктер мен басқа елді мекендердің тұрғындарын бір-біріне қарсы қойған оқиғалардың бірі экономиканың осы екі қайнар көзінің бірін иеленуге тырысуы еді.

Әл-Әсмаи (217/832 ж.д.с.), Истахри (IV/X ғ.д.с.), Хамадани (334/945 ж.д.с.) мен әл-Хәмауи (626/1229 ж.д.с.) сынды географтар Арабия түбегін бірде Йемен, Нәжд, Хижаз және Тихама деп төрт аймаққа бөлсе, енді бірде оларға Йәмама мен Бахрейнді де қосып, бес не алты аймаққа бөліп қарастырған. Ал Нәжран мен Оманның арасын Бәйнунаға дейін Йемен аймағына жатқызған. Біз бұлардан Хижазды арнайы, ал қалған аймақтарды жалпы қарастыруды жөн көрдік.

Сонымен қатар табиғи жамылғысы жағынан шөлейт Арабстан, таулы Арабстан және бақытты Арабстан деп үшке бөлінетін Арабия түбегінің Хижаз аймағы таулы-тасты Арабстанды, ал Оңтүстік Арабстан мен Йемен бақытты Арабстанды құрайды. Биіктігі кей жерлерде 2750 метрге дейін жететін Хижаз бен Йемен таулары үш қатар болып, Аден бұғазының маңына дейін созылып жатыр. Бұл таулы аймақ пен Қызыл теңіз арасындағы бөлік Тихама деп аталады.

Жалпы алғанда, Оңтүстік және Солтүстік Арабстан деп басты екі аймаққа бөлінетін Арабия түбегінің шығысында Оман, оңтүстігінде Хадрамаут, оңтүстік-батысында Хижаз, Нуфуд шөлі мен Хижаз арасындағы бөлігінде Нәжд орналасқан. Оманның Басра шығанағына дейінгі аймақ Бахрейн (*биләду хижр*) деп аталады.

Үлкен тау жоталары алып жатқан орталық Арабстан екі басты аймаққа бөлінеді: солтүстігінде Нәжд аймағы және оңтүстігінде Ахкаф аймағы. Нәжд аймағы қыратты, Ахкаф – құмды болып келген.



Тар жолақ түрінде созылып жатқан жағалауы орталық Арабстаннан өзгеше. Жаңбыр көбірек жауады және егін шаруашылығы үшін ыңғайлы. Жағалаудың бойында орналасқан ауыл, аудан орталығы мен қалаларда тұрғындар жиі орналасқан.

Арабия түбегі дүниежүзі картасында ең үлкен түбек ретінде көрінеді. Ол Азияның оңтүстік-батысындағы 1.700.000 шаршы км. территорияны алып жатқан құрылық болып табылады. Қазіргі кезде Ніл жазығы мен Қызыл теңіздің терең шөгіндісі негізінде Африкадан бөлінген бұл түбек геологтардың айтуынша, бір кездерде Сахараның бір бөлігі болған. Қазіргі авторлар Арабстанды «Шибхул-Жэзира» деп атайды. Оның қазіргі формасы қабырғалары бір-біріне тең келмейтін, оңтүстік табаны үлкендеу келген тік төртбұрышқа ұқсайды.

Арабстанда, жалпы алғанда, құрғақ және ыстық шөлді климат ықпалы басым. Қыс пен көктемде аз да болса ылғал түскенімен, жаздың қатты желі мұны алып кетеді. Алайда, «бақытты Арабстан» деп аталатын Йеменде жаңбыр мол жауады және топырағы құнарлы. Міне, осы климаты мен өсімдік жамылғысына қарай, Арабия түбегінің солтүстік және ішкі аймақтары шөлдерден, оңтүстік Арабстан мен жағалаулары жазықтар, шалғындықтар мен егістікке жарамды жерлерден тұрады.

Қазіргі кезде климаттық жағдайы шектеулі ғана тұрғындардың қажеттілігін өтейтіндей деңгейде болған Арабия түбегінде «мұнайдың» табылуы жеке және қоғамдық өмірді жандандырды. Мұнай аймақ халқының өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін, күн санап артып келе жатқан тұрғындардың экономикалық және әлеуметтік қажеттілігін өтейтін ең маңызды факторға айналды. Бүгінгі күні Арабстан дегенде, ең алдымен, ойға келетін нәрсе – мұнай. Дүниежүзінде мұнай өндірісі мен мұнай өнімдерін тұтынуда маңызды орын алатын Арабстан мен Шығанақ елдері экономикалық, технологиялық және әлеуметтік дамуын мұнай арқылы жүзеге асыруда.

## Ә. АРАБИЯ ТҮБЕГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ

Арабия түбегі Семид нәсілінің бесігі ретінде белгілі. Семидтер Нұхтың баласы Самның ұрпақтарынан тараған. Олар Орта шығыс (*әш-шәрқул-әусат*) аймағына орналасып, осы жерде түрлі тайпалар түрінде көбейіп, әртүрлі тілдерде сөйледі. Семидтердің түп негізі мен тілдері жөнінде алуан түрлі пікірлер болғанымен, Арабия түбегінің олардың ата жұрты екендігінде ортақ пікір бар.

Кейінірек Месопотамияға қоныс аударған және вавилондықтар, ассириялықтар, финикийліктер мен ивриттер деп аталған топтардың да ата жұрты Арабия түбегі болды. Сондай-ақ яһудилік пен христиандықтың бастауына қатысты элементтерді де алдымен осы аймақтан іздеу керек. Арамейліктер, ивриттер, римдіктер, христиандар мен яһудилер де эмигрант ретінде Арабия түбегіне қоныстанды. Арабия түбегі халқының жалпы құрылымы соңғы иләһи дін исламның басты ерекшеліктерінің, адамның жеке және қоғамдық тіршілігіне қатысты ұстанымдарының қайнар көздерінің бірін құрады.

Б.э. VII ғасырында ислам үндеуі басталған шақта Арабия түбегіндегі саяси жүйе түрлі тайпалар мен саяси күштердің әлеуметтік құрылымы мен күшіне негізделген еді. Түрлі отбастарынан тұратын рулардан құралған тайпалар көшпенді (*бәдеуи*) не отырықшыл (*хадари*) өмір сүрді. Бәдеуилік әдет-ғұрыптар, ахлақ пен сенім негіздері көшпенді арабтардың жеке және әлеуметтік өмірін ретке келтіріп, бағыт берген еді. Ал отырықшыл арабтар тайпалық салт-дәстүрлерге сүйенетін «қалалық өкімет» немесе «уәлаят» тарапынан басқарылған болатын.

Топырағының, жалпы алғанда, құнарсыз және егіншілікке жарамсыз болуы, климатының қаталдығы, жол қатынасының қиындығы, халық арасында діни және саяси бірліктің жоқтығы Арабия түбегінде қуатты бір мемлекеттің құрылуына және ұзақ уақытқа созылған саяси жүйенің қалыптасуына кедергі келтірген еді. Бұл жағдай өз кезегінде әлеуметтік және саяси хаостың үстемдік етуіне себеп болды.

Арабия түбегінің оңтүстік аймағында, әсіресе, Йемен аумағында болған селдер мен су тасқындары бөгеттердің жығылуына және

халықтың оңтүстіктен солтүстікке және ішкі аймақтарға қоныс аударуына әкеліп соққан еді. Соның негізінде б.э. III ғасырында көптеген араб тайпалары солтүстікке қарай көшіп, Хузаа тайпасы Меккеге, ал Әус пен Хазраж тайпалары Йәсрибке келіп қоныстанғанды. Гассанилер, хиралықтар мен кинделіктер, Йәсриб пен Хайбар яһудилері де осы себептерге байланысты қоныс аударған болатын.

Негізінде, аймақ табиғатына тән екі түрлі ерекшелікке байланысты Арабия түбегінің халқын:

а. көшпенді өмір сүргендер (бәдеуилер)

ә. отырықшыл өмір сүргендер (хадарилер) деп екі басты топқа топтауға болады.

Алайда, көшпенді өмір мен отырықшыл өмір бір-бірінен нақты бір шекпен ажыратылмады. Жартылай көшпенді күйде болғандар да, қалалық өмірге ұқсас шарттарда өмір сүргендер де бар еді. Отырықшыл арабтардың өмірінде бәдеуилерге тән элементтер, ал бәдеуи арабтарда қала тұрғындарына тән сипаттар байқалатын. Алайда, отырықшыл халықтың қаны үнемі көшпенді ұрпақ арқылы тазарып отырған-ды.

Арабтар ата тегі Нұх пайғамбарға дейін баратын «Семид» тобындағы халық болып табылады. Нұхтың ұлы Самға телініп, «семидтер» деп аталған. Семид тобындағы халықтар, негізінен, Арабия түбегі, Палестина, Сирия мен Ирак жеріне қоныстанған. Алайда, семид тайпаларының Арабия түбегі мен Иракқа қайдан келгендіктері туралы нақты дерек жоқ. Тарих ғылымының негізгі қайнар көздерінен саналатын Сәмәуи Кітаптар да бұл тақырыпқа қатысты жеткілікті мәлімет бермейді. Бұл жағдай арабтардың түп негізі жөнінде тарихшылардың түрлі көзқарасты алға тартуына, нақты пікірге келе алмауына жол ашты.

Дегенмен, тарихшылардың басым бөлігі арабтарды семид тобындағы халықтарға жатқыза отырып, олар «таза арабтар» деп аталған ең көне араб қауымы «ариба арабтарынан» (*араб-ы ариба*) құралған және олардың алғашқы отаны Арабия түбегі болған деген көзқараста. Анықталған тарихи деректер арабтардың семид тайпаларының бесігі саналған Арабия түбегі мен Ирак аймағында қоныстанғандығын көрсетеді. Ад, Самуд, Амалика, Тасим, Жәдис, Журхум және Ақил сияқты тайпалар осы араб тайпаларынан шыққан еді.

Кейінірек ариба тайпаларының араб емес тайпалармен араласуының негізінде *мустағриба* арабтары пайда болған. Олар Хижаз төңірегіндегі арабтарды құраған. Аднанилер деп аталатын Исмаил пайғамбардың немерелері, міне, осы *мустағриба* арабтарынан көбейген еді.

Тарихшылар семидтерді:

Арабия түбегі, Сина, Бадиятуш-Шам және Ирактың оңтүстік аймағына жуық орналасқан арабтар;

Ирак, Тигр мен Ефрат өзендерінің айналасы, Иран мен Хорасан аймағында өмір сүрген арамейлер;

Ирактың жоғарғы бөліктері мен Палестина және Сирия аймақтарын мекен тұтқан ивриттер деп жалпы үш топқа бөледі.

Бірікпелі тарихшылардың пікірінше, Семид тобындағы халықтар Торос таулары аймағынан шығып, оңтүстікке қарай тараған. Олардың ішінде ақаттар Иракқа, ал арабтар Арабия түбегіне келіп қоныстанған. Арабтардың Арабстанға Эфиопия немесе Мысырдан келгендігін айтқандар да бар.

Ал, жалпы мақұлданған көзқарас бойынша, семидтер мен арабтар – оңтүстіктен солтүстікке қарай қоныс аударған және ата жұрты Арабия түбегі саналатын халықтар.

Месопотамиялықтар Сирия мен Месопотамия арасына орналасқан семидтерді «амуро», яғни батыстықтар деп атаған. Кейінірек семид тіліндегі «батыстық» деген мағынаны білдіретін «араби» сөзі «амуро» сөзінің орнын басып, «ариб» және «араб» түрінде айтылып, араб халқының жеке атауына айналған. Ал семидтер қоныстанған жерлер Араб өлкесі мағынасындағы «Мат араби» сөзімен аталған. Қазіргі иврит тілінде бәдеуи сөзі «араб» дегенді білдіреді. Арабшада да «араби» сөзі осы мағынада қолданылады. Шындығында, араб тілі семид тілдері арасында ең таза қалпын сақтаған тіл болып есептеледі.

Кезінде Ибраһим пайғамбар өзінің жұбайы Хажар мен ұлы Исмаилды Хижазға әкеліп қалдырған еді. Солардың ықпалымен өлке халқының тілі арабшаға айналып, Мекке аймағының тілі дами түскен-ді. Жәрмеңкелер мен жиылыстарда оқылған өлең-жыр мен айтылған сөздерде кездесетін жаңа сөздер мен терминдердің де сақталуы арқылы «Мекке диалектісі» пайда болып, соның негізінде «Құрайыш арабшасы» қалыптасты.

## Араб қауымдары

Түп негіздері, ата жұрты мен тілдері осылайша қалыптасқан арабтардың тарихы түрлі кезеңдер мен топтарға қарай қарастырылады. Жалпы алғанда, тарихшылар арабтарды: *араб-ы бәида*, *араб-ы ариба*, *араб-ы мустағраба* немесе *араб-ы ариба*, *араб-ы мустағриба*, *араб-ы табига (мустағжама)* деп үшке бөледі. Ибн Халдун соңғы бөлуді ұсынғандар арасында.

Фәтх әрекеттері арқылы дүниеге тараған мұсылман арабтармен араласып кеткен қауымдар *араб-ы мустағжама* деп аталды. Оларға Солтүстік Африка мен Андалусия арабтары жатады.

Алайда, уақыт өте келе *араб-ы бәида* жойылып кеткендіктен, араб тарихын *араб-ы ариба* мен *араб-ы мустағриба* деп топтастыра зерттеу және оларға *араб-ы мустағжаманы* да қосу қажет деген пікір көпшілік тарапынан мақұлданған және шындыққа сай келетін көзқарас ретінде орнықты. *Араб-ы бәида* толығымен жойылып, ал *араб-ы ариба* мен *арабы мұстағриба* ислам діні шыққанға дейін жалғасқандықтан, араб тарихын *араб-ы бәида* және *араб-ы бақия* деп екі негізгі топқа бөліп қарастыруға да болады.

### 1. Араб-ы бәида

Тарих зерттеушілері *араб-ы бәиданың* Нұх пайғамбардың үлкен ұлы Самның Лауез (Лұт) және Ирам атты екі ұлынан тарағандығын білдіреді. Бұл таралымнан Амалика, Ад, Самуд, Тасым, Жәдис және Хадрамаут қауымдары пайда болған. *Араб-ы бәиданы* құрайтын бұл қауымдар кезінде мемлекеттер құрған. Алайда, бұл мемлекеттер уақыт өте келе жойылып кеткен. Олардың орнын *араб-ы ариба* мен *араб-ы мустағриба* қауымдары басқан.

Арабтар Нұх пайғамбардың үлкен ұлы Самның ұлы Лауезден (Лұттан) тарап көбейген. Олар Хижаз бен Сина аймақтарында өмір сүрген. Амалика арабтарының Лауездің Имлик атты ұлынан туған Жасим (Жасир) атты немересінің жеті баласынан тарағандығы айтылады. Алайда, араб авторлардың пікірінше, амалика «амлик» сөзінің көпше түрін белдіреді және амалика арабтары – Арабстаннан солтүстік пен оңтүстікке қарай қоныс аударып, Ақаба мен Ме-

сопотамияның батысына келіп орналасқан тайпалар. Батысты мекен етіп, Ақаба аймағында өмір сүрген бұл арабтарды вавилондықтар «батыстық» мағынасын білдіретін «малик» немесе «малук» сөздерімен атаған. Кейінірек бұл сөз қолданысы мен айтылуы жағынан өзгеріске ұшырап, «қауым» және «үммет» мағынасында, алдымен «аммалик» артынан «аммалика» түрінде айтылатын болған.

Мысырлықтар батыста өмір сүрген арабтарды «батыстық» мағынасындағы «шашо» сөзімен атаса да, олар бұл аймаққа келген кездің өзінде «амалика» деген атпен келген еді. Мысырға келген амалика арабтары Хиксостар-Икесустар мемлекетін құрса, ал Месопотамия өңіріне қоныстанғандар І Бабил (Хаммурапи) мемлекетін құрды. Б.э.б. 2416 не 2050 жылы құрылған І Бабил мемлекетінің 245 жыл бойы үстемдік құрғандығы айтылады. Жалпы, бұл мемлекеттің б.э.б. 2000 жылы Месопотамия аймағында құрылғандығы жөнінде ортақ пікір қалыптасқан. Мемлекет заң шығарушы Хаммурапи (б.э.б. 1948-1906) тарапынан басқарылған. «Хаммурапи заңы» үйлену, ажырасу, мұра, сауда және т.б. әлеуметтік және экономикалық мәселелерді қамтыған-ды. Бұл заң 1901 жылы Суста табылған болатын.

### **а. Ад қауымы**

Амалика және арамейлерден шыққан деп саналатын Ад қауымы – *араб-ы бәйданың* ең басты тайпасы. Тарихта *Ад-ы Ирам* деп аталған бұл қауымның Ирамның ұлы Авистің балаларынан, Ад руынан тарағандығы айтылады. Аталары Ад немесе Шаддад патша жасатқан «Ирам бағына» телініп, «Ад қауымы» немесе «Ад-ы Ирам» деп аталған.

Ад қауымы Йемен мен Оман аралығындағы Ахқаф пен Хадрамаут өңірін мекен еткен. Жалпы оңтүстік Арабстанда өмір сүрген бұл қауымның Ирам сарайы мен бірқатар зәулім ғимараттар салғандығы айтылады. Құранда *«ирамә зәтил-имәд»*<sup>166</sup> деп, міне, осы Ад қауымы туралы айтылған. Оларға пайғамбар ретінде Һуд жіберілген еді. Һуд пайғамбар тұсында Ад қауымы екі топқа бөлінді. Ад қауымының әміршісі Ад бин Адлияның Лұқман атты ұлына ергендер Һуд пайғамбарға иман келтірді, ал екінші ұлы Халжанның

---

166 Фәжр, 6-8.

соңына ергендер пайғамбарға қарсы шығып, «Сарсар» атты желмен жер бетінен жойылған-ды.

Ад қауымының ең танымал патшалары Ад, Шаддад пен Шамдид болған.

### **ә. Самуд қауымы**

Ирамның немересі Самуд құраған қауым Уәдил-Кура мен Хижр аймақтарында өмір сүрген. Самуд қауымы Ад қауымынан кейін Арабстанда билік құрған. Құранда Ад қауымымен бірге аталған Самуд қауымы тау мен тасты қашап – қазіргі Израилдегі сияқты - берік ғимараттар салып, жерін кеңіткен еді. Оларға пайғамбар ретінде Салих (а.с.) жіберілген-ді. Самуд жұрты талап еткен мұғжизаларды Аллаһтың жәрдемімен көрсеткендігіне карамастан, Салих пайғамбарды мойындамады. Соңында көктен түскен қатты дауыстың ықпалымен қырылған болатын. Құранда айтылған «*асхабы-рас*»<sup>167</sup> – олардың арасында Рас деген жерді мекен еткен қауым. Бұл қауым кейінірек жер бетінен жойылған-ды.

### **б. Нәбатилер**

Нәбатилер Палестинаның оңтүстігіндегі Едом немесе Идома деп аталатын жерде өмір сүрген. Бұл қауым Нәбайут бин Исмаилдан тараған. Бастапқыда Ирак маңайын мекен еткен нәбатилер кейінірек Едом аймағына келіп қоныстанған. Ассириялықтар тарапынан Ирак аймағынан шығарылған деп саналатын нәбатилер Едом төңірегіне б.э.б. IV ғасырда келген деп жорамалданады. Түп тамыры туралы әртүрлі пікірлер алға тартылған бұл қауымның тарихында 18-ге жуық әмірші өткен. Олардың ең көне әміршісі I Харистың атымен ақша басылған. Ал III Харис – Шам қаласын Батламиустардан тартып алған әмірші. Петра қаласы нәбатиердің астанасы, ал Бусра, Езрух, Хижр және Ейла қалалары осы мемлекеттің уәлаяттары болған.

---

167 Қаф, 12.

## **в. Тедмүрліктер**

Амаликадан шыққан және Сирия мен Ирак шекарасы арасында өмір сүрген бір қауым деп айтылады. Бастапқы кезінен шейхтар тарапынан басқарылған тедмүрліктер Тедмүр қаласын астана деп жариялап, «Тедмүр Араб Мемлекетін» құрған. Б.э.б. IV ғасырда құрылған Тедмүр мемлекеті өте ұзақ өмір сүрген. Тедмүрліктер римдіктермен бірнеше рет соғысқан және жиі-жиі Рим мемлекетінің шабуылына да ұшыраған. Тедмүрліктер салтанаты б.э.б. 270 жылға дейін жалғасқан еді. Тедмүр мемлекеті мен мәдениеті тарихта елеулі із қалдырған.

## **2. Араб-ы бақия**

### **а. Кахтанилер**

*Араб-ы бақияны араб-ы ариба және араб-ы мустағриба* деп екіге бөліп қарастыру дәстүрге айналған. *Араб-ы ариба* – Арабстанның Йемен аймағына қоныстанған кахтанилерге берілген ат. Хаммурапи мемлекеті құлағаннан кейін Нұхтан тараған Абирдың ұлы Кахтан қасындағы қауымдастарымен бірге Йеменге келіп, осындағы *араб-ы бәидадан* қалған ұрпақпен араласып кеткен еді. Кахтанилер Кахтанның ұлы Йағрубтың тұсында күшейіп, Йемен аймағында билік жүргізген. *Араб-ы ариба* Кахтанға телініп «кахтанилер» деп аталған.

Кахтанның ұлы Йағруб Йемендегі Ад қауымы мен Амалика қауымынан қалған халықты жеңіп, Кахтания мемлекетін құрған. Одан кейін билік басына Йашжуб келген. Йашжубтың орнын басқан ұлы Абдушамс өте көп соғысқан және көптеген тұтқынды қолға түсірген. Соған байланысты тарихта «Сәба-Саба» атымен әйгілі болған. Абдушамс дүниеден қайтқан уақытта Кахтания мемлекетінің билік тізгінін оның ұлы Химияр өз қолына алған. Сөйтіп, Сәба (Кахтания) мемлекеті «Химиярия» мемлекетіне айналып, соңында Эфиопия басқыншылығына ұшыраған-ды.

Кахтанилер 1700 жыл билік құрған. Кахтанилер әміршісі әл-Харис Раис Сәба мен Хадрамаутты біріктіріп, Йеменге толығымен



үкімін жүргізген. Осы кезден бастап әл-Харис Раис және одан кейінгі Химиярия патшалары «тубба» деп аталған.

### ә. Аднанилер

Аднанилер – *мустағриба* арабтардан тараған Хижаз халқын құраған қауым. Исмаилдың ұлы меккелік Журхум тайпасынан шыққан бір қызға үйленіп, содан Хижаз арабтары тараған еді.

Негізінде, арабтар ата-тектері мен тарихтарын «Кахтания» және «Аднания» деген екі негіз аясында қарастырады. Йемен мен төңірегіндегі (оңтүстік Арабстандағы) арабтар Кахтанға, ал Тихама, Хижаз, Нәжд, Шам мен Ирак өңірінің арабтары Аднанға телінеді.

Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар мен жаңа туған ұлы Исмаилды Меккеге әкеліп орналастырған болатын. Исмаил ер жеткенде, жергілікті Журхум тайпасының басшысы Амрдың қызы Ралемен үйленеді. Одан екі ұлы дүниеге келеді. Журхум тайпасы – Ирактағы *араб-ы ариба* жойылғаннан кейін Арабия түбегіне қоныс аударған Кахтанның ұрпағы. Ал Кахтан Йемен арабтарының атасы саналады.

Содан кейін Аднан ұлдары көбейеді. Аднанның немересі Низардың Рабаи және Мудар атты ұлдары болған. Осы екі ұлдан: Рабаи ұлдары мен Мудар ұлдары деген екі үлкен араб тайпасы тараған. Рабаи тайпасынан шыққан Абдулқайс, Бәкір, Тағлиб және Ханифа ұлдары мен Мудар тайпасынан шыққан Хауазин, Гатафан, Тәммим және Құрайыш рулары танымал рулар болып есептеледі.

Міне, осылайша қалыптасқан Хижаз арабтары аталары Исмаилға телініп, «исмаилилер» немесе оның немересі Аднанға телініп, «аднанилер» деп аталған. Хижаз өңірінде үстемдік құрған аднанилер Исмаилдың ұрпағы Карданнан тараған. Аднанилерден Қайдар мен Аднан арасында қырыққа жуық буын өткен. Аднаннан Өз.Мұхаммедке дейін өмір сүрген буындар толығымен белгілі. Аднанның Бухтуннасрдың замандасы болғандығы да айтылады. Аднан Журхум тайпасының басшысы Харистің қызы Маанмен үйленген. Оның ұлы Низардан бес буын түрінде көбейген аднанилер Хижаз, Нәжд пен Тихама аймақтарына тараған. Өз.Мұхаммедтің руы аднанилерден шыққан Мудар тайпасынан өрбіген. Бұл тайпа Таиф, Нәжд, Мекке мен оның төңірегін мекен еткен.

Аднанилер мен кахтанилер арасында дін, ахлақ және әдет-ғұрып тұрғысынан, сондай-ақ тіл мен диалект, экономикалық және әлеуметтік жағынан да бірқатар айырмашылықтар болған.

Аднанилер мен кахтанилер жөнінде Хижаз тақырыбында жан-жақты баяндаймыз.

Исламнан бұрын Арабия түбегіндегі әлеуметтік құрылым «тап айырмашылығына» негізделген еді. Еріктілер, азаттығын алған құлдар мен құлдар әртүрлі әлеуметтік топтарды құрады. Еркектер мен әйелдер мәртебесі де бір дәрежеде болмады. Араб қоғамында еркектердің мәртебесі еріктілерге, ал әйелдердің жағдайы құлдар мен күндерге теңестірілді. «Еркек үстем» деген көзқарас барлық салада басым түсті.

Қоғамның екі құрамдас бөлігін құраған бәдеуилер мен хадарилер арасында үлкен айырмашылық байқалды. Білім мен мәдениет деңгейі біршама дамыған хадарилер саяси, басқару, сауда және әскери салаларда үстемдік танытты. Ал көшпенді өмір сүрген бәдеуилер шөлдер мен ауылдық жерлерде егін және мал шаруашылығымен айналысты. Алайда, екі топтың да әлеуметтік өмір сүру салты тайпалық және рулық ережелермен реттелген еді. Тайпалардың дәулеті сол тайпаны құрайтын рулар мен әулеттердің ортақ дүниесі болып саналды. Сондықтан әрбір кісі тайпаның ортақ істерін атқару және дамыту үшін шама шарқынша және бар ынтасымен атсалысты. Тайпа мүшелері ортақ байлықтан қажетіне қарай пайдаланды. Сондықтан олар ортақ малды арттыру үшін бар күш-жігерін жұмсады. Арабия түбегінің жағрафиялық және экономикалық шарттары да арабтардың ортақ мүлік иесі атануына және осы арқылы тіршілігін жалғастыруына себеп болды.

Аймақтар мен елді мекендер арасында дүние бөлісуде теңдік сақталмаған, әлеуметтік әділетсіздік жайлаған араб қоғамында дүние-мүлік белгілі бір топтың қолында шоғырланды. Дәулетті ақсүйек топ орта шаруа мен жоқ-жітікті езген еді. Осыған байланысты аймақта азатты құлдар мен құлдар кеңінен тараған-ды.

Тайпалық және рулық дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі ұқсас бәдеуилер мен хадарилер арасында «күнделікті өмір салты» жағынан айтарлықтай өзгешелік байқалмады. Бәдеуилердің

отырықшыл арабтармен үнемі сүйек жаңғыртып отыруы, қалалық отбастарының дүниеге келген сәбилерін бәдеуи сүт аналардың тәрбиесіне беруі және бәдеуи халықтың үнемі шөлдер мен ауылдық жерлерден қалаға қарай көшуі бұл екі топтың бір-біріне жақындауына және араларында берік байланыстың орнауына себеп болды. Алайда, бәдеуилердің әлеуметтік жағдайы қарапайымдылық, табиғилық, дәстүршілдік және сонылық сиптақа ие болуымен қалалықтардан ерекшеленді. Бәдеуилер сыртқы әсерлерден ұзақ шөлде өмір сүргендіктен, тектерін, тілдерін, рухани құндылықтары мен салт-дәстүрлерін сақтап қалды. Ал отырықшыл өмір салтын ұстанған арабтар әлеуметтік жағынан біте-қайнастыратын және сыртпен байланысты күшейтетін сауда, туризм, жәрмеңкелер, Қағба зияраттары мен түрлі мақсатта жасалған сапарлар сияқты факторлар негізінде тіл, ата-тек, дүниетаным мен мәдениет тұрғысынан өзгеріске ұшырады. Араб емес халықтармен араласуы және бірге өмір сүруі қажет болды. Бұл өзгеріс Меккеде көбірек байқалды.

Тайпалық және рулық әдет-ғұрыпқа сай өмір сүрген араб қоғамында ата-тек мәселесіне өте үлкен мән берілді. Тайпалар аммараларға, ал аммаралар батындарға бөлінген араб халқында әрбір шатыр бір жанұяны, шатырлар шоғыры «хай» деп аталатын топты, ал сол хай жұртшылығы «қауымды» құраған еді. Араларында туыстық байланысы бар топтар «тайпаларға» бірікті. Текті «асабият» рухы біріктірген еді. Асабият ру мүшелерінің бір-бірін шартсыз-шексіз қолдауын, руластарын бәрінен жоғары және артық тұтуын білдіретін-ді.

Тайпалар арасы келісімдер мен келіспеушіліктер де әлеуметтік өмірге ықпал етті. Көбіне, екі не одан көп тайпа өзара келісімге келіп, бірлесе әрекет ететін. Бір-бірімен келісім жасасқан тайпалар *асабият* түсінігі мен өзара ортақ мүддеге негізделген көп қырлы ынтымақтастық құрып, соның негізінде сыртқы шабуылдарға және қарсы тайпалармен арасындағы шиеленістерге тойтарыс беретін. Араларында келіскен тайпалардың біріне шабуыл жасалса, екінші тайпа көмекке келетін еді. Одақтас тайпалар жауға бірлесе қарсы шығып, кек алуға тырысатын.

Түрлі қала мен елді мекендерде тұратын, әртүрлі діндерді ұстанатын тайпалар арасында да келісімдер мен одақтар құрыла

беретін. Мәселен, Йәсрибтегі яһудилер арабтың мүшрік Әус және Хазраж тайпаларымен келісім шарт жасасқан еді.<sup>168</sup>

## Б. САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕ

Семиң ұрпағының бесігі және арабтардың ата жұрты ретінде саналған Арабия түбегінде алуан түрлі діндер, мәдениеттер мен этникалық топтардың өкілдері мекендеді. Көптеген ұлыстар, діндер мен мәдениеттердің алғашқы белгілерін осы жерден табуға болады. Әз.Мұхаммедке уахи етілген Соңғы Жолдау адамзатқа келген уақытта, яғни орта ғасырда Арабия түбегінің саяси және басқару жүйесі әлемнің басқа аймақтарынан тым өзгеше сипатта еді. Дүниеде жалпы феодалдық жүйе үстемдік құрған шақта, тайпалық және рулық негіздерге сүйенген «қалалық өкіметтер» мен олар қалыптастырған «феодалдық мемлекеттер» құрылды. Қытай, Үнді, Орта Азия, Африка мен Еуропа құрылықтарындағы мемлекеттер де, жалпы, осы сипатта дамыды. Қытай, Рим-Византия империялары, Иран шахы және Рим цезері, сондай-ақ Месопотамиядағы мемлекеттер де феодалдық басқару жүйесін ұстанған еді.

Арабия түбегі орта ғасырда маңызды елді мекендер қатарында саналған. Ислам үндеуі басталған шақта түбекте түрлі тайпалар мен саяси күштер билік үшін күресіп жатқан-ды. Орта ғасырдағы саяси жүйе Сасани және Византия империяларына, Эфиопия мен Мысырға көршілес жатқан Арабстанға да өз ықпалын тигізбей қоймады. Саяси, әлеуметтік, экономикалық және сауда өмірі жағынан көрші елдер мен қауымдардың ықпалына ұшырауы заңды құбылыс еді.

---

168 Арабия түбегінің әлеуметтік құрылымы жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, *әс-Сира*, 20-30, 79; Ибнул Кәлби, *Китабул-Әснам*; Ибн Сағд, *Табақат*; Табарани, *Тарих*, I, 80, т.б.; Ибнул-Әсир, *әл-Кәмил*; Ибн Абди Рабих, *әл-Иқдул-Фәрид*, II; *әл-Араб Қабләл-Ислам*; Ә.Р.Каххале, *Мугжәму Қабаилл-Араб*; Жевад Али, *әл-Муфассал фи Тарихил-Араб Қабләл-Ислам*; M.Watt, *Mahomed a la Mesque*; M. Шемседдин, *Йакын Шарк*; Ceatani, *Тарихи Исламийет*, ауд, Абуллаһ Жевдет. - Мысыр, 1908; Н.Чағатай, *Ислам Өнжесі Араб Тарихи; Доғуштан Бугүне Бүйүк Ислам тарихи*, I; М.Али Капар, *Хз.Мухаммедин Мүшріклерле Мүнасебетлери*. - Стамбул, 1987; М.Файда, *Исламийетин Гүней Арабистана Йайылышы*. - Анкара, 1982.

Исламнан бұрын Арабия түбегінің бірқатар аймақтарында, әсіресе, оңтүстік пен солтүстік өңірлерінде үлкенді-кішілі мемлекеттер құрылған болатын. Көрші елдермен саяси, әскери және экономикалық қарым-қатынастар орнатқан бұл мемлекеттер өздерін басқаратын және өкілдік ететін өкіметтер құрды. Маинилер, сәбелилер, химиярилердің мемлекеттері осылайша қалыптасқан еді.

Арабия түбегінде құрылған мемлекеттерде абсолюттік саяси билік кең өкілеттіктерге ие патшалардың қолында болды. Патшалық, көбіне, әкеден балаға өтетін, кейде бауырдан бауырға да ауысатын. Алайда, патшалар Сасани және Рим мемлекеттеріндегідей қасиетті деп саналмаған. Өйткені ықпалы мен құзіреттері кейбір мәжілістер мен мәжіліс мүшелері тарапынан шектелетін. Оның үстіне мемлекет істерін атқаруда оларға жәрдем етіп, жол көрсететін құрылымдар да қызмет атқарған. Мәселен, Маин патшалығында құрылған және тайпа ақсақалдары мен дін қызметкерлерінен тұратын «ақсақалдар мәжілісі» (*мәжлисуш-шуйух*) сондай құрылымдар қатарына жататын. Сондай-ақ патшалар бағынатын бірқатар заңдар да болды. Кеңес ұғымы да исламнан бұрынғы арабтардың билік жүйесінде ерекше орын алатын. Патшалар бірқатар мәселелерде мәжілістер немесе тайпа көсемдерімен кеңесе отырып, шешім қабылдайтын.

Дегенмен, VII ғасырдың бастарында Арабия түбегінде алып мемлекеттер болмаған. Түрлі әулеттерден тұратын рулар мен олардан құралған тайпалар тарапынан феодалдық жүйеге негізделген «қалалық өкіметтер» құрылған еді. Бұл өкіметтер «тайпалық салт-дәстүрге» сай басқарды. Хижаз өңірінде орналасқан Мекке мен Мәдина қалаларындағы билік жүйесі феодалдық Рим мемлекетіндегі Спарта мен Афина қалаларынан өзгеше болмады. Арабия түбегінде аднанилер, кахтанилер, гассанилер мен нәбатилер де мемлекеттер құрған-ды.

Б.э. VII ғасырында Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығы басталған дәуірде Арабия түбегінің саяси және басқару жүйесінде дүниенің басқа аймақтарындағыдан аса үлкен айырмашылық болмады. Ол дәуірдегі адамзат әлемінің бір бөлшегі болған Арабия түбегінде тайпалық салт-дәстүр, қалалық мемлекет басқару жүйесі мен феодалдық жүйе үстемдік құрды. Түбекті түрлі тайпалар мен соларға сүйенген саяси күштер басқарды. Бәдеуи және хадари әулеттерден құралған рулар тайпалардың негізін қалаған еді. Тайпалық салт-

дәстүрді сақтау үшін құрылған «қалалық өкімет» немесе «уәлаят басшылығы» рулар мен тайпалардың құндылықтарына үлкен мән берді.

Арабтарда басшылар, жалпы алғанда, сайлау арқылы белгіленетін. Ру мен тайпа мүшелері өз араларында, көбіне, жасы үлкен, ақыл-ойы толысқан, зерек кісіні басшы ретінде сайлайтын. Тайпа басшылары «жергілікті» басқаруды жүзеге асыратын және іштерінен бірін «райыс» етіп тағайындайтын. Сөйтіп, қалалық өкіметтің немесе уәлаят басшылығының райысы болып сайланған кісі тайпалардың құқықтарын қорғау, арасындағы түсініспеушіліктерді шешу, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, баршаға әділетті мәміле жасау, ұлттық және діни құндылықтарды қорғау сияқты істерге жауап беретін. Қажет болған жағдайда тайпалар немесе олардың өкілдері райыстан атқарған істері жөнінде есеп беруін талап ете алатын. Арабия түбегінің халқы бұл саяси және басқару жүйесін ислам келгеннен кейін де жалғастырған еді.

Араб тайпалары арасында саяси және басқару салаларында үлкен бәсеке мен күрес байқалатын. Жылдар бойы жалғасқан қанды «тайпа соғыстарына» әкеліп соқтырған билік тартысы тайпалар арасы қарама-қайшылықтар мен келісімдердің де басты себептерінің бірі болатын. Саяси билік үстемдігі күшті тайпалардың әлсіз тайпаларды жеңіп, жері мен байлығын тартып алуына негізделген еді.

Арабия түбегі халқының арасында діни де, саяси да бірлік сақталмады. Тайпалар мен қалалар арасындағы шиеленістер үлкен мемлекеттердің құрылуына, ұзақ уақыт өмір сүруіне мүмкіндік бермеді. Меккенің екі үлкен әулеті Әмеуи мен Хашими рулары және Йәсрибтің екі үлкен араб тайпасы Хазраж пен Әус арасындағы күрес мұның айқын мысалы болып табылады. Ислам үндеуі басталған уақытта бұл тайпалар арасында қанды шайқастар мен тартыстар жүріп жатқан еді.

Арабия түбегінде орын алған ең маңызды саяси оқиға ретінде химиярилердің соңғы әміршісі Зу Нувастың христиандарға қысым көрсетуінің нәтижесінде туындаған және алдымен Эфиопия, содан кейін Сасани басқыншылығымен аяқталған оқиғаны айтуға болады. Яһуди дінін қабылдаған Химияри әміршісі Зу Нувас Нажран аймағындағы христиандарға қысым жасап, яһудилікті қабылдауға мәжбүрлейді. Мойынсұнбаған христиандарды отпен

толтырылған «ухдуд» деп аталатын шұңқырларға тастайтын болады. Христиандардың көпшілігі яһудилікке өтуді қабыл етпегендіктен, осы шұңқырларға лақтырылып өлтірілген еді.

Зу Нувастың зұлымдығы Византия императорының бұл мәселені шешуді Эфиопия әміршісіне жүктеуіне түрткі болады. Сөйтіп, эфиопиялықтар б.э. 525 жылы Ерият қолбасшылығымен әскер жасақтап, жергілікті халықтың да қолдау көрсетуімен Зу Нувасты жеңген еді.

Одан кейінгі уақытта Сәйф бин Зи Йазанның талабы бойынша сасанилер Йахриз арқылы йемендіктерге жәрдем етіп, эфиопиялықтарды бұл жерден қуып шығарады. Византия мен Сасани империяларының, сондай-ақ Эфиопияның бұл өңірдегі сауда-экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда ықпалы барынша артып, оңтүстік Арабия түбегінің сыртпен байланыс құруына, табиғи және мәдени байлықтарымен сыртқа танылуына мүмкіндік туғызған еді. Қытай-Үнді, Византия-Рим, Эфиопия-Мысыр теңіз және құрылық жолдары арқылы өте алшақ жатқан елдермен сауда қатынасының қалыптасуы да Арабия түбегінің барлық аймағында сауда мен туризмнің дамуына, Сухар, Деба, Шыхр, Саба және Указ сияқты жәрмеңкелердің құрылуына, аймақтың жақсырақ танылуына себеп болды.

Аймақта қалыптасқан әлеуметтік-жағрафиялық құрылым солтүстік Арабстан халқының маңызды саяси бірлік құруына мүмкіндік бермеді. Хижаз бен Нәжд аймақтарында халық, көбіне, шатырларда көшпенді өмір сүріп, отырықшыл өмірді жатсынды. Ал Мекке, Йәсриб және Таиф сияқты қалаларда отырықшыл өмір салтын ұстанғандар өз іштерінде топтаса отырып, арнайы жергілікті басқару жүйесін құрды. Оларды бір-бірімен байланыстырып, жақындатқан басты фактор ру, тайпа, қауым құндылықтары мен «арабтық» сана болатын. Әр тайпа ақсақалдардан құралған «тайпа мәжілісі» тарапынан басқарылды. Тайпа көсемдері осы ақсақалдар арасынан сайланды. Мәселен, Меккеде отырықшыл өмір сүрген және басым көпшілігі Құрайыштан тараған тайпалар Мекке «қалалық өкіметін» құрған еді. Ислам діні келген уақытта бұл өкіметті «Мәла» деп аталатын он кісілік мәжіліс басқарып жатқан-ды. Олар Ибраһим пайғамбардың ұрпақтарынан тарағандықтарын мақтан тұтатын Құрайыш тайпасынан шыққан он үлкен әулеттің өкілдері еді. Бұл он әулеттің ішінде

Хашим ұлдары діни және әлеуметтік үстемдікті, ал Әмеуи ұлдары әскери және экономикалық билікті қолында ұстады. Бір-біріне қарсы екі әулет арасында билік үшін бақталастық жиі орын алатын. Мекке қаласының маңызды істері мен қоғамдық қызметтеріне қатысты мәселелер осы мәжіліс тарапынан «Жиналыс үйіндегі» (Дарун-Нәдуа) кездесуде талқыланып шешілетін. Бұл үй Құрайыш тарапынан салынған-ды.

Исламнан бұрынғы араб қоғамында кісінің жан мен мал қауіпсіздігі тайпасының ұрлық, адам өлтіру және т.б. жағдайларда кек алуға дайын және күшінің жеткілікті болуына тікелей байланысты еді. Тайпа көсеміне хабар берместен, тайпа мүшелерінің біріне қастандық жасау тайпалар арасында дұшпандықтың, тіпті, қанды қақтығыстардың туындауына әкеліп соғатын. Мұндай жағдайда араб тайпалары арасында құрмет пен тектілік, көбіне, тайпаның әскери және экономикалық күшіне негізделетін.

Араб қоғамының әлеуметтік құрылымын құрайтын бәдеуилік пен хадарилік, рушылдық пен тайпашылдық, асабиятшылық, отбасы құрылымы мен араб әдет-ғұрыптары жөнінде «Хижаздағы әлеуметтік құрылым» атты бөлімде ілгеріде біраз мағлұмат береміз.

## **Араб мемлекеттері**

### **а. Гассанилер**

Гассанилер Кахтаннан тараған арабтар болып табылады. Олар Жефне бин Амр бин Амирдің басшылығымен Йеменнен Тихамаға қоныс аударып, Хижаз аумағындағы Гассан суының маңайына келіп орналасқан еді. Соған байланысты осы жерге телініп, «гассанилер» деп немесе басшылары Жефнеге телініп, «Әлу Жефне» деп аталғанды. Б.э. I ғасырында, шамамен, 118 жылдары Гассан төңірегіне қоныстанған гассанилер кейінірек Сирия маңайындағы Дажаима тайпасын қуып шығып, Тихама мен Сирия аймағында «Гассанилер мемлекетін» құрды.

Гассанилер мемлекетінің алғашқы әміршісі Жефне бин Амр, ал соңғы әміршісі Жәбала бин Әйхам болған. Жәбала II Рашид халифа Омар бин әл-Хаттаб тұсында діннен шыққан еді. Бәлқадан Харранға



дейінгі аймаққа билік жүргізген Гассанилер мемлекетінің 400 жылдай өмір сүргендігі айтылады.

Гассанилер хиралықтармен жиі-жиі соғысуға мәжбүр болған. Әмірші Харис бин Мария тұсында Бәлқа қаласы гассанилердің астанасы ретінде жарияланған. Гассанилер әміршісі Шурахбил Өз.Мұхаммедтің ислам дініне үндеу үшін жіберген елшісін өлтірген еді. Халид бин Уәлидтің әскері мен Жәбала басқарған гассани күштерінің арасында болған соғыстың нәтижесінде гассанилер толығымен мұсылмандықты қабылдап, ислам өлкесінің құрамына енді.

Гассанилер бастапқыда христиандық фанатизмнің ықпал етуімен рулас мұсылман арабтарға дұшпандық көрсеткен. Тіпті, Византияны арабтарға қарсы айдап салып, Муғта соғысының шығуына себепші болған еді. Дегенмен, Өз.Мұхаммедтің көзі тірісінде исламға кірген қауымдар арасында орын алды.

### **э. Хиралықтар**

Хиралықтар да гассанилер сияқты Йеменнен шығып, солтүстіктегі Хира қаласының маңайына келіп қоныстанған еді. Нәжаф пен Ефрат өзендерінің арасындағы бірнеше су каналы өтетін өңірде орналасқан Хира қаласы егін шаруашылығына ыңғайлы, құрма ағаштары көп өсетін жер болатын.

Хиралықтар немесе лахмилер деп аталатын бұл қауым саяси билік тұрғысынан сасанилерге бағынды. Олардың тарихы жөнінде көптеген мәліметтер кездеседі. Хиралықтар мен сасанилер арасындағы байланыс гассанилер мен Византия арасындағы байланыстан күштірек болған. Бұл жағдай олардың жақсырақ танылуына мүмкіндік туғызды.

Хира мемлекетін Тадмир патшайымы Зейнеп құрған. Ол Уәхб әл-Лат атты ұлының атымен билікті өз қолына алған. Хираның алғашқы әміршісі ретінде көрсетілген Ади ұлы Амрдың билігі б.э. 268 жылына сәйкес келеді. Хира әміршілерінің арасында II Имрул-Қайс (б.э. 382-403ж. билік жүргізген) пен ұлы Нұғманул-Ауар (403-431 ж.) өте әйгілі болған.

Византиялықтар және ирандықтармен ұзақ жылдар бойы соғысқан хиралықтар Ирак аймағын мекендеген. Олар өз нәсілдері-

нен шыққан арабтармен де соғысқан. Ақыр соңында, әсіресе, Иранның килігуімен тарих сахнасынан ығыстырылған еді. Алайда, олардың ішінде Лахм және Гузам тайпалары «араб тайпалар тобы» ретінде ислам келгеннен кейін де өмір сүрген. Хира әміршілері әулетінің соңғы өкілі Мунзирдің салтанаты Халид бин Уәлидтің Ирак өңіріне жасаған фәтх әрекеттеріне дейін жалғасқан-ды. Мунзир 632 немесе 633 жылы болған Жуваса соғысында өлтірілген. Халид бин Уәлидтің Месопотамияға жасаған фәтх жорығы кезінде Хира қаласы оған соғыссыз беріледі. Соның негізінде Хира мемлекеті мен хиралықтардың тарихта тек аты ғана қалады.

## **6. Кинделіктер**

Араб тарихшыларының көпшілігі кинделіктерді кахтанилерге жатқызады. Дегенмен, олардың түп тамыры жөнінде түрлі көзқарастар бар. Кинделіктер Нәжд төңірегінде билік жүргізген. Киндеге Йемен маңайындағы әл-Мусакқар деген жерден қоныс аударғандығы айтылады. Киндеде өмір сүргендіктен, аднанилермен тығыз қарым-қатынаста болған.

Кинде мемлекетінің негізін Хужр бин Амр салған. Муғауиа ұлы Муртаны Кинде мемлекетінің негізін салушы ретінде санайтындар да бар. Химиярилердің қолдауымен Кинде мемлекетін құрған Хужр Нәжд пен Ирак аймағындағы арабтарды қоластына қаратқан. Хужрдан кейін билік басына әл-Мақсур лақабымен танылған ұлы Амр келген. Ал оның артынан ұлы Харис таққа отырған.

Иран әміршісі Кубат Мунзирді маздек мазхабын қабыл етпегені үшін түрмеге қаматып, орнына Хира тағына осы Харисты отырғызған еді. Харистың маздек мазхабын қабылдауымен Хира тағы Лахм ұлдарының қолына өткен-ді. Харис өз мүлкін төрт ұлына бөліп беріп, өзінен кейінгі билік үшін таластың алдын алуға тырысқан. Алайда, оның артынан Хира тағына отырған Мунзир бұл бауырларды бір-біріне айдап салып, Кинде мемлекетін әлсіреткен еді. Дегенмен, Харистың Хужр атты ұлы осы тайпадан шыққан Әсад ұлдары мен Гатафан ұлдарын басқарған. Ол Әсад ұлдарын салық төлемегендігі үшін жазаға тартқан. Алайда, Әсад ұлдары ақын Убәйд бин Әбрас жазған қасиданың арқасында жаппай өлімнен құтылған болатын.

Біраз уақыттан кейін қайта күш жиған Әсад ұлдары Кинде ұлдарына қарсы шайқасқа шығып, Хужр бин Харисты өлтіреді. Хужрдан соң таққа оның ұлы Имрул-Қайс отырады. Кинде ұлдарын басқарған Ибнул-Қайс ақындығымен де танылған. Византиядан жіберілген уланған киімді кигеннен кейін Имрул-Қайс науқастанып қайтыс болады. Кинделіктер мемлекеті Әз.Омар тұсында ислам өлкесінің құрамына енген.

## **в. Маинилер**

*Араб-ы арибадан* шыққан тайпалар солтүстік Арабстандағы бұл мемлекеттермен қатар, оңтүстік Арабстанда да бірқатар мемлекеттер құрған. Түрлі атпен аталған бұл мемлекеттер арасында Маинилер мемлекеті де болған. Маинилер Йемен төңірегінде өмір сүрген қауым ретінде *араб-ы бәидадан* кейін осы жерде мемлекет құрған. Бұл мемлекеттің орны 1869 жылы Халеуи Халифидің қазіргі Сана қаласының орнын табуы негізінде анықталған еді. Аумағы Уәдул-Қура, Әлула, Сафа мен Хавранға дейін созылып жатқан Маинилер мемлекетінің б.э.б. XI немесе X ғасырда Сәба мемлекетіне айналғандығы байқалады.

## **г. Сәбалықтар**

Сәба мемлекеті Йасжубтың ұлы Абдушамс (Сәба) тарапынан құрылған. Табари мен Мәсғуди сынды тарихшылар Сәба мемлекетінің 484 жылдай өмір сүргендігі және соңында биліктің Химиярға өткендігі туралы жазады. Соңғы уақытта жүргізілген тарихи зерттеулер Химияри мемлекетінің билік басына келуімен жойылған Сәба мемлекетінің б.э.б. IX немесе X ғасырда құрылғандығын көрсетеді. Мағриб қаласы Сәба мемлекетінің орталығы саналған. Бұл мемлекет, ең алдымен, Құранда баяндалған Сүлеймен пайғамбар мен Сәба патшайымы Бәлкістің оқиғасын ойға салады.

## **ғ. Химиярилер**

Химиярилер сәбалықтардың бір тармағын құраған. Олар Абдушамстың ұлы Химиярдың басшылығымен оңтүстік Арабстанда

мемлекет құрған. Бұл мемлекет ұзақ уақыт өмір сүрген. Сәба мемлекетінің әміршілері бастапқыда «Сәба патшалары» деп аталғанды. Ал кейінірек олардың «Зу Райдан» деген атпен аталуы Сәба мемлекетінің химиярилердің қолына өткендігін көрсетеді. Бұдан химиярилердің Райданда өмір сүргендігін және басшыларын «Зу Райдан» деп атағандығын аңғаруға болады. Заффарға қарайтын Райдан қаласы химиярилердің астанасы саналған.

Батыстық тарихшылардың пікірінше, Химияр мемлекеті б.э.б. 115 жылы құрылып, Сәба мемлекетінің орнын басқан. 525 жылы Эфиопияның басқыншылығына ұшырап, 650 жылға дейін жалғасқан салтанаты аяқталған еді.

Химиярилер әрі жорықтарға әрі экономика мен саудаға үлкен көңіл бөлген. Олар яһудилердің қолдауымен христиандыққа қарсы күрес жүргізген. 515 жылдары Химияр әміршісі Зу Нувас христиандықты жою мақсатымен христиандарды яһуди дінін қабыл етуге мәжбүрлейді. Қарсы болғандарды от шұңқырларына тастап, жандырады. Ақыр соңында Эфиопия христиандары Ерият басқарған әскердің күшімен химиярилерді жеңеді де, Зу Нувас атын теңізге қарай айдап, өз жанын қияды. Сөйтіп, химияри мемлекеті де жойылған еді.<sup>169</sup>

## В. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ

Арабия түбегінің экономикалық тұрғыдан бір-бірінен өзгеше аймақтардан құралуына, негізінен, климат шарттары, өсімдік жамылғысы мен жағрафиялық жағдайы ықпал еткен-ді. Түбектің экономикалық құрылымы бәдеуи және хадари арабтардың өмір сүру

169 Арабия түбегінің исламнан бұрынғы саяси және басқару тарихы жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, I, 43, т.б.; Табари, II, 131, т.б. 244, т.б.; Ибн Кәсир, *әл-Бидәйә уән-Нухәйә*. - Бейрут, 1981, II, 206, т.б.; Зейдан, *аталмыш еңбек*, 170, т.б., 201, т.б.; М.Шемседдин Гүналтай, *Ислам тарихи*. - Стамбул, 1341, 1348, 300, т.б.; *Ислам Өнжеси Араблар ве Динлери*, баспаға дайындалуда, М.Сөйлемез, М.Хизметли. - Анкара, 1997, 113, т.б.; Кеххале, *Мугжәму Қабашил-Араб*. - Дамаск, 1949, I-III; Филибели Ахмед Хилми, *аталмыш еңбек*, 120, т.б.; Н.Чағатай, *Ислам Өнжеси Араб Тарихи*. - Анкара, 1971, 60, т.б.; Жевад Али, *Тарихул-Араб Қабләл-Ислам*. - Бағдат, 1950, I-VIII; М.Файда, «Жәхилия», ДИА. - Стамбул, 1993, VII, 16.

салтының ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан еді. Соған орай Арабия түбегін екі басты аймаққа бөлуге болады:

Орта аймақтар мен жағалаулардан құралған бірінші аймақта бәдеуилерден, яғни арабтардан басқа ешқандай қауым қоныстанбаған болатын. Жаңбыр өте аз жауатын, су қайнар көздері жеткіліксіз және егіншілікке ыңғайсыз бұл жерлерде көшпенді халық өмір сүрген. Олар түйе, ат, есек пен ешкінің жем-шөбі біткенде басқа жер іздеп, көшіп отырған. Тайпа «асабиятын» басшылыққа ала отырып, тіршілік еткен. Тайпаны құрайтын рулар мен әулеттер барлық жағдайда бір-біріне қолдау көрсеткен. Иелігіндегі мал-дүние мен өндірген нәрселерді өзара бөліскен. Отбасылық-рулық жүйе мен тайпалық салт-дәстүр осындай ынтымақтастық пен өзара жәрдемдесудің негізін құраған еді. Отбасының мал-дүниесі тікелей отбасының ортақ мал-мүлкі болумен қатар, ру мен тайпаның дәулеті де осы бірліктерді құрайтын тұлғалар мен отбасыларының ортақ мүлкі болып саналды. Ру мен тайпа көсемі қажетіне қарай бәріне осы мүліктен үлес беретін. Тайпаны құраған әулеттер мен рулар ортақ байлықты арттыру үшін тырысатын. Мал шаруашылығынан түскен кіріс, соғыстар мен басқыншылықта қолға түскен мал, өсірілген егін, аңшылық пен соғыс құрал-жабдықтары, қол өнер бұйымдары шөлде өмір сүрген бәдеуи қауымдардың басты материалдық қайнар көздері болатын. Жомарт, ержүрек және өжет болмысты бәдеуилер ортақ мүліктерін өз араларында бар ықыласымен бөліскен-ді. Шөлдің қатал және қатыгез шарттарына қарсы өмір үшін күрескен бәдеуилер қанша еңбектенсе де, кедей еді.

Екінші аймақ отырықшыл (хадари) арабтар өмір сүрген, сауда, саясат және саяхаттар арқылы қарым-қатынастар орнатқан елді мекендерден құралған еді. Мекке, Йәсриб, Таиф, Хайбар мен Сана сияқты халық көп шоғырланған елді мекендерде арабтар басқа ұлыстармен қатар өмір сүрді. Қажылардың зиярат орны Қағба орналасқан Мекке қаласы, сондай-ақ Арабстан мен Византия арасындағы сауда жолының үстінде орныққан Йәсриб қаласы түрлі ұлыстар бірге өмір сүрген елді мекендерден саналды. Бұл ұлыстар әртүрлі дін, тіл мен мәдениеттің өкілі ретінде түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық көзқарастар ұстанды. Бірге өмір сүру шарттары олардың арасындағы сан қырлы қатынастарды дамытып, өзара пікір алмасуларына себеп болды.

Арабия түбегіндегі экономикалық құрылым ондағы таптық жүйеге қарай ерекшеленді. Байлық пен мал-дүние белгілі бір ру мен тайпалардың қолында шоғырланды. Молшылық пен байлықта өмір сүрген ақсүйек топ сыбайлас қылмыс, өсім алу және қанау арқылы түбек экономикасын өз қолында ұстады. Меккеде Құрайыш тайпасы, Йәсрибте яһудилер осындай жағдайда болды. Ал құлдар, күндер мен азаттығын алған кедейлер тобыры ақсүйек топқа қызмет ету арқылы күнелтті.

Халық тығыз орналасқан орталықтарға сыртқы факторлар да ықпал етті. Арабия түбегінің белгілі елді мекендері мен орталықтары да бұдан өз үлесін алған еді. Барлық салада өсімқорлық, өсімге қарыз ақша беру, азық-түлік сату, жаздық мүлік алу, астыртын биржа, сыбайлас қылмыс сияқты әрекеттер, міне, осы факторлардың ықпалымен арабтар арасында кеңінен өріс алды. Таптық қоғамда өскен және йемендік әулеттерден шыққан тұлғалар тарапынан басқарылған Хира мен Гассан мемлекеттері бұл тұрғыдан «ара буынды» қалыптастырғандығын да ұмытпаған жөн.

Климаттық жағдайы мен өсімдік жамылғысы тұрғысынан Арабстан шөлейттік бір аймақ болып табылады. «Бәдеуи» деп аталған халықтың көпшілігі осы шөлдерде өмір сүрді. Ал «хадари» деп аталған екінші бөлігі қалалық жерлерге қоныстанған еді. Бәдеуилер егін және мал шаруашылығымен шұғылданса, ал қалалықтар, көбіне, саудамен айналысты. Түйе, ат, қой мен ескі сияқты мал бағу мен ауыл шаруашылығына сүйенген бәдеуи тіршілігі Арабстан арабтарының биологиялық, психологиялық болмысы мен тіл, дін және ахлақ жағына да үлкен ықпал етті.

Негізінде, Арабия түбегінде Йемен аймағынан басқа жерлерде егін шаруашылығы аса дами қоймады. Тек оңтүстік Арабстанның кейбір өңірлерінде, әсіресе, жазықтықтарда егін өнімдері халықтың ең басты күнкөріс көзін құрады және қажеттерін өтейтіндей дәрежеде болды. Егін шаруашылығындағы ең басты дақылдар ретінде кофе, құрма, шекер қамысы, банан, қарбыз, жүзім және басқа да көкөніс пен жемістер өсірілді. Таиф сияқты кейбір таулы аймақтар мен жайлауларда түрлі дәнді дақылдар егілгенімен, құрма басты дақыл ретінде есептелді. Ислам бастау алған Хижаз өңірінің ауасы, жалпы, құрғақ еді. Кейде өткініші жауындар жауып, сел мен су тасқындарын туғызғанымен, әсері аз болатын. Мәдина (Йәсриб) мен Хайбар

аймағы егін шаруашылығының маңызды орталығы саналғанымен, құрғақ ауа мен тұзды топырақ мол өнім алуға мүмкіндік бермейтін. Мекке мен Мәдина аймағында бұрын көптеген селдер болған. Әйгілі тарихшы Бәлазури «*Футухул-Булдан*» атты еңбегінде осы су тасқындарына (*суйул*) арнайы бөлім арнаған еді. Мол нөсер жаңбырлар нәтижесінде пайда болған селдер топырақты ағызып, шөлдерде берік өсімдік қабатын қалыптастырғанымен, Румах, Ханиф және Федек жазықтары мен солтүстіктегі оазистер Хижаз аймағындағы ең құнарлы, тіршілікке ыңғайлы жер ретінде есептелді. Хижаз аймағындағы құнарлы жерлерде Әз.пайғамбар заманында, көбіне, яһудилер егін егетін. Хижаздың таулы өңірлерінің жауынды жерлерінде жеміс пен көкөніс өсірілгенімен, қажеттілікті өтейтіндей дәрежеде емес-ті.

Топырақты жүйелі түрде өңдеуге мүмкіндік беретіндей жауын-шашын мөлшері Арабстанның Йемен мен Асыр аймақтарында түсетін. Жағалауларда да, халық тығыз орналасқан оазистерде де үнемі өсетін өсімдік жамылғысы болды. Хадрамаут пен Оман өңірлері де белгілі мөлшерде жауын жауатын, егіншілікке жарамды жерлер еді.

Арабстанда егін шаруашылығы дамымады, өсімдік жамылғысы да нашар болды. Соған қарамастан, мал шаруашылығы мен сауда барынша дамыған еді. Көбіне, үй жануарларынан түйе, ат, сиыр, қашар, қой мен ешкі бағылатын. Бәдеуи арабтар үшін пайдасы мол әрі бағуы жеңіл саналған түйе сауда өмірінде ең басты көлік ретінде пайдаланылды. Шынында да түйе бәдеуи араб үшін ең басты нәрсе еді. Онсыз шөлде өмір сүруді елестетудің өзі қиын. Бәдеуи арабтың әрі мінетін көлігі, әрі күнкөріс көзі, әрі айналым құралы болған түйе бейбіт уақытта да, соғыс кезінде де оның ең жақын серігі еді. Түйе бәдеуи өмірінің күре тамыры іспеттес. Бәдеуи оның сүтін ішіп, етін жеп, терісін киіп, жүнінен шатыр жасап, қиын отын ретінде пайдаланды. Бүгінгі күні мұнай Арабстан халқы үшін қаншалықты маңызды болса, өткен заманда түйе сондай маңызға ие болды. Қысқаша айтқанда, түйе бәдеуи арабтың қиял кемесі еді. Әз.Омардың сөзімен айтқанда, бәдеуи араб «түйе қай жерде тыным тапса, сол жерде бақытқа жететін еді». Арабстанның қазіргі кезде түйе шаруашылығында дүниедегі алдыңғы орындардан бірін иеленуі де түйенің осы аталған пайдалары мен ерекшеліктеріне байланысты болар.

Арабстанда түйеден кейін ат шаруашылығына үлкен көңіл бөлінді. Араб аттары, әсіресе, Нәжд аттары әлемде әйгілі болды. Екіншілік пен сауда өмірінде де, соғыс майданында да пайдаланылған араб аттары өте жүйрік және қымбат келеді. Етінен, сүтінен, терісі мен қиынан пайдаланылған қой мен ешкі, есек пен қашар да Арабстан мал шаруашылығында маңызды орын алатын-ды.

Түбектің орталық аймақтарында қоныстанған халық үнемі көшіп қонатын. Құрғақшылық, күнкөріс қайнар көздерінің жеткіліксіз болуы, халық санының қарқынды өсуі мен басқа да табиғи факторларға байланысты халық оңтүстік Арабстандағы «Мүнбит Хилалға» дейін үнемі көшіп отырған. Бай және құнарлы топырағы бар, сауда жолдарының үстінде орналасқан бұл жер түбектің орталығын мекендеген халықты өзіне тартатын еді.

Сауда отырықшыл өмірде ең басты және маңызды кәсіп саналатын. Азия елдері, Африка мен Азия арасындағы сауда көпірі қызметін атқарған Арабстан сауда саласында елеулі орын алатын. Оңтүстіктен солтүстікке қатынайтын керуендер бұрынғы уақытта, міндетті түрде, Арабстанға соғатын-ды. Адамзат тарихының бастапқы кезінен қасиетті мекен ретінде қабыл етілген, адамдар үнемі зиярат етіп, тауап жасаған Қағба Арабстанда сауданың дамуы мен экономиканың өрлеуінде маңызды рөл атқарды. Жылдың барлық мезгілінде үздіксіз жалғасқан Қағба зияраты мен керуен саудасы Меккенің де, Хижаздың да басты еңбек және табыс көзіне айналған еді. Харам (қасиетті) айларда (*әихурул-хурум*) өткізілген жәрменкелер де Арабстанда сауданың дамуын, экономиканың жақсаруын, әлеуметтік өмір деңгейінің өсуін қамтамасыз еткен маңызды фактор болып табылады.

Теңіздерінде мол балық пен түрлі теңіз өнімдеріне, Йемен мен Хижаз аймақтарында алтын, күміс пен мыс сияқты қазба байлықтарға ие болған Арабстанда қазіргі кезде мұнай ең маңызды өнім және табыс көзі ретінде саналады. Сондай-ақ ол Шығанақтағы технологиялық және әлеуметтік өрлеудің де басты тірегі. Тіпті, қазіргі кезде Шығанақ елдері дегенде ең алдымен ойға мұнай, ал арабтар дегенде «мұнай саудагерлері» келеді. Дүние жүзіндегі мұнай өндірісінде Арабия түбегі басты орынды алады.



## Г.ОЙ-ШКІР ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖҮЙЕ

### 1. Жәһілдік дәуір

Тарихшылар «жәһілдік» сөзі мен «жәһілдік дәуір» жөнінде түрлі көзқарастарды алға тартады: кейбіреулер «жәһілдік» ғылым мен білімге қайшы мағынаны беретін, білімсіздік пен сауатсыздықты, яғни оқу-жазуды білмеуді білдіретін сөз десе, енді біреулер Аллах пен Расулын танымау, дін үкімдерін білмеу, пұтқа табыну, Аллаһтан басқасына құлшылық жасау дегенді білдіреді дейді. Сондай-ақ сабырлылыққа қайшы жеңілтектік деген мағынаны береді дейтіндер де бар.

Аллаһқа иман ету, мойынсұну ұғымын білдіретін «ислам» сөзі аталған мағыналарға қайшы келеді.

Бір-бірінен өзгеше бұл пікірлер бойынша, «жәһілдік» білімсіздік, имансыздық, мойынсұнбаушылық, бас пайдасын ойлау және көкіректік деген мағыналарды қамтиды. Жалпы адамзат қоғамында, әсіресе, арабтардың өмірінде мұндай жағымсыз сипаттардың орын алғандығы белгілі. Адам баласы исламның асыл құндылықтарын бойына сіңіріп, жан дүниесін тазартқан еді. Исламның арқасында жаңа өмірге қауышып, исламнан бұрынғы өмірлері «жәһілдік дәуір» деп аталған-ды.

Негізінде, «жәһілдік» әрбір жеке тұлға мен қоғамның өмір сүру салтына қатысты ұғымды білдіреді. Адам және адамзат қоғамынан барлық кезде білімділікті, жаратылысына сай өмір сүруді күту қиын. Өйтпегенде иләһи жолдау мен нәби жіберудің қажеті болмас еді. Олай болса, адамдар «жаратылысына» қайшы алуан түрлі көзқарас пен өмір салтын ұстануы әбден мүмкін. «Адам жаратылысына» немесе «жаратылыс дініне» қайшы келетін кез келген көзқарас пен өмір сүру салтына «жәһілдік» деп қарауға болады. Сондықтан ислам мен болмысқа қайшы көзқарастар мен өмір сүру салттары қандай дәуір мен қоғамда болмасын жәһілдік аясына кіреді.

Ислами зерттеулерді жәһілдік дәуірінен бастау бір дәстүрге айналған. Бұл заңды әрі орынды бір көзқарас. Өйткені ислам діні шыққан және дамыған ортаны, бұл ортада кездескен қарсылықтарды, ислам жүзеге асырған елеулі өзгерістерді зерттеп бағаламайынша,

ислам тарихын дұрыс түсіну мүмкін емес. Алайда, қолда бар еңбектер жәһілдік дәуірін толық және дұрыс жеткізбейді. Өйткені жәһілдік тек арабтарға ғана қатысты дәуір ретінде қарастырылып, ислам мен жәһілдік жөнінде бірқатар жаңылыс пікірлер айтылуда. Ал шындығында, ислам келместен бұрын бүкіл дүние жәһілдік күйін кешкен еді. Сондықтан жәһілдік ұғымын тек арабтармен байланыстыратын пікір түзетілуі тиіс.

Әз.Омардың *«Жәһілдік дәуірді білмеген кісі исламды біле алмайды»* деген сөзі риуаят етілген. Өте орынды айтылған бұл сөз Әз.Омардың көрегендігін көрсетеді. Жәһілдік дәуірді басынан кешірген кісі ретінде ол бұл сөзі арқылы өзінің өмір тәжірибесін айтып отыр. Бұл сөз жәһілдік дәуірден исламға өтудегі үлкен өзгерісті танытуда. Шынында, оның бұл көзқарасын бүкіл тарих пен барлық адамзат баласына қатысты қолдануға болады.

Арабтардың жәһілдігі туралы айтқанда пұтқа табынғандары, қыз балаларын тірідей топыраққа көмгендері, құмар ойнағандары, зина жасағандары туралы және исламның арабтарды бұл әрекеттерден қалай тыйғандығы жөнінде айту дәстүрге айналған. Ал шындығында, бұл айтылғандар ағылшындардың төңкерісі мен басқыншылығынан кейін Мысырға қатысты да қолданылған. Христиан миссионерлер мен монахтар өздерінің білім беру жүйесін орнықтыру, халықты исламнан суыту үшін жәһілдік сөзін көп пайдаланған. Кейінірек бұл ұғым басқыншылар мен қанаушылар тарапынан да қолданылып, ислам әлемінің шар тарапына жайылды. Алайда, барлық кезде жағымсыз рөл атқарды. Өйткені бұл жаңылыс қолданыс пен кемшін сипаттама негізінде исламның әрі мұсылмандар әрі бүкіл адамзат баласы үшін атқарған рөлі көрсетілмей қалды. Жәһілдік туралы тек салыстырмалы түрде ғана айтылды.

Жәһілдік ұғымы исламнан бұрынғы арабтардың пұтқа табынуымен және қыз балаларын тірідей топыраққа көмуімен шектелмейді. Мұсылмандар айналасына зер салатын болса, қазіргі дамыған, заманауи және мәдениетті деп саналған қоғамдардың өзінде мұндай құбылыстардың көптеп кездесетіндігін және кісінің еркіндігі ретінде бағаланатындығын көреді. Сол арқылы жәһілдік ұғымының тар мағынада қолданылғандығын аңғарады. Исламның қоғамдағы рөлінің маңыздылығын ұғынады. Олай болса, ислам шындығын ұғыну үшін жәһілдікті дұрыс түсіну қажет.

Арабтарда «әл-жәһл» сөзі мен одан туындаған сөздер екі мағынада қолданылды:

1. Ғылым сөзінің антонимі ретінде. Бұл мағына ақылға қонымды мағына саналады;

2. Ұстамдылық сөзінің антонимі ретінде нәпсі мен жүріс-тұрысқа қатысты жұмсалды. Жәһілдік сөзі алғаш рет Құранда исламнан бұрын арабтардың жағдайын сипаттау үшін қолданылды.

Құранда «жәһілдік» сөзі осы екі мағынада, яғни ғылым мен салмақтылықтың антонимі ретінде, сондай-ақ арнайы мағынада да келеді. Құрандағы «саләт», «зекет», «иман», «күпір» сөздерінің де жалпы терминдік мағынасымен қатар, тілдік мағыналары да бар. Мәселен, «саләт» (намаз) сөзі Құранда қиям, қирағат, рукуғ бен сәжде сияқты шарттары бар, мұсылмандар тарапынан орындалатын ғибадатты білдіреді, ал тілдік мағынасы - дұға ету. Сол сияқты «жәһілдік» сөзі де тілде анық сауатсыздық пен жеңілтектік мағыналарын, ал Құран термині ретінде *улуһият* жәһілдігін, яғни «Тәңірді білмеу» немесе «Аллаһ түсірген діннен басқа нәрсеге еру» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл – ақылға немесе нәпсіге қатысты күй. Ағраф сүресінің 138-аятында осы мәселеге қатысты:

*«Тағы Израил ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда олар пұттарына табынған бір елге келді: «Ей, Мұса! Бұлардың тәңірлеріне ұқсаған бізге тәңір жаса», – деді. (Мұса пайғамбар): «Шынында сендер білмейтін (жәһіл) елсіңдер» деді», – делінген.*

Аяттағы жәһл сөзі *улуһият* жәһілдігі мағынасында келген. Міне, осы жәһілдігіне байланысты Израил ұлдары Мұса пайғамбардан өздеріне табыну үшін көзбен көріп, қолмен ұсталатындай бір тәңір-пұт жасауын талап еткен еді. Егер олар Аллаһтың теңдесі жоқ жалғыз Жаратушы екендігін, көздер Оны көре алмайтындығын, қолдар Оны ұстай алмайтындығын білсе, Әз.Мұсадан мұндай нәрсені сұрамас еді. Әли Имран сүресінің 154-аятында осы жөнінде:

*«Онан соң (Аллаһ) сендерге қайғыдан кейін тыныштық ұйқысын жіберді де сендердің бір бөлімдеріңді баурап алды. Және бір топтың жандары қайғы болып, олар Аллаһқа орынсыз надандық ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар? – десті. (Мұхаммед а.с.) оларға: «Барлық іс Аллаһтың еркінде», – деп айт. Ал олар іштерінде жасырған нәрселерін саған әшкерелемейді. Тағы олар: «Іс біздің еркімізде*

*болса еді, осы жерде өлтірілмес едік», – дейді. (Мұхаммед а.с.) оларға: «егер сендер үйлеріңде болсаңдар да, өлтірілуі жазылғандар, әрине өлтірілетін жерлерінде болар еді», – деп айт. Аллаһ көкіректеріңдегіні сынау және жүректеріңдегіні толық білуші», – деп айтылады.*

Мұндағы жәһілдік Аллаһтың *әл-хәмйәма* сипатын, яғни Аллаһқа ешбір нәрсені ортақ қоспау керектігін білмеуге қатысты айтылған.<sup>170</sup>

Бұл аяттар жәһілдікке, яғни Аллаһтың тағдыры жөнінде надандыққа бой алдырмауы үшін Өз.Нұхқа ескерту ретінде айтылған.

Өз.Юсуф та мұндай надандықтан бойын аулақ ұстауға тырысқан.<sup>171</sup> Соңғы екі аятта жәһілдік дәуірінде өмір сүрген әйелдерге тән надандық туралы айтылған. Сөйтіп, Құранда «жәһл» сөзі *улуһият* жәһілдігі мен берілгендік жәһілдігі ретінде екі терминдік мағынада қолданылған.<sup>172</sup>

Дүниенің кішкене бір бөлшегі саналған Арабия түбегі халқының мәдениеті мен дүниежүзіндегі мәдениет арасында көптеген ұқсастықтар болды. Сауда, діни мақсаттағы зияраттар, түрлі сипаттағы саяхаттар Арабия түбегі халқының дүниенің басқа аймақтарымен жақындасуына, әр алуан әлеуметтік, мәдени және экономикалық орталармен танысуына мүмкіндік берген еді. Құрайыш сүресі Арабстан халқының жыл мезгілі бойынша жалғасқан саяхаттары туралы сөз қозғайды:

*«Құрайыштың қауіпсіздігі (таңданарлық іс). Олардың қысқы және жазғы сапарларындағы қауіпсіздігі. Ендеше олар осы үйдің (Қазбаның) Раббысына құлшылық етсін, оларды аштықтан (кейін) тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылған».*

Арабия түбегіндегі халық ғасырлар бойы дін, ғибадат және ақыл-ой тұрғысынан еркін өмір сүрген. Бұл жағдай қысым көрген түрлі дін мен мәдениетті ұстанатын ұлыстардың осы жерге бас сауғалауына себеп болған-ды. Исламнан бұрын Арабстан халқының арасында яһудилік, христиандық, сабейлік (жұлдызға табынушы),

170 Худ, 45,46.

171 Юсуф, 33; Ахзаб, 33; Мәида, 50.

172 Жәһіл мен жәһілдік сөзі кездесетін басқа аяттар үшін қараңыз: Бақара, 67; Ағраф, 199; Фәтх, 26.

мәжусилік (отқа табынушы) және сәнауия діндерінің өкілдері де өмір сүрген еді.<sup>173</sup>

Шөлдерде егін және мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі ғұмыр кешкен арабтар мен сауданы кәсіп етіп, отырықшы өмір салтын ұстанған арабтардың исламнан бұрынғы мәдениеті «жәһілдік мәдениеті» болатын. Олардың ой өрісі, сенімдері мен ахлақ түсініктері де осы мәдениетке қарай қалыптасқан-ды.

Ислам діні келген уақытта арабтар арасында жәһілдік мәдениеті үстем болатын. Ислам алдымен арабтардың мәдениетіне, ой өрісі мен таным жүйесіне көңіл бөліп, осы бағытта күрес жүргізді. Яғни жәһілдік мәдениеті мен көзқарас жүйесін «тәңірлік бұйрықтар» аясында өзгертуге тырысты.

Исламнан бұрынғы жәһілдік кезеңінде арабтар, көбіне, көшпелі өмір сүрді. Соған орай, олардың шөл шарттарына сай келетін өмірлік ұстанымдары да болды. Бұл табиғи және әлеуметтік жағдай арабтадың ой өрісінің қалыптасуына ықпал етті.

Арабтардың өмір сүру салты табиғи және қарапайым болғандықтан, ой өрістері де соған қарай қалыптасты. Көшпелі араб (яғни түйе, шөл және құрма үшбұрышы аясында қалыптасқан араб) кез келген нәрсеге қарапайым түрде қарады. Айналасынан көрген және тіршілігіне әсер еткен факторларға барынша көңіл бөлді. Төңірегіндегі нәрселер шектеулі болғандықтан, ой өресі де ауқымды емес-ті. Бұл жағдай оның өмірінің барлық саласына әсер етті. Оқиғаларға баға бергенде қарапайым түрде қарап, оның астарындағы шындық пен сырды ұғынбады. Сондықтан Құранның көптеген аяттары арабтың табиғатқа, ғаламға, жанды-жансыз жаратылыстың ерекшеліктеріне назарын аударып, олардың жаратылуындағы хикмет пен сырды аңғаруға бағыттайды.

Арабтар діндар болған. Алайда, діни сезімдері жоғары деңгейде емес еді. Олар негізі жоқ нәрселерге сеніп, ырымшылдыққа аса

---

173 Жәһілдік дәуірі арабтардың діни көзқарасы мен өзгеше сенім түрлері жөнінде, әсіресе, Мұхаммед Ибраһим әл-Фәййумидің «Фил-Фикрид-Динийил-Жәһили» (Дәрул-Мағариф. - Мысыр, 1982) атты кітабын оқуды насихат етеміз. Еңбектің бірінші бөлімі арабтардың діни ой-санасының қалыптасу факторлары мен түрлері жөнінде, ал екінші бөлімі Арабия түбегіндегі жәһілдік дәуірінде болған яһудилік пен христиандықтың жағдайы туралы, үшінші және төртінші бөлімдер болса, мажусилік пен сәнәуилікті баяндайды.

мән берген. Арабтар өткен мен келешекке қатысты кез келген бір жағдайды білу үшін сәуегейлік, жұлдызнама, құстардың оң не сол жақтан ұшуын сәттілік не қырсықтық деп бағалау, құстардың ұшып-қонуын жақсылық не жамандық белгісі ретінде қарау сияқты нанымдарға жүгінген. Шындығында, бұл сенімдер ешбір нәрсенің себебін логика мен ақыл тұрғысынан түсіндірмейтін-ді.

Арабтар әлемге жалпы және ауқымды түрде қарамады. Бұл әлем қалай жаратылды? Мен көріп тұрған бұл әлемді бір күйден басқа күйге айналдырып тұрған кім? Бұл қалай жүзеге асып жатыр? Бұл өзгерістердің артында қандай күдірет тұр? Су ма, ауа ма әлде от па? Бұл қандай жүйе? Қалай пайда болған? – деп сұрамады.

Адамның өзіне-өзі осындай сұрақтар қойып, жауабын беруі, сөйтіп, өзін және Жаратушысын тануы, айналасымен танысуы ислам көзқарасының негізін қалыптастырады. Ал жәһілдік дәуіріндегі арабтың көзқарасы бұдан өзгеше еді. Ол тек өз төңірегін ғана білетін. Көңіліне жаққан бір нәрседен әсер алғанда ғана өлең шығарып, даналық нақыл сөз айтатын.

Негізінде, басқа ұлыстар сияқты арабтардың да ой өрісі мен дүниетанымдарының қалыптасуына қоршаған табиғат, әлеуметтік жағдай мен өмір сүру салты ықпал еткен-ді. Арабтар өмір сүрген жәһілдік кезенді барлық ұлыстар басынан кешіргендігін, басқа ұлыстардың да өмірлік көзқарасы арабтардан өзгеше болмағандығын алға тартқан Ахмет Емин бұл жағдайдың осындай өмір салтын ұстанудан пайда болған бір мирас екендігін айтады.<sup>174</sup> Яғни арабтардың өмір салтын басқа бір ұлыс ұстанған болса, оның да ой-санасы осы бағытта қалыптасар еді. Бұл пікірді бір-біріне ұқсас не бір-біріне жуық өмір салтын сүрген ұлыстар арасында байқалатын ахлақ, ақыл-ой мен көзқарастағы ұқсастықтар дәлелдей түседі. Өйткені табиғат пен өмірлік тәжірибелер адамның ой өрісіне ықпал етіп, оны дамытатын факторлардың басында келеді. Шөл шарттары мен бәдеуилік те арабтың әрі ақыл-ой мен жан дүниесіне әрі логикалық ойлау жүйесі мен көзқарасына әсер еткен еді.

Араб тілі мен жәһілдік дәуірлердегі араб әдебиеті саласындағы зерттеулер бұл жағдайдың сол кезеңдегі өмірдің табиғи бір жемісі,

---

174 Ахмет Емин, *аталмыш еңбек*, 81.

өмір салтының бір бейнесі екендігін көрсетеді. Көшпелі араб өміріндегі қажетті және міндетті нәрселерді бейнелейтін сөздер араб тілінде көптеп кездеседі. Мәселен, түйе – көшпенді араб тіршілігінің тірегі болған. Өйткені түйе бәдеуи арабтың азық түлік көзі, оның көлік құралы еді. Соғыста да түйе қолданылған. Бәдеуи түйеге айнымас серігіндей, ең жақын досындай, өзін тәрбиелеп өсірген әкешешесіндей қараған. Су орнына түйенің сүтін ішкен, түйенің етімен қонағын күткен, терісін жамылып, жүнінен шатырын тоқығанды... Бәдеуи үшін түйе шөлдегі кемеден де артық саналған.<sup>175</sup> Түйе бәдеуиге Аллаһтың бір сыйы.<sup>176</sup> Сондықтан араб тілінде түйені дәріптейтін сөздер өте жиі кездеседі. Арабтар дүниетанымында ерекше орын алған, тіпті, сол танымды қалыптастырған түйені және оған қатысты барлық нәрсені бір немесе бірнеше атаулармен атаған.

Құран Кәрім исламнан бұрын арабтардың сенімге қатысты өте қарапайым көзқарас ұстанғандығын, тіпті, бұл мәселеде шатақандықтарын білдіреді. Арабтардың бар жан дүниесі мен ақыл-ойын пұтқа табынушылық сенімі мен рәсімдеріне, сондай-ақ тайпа салт-дәстүрлеріне бағыттағандығын айтады.

Олар өз тайпаларының әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерін ұстануға ерекше ықылас қойып, жан-тәнімен сенген еді. Діни сенім тұрғысынан алуан түрлілік байқалатын. Мәселен:

а. Арабтардың бір бөлігі ешбір сенімді мойындамады және дүниедегі өмірден басқа өмірдің бар екендігін де қабылдамады,<sup>177</sup>

ә. Бір бөлігі Аллаһ пен ақиретке сенетін-ді. Алайда, пайғамбардың адам баласынан шығатындығын мойындамады.<sup>178</sup> Марқұм Сәйид Кутуп Ясин сүресіндегі осы жағдайды баяндайтын аятты <sup>179</sup> тәпсір ете отырып:

«Ойлау мен танымдағы қарапайымдылыққа қараңыз. Сырлар мен аңыздар пайғамбарлықтан ажырамайтын сипат емес. Олардың балаша ойлауына ұқсамайды. Иә, ортада көңіл аударарлық және үрейлі бір сырдың жатқандығы белгілі. Әрі бұл сыр шындық оқиға ретінде өзін

---

175 Hitt, аталмыш еңбек, I, 41.

176 Нахл, 5-8.

177 Жасия, 24.

178 Исра, 94-95.

179 Ясин, 15.

көрсетуде. Бұл сырдың мәнісі мынада: көктен келетін уахиды ұғатындай қабілетті Ұлы Аллаһ адамзат баласынан таңдаған құлына ғана берген. Алайда, бұлар қарапайым ойлағандықтан, пайғамбардың адам баласы арасынан шығуы мүмкін екендігін түсіне алмады...»,<sup>180</sup> - деген;

б. Енді бір бөлігі Аллаһқа иман етті, алайда, ақирет, ондағы жаза мен сыйға сенбеді;<sup>181</sup>

в. Басым бөлігі болса, өздерін Аллаһқа көбірек жақындатсын деп пұттарға табынды.<sup>182</sup>

Ол дәуірде арабтарға қарағанда ақыл-ой мен таным тұрғысынан біршама дамыған және бірқатар ғылымдарды игерген өзге аймақ халықтары да осындай сенімге ие болды.<sup>183</sup>

Исламнан бұрынғы арабтардың дүниетанымы ең алдымен, әдебиетке, сондай-ақ діни, әлеуметтік және мәдени салаларға да ықпал етті. Әдебиет саласына кіретін тіл, поэзия, мақал-мәтел мен қиссалар олардың дүниеге көзқарасын бейнелеген еді.

Шындығында, бір ұлыстың ақыл-ой мен дүниеге көзқарасын сол дәуірдегі тілі көрсетеді. Өйткені тіл сол ұлыстың ойлау өрісіне қарай қалыптасатын құбылыс. Сондықтан тілдің де бір пәлсапасы бар. Бұл пәлсапа сол ұлыстың көзқарас жүйесін кескіндейтін тілге шоғырланады. Алайда, тіл де ойлау мен дүниетанымға қарай өзгереді. Бір ұлыстың белгілі бір дәуірде қолданған сөздерін қамтитын сөздігін зерделеу арқылы оның сол дәуірде қандай материалдық және рухани құндылықтарға ие болғандығын, қандай дүниетанымды ұстанғандығын аңғарамыз. Сондықтан жәһілдік кезеңіндегі араб тілінде қолданылған сөздерді нақтылау арқылы арабтардың сол тұста қандай материалдық-рухани жағдайда ғұмыр кешкендігін, сезімдері, рухани және психологиялық дағдылары қандай деңгейде болғандығын анықтауға болады.<sup>184</sup>

Жәһілдік дәуірінде арабтарда поэзия саласының өте дамығандығы байқалады. «Тәрихул-Фәлсәфә фил-Ислам» атты еңбектің

180 Сәйид Кутуб, *Фи Зилалил-Қуран*, ауд., Бекир Карлыға – М.Емин, Сарач-И. Хаккы Шенгүл. - Стамбул, 1974, XII, 248.

181 Ясин, 78.

182 Зұмар, 3

183 Хасан Ибраһим Хасан, *Ислам тарихы*, Дәрул-Жил. - Бейрут, 1991, 1, 56.

184 Ахмет Емин, *аталмыш еңбек*, 92.



авторы *Bovog* жәһілдік дәуіріндегі ақындардың «білімді» болғандықтарын айтады.<sup>185</sup>

Шындығында да, ақындар даналық пен ой-өріс тұрғысынан арабтар арасында алдыңғы қатарда еді. Ибн Хишам бұл жөнінде:

«Дәус тайпасынан шыққан Туфайл Меккеге келген еді. Расул Әкрам сол жерде болатын. Сөздері әсер етіп жүрер деп, Құрайыш оған пайғамбардың сөздеріне мән бермеуін ескертеді. Туфайл былай дейді: Олардың қоймай ескерткеніне қарамастан, мен пайғамбардың сөздерін тыңдауға бел будым. Өз-өзіме: маған не болар дейсің? Ақылым бар ақынмын, жақсы сөз бен жаман сөзді ажырата алармын. Бұл адамның айтқан сөздерін тыңдауға маған не кедергі келтіреді? Айтқан сөздері орынды болса, қабыл етермін, орынсыз болса, құлақ ілмеспін», – дедім»,<sup>186</sup>– деген риуаяты келтірген.

Ақылының жүйріктігімен, ой-өрісінің кеңдігімен ерекшеленген ақындар ақылға салу мен ойлау жағынан аса жоғары деңгейде емес еді. Көне заманда «өлең-жыр арабтың дәптері» ретінде қабылданып отырған. Сондықтан ескі өлең-жырлардың араб қоғамындағы ахлақ, әдет-ғұрып, дін мен сенім-нанымды қамтығандығы аңғарылады.

Дегенмен, ақындардың өлең-жыр жинақтарына және «Муаллакат-ы Сабғадан» бастап, жәһілдік дәуіріне жатқызылған жинақтарға қарағанда арабтардың дүниеге көзқарасы оншалықты артта қала қоймағандығы байқалады. Өйткені бүгінгі күннің өзінде Құранды жіті түсіну үшін сол жәһілдік дәуір поэзиясы оқытылады. Бұл өлең-жырдың ақыл-ойды дамытудағы құндылығын көрсетеді. Белгілі бір деңгейге көтеріле алмаған және өзіндік көзқарасы қалыптаспаған кісінің мұндай өлең шығаруы мүмкін емес. Алайда, өлең-жырдың көпшілігі алдына биік мақсаттар қоймаған еді. Олардың тақырыбы махаббат, араб, түйе, дос және жомарттық сияқты тақырыптармен шектелген-ді.

Өмірлік тәжірибе негізінде туындап, ауыздан-ауызға тараған даналық сөздер мен мақал-мәтелдердегі айтылған ой мен пікір оны шығарғандардың көзқарасы мен мәдени деңгейі жөнінде мәлімет береді. Өйткені бір халықтың мақал-мәтелдері оның дүниеге көзқарасын, ойлау жүйесінің даму деңгейін, ахлағы мен көптеген әдеттерін бейнелейді.

185 Ахмет Емин, *аталмыш еңбек*, 96.

186 Ахмет Емин, *аталмыш еңбек*, 98.

Поэзия бір ұлыстың білім, мәдениет, жан дүниесі мен ақыл-ойын кескіндесе, мақал-мәтелдер халықтың дүниеге көзқарасын көрсетеді. Бүгінгі араб әдебиетіндегі Майданидың «Әмсәл», Әбу Хилалдың «Жәмхәратул-Мисәл» және Муфаддалдың «Әмсәлул-Муфаддал» атты еңбектерінен арабтар шығарған мақал-мәтелдердің мәнін анық аңғаруға болады.<sup>187</sup> Арабтар мақал-мәтелдер тұрғысында белгілі бір дәрежеге жеткен. Бұл олардың рухани және мәдени даму деңгейін көрсетеді.

## 2. Діни және ахлақтық құрылымы

Арабтар өз діндеріне берілгендігіне қарамастан, діни білімі мен сезімдері әлсіз еді. Олар жәһілдік сенімі мен ахлағын ұстанатын. Аталарынан мирас ретінде қалған пұтқа табынушылық, христиандық пен яһудилік сияқты діндер Арабия түбегіндегі қауымдардың басты діндері саналатын. Дегенмен, олардың арасында пұтқа табынушылықтың тарауын жөн көрмейтін, пұтқа табынуды адасу деп санайтын, «ханиф» сенімді ұстанатындар да бар еді.

Шындығында да, исламнан бұрын Арабия түбегіндегі діни құрылым өте күрделі сипатта болды. Түбек алуан түрлі діндер мен сенімдердің ықпалында еді. Пайғамбарлардың көпшілігі осы өңірден шыққан және осындағы қауымдарға жіберілген-ді. Мәселен, оңтүстік Арабстанды (Йеменді) мекен еткен Ад қауымына Худ пайғамбар, Самуд қауымына Салих пайғамбар, Хижаз бен Палестина аймағында өмір сүрген халықтарға Ибраһим пайғамбар мен Исмаил пайғамбар, Шуғайб және Исхақ пайғамбарлар жіберілген еді. Олар өз қауымдарына Аллаһтың дінін *тәблиг* еткен (насихаттап жеткізген) болатын. Алайда, бұл пайғамбарлар өз *тәблиг* міндеттерін атқарып, дүниеден өткен шақта, Арабстан халқы түрлі негізсіз наным-сенімдерді қабыл етіп, сабейлік, мәжусилік, зороастризм, яһудилік, христиандық және пұтқа табынушылық сияқты діндерді ұстанған еді.

Арабтар арасында материализм мен пұтқа табынушылық сенімінің тарауы діни сезімнің әлсіреуіне әкеліп соқты. Ибнул-Кәлби сынды авторлар Арабстанда пұтқа табынушылық сенімінің

---

187 Ахмет Емин, *аталмыш еңбек*, 110.

туындауын Қағбаның шырақшысы болған Амр бин Лубей әл-Хузаидың атымен байланыстырады. Хузаа руынан шыққан Амр науқасына шипа іздеп, Сириядағы Бәлқа қаласына барады. Сол жерде бір ағын суға жуынып, науқасынан айығады. Бәлқада халықтың пұттарға табынғандығын көреді. Бәлқалықтар оған пұттарға табынып, дұшпандарға қарсы жәрдем тілейтіндіктерін айтады. Амр сол пұттардан біреуін алып, еліне қайтады. Амр Меккеге келгенде, пұтты Қағбаға әкеліп қояды. Осылайша пұтқа табынушылық Арабия түбегіне енеді.

Арабтар табынған ең басты пұт Хубал атты пұт болатын. Сондай-ақ олар Лат, Манат және Узза атты пұттарға да табынғанды. Арабтар ата-баларына еліктеп, пұттарға санасыз түрде табынып, оларға атап құрбан шалатын. Алайда, оларға абсолюттік тәңір ретінде қарамайтын. Пұттарды Аллаһқа жақындау үшін себепші ретінде көретін. Арабтардың мұндай сипаттағы пұтқа табынушылық сенімі Өз.Ибраһим тәблиғ еткен тәухид діні мен толығымен пұтқа табыну сенімі арасындағы бір «орта сенім», абдыру сенімі сипатында еді. Сондықтан арабтардың пұтқа табынушылық сенімін нағыз діни сенім ретінде көрмейтіндер де бар.

Көптеген тәңірлерге табынып, Аллаһқа ортақ қосқан мүшріктер мен түрлі нәрселерден жасалған пұттарға табынған арабтар Арабия түбегі тұрғындарының көпшілігін құраған еді. Біртіндеп аралдағы ең үстем дінге айналған пұтқа табынушылық сенімі надандық, пайдакүнемдік және имансыздық сияқты факторлардың негізінде жалғасын тапты. Қағбаға құрмет, ата дінге берілгендік, сыйлық ұсыну, құрбандық атау, дұға ету, ант ету, кеңесу мен тілек тілеу сияқты әрекеттер мүшрік арабтардың пұттармен байланысын күшейте түскен-ді.

Арабтар көптеген пұттарға табынған. Тіпті, осы мақсатта ғибадатханалар да салған. Алайда, пұттарға толығымен итағат етіп, беріле қоймаған-ды. Бірде ризашылығын білдіру үшін пұттарға арнап сыйлықтар ұсынып, құрбандықтар шалса, енді бірде оларға тіл тигізіп балағаттайтын, ұнамсыз, қорлаушы атаулармен атайтын. Бәлкім, Ибраһим пайғамбар таныған және аталарына танытқан шын Тәңірге біршама сенгендіктен болар, пұттарға беріліп, толық құрмет көрсете қоймады. Пұттарды шын Тәңірге қарағанда әлсіз және құдіретсіз санағандықтан, оншалықты қадір де тұтпады.

Ибнул-Кэлби пұтқа табынушылық сенімінің Арабия түбегіне келуі мен тарауы жөнінде:

«Арабтарды Аллаһқа ғибадат етуден пұттар мен тастарға табынуға итерген жағдай былай болған: Қағба мен Меккеге деген құрмет пен ықыластарын білдіру үшін Меккеден сапарға шыққан кісілер өздерімен бірге Қағбадан алынған тастарды ала кететін еді. Қонған жерлерінде осы тасты қойып, Қағбаны тауап еткендей тауап жасайтын-ды. Бұл тауап тастан сәттілік үміт ету, Қағбаға берілгендігі мен сүйіспеншілігін көрсету үшін орындалатын. Дегенмен, олар әлі де Меккеге құрмет көрсетіп, қажылық пен умраға баратын. Бұл әдет кейінірек олардың сүйген нәрселеріне табынып, бұрынғы діндерін ұмытуына себеп болды. Өз.Ибраһим мен Исмаилдың дінін тастап, өздерінен бұрынғы ұлыстар сияқты Өз.Нұхтың қауымы табынғандай пұттарға табына бастады»,<sup>188</sup>- дейді.

Бұл айтылғандар арабтардың Мекке мен Қағбаға құрмет көрсетумен қатар, пұттарға да табынғандықтарын аңғартады. Алайда, пұтқа табынушылық арабтарды толығымен Ибраһим пайғамбар тәблиғ еткен діннен қол үздіре қоймады. Олардың бір бөлігі пұтқа шынайы түрде табынса, енді бір бөлігі пұттарды мазаққа айналдырған еді.

Ақындар мен жазушылардың көпшілігі діни сезімнен жұрдай болған және діни құндылықтарға көңіл бөлмейтін-ді. Алайда, Арабстан халқының арасында адамдардың надандығы мен имансыздығын, діни және ахлақтық құндылықтарға мән бермеуі мен материалистік көзқарасты ұстануын жөн көрмеген, Ибраһим пайғамбар тәблиғ еткен діннің қалдықтарына иман етіп, дұға жасаған адамдар да бар еді. Олар «ханифтер» деп аталды. Зухейр бин Әбу Сәлма, Қус бин Сағида, Мултемис, Умәййа бин Әбус-Салт, Уарақа бин Нәуфал, Убайдуллаһ бин Жаррах, Осман бин Хуайрис, Зәйд бин Амр сияқты кісілер, міне, осы ханифтерден саналатын. Өз.Мұхаммед олардың ішінен Умәййа жөнінде: «Умәййа мұсылман болуға аз қалған еді», - деген.

Құранда<sup>189</sup> Нұх пайғамбар заманында Хубал, Лат, Манат пен

---

188 Ибнул-Кэлби, *Китабул-Әснам* (Пұттар Кітабы), ауд. Б.Дүшүнген. - Анкара, 1969, 5, т.б.

189 Нұх, 21-23; Нәжм, 19-20.

Узза деген пұттарға табынылғандығы айтылған. Жәһілдік дәуір араб-тары да осы пұттарға табынған еді.

Арабтардың бұл пұттармен қатар, «тағут» деп аталатын пұтханалары да бар болатын. Қағбадан тыс ғибадатханалар ретінде саналған тағуттар саны Хижаз бен басқа да өңірлерде жүзден асатын. Арабтар тағуттарға құрмет көрсетіп, оларға атап құрбан шалатын және сыйлықтар беретін.

Құранда жәһілдік дәуірінде өмір сүрген арабтардың ахлақтық жүйесі, әдет-ғұрпы мен салттарына да назар аударылған. Мәселен, отбасы жүйесіне қатысты үйлену, ажырасу, ажырасу құқығы, зихар әдеті, қайтыс болған әкесінің әйелімен үйлену, бірге туған қыздармен бір уақытта некелесу, еркектің қалағанынша үйлену құқығы, мутға некесі, еріктілер мен еріксіздер арасындағы көңілдестік пен «достық» түсінігі, әйелдердің қор көрілуі және қыз балалардың тірідей топыраққа көміліп өлтірілуі сияқты тақырыптар қарастырылған. Жәһілдік дәуірде бала асырап алу, жаңа туған сәбиді сүт ананың тәрбиесіне беру, мирасты бөлісу сияқты отбасылық әдет-ғұрыптар да орын алған болатын. Сондай-ақ күндермен қатынасқа түсу, зинақорлық, ішкілік, ұрлық, адам өлтіру, құн дауы, өсім алу, өсімге беру, асабият, құмар, сиқыр мен бал ашу сияқты әрекеттер де жәһілдік дәуірде кең етек жайған-ды. Құран бұл әрекеттердің қоғамда орын алғандығын көрсете отырып, оларға қатысты бірқатар үкімдер белгіледі: бұл мәселелердің кейбірін толығымен жойса, енді бірін ретке келтірді не жаңа үкімдерге негіздеді.

Уәлаят асабияты да арабтар арасында кең өріс алған әдеттерден саналатын. Уәлаят – бір ру не тайпадан шыққан кісінің басқа бір тайпаның мүшесімен дос (мәула) болуы. Достық құрылған адам бұдан кейін «пәленше кісінің мәуласы» деп шақырылатын-ды.

Сол сияқты кісінің басқа бір кісіден өзіне қорғаныш болуын (*хима*) сұрауы да исламнан бұрын араб қоғамында орын алған салттардан-ды. Қорғаныш болуы сұралған адам өтінішті қабыл еткен жағдайда, шешімін бір топтың алдына шығып жариялайтын. Сөйтіп, қорғауға алынған кісінің туысы ретінде қабылданатын. Көбіне, асабият жағынан әлсіз және қорғалуға мұқтаж кісі қорғаныш сұрайтын еді.

Арабтар, жалпы алғанда, әдет-ғұрыптары мен салттарын берік ұстанған. Олар ата-бабаларынан мирас ретінде қалған ұлттық және рухани құндылықтарға, ахлақтық негіздерге ерекше көңіл бөлген. Мына аяттар арабтар арасындағы осы дәстүршілдікті көрсетеді:

*«(Мекке мүшріктеріне) Аллаһ түсірген (Құранға) бой ұсыныңдар делінсе, олар: (Жоқ, үстінде) ата-бабаларымызды тапқан жолға ілесеміз», – деді. Егер аталары еш нәрсені түсінбеген әрі тура жолда болмаған болса да ма?»*,<sup>190</sup>

*«Керісінше, олар: «Аталарымызды бір жол үстінде таптық. Расында біз де олардың іздеріне түсіп, тура жол табамыз», – дейді»*,<sup>191</sup>

*«Олар қашан бір арсыздық істесе: «Аталарымызды осы жолда таптық, мұны бізге Аллаһ бұйырды», – деді»*.<sup>192</sup>

Арабтар өздері ұстанған әдет-ғұрыптар мен салттар Аллаһтың бұйрықтарына сай келеді деген көзқараста болды. Бұл берік дәстүршіл көзқарас, мәселен, Әбу Талибтан бастап, көптеген меккелік ақсүйектер мен саудагерлердің мұсылмандықты қабылдауына кедергі келтірген еді. Әз.Мұхаммед шақырған жолдың тура жол екендігіне сенімді бола тұра, бұл дәстүршілдер пайғамбардың үндеуіне құлақ аспай, мүшрік күйінде қалды. Олар жаңалық пен жаңашылдыққа үндеген исламға қасарысқан түрде қарсылық көрсетті.

Кейбір мұсылмандар исламнан бұрынғы кезеңдегі дәстүрлерінің бірқатарын басқаша көріністе жалғастырып, «исламдастыру» жолымен сақтаған. Ислам діні де кейбір әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерді қорғап, «исламдастыру» арқылы жаңғыртқан. Қажылық ғибадаты мен қасиетті (харам) айларға қатысты әдеттерді, Қағбаға қатысты бірқатар қызметтерді бұған мысал ретінде келтіруге болады.

Арабтардың дәстүршілдігі кейінгі дәуірлерде де мұсылман халықтарға өте үлкен ықпал етті. Басқару, саясат, сот, отбасы жүйесі, тайпашылдық пен ұлтшылдық, құлдық пен күндік түсініктері ғасырлар бойы мұсылман халықтардың бойында сақталды.

Қорыта айтқанда, Арабстан халқы исламнан бұрынғы дәуірде білім және ойлау деңгейі төмен, мәдениеттен ада, жеке және

---

190 Бақара, 170.

191 Зухруф, 22.

192 Ағраф, 28.

қоғамдық өмір сүру салты бұзылған қоғамда өмір сүрді. Жаңылыс сенімдер мен құндылықтарға негізделген діни таным мен ахлақтық жүйе орныққан-ды. Соған байланысты бұл дәуір тарихта «жәһілдік дәуір» деп аталды. Жәһілдік кезеңде орын алған жамандық атаулы адамдарды әбден азғындатқан еді.

## **Ғ. ХИЖАЗ АЙМАҒЫ**

### **1. Жағрафиялық және экономикалық құрылымы**

Хижаз - исламның отаны. Өз.Адамнан Өз.Мұхаммедке дейін жалғасқан пайғамбарлар тарихына зер салып қарайтын болсақ, бұл сөздің орынды айтылғандығына көз жеткіземіз. Соңғы пайғамбар Өз.Мұхаммед Хижаз халқынан шыққан меккелік еді. Ол ислам дінін Қағбаның түбінде салынған Мекке қаласында тәблиғ ете бастады. Ислам мәдениетінің бесігі саналған, тарихи және діни маңызға ие Хижазды ауқымды түрде қарастырып, жан-жақты білген жөн.

Хижаздың экономикалық жағдайын зерттеп, дұрыс баға беру үшін ең алдымен, Хижазды жағрафиялық және климаттық қырынан тану маңызды. Өйткені Хижаздың экономикалық жағдайы жағрафия мен климат факторларына тығыз байланысты.

Табиғат жамылғысы тұрғысынан шөлді Арабстан, таулы Арабстан және бақытты (құнарлы) Арабстан деп үш аймаққа бөлінген Арабия түбегіндегі Хижаз өңірі таулы-тасты Арабстанды құрайды.

Климаттық және өсімдік жамылғысына қарай Арабстан шөлді аймаққа жатқызылады. «Бәдеуи» деп аталатын халықтың басым бөлігі осы шөлде өмір сүрді. Ал халықтың «хадари» деп аталған екінші бөлігі қалалық жерлерді мекендеді. Бәдеуилер егін және мал шаруашылығымен айналысса, ал қалалықтар, көбіне, саудамен шұғылданды. Әсіресе, түйе, ат, қой мен ешкі сияқты мал шаруашылығына негізделген бәдеуи өмірі Арабстан арабтарының биологиялық, психологиялық және әлеуметтік құрылымына ерекше ықпал етіп, тіл, дін және ахлағына да әсер еткен-ді.

Хижаз кедей, өзен-суы жоқ бір өлке болатын. Топырағының көбі тасты және құмды, ыстығы қатты, табиғаты шөптің өсуіне қолайсыз еді. Шөп тек жазықтарда, әр жерде әр қалай өсетін. Тұрғындары

көшпелі өмір сүрді. Ауасы құрғақ Хижазда жауған жауын-шашын кейде сел мен су тасқындарына әкеліп соқтыратын. Алайда, өткінші сипатта болғандықтан, аса көп ықпал етпейтін. Мәдина (Йәсриб) мен Хайбар аумағы маңызды дәнді дақыл орталығы саналғанымен, атмосфераның құрғақ және топырағының тұзды болуы мол өнім алуға мүмкіндік бермейтін еді. Мекке мен Мәдина аймағында бұрынғы кездерде көптеген су тасқындары болған. Мол жауған жаңбырлар нәтижесінде пайда болған селдер топырақты ағыза отырып, шөлдерде түрлі берік өсімдік қабатын қалыптастыратын. Алайда, Хижаз аймағындағы ең құнарлы, тіршілікке ыңғайлы жері ретінде Румах, Ханиф және Федек жазықтары мен солтүстіктегі оазистер саналған. Хижаз аймағындағы бұл құнарлы жерлерде Өз.пайғамбар заманында, көбіне, яһудилер егін егетін. Хижаздың таулы өңірлерінің жауын жауатын жерлерінде жеміс пен көкөніс өсірілгенімен, қажеттілікті өтейтіндей дәрежеде емес-ті.

Арабстанда егін шаруашылығы дамымаған және өсімдік жамылғысы әлсіз болғанымен, мал шаруашылығы мен сауда барынша өркендеген еді. Көбіне, түйе, ат, сиыр, қашар, қой және ешкі бағылатын. Ал бәдеуи арабтар үшін ең пайдалы және қолданысы жеңіл мал саналған түйе Арабстан сауда өмірінде маңызды орын алатын. Шынында да, бәдеуи араб үшін шөлде түйесіз өмір сүруді елестетудің өзі қиын-ды. Бәдеуи араб түйеге әрі мінетін көлік әрі күнкөріс көзі ретінде қарады. Бейбітшілікте де, соғыста да түйе бәдеуидің ең жақын серігі, өмірінің күре тамыры іспеттес еді. Бәдеуи күнделікті өмірде түйенің сүтін, етін, терісі мен жүнін пайдаланды. Бүгінгі күні мұнай Арабстан халқы үшін қаншалықты маңызды болса, өткен заманда түйе де сондай маңызға ие болды. Жоғарыда аталған жануарлар керуендердің негізін құрады. Керуен немесе керуендер тізбегі құрылық сауда жолдарында байланысты қамтамасыз ететін жануар флотының қызметін атқарды.

Ол дәуірде түйенің екі үлкен отаны болды: Орта Азия мен Арабстанның ортасында орналасқан Нәжд аймағы. Бұл аймақ «түйелердің анасы» деп аталған-ды. Онда тек өркешті түйелер өсірілді. Арабшада өте көптеген атаумен аталатын және төңірегінде көптеген әдет қалыптастырылған түйе бәдеуидің қалқаны еді. Бір өркешті түйе арқасында 300-400 кг жүкпен бір күнде 300 км жол жүре алатын. Науқастанған кісі үшін зәрінің өзі ем ретінде қолданылған араб түйесі арабтың өмірі іспеттес тұғын.



Арабстанның мал шаруашылығында түйеден кейінгі орында ат өсіруге ерекше мән берілді. Араб аттары, әсіресе, Нәжд аттары әлемде әйгілі болды. Бұл аттар егіншілік пен саудада, сондай-ақ соғыс майданында пайдаланылды. Араб аттары өте жүйрік келетінді. Бағасы да қымбат болатын. Етінен, сүтінен, терісі мен қиынан пайдаланылған қой мен ешкі, есек пен қашар да Арабстан мал шаруашылығында маңызды болып есептелді.

Араб аты ескі заманда Сирия аты ретінде ерекшеленетін. Бұл тұқым Рим дәуірінде солтүстік Сирияға алып келінген бербер аты мен иран атын жұптастыру нәтижесінде пайда болған. Жазықтардың (*Бәдиәтуш-Шәм*) қыстық шөбімен қоректенген. Ал ислам дәуірлерінде орта Арабстанның Нәждке дейінгі биік жайылымдарында жайылатын. Араб мінген асыл тұқымды ат жіңішке денелі, жүйрік болатын. Таулы аймақтардан тыс жерлерде Хезин аттары көбірек қолданылатын. Ат еті еш желінбейтін. Атақ үшін не соғыста міну үшін бағылған ат құрғақ өңірлерде өз суы мен жемін арқасында таситын. Бұл өте жайлы бір саяхат саналатын.

Адамдар да, түйелер мен басқа жануарлар да – барлығы «жайылымға» тізбектеле байланғандықтан, жайылым іздеп-табу үлкен мәселе саналатын-ды. Маусымына қарай жиналып қалған көлшіктерді немесе ағын сулар мен жайылымдарды жүйелі түрде іздеу үздіксіз әрекетті туындатты. Әр тайпа белгілі бір аймақ ішінде әрекет етуді дәстүрге айналдырған болатын. Иләһи сый аясында дамыған бұл дәстүр мен тіршілік, соңында, отырықшыл «ауылдың» қалыптасуына алып келді. Бәдеуи араб өмір бойы ешкі жүнінен тоқылған шатырды жазда көлеңке, қыста баспана ретінде қолданды. Шелегін не су құятын ескі торсығын, сонымен қатар шапаны мен бас орамалын қысы-жазы иығынан тастамайтын еді.

Арабтар басты азық-түлік ретінде құрманы пайдаланған. Құрма пальмасы – Месопотамия мен Басра шығанағының өнімі. Құрма осы аймақтан шыққан. Сондықтан бұл жердің құрмасы ерекше саналатын. Құрма фәтх әрекеттері арқылы оңтүстік Сирия, Мысыр және оңтүстік Тунис елдеріне жеткен. Фәтх әрекеттері құрма шаруашылығының дамуын жылдамдатқан-ды.

Көшпенділер қойды әрі еті, әрі жүні үшін баққан. Сондықтан жайылымы мен бағылуы жүн өндірісімен тікелей байланысты болды. Әсіресе, жүні үшін бағылған қойлар арасында жіңішке бұйра жүнді қойлардан ерекше мол жүн алынатын.

Отырықшыл өмірде сауда ең басты және маңызды кәсіп саналатын. Азия елдері, Африка мен Азия арасындағы сауда көпірі қызметін атқарған Арабстан сауда саласында маңызды орынға ие болды. Бұл аймақ сондай-ақ берберлік Батыс пен сасанилік Шығыс арасында транзит өлке қызметін де атқарды. Оңтүстіктен солтүстікке баратын керуендер бұрынғы уақытта, міндетті түрде, Арабстанға соғатын еді. Оның үстіне, адамзат тарихының бастапқы кезінен-ақ қасиетті мекен ретінде қабылданған Қағбаны зиярат ету не тауап ету үшін де адамдар Арабстанға баратын. Бұл жағдай сауданың дамуы мен экономиканың өрлеуінде маңызды рөл атқарды. Жылдың барлық мезгілінде үздіксіз жалғасқан зияратшылар ағыны мен Қағба зияраты, керуен саудасы Меккенің де, Хижаздың да басты еңбек және табыс көзіне айналды. Қасиетті (харам) айларда (*эшхурул-хурум*) өткізілген жәрмеңкелер де Арабстанда сауда мен экономиканың қарқындап өсуін, әлеуметтік өмір сүру деңгейінің көтерілуін қамтамасыз еткен маңызды факторлар қатарына жатады.

Құрайыштың сауда керуендері арабтар арасында әйгілі болды. Жері сусыз және егінге жарамсыз шөлді аймақтан құралғандықтан, Мекке халқы басқа арабтарға қарағанда саудаға ерекше көңіл бөлді. Хижаздың жағрафиялық жағдайы да сауданың дамуына әсер етіп, Эфиопия, Сирия және Йемен арасында сауда орталығына айналды.

Меккелік құрайыштықтар арабтар қасиет тұтқан Қағбаның шырақшылары болған. Сондықтан керуендері шабуылдардан аман, кез келген жаққа қорықпай барып қайтатын. Бұл керуендер Дамаск пен Бусра базарларынан бидай, зәйтүн майы, бұршақты дақылдар, ағаш өнімдері, жібек және басқа да өнімдерді, Эфиопиядан ас қатықтарын, Мысырдан «Кубат» деп аталатын тоқыма өнімдерін тиеп әкелетін еді.

Құрайыш сауданың арқасында материалдық жағынан барыншы күшейді. Араларында Әбу Суфиян, Уәлид бин Муғира және Фижар соғысында жүз кісілік әскерді қару-жарақпен жарақтандырған Абдуллаһ бин Жуған сынды аса дәулетті кісілер пайда болды. Құрайыштықтар солтүстікте Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан Сирия, Палестина, Анатолия елдері, солтүстік Мысыр мен ас қатықтары, басқа да өнімдер өсірілетін аймақтар арасында байланысты жүзеге асыратын делдал қызметін атқарды.

Сол дәуірдің ең басты алыс-беріс орталықтарының бірі жәрмеңкелер болатын. Олардың ішінде Указ, Зул-Мәжаз, Мәжанна, Хубаша жәрмеңкелері ерекше көзге түсетін. Указ жәрмеңкесі зул-қада айының басынан бастап 20 күнге созылатын. Артынан он күн бойы Мәжанна жәрмеңкесі құрылатын. Одан кейін 8 күндік Зул-Мәжаз жәрмеңкесі өткізіліп, артынан қажылық үшін Минаға барылатынды. Сахаба Хаким бин Хизам жеткізген риуаят бойынша, исламнан бұрынғы кезеңде Өз.пайғамбар да Хубаша жәрмеңкесіне қатысып, Тихам кездемесін сатқан екен. Сондай-ақ бұл жәрмеңкелердің ислам дәуірінде де жалғасқандығы айтылады.

Оазистердің төңірегі мен шөл шетіндегі аймақтарды мекендеген отырықшы арабтар, мәжбүрліктен туындаса да, өз қалауымен болса да, ең алдымен, күнкөріс үшін қажетті нәрселер ретінде киім-кешек, қару-жарақ, бидай және құрма өндіруге көңіл бөлді. Сондықтан бәдеуилер өз мүлкін басқа көшпенділердің тұткиылдан жасаған шабуылдарына қарсы қорғау үшін барлық қиындықтарға кеудесін тосты. Бәдеуилер өздерінің жерінен өткен сауда керуендеріне жол көрсетіп, күзетшілік қызмет ұсынатын. Керуендердің ретпен өтуін қамтамасыз ететін. Көшпендінің малын, аттары немесе түйелерін керекті заттармен айырбастауы, кейбір басты күнкөріс заттарының ақысын қызметпен өтеуі, көрші топырағына жасалған шабуылдарда туындаған құқықтар – барлық осы әрекеттер шөлдің өз ішінде жүзеге асып жатты. Көшпендінің керуенші мен отырықшыл адам ретінде екі типте қалыптасуы жағрафиялық жағдай мен әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалдың нәтижесі екендігін мойындауымыз керек. Қарапайым бұл сипаттамаға сүйене отырып, шөлдегі жанды әрекеттің егіншіні отырықшы өмірге қарай бағыттағандығын, соның негізінде қалалар пайда болғандығын айта аламыз.

Экономикалық шарттардың жеткіліксіз болуы бәдеуидің өз өмірін жалғыз сүруіне мүмкіндік бермеді. Ол барлық қарым-қатынастарын қалаған нәрсесіне қол жеткізу үшін қолданды. Яғни бәдеуи экономикалық себептерді назардан тыс қалдырмау үшін жұмсақ мінезді, өзгеріс саласында сөзі өтімді болған және сауда мен егіншілікте тізгінді қолында ұстаған-ды.

Жағрафиялық және экономикалық шарттары тұрғысынан Хижаз Арабия түбегінің басқа аймақтарынан ерекшеленетін. Тау жоталарымен қоршалған, ыстық және суы аз жерлерімен қатар,

ауыл шаруашылығына ыңғайлы, көкөнісі мен жемісі мол, ауа райы жақсы, жауын-шашыны мен суы жеткілікті жерлері де бар болатын. Мәселен, Мекке таулар және жар тастармен қоршалған, климаты ыстық, егіншілікке қолайсыз бір жер болса, ал Йәсриб мол жауын-шашынды, егістіктері, құрма, зәйтүн және басқа да жеміс бақшалары бар қала еді. Мекке мен Жидда арасында үлкен жазықтықтар алып жатқан. Йәсриб пен төңірегін де қамтитын бұл аймақтарда су көздері мен өзендер, құрма, зәйтүн және жүзім бақшалары, егістіктер мен жасыл оазистер орын алған-ды.

Құранда Хижаз өңірінің, Мекке мен Мәдина қалаларының жағрафиялық және экономикалық құрылымын, егіншілік пен сауда ерекшеліктерін көрсететін:

*«Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйің (Қағба)ның жанына орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілдерін оларға ауатын қыл! Сондай-ақ оларды жемістермен ризықтандыр! Бәлкім олар шүкірлік етер»;*<sup>193</sup>

*«Аллаһ жаратқандарынан көлеңкелер жасап, таулардан ықтасындар пайда қылды. Осылайша сендерге нығметтерін тамамдады. Бәлкім, бой ұсынарсыңдар»;*<sup>194</sup>

(Ей, мүшріктер!) Сендер қажыларға су беруді, Мешіт Харамды жөндеуді Аллаһқа, ақирет күніне иман келтірген және Аллаһ жолында соғысқан кісі сияқты көресіңдер ме? Бұлар Аллаһтың қасында тең болмайды. Аллаһ залым қауымды тура жолға салмайды»,<sup>195</sup> деген аяттар бар.

Бұл аяттарда, әсіресе, Мекке қаласының табиғи және экономикалық ерекшеліктері арнайы көрсетілген. Сондай-ақ Хижаздың халық тығыз шоғырланған екі үлкен орталығы болған Мекке мен Мәдина қалалары басқа қырынан да танытылады:

*«(Мұхаммед а.с.) Раббың елді мекендердің анасына (Меккеге) аяттарымызды оқитын елші жібермейінше, оларды жоюшы емес. Біз тек халқы залым болған елді мекендерді ғана жоқ етеміз»;*<sup>196</sup>

---

193 Ибраһим, 37.

194 Нахл, 81.

195 Тәуба, 19.

196 Қасас, 59.

«Олар: «Бұл Құран (Мекке, Таиф) екі қаладан ұлы бір адамға неге түсірілмеген?», – деді;<sup>197</sup>

«Әрі осылай саған елді мекендердің анасын (Меккені) және оны айнала орналасқандарды насихаттауың үшін арабия Құранды уахи еттік. Әрі болуында күмән жоқ, Жиналу (қайта тірілу) күні жайлы ескертуің үшін...».<sup>198</sup>

Хижаз аймағындағы қалалар мен ауылдық жерлердің Арабия түбегіндегі басқа қалалар мен ауылдардан аса айырмашылығы болмады. Аймақ халқы, көбіне, мал шаруашылығы, егіншілік және саудамен шұғылданды. Таулы-тасты, шөлейт немесе құрғақшылық басым жерлерде өмір сүретіндер мал шаруашылығымен айналысты. Мәселен, жері жар тасты, топырағы егіншілікке жарамсыз Меккенің тұрғындары, көбіне, сауда жасайтын, қысы-жазы Арабстанның түрлі жерлеріне сауда сапарларына шығатын, сондай-ақ Арабия түбегінің сыртына шығып, көрші өлкелерге барған кездері де болатын. Сонымен қатар кейбір елдер арасындағы саудаға делдал немесе ортақ та болатын. Әлемде ең көп зиярат етілетін қасиетті Қағбаның Меккеде орналасуы да аймақтағы сауда саласының дамуына үлкен ықпал етті.

Бұл жағдай Меккенің Арабия түбегіндегі ең маңызды зиярат орнына әрі ең үлкен сауда орталығына айналуына себепші болды. Меккенің аксүйектері өте дәулетті еді. Олар өз күшін басқа тайпалар мен елді мекендерге үстемдік жүргізу үшін пайдаланды. «Құрайыш қысы жазы жолаушылықта өздерін амандыққа қауыштырғаны үшін, оларды аштықтан тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылған осы үйдің (Қағбаның) Раббысына құлшылық қылсын»<sup>199</sup> мағынасындағы аят бір жағынан Мекке халқының басты кәсібі сауда болғандығын көрсетсе, екінші жағынан олардың сауда этикасының бұзықтығын меңзейді. Өйткені Меккедегі сауда өмірі көбірек өсім алу, сыбайлас қылмыс және өсімге беру түсінігіне негізделгенді. Мал-мүлк басқаларды езу, қанау, құл-күнге айналдыру құралы ретінде қызмет атқарды. Құран бұл жаңылыс сананың «Аллаһқа құлшылық» негізінде түзетілуін көздеді.

---

197 Зухруф, 31.

198 Шура, 7.

199 Құрайыш сүресі.

Ал топырағы жалпы құнарлы және егін егуге жарамды болған Таиф пен Йәсрибтің (Мәдинаның) халқы, көбіне, егіншілікпен шұғылданды. Олар егістік дақылдары, көкөніс пен жеміс бау-бақшалары және құрма бақшаларынан түскен кіріспен күн көрді. Алайда, баста йәсрибтік яһудилер болып, саудамен айналысқандар да баршылық еді. Йәсрибтің Мекке мен Сирия, Эфиопия мен басқа да елдерге қатынайтын сауда керуендерінің жол үстінде орналасуы да қала халқын саудаға бейжай қалдырмады. Тарих кітаптарында бұл жерде арада бір егіншілік өнімдері мен сауда заттарының көрмелері де ұйымдастырылып отырғандығы айтылады.

Мал шаруашылығы мен аңшылық та Хижаздың экономикалық өмірінде маңызды орын алатын. Түйе, ешкі, сиыр мен ат ең көп ұсталатын үй жануарлары еді. Халық осы малдардың еті, сүті, терісі, қылы мен жүнін пайдалану және көлік ретінде қолдану арқылы күнкөрісін қамтамасыз етті. Құранда халал-харам болуы тұрғысынан бұл үй жануарлары мен арабтардың оларға қатысты әрекеттері жөнінде:

*«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың белгілеріне (қажылық амалдарына), құрметті айға, құрбандықтарға, мойындарына тағылған белгілерге және Раббыларының ризалығын, ілтипатын іздеп, ардақты үйге (Қағбаға) келуші қажыларға құрметсіздік етпеңдер...».*<sup>200</sup> *«Олар Аллаһ жаратқан егіннен, малдан үлес бөліп, өз ойларыниша: «Мынау Аллаһқа, ал мынау ортақтарымызға», – деді...».*<sup>201</sup> *«Олар ойларыниша: «Бұл – біз қалағандар ғана жейтін тыйым салынған малдар мен егін. Кейбір малдарды мінуге де тыйым салынған», – дейді. Оған жала жапқандықтан, тағы бір малдарды (бауыздағанда) Аллаһтың есімін атамайды...».*<sup>202</sup> *«Және көлік болатын әрі ұсақ малдарды да жаратты...».*<sup>203</sup> – деп баяндайтын аяттар да кездеседі.

Аңшылық кәсібімен де шұғылданған арабтар түрлі хайуанаттар мен құстарды аулайтын. Аңшылықта аттар, жыртқыш құстар мен тазыларды қолданатын. «Мәйда» сүресінің осы тақырыпқа қатысты аяттары арабтардың исламнан бұрынғы кезеңде құрылық пен теңізде аңшылықпен айналысқандығын айқын көрсетеді.

200 Мәйда, 2.

201 Әнғам, 136.

202 Әнғам, 138.

203 Әнғам, 142. Бұл тақырыпта сондай-ақ қараңыз: Зухруф, 12-13; Мүминун, 79-80; Әнғам, 143-144; Нахл, 5-7, 10, 66, 80; Мәйда, 4, 94, 96.

Аңшылық арабтар арасында жүзу, оқ ату мен атқа міну өнерінің дамуына үлкен ықпал етті. Әз.Мұхаммедтің көкесі Хамза Меккедегі танымал аңшылардың бірі еді. Арабтар арасында аңшылықпен айналысатын аймақтар да бар болатын. Ислам үкімдері арасында ауға түскен олжа мен аңшылыққа ерекше көңіл бөлінуі бұл кәсіптің жаңылыс тұстарын тастап, белгілі бір ұстаным шеңберінде жалғасуына мүмкіндік берді. Жәһілдік дәуірдегі арабтар аңға шығарда пұттардан жәрдем тілеп, аңшылық сәтті өтуі үшін оларға атап құрбан да шалатын-ды.

## 2. Хижаздағы әлеуметтік құрылым

Исламнан бұрынғы кезеңде Хижаз арабтары қаһармандыққа ерекше көңіл бөлетін. Әсіресе, шөлде өмір сүрген арабтар қаһармандық, ақындық, қызмет пен байлық сияқты нәрселерді мақтан тұтатын. Шөл араб тілінде «бәдия» деп аталады. Соған байланысты шөлде өмір сүргендерге «бәдеуи» делінген. Араб тілінде «мәдинә» сөзі қала дегенді білдіреді. Онда тұратындарды атау үшін қалалық мағынасына келетін «мәдәни» сөзі қолданылды. Қалада тұратын мағынасындағы «мәдәни» сөзі кейін келе «мәдени» деген мағынаға ие болды.

Бәдеуи көшпенді өмір сүрді. Ал хадари мен мәденилер отырықшыл өмір салтын ұстанды. Алайда, көшпенді өмірді отырықшыл өмірден ажырататын айқын белгі болмады. Яғни көшпенді өмір сүргендер сияқты, қалалықтарға ұқсас тіршілік еткендер де бар еді. Отырықшыл өмір салтын ұстанған кейбір арабтарда бәдеуи өмір сүру элементтері кездесе, ал кейбір бәдеуилерде қала халқына тән тұрмыс салты байқалатын. Оның үстіне бәдеуи арабтар адам өмірінің шөл шарттарына ең тамаша үйлесімділігін көрсетті. Олар босқа қаңғырып жүрген көшпенділер тобыры емес-ті. Бәдеуи шөлді өмір сүруге жарамды жағдайға айналдырған еді. Бәдеуи, түйе және құрма ағашы шөл өміріндегі бар жандыға қатысты басты үш элементті құрады.

Көшпенділер қол өнер, өнер, ауыл шаруашылығы, сауда мен кеме ісіне мән бермейтін. Олар малдан алған өнімдерімен тіршілік ететін. Бағуы көп еңбекті қажет етпейтін малдың етін жеп, сүтін ішіп, жүнінен киім тігіп киетін, үйлерін де осы малдың терісі мен

жүнінен жасайтын. Қатты қиналған жағдайда кесіртке, арал қояны мен егістік тышқанын да жейтін, малдарының азығы жөнінде табиғатқа сенім артатын. Жаңбырлы маусымдарда малдарын жаю үшін көшетін, малдан өндіре алмаған қажеттерін айырбас жасау арқылы қамтамасыз ететін. Құрма мен киім қажет болса, мал мен мал өнімдеріне айырбастайтын. Сонымен қатар басып алу мен тонауды да күнкөріс құралына айналдырған-ды. Дұшпан тайпаларға шабуыл жасап, түйелерін айдап, әйелдері мен балаларын тұтқынға алатын еді.

Көшпенділер мен отырықшыл өмір сүргендер бірқатар тайпаларға бөлініп өмір сүрді. Тайпа дегеніміз – элеуметтік жүйесін өз арасында қалыптастыратын топ. Көшпенділер арасында үнемі қақтығыстар болып тұратын, сондықтан кейде екі не одан көп тайпа шабуыл жасау, шабуылдарға тойтарыс беру немесе басқа да мақсаттармен бірігіп келісетін.

Хижазда адамның күшті тайпаның мүшесі болуы басқа тайпалардың алдында мақтануына мүмкіндік беретін. Меккеде Құрайыш тайпасы, Таифта сақифтықтар, Мәдинада Әус пен Хазраж тайпалары осындай әлді тайпалар қатарында саналды.

Хижаз аймағында әлемнің басқа елдеріндегідей бір орталыққа бағынатын өкімет болмаған. Бүкіл билік тайпалардың қолында шоғырланған-ды. Түбекті мекен еткен арабтар өзіне ешкімнің билік жүргізгенін қаламады. Билеп төстегісі келгендерді дұшпан көріп, оларға қарсы шығып, өш алуға тырысатын. Міне, осыған байланысты бір орталыққа бағындырылған өкімет құрылмаған еді. Йемен, Басра шығанағы мен Сирияның оңтүстік өңірінде құрылған әмірліктерде әміршінің тегінен не үстем әулеттен шыққандық тектіліктің белгісі ретінде қаралды. Хижазда да әлді тайпаның мүшесі басқа тайпалар алдында тайпасының күшімен мақтанатын. Меккеде Құрайыш, Таифта Сақиф, ал Мәдинада Әус пен Хазраж тайпалары өзге тайпалардан үстем түскен-ді.

Ибн Халдун тайпалардағы бұл берік байланысты «асабият» арқылы:

«Кәрі мал сияқты шөлде қаңғырып жүруге үйренгендіктен, олар бір-біріне зорға мойын иетін. Басшылары қорғану үшін қажетті асабият байланыстары үзілмесін деп, оларға жақсы қарап, ренжітіп алудан сақтануға тырысады. Өйткені асабият байланысы үзілетін болса,



өздерін қорғай алмай, басшының өзі де, қоластындағылар да құриды. Ал шындығында, мемлекет пен билік саясаты – мемлекет саясатын басқарған кісінің (қажет болған жағдайда) зорлық пен күш қолдануын керек ететін іс. Әйтпесе, мемлекеттің басқару саясаты бұзылады», – деп түсіндіреді.

Асабият байланыстарын өте берік сақтаған арабтар Хижазда осы себептен бір жүйе құра алмаған. Барлық жерде «орман заңдары» үстем болды, яғни әлді кісі басқаларға билік жүргізді. Қоғамда қаһармандық ерекше бағаланды. Жәһілдік дәуірі арабтардың қаһармандық дәуірі саналды. Әсіресе, шөлде өмір сүрген арабтардың басты мақтанышы батырлық, ақындық, бедел мен байлық болатын. Бұл факторлар арабтардың сәті келсе, жай ғана сылтаумен адам өлтіруіне, олжа табуына кедергі келтірмеді. Кек қайтаруға да арабтар ерекше мән берді.

Тайпа мүшелерінің бірі басқа тайпаның мүшесіне қарсы бір қылмыс жасаса, қылмыскер мен оның тайпасынан кек алу үшін жәбірленушінің тайпасы бірден көмекке жүгіретін. Кінәлі кісінің тайпасы да өз мүшесін қорғап, жәбірленушінің тайпасына қарсы тұратын. Тіпті, қылмыскердің істегені зұлымдық болса да, мән бермейтін. Яғни арабтың жақтасуы үшін екі кісіден біреуінің тегі жағынан өзіне жақын болуы жеткілікті еді. Қылмыстың мазмұны мен кінәлі-жәбірленуші мәселесіне аса назар аударылмады. Сондықтан Philip K. Hitti:

«Асабият – ата-тек рухы. Бұл өз тегінен шыққандарға шексіз және шартсыз берілу, сондай-ақ аса күшті сезіммен, шовинистік түрде отанына шын берілгендікке байланысты», – деген орынды пікірге тоқталады.

Біздің ойымызша, бұл әрекеттің психологиялық астарында тайпа мүшесінің туысына демеу көрсете отырып, қаһарман деп аталуымен қатар, қауіп-қатер қыспағында орналасқан өңірде өзіне төнуі мүмкін қауіп-қатерге қарсы туыстарының алдын ала қолдауын алып, сенімді түрде өмір сүруді қалауы да жатқан болар. Араб осылайша тайпасына арқа сүйеп, пандана аяқ басатын. Өйткені кез келген жағдайда өзіне жәрдем келетінін алдын ала білетін. Сондықтан сөзсіз жәрдем келеді деп күтетін еді. Кімнің тегі мықты болса, сол күшті саналатын. Brockelman қандық байланыс тайпа мүшесіне құқықтармен қатар, міндеттер де жүктегендігін, қауіп төнген сәтте

бауырына жәрдем етуге жауапты екендігін, бауыры істеген істің ақ-қарасын сұрауға құқығы жоқтығын айта отырып, бұл жауапкершілік ең алдымен өз кланына жүктелгендігін, тек оның күші жетпеген жағдайда ғана бүкіл тайпа ол үшін жанкиярлық көрсетіп, алға ұмтылғандығын атап көрсетеді.

Хасан Ибраһим Хасан да бұл мәселеге қатысты:

«Арабтар дұрыс не бұрыс ойласа да, әділетті болса не зұлымдық жасаса да, туыстары оларға кез келген жағдайда жәрдем ететін. Өйтпеген жағдайда оларды: «Бауырың залым болса да, жәбірленуші болса да жәрдем ет», – деп жазғыратын», – дейді.<sup>204</sup>

Әрбір тайпа осылайша әрекет еткендіктен, ортада бір хаос туындайтын еді. Шындығында, бұл келісім әділеттікке еш үйлеспейтін-ді.

Тайпа асабияты араб қоғамын билеген ең қуатты сезімдердің бірі саналды. Тайпалардағы бұл келісім тек бір ғана жағдайда бұзылатын. Олар басшылыққа таласу мен атақ мәселесінде ғана бәсекеге түсетін. Сондықтан өз араларында да көп қан төгілетін еді.

Арабтарда заң шығарушы және құқықтық бір инстанция болмаған. Жәһілдік дәуірінде «әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер» заң орнына жүрген еді.

Саудагерлер мен көшпенділер, егіншілер мен көшпенділер, тіпті, көшпенділердің өз арасындағы теңсіздіктің бұзылмауы үшін «ойын» барынша кешенді түрде ұйымдастырылған-ды. Қарулы қақтығыстар туралы айтпай, бәдеуидің отырықшыл өмірге немесе шөлдегі егістікке өтуін қалай түсіндіруге болады? Сыртқы жауға қарсы ұйымдасуда ауызбіршілік танытудың орнына жеке-жеке бас көтеріп, топқа бөлінушілікке бой ұрғандықтан, ұрыс-керістер де толастамайтын. Бұл қоғамдық жүйенің тікелей өз қолымен қоғамдық қатынастардың қауіп-қатерге тасталып отырғандығын көрсетеді. Осылайша араб қоғамындағы әлеуметтік жүйе қалада да, ауылда да тайпа асабиятына барып негізделді.

Арабтар мәдени өмірге өткеннен кейін де өздерінің кландық және тайпалық өмір салттарын жалғастырды. Тайпа мүшелері

---

204 Хасан, Х.Ибраһим, *Сияси, Дини, Күлтүрел, Сосиал Ислам тарихи*, ауд. Исмаил Йигит, Садреттин Гүмүш. - Стамбул, 1987, I, 88.

арасындағы қарым-қатынас қала тұрғындары арасындағы қатынасқа қарағанда анағұрлым күштірек болды.

Әлеуметтік тұрғыдан тайпа дегеніміз – бұл бір тектен шыққан жанұялардан құралған ру тармақтарынан тұратын, беделді жеке бір кісінің төңірегінде шоғырлана отырып көбейген әлеуметтік топ. Арабтар ұл баланы артық көрген. Ал қыз ұзату мен келін түсіру саяси есеп пен экономикалық қажеттіліктерге тәуелді дәстүрлі ережелерге сай жүзеге асырылды.

Әйелдер өмірге қажетті бар нәрсені қамтамасыз ету үшін еркектермен бірдей еңбек етті. Әйел отын жиып, су тасып, киім-кешек пен басқа да заттарды тоқып тігетін. Ақыл-ой мен пікір деңгейі тұрғысынан ер кісілермен бірдей дәрежеде болғанымен, әйелдер соғыстарда еркектің орнын баса алмады. Олардың пікірінше соғыс тіршіліктің негізі саналды. Бұл әйелдің мәртебесін ер кісіден төмен түсірген еді. Әйел кісі кейде өте төмен тұтылғанымен, кейбір авторлар білдіргендей,<sup>205</sup> жалпы сипатта емес-ті. Алайда, жекелеген жағдайларда арабтардың әйел кісі мен қыз баланы қорлап, оларға жаман қараған кездері де болған. Бұл жағдай Құран Кәрімде (16, 58-59, 81-8-9 17/31) сынға алынды. Араб әйелі өзін анағұрлым еркін ұстаған. Еркектер маңызды істер жөнінде әйелдермен ақылдасып отырған. Әйел еркекке көбіне жәрдем етіп, ортақ жұмыс істеген. Жұбайымен арасындағы қарым-қатынасы да ойлағанымыздан әлдеқайда жоғары деңгейде еді. Ер кісі әкесінің тегімен мақтанғандай, анасының тегін де мақтаныш тұтатын.

Оларда ажырасу құқығы еркектің қолында болды. Ажырасу құқығын өзіне беруін шарт ретінде қосып, үйленген әйелдер де кездесетін.

Арабтардың бойында өжеттілік, жомарттық пен намысқа тырысу сияқты қасиеттер ерекше көзге түсетін. Ержүректігі шабуылдар мен соғыстарда, тайпасын қорғау үшін шыққан шайқастарда көрінсе, ал жомарттығы қонағына түйелер союы мен үмітсіз кедей-кепшікке қол ұшын беруі, сондай-ақ алғанын артығымен қайтаруынан байқалатын. Ол соғыс майданына тайсалмай ұмтылатын. Олжа бөлісінде құралақан қалатын кездері де болатын. Жомарттықтың

---

205 Мысал ретінде қараңыз: Miquel, Andre, I, 40; Чағатай, *аталмыш еңбек*, 102; салыстырыңыз: Хасан, Хз Ибраһим, *аталмыш еңбек*, I, 87.

айқын бір үлгісі ретінде қажылық маусымында Мекке мен Минада қажыларға ас таратылуын айтуға болады. Бұл – Қусай заманынан бері жалғасып келе жатқан әдет. Исламға дейін «Рифада» деп аталған бұл дәстүр ислам келгеннен кейін де, бұрынғысынша жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Бұл сый-сыяпат әлі де Мекке мен Минада соңғы қажы келгенге дейін жасалады.

Мекке қаласы түрлі тайпалардың көсемдері мен белді тұлғаларынан құралған «Мәлә» деп аталатын мәжіліс тарапынан басқарылды. Алайда, бұл Мәжілістің атқарушы билік күші болмады, тек кеңес органы ретінде қызмет атқарды. Сонымен қатар әр тайпа өз ішінде тәуелсіз болғандықтан, тек бірауыздан қабылданған шешімдер ғана ықпалды болды. Мекке қаласын осындай тайпалардың басын біріктіріп, ортақ пайда мен мүдде төңірегіне жұмылдыра алған дарынды тұлғалар басқарған-ды.

Жолаушылар мен саудагерлердің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар да жүзеге асырылатын. Қасиетті (*харам*) айларда тайпалар арасындағы ұрыс-тартыстар тоқтатылып, қан төгуге тыйым салынатын. Мұндай шаралар Қағбаны зиярат етушілердің санын арттырып, аймақтағы сауда мен туризмнің дамуына үлес қосты. Бұл шараларды іске асыру үшін белгіленген он беске жуық қоғамдық қызмет Меккенің түрлі тайпалары мен оларға қарасты тармақтар арасында үлестірілген еді.

Бұл кезеңде: еріктілер, құлдар мен мәуәлилер сияқты үш түрлі әлеуметтік топ өмір сүрді. Еріктілер – отбасы немесе тайпа мүшелері, құлдар – тұтқындар немесе күндер, ал мәуәлилер – азаттығын алған құлдар мен күндер еді.

Исламнан бұрынғы Арабия түбегінің әлеуметтік-мәдени жағдайы, әсіресе, Меккенің діни-ахлақтық және әлеуметтік құрылымы тайпашылдыққа негізделген-ді. Шөлде тайпалық дәстүрді жалғастыра отырып, тіршілік ету үшін, тайпалар өзара ынтымақтастықты сақтауға мәжбүр болды. Бәдеуи араб әрі табиғаттың дүлей күштеріне әрі дұшпандарына қарсы күресуі тиіс еді. Бұл күресте жеңіске жету үшін басқалардың жәрдеміне, яғни өзі шыққан тайпаның қорғауына мұқтаж болды. Тайпалар арасы ұрыс-тартыстар пен құн дауы да тайпалар ынтымақтастығының маңызын арттыра түскен-ді.

Арабтар діндерін берік ұстанғанымен, діни сезімдері оншалықты күшті емес-ті. Уарака бин Нәуфал мен Умәййә бин Әбус-Салт сияқты бірен-саран білімді де мәдениетті тұлғалардан басқалары, жалпы, діни сауаты мен мәдениеті төмен кісілер болатын. Дегенмен, бәдеуилердің бойында қуатты діни сезімнің болғандығы авторлар тарапынан үнемі айтылып келеді.

Исламнан бұрын Арабия түбегіндегі діни құрылым өте күрделі сипатта, алуан түрлі діндер мен сенімдердің ықпалында болды. Кезінде Арабия түбегі халқына көптеген пайғамбарлар жіберілген еді. Оңтүстік Арабстандағы Йеменді мекен еткен Ад қауымына Һуд пайғамбар, Самуд қауымына Салих пайғамбар, Хижаз бен Палестина аймағындағы халықтарға Ибраһим, Исмаил, Шуғайб пен Исхак сияқты пайғамбарлар дінді насихаттап жеткізген-ді. Алайда, тәухид дінін насихаттау үшін жіберілген бұл пайғамбарлар өз міндеттерін аяқтап, Раббыларына қауышқаннан кейін Арабстан халқы түрлі негізсіз наным-сенім мен діндерді қабылдады. Сабейлік, мәжусилік, зороастризм, яһудилік, христиандық және пұтқа табынушылық сияқты діндер етек жайды.

Ибраһим пайғамбар мен Исмаил пайғамбардың Аллаһтың бірлігіне негізделген дінге шақыруымен мұсылмандықты қабылдаған Хижаз халқы Исмаил пайғамбар дүниеден өткеннен кейінгі уақытта ақиқатты ұмытып, тура жолдан ұзақтап, пұттарға табына бастады. Соның негізінде араларында ислам діні келгенге дейін жалғасқан, көбіне, сыртқы элементтерден қалыптасқан пұтқа табынушылық сенімі жайылған-ды.

Әз.Мұхаммед пен меккелік мұсылмандар Мәдинаға хижрет еткен уақытта (б.э. 622 ж.), Йәсрибте Әус пен Хазраж тайпаларымен қатар Қурайза ұлдары, Қайнука ұлдары мен Надир ұлдары деп аталатын яһуди тайпалар мен бірқатар мүшрік араб тайпалары өмір сүріп жатқан еді.

### **3. Хижаздағы ой-пікір жүйесі мен мәдени құрылым**

Әдетте, табиғи және әлеуметтік жағдайы мен мәдени-экономикалық құндылықтары бір-бірінен өзгеше ұлыстардың ойлау жүйесі де бір-бірінен ерекшеленетіндігі белгілі. Өркениетті бір ғана ұлыстың еншісіне беруге болмайды. Өйткені ұлыстар дамуда бір-

бірін толықтырып отырған. Әрбір ұлыс даму үдерісіне өзінің ақыл-ой және рухани ерекшеліктерімен үлес қосқан. Сондықтан даму негізінде қалыптасқан мәдениет ұлттаралық сипатқа ие болған.

Бір ұлыстың өкілдері арасында дүниетаным, тәрбие мен білім тұрғысынан ерекшелік болғанымен, олардың арасында ортақ тұстар да кездеседі. Бұл ұқсастық түсі мен бет-әлпетінде, сонымен қатар ақыл-ой мен көзқарасында да байқалады.

Ибн Халдун айтқандай, климат адамдардың терісіне, түстері мен басқа да көптеген жақтарына ықпал етеді.<sup>206</sup> Бұл ықпал тек көрінетін жақтарында ғана емес, сондай-ақ мінез-құлық, тәрбие, ойлау, дүиеге көзқарас пен мәдени жақтарында да көрінеді. Бұларды мен өзім де байқаған едім. Меккеде болған кезімде дүниенің түрлі аймақтарынан келген шәкірт жолдастарыммен кездестім. Олардың жүріс-тұрысынан келген аймақтың жағдайын аңғаруға болатын еді. Мәселен, қоңыржай климатты (Индонезия, Малайзия, Таиланд сияқты) оңтүстік-шығыс Азия елдерінен келгендер жұмсақ мінезді, түсінісуі жеңіл, қарапайым көзқарасты және тұрған ортада проблема шығарудан тартынатын кісілер еді. Ал Африкадан, әсіресе, аптапты ыстық климаты бар оңтүстігінен келгендер қатал, дөрекі мінезді, зорлықты көтермейтін және өз көзқарасынан басқа көзқарастағыларға аса көңіл бөлмейтін кісілер болды.

Осы тұрғыдан арабтардың өмірге деген көзқарасына қарайтын болсақ, бұл ықпалдың тысында қалмағандығын көреміз. Өйткені ол аймақ аптапты ұшан-теңіз шөлдермен қоршалған, адам тіршілігіне демеу боларлық элементтерден ада бір аймақ. Бұл жағдай мұндағы адамдар өмірінің барлық саласына әсер еткен. Енді олардың жағдайын бірқатар авторлардың пікірлеріне сүйене отырып, қарастыруға тырысайық:

Шуғубиядан шыққан бірқатар тұлғалар арабтар жөнінде:

«Жер бетінде өмір сүрген араб емес ұлыстардың өздерін қорғаған әміршілері, өздеріне баспана болған қалалары, сенген үкімдері, сондай-ақ пәлсапасы, өнері, заңдары мен түрлі құрал-жабдықтары болған, ал арабтардың ғылым, өнер және пәлсапа саласында ашқан ешбір жаңалығы мен қызметі жоқ. Олардың мақтанатыны тек өлең-жырлары ғана», – деген пікірді ұстанған еді.

Ал Жажиз бұл пікірге қарсы шығып, арабтарды басқа ұлыстармен салыстыра келе:

«Арабтардан басқа халықтар, яғни үнділер, гректер мен ирандықтар ие болған құндылықтар өздерінікі емес, одан бұрынғы ұлыстар тарапынан ғасырлар бойы ойлау нәтижесінде туындаған дүниелер. Бұл ұлыстар оларды өздеріне бейімдеп, меншіктенген. Ал арабтардағы барлық нәрсе алдын ала ойланбастан, бірден айтылған шабыттың жемісі. Өйткені ол ойына келген нәрсені бірден айтады да, мағыналар арты-артынан келеді. Олар оқу-жазу білмесе де, көркем сөзге бай, шешендік өнер бойына дарыған бір ұлыс еді. Арабтар басқалардың білімін жаттаған, басқалардың сөздерін өздеріне үлгі ретінде алған ұлыс емес-ті.<sup>207</sup>»

Осы екі пікір арасындағы шындықты көрсеткен Ибн Халдунның көзқарасы назар аударарлық. Ибн Халдунның пікірінше, арабтарға өздері өмір сүрген жабайы дәуір ықпал етіп, олардың бойында тонағыш және талқандағыш әдет қалыптастырған. Арабтар басқаларды тонайтын, қорғану үшін биік тауларға қашатын, басып алған жерлердің талқанын шығаратын. Ғимараттарды өртейтін, тіпті, қазанның астына кою үшін ғимараттардың тасын тасып әкететін. Шатырларын жөндеу үшін ғимараттардың төбесін бұзып, шатырларына қазық жасайтын. Адамдардың малын тартып алуда өздеріне шек қоймайтын. Заң мен үкімдерге мән бермейтін. Басшылық үшін бір-бірімен тартысып, тіпті, әкесі, бауыры және тайпасының ақсақалы болса да, басшылықты басқасының қолына бергісі келмейтін.

Билікте бірін-бірі көре алмаушылық, менмендік пен намысшылдық сияқты қасиеттер кең етек жайғандықтан, арабтар бір-біріне бағынуы ең қиын халық болды. Сондықтан тек пайғамбарлық пен уәлилік сияқты діни ықпалдың негізінде ғана мемлекет құра алған-ды.

Қалаларды салуда егін шаруашылығына ыңғайлы, суы мен жайылымы қолайлы жерлерді таңдамағандықтан, қалалары тез арада қираған. Сондай-ақ арабтар өнерге де көңіл қоймаған. Өйткені олар көшпенділікке беріліп, отырықшыл өмірге қажетті сәулеттендіру мен өнер сияқты салаларға еш мән бермейтін-ді. Сонымен қатар арабтарда ғылым мен білім де болмады. Өйткені білім – дағдылармен,

---

207 Ахмет Емин, *Фәжрул-Ислам*, ауд. Ахмет Сердароғлу. – Анкара, 1976. – 64 б.

білім беру және оқумен қалыптасатын дүние. Арабтар оқу-білімнен де өте ұзақ қалған еді.

Дегенмен, арабтар ақиқатты мойындауға және тура жолда жүруге ең бейім халық болды. Бұл кісінің жан дүниесін жаман әдеттерден, бойын теріс мінез-құлықтан аулақ ұстағандығына байланысты еді. Сондай-ақ арабтар басқа халықтар арасында өздерінің шешендігімен, ділмарлығымен және тілдерінің өткірлігімен де танылған-ды.

Бұл көзқарастарды да назарда ұстай отырып, мынадай баға беруге болады: арабтар шуғубиятшылар айтқандай, үнді, грек және парсылар ие болған мәдениет, өнер, ақыл-ой мен әдебиеттен толығымен жұрдай да емес, не Жихаз алға тартқандай, жоғары құндылықтарға, ғылым, өнер мен көзқарасқа да ие емес-ті. Бұл мәселеде Ибн Халдунның орта жолды ұстанғандығын көреміз. Оның тарих пәлсапашысы болуы арабтардың жағдайын баяндауына септігін тигізді. Біз де оның бағалауына сүйене отырып, мынадай қорытындыға барамыз:

Жәһілдік дәуіріндегі араб қызба мінезді, тез ренжігіш, сәл нәрседен толкитын бір адам типін құраған. Ол қобалжығанда, бірден қылышын суырып соғыса кететін болған. Соған байланысты соғыс олардың үйреншікті әдеті мен күнделікті тіршілігіне айналған-ды.

Қызба мінезді арабтың бойындағы зеректік оның сөзінен байқалатын. Ол күтпеген жерден сөз шығарып, тосын сұрақтарға да бірден тамаша жауап беретін. Алайда, оның зеректігі өндіруші, жаңалық тапқыш сипатта болмады. Мағынасынан гөрі, оның сөзді тауып айтуы таңғалдыратын. Қорыта айтқанда, арабтың тіл шеберлігі ақылынан басым түсетін еді.

Арабтың қиялы мен ойы өте шектеулі болды. Қиялында өз өмірінен бақыттырақ өмірді елестете алмайтын. Бақыттырақ өмірге жету үшін тырысқандығы да аса байқалмайтын. Тіпті, бұл өмірдің шыңына ұмтылу шебер болған тілінің өзінде жоқ-ты. Өйткені мұны білдіретін бірде-бір сөзді кездестірмейміз.

Арабтар теңдікті сүйетін, алайда, бұл тайпа ішіндегі теңдік еді. Ол тайпасы мен тайпаласына үлкен көңіл бөлетін. Өз халқы тапшылықта, басқалар молшылықта, өзі кедей, басқалар бай, өзі көшпенді, басқалар отырықшыл және мәдениетті бір ұлыс болса да, Парсы мен Рим сияқты елдердің ұлықтығын мойындамайтын. Арабтар бұл елдерді фәтх еткен кезде, ондағы халыққа ұлық бір адамның өз билігіндегілерге қарағанындай кейіп танытқан-ды.



Арабтардың ой өрісіне, дүниетанымына ықпал еткен факторларға және басқа халықтармен жасаған қарым-қатынастарына қарап, олардың тілінде, хикая, қисса, діни уағыз бен мақал-мәтелдерінде кескінделген пікір жүйесінің қайнар көзі осы байланыстар мен арабтардың ой-санасында, танымында жатқандығын көруге болады.

#### **4. Исламнан бұрын Мекке**

Хижаз аймағының жалпы құрылымы жөнінде айтып өткеннен кейін ислам мен мәдениетінің бесігі болған Мекке мен Мәдина (Йәсриб) қалаларын жеке-жеке қарастыруды жөн көрдік.

Мекке қаласы – адамзатқа (дүние мен ақиретте) табыс пен бақытқа жету жолын көрсеткен ислам дінінің отаны. Меккеде жер бетінде ең қасиетті саналған Қағба орналасқан. Сондықтан Меккенің мұсылмандар үшін маңызы ерекше. Мекке – Әз.Мұхаммедтің туып өскен жері. Онда пайғамбар исламды насихаттап таратты. Мұсылмандардың құбыласы болған, умра мен қажылық ғибадаттары да орындалатын Қағба осы Меккеде. Пайғамбарлар тарихы, ислам мәдениеті мен өркениетінің тарихы Мекке қаласының маңызын арттыра түсті. Мұсылман халықтар мен мемлекеттер ғасырлар бойы Мекке мен Қағбаға үлкен құрмет көрсетіп келді. Оны қорғау және дамыту үшін барлық күштерін жұмсады.

Тарихшылар Мекке мен төңірегінің алғашқы тұрғындары амаликалықтардан шыққандығын айтады. Амаликалықтар көбейіп, шар тарапқа тараған тұста Нәус ұлы Сәмайда бастаған бір қауым Мекке төңірегіне келіп қоныстанады. Олардың «Сәмайда» атты билігі ұзақ жылдар өмір сүрген. Кейінірек Вавилонның жығылуына байланысты кахтанилер солтүстік Арабстанға қоныс аударады. Кахтанилердің басшысы Йаруб бин Кахтан өзінің бауыры Журхум бин Кахтанды Йеменге әкеліп, Хижаз өңірінің уәлиі етіп тағайындайды. Ол басқарған Журхум тайпасы Меккенің айналасына келіп қоныстанады. Екінші журхумилер деп те аталған бұл қауым сәмайдалықтарды Меккеден қуып шығып, Тихама төңірегіне жер аудартады. Сәмайдалықтар да алдымен Тихамада, одан кейін Йәсрибте мемлекет құрған еді.

Әз.Ибраһим жұбайы Хажар мен ұлы Исмаилды Меккеге әкеліп қалдырған заманда билік басында амаликалықтарды Меккеден

куып шығарған журхимилер тұрған-ды. Қағбаның салынуы, зәмзәм суының шығуы, Өз.Ибраһим пайғамбар дінінің мұнда тарауы, Бәйтуллаһтың қажылық пен умраның мекеніне айналуы сияқты жағдайлар журхимилер мен Өз.Ибраһимның ұрпағын бір-біріне жақындатып, араларындағы байланыс қыз алысып-берісу жолымен күшейе түскен еді. Журхимилер мен исмаилилердің (Өз.Исмаил ұрпақтарының) бірігіп, біте қайнасуының нәтижесінде пайда болған «араб-ы мутақарриба» қауымы Меккенің ол замандарда бар болғандығын дәлелдейді.

Өл-Өзраки, әл-Хамадани, Табари мен Мәсғуди сынды ғалымдар өз еңбектерінде Меккенің аттары жөнінде мәліметтер келтірген. Ал географ Батламиус зәмзәм құдығы орналасқан жерде II ғасырда бір елді мекеннің болғандығын және «Мақруба» (Макароба) деп аталғандығын айтады. Мұны жеткізген M.Radinson «Мақрубаның» араб тілінде «мқрб», эфиопия тілінде «мәқрәйб» түрінде жазылып, «қабір», «кесене» мағынасындағы сөз ретінде қолданылғандығын айта келе, Меккенің исламнан бұрын да бар болғандығын, тарихы ежелден басталатындығын алға тартады.

Бәлкім, сол дәуірлерде Мекке деп аталған жазықтықта қала болмаған да шығар. Қазіргі Мекке қаласы орналасқан жер көне дәуірлерде «Мекке» немесе «Бекке» деп аталған. Бұл аймақтың осы екі атаумен аталғандығы белгілі. Құран Кәрім *«Адамдар үшін салынған алғашқы қасиетті үй Беккедедегі құтты үй...»* дегенде, осыған меңзеген. Меккенің тағы бір атауы – «Уммул-қура». Сол сияқты Ахд-ы Атиқта (Ескі өсиетте) құрбан шалу (*зәбх*) оқиғасы, Исхақ пен Исмаилдың құрбандыққа шалынуы жөніндегі тартыс жөнінде, сондай-ақ Дәуіт пайғамбардың бұл өңірмен байланысы туралы айтылғанда, Мекке мен Қағбаның аттары да аталады. Олай болса, соңғы қайнар көздің көрсеткеніндей, Бекке мен Қағба Дәуіт пайғамбардан бұрын да бар еді.

Негізінде, Мекке мен төңірегі яһудилік пен христиандық тарихы тұрғысынан да маңызды. Яһудилер бұл жерді Өз.Сүлейменнің ескерткіші болған аймақ ретінде қараса, ал христиандардың кейбірі Өз.Исаның крестке керілген жері деп санайды. Бұл пікір бойынша, Мурия Меккеде емес, Палестинада, құрбан етілген Исмаил емес Исхақ болып шығады. Сөйтіп, осы пікір арқылы құрбан етілген жер бұл аймақта болмағандығын дәлелдеуге тырысады.

Әз.Исмаил Меккеге орналасқаннан кейін Тәуратта айтылған және Құранда баяндалған құрбан (*зәбх*) оқиғасы орын алған еді. Ибраһим пайғамбарға түсінде сүйікті ұлы Исмаилды Аллаһқа атап құрбандыққа шалу бұйырылады. Әз.Ибраһим бұл иләһи бұйрыққа мойынсұнып, ұлы Исмаилды құрбандыққа шалатын болады. Алайда, бауыздау жүзеге аспайды. Адақ (*нәзір*) орындалды деп қабылданып, Әз.Ибраһим ұлының орнына бір қошқарды құрбандыққа шалады. Осы оқиға *зәбх* оқиғасы деп аталды. Тәуратта (Әкімдер бөлімі, 8, 13; Тәкуин бөлімі 22 және басқа бөлімдерде) бұл тақырып жөнінде ұзақ айтылады және құрбандыққа шалынатын Исхақ болғандығы алға тартылады. Ал шындығында, құрбандыққа шалынатын Исмаил еді. Мұның себептері мен нәзірдің орындалуы, Исмаилдың орнына қошқар жіберіліп, бауыздалғандығы жөнінде Құранда жан-жақы айтылған. Құранның білдіруінше, құрбандыққа шалынатын болған Исхақ емес, Исмаил. Өйткені Исмаилдың ұрпағы Меккеге орналасып көбейген еді. Меккені мекендеген аднанилер де Исмаилдан тараған болатын. Аднанилерден шыққан Қусайдың ұрпағы да Меккеде өмір сүріп, ұзақ уақыт бойы қаланың билігін қолында ұстаған. Бұл жағдай ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед келгенге дейін жалғасқанды. Мекке қаласын біраз уақыт Хузаа тайпасы да басқарған. Алайда, Аднан ұрпақтарынан шыққан Қусай бин Килабтың Меккедегі билікті өз қолына алуымен аднанилер қайта билік басына келген еді. Сөйтіп, аднанилерден шыққан Құрайыш тайпасының үстемдігі басталған-ды. Әз.Мұхаммед пайғамбар ретінде жіберілген уақытта, Меккеде Аднан ұлдары тұрып жатқан еді. Қаланы Құрайыш тайпасы басқаратын. Ал Мәдинада Кахтан ұрпақтары өмір сүріп жатты.

Аднанилердің Әз.Исмаилдан тарағандығы жөнінде айтқанбыз. Исмаил пайғамбардан Аднанға дейін қанша буын өткендігі белгілі болмағанымен, Аднаннан Әз.Мұхаммедке дейінгі буындар нақты анықталған.

Аднаннан кейін ұлдары көбейіп, Хижаз өңіріне тараған еді. Өсіресе, Аднан ұлы Мадтың ұлы Низар, Низардың ұлы Мудар, Мудардың ұлы Илияс, Илиястың ұлы Мудрика, Мудриканың ұлы Хузайма, Хузайманың ұлы Кинана, Кинананың ұлы Надр, Надрдың ұлы Малик, Маликтан кейін Фихрдан (Құрайыштан) тараған ұрпақтар аймақтағы танымал тайпалар қатарына жатады. «Құрайыш» деп те аталған Фихр ұлдары толығымен Мекке жазығына орналасқан еді. Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедке дейін Меккені басқарған Аднан ұрпағы, міне, осы Құрайыш тайпасы болатын.

Меккенің айналасы қамал не қорғанмен қоршалмаған еді. Алайда, барлық діндер үшін қасиетті мекен ретінде қаралғандықтан, «қауіпсіз ел» (*бәләд-и әмин*) аталған-ды. Арабтар қажылық пен умра жасау үшін Қағбаны зиярат етуге келетін. Қағба мен Меккені құрмет тұтқандықтан, төрт ай бойы соғыс пен талан-тараж харам саналатын. Алғашқы үшеуі қажылық айларын құрайтын «қасиетті (*харам*) айларда» қан төгу, ұрлық жасау мен тонауға тыйым салынған еді.

Мекке қаласы түбектің ең маңызды діни, мәдени және сауда орталығы болған. Қағба мен зәмзәм Меккенің мәртебесін арттыра түскен-ді. Қағбаны кезінде Аллаһтың әмірімен Ибраһим пайғамбар мен ұлы Исмаил пайғамбар салған. Қағба Ибраһим пайғамбар жеткізген діннің негіздеріне сай зиярат және тауап етілген. Алайда, Исмаилдан тараған ұрпақ кейін келе Ибраһим пайғамбар насихаттап кеткен діннен ажыраған еді. Соған қарамастан, меккеліктердің дін, сауда және туризмге байланысты бұл жерге үлкен маңыз бергендігін Құран мен тарих кітаптарынан оқып білеміз.

### **а. Меккенің басқарылуы**

Арабия түбегіндегі ең маңызды елді мекендердің басында келетін Мекке ежелден бері қасиетті мекен ретінде бағаланған. Бастапқы кезден бүгінгі күнге дейін барлық адамдар үшін қасиетті саналған Қағбаның Арабстанда, соның ішінде Меккеде орналасуы бұл қаланың ең маңызды сауда және туризм орталығына айналуына мүмкіндік берген еді. Ұзақ уақыт бойы (үшінші ғасырға дейін) Журхум тайпасы тарапынан басқарылған Мекке кейінірек Хузаа тайпасының қолына өтеді. Алайда, қасиетті деп саналған бірқатар қызметтер бұрынғы биліктің қолында қалады. Хузаа мен оны қолдаушылар билікті жартылай Қусайға қалдыруға мәжбүр болады. Қусай ол кездері бытыраңқы өмір сүрген және ықпалы қалмаған Құрайыштың бірқатар тармақтарының бірігуінен қорқатын-ды.

Меккені басқару жүйесі ол дәуірлерде «қала басшылығы» (жергілікті басшылық және әкімшілік) ретінде түрлі тайпалардың басшылары мен беделді кісілерінен құралған «Мәлә» деп аталатын «Сенаттың» қолында болды. Бұл билік орнының атқарушы күші болмағанымен, түрлі тайпаларды ортақ пайда мен мүдде төңірегінде біріктіре білген дарынды тұлғалар Мекке қаласын басқаруға үлкен

үлес қосты. Абсолюттік күшке ие патша немесе әмірші тарапынан басқарылмаған Мекке қаласында патшалықтың орнына ұжымдық өкімет құрылған еді. Сондықтан Меккені басқаруға қатысты істерде кісінің жеке құзіреті өзі шыққан тайпаның күші мен тұлғалық ерекшеліктері сияқты екі басты негізге сүйенді.

Ислам діні Меккені басқару және Қағбаға қызмет етуге байланысты істер арасында Құранның үндеуіне сәйкес келетіндерін қалдырып, қалғанын жойған. Қағбаға қатысты қызметтер Қусайдан кейін оның ұлдары Абдуддар, Абдулманаф (Муғира), Абдулузза, Абдуқусай және олардың ұрпақтары тарапынан атқарылды. Олардың ішінде Абдулманаф Әз.Мұхаммедтің атасы Абдулмутталибтың атасы болған.

Мекке егіншілікке ыңғайлы болмағандықтан, күнкөріс сауда мен туризм кірістеріне тәуелді еді. Сол себептен Қағбаны зиярат ету үшін келгендерге қызмет көрсетуге үлкен көңіл бөлінді. Зияраттарды жеңілдету, азық-түлік, сусын және төсек орнын дайындау ең басты қоғамдық қызметтер саналатын. Сондай-ақ жолаушылар мен саудагерлердің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар да жүзеге асырылатын. Қасиетті (*харам*) айларда тайпалар арасындағы ұрыс-керісті тоқтату, қан төгуге тыйым салу және басқа да қауіпсіздік шаралары Қағбаны зиярат етушілердің санын арттыру, аймақтағы сауда мен туризмді дамыту мақсатына бағытталған-ды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін белгіленген он беске жуық қоғамдық қызмет Меккенің түрлі тайпалары мен оларға қарасты тармақтар арасында үлестірілген болатын. Бұл қызметтер Мекке қалалық өкіметінің саяси, басқару, әскери, сауда, экономикалық, әлеуметтік және діни істерін ретке келтіруде маңызды саналды. Олардың арасында ең бастылары мыналар еді:

**Хижаба-сидана:** Қағбаны күзету қызметі. Қағбаның кілттері осы қызметті атқаратын кісінің қолында болды. Ол Қағбаны ашып жабатын және зиярат жасататын. Бұл қызмет діни қызметтер арасында ең қасиеттісі саналатын. Хижаба-сидана қызметі Қусайдан кейін ұлы Абдуддарға өтіп, оның ұлдары тарапынан атқарылды.

**Сиқая:** Қағбаны зиярат етушілер мен қонақтарды су және басқа да сусындармен қамтамасыз ету қызметі. Зәмзәм құдығы журхумилер тарапынан жабылып тасталғандықтан, Меккеде су тапшы болған. Сондықтан қажылар мен қонақтар үшін бұл қызмет өте

маңызды еді. Қусай тарапынан белгіленген деп айтылатын бұл қызметті ол дүниеден өткеннен кейін Абдуманаф пен оның балалары атқарды. Қажылар мен қонақтар көрсетілген бұл қызмет үшін Мекке қалалық басқармасына белгілі бір көлемде ақы төлейтін-ді.

**Рифада:** Қағбаны зиярат етушілердің, әсіресе, кедей қажылардың ішіп-жеу, киім-кешек пен жатын орын қажеттіліктерін қамтамасыз ету қызметі. Бұл қызмет Қусай дүниеден өткеннен кейін Абдуманаф ұлдарының қолына өтті.

**Нәдуа:** Жиналыс үйінде (*Дарун-нәдуа*) мәжілістер өткізіп, келіссөздер жүргізу және келіссөздерді басқару қызметі. Онда Меккенің түрлі мәселелеріне қатысты жиналыстар өткізілетін. Бұл қызмет Қусайдан кейін Абдуддар мен ұрпағына өткен еді.

**Лиуа:** Құрайыштың «уқаб» атты туын көтеру қызметі. Қалаға қауіп төнген жағдайда немесе соғыста ту тігіп, Мекке халқын ту төңірегіне жинау міндеті. Бұл міндет те Қусайдан кейін Абдуддар мен ұрпағына өткен-ді.

**Қияда:** Қолбасшылық қызметі, яғни сауда және соғыс сапарларында сауда керуеніне немесе әскерге басшылық ету.

**Мәшуарат:** Меккенің маңызды істерінде кеңес беру қызметі, Қусайдан кейін Абдулузза мен ұрпақтарына берілген еді.

**Сифарат:** Мекке қалалық өкіметінің атынан бейбітшілік, соғыс және басқа да мәселелерде келісімшарттарға қол қою, сыртқы істерде Құрайыштың атынан өкілдік ету қызметі. Бұл қызмет ислам жаңа шыққан уақытта Омар бин әл-Хаттаб тарапынан атқарылып жатқан еді.

**Үкімет:** Тайпалар мен түрлі қауымдар арасындағы келіспеушіліктерді шешу және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету қызметі. Ислам келген уақыттарда бұл қызметті де Омар бин әл-Хаттаб атқарып жатқан еді.

**Нәзарат:** Тасымалданатын жүктерді тексеру және тасымалдауға рұқсат беру қызметі. Ислам келген уақыттарда бұл қызмет Әбу Бәкірде еді.

**Қубба:** Соғыс кезінде қару-жарақ пен басқа да жабдықтарды қорғау қызметі. Ислам келген уақытта бұл қызметті Халид бин Уәлид атқарып жатқан еді.

**Исар:** «Әзләм» атты оқпен бал ашу қызметі. Бұл оқтар Хубал атты пұттың жанында сақталатын. Ислам келген уақытта бұл қызмет Сафуан бин Умәййәнің қолында болған-ды.

**Хазина-и Әмуәл:** Соғыс үшін жиналған қару-жарақ, жабдықтар мен басқа да заттарды қорғау қызметі. Ислам келген кезде бұл қызметті Харис бин Қайс атқарып жатқан еді.

**Әмуәл-у мухәжжара:** Қағбадағы түрлі пұттарға арналып жиналған ақша мен қымбат бағалы заттарды күзету қызметі. Исламнан бұрын бұл қызмет Сәхм ұлдарының қолында болатын.

**Имара:** Қағба мен айналасында жаман сөз сөйлеу, дауыс көтеруге тыйым салу, қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз ету қызметі.

Құрайыш тайпасы Меккеде басқаруды өз қолына алғаннан кейін белгіленген бұл қызметтер қаланың бірқатар ережелер шеңберінде басқарылғандығын, алайда, басқарудың санаулы бір әулеттің қолында шоғырланғандығын көрсетеді. Жалпы алғанда, Құрайыш тайпасының қолындағы билік әлеуметтік және экономикалық шараларға қарай сол тайпаның түрлі рулары арасында бөлінген еді. Басым бөлігі Қусай тарапынан белгіленген бұл қызметтердің бір бөлігі исламнан кейін жойылып, тек (сиқая мен хижабә сияқты) діни қызметтер қалған болатын. Мекке қаласын басқару хижреттің 8-інші жылы мұсылмандар тарапынан Мекке фәтх етілгенге дейін осы күйінде жалғасты.

Меккеліктердің дүниеге көзқарасы мен мәдени болмысы Арабстанның жалпы дүниетаным жүйесі мен мәдени құрылымының бір бөлшегін құрады. Қағбаның көлеңкесінде өмір сүрген меккеліктер басқа тайпаларға қарағанда діндар болды. Басым бөлігі пұтқа табынған меккеліктердің арасында христиандар, яһудилер мен басқа дін өкілдері де бар еді. Олардың ой-өрісі мен мәдени болмысы пұтқа табынушылық сеніміне қарай қалыптасқан-ды. Олар пұттарға пайда табу мен күнкөріс құралы ретінде қарады. Рухани жағынан гөрі материалдық жағына көбірек мән берді. Нәпсілік жеке сезімдерге бой алдырып, рухани жан дүниесін дамыта қоймады. Сондықтан мал-дүниесімен, тайпасының беделімен паңданған Мекке ақсүйектері Әз.Мұхаммедтің Аллаһтың елшісі ретінде таңдалуын бір түрлі ұғына алмады. Өйткені Әз.Мұхаммед бір рудың

не тайпаның көсемі емес еді. Ол дәулетті саудагер де емес-ті. Меккелік ақсүйектерден Әл-Уәлид бин Муғира Әз.Мұхаммедке:

*«Егер пайғамбарлық рас болса, мен бұл іске сеннен гөрі лайықтырақпын. Өйткені сеннен гөрі жасым да үлкен, байлығым да артық»,* – деген еді.

Қорыта айтқанда, исламнан бұрын Мекке халқы білім мен мәдениеттен жұрдай, ой-өрісі тар, жеке және қоғамдық өмір салты бұзылған, сенімдері адасқан және ахлағы төмен бір қауым еді.

Меккедегі білім беру жүйесі де Арабия түбегіндегі жалпы жүйеден өзгеше емес-ті. Арабия түбегіндегі білім беру жүйесі мен құрылымдары көрші елдер мен қалалардың жалпы сипаттамасын да көрсетеді. Өйткені исламнан бұрынғы кезеңде бүкіл әлемді «жәһілдік дәуірі» жайлаған-ды. Жалпы алғанда, адамдардың сауаттылығы сауда істері мен діни-ұлттық міндеттерін атқаруға мүмкіндік беретіндей ғана деңгейде еді. Дегенмен, Таяу Шығыс пен Қиыр Шығыстағы бірқатар елдерде, сол сияқты Еуропа мен Африкада өнер мен математика, пәлсапа мен логика және тағы басқа ілімдерді үйрететін мектептер қалыптасқан болатын.

Жәһілдік дәуірінде, Арабия түбегінде, әсіресе, Меккеде білім алу жеке талпыныстарға тәуелді болды. Сауаты бар кісі саны аз еді. Үйлер мен отбастары, жалпы, білім ошағы саналатын. Балалар тәрбиесі, көбіне, шөлде, бәдеуи отбастарында және сүт аналардың қолында берілетін. Ата-аналар балаларының тәрбиесімен өздері айналысатын. Еріктілер арнайы орындарда білім алатын. Ал кедейлер, құлдар мен күндер шамасы жеткенінше өздері сауат ашуға тырысып бағатын. Олардың Дәрун-нәдуада біршама білім алғандықтары жайлы айтылады. Арабия түбегінде көптеген хатшылар болғандығы және мұнда араб жазуы, сауат ашу мен діни-ұлттық білімдер үйретілгендігі бірқатар авторлар тарапынан мысалдарымен дәйектелуде.

Дегенмен, Хижаз халқынан, меккеліктер мен мәдиналықтардан шыққан сауаттылар саны жалпы халық санына қарағанда аз болды. Мәдиналық яһудилердің көпшілігі, христиандар мен саудагерлердің басым бөлігі өз тілінде оқып жазатын. Мәселен, Уарақа бин Нәуфал осындай сауатты кісілерден саналатын. Пайғамбардың уахи хатшылары да меккелік және мәдиналық сауатты кісілерден



құралған-ды. Ислам діні келген уақытта Меккеде сауатты кісі саны он жетідей еді. Тарих білімі, сәуегейлік пен сиқыршылық мәселесінде маманданған кісілер де бар болатын.

Әз.Мұхаммед исламға үндеген кезеңде де білім беру осы деңгейде жалғасып, адамдарға әрі оқу-жазу әрі діни білімдер үйретілді. Өйткені ислам діні адам тәрбиелеп шығаруға негізделген еді. Осылайша мұсылмандар Аллаһ тарапынан уахи етіліп, Расулуллаһтың өнегелі өмірі арқылы жүзеге асқан ақиқаттарды үйренген-ді.

Меккеде ислам келгеннен кейін білім беру үйлер мен мектептерде жалғасты. Әз.Мұхаммед пен Әркам бин Әбул-Әркамның үйлері тәлім-тәрбие беретін басты білім ошағына айналған еді. Әркамның үйі әрі Әз.Мұхаммед үндеуінің тұрағы әрі ислам білім беру орталығы болған-ды.

Бұл тұста Мекке мен Хижаз тарихында ерекше орын алған Қағба мен зәмзәм құдығы жөнінде қысқаша айта кеткен жөн. Өйткені Бәйтуллаһ пен зәмзәм Меккенің исламнан бұрын да бар болғандығын және ежелден келе жатқан тарихы барлығын дәлелдейді.

## ә. Қағба

Қағба – ислам діні бойынша, көктегі үлгісі негізге алына отырып, Әз.Адам тарапынан ғибадатхана ретінде салынған алғашқы үй. Нұх топанынан кейін Ибраһим мен Исмаил пайғамбарлар оны қайтадан соққан.

Жер бетінде салынған ең алғашқы ғибадатхана ретінде саналатын Қағба мұсылмандардың құбыласы және қажылық ғибадатын орындайтын орны. Қағбаны зиярат және тауап ету бұл қасиетті орынның соғылуымен бірге басталады. Ұлы Аллаһ Әли Имран сүресінің 26-аятында:

*«Сол уақытта Ибраһимды Қағбаның орнына: «Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа, үйімді тауап етушілер, қиямда тұрушылар, руқуғ бен сәжде жасаушылар үшін таза ұста», – деп орналастырған едік. Адамдарды қажылыққа шақыр. Олар жаяу және көлік үстінде әрбір алыс жолдардан саған келсін», – дейді.*

Міне, Әз.Ибраһим заманында парыз болған қажылық ғибадаты Әз.Мұхаммед елші ретінде жіберілген ислам дінінде қайтадан парыз етілген еді.

Ұлы Аллаһ Әз.Ибраһимға соғу мен тазартуды әмір еткен кезден бастап, Қағба бүгінгі күнге дейін адамдар тарапынан зиярат және тауап етіліп келеді. Аллаһ тағала Хаж сүресінің 25-29-аяттарында:

*«Ақиқатында, сондай күпірлік етушілерге (иманға келмегендерге) және Аллаһтың жолынан тосушыларға әрі Біз адамдар үшін – ол жерде тұрушылар және сырттан келушілерге – бірдей еткен әл-Харам мешітінен тосатындарға, сондай-ақ кім ол жерде әділетсіздік етіп, (ақиқаттан) ауытқуды қаласа, Біз оған қинаушы азапты таттырамыз. Міне, кезінде Біз Ибраһимге Үйдің (Қағбаның) орнын көрсетіп: «Маған еш нәрсені серік етіп қоспа және Үйді тауап етушілер, (намазда) тұрушылар, руқуғ, сәжде жасаушылар үшін тазала. Әрі адамдар арасында қажылық жайында хабарла. Олар саған жаяу және түрлі жүдеген (жануарлар) үстінде алыс жерлерден (жердің түкпір-түкпірінен) келеді. Олар өздері үшін пайдалы нәрселерге куә болсын және белгілі күндерде өздеріне Ол (Аллаһ) ризық етіп берген малдардың үстінен (шалатын кезде) Аллаһтың атын еске алсын. Одан өздерің де жеңдер және жоқ-жітімке жегізіңдер. Содан кейін олар (денелеріндегі) таза еместен арылсын, нәзірлерін орындасын және ежелгі Үйді (Қағбаны) тауап етсін», – деп бұйырады.*

Қусайдан бұрын Қағбаға Хузаа тайпасынан шыққан Хуләйл жауапты еді. Хуләйл дүние салардан бұрын өзіндегі Қағбаның аманаттарын қызы Хуббаға тапсырады. Хубба әйел кісі болғандықтан, бұл міндеттерді қабыл етпейді, соған байланысты Қағбаның кілттері мен оған қатысты қызметтер Әбу Губшан әл-Хузаиға өтеді. Әбу Губшан өте көп ішкілік ішетін кісі еді. Оның бір күні мас болып, Қағбаның кілттерін Хуләйлдің қызы Хуббаның күйеуі Қусайға сатқандығы риуаят етіледі.

Қусай Қағбаны күзету қызметін алғаннан кейін ескі Қағба ғимаратын жығып, оның орнына төбесі құрма ағашынан жасалған құрылыс материалдарымен жабылған ғимарат салады. Қусай өзіне өткен Қағба қызметтерін дамытып, құрылымын жетілдіреді. Ислам діні бұл қызметтердің Құранға сәйкес келетіндерін қалдырып, сәйкес келмейтіндерін жойған-ды.

*«Бұл (Құран) кенттердің анасы (Мекке) мен айналасындағы адамдарды үгіттеуің үшін Біз саған түсірген өзінен бұрынғыны растаушы құтты бір Кіман...»,<sup>208</sup>*

- деп, Ұлы Аллаһ Мекке қаласы мен Қағбаның қасиеттілігін, ислам таңы осы жерде атқандығын меңзейді. Сөйтіп, Мекке дүниенің орталығына, қалалардың анасына (*Уммул-Қура*) айналғандықтан, соңғы «иләһи үндеудің» тұрағы ретінде тандалған-ды.

Исламнан кейін өзінің ақиқат мәніне қауышқан Қағба табиғи апаттар мен түрлі қауымдардың шабуылдарына да ұшырап отырған. Хузаалықтар журхумилерді жеңіп, Меккеден қуып шыққан кезде журхумилер Хажарул-Әсуадты (Қара тасты) Қағбадағы орнынан жасырын түрде алып шығып, тығып қояды. Осыған байланысты басталған шабуылдар исламнан кейін де жалғасқан еді. Хамдан бин Әсас Карматқа телініп, Карамита (карматилер) деп аталған топ IV ғасырда (317/929) Әбу Тахирдың қолбасшылығымен Меккеге келіп, көптеген қажыларды қырып салады. Карматилер бұл шабуыл кезінде Хажарул-Әсуадты орнынан алып, елдеріне алып кеткенімен, біршама уақыттан кейін қайтаруға мәжбүр болады.

Қағба салынып жатқан кезде тауаптың басталатын жерін көрсететін белгі қою қажет болады. Әз.Ибраһим осы мақсатта Хажарул-Әсуадты Әбу Кубәйс тауынан алдырып, Қағбаның қазіргі «шығыс бұрышы» деп аталатын бұрышына қояды. Тауаптың басталатын жерін көрсететін бұл тасқа мұсылмандар мен басқа да қауымдар ерекше мән бергендіктен, қасиетті деп саналатын еді. Әз.Мұхаммедтің жігіт шағында Қағбаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жөндеу кезінде орнынан алынған Хажарул-Әсуадты Әз.Мұхаммедтің қайта орнына қойғандығы айтылады.

Мұсылмандардың құбыласы және қажылық ғибадаттарының қасиетті мекені саналған Қағбада Амалика мен Журхум тайпалары, Қусай мен оның ұрпақтары исламнан бұрынғы дәуірлерде жөндеу жұмыстарын жүргізген. Ал мұсылмандық дәуірлерде Абдуллаһ бин Зубәйр бин әл-Аууам, Хажжәж бин Юсуф әс-Сақафи, Осман империясы сұлтандары I Мұрат пен IV Мұрат заманында да жөндеу жұмыстары жүргізіліп, соның нәтижесінде Қағба бүгінгі кейпін алған. Қағба османдықтар мемлекеті тұсында қауіпсіздікке қауышып, жақсы күтім көрген.

Қағбаға өте үлкен құрмет көрсеткен османдықтар династиясы оны қорғау, күтім жасау мен жөндеу жұмыстарына ерекше көңіл бөліп, қажылардың жол қауіпсіздігі мен жеңілдігін де қамтамасыз еткен. Ұлы Аллаһ Үйіне қызмет еткен, оны қорғап, күтімін жасаған

бұл ұлысты дүниеде үстем қылды, күш-қуат беріп, дұшпандарына қарсы жеңімпаз етті. Османдық түріктердің үш құрылықты алып жатқан дүниенің ең алып, ең ұзақ өмір сүрген мемлекеттерінің бірін құруында ислам діні мен оның құндылықтарына көрсеткен құрметінің де үлкен үлесі болған шығар. Сондай-ақ түріктер алғашқы ислам мемлекеті құрылған пайғамбардың қаласы Мәдина-и Мунаууараның да күтімі мен қорғалуына үлкен көңіл бөлген еді.

## б. Зәмзәм суы

Әз.Исмаил мен анасы тарапынан шығарылған деп саналатын Қағбаның жиырма метр шығысындағы зәмзәм суы да Меккенің маңызын арттырған факторлардың бірі болып табылады. Шәйба ұлдары қақпасының жанында, Хажарул-Әсуадтың алдында орналасқан зәмзәм құдығы жұрхумилер тарапынан жауып тасталғанымен, Әз.Мұхаммедтің атасы оны тауып, көзін ашқан еді. Риуаяттарда бұл оқиға былай сипатталады:

Әз.Мұхаммедтің атасы Абдулмутталиб (Шәйба) бір күні Қағбаның іргесіндегі Хажарул-Әсуадтың жанында ұйықтап жатып, түс көреді. Түсінде зәмзәм құдығының орны көрсетіліп, Абдулмутталибтан оны тазарту талап етіледі. Осыған байланысты Абдулмутталиб ұлы Хариспен бірге өзіне орны мен жай-жапсары көрсетілген зәмзәм құдығын тауып, тазалай бастайды. Сонда кетпені тасқа тиіп дауыс шығады да, ол тәкбір келтіреді. Мұны естіген Құрайыш оның мақсатына жеткендігін түсініп, қызғанады. Табылған құдықтың аталары Исмаилдың құдығы болғандығын айтып, құдыққа құқығы бар екендігін алға тартады. Сөйтіп, Абдулмутталиб пен басқа Құрайыш рулары арасында қатты ұрыс-керіс басталады.

Құдықты тазалап қазып жатқан кезінде құдықтан Журхум тайпасына тиесілі көптеген темірден жасалған бұйымдар, оқ, мүсін және басқа да заттарды табылады. Осыған байланысты Абдулмутталиб Құрайыштан көп жапа шегеді. Жаны қатты күйзелген ол, егер он ұлы болып, өзін дұшпандарына қарсы қорғайтындай жасқа келетін болса, олардың бірін Тәңірге атап Қағбада құрбандыққа шалатындығына уәде етеді. Әз.Ибраһимның ұлы Исмаилды құрбандыққа атағаны сияқты бұл атау (*нәзір*) кейін жеребе салу арқылы жүзеге асырылған еді. Абдулмутталиб тілегі қабыл болуына

байланысты, Хубал атты пұттың басында тұрып балаларының арасында жеребе суырады. Жеребе Абдуллаһ деген ұлына, яғни Әз.Мұхаммедтің әкесіне түседі. Әдет бойынша Абдуллаһтың орнына түйе шалынатын болады да, түйе мен Абдуллаһ арасында жеребе қайта-қайта тастала бастайды. Он түйемен басталған жеребе түйе саны жүзге жеткенде ғана түйеге түскен-ді. Ұлының құрбандыққа шалынудан құтылғанына қуанған Абдулмутталиб жүз түйе сойып, меккеліктерге сый-сияпат береді.

Абдулмутталиб тұсында қажыларға қайта ұсыныла бастаған зәмзәм суын қорғауға ислам тарихы бойынша үлкен көңіл бөлінді. Зәмзәм суын ішу ислам салтында өте сауапты және қасиетті іс болып табылады.

## **б. «Піл» оқиғасы**

«Піл» оқиғасы Мекке тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болған. Бұл оқиға Құран Кәрімдегі «Піл» сүресінде қысқаша сипатталған. Ол жөнінде тәпсір кітаптары мен классикалық ислам тарихы дереккөздерінде де жан-жақты баяндалған.

Ериятты өлтіріп, Йеменге әмірші болған Әбраха бин әс-Сабах б.э. VI ғасырының соңына қарай Йемен халқын күштеп христиандастырады. Әбраха христиандықты Арабстанда жаю мақсатымен бірқатар әрекеттер жасайды. Селден жығылған Мариб бөгетінің тастарын қолдана отырып, Санада сәулетті шіркеу (әл-Куллэйс) салдырады. Осылайша арабтарды осы жерге тартып, пұтқа табынушылықтан бас тартқызып, христиандастыруды көздеген еді. Алайда, Арабстан халқы Қағбаны ерекше қасиет тұтқандықтан, Қағбаны тастап, Әбраха салдырған шіркеуге бара қоймады. Оның үстіне арабтар жыл сайын Қағбаны зиярат етіп, қажылық жасайтын, сондай-ақ сол арқылы сауда істерін де жүргізетін. Ал Санадағы шіркеуге қасиеттеп құрмет көрсету Хижаздың экономикасы мен сауда өміріне де үлкен соққы болар еді.

Сол себептен, арабтардан бірнеше кісі Санаға барады да, Әбраха салдырған шіркеуді ластайды. Бұған қатты ашуланған Әбраха арабтар қасиет тұтқан Қағбаны жығуға және өз шіркеуін қорлаған арабтардан өш алуға бел буады. Осы мақсатта үлкен әскер жасақтайды. Әскерінің арасында Эфиопиядан әкелінген пілдер де

бар еді. «Махмуд» атты айбатты піл бастаған Әбраханың әскері шабуылға аттанады. Міне, осы піл бастаған әскер «Әсхабул-Фил» деп аталған-ды.

Жол бойы Әбрахаға тойтарыс беру үшін араб тайпалары қарсы соғысқа шығады, алайда, дегеніне жете алмайды. Соңында таифтықтар да Әбрахадан жеңіліп, әскер Таиф пен Мекке арасындағы Муғаммас деген жерге келіп қонады. Әбраханың адамдары мен алғы шептегі бірліктері Мекке маңына келіп, Әз.Мұхаммедтің атасы Абдулмутталибтың түйелерін айдап әкетеді. Ол уақытта Абдулмутталиб Меккенің басшысы болатын. Абдулмутталиб түйелерін талап ету үшін әскердің тұрағына барып, Әбраханың құзырына шығады. Әбраха түйелерді иесіне қайтарады. Бұл кездесу кезінде Абдулмутталиб Әбрахаға Қағбаны қорғауға кіріспейтіндігін, өйткені Қағбаны қорғайтын Раббысы бар екендігін айтқан еді.

Әбраха басқарған эфиопиялықтардың пілді әскері Меккеге шабуыл жасау және Қағбаны жығуға әрекет еткен сәтте, Қызыл теңіз жақтан ұшып келген «құс әскері» (*әбәбил*) қала мен Бәйтуллаһты қорғайды. Әбраха әскерінің үстіне төнген бұл құстар тұмсық және тырнақтарымен ұстаған тастарды оқтай жаудырып, әскерді қырып салады. Әбраха, оның ұлы Әбу Йәксум, уәзірі мен аз ғана эфиопиялық әскер бұл үрейлі апаттан жараланған күйде қашып құтылады. Сөйтіп, Әбраханың алып пілді әскері Қағбаның Раббысы тарапынан жіберілген «муғжиза күш» арқылы жойылып, Қағба мен Мекке қорғалған-ды.

«Піл» сүрсінде бұл оқиға қысқаша түрде:

*«Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе? Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме? Оларға топ-топ құс жіберді. Құстар оларға балшықтан жасалған тастар атып, сонда оларды желінген топан тәрізді қылды»,* – деп сипатталады.

Пайғамбарлықтың бесінші не алтыншы жылында түскен «Піл» сүресі мен классикалық ислам тарихы дереккөздерінде бұл оқиға қысқаша былай баяндалады: муғжизалық сипаттағы «Піл» оқиғасы әлі де бірқатар қырынан жеткілікті түрде түсіндіріле қоймаған. Бұл оқиға мазмұны мен нәтижесі тұрғысынан 1500 жылдық ислам тарихында үнемі талқыланып келген еді. Әбраха әскеріне қарсы Мекке мен Қағбаны қорғау үшін шыққандар болды ма? Қорғағандар

болса, олар кімдер еді? Шынында, Қағбаның Раббысы құс әскерін жіберген бе еді? Піл бастаған әскер осындай құс әскері тарапынан атылған тастар арқылы қырылды ма, әлде басқа бір күш арқылы ма? Бұл күш бір жұқпалы ауру ма еді, әлде жанартау жарылысы ма? Көптеген көне және кейінгі ғалымдар мен ойшылдар бұл сұрақтың жауабын табуға тырысқан болатын. Бірқатар тәпсіршілер де «Піл» сүресін осы мақсатта арнайы қарастырып, зерттеу тақырыбына айналдырған-ды.<sup>209</sup>

«Піл» оқиғасы ислам пайғамбары Өз.Мұхаммед дүниеге келерден аз ғана уақыт бұрын, атасы Абдулмутталибтың басшылығы тұсында және әкесі Абдуллаһтың көзі тірісінде орын алған оқиға еді. Бұл оқиға жәһилдік кезеңдегі Арабстан күнтізбесінде қолданылғандықтан, ислам тарихына қатысты тақырып болып табылады.

## 5. Мәдина (Йәсриб)

Йәсриб қаласы Қызыл теңізден 270 км қашықтықтағы Батха жазықтығында орналасқан қала болатын. Бұл жазықтық шашырап сөнген жанартау атқылауларының арасында, солтүстік-батысында Сел тауы мен Атық жазығы, солтүстігінде Ухуд тауы және Қанат жазығымен қоршалған еді. Таулар жазықты биік жайылымдар мен тау жоталарынан бөліп тұрған. Аталған жазықтың оңтүстік шекарасын Айр тауы, солтүстігін – Сәур тауы, шығыс пен батысын – Харра мен Лаба деп аталатын қара тасты қатар-қатар кішкене төбелер мен тастақ жер алып жатты. Йәсриб қаласының батыс жағында орналасқан ұлан ғайыр жазық Арабстанда өте сирек кездесетін бірқатар су арналары мен өзендерге бастау болуымен ерекшеленді. Бұл су арналары жаңбыр жауғанда сылдырап аға бастайтын да, ойпаң жерлерде кішігірім тоғандар пайда болатын. Жазықтағы жерасты

---

209 Піл оқиғасы және түрлі жормалардар үшін қараңыз: Ибн Хишам, I, 38-44; әл-Әзрақи, *Ахбару Мекке*, басп. Р.әс-Салих Малхас. - Мекке, 1415/1995, I, 134-154; әл-Динауари, *Ахбарул-Тыуал*. - Бағдат, 1959, 62, т.б.; әл-Мақдиси, *Әл-Бәдәу уәт-Тарих*. - Париж, 1899-1903, III, 165, Рази, *әт-Тәфсирул-Кәбир*. - Мысыр, 1278, VI, 628, т.б.; Табари, *Тарихул-Умәм уәл-Мулук*. - Бейрут, жылы көрсетілмеген, 11, 127-142; Ибн Кәсир, *әл-Бидәйә уән-Нихәйә*. - Бейрут, 1988, XI-II, 183, т.б.; *Тәпсір*, Мысыр, жылы берілмеген, IV, 548, т.б.; М.Абдух, *Тафсири Жүзил-Амма*. - Мысыр; М.Байрам, *Фил Олайынын Махийети ве Фил Сүреси*. - Кония, 1998.

сулары өте тереңде болмағандықтан, көптеген құдықтар кездесетін. Бұл құдықтардан алынған су жұмсақ және тұщы келетін. Судың мол болуы жазықта егін егуге ыңғайлы орта қалыптастырған-ды. Ухуд тауының артына жиналған Қанат жазығының суларынан табиғи Акул көлі пайда болған. Жазықта, көбіне, құрма өсіріліп, аралдың көптеген жеріне жіберілетін. Йәсрибте өсірілген құрмалар өңірде әйгілі болатын. Құрмамен қатар жүзім, нар және бірқатар бұршақ тұқымды дақылдар да егілетін еді. Жазықтың егіншілікке жарамды жерлерінде астық та егілетін.

Йәсрибтің қысы салқын және жаңбырлы, кейде өте суық, жазы болса, ыстық, алайда, жеңіл өтетін. Йәсрибтің климаты шеттен келгендерге жақпай, аймақта кейде безгек ауруы шығуына себеп болатын. Мүһәжірлер Йәсрибке хижрет еткен уақытта осындай ауруға шалдыққан еді.

Құранда Мәдина қаласының жағдайы, халқының кәсібі мен көзқарасы туралы аяттар бар:

*«Олар қорғандар ішінде не қамалдардың артынан болмаса, сендермен бәрі бірге соғыспайды. Олардың өз араларындағы қарсылықтары қатты...».*<sup>210</sup> *«Ей, мүміндер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан тиісті орындарға жұмсаңдар...».*<sup>211</sup>

Ең көне араб және ислам тарихы кітаптарында Йәсриб тарихы туралы жан-жақты айтылған. Бұл дереккөздерде орын алған мәліметтер бойынша, Йәсриб – Хижаз аймағында біздің эрамыздан бұрын құрылған қалалардың бірі. Аты Маин жазбаларында *Jathripa* түрінде, ал *Batlamyus* пен *Stehpon* тарапынан *Medinta* түрінде транскрипциялануы бұл қаланың сол дәуірлерде белгілі болғандығын көрсетеді. Йәсриб атауын мұнда алғаш орналасқан Өз.Нұхтың немересі Йәсриб бин Каиненің атынан алған. Алайда, бұған қатысты дереккөздерде жеткілікті және сенімді дерек жоқ. Қала Йәсрибтен басқа атаулармен де аталған. Сол аттардың ішінде ең әйгілісі Табә мен Таййибә болып табылады.

Өз.Нұхтың немересі Йәсрибтен кейін бұл жерге Журхум тайпасы мен Мекке, Бахрейн, Оман, Сирия мен Мысыр аймағында

210 Хашр, 14.

211 Бақара, 267.



үстемдік құрған Амалика тайпасының Мутрауи руы қоныстанып, берік қамалдар мен қорғандар салған.

Одан кейініректе яһудилердің оларды қаладан қуып шығуы мен осында орналасуына байланысты Йәсриб Исраил ұлдарының жұртына айналған-ды.

Қайнар көздерде Исраил ұлдарының Йәсрибке келуіне қатысты әртүрлі риуаяттар кездеседі. Бұл риуаяттар бойынша, Әз.Мұса Исраил ұлдарынан бір топ кісімен Меккені зиярат етуге шығып, жолда Йәсрибке соғады. Әз.Мұса соңғы пайғамбардың осы жерден шығатындығын айтады. Бұл хабарды естіген зияратшылардың біразы соңғы пайғамбардың үмметі болып қалармыз деген үмітпен осында қалады. Сонымен қатар бұл өңірде өмір сүрген кейбір тайпалар Амалика ұлдарының көрсеткен зұлымдығынан ығыры шығып, Әз.Мұсадан жәрдем сұраған деген риуаяттар да бар. Амалика ұлдарының өтінішіне байланысты, Әз.Мұса мұнда әскер жібереді. Бұл әскер кейін еліне оралмай, Йәсрибте қалып қояды. Әз.Мұсаға қатысты айтылған бұл риуаяттардың басқа дәлелдермен қуатталмауы сенімділігін азайтады.

Басқа бір риуаят бойынша, б.э.б. 605-562 жылдары билік құрған Вавилон патшасы Небукадназар (Бухтуннасер) Палестинаны жаулап алып, Құдыс қаласынан яһудилерді қуып шыққан. Соған байланысты яһудилер жан-жаққа тарап кетеді. Олардың бірқатар рулары Йәсрибке келіп қоныстанады да, ал бір бөлігі Федек, Уәдул-Қура мен Хайбар аймағына орналасады.

Төртінші риуаят бойынша, Византия патшасы Титус Құдысты басып алып, яһудилерді тұтқынға түсірген және оларды қырып тастаған. Бұл зұлымдықтан қашып құтылғандар осы жерге келіп орналасқан көрінеді.

Бұл риуаяттарда яһудилердің Арабия түбегіне түрлі дәуірлерде келгендігі көрсетілген. Яһудилер қауымының бұл өңірге келуі жөнінде басқа да риуаяттар кездеседі. Ол риуаяттарда яһудилерден Арабстан аймағына Әз.Исаның дүниеге келуінен бұрынғы ғасырда келгендер де, сол сияқты Сүлеймен пайғамбар тұсында келгендер де, Рим мен Сасани империяларының немесе басқа да мемлекеттердің зұлымдық пен қысым көрсетуінен құтылу үшін көшіп келгендер де бар. Палестина топырағының тар келуіне байланысты немесе сауда мақсатымен Арабстанға қоныс аударған яһудилер де болған.

Яһудилер біршама уақыт Йәсрибте жергілікті Журхум мен Амалика тайпаларының арасында өмір сүрді. Алайда, уақыт өте келе яһудилердің саны артып, қоныс аудару және басқа да факторлар нәтижесінде саны азайған өзге тайпаларды Йәсрибтен қуып шығады. Сөйтіп, олар бұл жердің жалғыз билеушісіне айналады.

Йәсрибте яһудилердің Қурайза ұлдары, Қайнука ұлдары, Надир ұлдары, Масиле ұлдары, Икриме ұлдары, Сағлаба ұлдары, Шатибе ұлдары атты тайпалары өмір сүрген. Яһудилер саяси және әскери жағынан да, сондай-ақ экономикалық және мәдени жағынан да Йәсриб халқына ықпалын жүргізген. Әус пен Хазраж тайпаларының өкілдерінен яһудилік дінді қабылдағандар да болған. Шығыстанушылар, сол сияқты кейбір зерттеушілер Арабстандағы бұл тайпалар мен тайпа мүшелерінің арабша есімдермен аталуына байланысты Исраил ұлдарынан ба, әлде жоқ па деген пікірталасқа түскен-ді.

Сирия мен Арабия түбегі арасындағы сауда жолдарының үстінде орналасқан Йәсриб қаласында ислам діні келген уақытта яһудилермен қатар Әус пен Хазраж тайпалары да өмір сүріп жатқан еді. Бұл тайпалардың Сәйлул-Арим атты топан судан кейін Йеменнен шығып, б.э. II және III ғасырларында осында келгендігі айтылады. Хариса бин Сағлаба бастап, Хайбар аймағына келген Әзд тайпасы Хариса дүние салғаннан кейін Әус және Хазраж деген екі тармаққа бөлініп, Йәсрибке қоныстанады. Йәсрибке орналасқан Әус пен Хазраж уақыт өте келе күшейіп, гассанилердің де қолдауымен яһудилерден үстем түсіп, Йәсрибтің билігін өз қолына алады. Нәжжар ұлдары, Саид ұлдары, Жасим ұлдары мен Ауф ұлдары сияқты түрлі руларға бөлінеді.

Йәсрибте яһудилердің үстемдігі жойылып, Әус пен Хазраж билік құрған тұста біршама уақыт қалада тұрақтылық орнағанымен, бәлкім яһудилердің қысымымен болар, екі туыс тайпа Әус пен Хазражтың арасы суып, арадағы ұрыс-керіс соғысқа айналған еді. Екі тайпа арасында сол кездері басталған соғыс Расуллұллаһ Мәдинаға келгенге дейін 250 жылға жуық уақыт бойы жалғасқан-ды.

Йәсриб хижреттен (б.э. 622 ж.) кейін «Мәдина» деп аталып, Ислам мемлекетінің астанасына айналды. Әз.Мұхаммед пен көптеген сахабаның қабірі жатқан Мәдина-и Мунауара қаласында

ислам діні бүкіл құрылымымен қалыптасқан еді. Бұл қала Меккеден кейінгі ең қасиетті орын болып саналады.

974-991 жылдары билік құрған аббасилер халифасы Әт-Тайиллах тұсында Мәдина қаласы көрші тайпалардың шабуылына ұшыраған болатын. Соған байланысты халифа қаланың айналасына берік қорған салдырады. Осман халифасы Кануни Султан Сулейман (1520-1566 ж.) тұсында бұл қорған қайта жөнделген еді.

Әз. Мұхаммед пен меккелік мұсылмандар Мәдинаға хижрет еткен уақытта (б.э. 622 ж.) Йәсрибте Әус және Хазраж тайпаларымен қатар Қурайза ұлдары, Қайнуқа ұлдары мен Надир ұлдары атты яһуди тайпалар мен бірқатар мүшрік араб тайпалары да тұрып жатқан-ды.

Арабтар, яһудилер және аз ғана христиан бірге өмір сүрген Йәсриб қаласы Хижаз аймағындағы халық тығыз орналасқан екінші маңызды қала саналатын. Мұндағы әлеуметтік, экономикалық, ой-пікір мен мәдени құрылым Меккеге өте ұқсас еді. Арасындағы айырмашылық йәсрибтіктердің көбірек егін және мал шаруашылығымен айналасуы болатын. Йәсрибте Қағба сияқты қасиетті орын жоқ еді. Сауда да аса дами қоймаған-ды. Оның үстіне Йәсрибте пұтқа табынушылармен қатар Кітап иелері, яғни яһудилер мен христиандар да өмір сүрген. Пұтқа табынушы арабтар мен яһудилер саны жағынан тең түсетін.

Йәсрибтіктер ақыл-ой мен дүиеге көзқарас тұрғысынан меккеліктерден гөрі төмен болды. Білім алу үйлер мен мектептерде жүзеге асырылатын. Дегенмен, мүшріктер, яһудилер мен христиандар бірге өмір сүрген бұл қалада жүйелі білім беру орындары да бар еді. Онда сауат ашумен қатар, діни білімдер де үйретілетін. Мәселен, Дәрул-Мидрас (*Бәйтул-Мәдарис*) яһудилердің басты білім беру ошағы әрі мектебі болған.

#### **Д. АРАБСТАНҒА КӨРШІ ХАЛЫҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ**

Әлеуметтік және экономикалық жағынан дамыған, ғасырлар бойы жалғасқан алып мемлекеттер мен мәдениеттер құрған көрші халықтардың исламнан бұрынғы жағдайы мен Арабстанның жалпы ахуалының арасында айтарлықтай өзгешелік жоқ еді. Негізінде,

әлем халықтары исламнан бұрын надандықта өмір сүрді. Көштер жалғасқан және тұрақсыздық етек алған Еуропада күн сайын алуан түрлі оқиғалар орын алып жатты. Францияда тақ үшін талас-тартыстар, ал Англияда англо-саксон басқыншылығы үстемдік құрды. Ал христиандық әлемінің орталығы болған Римде халық арасында мазһаб жанжалдары туындаған еді. Христиандық бүкіл Еуропада діндік сипаттан алшақтап бұзылған және діннің орнын «Христиандық мәдениет» басқан-ды. Шіркеу Аллаһтың абсолюттік ықпалы мен күшін өз қолына алып, халыққа бұрынғы грек тәңірлері сияқты Әке-Тәңір, Ұл-Тәңір және Қасиетті Рух сияқты сенімдерді күшпен зорлап қабыл еттіріп жатқан болатын. Аллаһ ұмытылған, ахлақ азғындаған, оның орнына әйел мен материалдық дүние тәңірге айналдырылған еді.

Ислам нұры адамзатқа сәулесін шаша бастаған уақытта әлемде екі үлкен күш, екі алып империя болды. Бұл екі империя арасында үстемдік үшін кескілескен күрес жүріп жатты. Парсы империясындағы маздеклік пен зороастризм сенімі де, Византия империясының ресми діні христиандық та әдет-ғұрып пен салт-дәстүр жиынтығына айналған-ды. Соған қарамастан осы екі өркениет әлемнің екі мәдениетті қоғамы ретінде алға шыққан болатын.

Сонымен қатар Қытай мемлекеті Конфуций (б.э.б. 551-479 ж.) арқылы өркениет жолында жылдам ілгерілеуде еді. Алайда, діни және әлеуметтік жағынан аралас жағдайда болатын. Үндістанның ахуалы да Қытайдан өзгеше болмады.

Қорыта айтқанда, ислам діні келген уақытта қай жаққа назар салсақ та, әлемнің барлық тарапында жалпы былыққан ахуалды көреміз: соғыстар, нәсілшілдік талас-тартыстар, дін мен мазһабқа қатысты асығыс берліген баға мен үкімдер, мал-мүліктің үстем таптың қолында шоғырлануы, әлеуметтік әділетсіздіктің кең өріс алуы әлемді тынышсыздық пен қайғы қасіретке душар еткен-ді. Материалистік дүниетанымды ұстанған және дін, тіл, нәсіл, мазһаб тартыстары мен құн дауларына байланысты бір-бірімен шайқасқан әлемдегі адамдар Әз.Адам мен Хауаның ұрпағы екендігін ұмытып кеткен еді. Адамзат Құранның сөзімен айтқанда, «төменнің төменіне...» құлдыраған жағдайда болды. Адамзатты бұл жағдайдан құтқаратын, жеке адам, жанұя мен қоғам деңгейінде бақытқа

жеткізетін бір жүйе міндетті түрде қажет еді. Ұлы Аллаһ адамзат тарихының бастапқы кезінен бастап, оқтын-оқтын пайғамбарлар жіберіп, дінін білдіріп, адамдарды адасудан құтқарған еді. Бұл жолы да адамзат дүниесін негізсіз сенімдер мен ғибадат түсінігінен, ахлақтық азғындаудан және бұзылған өмір салтынан құтқару үшін Өз.Мұхаммед насихаттап жеткізген ислам дінін уахи еткен-ді.



## ЕКІНШІ ТАРАУ ИСЛАМ ПАЙҒАМБАРЫ ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ӨМІРІ

### А. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҚТАН БҰРЫНҒЫ ӨМІРІ

#### 1. Әз.Мұхаммедтің ата-тегі

Ислам прайғамбары Әз.Мұхаммед Ибраһим (а.с.) пайғамбардың ұрпағынан шыққан. <sup>212</sup> Аднан ұлдарынан шыққан Құрайыш тайпасының ата-тек шежіресі Әз.Исмаилға барып тіреледі. Тарихшылар мен шежірешілер ислам діні келгенге дейін негізін сақтай

---

212 Тәурат Ә.Ибраһимды Вавилон патшасы Хаммурапимен замандас ретінде санайды. Ибраһим пайғамбардың өзінің ұлы Исмаилға дұға еткендігі, дұғасы қабыл болып, Исмаил ұлынан үлкен бір халық тарағандығы, Әз.Мұхаммедтің Исмаилдың ұрпағынан шыққандығы айтылады. Мәселен, Тәураттың Тәкуин (Жаратылыс) бөлімінде: *«Баласы болмаған Ибраһим қартайған шағына келгенде енді балам болмас деген ойға келіп, қайғырады. Ол сол уақытта 85, ал әйелі Сара 76 жаста еді. Ибраһим осындай бір жағдайда шатырында ойға шомып отырған бір сәтте Аллаһ оған: «Енді көкке қара да шамаң келгенінше жұлдыздарды сана», – деп дауыстайды. Ибраһим назарын жұлдыздарға аударғанда іләһи бір дауыстың өзіне: «Сенің ұрпағыңда дәл осылай көбейеді», – дегендігін естиді. (Тәурат, Тәкуин, XIV, XX, XV; 5).*

*«Қартайған Сара күйеуіне Хажар атты мысырлық күңін әйел ретінде қосып береді, алайда, көп ұзамай Хажармен арасы бұзылған еді. Хажар Сараның ашуынан қашып, қайғырған күйде Аллаһқа жалбарынады. Аллаһ дұғасын қабыл етіп, оған «Сенің ұрпағыңды соншалықты көбейтермін, оны санау мүмкін болмайды», – дейді. Бұл хабарды алып келген періште содан кейін: «Міне, бір балаң болады, бір ұл бала босанасың, атын Исмаил деп қоясың, өйткені Аллаһ сенің уайымыңды естіді», – дейді. (Тәкуин, XVI, 10-11). Бұл мәселеге қатысты сондай-ақ қараңыз: Ибн Хишам, *Сира*, I, 27, т.б.; М.Шемседдин, Йақын Шарк, 521; Чағатай, *Ислам Өнжесі Араб Тарихи*, - Анкара, 82-94.*

Бала туылғанда Ибраһим оған «Тәңір естиді» мағынасындағы Исмаил деген атты қояды. Исмаил 13, Ибраһим 100, Сара 90 жасқа келгенде, Аллаһ Ибраһимге қайта дауыстап, Сараның бір ұл бала табатындығын, атын «Исхак» деп қоюын бұйырады (Тәкуин, XVII, 20 т.б.); Martin Lings, *Хз Мухаммеддин хайаты*, ауд. Назифа Шишман. - Стамбул, 1988, 7, т.б. атты кітабында осындай деректерге орын береді.

отырып жалғасқан Құрайыш шежіресін Исмаилдың Қайдар-Қайзар ұлынан бастай отырып, Аднанға жеткенге дейін есім-есім атап, Аднан мен Исмаил арасындағы буындарды анықтап көрсеткен еді. Бұл анықтау бойынша, Аднаннан Исмаилға дейін 40 буын дүниеге келген екен және олардың аттары:

Аднан, Убәд, Умәййә, Шажиб, Набит, Сағләбә, Антәр, Сурашә, Махлән, Аууам, Мухтәмәл, Раимә, Уқбан, Аллах, Шәмдуд, Разиб, Айфәр, Ибраһим, Исмаил, Зәррин, Ағуәж, Мутғам, Тихам, Қасуәр, Атуд, Даада, Махмуд, Раид, Бәдуан, Әманә, Дәус, Хашин, Мизал, Умәйр, Махшәр, Мазәр, Сайфи, Нәбат, Қайзәр, Исмаил, Ибраһим болған.

Аднаннан кейін ұлы Маад тайпа көсемі болады. Одан бастап Әз.Мұхаммедке жеткенше тайпа шежіресі былай өрбіген:

Аднан, Низар, Мудар, Илияс, Мудрикә, Хузәймә, Кинанә, Надр, Мәлік, Фихр (Құрайыш), Ғалиб, Луәй, Кағб, Муррә, Килаб, Қусай, Абдуманаф, Хашим, Шәйбә (Абдулмутталиб), Абдуллаһ және Әз.Мұхаммед.

Фихр Әз.Мұхаммедтің оныншы атасы болған. Ол Құрайыш деп аталғандықтан, оның ұрпақтары «Құрайыш» деп аталып кеткен-ді.<sup>213</sup>

Сөйтіп, Әз.Мұхаммедтің ата-тегі осы шежіремен Аднанға, одан Исмаил мен Ибраһим пайғамбарларға барып тіреледі.

Құрайыш тайпасы уақыт өте келе көбейіп, өз ішінде түрлі руларға бөлінді. Олардың реті: Әз.Мұхаммедтің руы болған Абдуманаф ұлдары, Әбу Бәкірдің руы – Тәйм ұлдары, Омардың руы – Адий ұлдары, Хадишаның руы – Әсәд ұлдары, Әминаның руы – Зура ұлдары, Халид бин Уәлидтің руы Маһзұм ұлдары, Амр бин Астың руы – Сәхм ұлдары, Абдуддар ұлдары, Амир ұлдары, Харис ұлдары, Жумах ұлдары, Мухариб ұлдары.<sup>214</sup>

Олардың арасында Абдуманаф ұлдары мен оның бір тармағы

213 Ибн Хишам, I, 130, 287; Ибн Сағд, I, 410-420; Ибн Ханбел, *Мүснед*, 684, 744, 746, 796, 944, 947, 1053, 1122 нөмірлі хадистер; Әбул-Фида, *әл-Мухтасар фи Тарихил-Бешер*, I, 105; Чағатай, *аталмыш еңбек*, 86, т.б.; *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, I, 187-188.

214 Ибн Хишам, I, 130; Ибн Сағд, I, 377; Ибн Ханбел, *Мүснед*, 1122, 1299 нөмірлі хадистер; *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, I, 188.



саналған Хашим әулеті ең танымал әулет болатын. Хашимның әкесі, яғни Әз.Мұхаммед пайғамбардың үшінші атасы болған Абдуманафтан төрт ұл тараған: Хашим, Нәуфал, Мутталиб және Абдушәмс. Алдымен Абдуманаф туралы қысқаша мәлімет бере отырып, одан кейін Хашим және оның Әз.пайғамбарға дейін жеткен ұрпағы жөнінде айтпақпыз.

### **Абдуманаф**

Қусайдың ұлы Абдуманаф Меккенің беделді кісілерінің бірі еді. Ол қаланың Сыртқы істері жөніндегі министрі немесе елшісі мәртебесінде болған.<sup>215</sup>

Абдуманаф Меккенің Иран, Византия және Эфиопия сияқты мемлекеттермен арасындағы саяси, сауда және экономикалық істерін ретке келтіріп, бір жағынан шеттен капиталдың Меккеге келуін, екінші жағынан жергілікті тауарлардың сыртқы нарыққа шығуын қамтамасыз ете отырып, Меккенің экономикасы мен сауда өмірін дамытқан-ды.

### **Хашим**

Абдуманафтың ұлы Хашимның шын аты Амр болған. Мекке халқына қызмет ету мен оны қорғауға жан-тәнімен берілген Амр ашаршылық кезінде халқына өз қолымен азық таратады. Сол кезде халыққа алғаш рет тирит деген тамақты жегізгендіктен, оны (үгітуші, тураушы мағынасындағы) «Хашим» сөзімен атап кетеді. Бұл ат оның әрі дәулетті әрі жомарт саудагер болғандығын көрсетеді. Ол сауда жасау мақсатында көрші елдерге жиі сапарға шығып тұратын. Құрайыштың қысы-жазы, яғни жылына екі рет сауда саяхатына шығуын дәстүрге айналдырған еді. Осындай бір сапары кезінде Газзада қайтыс болады. Хашим дүние салған уақытта әйелінің аяғы ауыр еді. Йәсрибтегі Нажжар ұлы Адийдың руынан шыққан Амрдың қызы Сәлма Ухәйха бин әл-Жулахтан ажырасқаннан соң,

---

215 Ибн Хишам, I, 116; Шемседдин, Ислам тарихи, 395; Чағатай, *аталмыш еңбек*, 88.

Хашимге тұрмысқа шыққан болатын. Сәлма бір ұл туып, атын Шәйба деп қояды.<sup>216</sup>

Хашим дүниеден қайтқан уақытта Мутталиб бин Абдуманаф Мекке басшылығы мен Қағбаға қатысты қызметтерді өз қолына алады. Жасы Абдушәмс пен Хашимнан кіші Мутталиб Құрайыш арасында ерекше құрметке бөленген өте қайырымды кісі еді. Абдушәмс ұрпақтары арасындағы ең танымал тұлға Умәййа болатын. Осы Умәййадан әмеуи ұлдары тараған-ды.

### Абдулмутталиб (Шәйба)

Абдулмутталибтың әкесі Абдуманаф ұлы Хашим, ал анасы Амр қызы Сәлма болған. Йәсрибте, немересі Мұхаммед сияқты ол да жетім болып дүниеге келген еді.

Абдулмутталибтың балалық және жастық шағы Йәсрибтегі нағашыларының қолында өтеді. Кейінірек көкесі Мутталиб оны алу үшін Йәсрибке келеді. Алайда, анасы ұлының көкесінің қасында қалуына қарсы шығады. Мутталиб ұзақ тартыстан кейін Сәлманы сөзіне көндіреді. Шәйбаны түйесіне мінгестіріп, Меккеге алып келеді. Шәйбаның көкесі Мутталибтың түйесіне мінгескенін көрген меккеліктер: «бұл жас жігіт Мутталибтың құлы болар», – дейді. Сөйтіп, Шәйбаны (Мутталибтың құлы мағынасында) «Абдулмутталиб» деп атап кетеді. Мутталиб Йемен территориясындағы Рэдманда дүние салған.<sup>217</sup>

Мутталиб дүниеден өткеннен кейін Меккенің Құрайыш тайпасын Абдулмутталиб басқарады. Құрайыштың белді азаматтарынан саналған ол ірі денелі, келбетті, көркем мінезді, иманды және қайырымды кісі болған. Оның ешқашан Хубалға табынбағандығы, тек Тәңірге құлшылық еткендігі айтылады.<sup>218</sup>

Абдулмутталибтың он ұлы болған. Үлкен ұлы Харистың Нәуфал, Рабия, Әбу Суфиян мен Абдуллаһ атты ұлдары мұсылман-

---

216 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, ауд. М.С.Мутлу. - Стамбул, 1972, I, 36; Ибраһим Сарыжам, «Хашим», *DIA*, XVI, 405-406.

217 Ибн Хишам, I, 138-140.

218 Ибн Хишам, I, 130; М.А.Көксал, *Ислам тарихи (Мекке деври)*. - Стамбул, 1973, 19-23.

дықты қабылдаған. Абдулмутталибтың қалған екі ұлы Зубәйр мен Хамза Әз.Мұхаммедтің әкесі Абдуллаһпен бір анадан туған. Зубәйр Абдуллаһтың егіз сыңары болатын. Хамза мен Аббас исламды кейінірек қабылдаған еді.

Абдулмутталибтың Әбу Талиб (шын аты Абдуманаф) атты ұлы ұзақ уақыт бойы Меккені басқарған. Әз.Мұхаммедті сегіз жасында өз қамқорлығына алған Әбу Талиб өмірінің соңына дейін, яғни Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығының 8 жылына дейін, 43 жыл бойы оны қорғап келген. Әбу Талиб дүние салған уақытта, артында төрт ұлы мен екі қызы қалған еді. Ұлдары: Талиб, Ақил, Жағфар мен Әли. Олардың ішінде Талиб Бәдір шайқасы күнінде Меккеден қашырылған, ал сол күні тұтқынға түскен Ақилды көкесі Аббас құнын төлеп, босатып алған еді.

Абдулмутталибтың Әбу Ләхаб атты ұлы Бәдір соғысынан кейін көп ұзамай мүшрік күйінде дүние салған. Ол ислам діні мен Әз.Мұхаммедтің қас дұшпаны болған. Әбу Ләхабтың Утба және Муаттыб атты ұлдарының Мекке фәтх етілген күні мұсылмандықты қабылдағандығы айтылады.

Абдулмутталибтың қыздары арасында Әбу Сәлманың анасы Бәрра, Абдуллаһ бин Умәййәнің анасы Атика мен Зубәйр бин әл-Аууамның анасы Сафияны айтуға болады.<sup>219</sup> Сафия мұсылмандықты қабылдап, хижрет еткен еді.

Абдулмутталиб Мекке қалалық өкіметіне басшылық еткен тұста: Зәмзәм құдығының орны табылып, тазартылуы және Абдуллаһ атты ұлын құрбандыққа атауы;

«Піл» оқиғасы, Әбраха басқарған әскердің Мекке мен Қағбаға шабуылы;

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедтің дүниеге келуі сияқты үш маңызды оқиға орын алған еді.

Алдыңғы екі оқиға туралы жоғарыда айтқан болатынбыз, үшіншісі жөнінде бұдан былай жан-жақты түрде баяндаймыз.

---

219 Ибн Хишам, I, 133, 138, 142 т.б.; Табарі, 172, т.б.; Әз.Мұхаммедтің тайпасы Бәни Хашим туралы кең мағлұмат үшін қараңыз: Ибраһим Сарыжам-Мустафа Әз, «Хашим», *DIA*, XVI, 403-405.

Жасының қартайғандығын байқаған Абдулмутталиб бірқатар істерді дереу жүзеге асыруға кіріседі. Фатма атты әйелінен туған ұлы Абдуллаһты үйлендіру де осы істерінің арасында болатын.

## 2. Әз.Мұхаммедтің ата-анасы

Әз.Мұхаммедтің әкесі - Құрайыш тайпасының Хашим ұлдары әулетінен шыққан Абдулмутталибтың ұлы Абдуллаһ, ал анасы - Құрайыштың Зухра ұлдары әулетінен шыққан Әмина. Ал Абдуллаһтың әкесі Абдулмутталиб, анасы Амр қызы Фатима болған. Әминаның анасы Абдуддар ұлдарынан, нағашы әжесі Әсад ұлдарынан шыққан еді.

Шынайы адамгершілігі мен көркем мінезі арқылы Құрайыштың құрметіне бөленген Абдуллаһпен тұрмыс құрғысы келгендер көп болатын. Құрайыш ішінде Зухра ұлдарынан шыққан Уәхбтің қызы Әмина әдебімен және биязы мінез-құлқымен ерекшеленген еді. Әмина Абдуллаһқа лайық көріліп, оларды үйлендіру жөнінде шешім қабылданады.

Әмина Әз.Мұхаммедтің арғы аталарының бірі Килабтың Зухра атты ұлынан тараған ұрпақтан еді (Әмина бинт Уәхб бин Абдулманаф бин Зухра бин Килаб). Осылайша Мұхаммедтің (а.с.) әкесі мен анасының арғы аталары Килабта барып біріккендіктен, екеуі де бір әулет және бір тайпадан шыққан-ды.

Абдуллаһ Әминамен үйленгеннен кейін, көп ұзамай отбасының күнкөріс қамымен солтүстікке қарай сауда сапарына шығады. Алайда, Сириядан қайтып келе жатқан сапарында Мәдинада науқастанып, нағашыларының қасында қалады. Сауда керуені Меккеге келгенде, жағдайды әкесі Абдулмутталибқа жеткізеді. Ол үлкен ұлы Харисты бірден Йәсрибке (Мәдинаға) жібереді, алайда, Абдуллаһ Харис Мәдинаға келгенше дүние салады. Аяғы ауыр жұбайын көре алмайды. Үйленген кезінде Абдуллаһ 24, ал Әмина 14 жасында еді. Абдуллаһ қайтыс болған уақытта 25 жасында, өрімдей жас еді.

Абдуллаһтың османдық түркілер тарапынан тұрғызылған қабірі бар және ол мұсылман қажылар тарапынан зиярат етілуде.

Осылайша Әз.Мұхаммедке аяғы ауыр Әмина тұрмыс құрған алғашқы жылында, баласының дүниеге келуін күткен күндерде

жолдасы дүниеден қайтып, сәбиі құрсағында жетім қалады. Абдуллаһ өз әкесінен бұрын дүние салғандықтан, Әминаны қайынатасы Абдулмутталиб өз қамқорлығына алады.

Жаңа үйленген Абдуллаһ әлі дүниеге келмеген баласына үлкен мирас қалдыра алмады. Оның артында бес түйе, бір қора қой, біраз үй заттары мен Умму Әйман атты күң қалған болатын. Расулуллаһ әлі дүниеге келмей тұрып, әкесі дүниеден қайтқандығы жөніндегі риуаятты Қайс бин Мәхрамадан Әл-Хақим жеткізген.

Әз.Мұхаммедтің «мен екі құрбанның баласымын» дегендігі риуаят етіледі. Ол бұл сөзі арқылы атасы Исмаил мен әкесі Абдуллаһ жөнінде айтқан еді.<sup>220</sup>

Ұлы Аллаһ алғашқы құрбандық туралы:

*«Оны өте мүләйім бір ұлмен қуанттық. Ұлы (Исмаил) өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін, назар аудар, көзқарасың не?» – деді. Ол: «Ей, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, соны орында. Аллаһ қаласа мені сабырлылардан табарсың. Сөйтіп екеуі де ұнап, әкесі оны маңдайының үстіне жатқызады. Біз оған: «Ей, Ибраһим! – деп дабыстадық. «Рас түсіңді шынға шығардың. Күдіксіз ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз», - (дедік). Шын мәнінде бұл бір ащы сынау еді. Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық. Кейінгі нәсілдерде оған (жақсы даңқ) қалдырдық. Ибраһимға (а.с.) сәлем»,<sup>221</sup> – дейді.*

### 3. Әз.Мұхаммедтің дүниеге келуі

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед жалпы қабыл етілген пікір бойынша, Піл жылы, «Піл» оқиғасынан 50-55 күн кейін, рабиул-әууәл айының 12 жұлдызында, дүйсенбі күні Меккеде дүниеге келді. Оның дүниеге келуімен әлем жаңа бір шаққа аяқ басты.

220 Әз.Мұхаммедтің әкесі мен анасы жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет алу үшін қараңыз: Ибн Хишам I,100-101, 160-166; Ибн Исхак, *аталмыш еңбек*, 165; Ибн Сағд, V, 82-86; Бәлазури, *Әнсаб*, I, 40-42, 77-89; Табари, II, 172-185; Мәсғуди, *Муруж*, II, 160, т.б.; Мүслим, *Сахих*, VII, 50;Ибн Абди Раббих, *Әл-Иқдул Фәрид*, IV, 252; М.Хамидуллаһ, *Расулуллаһ Мухаммед*, ауд. Салих Туғ. - Стамбул, 1973, 21, т.б.; Саид Хавва, *әл-Әсас фис-Сүнне, Сирәтүн-Нәбәуийә*, ауд. А.Али Урал мен жолдастары, 177; Мевлана Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 124; Көксал, *аталмыш еңбек*, 20, т.б.; Хақим, *әл-Мустәдрак*, II, 605.

221 Сафғат, 101-109, Ахзаб, 45.

Табарани Қайс бин Мәхрамадан:

«Нәби (с.а.с.) Піл жылы туылды. Фижар соғысы мен Піл жылы арасында 20 жыл, ал Қағбаның салынуы мен Әз.Мұхаммедтің нәби ретінде жіберілуі арасында 5 жыл бар. Олай болса, Әз.Мұхаммед 40 жасында пайғамбар ретінде жіберілген, – деп риуаят етеді.

Соңғы пайғамбардың Исмаил ұрпағынан шығатындығы жөнінде одан бұрынғы көктен түскен кітаптар мен оларды насихаттаған пайғамбарлар адамзатқа жеткізген-ді. Ибраһимның Исхақ атты ұлынан көптеген пайғамбарлар тараған. Исхақ ұлдарының дәуірі аяқталып, кезек Исмаил ұрпағына ауысқан еді. Исхақ пайғамбардың ұрпақтарынан қаншама пайғамбарлар шыққан. Ал Исмаилдың ұрпағынан тек соңғы пайғамбар келген-ді.

Әз.пайғамбардың арғы аталарының бірі болған Луәй ұлы Қағб жұма күндері қауымының алдына шығып сөз сөйлейтін. Қағб сөздерінде соңғы пайғамбардың өз ұрпағынан келетіндігін айтып, оның заманына кім жететін болса, оған иман келтірсін деп насихат ететін еді.

Әмина жұбайы Абдуллаһ дүние салғаннан кейін көп ұзамай бір ұл табады. Бұл қуанышын дереу Абдулмутталибқа хабарлайды. Абдулмутталиб немересінің дүниеге келуіне қатты қуанады. Немересін қолына алып, Қағбаға апарды. Үлкен той жасап, Құрайышқа немересінің туылғандығын хабарлап, атын Мұхаммед деп қояды. Міне, осылай ислам пайғамбарының туылуымен дүние абыройға бөленген еді. Әкесі Абдуллаһ Мұхаммед дүниеге келмей тұрып қайтыс болғандықтан, бала дүниеге келерде Әмина үйде жалғыз болады. Толғағы басталған уақытта бір топ әйел келіп, оның айналасын қоршайды.

Шындығында, оның балалық шағында бірқатар таңғажайып оқиғалар орын алғандығы айтылады. Ұзаққа созылған қуаңшылықтан зардап шеккен меккеліктер пайғамбар туылған жылы жаңа туған сәбидің құрметіне молшылық пен берекеге бөленіп, дәулеттері артады. Тіпті, арабтар бұл жылды «Сәнәтул-Фәтх уәл-Ибтихаж» (молшылық пен қуаныш жылы) деп атайды. Сондай-ақ Әз.Мұхаммедті сүт анасы Халима алып бара жатқанында, есегінің басқа жануарлардан жылдам басып озуы, Халиманың сүтінің молаюы, түйесінің де сүті артып, бүкіл отбасы мүшелеріне жетуі, сүт анасының тек бір көкірегінен ғана еміп, екіншісін сүт бауыры-

на қалдыруы, жүрегі кеудесінен шығарылып, тазартылғаннан кейін орнына қойылуы, Мәдинадан Меккеге, анасының жанына қайтып келе жатқанында жоғалып кетуі оның өмірінде орын алған маңызды оқиғалар болатын.

Дегенмен, ислам діні Құранға негізделгендіктен, мұндай таңғажайып оқиғалар мен жағдайларға оншалықты назар аударылмайды. Өйткені Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығы мұндай оқиғалармен расталуды қажет етпейді. Сондықтан пайғамбарға муғжиза бір болмыс теліп, аса әсірелеп сипаттау орынсыз. Әз.Мұхаммедті Құран танытқандай танып, қабылдау керек. Ислам пайғамбары бір адам және адамға тән сипаттарға ие. Айырмашылық - оның пайғамбар ретінде жіберілуі ғана.

Дүниеге келмей тұрып жетім қалған Әз.Мұхаммед пен оның анасын атасы Абдулмутталиб өз қамқорлығына алған-ды.

Арабтар арасында ол уақытта «Мұхаммед» деген ат кездеспейтін. Сондықтан бұл ат елдің назарын аударған еді. Әмина аяғы ауыр болған алғашқы күндерінде түсінде аян көріп, соған байланысты баласына «Мұхаммед» деп ат қоятын болады. Сол кездегі салт бойынша атасы Абдулмутталиб бала туылғаннан кейін жетінші күні меккеліктерге той жасап, немересіне «Мұхаммед» есімін қояды. *«Неге бұл атты қоясың?»*, – деп сұрағандарға Абдулмутталиб: *«Бұл бала көкте де, жерде де Хақ тарапынан өте көп мақталар деп үміт етемін»*, – деп жауап береді. «Мұхаммед» пен «Ахмед» есімдері аса мақтаулы, аса қалаулы деген мағыналарды білдіреді. Тәуратта да «Хамда» сөз осы мағынада қолданылған, ал «Мәсих» – күтілген, құтқарушы, қалаулы адам деген сөз. Тәураттағы «Хамданың» орнына Інжілде «Параклит» (Paraklit) сөзі берілген. Күтілген құтқарушы, өкіл мағынасын білдіретін бұл сөздің арабшасы «Ахмед» болып табылады. Соған орай «Параклит» деген ат Ахмед және Мұхаммед деген мағынаға келеді.<sup>222</sup> Өзінен бұрынғы кітаптардағы ақиқаттарды растаған Құран Кәрімде бұл жағдай:

*«Сол уақытта Мәріәм ұлы Иса (а.с.): «Ей, Израил ұрпақтары! Шын мәнінде мен сендерге Аллаһтың елшісімін, алдымдағы Тәуратты*

222 Юханна Інжілі, бап 14, 16, 30; 15 бап, 26; 18 бап, 7. Аяттары Бараклит – Ахмед жөнінде мақтау сөздер мен сүйінішті хабарлар қамтиды.

*растаушы және менен кейін келетін «Ахмед» атты пайғамбарменен сүйіншілеймін», – деген еді...»,<sup>223</sup> – деп баяндалады.*

Осылайша Иса пайғамбар Інжілде Ахмед атты бір пайғамбардың келетіндігін сүйіншілеген еді.

Құранда ислам пайғамбарының аты Ахмед және Мұхаммед түрінде бірнеше жерде аталады.<sup>224</sup>

#### **4. Әз.Мұхаммедтің балалық шағы**

Көне араб салты бойынша қалада туылған балалар қырда тұратын сүт аналарға берілетін еді. Меккеде дүниеге келген Әз.Мұхаммедке бір сүт ана тапқанға дейін оны үш не жеті күн бойы анасы, одан кейін Әбу Ләхабтың күні Суәйба емізеді. Суәйба сондай-ақ Хамзаны да емізген, сондықтан Әз.Мұхаммед пен Әз.Хамза сүт бауыр болып табылады. Хижраның 7 жылы дүниеден қайтқан Суәйбаға көзі тірісінде Әз.пайғамбар үлкен құрмет көрсетіп, сыйлықтар жіберетін. Ол дүниеден өткен уақытта қатты қайғырған еді.

Таиф аймағындағы Хауазин тайпасының Сағд бин Бәкір руынан шыққан бір топ Меккеге келеді. Керуенде Сағд ұлдарынан Харис бин Абдулуззаның әйелі Халима да бар еді. Жан-жақтан келген сүт аналар бай кісілердің балаларын бөлісіп алады. Халима біраз кешігіп қалғандықтан, дәулетті отбасында туылған бала табыла қоймайды. Таифке құр алақан қайтқысы келмеген Халима немересіне сүт ана іздеп жүрген Абдулмутталибқа кездесіп қалады. Халима күйеуімен ақылдаса келе, беделді отбасынан шыққан Мұхаммедті жанына алады.

Халима кішкене Мұхаммедті оң көкірегімен, өз ұлын сол көкірегімен емізеді. Екі жыл бойы сүт емізген Халима, екінші жылдың соңында оны сүттен шығарады да, анасы Әминаға алып келеді. Алайда, одан айрылғысы келмей қайта алып кетеді. Ақыры кішкене Мұхаммед 4 немесе 6 жасына келгенде сүт анасы оны анасы Әминаға әкеліп тапсырады.

---

223 Саф, 6.

224 Али Ибран, 144; Ахзаб, 40; Мұхаммед, 2; Фәтх, 29.



Сүт анасымен Меккеге келіп-кетіп жүргенде Әз.Мұхаммед Указ жәрменкесі сияқты бірқатар жәрменкелерді де көрген еді. Оның Хамза, Әниса, Абдуллаһ және Худдама атты 4 сүт бауыры болған. Олардың арасында Шәйма деген атпен танылған Худдама-Хузафа кішкене Мұхаммедке көп қарайтын еді. Хунәйн шайқасында тұтқынға түскенінде Әз.Мұхаммед оған үлкен сый көрсеткен болатын.

Кейінірек Әз.Мұхаммедтің сүт анасы Халима, сүт әкесі Харис пен сүт бауырлары Абдуллаһ және Шәйма мұсылмандықты қабылдаған еді.

Әз.Мұхаммедтің алты не төрт жасында анасына тапсырылғандығы айтылады. Ол кезде Әз.Мұхаммед өте анық сөйлеп, аяғы еркін басатын еді.

Әмина күйеуінің қабірі мен туған-туыстарын зиярат етпекші болып, баласы мен күңі Умму Әйманды алып, Мәдинаға келеді. Осы жерде бір ай қалады. Меккеге қайтар сапарында жол үстіндегі Әбуа ауылына жеткенде наукастанып, төсек тартып жатып қалады. Науқасы үдеген Әмина бірнеше күннен кейін қайтыс болады және сол ауылға жерленеді. Қабірі аббасилер халифасы Мәмун тұсында Мекке уәліі Хусейн бин Нажжар тарапынан жөнделген еді.

Анасы Әмина дүние салған уақытта Әз.Мұхаммед шамамен, 6 жаста болатын. Анасының қарнында жатып әкесінен жетім қалған Мұхаммед алты жасында анасынан да айрылған-ды. Умму Әйман оны құшағына алып Меккеге әкеледі де, атасы Абдулмутталибқа тапсырады.

Абдулмутталиб сүйікті ұлы Абдуллаһтан туған Мұхаммедті көзінің қарашығындай қарап, өте қатты жақсы көретін. Оны үнемі өзімен бірге алып жүретін. Немересін ешкімге сеніп аманат етпейтін. Қағбаның айналасына төселген кілемшеге отыруға тек осы немересіне ғана рұқсат ететін, тіпті, жаңбыр дұғасына шыққанда да, оны тастамай жанына ілестіріп жүретін еді. Абдулмутталиб бір күні наукастанып, төсек тартып жатып қалады. Сүйікті немересін кімге тастарын білмей, ойға батады. Абдулмутталибтың барлық ұлдары Мұхаммедті қастарына алатын болады. Тіпті, Әбу Ләхаб та оны сұрап келеді. Алайда, Абдулмутталиб: *«Сен қатігез және рақымсызсың, бұл жетім баланың көңілін қалдырып, ренжітіп жүрерсің»*, – деп бермейді. Ақыры сұрап қоймаған соң, Әбу Талиб атты ұлына кішкене Мұхаммедті тапсырып, оған жақсы қарауын

насихат етеді. Өз. Мұхаммед 8 жасқа келгенде атасы Абдулмутталиб дүниеден қайтады. Сүйікті немересі атасының жаназасын жылап шығарып салады.

Әбу Талиб (Абдуманаф) атасынан да ажырап қалған кішкене Мұхаммедті аса сүйіспеншілікпен қорғап, әкесіндей қарайды. Өмірінің соңына дейін өз әкесіндей жақсы көріп, қорғаныш болады.

Қорыта айтқанда, дүниеге көз ашпай тұрып әкесінен, алты жасқа кіргенде анасы Әминадан жетім қалып, сегіз жасында атасы Абдулмутталибтан да ажырап қалған ислам пайғамбары әлемнің Жаратушысының тәрбиесінде, көкесінің қамқорлығында өскен еді

Әбу Талиб та меккеліктердің көпшілігі сияқты саудамен шұғылданатын. Сондықтан Мұхаммед те жастайынан саудаға көңіл қойған еді. 10-12 жасқа келгенде көкесі Әбу Талиб Сирияға сауда сапарына дайындалады. Керуен жолға шығар уақытта қоштасу үшін келген немере інісін тастап кете алмайтындығын түсінген Әбу Талиб баланың мөлтілдеген көздерін қимай, оны да бірге әкетуге бел буады. *«Уаллаһи Мұхаммед меннен, мен де одан ажырай алмаймыз»*, – деп сүйікті інісіне түйеге мін деп басымен меңзейді.

Кішкене Мұхаммед қуана түйеге мініп, көкесімен бірге Сирияға аттанады. Бусраға жеткенде керуен біраз демалатын болады. Уақытын Абдулқайс монастырында ғибадатпен өткізетін Бахира (Бухайра) атты монах керуендегі жұртшылықты қонаққа шақырады. Әбу Талиб кішкене Мұхаммедті керуеннің жанына қалдырып, сапарластарымен бірге Бахираға барады. Сонда Бахира керуеннің жанында біреу қалды ма деп сұрайды. Бір жас баланың қалғандығын білген ол оны да алып келуді өтінеді. Бала Мұхаммед келген кезде монах оған ерекше көңіл бөліп, түрлі сауалдар қояды. Сонда баланың: *«Саған Уззаның атымен емес Аллаһтың атымен жауап беремін»*, – деген жауабы оның назарын аударады. Соңында Бахира Әбу Талибқа бұрылып: *«Бұл бала әлемде үлкен беделге ие болады. Сіз жақындаған уақытта ағаш пен тастардың оған құрмет көрсеткендігін, бұлттардың серік болғандығын көрдім. Бұл баланы Сирияға апарма, еліңе кері қайт және яһудилерден қорға. Өйткені яһуди сәуегейлері баланы танып, бір зиян келтіріп жүрер»*, – деп ескертеді. Әбу Талиб оның насихатына құлық салып, Сирияға барудан бас тартып, заттарын сол жерде сатып, Меккеге кері қайтады.

Өкінішке орай, шығыстанушылар бірқатар риуаяттарға негізделген осы екі сағаттық кездесуден көптеген қорытынды шығаруға тырысқан. Осыған байланысты кейбір христиан және мұсылман авторлар ислам пайғамбары жаңа дін шығару пікірін осы Бахирадан алған, сондықтан ислам діні христиандықтың бір жалғасы болып табылады, ислам жаңа бір дін емес, Өз.Мұхаммед Бахираның нұсқауларына сәйкес әрекет еткен деген пікірлерді алға тартқан. Небәрі 12 жастағы баланың екі сағаттық әңгімелесу барысында шіркеу қызметкерінен жаңа дін құру пікірін алды деу ақылға сыймайтын нәрсе. Оның үстіне исламның адамзатқа ұсынған «Тәухид сенімі» мен христиандықтың «Үштік сенімі» арасында ұқсастық та жоқ. Егер де айтылған пікірлерде шындықтың ұшқыны бар болса, онда жаңа дін христиандыққа қарсы тұрмас еді. Әрі Бухайра мұндай істі алдымен өзі жүзеге асырар еді не шіркеу қызметкерлерінің бірін таңдап, соған тапсырар еді. Ислам – тікелей Аллаһтан түскен дін, ал Өз.Мұхаммед – ислам дінінің негізін салушы емес, оны насихаттап жеткізуші.<sup>225</sup>

## 5. Өз.Мұхаммедтің жастық шағы

Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлықтан бұрынғы өмірінде орын алған маңызды оқиғалардың бірі 14 не 16 жасында «Төртінші Фижар» соғысына қатысуы еді. Соғысуға тыйым салынған Мухаррам, Режеп, Зилқада және Зилхиджа айларының бірінде Қайс тайпасы мен Құрайыш арасында шыққан бұл соғыс «Фижар соғысы» деп аталды. Өз.Мұхаммед Фижар соғысына көкелеріне оқ беруші ретінде қатысқан еді. Соғыс Құрайыш тайпасының жеңісімен аяқталып, әрі бір пакт жасалған болатын.

Мұндай шайқастар Кинана, Хауазин және Құрайыш тайпалары арасында 5 рет орын алған еді.

Өз.Мұхаммед 17 жасқа келгенде көкесі Зубәйрмен бірге Йеменге барып қайтады. Осылайша Арабстанды көріп таниды. Сондай-ақ

---

225 Өз.Мұхаммедтің балалық шағы жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, I, 178-185; Ибн Исхале, I, 119, т.б. 178, т.б.; Якуби, II, 8/0-10; Ибн Сағд, I, 112-113, 117-120; Бухари, *Сахих*, VIII, 12, 13; М.Хамидуллаһ, *Расулұллаһ Мухаммед*, 24; Махмид Есад, *Тарихи Дини Ислам*, Мекке бөлімі, 15-16; Хавва, *аталмыш еңбек*, 185-187.

оның 9 жасынан бастап көкесі Әбу Талибқа жәрдем ету мақсатымен қой баққандығы, кейбір кісілердің қойларын жайғандығы риуаят етіледі.

Әз.Мұхаммед өз істерін өзі атқаратын, басқалардың ісіне араласпайтын, турашыл және көркем мінезді кісі болатын. Бүкіл Мекке халқы оған сеніммен қарайтын, сондықтан «Мұхаммедул-Әмин», яғни сенімді Мұхаммед деп аталған-ды.

Әз.Мұхаммедтің өміріндегі тағы бір маңызды оқиға «Хилфул-Фудул» атты шартқа қатысуы еді.

«Хилфул-Фудул» журхумилер заманында қабылданған бір қарарды қайта жаңғырту сипатындағы келісімшарт болатын. Журхумилер тұсында «Фадл» атты үш тайпа көсемі Меккеде ешкімнің зиян және зұлымдық көрмеуі, барлық адамдардың құқығының қорғалуы мен бұған қайшы әрекет еткендердің жазаландырылуына қатысты қарар қабылдап, ант ішеді. Сол себептен бұл келісімшарт «Хилфул-Фудул», яғни «Қайырымдылар анты» деп аталып кетеді.

Әсіресе, Фижар соғыстарынан кейін Меккеде тыныштық бұзылып, шалғай жатқан жерлерден келгендер мен жолаушыларға жаман мәміле жасала бастаған еді. Осындай қарбалас кезеңде Меккеге Йеменнен бір саудагер келіп, заттарын қалдырып, умра жасау үшін Қағбаға жөнеледі. Сонда Ас бин Уаил атты бір адам оның заттарын қорқытып тартып алады. Зұлымдыққа ұшыраған йемендік саудагер Әбу Қайс төбесіне шығып көтеріңкі дауыспен айқайлай бастайды. Мекке халқын заттарын қайтарып, әділдікті орнатуға шақырады.

Осы оқиғадан кейін, сондай-ақ Фижар соғыстарына байланысты әлеуметтікәділдіктіңбұзылуымекекеліктердіңәділдіктіқамтамасызету үшін қайта бас қосуына түрткі болады. Абдулмутталибтың ұлы Зубәйр Құрайыштың руларын жиналысқа шақырады. Меккедегі ең дәулетті кісілердің бірі болған Тәйм тайпасының көсемі Абдуллаһ бин Жуданың үйінде жиналып, шарт жасасу талап етіледі. Хашим, Мутталиб, Зухра, Әсад пен Тәйм тайпалары бұл жиналысқа өз өкілдерін жібереді. Жиналғандар зұлымдыққа ұшыраған жергілікті және шетжұрттық кез келген кісінің ақысын қайтару, әділеттілік, бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз ету жөнінде келісімшарт жасасып, ант ішеді. Міне, осы шарт бұрынғыдай «Хилфул-Фудул» деп аталған-ды.

«Хилфул-Фудул» атты шартқа қол қойғандар арасында Құрайыштың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген жас жігіт Мұхаммед те бар еді. Йемендік саудагердің заттарын Ас бин Уаилдан алып, иесіне кері қайтарып, Меккеде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз еткен бұл ортақ шешімді Өз.Мұхаммед үнемі еске алып, егер мұндай бір жиналыс тағы жасалатын болса, бар ықыласымен қатысатындығын айтқан еді.<sup>226</sup>

## 6. Өз.Мұхаммедтің жанұясы (Әһлі бәйт)

Өз.Мұхаммед жиырма бес жасқа дейін үйленбеген еді. Жерлес-тері арасында әдептілігі және абыройымен ерекшеленетін. Алуан түрлі арсыздық етек алған әлеуметтік ортада ар-намысын сақтай білген еді. Жасы жиырма беске келгенде, өзінен он бес жас үлкен, дәулетті жесір әйелмен үйленеді.

Исламнан бұрын Меккеде әдет-ғұрып пен дәстүрлер көп әйел алуға ыңғайлы болған. Алайда, Өз.Мұхаммед пайғамбарлықтан бұрын да, исламның Мекке дәуірінде де әйелінің үстіне басқа әйел алмаған-ды. Кейінгі жұбайларымен пайғамбарлықтың Мәдина дәуірінде үйленген еді. Өз.Айша мен Мариядан басқа жұбайлары жесір және қамқорлыққа мұқтаж әйелдер болатын.

Көп әйел алу жөніндегі діни үкімдер пайғамбар (а.с.) өмірінің соңғы кездеріне қарай, елуден кейінгі кезеңінде орын алған еді. Өз.Мұхаммед бұл жұбайларымен Мәдинаға хижрет еткеннен кейін үйленген болатын. Оның көп әйел алуына бірқатар әлеуметтік, экономикалық және ахлақтық себептер ықпал еткен-ді.

Өз.Мұхаммедтің үйленуі көптеген діни үкімдердің түсуіне себеп болды. Мәселен, «Ахзаб» сүресінің бірқатар аяттары Өз.пайғамбардың жұбайлары мен бүкіл мүмін әйелдерге қатысты үкімдерді қамтыды. Пайғамбар дүниеден өткеннен кейін оның жұбайларымен үйлену мүміндерге харам етілген еді.

---

226 Өз.Мұхаммедтің жастық шағы жөнінде қараңыз: Ибн Исхак, I, 142, т.б.; Ибн Сағд, I, 124-128; Ахмед Ибн Ханбал, *Муснад*, 1655 пен 1676 хадистер; Ибнул-Әсир, аталмыш еңбек, I, 18, т.б.; Ибн Кәсир, *әс-Сирәтун-Нәбәуиййә*, текс. Мустафа Абдулвахид. - Каир, 1384/1964, I, 259; М.Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 48-50.

Көптеген хадистерінде отбасы жүйесінің маңызы жөнінде сөз қозғаған Әз.пайғамбар үлгілі бір отағасы болатын. Ұзақ жылдар бойы бақытты жанұяны басқарды. Өнегелі отбасылық ғұмырымен әйелдер мен балаларға қалай қарау керектігін көрсеткен еді.

Әз.Мұхаммед жұбайлары мен балаларына аса мейірімділік және жанашырлықпен қарады. Қолынан келгенінше оларға жәрдем етіп, қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін барынша тырысты. Жанұясына ешуақытта немқұрайлық көрсетпеді, сөз және әрекеттерімен оларды ренжітпеді. Отбасы мүшелеріне көңіл бөліп, түрлі мәселелерде олармен ақылдасатын. Әз.Мұхаммед жанұсына (*Әһлі бәйт*) үнемі сүйіспеншілікпен қарап, қорғай білді.

Әз.Мұхаммед жас кезінен бастап Құрайыштың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген-ді. Өйткені турашыл, адал, сенімді азамат болатын. Әз.Мұхаммед көкелері Әбу Талиб және Зубәйрмен бірге сауда сапарына шығып, тәжірибе жинақтады. Іскерлік пен саудада адалдығымен танылды.

Ол кезеңде Меккеде ең табысты іс керуенмен сауда жасау болатын. Жерінің таулы болуы мен егін шаруашылығының дамымауы, сондай-ақ адамдар қасиет тұтқан Қағбаның Меккеде орналасуы халықты туризм мен саудаға бағыттаған еді.

Меккенің дәулетті іскер азаматтары мен саудагерлері іскерлігі мен адалдығына сенген кісілерге мол қаражат беріп, сауда істерін солар арқылы жүргізетін. Алайда, іскер де адал кісі сирек кездесетін. Хуайлид қызы Хадиша Меккедегі саудамен айналысатын дәулетті кісілердің бірі еді. Хадиша да сауда істерін жүргізу үшін сенімді адам іздестіреді. Сөйтіп, Әз.Мұхаммедке бірнеше рет сауда керуенін тапсырып, түрлі сауда орталықтарына жібереді. Сол арқылы оны жақсырақ тану мүмкіндігіне ие болады. Адалдығына сенім артқан Мұхаммедті бір жолы үлкен сауда керуенімен Сирияға жолдайды. Бұл сапардан кейін Мұхаммедтің туралығы мен адамгершілігіне риза болған Хадиша онымен отбасы құруға ниеттенеді. Әз.Мұхаммедтің жеке отбасылық өмірі осы үйленумен басталып, Әһлі бәйті де осы некеден көбейіп тараған-ды.

### а. Хадиша бинт Хуайлид

Құрайыш тайпасының Әсад ұлдары руынан шыққан Хуайлид қызы Хадиша – Расулұллаһтың алғашқы жұбайы. Хадиша Расулұллаһтан бұрын екі рет тұрмыс құрған және балалары да бар еді. Ол Меккенің беделді де дәулетті саудагерлерінің бірі болатын. Хадиша сауда істерін жүргізу үшін саудамен айналысып жүрген көркем мінезді жас жігіт Мұхаммедті бірнеше рет сауда орталықтары мен жәрмеңкелерге жібереді.<sup>227</sup> Бұл жағдай оны жақсырақ тануына мүмкіндік береді. Сауда істерін жүргізу барысында Әз.Мұхаммедтің турашылдығы, адалдығы, көркем мінезі мен адамгершілігіне тәнті болған Хадиша онымен тұрмыс құруға ниет білдіреді. Бұл тілегін Нуфайса атты досы арқылы Әз.Мұхаммедке (с.а.с.) жеткізеді. Әз.Мұхаммед көкесі Әбу Талибпен ақылдаса келе, бұл тілекті қабыл етеді. Сөйтіп, көкелері Әбу Талиб пен Хамзаны ертіп, Хадишаның үйіне барады. Ал Әз.Хадишаның жағынан Уарақа мен басқа да туыстары келеді. Әбу Талиб Әз.Мұхаммед туралы, ал Уарақа Әз.Хадиша туралы сөз сөйлеп, бұл некенің екі жақ үшін де аса қуанышты жағдай екендігін атап көрсетеді.

Әз.Хадиша мен Расулұллаһ пайғамбарлықтан он бес жыл бұрын б.э. 596 жылы 20 түйе (400 мысқал алтын) мөхр белгілеп, отбасы құрады. Үйленген кезінде Әз.Хадиша қырық, ал Расулұллаһ жиырма бес жаста болатын.

Хадиша Әз.Мұхаммедтің жұбайы, балаларының анасы болумен қатар, алғаш мұсылман болуы тұрғысынан да ислам тарихында маңызды бір орынға ие. Ол әрі жаннат әйелдерінің әрі мұсылмандардың «сәййидәсі» (ханшасы) еді. Әз.Мұхаммедтен екі ұл, төрт қыз – алты баласы дүниеге келген. Тұңғыш балалары Қасым екі жасқа келмей дүние салған еді. Әз.Мұхаммед сол ұлына телініп, «Әбул-Қасым», яғни «Қасымның әкесі» деп аталған-ды. Екінші балалары Зейнеп, үшіншісі – Руқайя, төртіншісі – Умму Кулсум, бесіншісі – Фатима болатын. Алтыншы балалары Абдуллаһ кішкене күнінде дүниеден өткен. Әз.Мұхаммед үйленген күні әкесінен мирас ретінде қалған Береке атты күңін азат етіп, йәсрибтік бір кісімен үйленді-

---

227 Ибн Сағд, 126; Яқуби, II, 12; Табари, I, 1129.

реді. Берекенің бұл некеден Әйман атты ұлы дүниеге келеді. Сөйтіп, ол бұдан былай «Умму Әйман», яғни «Әйманның анасы» деп аталып кетеді. Ал Хадиша бауыры Хақимның Указ жәрмеңкесінен сатып алып, өзіне сый еткен Зәйд бин Хариса атты христиандардан шыққан құлын Әз.Мұхаммедке сыйға тартады. Алайда, Әз.Мұхаммед бірден Зейдіт құлдықтан азат етіп, өкіл баласы ретінде жариялайды.

Құрандағы: «*Сені кедей көріп, байытпады ма?*»,<sup>228</sup> - деген иләһи сөзде айтылғандай, Әз.Мұхаммед үйленгеннен кейін рахат өмірге қауышқан еді. Барлық қажеттілігін жұбайы Хадишаның мал-мүлкімен қамтамасыз еткен Әз.Мұхаммед өзі де аянбай еңбек етті. Сондай-ақ кішкене күнінен өзіне қамқорлық көрсетіп қараған көкесі Әбу Талибты да назардан тыс қалдырмады, мүмкіндігінше оған жәрдем етуге тырысты. Материалдық тұрғыдан қарайласу үшін көкесінің ұлы Әлиді қасына алып тәрбиеледі. Ал Әбу Талибтың Жағфар атты ұлын көкесі Аббас жанына алып өсірген еді.

Әз.Мұхаммедтің отбасы Әлидің қосылуымен ұлғая түскен-ді. Умму Әйманның отбасына оралуы, Зәйдтің өкіл баласы ретінде Әз.Мұхаммедтің үйіне орналасуы, Хадишаның Зейнеп, Руқайя және Умму Кулсум атты қыздарының дүниеге келуі жанұя мүшелерінің санын арттырған еді.

Әз.Мұхаммедтің көкелерінің бірі болған Әбу Ләхаб, бәлкім бұл отбасының дәулетіне көз тіккендіктен болар, бой жеткен Руқайя мен Умму Кулсумды Утба мен Утайба атты ұлдарына атастыруға ниет білдіреді. Әз.Мұхаммед пен Хадиша да бұл тілекті орынды көріп, Руқайя Утбамен, ал Умму Кулсум Утайбамен атастырылады. Алайда, ислам діні келген уақытта Әз.Мұхаммедті уайымға салу мақсатымен Әбу Ләхаб ұлдарын Руқайя мен Умму Кулсумнан ажыратады. Одан кейінгі жылдарда Руқайя Әз.Османға тұрмысқа шығады. Алайда, Бәдір шайқасынан кейін Руқайя дүние салады. Әз.Осман одан кейін Умму Кулсумға үйленеді. Әз.Мұхаммедтің кішкене қызы Фатима Әз.Әлиге тұрмысқа шығып, бұл некеден Хасан мен Хусейн атты ұлдары дүниеге келеді. Ислам пайғамбарының ұрпағы осы екі немересі арқылы жалғасқан-ды. Әз.Мұхаммедтің Фатимадан басқа балалары өзінен бұрын дүниеден өткен еді.



Әз.Мұхаммедтің жанұясы ислам әдебиетінде «Әһли бәйт», «Әл-и бәйт» деп аталады. Алайда, ислам тарихында «Әһли бәйттің» кімдерді қамтитындығы жөнінде үнемі пікірталастар болған.

Расулуллаһпен жиырма бес жыл отау құрған Әз.Хадиша алпыс бес жасында пайғамбарлықтың оныншы жылы дүниеден қайтқан болатын. Пайғамбардың Ибраһимнен басқа балалары осы Хадишадан дүниеге келген-ді. Расулулаһ Хадишаны көзі тірісінде де, қайтыс болғаннан кейін де үнемі еске алатын.

Әз.Хадиша Әз.Мұхаммедтің алғашқы жұбайы, балаларының анасы және алғашқы мұсылман болуы тұрғысынан ислам тарихында өзіндік орын алады. Ол әрі дүниедегі әйелдердің әрі мұсылмандардың «ханшасы» болып табылады.

### **ә. Сәуда бинт Зәмға**

Әз.Мұхаммед Әз.Хадиша дүниеден қайтқаннан кейін Мәдинаға хижрет еткен уақытта түрлі себептермен бірнеше рет үйленген. Сол жұбайларының алғашқысы Әз.Сәуда еді.

Сәуда бұрын көкесінің ұлы Шукранмен тұрмыс құрып, мұсылмандармен бірге Эфиопияға хижрет еткен болатын. Эфиопиядан қайтып келгеннен кейін Шукран дүние салады. Сәуда Эфиопияға хижрет етіп, сол жерде басынан түрлі қиыншылықтар өтуіне қарамастан, исламға деген берілгендігінен таймаған-ды. Жесір қалған Сәудамен Расуллуллаһ үйленеді. Әз.Сәуда Муғауияның халифалығы тұсында хижраның 54 жылы Мәдинада қайтыс болады.

### **б. Әз.Айша бинт Әбу Бәкір**

Әз.Мұхаммед Сәудамен үйленген уақытта Осман бин Мазғунның әйелі Хәула бинт Хаким бин Умәййаны Әз.Әбу Бәкірге жіберіп, Айшаға сөз салады. Әз.Әбу Бәкір алғаш болып мұсылмандықты қабылдағандардан еді. Айша өнегелі отбасының тәрбиесін алған, адамгершілігі мол, намысты және көркем мінезді жан болатын. Әз.Мұхаммедпен үйленгеннен кейін «мүміндердің анасы» (*уммүл-муминин*) деп аталған-ды. Білімді сахабалар қатарына жататын Әз.Айшадан көптеген риуаяттар жеткен.

Айша Өз.Мұхаммедтің қыздай алған жұбайы болды. Айшаның неше жаста тұрмыс құрғандығы жөнінде бірқатар пікірталастар туындаған. Некесі алты жасында Меккеде қиылып, хижреттен кейін тоғыз жасқа келгенде отау құрғандығы жөнінде риуаяттар бар. Сонымен қатар оның бұдан үлкенірек немесе кішірек жаста болғандығын айтқандар да кездеседі. Айтылған риуаяттар бойынша, Өз.Мұхаммедтің Өз.Айшаға үйленуі уахиге негізделген еді.<sup>229</sup>

Өз.Айша аққуаша келген, сұлу жүзді, нәзік денелі, бота көз, бұйра шашты бір әйел еді. Өте зерек және ақылды болатын. Өзінен бала болмағандықтан, бауырларының балаларын бауырына басып, аналық құштарлығын басуға тырысатын.

Өз.Мұхаммедтің жұбайы әрі мұсылмандардың анасы болумен қатар, ғылыми және саяси тұлға болуы да Өз.Айшаға ислам тарихы әдебиетінде үлкен маңыз берілуіне ықпал етті. Өз.Айша харижи, шииттік және сүнни ағымдағы әдебиеттерде бір-бірінен мүлдем өзгеше қырларымен бағаланып, танылған еді.

Ислам тарихы дереккөздерінде Өз.Айшаға қатысты айтылғандар арасында ең маңыздысы, бәлкім, «ифқ оқиғасы» болар. Бірқатар сахабалардың негізсіз сөздері мен өсектерінен туындаған бұл оқиға Өз.Айшаны қатты ренжітіп, жылатқан еді. Одан кейін мұнафықтар артынан өсек айтып, Өз.Мұхаммедті де қиын жағдайда қалдырған болатын. Алайда, Құран Кәрімнің осыған байланысты түскен аяттары әрі Өз.Айшаның пәктігі мен күнәсіздігін қуаттап әрі Өз.Мұхаммедті бұл жағдайдан құтқарған-ды.<sup>230</sup>

Өз.Айша ислам дініндегі көптеген үкімдердің, әсіресе, Өз.пайғамбардың әйел кісілерге қатысты сөздерінің мұсылман қоғамына жетуіне үлкен үлес қосты. Өз.Айша ғалым сахабалардан саналады. Білімінің жетілуіне Өз.пайғамбардың жұбайы, сондай-ақ Өз.Әбу Бәкірдей сахабаның қызы болуы да ықпал еткен еді. Өз.Әбу Бәкір Өз.Мұхаммедтің хижрет сапарында үнгірдегі серігі болған-ды.

229 Слстр. Ибн Исхак I, 239; Ибн Хишам, II, 52, т.б.; Ибн Сағд, VIII, 59; Бухари, неке бөлімі, 9, 39; Табари, II, 412; Зия Казыжы, *Хз.Мухаммедин Ешлери ве Аиле хайаты*. - Стамбул, 1991, 127-135; Мустафа Файда, «Айша», *DIA*, II, 201.

230 Нұр, 11-21; Ифқ тақырыбына ислам тарихы дереккөздерінде кең орын беріледі, бұл жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет алу үшін соңғы мына екі зерттеуді насихат етеміз: Мустафа Файда, «Айша», *DIA*, II, 201-205; Казыжы, *аталмыш еңбек*, 142-160.

Мүміндердің анасы Әз.Айша Расулұллаһтың көзі тірісінде де, ол дүниеден қайтқаннан кейін де сахабалар тарапынан үлкен құрметке бөленген болатын. Көптеген мәселелерде мұсылмандар оның көзқарастарына жүгінетін еді. Алайда, Әз.Осман халифалық еткен тұста саясатқа белсенді түрде араласа бастауы, «Жамал» оқиғасының туындауына түрткі болуы мен сол тұстағы үкіметке қарсы әрекеттері, басқа сөзбен айтқанда, оппозициялық тарапты басқаруы аталған құрметтің азаюна және ол туралы спекуляциялардың жасалуына жол ашқан-ды. Ол Әз.Османның басқаруын ұнатпады, сол сияқты Әз.Әлидің халифалығына да көңілі толмады. «Жамал» соғысында жеңіліске ұшырғаннан кейін саясаттан суып, саяси оқиғаларға араласқандығына өкініш те білдірген еді.

Өмірінің соңына қарай науқастанған Әз.Айша хижраның 57 немесе 58 жылы 66 жасында қайтыс болған. Бақи қабірстанына жерленген Әз.Айшаның жаназа намазын танымал сахабалардың бірі Әбу Хурайра шығарған еді.<sup>231</sup>

## в. Хафса бинт Омар

Хафса бинт Омар пайғамбарлықтан бес жыл бұрын дүниеге келген. Ол Хунайс бин Хузафаға тұрмысқа шыққан еді. Алайда, Әз.пайғамбармен Мәдинаға хижрет еткен Хунайс Бәдірде шейіт болады. Соған байланысты Әз.Омар қызын қайта тұрмысқа беруге ниеттенеді. Алдымен Хафсаны жұбайы Рукайя қайтыс болып, жалғыз қалған дәулетті саудагер Осман бин Аффанға ұсынады. Ол қабыл етпеген соң, Әбу Бәкірге сөз салдырады, Алайда, ол да қабыл етпейді. Осыған байланысты Расулұллаһқа шағымын айтады. Сонда Расулұллаһ Хафсамен өзінің үйленетіндігін білдіріп, Омарды да, Хафсаны да қуантады.

Әз.Мұхаммедтен кейін ұзақ өмір сүрген Хафса Мұғауияның халифалығы тұсында хижраның 45 жылы Шағбан айында Мәдинада дүние салған. Жаназа намазын қамқоршысы Мәруан шығарып, Бақи қабірстанына жерленген.<sup>232</sup>

231 Ибн Сағд, VIII, 80; Зехеби, II, 83; Хамидуллаһ, *Расулұллаһ Мұхаммед*, 263; М. Файда, «Айша», *DIA*, II, 203; Казыжы, *аталмыш еңбек*, 173-175.

232 Ибнил-Әсир, *Усдул-Ғабә*. - Каир, 1288, VII, 65-67; Ибн Хажер, *Исабә*, II, 345-346; Ибн Сағд, *Табәқат*, VIII, 81-86.

### г. Зейнеп бинт Хузайма

Зейнеп Расулуллаһтан бұрын екі рет тұрмыс құрған еді. Екінші күйеуі Ухудта шейіт болғаннан кейін Расулуллаһ оған сөз салдырып, хижраның 3 жылы Рамазан айында үйленеді. Зейнеп үйленгеннен сегіз айдан кейін, хижраның 4 жылы Рабиуләууәл айында қайтыс болады.<sup>233</sup>

### ғ. Умму Сәләма

Оның аты Хинд бинт Әбу Умәййа болған. Хинд те, оның анасы Атиқа бинт Амр да Маһзұм тайпасынан шыққан еді. Умму Сәләма мен оның алғашқы күйеуі Әбу Сәләма, яғни Абдуллаһ бин Абдуллад әл-Маһзуми екеуі де Меккеде мұсылмандықты қабылдаған-ды. Күйеуімен бірге Эфиопияға хижрет еткен Умму Сәләма ұлын сол жерде босанады. Меккеге қайтып оралғаннан кейін баласымен бірге түйесіне мініп, Мәдинаға хижрет етеді. Алғашқыда Умму Сәләмаға да, күйеуі мен баласына да Мәдинаға хижрет етуге рұқсат берілмеген еді. Умму Сәләманың жолдасы шайқасында шейіт болады. Соған байланысты Расулуллаһ оған үйленіп, Умму Сәләма мен балаларын өз қамқорлығына алады.

Мүміндердің анасы Уммә Сәләма ұзақ ғұмыр сүрген. Ол Язид бин Әбу Суфиян билік құрған тұста Әз.Әлидің ұлы Әз.Хусейн шейіт етілгеннен кейін қайтыс болған.<sup>234</sup>

### д. Жуәйрия бинт Харис

Хижраның 5 не 6 жылы Бәни Мусталиқ шайқасы орын алған еді. Жуәйрияның әкесі Харис Бәни Мусталиқ тайпасының көсемі болатын. Осы шайқаста Жуәйрия тұтқынға түседі. Расулуллаһ өз үлесіне тиген тайпа көсемінің қызымен үйленеді. Соған байланысты басқа мұсылмандар да тұтқынға түскен Мусталиқ ұлдарын босатып жібереді. Бұл хабар тайпа көсемі Хариске жеткенде, ол Мәдинаға келіп, мұсылмандықты қабылдайды.

233 Ибн Сағд, *Табәқат*, II, 42-43, VIII, 101-114.

234 Ибн Сағд, *Табәқат*, VIII, 86-96.

### е. Умму Хабиба бинт Әбу Суфиян

Умму Хабиба әкесі Әбу Суфияннан бұрын, Әмеуи ұлдарының арасында ең ерте исламға кіріп, көрген үлкен қиыншылықтарына карамастан, иманына сай өмір сүре білген еді. Умму Хабиба күйеуімен бірге Эфиопияға хижрет етеді. Сол жерде жолдасы қайтыс болғаннан кейін Расулуллаһ онымен үйленеді. Расулуллаһтың Умму Хабибамен үйленгендігі жөніндегі хабар Әбу Суфиянға жеткен кезде, ол өзінің ризашылығын: *«Бұл еркекті миына бір жұдырық ұрумен жығу мүмкін емес»*,<sup>235</sup> деген сөздермен білдірген еді. Сөйтіп, Расулуллаһ бір жағынан, иманы берік Умму Хабибаны некесіне алумен қуантып сыйға бөлесе, екінші жағынан, хашимдықтарға ежелден дұшпан Әмеуи ұлдарымен туыстық (*сыхри*) байланыс құрып, Мекке басшысы Әбу Суфиянға күйеу бала болған еді.

### ж. Сафия бинт Хуай

Сафия бинт Хуай бин Ахтаб Әз.Мұсаның бауыры Әз.Харунның ұрпағынан тараған. Анасы Бәрра бинт Сәууал Бәни Курайза тайпасынан еді.

Сафия бұрын Сәллам бин Мишкаммен тұрмыс құрып, одан ажырасқаннан кейін Надир ұлдары яһудилерінің бірі Кәттан бин Раби бин Назир атты кісімен үйленеді. Нәзир Хайбар соғысында мұсылмандар тарапынан өлтіріледі. Хайбар тұтқындары арасында болған Сафия олжа бөлісінде Расулуллаһтың үлесіне түседі. Расулуллаһ Сафияға исламды қабылдаса, оған некелесетіндігін, ал яһуди ретінде қалғысы келсе, азаттығын беретіндігін айтады. Сафия мұсылмандықты қабылдап, Расулуллаһқа тұрмысқа шығады.

Расулуллаһ Сафиямен үйленген уақытта, Әз.Айша жасырын түрде Сафияны жақыннан көруге барады. Мұны байқаған Расулуллаһ Айшадан Сафия жөнінде сұрайды, сонда Айша: *«Бар болғаны яһуди бір әйел»*, – дейді. Расулуллаһ: *«Айша олай деме, өйткені ол мұсылман болды және мұсылмандығын да көркейтті»*, – дейді. Сафия Расулуллаһқа және ислам дініне берілген жан еді. Расулуллаһ науқастанып, жұбайлары айналасына жиналған уақытта, Сафия:

---

235 Ибн Сағд, *Табакат*, VIII, 80-86.

*«Аллаһқа ант етемін, сенің науқасың маған келгенін қалар едім», – дейді, сонда Расулуллаһтың басқа жұбайлары бір-біріне көзбен ымдасады. Мұны байқаған Расулуллаһ оларға: «Тұрыңыздар, ауыздарыңызды шайыңыздар», – дейді. Неге шаямыз? – дегенде, Расулуллаһ: «Өйткені ымдап, Сафияны өсектедіңіздер. Уаллаһи ол айтқанда, расын айтып тұр», – дейді.*

### **з. Зейнеп бинт Жахш**

Расулуллаһтың Зейнеп бинт Жахшпен үйленуіндегі хикмет те басқа некелеріне ұқсас болғанымен, өзгеше тұстары да бар еді. Жәһилдік дәуірінде асырап алған балаларының жұбайларымен үйленуге тыйым салынған болатын. Ислам діні бала асырап алу әдетін жойып, асырап алынған кісінің жесір әйеліне үйленуге рұқсат еткен-ді. Расулуллаһ асырап алған ұлы Зәйд бин Харистың ажырасқан әйелі Зейнеп бинт Жахшпен үйленіп, аятты іс жүзінде жүзеге асыра отырып, үмметке үлгі болды.

Алайда, Расулуллаһтың бұл үйленуі түрлі пікірталастардың туындауына жол ашты. Мұндай пікірлердің айтылуына Ахзаб сүресінің 5-аяты мен 37-аятына әр түрлі түсініктеме берілуі мен тақырыптың тек жыныстық немесе әлеуметтік қырынан қарастырылуы түрткі болған еді. Біздің пікірімізше, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және құқықтық тұрғыдан тақырыптың біртұтас көзқараспен қарастырылуы және бағалануы арқылы дұрыс бір пікірге баруға болады.

### **и. Маймуна бинт Харис**

Маймунаның алғашқы күйеуі Мәсғұд әс-Сақафи болған. Одан ажырасқаннан кейін Әбу Рахм бин Абдул Уззамен үйленеді. Әбу Рахм дүниеден қайтып, Маймуна жесір қалады. Хижраның 7 жылы Расулуллаһ умра жасау үшін Меккеге келген кезінде Маймунамен үйленеді. Расулуллаһ Мәдинаға қайтқанда оны да өзімен бірге ала кетеді. Маймуна Расулуллаһтың үйленген соңғы жұбайы болып табылады. Маймунаның дүние салған уақыты жөнінде түрлі пікірлер айтылғанымен, 51/671 жылы дүниеден қайтқандығы жөніндегі риуаяттар басымырақ.

Әз.Мұхаммедтің Мария мен Райхана атты мысырлық жұбайлары да бар еді. Мария – пайғамбардың Ибраһим атты ұлының анасы. Әз.Мұхаммедтің жұбайларының алтауы Құрайыштан, қалған алтауы Құрайыштан басқа араб тайпаларынан шыққан-ды. Олардың бірі қыпти, енді бірі яһуди болған.

Сондай-ақ Хәула бинт Халим, Умму Шәрих және Умму Ләйла атты әйелдер Расулуллаһпен үйленуге ниет білдірген-ді.

Көріп отырғанымыздай, Расулуллаһтың көп әйел алуы белгілі бір қоғамдық себептер мен хикметке байланысты туындаған еді. Расулуллаһ елу жасқа дейін өзінен он бес жас үлкен әйелмен тұрған. Жұбайы дүниеден өткен кезде, қайта үйленуге ұмтылмады. Тек Мәдинаға хижрет етіп келгеннен кейін, мемлекеттің ауыр жүгін мойнына алған тұста қоғамның әртүрлі топтарын бір-бірімен татуластыру, жақындастыру және исламды басқа аймақтарға тарату, сондай-ақ қамқорлыққа мұқтаж мұсылман әйелдерді қорғауына алу, Аллаһтың берген құқын қолдану сияқты себептермен бірнеше рет үйленген-ді. Сондықтан оның көп әйел алуына бір нәпсіқорлық сияқты қарамай, әлеуметтік, экономикалық және мәдени шарттар тұрғысынан қараған жөн.

## **7. Әз.Мұхаммедтің Қағбада төрешілік етуі**

Әз.Мұхаммед 35 жасқа келгенде Меккеде орын алған бір оқиға қалада рухани өмірдің оянуына себеп болған еді. Құрайыш сел мен жаңбыр суының әсерімен кейбір тұстары жығылған Қағбаны жөндеу туралы шешім қабылдайды. Өйткені Қағба әрі көптеген пұттардың тұрағы әрі олар үшін бір күнкөріс көзі саналатын. Сондықтан жақсы сақталуы тиіс еді. Қағбаға күрделі жөндеу жүргізу үшін түрлі шаралар қолданады. Сол кездері Мысырдан Йеменге шіркеу салу үшін құрылыс заттарын алып бара жатқан Византия кемесі жаңбыр маусымындағы теңізде болған дүлей себебімен Меккедегі Шуайба портында тақырға отырып қалады. Бұл хабарды алған меккеліктер дереу портқа қарай жүгіріп, апатқа ұшырағандарға жәрдем етеді. Апатқа ұшырағандар кеменің теңіздің жағалауға шығарып тастаған сынық тақтайларына дейін бар заттарын меккеліктерге сатады. Апатқа ұшыраған адамдар арасында Бакум атты қыпти ағаш ұстасы да бар еді. Ол Меккеге орналасып, кәсібін сол жерде жалғастырады.

Алайда, жиналған материал Әз.Ибраһим заманындағыдай бір ғимарат салуға жеткілікті болмады. Соған байланысты меккеліктер Қағбаның бір жағын ғана жауып, екінші жағын ашық қалдырады.

Соңында барлық тайпалардың атсалысуымен Қағбадағы жөн-деу жұмыстары аяқталады. Әз.Мұхаммед те жөн-деу жұмыстарына тас тасып қатысады. Кезек барлық адамдар қасиет тұтқан «Хажарул-Әсуадты» (Қара тасты) Қағбадағы орнына қоюға келгенде, тайпалар арасында жанжал шығады. Өйткені әрбір тайпа бұл тасты орнына қою құрметіне өзін лайық көреді. Жанжал ушығып, қан төгуге дейін баратын болады. Сол кезде араларындағы бір қарт кісі: *«Қағбаға ең бірінше кірген адамның төрешілігіне жүгініп, берген шешімін іске асырайық»,* – деп ақыл айтады. Бұл пікір барлық тайпаларға ұнайды. Міне, сол күні аты аталған есіктен алғаш кірген кісі бүкіл Мекке халқының сеніміне ие болған Әз.Мұхаммед еді. Оның келуіне барлығы қуанысып, бір-біріне: *«Мухаммәдул-Әмин келді»,* – деседі.

Әз.Мұхаммед бұл тартыс тудырған мәселеге барлық тайпалар қабыл ететіндей бір байлау айтады. Шапанын шешіп жерге төсейді де, тайпа өкілдеріне тасты шапанның үстіне қойдыртып, бір-бір ұшынан ұстатып тасытады. Қойылатын жерге келгенде, тасты өз қолымен алып, Қағбадағы орнына қояды. Ол бұл төрешілігі арқылы әрі Меккеде бейбітшілік пен тыныштықты сақтаған еді әрі өз адамгершілігіне жарасатын іс істеп, оған деген сенім мен құрмет арта түскен-ді.<sup>236</sup>

## **Ә. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ ТАҢЫНЫҢ АТУЫ**

### **1. Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығына қатысты хабарлар**

Құран Кәрім Аллаһ жіберген әрбір пайғамбардың өзінен бұрынғы пайғамбарды растағандығын және соңғы пайғамбар

---

236 Әз.Мұхаммедтің Қағба төрешілігі жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, I, 125; Ахмед бин Ханбәл, *Муснад*, III, 425 пен 2506-нөмірлі хадистер; Мәсғуди, II, 168, т.б./ Табари II, 198; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 162; *Доғуштан Гүнүмүзе Ислам тарихи*, I, 193.



Әз.Мұхаммедтің келетіндігі жөнінде қауымына хабар бергендігін баяндайды. Ұлы Аллах:

*«Сол уақытта Аллах пайғамбарлардан: «Сендерге Кітап, хикмет бердім, содан кейін жандарыңдағыны растаушы пайғамбар келсе, әлбетте оған иман келтіріп, әрине оған жәрдем етесіңдер! Мойындап ауыр міндетімді қабыл алдыңдар ма? – дегенде, олар: «Қабыл алдық!» – деген. (Аллаһ): «Ендеше куә болыңдар. Мен де сендермен бірге куә болушыларданмын», – деген (Әли Имран, 81).*

Сондай-ақ Құран Кәрім Мұхаммедтің аты пайғамбарлардың соңғысы ретінде Тәурат пен Інжілде жазылып қойылғандығын:

*«Олар сондай жандарындағы Тәуратта және Інжілде жазулы жіберілген сауатсыз пайғамбарға ергендер. Ол оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыяды. Жақсы нәрселерді халал, жаман нәрселерді харам қылады. Олардың үстеріндегі ауыр жүктерді (түсіріп) шиеленіскен нәрселерді шешеді. Енді соған (Мұхаммедке а.с.) сенгендер олар оған құрмет етіп, әрі оған көмек көрсеткендер сондай-ақ оған түсірілген нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар құтылушылар»,<sup>237</sup> – деп хабарлайды.*

Тәурат пен Інжілде берілген мәліметтер арқылы яһудилер мен христиандар соңғы пайғамбардың атын да, сипаттарын де білетін еді. Бусрадағы Бухайра мен Настура атты монахтардың жас Мұхаммедті көргенде бірден тануы, Нәуфал ұлы Уарақаның Әз.Мұхаммедке келген алғашқы уахи туралы өзіне айтылғанда, бірден оның келетіндігі айтылып жүрген соңғы пайғамбар екендігін айтуы, Әз.Мұхаммедтің Тәураттағы сипаттары қандай екендігі сұралғанда, әл-Ас ұлы Амрдың: *«Иә, уаллаһи Мұхаммед Құрандағы кейбір сипаттарымен Тәуратта да сипатталған»,* – деуі және Сәида ұлы Қустың Указ жәрмеңкесінде сөйлеген сөзі мен өлеңінде соңғы пайғамбардың келетіндігі жөнінде сөз қозғауы Қасиетті Кітапта Әз.Мұхаммедтің аты мен сипаттарының баяндалғандығының айқын дәлелі болып табылады.

Сонымен қатар пайғамбардың (а.с.) аты Юханна Інжілінде ассириялық тілде «Мұнхаммона» түрінде келтірілгендігі және мұның арабша баламасы «Мұхаммед», римше баламасы «Барак-лит» екендігі белгілі.

Бұған қоса, сахаба Салман Фариси, Рим Цезары Гераклиус, мекжелік ханифтерден болған Умәййа бин Әбус-Салт, Эфиопия Нажашисі мен Александрия әміршісі Муқауқастың Тәурат пен Інжілден алған мәліметтерге сүйене отырып, соңғы пайғамбардың келетіндігі жөнінде хабар беріп, сипаттарын атап көрсетуі, пайғамбарлықтан бұрын Әз.Мұхаммедтің өмірінде орын алған бірқатар таңғайжайып оқиғалар, жер бетіндегі кейбір жаратылыстардың оны жақсы көріп, сәлем беруі, бұлттардың оны көлеңкелеп серік болуы, Меккеде 38 жасына келген шақта нұр мен жарықтардың көрінуі, дауыстардың естілуі және т.б. оқиғалар ақыр заман пайғамбарының келуін адамзатқа сүйіншілеп тұрған басқа да белгілер еді.

Қорыта айтқанда, Әз.Мұхаммедтің соңғы пайғамбар ретінде келетіндігі жөнінде Тәурат пен Інжілде хабар берілгендігін айтуға болады. Ханифтер, көптеген яһудилер мен христиандар бұл шындықты білетін еді. Өйткені Указ жәрмеңкесінде араб ақындары мен ділмарларына сөз сөйлеген Қус бин Сәида:

*«...Аллаһтың келетін бір пайғамбары бар, ол келетін уақыт өте жақын. Көлеңкесі басымыздың үстіне түсті. Оған иман келтірген кісі қандай бақытты, ол оны тура жолға салады»,* – деген болатын.

Указ жәрмеңкесінде Қустың бұл маңызды сөзін тыңдағандар арасында болған Әз.Мұхаммед пайғамбарлық келгеннен кейін де Қустың сөзін еске алып, ол туралы: *«Ұлы Аллаһ Қус бин Сәиданы Қиямет күнінде бөлек бір үммет ретінде шығаратындығына сенемін»,* – деген-ді.

## **2. Адамзаттың пайғамбарға мұқтаждығы**

Ұлы Аллаһ адамзат тегін жер бетіндегі өзінің «халифасы» ретінде жаратты. Оны «адам кейпіне» келтіріп, дене бітіміне жан бергеннен кейін, халифалық міндеттерін толық атқаруға мүмкіндік беретіндей ерекшеліктермен безеді. Бойында осындай ерекшеліктері бар адамның, күмәнсіз, бірқатар қажеттеліктері де болды. Адам материалдық және рухани болмысына қатысты бұл қажеттіліктерін қанағаттандыра алған жағдайда ғана дұрыс өмір сүріп, жан мен тәнге қажетті материалдық-рухани азықты қамтамасыз ете отырып, кемелдене түседі және «адамдық тұлғасына» қауышады.

Адам баласы адамдығын, құзіреті мен міндеттерін, жаратылысындағы хикметті, өзі үшін пайдалы мен зиянды нәрселерді ажырата алатындай қабілетке ие тұлға ретінде ақыл-ой, сана, сезім мүшелері және басқа да нығметтермен безелген. Дүние мен ақирет өмірінде бақытқа жетуді мақсат еткен және оның жолын іздестірген адам баласы ақылы мен сезімдерін өзіне пайдалы нәрселерді табу мен анықтауға бағыттап, сол арқылы өзін Тура Жолға жеткізуге тырысады.

Алайда, ақыл мен дұрыс сезімдер адамға дүние мен ақирет бақытының жолын көрсету мен оған жеткізуде жеткіліксіз. Адам баласы бүкіл ғаламды жаратқан Аллаһты иләһи сипаттарымен танып қабыл ету, дүние мен ақирет бақытының сырын ұғыну, жаратылу мақсатына сай өмір сүру үшін, міндетті түрде, бір жәрдемші, жол көрсетушіге мұқтаж. Адамдардың өз арасынан шыққан бұл жол көрсетуші бірқатар ерекше қасиеттерге ие, сондықтан дүние мен ақирет өмірінде адамды бақытқа жеткізетін жолды біледі. Өйткені ол абсолюттік күш пен құдіретке ие Аллаһтың атымен сөйлейді. Аллаһ тарапынан жол көрсетуші ретінде таңдалғандығын көптеген дәлелдермен дәйектейді. Ақыл мен сезім жете алмайтын көптеген тылсым мәселелердің сырын ашып, адам баласына түсіндіреді.

Мұндай міндеттерді атқаратын жол көрсетуші пайғамбар болып табылады. Пайғамбарларға адамзат баласын Аллаһтың барлығына, бірлігіне және сипаттарына иман келтіруге бағыттау міндеті жүктелген. Адамды Аллаһ Өзінің бар екендігін көптеген дәлелдермен көрсететін және Өзіне жеткізетін бір жолға қойды. Адам баласы алған білімі және иләһи үндеу мен пайғамбардың жол көрсетуі арқылы зиянды және пайдалы нәрселерді бір-бірінен ажыратып, соңында діннің дүние мен ақиретте өзін бақытқа апаратын тура жол екендігін ұғынады.

Олай болса, пайғамбар - адамдарға тура жолды үйретуші, әділдікті орнатушы, жүректерді тазартып, бақытқа қауыштырушы, иманды жүректерді ақиқатқа жеткізуші тұлға.

Пайғамбарлар үндеуін «иләһи уахифа» негіздей отырып атқарады. Мұндай маңызды істерді атқарған пайғамбарлардың әрбірі адамдар арасынан Аллаһ тарапынан таңдалған кісілер болып табылады. Пайғамбарлар Жаратушыға қалай құлшылық ету керектігін үйретеді. Сондықтан да ақылды, тура сөзді, адам өмірінің

қыр-сырын білген, сондай-ақ жан мен тән саулығын бұзатын барлық нәрседен бойын аулақ тұтқан пайғамбарларға иман ету әрбір әйел мен еркек мүмін үшін парыз.

Пайғамбарлардың пайғамбарлық қасиеттерінің тысында өзге адамдардан бір ерекшелігі жоқ. Олар да жеп-ішеді, ұйықтайды, үйленеді, қайғырады және қуанады, жәбір-жапа мен зұлымдыққа ұшырауы да мүмкін, қайтыс болады және өлтірілуі де мүмкін. Пайғамбарлықтан тыс мәселелерде ұмытуы және жаңылысуы да ықтимал. Өйткені пайғамбарлар адам, тек айырмашылығы белгілі бір кезеңдерде Аллаһтың бұйрықтарын жеткізу міндеті жүктелгендігі.

Пайғамбарлар – адамдар үшін ең тамаша өнеге. Олар бір хикмет пен қажеттілікке байланысты таңдалып, адамдарды түзеу үшін жіберілген. Құранда әрбір ұлысқа бір ескертуші жіберілгендігі айтылған. Ұлы Аллаһ:

*«Біз сені қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші етіп ақиқатпен жібердік. Өздеріне ескертуші (пайғамбар) келмеген бір де бір ұммет болмаған.<sup>238</sup> Егер олар сені өтірікіші санаса, олардан бұрынғылар да (елшілерді) өтірікіші санаған. Елшілері оларға анық дәлелдер, жазбалар және жарық беруші Кітаппен келген еді.»*

*Әрі сондай күпірлік етушілер (қарсы келушілер): «Неге оған Раббысынан бір мұғжиза түсірілмейді? – дейді. Шын мәнінде, сен бір ескертуші ғанасың. Сондай-ақ әрбір ел үшін (тура жолға шақыратын) жетекші бар»,<sup>239</sup> дейді.*

Олай болса, жеке өмірінде де, қоғамдық тіршілігінде де басқа адамдардың жәрдемі мен қолдауын қажет еткен адам баласы бірқатар қажеттіліктері мен ерік-қалауы бар болмыс. Сол қажеттіліктер арасында ең алдымен, өзінен жоғары Ұлы Құдіреттің барлығына сену және Оған арқа сүйеу сияқты негізгі қажеттіліктер келеді. Өйткені адам Ұлы Құдіреттің барлығын сезетіндей болмыста жаратылған. Алайда, адам бұл абсолюттік Ұлы Құдіреттің заты мен сипаттарын өзбетінше түсіну қабілетіне ие емес. Сондықтан адам баласы ақыл-ойымен біле алмайтын жағдайларда өзіне үйретуші жетекшіге, жол көрсетушіге, яғни пайғамбарға мұқтаж. Бұл жағдай

238 Фатыр, 24-25.

239 Рағд, 7.

«сүннетуллаһтың» бір бөлшегі, яғни пайғамбарлық Аллаһ негізін салған «сүннеттің» бір бөлшегі болып табылады.

Пайғамбарлық – Аллаһтың адамзат баласы үшін бір сыйы. Ұлы Аллаһ :

*Әрі олардан саған бұрын хабарын берген елшілер (пайғамбарлар) да және хабарын бермеген елшілер де бар ... Елшілерді қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші етіп жібердік: Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін ...»,<sup>240</sup>* дейді.

Бейне бір табиғат заңы ақылға орныққандай, пайғамбарлар алып келген Иләһи Заң да дүниеде өз орнын иеленді. Иләһи Заңның бұйрықтарына мойынсұнған халықтардың бірлігі күшейіп, иләһи әмірлерді орындаған сайын мерейі өсті. Ақыл жеке адам өмірінде қандай рөл атқарса, пайғамбарлар да үмметтері арасында сондай рөл атқарды. Соның нәтижесінде адам баласы Аллаһ берген осы нығметтің арқасында басқа жаратылғандардан өзгеше және таңдаулы мәртебеге ие болды.<sup>241</sup>

Пайғамбарлар біздерді Аллаһты тануға, ақылдың өзін және ақылмен танып-білу мүмкін болмаған басқа да мәселелерді білуге бағыттады. Қажетті ілімдерді үйретіп, біздерге Аллаһқа апаратын жолды көрсетті. Сөйтіп, бүкіл мүміндерді бір ғана Аллаһқа иман төңірегіне шоғырландырды. Мүміндерге діни міндеттерді және олардың қалай орындалатындығын үйретті. Пікір қайшылығы тудырған мәселелерді ашып түсіндірді. Иләһи бұйрықтарға сүйене отырып, тартысты мәселелерді шешті. Адамдар арасын татуластырып, оларды өткінші сауық-сайран соңында жүгіруден бас тартқызуға тырысты. Аллаһтың дінін адамның жүрегі мен іс-әрекеттеріне үстем қылу үшін бар күш-жігерлерін салды.

### 3. Алғашқы уахи және соңғы пайғамбар Әз.Мұхаммед

Әз.Мұхаммед жоғарыда аталған қасиеттерге ие пайғамбарлардың соңғысы. Аллаһ оны аталған міндеттерді атқару үшін соңғы елші ретінде таңдап, бүкіл адамзат баласына пайғамбар етті. Бұрынғы

---

240 Ниса, 164-165.

241 Мұхаммед Абдух, *Тевхид Рисалеси*, ауд. Сабри Хизметл. - Анкара, 1986, 134, т.б.; Хавва, *аталмыш еңбек*, 109-140.

пайғамбарларға иман келтіру Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығына иман ету үшін жеткілікті дәлел. Әлемге рақымдылық ретінде жіберілген Әз.Мұхаммед өзінен кейін келген барлық адамдар үшін қияметке дейін теңдесі жоқ өнеге болып табылады.

Құранда: «...Негізінде, мен сендердің араларыңда бұдан алдын да (бірге) өмір сүрдім. Сонда да ұғынбайсыңдар ма?»<sup>242</sup> - делінген.

Бұрынғы пайғамбарлардай соңғы пайғамбар Әз.Мұхаммед те адам ретінде өз қауымының арасында туып-өсті, пайғамбарлықтан бұрынғы өмірін де солардың арасында өткізді. Қауымы оны, ол да қауымын өте жақсы білетін, бір-біріне бөтен емес-ті. Әз.Мұхаммед өмірінің барлық кезеңінде көркем мінезділіктен таймады, барлық қырынан елге өнеге боларлық тұлға еді. Қауымы тарапынан «Мұхаммәдул-Әмин» лақабымен аталған ол 35 жасында «Хажарул-Әсуадты» орнына қою сияқты аса маңызды бір мәселеде төрешілік еткен-ді.

Әз.Мұхаммед өзінен бұрынғы барлық пайғамбарлар сияқты бір қажеттілік пен хикметке байланысты пайғамбар ретінде жіберілген еді. Адамзат шынымен де бір жол көрсетуші жетекшіге мұқтаж болған кезеңде сүннетуллаһтың бір бөлшегі ретінде Аллаһтың елшісі болып таңдалды.

Әз.Мұхаммед пайғамбар ретінде жіберілген уақыт адамзат әлемі азғындаған кез болатын. Шығыстағы Парсы империясында отқа табынушылық сенімі, ал батыс әлемінде христиан діні үстемдік құрды. Үнді құрылығы мен Қытайда алуан түрлі сенім-нанымдар орнады. Әз.пайғамбар шыққан Арабстанның жағдайы аса күрделі еді: түрлі сенім, дін, әдет-ғұрып пен ырымдар бір-бірімен араласып кеткен-ді. Халықтың көпшілігі пұтқа табынды. Тәухид дінінің алғашқы ғибадат орны саналған Қағбаға 360-тан астам пұт қойылып, Қағба пұтқа табынушы арабтардың ойын-сауық, көңіл көтеретін мекеніне айналған-ды.

Міне, осындай қоғамда өмір сүрген Әз.Мұхаммед 35 жасқа келгенде ұзақ ойға шомып, адамдардан алшақтап, ғибадатпен шұғылдануды әдетке айналдырған-ды. Осы мақсатта ол жиі-жиі Хира үңгіріне баратын. Иләһи Заңға сай бір хикметпен бұл дүниені

---

242 Юнус, 16.

жауып тұрған сыр пердесі оған ашылып, иләһи нұр жарық беріп, Ұлы Аллаһ тарапынан иләһи уахи келетін уақыт таяған еді.

Әз.Мұхаммед б.э. 610 жылы 40 жасына келген уақытта қарапайым, тыныш ғұмыр кешіп жатқан-ды. Үнемі ойға беріліп, адамдардан алшақтап, өсек-аяннан қашып, өз нәпсісін тәрбиелеуге көңіл бөлетін. Әсіресе, Рамазан айында қасына тамағы мен сусынын алып, ғибадат ету үшін Хира үңгіріне баратын. Мұндай тақуалық өмірімен пайғамбарлық міндетке дайындалып жатқандай еді. Басқаша айтқанда, бойында байқалған рухани тербелістер мен басынан өткен кейбір таңғажайып оқиғалар Әз.Мұхаммедтің иләһи сынаққа, яғни иләһи уахиды келешекте өзіне алып келетін періштенің көрінуіне төтеп беруі үшін бағытталған-ды.

Аллаһ елшісі шынайы түстер көре бастайды. Ұлы Аллаһ құлдарын рақымдылығы мен сансыз нығметтеріне бөлеу үшін балалық шағынан иләһи тәрбиеде өскен Әз.Мұхаммедке б.э. 610 жылы рамазан айының 27 түнінде Жәбірейілді жіберіп, пайғамбар ретінде таңдалғандығын сүйіншілеген еді.

Аллаһ елшісі:

*«Ұйықтап жатқан едім, қолындағы сатен ыдыстың ішінде бір кітап ұстаған күйде Жәбірейіл келді де, «Оқы!» – деді. Мен: «Оқуды білмеймін» (нені оқын)», – дедім, сонда Жәбірейіл қолындағы кітабымен кеудемді басты. Сондай қатты қысылдым, өліп бара жатқандай сезіндім. Одан кейін мені босатып, «Оқы!» – деді. Мен оған қайтадан: «Мен оқу білмеймін» (не оқын), – дедім. Соңында ол маған мыналарды оқыттырды: «Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратты. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен». Мен бұларды оқығаннан кейін Жәбірейіл мені босатып кетіп қалды. Ұйқыдан оянганымда оқыған аяттарым бейне бір жүрегіме жазылғандай есімде қалған еді. Хира үңгіренен шығып, таудың орта тұсына келгенімде, көктен бір дауыс маған: «Ей, Мұхаммед! Сен Аллаһтың елшісісің, ал мен Жәбірейілмін», – деген еді. Басымды көтеріп, көк жүзіне қарағанымда, Жәбірейілді аяқтарын көк жүзінің көкжиегіне қарай созған бір адам кейпінде көрдім. Ол: «Ей, Мұхаммед! Сен Аллаһтың елшісісің, ал мен Жәбірейілмін», – деп үздіксіз қайталаған еді. Алға қарай жүре алмай қалдым. Ілгеріге қарай бір адым аттасам, оңға, солға немесе көк жүзіне қарасам, үнемі Жәбірейілді көріп, сол дауыс, сол сөздерді естіген едім», – деген.*

Әз.Мұхаммед «Алғашқы уахидың» әсерімен бойын билеген рухани үрей мен қобалжу үстінде үйіне қайтып, төсегіне жатады да, жұбайы Хадишаға үстін жапқызып, терең ұйқыға кетеді. Оянғанда басынан өткендерді жұбайына айтып береді де:

*«Өзім жек көретін мына ғайыптан хабар беруші сәуегейлерден болдым ба екен, содан қорқамын»,* – дейді.

Сонда жұбайы:

*«Сен үнемі қолы ашық жомарт болдың, жақсылық істедің, кедей мен мұқтаждарға үнемі жәрдем еттің. Шын мәнінде, Аллаһ сені шайтанға қарсы жеңіліске ұшыратпайды, тастамайды»,*<sup>243</sup> – деп көңілін жұбатады.

Бұл оқиға бір жағынан, Әз.Мұхаммедтің алғашқы уахиды алған кездегі рухани күйін, екінші жағынан, Әз.Хадишаның қаншалықты мейірбан және иманды жан болғандығын көрсеткен еді.

Хадиша ертесіне Әз.Мұхаммедті туысы Уарақаға алып барады. Өйткені Уарақа діндер тарихы туралы да, Тәурат пен Інжіл жөнінде де білімі бар кісі тұғын. Әз.Мұхаммедті тыңдағаннан кейін:

*«Субханаллаһ, Субханаллаһ! Сен бұл үмметтің нәбиі боласың. Саған келген періште Синада Мұсаға да келген (Намус-у Әкбар) еді. Қауымың саған жалғаншысың деп, жәбір-жапа шектіреді және сені жұртыңнан шығарады, тіпті, сенімен соғысады. Егер де сол күндерге жетер болсам, Аллаһ үшін саған жәрдем етермін»,* – дейді. Уарақаның бұл сөздерін естігенде, Әз.Мұхаммед: *Шынымен де қауымым осы үшін маған жәбір-жапа шектіріп, жұртымнан шығара ма?* – деп сұрайды. Сонда Уарақа оған: *«Иә, олар саған осыларды істейді, өйткені барлық пайғамбарларға қарсылық көрсетілген»,* – деп жауап береді.<sup>244</sup>

Әз.Мұхаммедтің көңілі біртіндеп жай тауып, терең ой мен ғибадатқа беріліп, рухани әлемін шындай түседі.

Ислам тарихшылары алғашқы уахидың б.э. 610 жылы рамазан айының 27 түні келгендігін айтады. Алайда, Сухайли алғашқы уахи

243 Бухари, I, 18, 23, Уахидың басталуы бөлімі; Тирмизи, *Сүнән*, V, 597, Әз.пайғамбарға уахи қалай келетін еді бөлімі; Нәсаи, *Сүнән*, II, 146, Китабул-ифтихат бөлімі; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, 251.

244 Бухари, I, 23; Мүслим, *Сахих*, I, 139, Китабул-Иман бөлімі; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, 234-235, Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, 50; Хавва, *аталмыш еңбек*, 236, т.б.



хижреттен 13 жыл бұрын рамазан айының 17 түні, яғни 609 жылы 22 желтоқсанда түскен деген пікірде.<sup>245</sup>

Алғашқы уахиддың келуімен ислам діні адамзат әлеміне нұрын шаша бастады. Өз.Мұхаммед 40 жасында ислам пайғамбары болды. Сөйтіп, Өз.Мұхаммедтің «жеке өмір» парағына жаңа бір парак «пайғамбарлық кезеңі» қосылған-ды.

Мұсылман ғалымдар алғашқы уахи келгеннен кейін біршама уақыт «үзіліс (фәтрат) кезеңі» болғандығын айтады. Алайда, уахиддың қанша уақыт кідіргендігі жөнінде түрлі пікірлер бар. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл үзіліс үш айға созылған болса, кейбіреулері алты ай деген пікірде, ал енді біреулері үш жыл дегенді алға тартады. Бұл уақыт аралығында Өз.Мұхаммед, бір жағынан, өте ауыр күндерді басынан кешіріп, науқасқа шалдықтым ба деп қорқып мазасы кетсе, ал екінші жағынан, көңілі жай тауып, ғибадат пен ой-пікір арқылы рухани дүниесін шыңдап, кемелдене түскен еді.

#### 4. Өз.Мұхаммедтің исламға үндеу әдісі

Ислам сенімі бойынша тура жолға салу Аллаһтың қолындағы нәрсе. Ұлы Аллаһ нәсіп еткен жағдайда ғана адам тура жолды табады. Ол қаламайынша табысқа жету мүмкін емес. Алайда, адам үндеуге құлақ салып, көңіл бөлуі тиіс және үйрену үшін тырысуы қажет. Ал пайғамбар ретінде таңдалған тұлғаның міндеті тек қана насихаттап жеткізу (тәблиғ ету), үндеу және ескерту болып табылады. Құран Кәрімде мұны меңзейтін бірқатар аяттар бар:

*(Ей, Мұхаммед а.с.) Ақиқатында, Біз сені куә етіп, қуанышты хабар жеткізуші және ескертуші етіп жібердік. Аллаһқа және Оның елиісіне иман келтірулерің, әрі Оны ұлықтауларың, әрі Оны (Аллаһты) ертелі-кеш пәк деп дәріптеулерің үшін»;*<sup>246</sup>

*Сен оларды мәжбүрлеуші емессің. Менің ескертуімнен қорқатындарға Құран арқылы еске сал (насихат ет)»;*<sup>247</sup>

*«Егер олар исламды қабыл етсе, онда тура жолда. Ал теріс айналса, шын мәнінде, саған тәблиғ ету ғана міндет. Аллаһ құлдарын нақ Көруші».*<sup>248</sup>

245 Сухейли, *әр-Рамзул-Унуф*. - Каир, 1932, 131; Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, 234.

246 Фәтх, 8-9.

247 Қаф, 45.

248 Әли Имран, 20.

Өз.пайғамбардың исламға үндеу әдістерінде уақытына және сөз сөйлеген кісілеріне қарай бірқатар айырмашылықтар байқалатынды. Өйткені Расулұллаһ дінге үндеген уақытта адамдардың рухани-әлеуметтік жағдайына, білімі мен мәдени деңгейіне, ақылы мен дүниетаным дәрежесіне үнемі мән беретін еді. Үндеуін Ұлы Аллаһтың:

*«(Ей, Мұхаммед!) Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Ақиқатында, Раббың Өз жолынан адасқанды жақсы біледі және Ол тура жолдағыларды да жақсы біледі»,<sup>249</sup>* - деген әміріне сай жүзеге асырды.

Өз.Мұхаммед жиырма үш жылдық пайғамбарлық кезеңде үндеуін осы ұстанымдарға сай жүргізді. Адамдарға исламды таныту, қабыл еттіру мен өмірлерінде енгізу үшін ең дұрыс деген әдістерді таңдады. Адамдардың ығырын шығармауға, ашуын келтірмеуге, оларға қарсылық көрсетпеуге үлкен көңіл бөлді.

Өз.Мұхаммедтің исламға үндеуінде: сүйіншілеу және ескерту сияқты екі басты фактор орын алды.

Ол пайғамбарлық міндетін атқару барысында *«жеңілдету, қиындатпау, сүйдіру, жек көргізбеу, сүйіншілеу, қорқытпау»* сияқты ұстанымдарды үндеуіне негіз етті. Кез келген мәселеде жеңілдетуді басшылыққа алатын. Сөздерін кез келген қоғамдық топ өкілі, кез келген адам түсінетіндей тілде сөйледі. Кейбір кісілерге ұзақ уақыт отырып түсіндірсе, кейбіріне қысқа сөзбен жеткізетін. Бәдеуилерге үндеуі отырықшыл өмір сүргендерден өзгеше болды.

Үндеуін кейде жасырын, кейде ашық түрде жүргізді. Халықты, беделді тұлғаларды, тайпа мен ру көсемдерін, мемлекет басшыларын, ақын-жазушыларды дінге шақыруы әдіс пен мазмұн тұрғысынан бір-бірінен өзгеше болды. Әлеуметтік, психологиялық және экономикалық факторларды үнемі ескере отырып, орынды пайдалануға тырысты. Адамдарға сүйіспеншілік пен шыдамдылық көрсетуге тырысты. Өйткені ол сүйіспеншілік пен рақымдылық пайғамбары еді.

Расулұллаһтың үндеуі ислам негіздерін қамтыған-ды. Яғни Құран белгілеген барлық негіздер мен Расулұллаһтың діни өмірі

---

249 Нәхл, 125.

исламға үндеу саласын қалыптастырған еді. Өз.пайғамбар сенім, ғибадат пен ахлақ негіздерін адамдарға біртұтас түрде насихаттап жеткізді. Исламда дінге үндеу міндеті білім, мәдениет және сана деңгейіне қарай әрбір мұсылманға қажетті болып табылады.<sup>250</sup>

## 5. Өз.Мұхаммед үндеуінің мәні мен араб қоғамына әсері

Өз.Мұхаммед б.э. 610 жылы рамазан айының 27 түні алғашқы уахидың түсуімен Ұлы Аллаһ тарапынан пайғамбар ретінде таңдалған-ды. Оған ең соңғы иләһи дін исламды насихаттап жеткізу міндеті жүктелген еді.

Дүниеге келмей тұрып жетім қалған, балалық және жастық шағын атасы мен көкесінің жанында өткізген Өз.Мұхаммед орта топтан шыққан-ды. Оның асқан мал-мүлкі де, үндеуінде өзіне қолдау жасайтындай жолдасы да болмады. Шешендік өнері мен ақындығы да жоқ еді, дәлірек айтқанда, сауаты жоқ қарапайым кісі болатын. Алайда, қауымының арасында турашылдығы, адалдығы және көркем мінезділігімен ерекшеленген еді.

Мұндай жағдайда адамның ойына: Өз.Мұхаммед исламды насихаттап жеткізуде бойындағы күш-жігерді қайдан алды? Оны басқа адамдардан өзгеше еткен және дұшпандарына үстем қылған не? – деген сұрақ келеді.

Бұл сұрақтың жауабы мынау: Ұлы Аллаһ сүйікті құлы әрі соңғы пайғамбарына жәрдем етті, оны иләһи тәрбиеде өсірді, оның жүрегін барлық күштен үстем тұратын *иман күшімен* нұрландырды, оған дұшпандарына қарсы тұруы мен үстем болуын қамтамасыз ететіндей жігер-қайрат пен сабырлылық берді. Аллаһ үнемі онымен бірге еді. Ұлы Аллаһ қандай тамаша дос, қандай үлкен жәрдемші.

Ислам пайғамбары Өз.Мұхаммед Раббысынан алған осы иман мен күш-жігер арқылы адамзатты ақиқат пен тура жолға бағыттауға тырысты. Адамзат тарихы куә болған ең үлкен төңкеріс ислам төңкерісін іске асырды. Өз.Мұхаммед өнегелі ғұмырымен адамдардың күнделікті тіршілігін түзету, жаратылыстарына сай

---

250 Өз.Мұхаммедтің үндеу әдісі жөнінде қараңыз: Ахмет Өнқал, *Ресулуллаһын Давет Методу*. - Кония, 1994.

өмір сүруге бағыттау жолында бар күш-жігерін жұмсады, бұл мәселеде қолынан келгенінше аянбай қызмет етті.

Ислам жаңа негіздері, пікірлері мен көзқарастары арқылы дүниетаным мен сенім саласында төңкеріс жасады. Дін мен дүниетанымды жап-жаңа бір құрылымға негіздеді. Әлеуметтік және экономикалық салалардағы төңкерістері де осы негізде болды.

Өз.Мұхаммедтің үндеуі ең үлкен төңкерісті сенім саласында жүзеге асырды. Сенім-нанымдары *тәухид дініне* тікелей қайшы келетін пұтқа табынушылардың, яһудилер мен христиандардың, дәхрилер мен басқа да адасқан сенімдегілердің бұрыс сенімдерінен арылып, адам *болмысына* сай келетін *ислам сенімін* қабылдауға шақырды. Ең алдымен, Мекке ақсүйектері мен беделді тұлғаларынан бастап, бүкіл адамзат баласын ғаламның Жаратушысы, Әлемдердің Раббысы болған бір ғана Аллаһқа иман етіп, құлшылық жасауға үндеді. Ислам пайғамбарының (с.а.с.) Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне иман келтірген барлық кісі (дүние мен ақиретте) табысқа жететіндігін хабарлады. Бұл үндеу алуан түрлі мәдениеттер мен діндердің, көзқарастар мен сенімдердің орталығына айналған Меккеде үлкен жаңғырық тудырды. Исламға қарсы мүшріктер мен пұтқа табынушылар басқарған оппозициялық тараптың қалыптасуына себеп болды.

Ислам үндеуінің екінші үлкен төңкерісі әлеуметтік өмірде жүзеге асты. Адамдарды ең алдымен, өздеріне берілген нығметтерге назар салуға, бұл шексіз нығметтерді берген Жомарт және Абсолюттік Құдірет иесі туралы ой жүгіртуге дағдыландырып, оларды алдымен өздерін, содан кейін Раббыларын тануға шақырды. Өздерінің ақыл, ой, қалау мен еркіндік сияқты нығметтер берілген ең жоғары деңгейдегі жаратылыс екендіктерін, ғаламдағы барлық нәрсенің, міне, осы ерекшеліктеріне байланысты адамның әміріне берілгендігін түсінуге шақырды. Ерекше қабілет пен шексіз нығметтерге бөленген адамзат баласының өзінің де, сондай-ақ Жаратушысының да алдында бірқатар міндеттері бар екендігін еске салды. Таптар арасындағы теңсіздіктің, сондай-ақ өсімқорлық пен қанау негізінде артқан кедейліктің деңгейін барынша төмендетуді уәде етті. Артықшылық тек тақуалықта ғана екендігін атап көрсетті.

Ислам пайғамбары дін мен әділеттілік талап еткен жағдайлардан тыс жағдайларда адамдар бір-біріне тең екендігін, сондықтан

ешбір адамның басқа адамдарға үстемдік ету құқығына ие еместігін алға тартты. Тайпа, ру, қауым мен нәсілге негізделген үстемдікті жоққа шығарды. Аллаһты шын сүйген және Одан лайықты түрде қорққан (*муттақи*) кісінің адамдар арасында ең үстем дәрежеде болатындығын паш етті. Сондай-ақ пайғамбар мүміндердің бір-біріне бауыр екендігін, өзара сүйіспеншілік пен құрмет көрсетуі, бір-біріне жәрдемдесуі және ынтымақшыл болуы керектігін және т.б. мәселелерді атап көрсетті. Отбасы жүйесін, қоғамдық тәртіп пен адам құқықтарын қорғауды үйретті. Тайпалық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге негізделген әлеуметтік және саяси-әкімшілік жүйені иләһи бұйрықтарға сәйкес ретке келтіру үшін күш жұмсады. Тайпалық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің орнына ислам бұйырған жүйе мен заңды орнатты. Саяси биліктің халыққа тиесілі екендігін көрсетті. Басқаруда әділдік, аманат пен білгірлікке мән беруді насихат етті.

Ислам жүзеге асырған үшінші төңкеріс экономикалық өмірді қамтыды. Жаңа дін еңбек ету мен пайдалы істер жасаудың, өз еңбегімен рызық табудың экономикалық жүйенің негізін қалыптастыратындығын көрсетті. Ислам пайғамбары (с.а.с.) еңбек ету, адал табыс табу мен білім алуға шақырып, жан мен тәнді жетілдіріп, тұлғаны кемелдендіруді мақсат етті. Өсімқорлықтың толығымен харам етілгендігін, рызық заңды жолдармен, еңбекпен табылуы керектігін насихаттады.

Әз.Мұхаммед үндеуінде, әсіресе, ақирет өміріне, яғни адамның өлімнен кейінгі өміріне ерекше орын берілді. Аллаһ адамды өлгеннен кейін тірілту және мәңгі өмірге қауыштыру құдіретіне ие. Өлгеннен кейін тірілуге, Қиямет Күніне, Есеп беруге, Жаннат пен Тозақтың бар екендігіне иман келтіру шынында да адамның көзін тойғызып, көңілін жайландырады.<sup>251</sup>

Қорыта айтқанда, бұл тың өзгерістер мен жаңа дін арабтардың өмір салтына ықпал етіп, олардың санасы мен дүниетанымына, дін мен Тәңір жөніндегі түсінігіне қарсы шықты. Араб қоғамындағы

---

251 Ислам пайғамбарының өнегесінің мәні жөнінде жан-жақты мәлімет алу үшін Құран және хадистермен қатар, қараңыз: Сүлеймен Недви, *Асры Саадет-Бүйүк Ислам тарихи*, ауд. Али Генжели, әзір. Ешреф Едип. - Стамбул, 1339-1969; А.Азиз Дури, *Илк Дөнөм Ислам тарихи*, ауд. Х.Южесой. - Стамбул, 1991, 73-77; Фазлуррахман, *Куран Вахйи*, ауд. Мехмет Айдын. - Анкара, 1986.

психологиялық, әлеуметтік, теологиялық және экономикалық құндылықтарды жығып, жаңылыс жолдағы адамзат санасын түзеуге, ақиқат пен дұрыс жолға бағыттауға тырысты.

Ол дәуірдегі адамдардың жеке тұлға, жанұя мен қоғам жөніндегі көзқарастары мен жүріс-тұрысын түзеп, орнына өзара құқық пен міндет, сүйіспеншілік пен құрмет, әлеуметтік әділдік түсінігіне негізделген исламдық жанұя мен қоғам жүйесін орнықтыруды мақсат етті. Ақиқат сенім, көркем мінез және әлеуметтік әділдік ұстанымдарына сүйенген адамгершілігі мол қоғам қалыптастыруды мақсат тұтты. Басқа сөзбен айтқанда, жаңа үндеудің ең басты мұраты адамды ақиқат болмысына, *«Күмәнсіз біз адамды ең кәміл түрде жараттық»*, – деп Құранның «Тин» сүресінде айтылған шын тұлғасына келтіру болды. Өйткені Құран үндеуі адамға бағытталған-ды. Құран адам болмысы мен жаратылысына, оның адами құндылығына, күші мен қабілетіне, көзқарасы мен қалауына, имандылығы мен имансыздығына, көтерілуі мен құлдыруына және т.б. жақтарына қысқаша түрде тоқталады. Ұлы Аллаһ: *«Күмәнсіз бұл Құран адамдарды тура жолға жеткізетін һидаят қайнары»*, – дейді. Міне, бұл Ұлы үндеу адамдарды Аллаһсыздықтан, көп тәңіршілдіктен, пұтқа табынушылық сенімнен және материалистік дүниетанымнан арылып, бір ғана Аллаһқа құлшылық жасауға және Өз.Мұхаммедтің Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне иман келтіруге шақырды.

Алайда, олардың бойына сіңген дәстүршіл тайпалық фанатизм ислам үндеуіне қарсы тұрды. Ислами әрекет пен тайпашылдық арасындағы күресте жаңашыл және төңкерісшіл ислам әрекеті кертартпа дәстүршіл тайпашылдықты жеңіп шығып, ислам діні адамдар арасында мойындалды.

Үндеуіне бар ықыласымен берілген Өз.Мұхаммед үлкен жігер-қайрат және табандылықпен жаңа дінге шақыру міндетіне кірісті. Көкесі мен туыстары, Хашим ұлдарының тайпашылдық асабияты оған қорғаныш болды. Өз.Мұхаммед дінді насихаттап жеткізу жолында аянбай күресті.

## 6. Құранның уахи етілуі

Иләһи уахидың үш жылдық үзілістен кейін қайта жалғасуымен ислам үндеуі жаңа бір кезеңге аяқ басты. «Уаха» етістігінің қимыл

атауы болған және сөздікте асығу, жасырын сөйлеу, сыбырлау және біреудің жүрегіне бір нәрсені орнықтыру мағыналарын білдіретін *уахи* сөзінің түп негізі арабша *ма*, әлде ивритше *ме*, әлде ассирияша *ма* деген мәселеде тілші ғалымдар арасында түрлі пікірлер айтылған.

Көпшілігі бұл сөздің арабша негізді екендігін алға тартқан. Аллаһтың дінін Жәбірейіл атты уахи періштесі мен пайғамбар арқылы адамзатқа жеткізген жол мағынасындағы *уахи* сөзінің Құранда бірнеше түрі келтірілген:

а. Жансыз денелерге уахидың келуі: *«Міне сол күні (жер) хабарларын айтады, өйткені Раббың оған уахи еткен»*, (сондықтан басынан өткендерді айтып береді).<sup>252</sup> Сол сияқты көкке де уахи етілген: *«Сосын көкке жөнелді. Ол бір түтін еді. Сонда оған әрі жерге: «Екеуің де ерікті немесе еріксіз түрде келіңдер», – деді. Екеуі де: «Бойсұнған түрде келдік», – деді. Оларды жеті көк етіп екі күнде жасады. Сондай-ақ әр көктің міндетін өзіне білдірді...»*;<sup>253</sup>

ә. Жандылардан бал арасына келген уахи: Раббың араға: *«Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұя жасап ал!»*, – деп нұсқады. *«Сонсоң әртүрлі өсімдіктен же де, Раббыңның қолайластырған жолына түс!»*, – (деді);<sup>254</sup>

б. Періштелерге бағытталған уахи: *«Сол уақытта Раббың періштелерге: «Расында Мен сендермен біргемін. Мүміндерге тоқтау беріңдер», – деп нұсқау беруде еді...»*;<sup>255</sup>

в. Адамдардан Әз.Исаның хауарилеріне келген уахи: *«Сол уақытта хауарилерге: «Маған әрі елшіме сеніңдер», – деп білдірген едім...»* <sup>256</sup>. Сол сияқты Әз.Мұсаның анасына да уахи келген еді;

г. Әз.Мұхаммед пен басқа да пайғамбарларға келген уахи: Құранда иләһи уахи келген пайғамбарлардың аттары аталған. Мәселен, «Ниса» сүресінің 163-аятында: *«(Мұхаммед а.с.) Нұх және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да*

---

252 Зилзәл, 4-5.

253 Фуссиләт, 11-12.

254 Нәхл, 68-69.

255 Өнфәл, 12.

256 Мәйда, 111.

*уахи еттік. Сондай-ақ Ибраһим...Сүлейменге де уахи еттік. Әрі Дәуітке де Зәбурді бердік», – делінген;*

Негізінде, Ұлы Аллаһ пайғамбарлармен уахи немесе бір елші арқылы сөйлескен. «Шура» сүресінің 51-аятында:

*«Аллаһ бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе перде артынан ғана сөйлеседі. Не бір елші жіберіп, өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз Ол өте жоғары, хикмет иесі», – деп айтылған.*

Ең үлкен және ең ашық түрде келген уахи бұл Әз.Мұхаммедке келген уахи еді. Құран Кәрімде «Фатыр» сүресінің 31-інші, «Зумар» сүресінің 65-інші және «Шұғара» сүресінің 13-інші аяттарында айтылғандай, көптеген сүрелерде бұл жағдай айқын түрде көрсетілген.

### **а. Құранның уахи етілу жолдары**

Уахидың қандай түрде түскендігіне келетін болсақ, Әз.Мұхаммедке әртүрлі жолмен келгендігін айтуға болады, мәселен:

а. *Шынайы түстер*: Уахидың алғашқы түрі Әз.Мұхаммедке шынайы түстер түрінде келген. Пайғамбарлығының алғашқы алты жылы осылай өткен-ді. Оның шынайы түстер арқылы уахи алғандығы жөнінде Бухари мен Мұслимнің сахих жинақтарында көптеген хадистер келтіріледі.<sup>257</sup> Бұл түстер таңның жарығындай анық еді. Расулуллаһ (с.а.с.) түсінде не көрсе, айнымай келетін болды;

ә. *Жәбірейіл (а.с.) көзіне көрінбей, Әз.Мұхаммедке айқын бір дауыс түрінде келген уахи*: Әз.пайғамбарға келген уахидың ең ауыр түрі осы болатын. Аллаһ Расулы дауыс тоқтағанда, өзіне Жәбірейіл арқылы келген және осы жолмен уахи етілген «Иләһи Кәламды» есінде сақтайтын. Кутубус-Ситтада уахидың бұл түрі жайлы көптеген хадистер кездеседі.<sup>258</sup> Мәселен, Тирмизи Әз.Омардан:

«Расулуллаһқа уахи түскен уақытта басының айналасында араның ызыңына ұқсас бір дауыс естілетін. Бір күні өзіне уахи түскен еді. Бі-

257 Қараңыз: Бухари мен Мұслим, *Сахих*, Китабул-Фәдаил, Китабул-Мәнәкиб бөлімдері.

258 Ясин, 2-7, сондай-ақ алдыңғы сілтемеде көрсетілген ескертпелерге қараңыз.



раз күттік те, бұл жағдай өзінен ұзақтады. Сонда Расулұллаһ құбылаға жөнеліп, қолдарын көкке көтеріп, «Йә, Аллаһ! Бізге нығметтеріңді арттыр, кемітпе, бізді ардақты ет, қор қылма, бізді қорға және кешір, бізден разы бол», – деп дұға етті. Содан кейін: «Маған он аят түсірілді, кім соған сәйкес амал етсе, жаннатқа кіреді», – деді де, артынан «күмәнсіз, мүміндер құтылуға жетеді» мәғалындағы «Мүминун» сүресінің 1-інші аяты мен он аятын оқыды», – деген риуаятты жеткізген;

б. *Жәбірейіл тарапынан Әз.пайғамбардың көкейіне салу арқылы келген уахи;*

в. *Жәбірейіл бір адам кейпінде көрініп, әкелген уахи:* мұндай уахиларда Жәбірейіл Әз.пайғамбарға, көбіне, «Дихия» атты сахаба кейпінде көрінетін еді;

г. *Әз.пайғамбарға ұйқысында келген уахи:* Кейбір тәпсіршілер «Кәусар» сүресінің осындай түрдегі уахимамен келгендігін айтады;

ғ. *Әз.Пайғамбардың тікелей Ұлы Аллаһпен сөйлесуі түрінде болған уахи:* «Исра» сүресінде түскен иләһи сөздер осындай уахи түріне жатады.

Уахи қандай жолмен келсе де, Әз.пайғамбардың бойын үрей билеп, қиналатын-ды. Ұлы Аллаһтың сөзін Жәбірейіл арқылы алса да, уахиды алуы, тыңдауы және есте сақтауы оның бойында үлкен рухани әсер, қобалжу мен үрейдің туындауына себеп болатын. Уахиды алу кезінде суық күндердің өзінде жүзінен тер ағып, тыныс алуы өзгертін. Тіпті, қырылдаған бір дыбыс та шығаратын. Егер тұрып тұрған болса, отырып, біршама уақыт үнсіз күйде қалатын. Ал түйенің үстінде отырған кезінде уахи келсе, қасиетті денесі уахидың әсерімен соншалықты ауырлайтын еді, тіпті, түйесі оны көтере алмай шөгетін. Ол түйеден түсуге мәжбүр болатын. «Мәида» сүресінің оған осы түрде түскендігі риуаят етіледі. Мүслим Убәда бин Сәмиттен: *«Аллаһтың нәбисіне уахи түскен уақытта, қиын жағдайға түсіп, жүзінің реңі өзгертін»*, – деп риуаят етеді.

Әз.пайғамбар бойын билеген бұл рухани күйден біртіндеп өзіне келгенде, жанындағы сахабаларына келген уахиды оқып, уахи хатшыларына жаздыратын. Сондай-ақ сахабалар да оған түскен уахиды бірден жатқа алатын еді.

Бұл жерде иләһи уахидың түсу жолы жөнінде Құранда көп мәлімет жоқ екендігін айта кеткен жөн. Уахидың түсу жолдары

жөнінде, көбіне, Өз.пайғамбардың хадистеріне жүгінеміз. Уахидың мәнін дәл түсінуге адам баласының ақылы жетпейтіндігін де айту қажет. Сондықтан уахидың сипаты мен келу жолы Аллаһ пен пайғамбары арасындағы бір сыр болып қала береді және адамның оны шын мәнінде түсінуі мүмкін емес.

### ә. Құранның уахи етілу ерекшеліктері

Уахи жөніндегі Құран аяттарына қарағанымызда, жалпы, мынадай қорытындыға келуге болады:

а. *Уахидың қайнар көзі тікелей Аллаһтың өзі болып табылады.* Уахи – Аллаһтың ежелден бар сөзі, Оның өз мақлұқатымен тілдесу, оларға бұйрықтарын жеткізу және үйрету жолы. Жаратушы мен жаратылғандар арасындағы байланыс құралы, жақындау органы;

ә. *Иләһи уахи жалпыға бірдей сипатта түскен:* Өз.Мұхаммед үндеуінің негізін құрайтын уахи бүкіл адамзатқа бағытталған. Барлық жаратылыстарды қамтуда;

б. *Уахи келуі мен көрінісі тұрғысынан Құран Кәрім тарапынан тәнзил (түсірілу) деген сөзбен берілген.* Мұны сипаттауға адам баласының ақылы да, білімі де жетпейді. Уахи – Аллаһ тарапынан түскен дүние. Аллаһ жаратқандарымен Өзіне тән сөзбен тілдеседі. Ұлы Аллаһ «Ясин» сүресінің алғашқы аяттарында:

*«(Ей, Мұхаммед) Терең сырлы Құранға серт. (Мұхаммед) шын мәнінде, сен анық елшілерденсің. Тура жолдасың. Бұл (Құран) – бәрінен Үстем, ерекше Рақымдының (Аллаһтың) түсіргені. Аталары ескертілмей, өздері қаперсіз қалған елге ескертуің үшін», – дейді.*

Көктер мен жер бетінің билігін өз қолында ұстаған, билікте ортағы болмаған, баласы жоқ, барлық нәрсені жаратып, белгілі бір өлшеммен жүйеге келтірген және құлы Мұхаммедке бүкіл әлемді ескертуі үшін жаңылыстан ақиқатты ажырататын Құранды түсірген Аллаһ Ұлықтардың Ұлығы. Кәпірлер оны тастап, еш нәрсе жарата алмайтын, керісінше, өздері жаратылған, өздеріне зиян да, пайда да келтіре алмайтын, жан алуға және өлімнен кейін қайта тірілтуге күштері жетпейтін тәңірлер тұтынды. Олар Құранды да мойындамады. Бұл жағдай жөнінде Құранда:

«Күпірлік етушілер (Құранды мойындамаушылар): «Бұл (Құран) – оның ойдан шығарған өтірігі. Оған басқа ел де көмектескен», – деді. Сөйтіп, олар әділетсіздік жасады және өтірік айтты. Сондай-ақ олар: «(Бұл) – бұрынғылардың ертегілері. Ол мұны жазғызып алған әрі бұл оған ертелі-кеш оқылып тұрады», – деді. (Ей, Мұхаммед) Айт: «Мұны (Құранды) көктер мен жердегі құпияны білетін (Аллаһ) түсірді. Күмәнсіз, Ол – өте кешірімді, тым мейірімді»,<sup>259</sup> – деп айтылады;

в. Уахи Құранда (дүние мен ақирет) табысына жету мен ақиреттегі жағдайды көрсететін Аллаһтан келген «иләһи рух» ретінде ұсынылады. Міне, осы рух Аллаһтың алдында болған әрбір сәттегі тіршілігіміздің негізі. Осы иләһи рух жүрегімізде, жан дүниемізде шынайы иманның орнығуына да әсер етеді. Ұлы Аллаһ бұл жағдайды:

(Ей, Мұхаммед) Саған осылайша әмірімізбен бір Рухты (Құранды) уахи еттік. Сен (ол кезде) Кітаптың да, иманның да не екенін білмейтін едің. Алайда Біз оны (Құранды) нұр еттік, онымен құлдарымыздан қалағанымызды тура жолға саламыз. Расында сен тура жолға, көктер мен жердегі нәрселер өзінікі болған Аллаһтың жолына бастайсың. Біліңдер! (барлық) істер Аллаһқа қайтады»,<sup>260</sup> – деп баяндайды;

г. Уахи бұрынғы пайғамбарларға да, сондай-ақ Әз.Мұхаммедке де Ұлы Аллаһ тарапынан бір делдал арқылы немесе делдалсыз бұйырылған иләһи әмірлер, сондай-ақ мұсылмандардың дүние мен ақиреттегі өміріне қатысты үкімдер болып табылады. Онда адамзаттың толығымен жаратылыс заңына сай өмір сүруін қамтамасыз ететін негіздер қамтылған. Бұл үкімдердің барлығы Аллаһтың соңғы және ең кәміл иләһи сөзі болған Құранның мазмұнын құрайды.

«Оқы» иләһи бұйрығымен Хира үңгірінде б.э. 610 жылы Рамазанның 27 түнінде келе бастаған уахидың жинақталуы арқылы Құран қалыптасқан-ды. Уахи түскен сайын әрі Әз.пайғамбар әрі сахабалар тарапынан жатталып, таңдалған уахи хатшылары оны хатқа түсіретін еді. Осылайша Құран, яғни уахи Әз.Мұхаммедтен естілген күйінде үйреніліп, пайғамбар оны алған сәтте хатқа түсіріліп, сол қалпында сақталып, бүгінгі күнге дейін ешбір сөзі өзгертілмей жетті. Құранның түпнұсқа қалпында бүгінге дейін жеткендігі анық

259 Фурқан, 4-6.

260 Шура, 52-53.

және мақұлданған бір шындық. Олай болса, Құран Әз.Мұхаммедке уахи етілген Аллаһтың сөзі болып табылады.

Құран – 23 жылдық пайғамбарлық кезеңінде Әз.Мұхаммедке Ұлы Аллаһ тарапынан түскен уахидың әрі жазбаша әрі жаттау арқылы сақталып, уахи хатшыларының жинақтауымен құралған иләһи кәлам. «Құран Әз.Мұхаммедке түскен, мұсхафтарда жазылған, тауәтүр жолымен жеткізілген, оқылуымен жибадат жасалатын және онымен амал етілетін бір кітап», – деген анықтама бұл шындықты қуаттай түседі.

### ғ. Құран алдындағы әлсіздікті мойындау (ижаз)

Құран Әз.пайғамбардың пайғамбарлығының айқын дәлелі, адамдарды тура жолға бастайтын ең кәміл иләһи заң болып табылады. Ол – ислам дінінің қайнар көзі, мұсылмандардың кез келген мәселеде паналайтын жетекшісі және оларға табысқа жету жолын көрсететін жолбасшысы.

Сөздері мен мағыналары Аллаһ тарапынан болған, айқын да жеңіл арабша тілмен Әз.пайғамбардың жүрегіне нақыш етілген Құранды тәпсіршілер сөздері мен мағыналарының түсіндірілуі тұрғысынан, ал қирағат ғалымдары дұрыс оқылуы жағынан қарастырған. Бұл тақырыптарға қатысты көптеген еңбектер жазылған.

Құран Кәрімнің көптеген атаулары бар, олардың арасында ең бастылары: Құран, Мұсхаф, Фурқан, Мәсани, Баян, Рух және Уммул Китәб.

Құран Әз.пайғамбарға берілген ең үлкен мұғжиза болып табылады. Құранға ұқсас сөз айтуға адамдардың шамалары жетпеген. Ижаз, яғни басқалардың әлсіздігін мойындату:

- а. *Қарсы тұру*: Яғни қарсы келу, тартыс пен жарысқа шақыру;
- ә. Қарсы шыққан кісіні тартыс пен жарысқа тартатындай факторлардың болуы;
- б. *Бұл жарысқа кедергі келтіретін ешбір нәрсенің болмауы* сияқты үш шартты қамтуы тиіс.

Мұны қарапайым мысалмен түсіндіретін болсақ, мәселен, спорттың бір саласында өзін басқа әріптестерінің барлығынан үстем санаған спортшыны алайық. Егер басқа бір спортшы мұны

мойындамаса, сонда өзін жоғары ұстаған спортшы мойындамаған кісіге қарсы тұрып, одан жарысқа шығуын, не орнына біреуді жіберуін талап етеді емес пе? Мойындамаған кісі бұл үстемдікті жоққа шығаруды қанша қалағанымен, егер онымен тартысудан не жарысудан немесе қарсылық көрсетуден ешбір себепсіз тартынса, өз әлсіздігін мойындаған, бәсекелесінің жоғары екендігін қабыл еткен болады.

Өзіне түрлі сенімді ұстанушылар тарапынан айыптар тағылған кезде Құран оларға қарсы тұрды. Құран алдында басқа сенімдегілердің өз әлсіздіктерін мойындауында осы үш шарттың толығымен жинақталғандығын көреміз. Өйткені Құранға бас көтергендердің қарсы шығуы үшін қажетті факторлар бар болатын. Оларға кедергі келтіретін де еш нәрсе жоқ еді. Құран олардың ата діндері мен сенімдеріне қарсы екендігін және олардан үстем екендігін алға тарта отырып, қарсы тұрды. Ал олар болса, Құранның көптеген аяттарын жоққа шығарған еді.

Өз.пайғамбар оларға: *«Мен Аллаһтың елшісімін. Аллаһ елшісі болғандығымның айқын дәлелі осы Құран. Ол Аллаһ тарапынан маған уахи етілді»*, – деген еді. Оның бұл үндеуін теріске шығарушыларға Құранның сөзімен: *«Егер оның Аллаһ тарапынан болғандығына бір күмәндарыңыз болса немесе адам сөзі деген ойда болсаңыздар, онда бұған ұқсас немесе он сүреге ұқсайтын не бір сүреге ұқсайтындай бір сөздер әкеліңдер»*, – деп қарсы тұрған-ды. Осылайша ызасын келтіретін және инелейтін сөздермен оларды тартысқа және жарысқа шақырған еді. Алайда, кәпірлер қарсылық көрсете алмады, Құранға ұқсас бір сөз айта алмады. Құран оларға:

*«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер мұны істемесеңдер, (әзір келтірмесеңдер) сірә істей де алмайсыңдар. Ендеше, отыны адамдар мен тастардан болып, кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар!»*,<sup>261</sup> – деп қарсы тұрды.

Құранның үстемдігін мойындағысы келмегендердің, әрине, оған қарсы шығу мен жарысу үшін себептері бар еді. Өйткені Өз.Мұ-

---

261 Бақара, 23-24; Исра, 88; худ, 13; Қасас, 49-50; Тур, 33, 34-аяттары да Құранның кәпірлерге қарсы тұруына қатысты айтылған.

хаммед тәухидті насихаттаған ислам дінінің пайғамбары ретінде оларға және аталарының діндеріне қарсы тұрып, сенімдерін жоққа шығарған-ды. Олардың дүниетанымдарына да қарсы шығып, пайғамбарлығының ең үлкен дәлелі ретінде Құранды көрсеткен болатын. Құран арқылы оларға тайсалмай қарсы тұрды.

Мүшріктердің Құранға қарсылық білдіруіне, онымен жарысуына кедергі келтіретіндей де еш нәрсе жоқ болатын. Өйткені Құран айқын да жеңіл араб тілінде түсіп, уахидың әріптері мен сөздері араб әліппесімен берілген-ді. Сондай-ақ бұл дәуір арабтар арасында өлең-жыр мен әдебиет кең тараған, араб тілі мен әдебиетінің алтын шағы саналатын. Әрі уақыт жағынан да кедергі жоқ еді. Жарысуға, қарсы шығуға уақыты болмады дейтіндей, Құран бір күнде немесе бір айда не бір жылда түскен жоқ қой. Құран – 23 жыл бойы түскен кітап. Шамалары жетсе, бөлік-бөлік түскен аяттар мен сүрелер аралығында, әрине оларға қарсы келуіне, оларға ұқсас басқа сөз айтуына жетерліктей уақыттары бар еді.

Ұлы Аллах Құранды теріске шығарушыларды шамалары жетсе, оған ұқсас бір сөз айтып көріңдер деп, тартысқа шақырды. Алайда, тартысқа өздерін итермелеген себептер болғандығына, сондай-ақ алдарында ешқандай кедергінің тұрмағандығына қарамастан, мүшріктер Құранға ұқсас сөз айтуға қаншалықты тырысқанымен, шамалары жетпеді.

Ислам ғұламалары Құранның өзіне қайшы келгендер мен қарсы шыққандарды мына жағынан күйзеліске ұшыратқандығын айтады:

а. *Құранның ғибадат, үкім және теориялары өте үйлесімді және жүйелі.* Алты мыңнан астам аяттан тұратын Құранда қолданылған көп мағыналы сөздер мен ұсталған әдіс-тәсіл сырттай айырмашылықтарға ие. Құран, жалпы алғанда, иман, ғибадат және ахлақ тақырыптарына тоқталып, адамдардың әлеуметтік, экономикалық және құқықтық мәселелерін шешетін көптеген ұстанымдар белгілеген. Кейбір аяттары қысқа да астарлы мағыналы, ал кейбірі – ұзын әрі ашық мағыналы болған Құранда қамтылған үкімдер арасында ешқандай қарама-қайшылық кездеспейді. Бұл Құранның Аллаһтың сөзі екендігін және адамзаттың ешқашан оған ұқсас сөз құрастыра алмайтындығын көрсетеді;

ә. Құран аяттарының түрлі тақырыптарға байланысты ұсынған мәліметтері мен теориялары ақиқат ғылым мен ақылға сай мәліметтер болып табылады. Құран адамға тіл қатып, одан оқиғалар жөнінде ой жүгіртуді, оларды зерделеп ұғынуды талап етеді. Адамды берік иман, көркем мінез бен турашыл тұлғалыққа қауыштыруды мақсат етеді. Құран – адамдардың оны түсінуі және өмірде ұстануы үшін түскен кітап;

б. Құрандағы кейбір ұғымдардың мәнін тек Аллаһ қана біледі. Мәселен, ғайыпты, қиямет күнінің уақытын, ажал мәселесін, рухтың жағдайын тек қана Аллаһ білетіндігін көрсетеді. Құран ғана адам баласының өткені мен келешегіне қатысты ғайыпқа байланысты хабарлар бере алады. «Рум» сүресінің 1-3, худ сүресінің 49-аяттарын бұған мысал ретінде келтіруге болады;

в. Құранның бүкіл аяттары мен сүрелері теңдесі жоқ шешендік және көркем сөз өнерінің үлгісін көрсетеді. Онда құлаққа жағымсыз келетін, бір-бірімен үйлеспейтін, сөз және мағына жағынан бір-бірімен байланыспайтын аяттар кездеспейді. Құран аяттарындағы үйлесімділік пен жүйелілік шешендік және көркем сөз тұрғысынан оның теңдесі жоқ екендігін дәлелдейді;

г. Құран иләһи кітаптардың соңғысы және ең кәмілі болып табылады. Ол адамдардың қияметке дейінгі бүкіл қажеттіліктеріне жауап беретіндей күшке ие. Құран – белгілі бір ұлыс және уақытпен шектелмейтін, бүкіләлемдік сипатқа ие, әзелден бар және мәңгі жалғасатын иләһи сөз. Бізге дейін тәуәтүр жолымен (әдейі не білместікпен жалған хабар жеткізуде бірігуі мүмкін емес сенімді бір жамағаттың екінші бір сондай жамағатқа риуаят етуі арқылы) жеткен Құран сөзі ешбір уақытта және ешбір қоғамда бұрмаланбаған және өзгертілмеген;

ғ. Әз.пайғамбардың көзі тірісінде көптеген сахабалар Құранды толығымен жатқа алған болатын. Құран сүрелері намаздарда оқылатын. Сондай-ақ жапырақ, сүйек, тері және басқа да нәрселердің бетіне хатқа түсірілген еді. Халифа Әз.Әбу Бәкірдің тұсында Әз.Омардың ұсынысы бойынша Құран мәтіндері Зәйд бин Сәбит басқарған топ тарапынан бір кітапқа жинақталады. Ал Әз.Осман дәуірінде сол топтың басшылығымен бүгінгі күні қолданылып отырған ретке келтіріліп, көбейтілген-ді. Құранда

сүрелер хронологиялық тәртіпте емес, бір шама сүрелердің ұзын-қыскалығына негізделіп, Өз.пайғамбар белгілеген ретте беріледі.<sup>262</sup>

## 7. Исламға үндеу және алғашқы мұсылмандар

Өз.Мұхаммед насихаттап жеткізген ислам үндеуі ең әуелі соғыс пен сауда тұрғысында Византия мен Сасани империялары арасында өте маңызды орын алған Арабия түбегіндегі арабтар арасында қабыл етіліп, тараған еді. Арабстан халқы бәдеуи тайпалық дәстүрді берік ұстанатын. Ислам үндеуі пұтқа табынушылық басты діни сенім ретінде орныққан адамдар арасында тарай бастады. Қарапайым иман мәселесі болған бұл үндеу үздік өмір сүру салтын ұсынып, адамдарды қайырымды және бақытты етуді мақсат тұтты.

Ислам үндеуі адам баласын жоқтан жаратып, оған білмегенін үйреткен Аллаһтың атымен Өз.Мұхаммедке «оқы» деп бұйырған «Алақ» сүресінің алғашқы аяттарының Хира үнгірінде түсуімен басталған-ды. Алайда, бұл алғаш түскен аяттардан кейін иләһи уахидың түсуінде үш жылға созылған үзіліс орын алды. Өз.Мұхаммед бұл кезеңде Аллаһтан уахи ала алмады. Өз.пайғамбардан «адамдарды дінге шақыруын» талап еткен «Мүддәсір» сүресі б.э. 613 жылына қарай түсіп, иләһи уахидың келуінде екінші кезең басталған еді. Осы сүре арқылы Өз.Мұхаммедке пайғамбарлық міндеті, яғни адамдарды дінге үндеу міндеті жүктелген болатын. Ол адамдарды имансыздық, көп тәңіршілдік пен пұтқа табынушылық сенімнен және материалистік дүниетанымнан арылып, бір ғана Аллаһқа және өзінің Оның елшісі екендігіне иман келтіруге шақырды. Ұзақ уақыттан бері Хира үнгірінде және басқа да жерлерде күту үстінде болған Өз.Мұхаммед елшілік кезеңінің басталуымен күткеніне қауышып, насихаттау күресіне кіріскен-ді.

262 Уахи мен Құран жөніндегі мәліметтер үшін қараңыз: Бухари, *Сахих*, Уахи бөлімі; Ибн Хишам, *әс-Сирәтун-нәбәуийә*, I/II; әл-Қуртуби, *Әл-Жәмиғ ли Әххәмил-Қуран*. - Мысыр, 1369/1950; Мустафа Садык әр-Раи, *Иғжәзул-Қуран*, 1375/1956; Regis Blachere, *Introduction au Coran*. - Париж, 1959; Исмаил Жеррахоғлу, *Тефсир Тарихи*. - Анкара, 1988, I; W.Watt, *Модерн Дунйада Ислам Вахйи*, ауд. Мехмет Айдын. – Анкара, 1982; Мухаммед Абдух, *Тевхид Рисалеси*, ауд. Сабри Хизметли. - Анкара, 1986; M.Bucaille, *Қитабы Мукаддес Қуран ве Билим*, ауд. Суат Йылдырым. - Измир, 1981, т.б. еңбектерге қарауға болады.



Бір жолы оқшау қалған жерінен шығып, үйіне қарай бет алған сәтте ғайыптан өзін шақырған бір дауыс естиді. Оң-солына, алды-артына қарап еді, еш нәрсе көре алмады, басын көтеріп, көкке қарағанда одан бұрын Хира үңгірінде көрген періштені көреді. Көрінген Жәбірейіл еді. Бұл күтпеген кездесу де тура Хира үңгіріндегідей болды. Оның бойын үрей билеп, дегбірі кетті. Сол күйде жылдам басып үйіне қайтты да, бірден төсегіне жатып, жұбайы Хадишадан үстін жабуын сұрады. Алайда, ол ұлық қонақ Өз.Мұхаммедтің үйіне дейін келіп, оның төсегінен тұруын, Раббысының атымен үндеуге кірісуін талап етті. Оған Аллаһтың:

*«Ей, жамылушы! Тұр енді! Адамдарға ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әртүрлі лас істерден аулақ бол! (Қылған ісінді) көп міндет етпе! Раббың үшін сабыр ет!»,*<sup>263</sup> - деген бұйрығын жеткізді.

Міне, осы аяттар Өз.Мұхаммедке ислам үндеуін жеткізу міндетін жүктеген алғашқы аяттар болатын. Осы аяттармен жасырын нәрсенің сыр пердесі ашылып, Өз.Мұхаммед ауыр жүкті көтеру үшін кіріскен еді.

Өз.Мұхаммедтің үндеуі бастапқыда жалпыға емес, жеке кісілерге бағытталды. Ал Меккеде алғаш мұсылман жамағаты қалыптасқан уақытта, дін жалпыға насихаттала бастады. Өз.пайғамбар алдымен жамағат негізін қалап, үлгілі адам типін қалыптастырды. Барлық нәрсені тәсіліне сай жеткізіп түсіндірді.

Осылайша басталған пайғамбарлық пен елшілік кезеңі адамзат үшін жаңа дәуірдің есігін ашып, бұрынғы қараңғылық дәуірлерді тарихтың тереңіне көмген-ді. Бұл жаңа дәуір «Ислам дәуірі» болатын. Адамға адамдығын, адам ретінде жасауы тиісті істерді үйретіп, оны қайтадан өзінің кісілігіне қауыштырып, өз болмысын, Аллаһтың алдындағы және адамдар арасындағы орнын көрсеткен еді.

Исламға үндеу: жекелеген кісілерді үндеу, туыстарды үндеу және барлық адамдарды үндеу сияқты үш сатыда жүзеге асырылды.

Мұның ішінде жеке үндеу алғашқы саты болып табылады және ол жасырын түрде жүргізілген еді. Өз.Мұхаммед отбасы мүшелерінен бастап туыстарын жасырын түрде исламға үндеді.

Үндеуінің ұстанымдары «Мүддәсір» сүресінің 1-7 аяттарында орын алған мәселелер болатын, яғни Аллаһқа иман келтіру және пұтқа табынбау. Алайда, ол мұншалықты маңызды әрі жасырын үндеуін кімге ашып айта алатын еді. Әрине, үнемі қасынан табылған, одан ешбір көмегін аямаған сүйікті жұбайы Хадишаға айтуды жөн көрді. Хадиша Аллаһ елшісінің үндеуін қабыл алып, алғашқы мұсылман деген мәртебеге ие болды. Одан кейін оның тәрбиесінде өскен немере інісі Әли, өкіл баласы әрі жақын досы Зәйд бин Хариса мен жақын жолдасы Әбу Бәкір исламды қабыл етті. Әз.Әбу Бәкірдің мұсылманшылықты қабылдауымен ислам үндеуі күшейіп, Осман бин Аффан, Зубәйр бин Аууам, Сағд бин Әбу Уакқас, Абдуррахман бин Ауф, Талха бин Убайдуллаһ пен Әбу Убайда бин әл-Жаррах сынды Мекке ақсүйектері де исламды дін ретінде таңдап, алғашқы мұсылмандар тобына қосылды. Сонымен қатар кедейлер мен құлдардан құралған бір топ кісі де жаңа дінді қабыл етті.

Алғашқы мұсылмандардың саны мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөнінде, сондай-ақ мұсылмандықты алғаш кімнің қабылдағандығы туралы түрлі көзқарастар айтылған. Мәселен, Әз.Хадиша, Әз.Әбу Бәкір, Әз.Әли мен Зәйд исламды қабылдағаннан кейін Әз.Әбу Бәкір арқылы мұсылмандықты қабыл еткен бір топ болғандығына Watt күмәнмен қараған. Ол барлығы дерлік көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген (*ашара-и мубәшшарадан* болған) және Әз.Омардың талабы бойынша одан кейінгі халифаны таңдау үшін «Шураға» (Кеңеске) жиналған бес кісінің саяси себептерге байланысты көрсетілгендігін және кішкене топ түрінде Әз.Мұхаммедке келгендіктеріне сену қиын екендігін айтады.

Сол сияқты бірқатар авторлар алғашқы мұсылмандардың басым бөлігі құлдар, күндер, әлсіздер мен кедейлерден құралғандығын айтса, ал шығыстанушы M.Rodinson алғашқы мұсылмандар арасында Осман бин Мағзун сияқты Әз.Мұхаммедке қарсы кісілер де болғандығын және Эфиопияға хижрет еткен, міне, осы қарсы көзқарастағы кісілер екендігін алға тартады.

Пікірталас тудырған бұл мәселеге байланысты алғашқы мұсылмандар жөнінде біршама қысқаша мәлімет беруді жөн көрдік. Негізінде, Бухари мен Мұслимнің «*Сахих*» жинақтарындағы, сондай-ақ басқа да хадис кітаптарындағы сахабалардың қасиеттері жөнінде айтылған бөлімдерде, Табақат пен Тәражим кітаптарында

алғашқы мұсылмандар туралы да, өзге де сахабалар жөнінде де жан-жақты мағлұмат берілген.

### **а. Әбу Бәкір**

Ол – Тәйм ұлдарынан шыққан Әбу Қухафаның (Османның) ұлы. Мұсылмандықтан бұрынғы аты «Абдулкағба» болған. Исламға кіргеннен кейін «Абдуллаһ» деп атын өзгерткен еді. Анасының аты «Уммул-Хайр» болатын. Әкесі мен анасының тектері Әз.Мұхаммедтің тегімен «Муррада» барып бірігеді.

Әз.Әбу Бәкір – Әз.пайғамбардың бала күнгі достарының бірі. Ол Құрайыш ішіндегі беделді кісілердің қатарында саналатын. Әз.Мұхаммедтен екі жас кіші болған Әз.Әбу Бәкір б.э. 572-573 жылы Меккеде дүниеге келіп, 634 жылы 63 жасында дүние салған.

Сауда жасау мақсатымен Сирия, Палестина, Йемен және басқа да көрші елдерге сапар шеккен Әз.Әбу Бәкір дәулетті саудагер еді. Ол Меккедегі ересек кісілер арасында исламды қабыл еткен алғашқы ерікті кісі болатын. Әз.Мұхаммед насихаттаған дінді, оның пайғамбарлығын және Миғраж хабарын ешбір күмән келтірместен, бірден қабыл етуіне байланысты «Сыддық» лақабын алған-ды. Сондай-ақ оған «әл-атик» лақабы да берілген еді. Бұл лақап «иманның арқасында жаһаннам азабынан құтылу» деген мағынаны меңзейтін.

Өмірінің соңына дейін малымен де, жанымен де ислам жолында аянбай күрескен Әз.Әбу Бәкір меккеліктерге ислам дінін үйретуде маңызды қызметтер атқарды. Көптеген меккелік ақсүйектердің мұсылмандықты қабылдауына себепші болды. Сонымен қатар Әз.Әбу Бәкір көптеген мұсылман құлдарды құнын төлеп сатып алып, азаттығына қауыштырған еді. Әз.Мұхаммедтің қайынатасы әрі бас кеңесшісі болған Әз.Әбу Бәкір үнемі ислам пайғамбарының қасынан табылатын. Хижрет кезінде де пайғамбардың «жол серігі» болды. Әз.Мұхаммед дүниеден озғаннан кейін де Әз.Әбу Бәкір ислам жолында аянбай қызмет етті. Алғашқы рашид халифа ретінде мұсылман қоғамының бірлігі мен тұтастығын сақтай білді. Оның халифалығы тұсында иманнан бас тартқан топтар шыққан болатын. Алайда, ол мұндай топтардың қоғам ішінде іріткі салуына жол бермеді. Ислам пайғамбары бастаған фәтх әрекеттерін жалғастырды. Әз.Әбу

Бәкір жаннатпен сүйіншіленген он кісінің (*ашара-и мубәшшара-ның*) бірі еді. Оның халифалығы тұсында Өз.пайғамбар заманында әртүрлі нәрселерге жазылып, көңілдерде жатталып орныққан Құран парақтары бір «Кітапқа» жинақталған-ды.

### э. Әли бин Әбу Талиб

Ол Абдулмутталибтың Абдуманаф (Әбу Талиб) атты ұлынан туған немересі, Өз.Мұхаммедтің немере інісі әрі күйеу баласы, ал Өз.Омардың қайынатасы болған. Анасы Фатима Хашим ұлдарынан шыққан еді. Әли бин Әбу Талиб 598 жылы Меккеде дүниеге келді. Анасы «Әсад» немесе «Хайдар» деп ат қойды. Бес жасқа аяқ басқан шағында Өз.Мұхаммедтің тәрбиесіне өтті. Мұсылмандықты қабылдағанға дейін «Абдуманаф», ал кейін «Әли бин Әбу Талиб» деп аталып, әл-Муртаза, Әбу Тураб, Әсадуллаһул-Ғалиб, Хайдарул-Кәрра, Шир-и Йәздан, Шах-ы Мәрдан және Әбул-Хасан деген лақап аттармен де аталған-ды. Өз.Әли уахи хатшыларының бірі болған.

Өз.Әлидің Талиб, Ақыл мен Жағфар атты үш еркек бауыры мен Уммухани атты бір қыз бауыры болған. Әкесі Әбу Талиб б.э. 620 жылы дүниеден өтті. Әбу Талиб Өз.пайғамбарды балалық шағынан бастап тәрбиелеп өсірген, сондай-ақ пайғамбар болып таңдалғаннан кейін де оған үлкен қамқорлық көрсетіп қорғаған еді.

Әли бин Әбу Талибтың 9-12 жастар аралығында исламды қабылдағандығы айтылады. Оның исламды Өз. Хадишадан кейін қабыл еткен екінші кісі немесе Өз.Әбу Бәкірден кейінгі үшінші кісі болғандығы жөнінде деректер жеткен.<sup>264</sup> Өз.Әли біздің жыл санауымыз бойынша 622 жылы анасымен бірге Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін хижреттің екінші жылы Сапар айында (тамыз, 623 ж.) Өз.пайғамбардың қызы Фатимамен үйленеді. Бұл некеден Умму Кулсум мен Зейнеп атты екі қызы, Хасан мен Хусейн атты ұлдары дүниеге келеді. Өз.Әли Өз.пайғамбардың көзі тірісінде Тәбук шайқасынан басқа барлық ғазуаттарға қатысқан еді.

Бәдір, Ухуд, Хәндак және Хайбар шайқастарында көрсеткен ерлігі, ислам ғылымдарын терең білуі, тақуалығы және көркем мінезімен танымал болды. Өз.Әли туралы жазылған мәнқибалар-

264 Слстр. Жажиз, *Китабул-Османиййе*; Ибн Әбил-Хадид, *Шерху Нехжил-Белага*.

дың негізгі сарыны «Зулфикар» атты қылышы мен «Дүлдүл» атты атына байланысты еді. Өз.Әли б.э. 661 жылы Куфа мешітінде Абдуррахман бин Мулжам атты бір харижит тарапынан жасалған қастандық нәтижесінде жараланып, 2 күннен кейін дүние салады.<sup>265</sup>

## б. Абдуллаһ бин Мәсғуд

Ашара-и мубәшшарадан саналған алғашқы мұсылмандар қатарында ол да мал-жанымен ислам жолында аянбай қызмет етті. Исламнан бұрынғы өмірі жөнінде аса көп дерек жоқ. Балалық шағында Уқба бин Әбу Муғайттың малын бағады. Абдуллаһ бин Мәсғуд алғашқы алты мұсылманның бірі болған. Анасы Умму Абд бинт Абдумад, жанұясы мен бауыры Уқба да мұсылмандықты алғаш қабылдағандар арасында еді. Ибн Мәсғуд мұсылмандықты қабылдағаннан кейін Өз.Мұхаммедтің қасынан ажырамай, өмірін оған қызмет етуге арнады. Аласа бойлы, арық денелі болғандығына қарамастан Өз.Мұхаммедтен кейін Құранды Қағбада ашық түрде оқыған екінші кісі болатын. Осы себепке байланысты мүшріктерден таяқ та жейді. Эфиопияға хижрет еткен мұсылмандар арасында да орын алған Ибн Мәсғуд Мәдинаға да алғаш хижрет еткендердің бірі еді.

Абдуллаһ бин Мәсғуд Бәдір шайқасында исламның ең үлкен дұшпандарының бірі Әбу Жәхлді өлтірген еді. Асқан білімділігімен танылған Ибн Мәсғуд – Иракта тәпсір, қирағат, фикһ, хадис ғылымдарының негізін қалағандардың бірі. Ибн Мәсғуд ең көп пәтуа берген және риуаят жеткізген сахабалар, яғни «Абадилә» қатарына жатады. Уахи хатшыларының бірі болған Ибн Мәсғудтың тікелей өзі жазған Құран нұсқасы да бар еді. Ол 850-ден астам хадис риуаят еткен. Ирак фикһ және кәлам мектептерінің негізін салушы ретінде саналған Ибн Мәсғуд алғашқы үш халифа тұсында маңызды әкімшілік-сот істерін жүргізген болатын. Абдуллаһ бин Мәсғуд 652 жылы (Х. 32 ж.) дүние салған.

---

265 Өз.Әлидің исламды қабылдауы жөнінде қараңыз: Жахиз, *Китабул-Османиййе*; Ибн Әбил-Хадид, *Шерху Нехжил-Белага*, Ибн Исхак, *Сира*, 118-119; Ибн Хашим, *Сира*, 225-230.

## в. Осман бин Аффан

Осман бин Аффанның исламға кіруіне Өз.Әбу Бәкірдің ықпал еткендігі айтылады. Мұсылмандықты қабылдағаны үшін Өз.Осман туыстары мен Құрайыш тарапынан жәбір-жапаға ұшырайды. Ол – Әмеуи (Умәййа) ұлдарынан шыққан Аффан бин Әбул-Астың ұлы. Анасы – Әруа бинт Қурайз бин Рабаи. Өз.Осман біздің жыл санауымыз бойынша 577 жылы Таифта дүниеге келген. Жастық шағын Меккеде өткізген Осман бин Аффанның әкесі Меккедегі дәулетті кісілердің бірі саналатын. Меккеліктердің құрметіне бөленген Өз.Осман Өз.Әбу Бәкірдің жақын досы болатын. Сауда жасау мақсатымен Мекке тысына сапарға да шығып тұрған.

Мұсылмандықты қабылдағаннан кейін Өз.пайғамбардың қызы Рукайямен үйленеді. Мүшріктер жәбір-жапасын күшейткендіктен, Өз.Осман жұбайымен бірге Эфиопияға қоныс аударады. Бәдір жеңісінен бір күн бұрын Рукайя дүние салады. Одан кейін Өз.Осман Өз.Мұхаммедтің екінші қызы Умму Кулсуммен отау құрайды. Осыған байланысты ол «Зун-нурайн» (екі нұрдың иесі) деген лақаппен аталады. Өз.Осман да жаннатпен сүйіншіленген он кісінің бірі еді. Тәбук сапарында ислам әскерін толық дерлік жарактандырғандықтан, Өз.пайғамбардың батасын алған болатын.

Б.э. 644 жылы Өз.Омар өлтірілгеннен кейін халифа сайланған Өз.Осман 12 жыл билік басында қалды. Мемлекет басқару ісінде бірқатар өзгерістер енгізген, Өз.Әбу Бәкір тұсында жинақталған Құранды көбейттіріп, басқа мұсылман елді мекендеріне жіберген Өз.Османның тұсында ислам фәтхтері шарықтау шегіне жеткен-ді. Өз.Осман б.э. 656 жылы өлтірілген.<sup>266</sup>

## г. Абдуррахман бин Ауф

Ескі аты «Абдуамр» немесе «Абдулкағба» болған екен. Мұсылмандықты қабылдағаннан кейін Абурахман деп атын өзгертеді. Абдуррахман Эфиопияға да, Мәдинаға да хижрет еткен. Ол өте дәулетті саудагер болған. Абдуррахман Ухуд шайқасында бірнеше

266 Ибн Исхак, I, 140, т.б.; сондай-ақ қараңыз: Ибн Әбу Бәкір, *әт-Тәмхид уел-Бәйан фи Мәқтәли әш-Шәхид Осман*.

жерінен жарақаттанып, ақсақ болып қалады. Өз.Омар тарапынан халифалық мәселесіне байланысты белгіленген «Шура» құрамында орын алған Абдуррахман бин Ауф сол кеңеске төрағалық еткен еді. Ашараи мубәшшарадан саналған Абдуррахман 31/651 жылы 75 жасында дүние салған.<sup>267</sup>

#### **ғ. Сағд бин Әбу Уаққас**

Сағд бин Уаққастың 17 жаста исламды қабылдағандығы айтылады. Асқан мерген және ат үстінде ойнаған Сағд Ирак пен Иранды фәтх етуші қолбасшы ретінде танылған-ды. Өз.Омар мен Өз.Османның халифалықтары тұсында маңызды қызметтер атқарған Сағд біздің жыл санауымыз бойынша 55/674 жылы қайтыс болған.<sup>268</sup>

#### **д. Зубәйр бин әл-Аууам**

Зубәйр бин әл-Аууам – Өз.пайғамбардың әкесінің қыз бауыры Сафияның ұлы. Ол да ашараи мубәшшарадан бірі. Өз.Әбу Бәкірдің қызы Әсмамен үйленген. Одан туған ұлы Абдуллаһ әмеуилер дәуірінде біршама уақыт Мекке төңірегінде тәуелсіз уәли болып қызмет атқарған. Зубәйр дәулетті әрі беделді кісі болған. Ол Эфиопияға да, Мәдинаға да хижрет еткен-ді. Өз.Әлидің халифалығы тұсында Өз.Османды өлтіргендерді жазаландыруын талап етіп, Өз.Айшамен бірге халифаға қарсы «Жамал» оқиғасын бастаған еді. Өз.Зубәйр «Жамал» оқиғасының артынан 36/656 жылы Ибн Жәрмуз тарапынан қастандықпен өлтірілді.<sup>269</sup>

#### **е. Талха бин Убәйдуллаһ**

Талха бин Убәйдуллаһ Тәйм тайпасынан шыққан және ашараи мубәшшараның бірі болатын. Ухуд шайқасында қылыш тиіп, бір қолынан айрылып, шолақ болып қалған еді. «Жамал» оқиғасында Өз.Әлиге қарсы соғысқандар қатарында орын алған. Б.э. 656 (Х. 36)

267 Ибн Исхак, I, 135, т.б.; Ибн Хишам, I, 145, т.б.; Ибн Сағд, I, 204.

268 Ибн Исхак, I, 150, т.б.; Ибн Хишам, I, 150, т.б.; Ибнүл-Әсир, I, 32.

269 Ибн Исхак, I, 160, т.б.; Ибн Хишам, I, 155, т.б.; Табари, II, 157.

жылы Өз.Талха Мәруан бин Хәкамның атқан оғынан қаза табады. Оның жаназа намазын Өз.Әли шығарған.<sup>270</sup>

Алғашқы мұсылмандар мен ашараи мубәшшара жөнінде бұл мәліметтерді бергеннен кейін, қайтадан үндеу тақырыбына оралайық: Өз.Мұхаммедтің жасырын түрде жүргізген жеке үндеуі кезеңінде туыстық және жолдастық байланыстар маңызды орын алды. Өз.Әли, Өз.Хамза, Өз.Жағфар сынды алғашқы мұсылмандардың исламды таңдауында олардың Өз.Мұхаммедке туыс болуы үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар мұсылмандықты қабылдаған әрбір меккелік өзінің жақын достарын исламға шақырған еді. Зейдтің ұлы Сағд (ашараи мубәшшараның бірі), Омар бин әл-Хаттабтың қарындасы Фатима, Аббастың жұбайы Умму Фадл, Маһзұм тайпасынан шыққан Абдуллаһтың ұлы Әбу Сәлама, Әбул-Әкрамның ұлы Әркам және басқа да сахабалар туыстарының не жолдастарының үндеуімен мұсылмандықты қабылдаған-ды. Олардың ішінде Әркам өз үйін ислам үндеуінің орталығына айналдырып, алғашқы күндерден бастап исламды таныту және тарату үшін күрескен еді. Өз.пайғамбар исламға осы жерде үндеу жасап, осы жерде тағылым беріп, намаз ғибадаты да жасырын түрде осы жерде оқылған болатын.

Өз.Мұхаммедтің адамдарды жаңа дінді қабылдауға шақырып жүргендігін, жасырын түрде Құран және намаз оқитындығын, өзінің Аллаһтың елшісі екендігін алға тартқандығын бастапқыда білсе де, Құрайыш бұл мәселелерге оншалықты мән бермегендіктен немесе басқалардың дініне араласқысы келмегендіктен, ислам үндеуіне кедергі жасауға тырыспады. Алайда, мұсылмандар санының күн санап артуы, тәухид үндеуінің олардың да есігін қағып, бала-шағасының көңілін баурап алуы, адасқан сенімдері мен ахлақсыздыққа негізделген өмір салттарын сынға алуы исламға және мұсылмандарға қарсы күшті дұшпан шебінің құрылуына түрткі болды. Енді олар назарларын исламға және ислам пайғамбарына аударған еді.

Өз.Мұхаммед үндеуінің екінші кезеңі туыстарын дінге шақыруға бағытталған-ды. Өз.пайғамбар *«алдымен туыстарыңды ескерт...»*,<sup>271</sup>- деген иләһи әмірмен Абдулмутталиб ұлдары мен

270 Ибн Исхак, I, 165, т.б.; Ибн Хишам, I, 169, т.б.; Табари, II, 198, 223.

271 Шуара, 124.



Хашим ұлдарын исламға шақыра бастады. Осы мақсатпен оларға дастарқан жайып, сый-сияпат көрсетті. Алайда, олармен сөйлесуге және үндеуін түсіндіруге мүмкіндігі болмады. Тағы да ас беріп, меккеліктерді шақырды. Астан кейін басқа тайпаларды қайтарып, Абдулмутталиб ұлдарының қалуын сұрады. Оларға иләһи дінді және оның бірқатар ұстанымдарын насихаттай келе, қысқаша түрде: *«Қауымына менің сіздерге әкелген нәрсемнен жақсырақ нәрсе әкелген ешбір жасты көрмедім. Мен сіздерге дүние мен ақиреттің ең қайырлы нәрсесімен келдім...»*, – деді. Одан кейін оларды ислам дінін қабылдауға шақырды. Бір бөлігі оған сенді, ал бір бөлігі сенбеді. Оған сенбей, қатты қарсылық көрсеткендер арасында көкесі Әбу Ләхаб пен оның әйелі Умму Жәмил де бар еді. Осы сәттен бастап Әз.Мұхаммедтің қас дұшпанына айналған олар қолынан келгенінше бар жамандықты жасауға тырысты. Бұл екеуі жөнінде «Тәббат» сүресі түсті. Олар үшін үлкен азаптың бар екендігі білдірілген бұл сүреде Ұлы Аллаһ:

*«Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын! Құрыды да. Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді. Ол жалындаған отқа кіреді. Әйелі отын көтеріп кіреді. Оның мойнында есілген арқан болады»*, – деді.

Дегенмен, Әз.Мұхаммедтің Абдулмутталиб ұлдарын мұсылманшылықты қабылдауға шақыруы ислам үндеуінің жалпы және ашық түрде тарауына ыңғайлы орта әзірлеген еді.

Бұл уақытқа дейін тек отбасы мүшелері мен туыстары арасында жасырын түрде уағыздалып келген иләһи үндеу енді ашық түрде насихатталып, меккелік пұтқа табынушыларға қарсы күрес бас-талған-ды.

Дереккөздердің көрсетуі бойынша, Әз.пайғамбар туыстарынан кейін кезекпен Киндә ұлдары, Ханифа ұлдары, Амир ұлдары, Сүлеймен ұлдары, Кәлб ұлдары, Шәйбан ұлдары мен Сағлаб ұлдары ... сияқты қауымдарды да исламға шақырды. Алайда, алдынан бірқатар кедергілер шықты. Расулуллаһ бұл жағдай туралы:

*«Кез келген бір кісі мені өз қауымына алып барса, қауымы Раббымның үндеуін насихаттауыма кедергі болған еді. Құрайыш та Раббымның елшілігін тәблиғ етуіме кедергі жасаған-ды»*, – деген.

Исламға үндеу әрекетінің үшінші кезеңі жалпы үндеу кезеңі болды. «(Ей, Мұхаммед!) Саған берілген бұйрықты ашық ұқтыр,

*серік қосушылардан бет бұр»,<sup>272</sup>* – деген аят Әз.пайғамбарға ашық түрде үндеу жасауды бұйырған еді. Соған орай ислам пайғамбары бай-кедей, қожайын-кұл, ұзақ-жақын, ауылдық-қалалық, жергілікті-шет жерлік – барлығын исламға үндей бастады. Қағбаға, жәрмеңкелерге, жиналыс орындары мен алыс-беріс орталықтарына барып, меккеліктер, саяхатшылар, қажылар, саудагерлер, іскер азаматтар, ақындар мен дүлдүлдерге жаңа дін туралы айтып, оларды ислам дінін қабылдауға шақырды. Оларға өзіне келген уахиды оқып беріп, тәухид дінінің негіздерін түсіндірді. Әбу Зәр, Туфайл, Әбу Хузайфа, Мәзғун ұлы Осман, Аммар, Біләл және Аллаһ һидаят нәсіп еткен басқа да кісілер осы кезеңде мұсылмандықты қабылдаған еді.<sup>273</sup>

Қорытынды: ислам жолдауы осы үш кезеңді үндеу арқылы бүкіл меккеліктер мен Арабстан халқына жеткізілген еді. Әз.пайғамбар, әсіресе, қажылық маусымында және қасиетті (*харам*) айларда баршаға иләһи жолдауды жеткізуге тырысты. Соның негізінде иманы берік, ғибадатқа жан-тәнімен берілген, көркем мінезімен және адамгершілігімен өнеге боларлық, көрген жәбір-жапа, бейнет, зорлық пен зұлымдыққа сабыр еткен «таза да үлгілі бір қауым» пайда болды. Бұл жаңа буын исламды таныту, өмірге енгізу және қоғамдастыру жолында бар күш-жігерін жұмсады. Сонымен қатар нәпсісін жамандық атаулыдан тыйып, Аллаһтың бұйрықтарына итағат етті.

## **8. Исламның Меккеде тарауы және Құрайыштың қарсылығы**

### **а. Құрайыштың исламға қарсы шығу себептері**

*«Сендер және ғибадат еткен нәрселерің жаһаннамның отыны болып, міндетті түрде сонда кіресіңдер. Егер табынғандарың рас табынылатын нәрсе болса, жаһаннамға кірмес еді. Бәріңіз сонда қаласыздар»,* - мағынасындағы аяттардың түсуі, меккеліктердің ислам үндеуін қабылдауы және түрлі қоғамдық топ өкілдерінің исламға бет бұруы бастапқыда көңіл аудармаған Мекке ақсүйек-

272 Хижр, 94.

273 Ибн Исхак, I, 124-150; Ибн Хишам, I, 194-205; Ибн Ханбәл, *Муснәд*, 7036, 3962 нөмірлі хадистер; Ибн Сағд, III, 248; Бәлазури, I, 198.

терінің мазасын кетіріп, қарсылық көрсетуіне түрткі болды. Әсіресе, Әз.Мұхаммедтің үндеуін ашық түрде жүргізіп, Құрайыштың сенім негіздері мен өмір салтына қарсы шығуы Мекке ақсүйектерінің ислам мен мұсылмандарға деген дұшпандығын туғызды. Әз.Мұхаммедтің халықты Аллаһқа ортақ қосудан және пұттарға табынудан аулақ болуға шақыруы, Құрайышты аталарының дінінен алыстатуға тырысуы және ислам ілімдерін таратуы меккеліктердің *«Мұхаммед пұттарымызды қорлап, тәңірлерімізге тіл тигізіп, аталарымыздың дініне қарсы шығып, өмір салтымызға бас сұғып жатыр...»*, – деп, исламға қарсы шығуына себеп болды. Олар Әз.пайғамбар жөнінде: «өтірікші, сәуегей, сикыршы, ақын», – деген сияқты сөздер таратты.

Жаңа аяттар келген сайын Құрайыштың ашу-ызасы мен дұшпандығы өрши түсті. Соңында Әз.Мұхаммедке және үндеуіне қарсы шеп құрып, іс жүзінде ашық түрде қарсылық білдіріп, ислам пайғамбарының жолына тікен мен тас лақтырып, жәбір-жапа көрсете бастады. Тіпті, Әз.Мұхаммед өз үйін тастап, Маһзұм ұлдарынан Әл-Әркам атты мұсылманның үйіне көшуге мәжбүр болады. Сафа төбесінің еңісінде орналасқан бұл үй Қағбаны зиярат етушілердің жолының үстінде болатын. Сондықтан оларға жаңа дінді насихаттап жеткізу үшін өте ыңғайлы еді. Сондай-ақ мұсылмандар Меккеде көзге түсуден және тынышы кетуден де құтылып, бірге ғибадат ететін орын тапқан-ды.

Шындығында, Құрайыштың көзқарас жүйесіне, сенімі мен өмір салтына ашық түрде қарсы шыққанға дейін жаңа дінге Мекке ақсүйектері төзімділік көрсеткен еді. Әз.Мұхаммед насихаттаған дін өздерінің тәңірлері мен тереңге тамыр жайған әдет-ғұрыптарына толығымен қарама-қайшы және қарсы екендігін түсінген кезде, оған кедергі болатындай шаралар қолдана бастады.

Исламның дүниетанымы мен әлеуметтік, экономикалық, саяси, басқару және сауда ұстанымдары да Құрайыштың жаңа дінге қарсылығын күшейте түскен-ді. Өйткені ислам Аллаһқа серік қосу мен пұтқа табынушылыққа қарсы шығып, олардың орнына тәухид сенімін алып келді. Тайпашылдық пен нәсілшілдікке негізделген үстемдікті жойып, үстемдіктің жалғыз өлшемі ретінде тақуалықты алға тартты. Құлдықты жоятын шаралар ұсынып, табиғи құқықтар тұрғысынан қожайын мен құлды, еркек пен әйелді тең тұтқан еді.

Сыбайлас қылмыс, өсімқорлық, ұрлық, құн дауы, жеңіл жүріс пен адам өлтіруге тыйым салып, оның орнына құқық пен әділдікке негізделген, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін өмір салтын ұсынған болатын. Өлгеннен кейін қайта тірілу және дүниеде істегендерінің есебін беру көзқарасын қалыптастырып, материалистік және қанаушы көзқарасқа қарсы шықты.

Құрайыштың Әз.Мұхаммедтің исламды насихаттауына қарсылық көрсетуінде тайпашылдықтың атқарған рөліне баса назар аударғымыз келеді. Исламның Меккедегі басты қарсыластары Махзұм және Әмеуи ұлдарынан шыққан еді. Махзұм ұлдарынан шыққан Әбу Жәһлдің:

*«Біз Абдуманаф руымен абырой-атақ мәселесінде келіспейміз. Олар халыққа тамақ жегізді, біз де жегіздік. Олар жаяу қалған кісілерге мінетін көлік берді, біз де бердік. Олар халыққа сый-сияпат көрсетті, біз де көрсеттік. Соңында бірдей дәрежеге жетіп, қатар шапқан екі жарыс атындай болған едік: «Міне, бізден өзіне көкпен уахи келген бір пайғамбар шықты», – деді. Біз бұған қашан жетеміз? Аллаһқа ант етемін, оған ешқашан сенбейміз», – деген сөздері олардың исламға қарсы шығуында тайпа бәсекелестігінің қаншалықты ықпал еткендігін ашық түрде көрсетеді.*

Өрине, ислам қарсыластарының жеке бас пайдасын қорғау үшін бар күшін салғандығын да, діни, экономикалық және саяси алаңдаушылық білдіргендігін де назардан тыс қалдырғымыз келмейді. Мұнда тек тайпа бәсекелестігінің исламға қарсылық көрсетуде өте маңызды фактор болғандығын атап көрсеткіміз келді. Мәселен, Құрайыштың ішінде Хашим ұлдарына ең жақын ру Абдушамс ұлдары мен осы рудың ең маңызды тармағын құрайтын Әмеуи (Умәййә) ұлдары ислам үндеуіне қатты қарсылық көрсеткен еді. Әбу Суфиян және оның Ханзала мен Амр атты ұлдары, Әбу Ухайха мен оның Ас, Убайда және Әбан атты ұлдары, Умму Жәмил, Хакам бин Әбул-Ас, Әсад бин Әбул-Ас сияқты әмеуилер исламның басты қарсыластары арасында орын алды. Бұл тайпадан Мекке кезеңінде Осман бин Аффан және бір топ кісі мұсылман болған-ды. Әбу Суфиян мен Әмеуи ұлдарының көпшілігі Мекке фәтх етілгенге дейін қарсылығын жалғастырды. Тіпті, Мәдина кезеңінде олар Мекке мүшріктерінің мұсылмандарға қарсы күресіне басшылық та еткен еді.

Күмәнсіз, исламның Меккеде тарауы пұтқа табынушы Құрайыштың мүддесіне қайшы келген-ді. Өйткені жаңа дін пұтқа табынушылық сенімді жоққа шығарып қана қоймай, Мекке қалалық өкіметіне де қарсы шығып, оның әлеуметтік-экономикалық негіздерін жоюды көздеген болатын. Әдетте, мәдениеті әлсіз, мәдениетінің негізі жоқ қауымдар ата-бабаларынан келе жатқан сенімге бар күштерімен жармасып, оған шабуыл жасауға жол бермейді емес пе? Пұтқа табынушы Мекке халқы да осындай қоғам еді. Ислам келген уақытта ата-бабаларынан қалған сенімді ұстанған, тәухид дінінің ғибадатханасы Қағбаны 360-тан астам пұтпен толтырып, пұтқа табынушылықтың орталығына айналдырған, өз қолдарымен жасаған нәрселерге табынған арабтардың исламға қарсы келмей қалуы мүмкін емес-ті. Арабтар барлық істерін естімейтін, көрмейтін, ешбір пайдасы жоқ осы пұттармен ақылдаса отырып атқаратын. Әрі оларға Қағба зияратынан да үлкен пайда түсетін еді.

Ислам діні адамдарды бір тек Аллаһқа иман келтіруге және жалғыз Оған ғана ғибадат етуге шақыру арқылы пұтқа табынушылыққа қарсы шықты. Бұл жағдай түрлі материалдан пұттар жасап, оларды әртүрлі атпен атап, ең үлкен табыс көзіне айналдырған Құрайыш ақсүйектерінің тамырына балта шапқандай еді. Сонымен қатар ислам діні олардың осылайша заңсыз жолдармен табыс табуына және кедей халыққа қысым көрсетіп, қанауына қарсы шығып, әлсіздер мен қолдауы жоқ бишараларға үстемдік етуін тоқтатуды талап еткен-ді.

Ислам әлеуметтік өмір жүйесіне де маңызды ұстанымдар алып келді. Теңдікті әмір етіп, адамдар арасындағы тап айырмашылығына қарсы шықты. Құл-қожайын, бай-кедей, еркек-әйел деп бөлмей, барлық адамдардың адам ретінде тең екендігін, бірдей дәрежеде табиғи құқықтарға ие екендігін айтқан жаңа дін өзі белгілеген Адам құқықтары Декларациясымен Мекке ақсүйектерінің тізесін бүктірген еді. Мал-дүниесінің көптігі мен тектілігін малы мен тегі жағынан әлсіз, қолдауы жоқ жандарға өктемдік жүргізудің құралы ретінде санап, әлсіздерді езіп-жаншып, бүкіл өмір бойы құл ретінде пайдаланып келген Құрайыштың басына әлеуметтік және экономикалық саладағы ықпалынан ажырап қалу қаупі туған болатын.

Ислам діні: *«Аллаһтың алдында ең абзалдарыңыз тақуалық жағынан ең жоғары болғандарыңыз»*, – деген үкіммен келіп,

рушылдық, тайпашылдық, нәсілшілдік пен текшілдік үстемдігіне қарсы күресті. Бұл жағдай мүшріктердің исламға қарсы шабуылдарын күшейтуіне себеп болды.

Сонымен қатар ислам діні арабтар арасында кең тараған сауда жүргізу түсінігіне, өсімқор сыбайластыққа негізделген сауда көзқарасына, әлеуметтік-экономикалық жүйе мен ахлақтық құрылымды бұзатын ұрлық, алаяқтық, өрт қою, зина жасау сияқты әрекеттерге, қыз балаларын тірідей топыраққа көміп өлтіру, әйелдерді зат ретінде қолдану сияқты адамгершілік қасиеттен жұрдай дүниетанымға қарсы тұрды. Мұндай әрекеттер мен жүріс-тұрысқа Ұлы Аллаһ тарапынан тыйым салынғандығын білдірді.

Адамның өлгеннен кейін тірілтіліп, дүниеде істеген істеріне есеп беретіндігін, жамандық жасағандардың тозаққа, ал жақсылық жасағандардың жаннатқа кіретіндігін білдірген дінді меккелік мүшріктер қабылдағысы келмеді. Әлсіздерді езу, кедейлерді қанау, заңсыз табыс табумен күнелткен Құрайыш ақсүйектері бұл жағдайдан шошып, мұндай есеп беруден өздерінің зиян шегетіндігін аңғарған еді.

Құрайыштың христиандыққа қарсы болуы, сондай-ақ Хашим ұлдары мен Әмеуи ұлдары арасында жалғасқан бітпес бесекеlestік те Мекке халқының исламға қарсы келуіне ықпал еткен-ді.

Міне, сондықтан пұтқа табынған Құрайыштың атқа мінерлері, Мекке қалалық өкіметінің басшылары мен ақсүйектері ислам діні мен мұсылмандарға дұшпан болды. Әбу Талибтан кейін Хашим ұлдарының ішіндегі жасы үлкен, тайпа басшысы болуға үміткер Әбу Ләһаб, Әмеуи ұлдарының басшысы Әбу Суфиян, Махзұм тайпасының беделді тұлғалары Әбу Жәһл мен Уәлид бин Муғира, Утба бин Рабия, Умәййә бин Халаф пен бауыры Убай, танымал батыр Ас бин Уаил, Абдуддар ұлдарынан Надр бин Қайс, Өз. пайғамбардың нағашы ағасы Әсуад бин Абд Йағус, Харис бин Қайс, Зухайр бин Әбу Умәййә, Уқба бин Әбу Муай, Хәкам бин Әбул-Ас, Мутғим бин Адий, Әсуад бин Мутталиб, Әбул-Бухтари сияқты меккелік мүшріктерді исламның бас дұшпандары ретінде келтіруге болады.<sup>274</sup>

274 Құрайыштың исламға қарсы шығуы мен жәбірі жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, I, 165, т.б.; Ибн Сағд, I, 200, т.б.; Бәлазури, I, 23, т.б.; *Доғуштан Гүнүмүзе Бүйүк Ислам тарихи* I, 200, т.б.; Хамидуллаһ, *Расулуллаһ Мухаммед*, 85, т.б.; Көксал, *аталмыш еңбек*, 194, т.б.; М.Али Капар, *Хз. Мухаммеддин Мүшириклерле Мүнәсебеті*. - Стамбул, 1987; Сарыжам, *Емеві Хашими Илишкилери*, 107, т.б.

## ә. Құрайыштың келісімшарт ізденістері

Көрсетілген қысым мен жәбір-жапа исламның Меккеде тарауына кедергі бола алмады. Мекке ақсүйектерінің белді азаматтарынан құралған бір топ Құрайыштың Хашим ұлдарының ақсақалы әрі Өз.пайғамбардың қорғаушысы болған Әбу Талибтың алдына келіп, одан немере інісімен сөйлесуін және оның өкілеттілігін шектеуін сұрайды. Әбу Талибтан оң жауап ала алмаған олар біршама уақыттан кейін қайта келіп:

*«Ей, Әбу Талиб! Сен біздің ақсақалымыз және арамыздағы ең жоғары мансаптағы кісісің. Біз сеннен бұдан бұрын да бауырыңның ұлын ескертуіңді және әрекеттерін тізгіндеуіңді сұраған едік, Алайда, сен мұны істемедің. Күмәнсіз, біз бабаларымыздың кәпір деп айыпталып, қор көрілуіне, тәңірлеріміз бен сенімдеріміздің мазаққа айналуына жол бермейміз. Немере ініңді тоқтат, әйтпесе арамызда соғыс шығады», – дейді.*

Құрайыштық ақсүйектер бірқатар ұсыныстар да жасайды. Өз.пайғамбарға жасаған ұсыныстары арасында ең маңыздылары: мал-мүлік, сұлу әйел және Меккенің басшылығы болды.

Әбу Талиб Құрайыштың өтініші мен ұсыныстарын немере інісіне жеткізеді. Өзін қорқытқандығын айтып: *«Ей бауырымның ұлы! Өзіңді де, мені де қорға, маған шамам келмейтіндей жүк жүктеме», – дейді.* Көкесінің сөзіне ренжіген Өз.пайғамбар:

*«Ей, көке! Барып оларға айт, Аллаһқа ант етемін, менің бұл үндеуден бас тартуым үшін оң қолыма күнді, сол қолыма айды берсе де, қайтпаймын. Аллаһтың дінін жеңіске жеткізбейінше немесе мен бұл жолда өлмейінше, еш уақытта оны тастамаймын», – деп жауап қайтарады.*

Содан кейін көкесі кету үшін орнынан тұрып, немере інісін шақырып:

*«Ей, бауырымның ұлы! Бар, қалағаныңды істе. Тәңірге ант етемін, сені еш уақытта жалғыз қалдырмаймын», – дейді.*

Сөздеріне құлақ аспағандығына қарамастан, Құрайыштың Өз.Мұхаммедке тікелей шабуыл жасауға батылы жетпейді. Өйткені Әбу Талибтың тайпа көсемі ретінде немере інісін қорғауға күші жететін еді. Оның үстіне Меккенің әрбір тайпа басшысы тайпа

басшылығына құрметпен қарайтын. Сондықтан Құрайыш шабуылын, көбіне, өте әлсіз және қолдауы жоқ мұсылмандарға бағыттаған-ды.

## **6. Құрайыштың Әз.пайғамбарға жаңа шабуылдары**

Бір жағынан Меккеде қажылық маусымы да таяп қалғандықтан, Құрайыш үлкен әбігерге түскен болатын. Өйткені Меккеге Арабстанның шар тарапынан арабтар келетін. Келген арабтардың Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығы жөнінде естіп-білуі, пайғамбар насихаттаған ақиқат дінді қабыл етуі, пұттарға тіл тигізіліп, аталарының тәңірлері мазаққа айналғандығын көруі, арабтардың ата-бабаларының дінін тастап, жаңа дінді қабылдауға шақырылуы Мекке аксүйектеріне үлкен соққы болар еді. Келгендердің көпшілігі Меккеге қайта соқпауы да мүмкін болатын. Бұл жағдай аймақ саудасына кері ықпал етіп, Қағбаны қорғаушылардың мансабы мен дәрежесін төмендетері сөзсіз еді. Сондықтан Меккеге келетін қажылардың Әз.Мұхаммед және мұсылмандармен кездесуіне жол бермеу, Әз.пайғамбардың Құрайыштың өкілі еместігін, негізінде, оның ақыл-есі дұрыс емес және сиқыршы екендігін айту қажет болды. Сондай-ақ Құрайыш Әз.Мұхаммед пен мұсылмандарға Қағбаға жақындауына да кедергі жасады. Сөйтіп, ислам пайғамбарын үнемі аңдып, оған сөз бермеуге тырысты. Алайда, барлық бұл кедергілерге қарамастан, қажылардың арасында Әз.пайғамбармен кездесіп, мұсылмандықты қабылдағандар да болды. Мәселен, Ғифар тайпасынан Әбузәр мен Дәйус тайпасынан Туфайл солардан еді. Әз.пайғамбармен кездесіп, мұсылмандықты қабылдаған бұл кісілер елдеріне қайтып, тайпаларының арасында ислам дінін таратты. Қағбаны зиярат етуге келгендер елдеріне оралғанда, Меккеде шыққан пайғамбар мен оның үндеуі туралы тайпаларына айтып барған-ды. Сөйтіп, ислам діні туралы хабар Арабстанның түпкір-түпкіріне тарады.

Құрайыштықтардың барлығы дерлік исламға дұшпандықпен қарап, мұсылмандарға жәбір көрсетті деуге болмайды. Олардың арасында жаңа дінге басқаша көзқараспен қарағандар, төзімділік көрсеткендер, тіпті, кейбір мұсылмандарды қорғауына алғандар да бар еді. Олар Құрайыштың жапқан жаласына қарсы: «бұл айтылғандар қызғаншақтық пен шектен шығушылыққа байланысты



құрастырылған өтірік», – деп, Расулуллаһты жақтады. Араларында мұсылмандықты қабылдаудан тартыншақтап, айналасының ықпалында қалғандар да кездесетін. Мысал ретінде Өз.пайғамбардың көкесі Әбу Талиб пен Ақилды, Аббас бин Абдулмутталиб, Хаким, Әбул-Бухтариды көрсетуге болады.

Ислам дінінің Меккеде күн санап кеңінен етек жаюы мен мұсылмандар санының артуы Құрайыш дұшпандығын күшейте түсті. Олар барлық мұсылмандарға қарсы дұшпандық жасай бастады. Мұсылмандар дәулетіне, тайпа ішіндегі мансап-беделіне қарамастан, мүшріктердің жаппай қысымы мен зұлымдығына ұшырады. Өз.Әбу Бәкір, Өз.Осман, Өз.Зубәйр мен Әбу Убәйда сынды әлді де дәулетті мұсылмандардың өзі түрлі қысымға тап болды. Әрине, дәулетті мұсылмандардың өздерін қорғауға күші жететін еді. Алайда, ислам діні сабыр етуді насихаттап, бастапқыда мүшріктерге қарсы күш қолдануға рұқсат берілмеген болатын. Расулуллаһ саяси-әскери күрестен тартынды. Өйткені ол ислам жолдауын адамдардың жүрегіне жеткізіп, өміріне енгізуге тырысты. Алайда, дұшпанның ислам мен мұсылмандарды түгелімен жоюына да жол бермеді. Тек дінді және иман келтіргендерді қолдап-қорғауын жалғастырды.<sup>275</sup>

### **в. Құрайыш дұшпандығының кері әсері: Хамзаның мұсылман болуы**

Құрайыштың исламға және мұсылмандарға бағытталған қысымы мен жәбір-жапасы көптеген меккеліктерге кері әсер етіп, мұсылмандықты қабылдауына себеп болды.

Бір жолы Құрайыш Хижр деген жерге жиналады. Сол уақытта Өз.пайғамбар Сафа есігінен Қағбаға енеді. Алдынан оны үнемі аңдып жүрген Әбу Жәһл кезігіп, балағаттап қорлайды. Алайда, пайғамбар жауап қатпай, ренжіп орнынан тұрып, үйіне қайтып кетеді.

Өз.Мұхаммедтің көкесі Хамза сол күні аңшылықтан қайтып келе жатып, әдеттегіінше, Қағбаға соғады. Хамза Қағбадан қайтқанда (немесе үйіне оралғанда), бір күн Әбу Жәһлдің Мұхаммедті Қағбада балағаттағандығын айтып береді. Өзі батыр, атақты балуан және

---

275 Ибн Хишам, I, 166; Ибн Исхак, 135; Ибн Сағд, I, 201; Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, 85.

елмен тез тіл табысатын Хамза немере інісіне жасалған зұлымдыққа шыдай алмай, тайпалық ар-намысы, туыстық сезімі және жолдас-тық адалдығының ықпалымен бірден Қағбаға, Құрайыш жиналыс өткізіп жатқан жерге барып, Әбу Жәһлді табады. Қолындағы оғымен оның басынан салып кеп жібереді де, «Бұдан былай немере ініме тіл тигізесің бе? Мен де соның дініндемін, ол айтқан бар нәрсенің растығына сенемін, егер қарсы шығуға күшің жетсе, маған қарсы шық», – дейді. Әбу Жәһл қарсылық көрсете алмай, сол жерде отырғандарға: «Әбу Умара қалағанын істесін, өйткені тәңірге ант етемін, оның бауырының ұлына жаман тіл тигіздім», – дейді.

Әз.Хамзаның исламды қабыл етуі мұсылмандарға үлкен демеу болды. Сондай-ақ бұл жағдай Құрайышқа да үрей салған-ды. Құрайыш исламның Хамза сынды тұлғаларды да өзіне тарта бастағандығын және оған қарсы тұра алмайтындығын аңғарған еді. Өйткені көп ұзамай, Меккенің беделді кісілерінен Хаттаб ұлы Омар да исламды қабыл етеді.<sup>276</sup>

#### г. Омар бин әл-Хаттабтың мұсылман болуы

Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығының алтыншы жылында орын алған ең маңызды оқиға, бәлкім, Әз.Хамза мен Әз.Омардың мұсылман болуы еді. Әбу Жәһлдің Әз.Мұхаммедке тіл тигізіп қорлағанына ашуы келген Әз.Хамзаның исламды қабылдағаны туралы жоғарыда тоқталғанбыз. Әз.Хамзаның мұсылмандықты қабылдауына мұсылмандар қатты қуанады. Ал мүшріктер бұған қайғырып, мұндай жағдайларға жол бермеу үшін шаралар қолдануға бел буады. Тіпті, Әз.Мұхаммедті өлтіру мәселесін де көтереді.

Омар бин әл-Хаттаб Құрайыш тайпасының Ади ұлдары руынан шыққан болатын. Меккеде дүниеге келген ол балалық шағын бақташы ретінде мал бағып өткізеді. Омар атқа жақсы шабатындығы және балуандығымен танылған еді. Сөзге шешен Омар мұсылмандықтан бұрын сауатты кісі болған.

Әбу Хафс лақабымен аталған Хаттаб ұлы Омар Құрайыштың Әз.Мұхаммедтің көзін жою мақсатымен өткізген кең ауқымды жиналысына қатысқандардың бірі еді. Ол Әз.пайғамбарды өлтіріп,

276 Ибн Исхак, 151-153, 184, т.б.; Ибн Сағд, III, 9, 12; Табари, II, 224.

Құрайыш уәде еткен үлкен сыйды алуды көздеген болатын. Мақсатын іске асыру үшін қаруын асынған күйде жиналыстан шығып, сол кездері Өз.пайғамбар тұрып жатқан Өркамның үйіне қарай бет алады. Жолда Абдуллаһ ұлы Нуғаймды (немесе Сағдты) кезіктіреді. Ол Омардан қайда бара жатқандығын сұрайды. Өз.Мұхаммедті өлтіру үшін бара жатқандығын естігенде, Нуғайм оған бұл ниетін еш уақытта іске асыра алмайтындығын айтады. Айтқан сөзінен оның да исламды қабылдағандығын аңғарған Омар қылышын суырып ұмтылған сәтте Нуғайм оған қарындасы Фатима мен күйеу баласының да мұсылмандықты қабылдағандықтарын айтады. Бұл хабарды алған Омар оны тастап, қарындасының үйіне қарай жылдам басып жүреді. Күйеу баласы мен қарындасы сол кезде жаңа түскен аяттарды («Таха» немесе «Рахман» сүресін) оқып жатқан еді. Омардың келгендігін ести сала, қолдарындағы парақтарды жасырады. Алайда, үйдің алдына келгенде бірқатар аяттарды естіп қалған Омар ішке кіріп, олардан нені оқығандықтарын сұрап, екеуіне тарпа бас салады. Араша болғысы келген қарындасының бетіне шапалақ ұрады. Сонда қарындасы Омарға қарсы шығып, өзінің де, күйеуінің де мұсылман болғандығын, оқығандарының Құран екендігін айтады. Қарындасына таңдана қараған Омар жаңа бір күй кешіп, істегендеріне өкініп, қарындасына оқыған аяттарды әкелгізіп, иләһи уахиға қайта құлақ салады. Оқылған Құран аяттары бойында үлкен рухани әсер қалдырады. Одан кейін жанындағылармен бірге Өз.пайғамбардың алдына барып, кәлима шаһадат айтып, мұсылман болады. Өз.Омар кәлима шаһадат келтірген уақытта Өз.пайғамбар мен сол жердегі мұсылмандар «Аллаһу әкбар!» деп, Омардың мұсылмандықты қабылдауына қатты қуанады. Мұсылмандар содан кейін Өз.Омардың ұсынысымен ғибадат жасау үшін Қағбаға қарай топ-тобымен бет алады. Өз.Омар меккелік мұсылмандардың қырқыншысы болған еді.

Табаранидың еңбегінде Абдуллаһ бин Мәсғудтың:

«Омар мұсылман болғалы даңқымыз артты. Омардың исламды қабылдауы бір фәтх, хижрет етуі бір жеңіс, мүміндердің әміршісі болуы бір рақымдылық еді. Аллаһқа ант етемін, Омар мұсылмандықты қабылдағанға дейін Бәйт Шәрифтің айналасында ашық түрде намаз қыла алмаған едік», – дегені риуаят етіледі.

Ата-тегі 9-ыншы атасында, яғни арғы атасы Қағбта Өз.пайғамбармен туысатын Өз.Омар мұсылмандықты қабылдағанда (616)

33 жасында еді. Пайғамбарымыздан 13 жас кіші Әз.Омар 644 жылы өлтірілді. Әз.Омардың мұсылмандықты қабылдауы мұсылмандар үшін үлкен демеу болып, ислам тарихында алтын әріптермен жазылды. Ол меккелік мұсылмандармен бірге біздің жыл санауымыз бойынша 622 жылы Мәдинаға хижрет етті. Әз.Омар Әз.пайғамбардың көзі тірісінде орын алған барлық ғазуаттарға қатысты. Қызы Хафсаны Әз.Мұхаммедке тұрмысқа беріп, пайғамбардың қайынатасы мәртебесіне ие болды. Әз.Омар көзі тірісінде жаннатқа кіретіндігі жөнінде хабар берілген он кісінің бірі еді. Он жыл халифалық құрған Әз.Омар ислам мемлекетінің саяси-әкімшілік, әскери-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ауыл шаруашылық мекемелерінің құрылуы мен ұйымдастырылуында ерекше рөл атқарды. Ол Иран, Ирак және Сирияны фәтх етуде өте үлкен қызметтер көрсеткен еді.<sup>277</sup>

## 9. Эфиопияға хижрет ету

Ислам діні адамдардың мұсылмандықты қабылдауымен Меккеде біртіндеп тарай бастағанымен, пұтқа табынушы Құрайыш руларының зұлымдығы мен дұшпандығы да күшейе түскен-ді. Тіпті, Меккеде тұратын әлсіз және қорғаушысы жоқ мұсылмандар уақыт өте келе, мүшріктердің жауыздығы мен адам төзгісіз азабына шыдай алмайтын жағдайға келген еді. Бұл жағдайға куә болған ислам пайғамбары олардың белгілі бір уақытқа Меккеден кетуін және мүшрік меккеліктердің жәбір-жапасынан құтылуын қалайды. Алайда, оларды қайда жіберерін білмейді. Көктен түскен діндерге құрмет көрсетпейтін мәжуси дініндегі сасанилердің қоластындағы Йеменге жіберсе ме екен? Әлде Арабия түбегіндегі христиан мен яһудилер өмір сүрген бір елге ме? Қайда барса да, Құрайыштың құрығы ұзын, тауып алатын еді. Сондықтан тек Эфиопия ғана қалған-ды. Өйткені Эфиопияның христиан әміршісінің елінде ешкімге зұлымдық жасалмайтындығы белгілі болатын.

Соңында Расулуддін Эфиопияға хижрет етуге рұқсат етіп, мұсылмандар сол елге қоныс аударады.

277 Ибн Исхак, 151, 160, 220, т.б.; Ибн Хишам, 184-185, 225, т.б.; Бухари, *Сахих*, Китабу фәдаилис-сахабе, Менакыбы Өмер б. Әл-Хаттаб бабы; Хайсеми, *Межмауз-Зәуаид*, IX, 62.

Әз.Мұхаммед мұсылмандарға: «Егер қаласаңыздар, қолдарыңыздан келсе, Эфиопияға бой тасалаңыздар. Өйткені ол жердің әміршісі өз елінде ешкімге зұлымдық жасалуына жол бермейді. Ол жер туралық пен ақиқат елі. Аллаһ ісімізге бір жеңілдік бергенге дейін сол жерде тұрақтаңыздар»,<sup>278</sup> -деген сөзінен кейін араларында Әз.Осман да бар он кісілік топ Эфиопияға қоныс аударады. Оның артынан екінші үлкен топ ерген еді.

Әз.Мұхаммедтің бұл насихатынан кейін араларында Әз.Осман мен жұбайы Руқайя, Жағфар бин Әбу Талиб пен жұбайы Әсма бинт Умәйс, Осман бин Мәзгун, Зубәйр бин Ауам, Халид бин Саид пен жұбайы Умәййә бинт Халид, Абдуллаһ бин Жахш, Абдуллаһ бин Мәсғуд, Абдурахман бин Ауф, Әбу Убәйда бин Жәррах, Мусғаб бин Умәйр сынды танымал сахабалардан құралған бір топ мұсылман Эфиопияға қарай хижрет етеді. Расулуллаһтың Эфиопияны таңдауына Эфиопия әміршісі Асхаманың көктен түскен дінді ұстанатын әділ кісі болуы және елінде дін еркіндігінің сақталуы ықпал еткен еді. Бұл шешімнің қабылдануына ықпал еткен басқа себептер ретінде Эфиопияның Арабстанға жақын орналасуы мен жол шығынының аздығын, жол қатынасының жеңілдігі мен Меккемен үнемі байланыс жасау ыңғайлылығын айтуға болады.

Пайғамбарлықтың бесінші жылы (615) Эфиопияға хижрет еткен топта он бір мұсылман еркек пен төрт әйел болған еді. Қайықпен Эфиопияға жеткен мұсылмандарды Нәжаши да, эфиопиялықтар да жақсы қарсы алады. Хижрет еткен мұсылмандар сол жерде еркін өмір сүріп, исламның Арабстаннан сырт жерде танылуы мен насихатталуында маңызды қызметтер атқарады.

Алғашқы хижрет сапарының сәтті өтуі және мұһәжірлердің жақсы қарсы алынуы басқа да меккелік мұсылмандардың Эфиопияға қоныс аударуына себеп болады. Бір жылдан соң жетпістен астам меккелік мұсылманнан құралған екінші топ хижрет етеді. Әз.Жағфар басқарған мұһәжірлер тобында он екі әйел және балалар бар болатын. Сөйтіп, Эфиопияға хижрет еткен мұсылмандардың жалпы саны 110 жеткен-ді.

Алайда, Эфиопияға қоныс аударған мұсылмандар санының артуы, бұл елде еркін түрде діндерін ұстануы, мемлекет пен халық-

---

278 Ибн Хишам, I, 209.

тың ықыласына бөленуі, исламды тәблиғ етуі меккелік пұтқа табынушыларды үрейлендіріп, мазасын кетірген еді. Құрайыш мүһәжірлердің Меккеге кері қайтарылуын талап ету мақсатымен Амр бин әл-Ас басқарған топты Эфиопияға жібереді. Мұсылмандар бұл талапқа қарсы шығып, Нәжаши Асхаманың алдында олармен айтысады. Мұсылмандардың сөзін дұрыс көрген Нәжаши Құрайыштың талабын кері қайтарады.

Сол кездері Мекке халқының топ-тобымен мұсылмандықты қабылдағаны жөніндегі сыбыс Эфиопияға жетеді де, отыз шақты мүһәжір Меккеге кері қайтады. Мұндай хабардың шығуында Хашим ұлдарына бағытталған бойкоттың тоқтатылуы, Әз.Хамза мен Әз.Омардың исламды қабылдауы, соған байланысты мұсылмандарға көрсетілген жәбір-жапаның жеңілдеуі ықпал еткен болар деген ойдамыз.

Эфиопиядан оралған мұсылмандар Меккеге келген уақытта, бұл хабардың негізсіз екендігін естиді. Олар Құрайыштың қатал шабуылына ұшырайды. Олардың арасында шамасы жеткендер Эфиопияға кері қайтып кетеді. Ал бір бөлігі сырт кейіптерін өзгертіп не бірқатар мүшріктердің қорғауын паналап Меккеде қалады.

Эфиопияға хижрет еткен мұсылмандардың бір бөлігінің бірнеше айдан кейін Меккеге оралу оқиғасы кейбір тарихшылар тарапынан «Гараник қиссасымен» байланыстырылған еді. Мұндай тарихшылар өз еңбектерінде Эфиопия хижреті туралы баяндаған уақытта, түрлі себеп пен мақсаттарға байланысты «Нәжм» сүресінің түсуі туралы және Қағбаның алдында бұл сүре оқылған кезде орын алған оқиға жөнінде айтып өтеді. Олардың пікірінше, мұсылмандар Эфиопияға хижрет еткеннен кейін көп ұзамай «Нәжм» сүресі түседі де, Әз.Мұхаммед оны Қағбада оқып, мұсылмандарға намаз қылдырады. Сүренің соңында сәждеге бас қояды, артында намаз оқығандар мен сол жерде болған мүшріктер де бірге сәжде жасайды. Міне, осы оқиға Мекке халқы мұсылмандықты қабылдады немесе мүшріктер мұсылмандармен келісімге келді деген қауесет сөз түрінде айналаға тарап кетеді.

Ал шындығында, Әз.Мұхаммед «Нәжм» сүресінің 19-ыншы аятының соңына келгенде, мүшріктер өз тәңірлеріне көбірек тіл тиіп кетер деп, «Лат, Узза және үшінші пұт Манат, бұлар ұлы пұттар, шапағаттары үміт етіледі» деген өлең жолын айтып, ислам

пайғамбары оқыған аятқа бұл өлең жолын араластырып жібергісі келген еді. Негізінде, Құрайыш мүшріктері біршама уақыттан бері Өз.Мұхаммедтің оқыған және айтқан нәрселерін естіртпеу үшін уылдап шулайтын не оның айтқандарын жоққа шығару үшін өз сөздерін қосатын еді. Құран Кәрімде бұл жағдай туралы:

*«Және кәпірлер: «Бұл Құранды тыңдамаңдар, оқылғанда шуылдаңдар. Бәлкім жеңіске ие боларсыңдар», – десті»; «(Мұ-хаммед) олар саған уахи еткенімізден басқа нәрсені бізге жала жапқызып, сені бұзуға жақындады. Сол уақытта олар сені дос тұтады»,<sup>279</sup> – делінеді.*

Құран оқылған сәтте шу шығару мақсатымен Құрайыштың сөйлеген сөздерінің арасында «Лат, Узза және үшінші пұт Манат, бұлар ұлық пұттар және шапағаттары үміт етіледі» деген сөздер де бар еді.

Ал шындығында, Эфиопияға хижрет етуге қатысты айтылған «Гараник қиссасы», мұсылман ғалымдардың басым бөлігінің пікірінше сахиқтығы талас тудырған риуаятқа негізделген, ойдан шығарылған бір хикая. Сөз бен мағына, материалдық және рухани байланыс тұрғысынан қабылданбайтындай дәрежеде. Мазмұны жағынан «тәухид дініне» қайшы, жүзеге асуы және «илқа» ұғымын қамтуы жағынан Өз.пайғамбарға жала жабу сипатына ие.<sup>280</sup>

## **10. Хашим ұлдарын қоршауға алу жөніндегі қарар және реакциялар**

Ислам мемлекетінің қаупін түсінген және жаңа діннің тез тарауына алаңдаған, алайда, ислам пайғамбарына ашық түрде шабуыл жасауға бата алмаған меккелік пұтқа табынушылар жаңа шешім жолдарын іздестіре бастайды. Мұсылмандардың Эфиопияда жақсы қарсы алынуы, меккелік тайпалардың барлығынан дерлік көптеген кісілердің жаңа дінді қабылдауы және Мекке сыртындағы тайпалардан да мұсылмандықты қабылдағандардың шығуы Құрайыштың батыл шараларға баруына түрткі болды.

279 Фуссилат, 26; Исра, 73.

280 «Гараник Қиссасы» жөнінде жан-жақты мәлімет алғысы келгендер «Сөзде Гараник Мәселеси Үзерине», Ислам Араштырмалар Дергиси, III/2. - Анкара, 1989, 48-58 атты мақаламызға қарауына болады.

Абдушамс тайпасынан Утба бин Рабианың пікірі бойынша Әбу Талибқа бірқатар ұсыныстармен келіп, онымен келісім жасауды көздейді. Алайда, Әбу Талибпен ойдағыдай келісімге келе алмаған Құрайыштың дұшпандығы өрши түседі. Олар ендігі жерде Әз.Мұхаммедті тайпаларының бір мүшесі ретінде қорғаған Хашим ұлдары әулетіне дұшпан ретінде қарайтын болып шешеді. Түп мақсаттары Әз.Мұхаммедті Хашим ұлдарының жәрдемі мен қолдауынан мақрұм ету еді. Соның нәтижесінде пайғамбарлықтың жетінші жылы Хашим ұлдарына бойкот жариялап, оларды Мекке халқынан оқшаулап, толығымен қоршауға алады. Олармен барлық байланысты үзуге, қыз алып-беріспеуге, сауда-саттық жасаспауға, олармен сөйлеспеуге шешім қабылдайды. Хашим ұлдарына қарсы әлеуметтік және экономикалық бойкотты қамтитын бұл қарарды хатқа түсіріп, Қағбаның кірісіне іліп қояды. Екі таудың арасында орналасқан Шигб-и Әбу Талибта қоршауға алынған Хашим ұлдары, Мутталиб ұлдары мен қаланың түрлі аудандарында тұратын мұсылмандар жаппай жәбір-жапаға ұшырайды. Айлар бойы жалғасқан бұл азап төзе алмайтындай дәрежеге жетеді. Мұсылмандар адамдық қасиеттен жұрдай бұл әрекеттерден үлкен зардап шегеді. Үш жылға созылған бойкоттың нәтижесінде күш-қуатынан айрылып, әбден әлсірейді, балалар мен қарттар арасында қайтыс болғандар да бар еді. Кейбір құрайыштықтар бұрын болып көрмеген бұл сұмдыққа қарсылық білдіріп, іліп қойған құжатқа қарамастан, қоршауды бұзады. Хашим ұлдары әулетімен байланыс жасап, оларды бұл жағдайдан құтқарады. Қоршаудың бұзылуын қамтамасыз еткендердің басында Хишам бин Амр бин Рабиа, Муғтим бин Адий, Әбул-Бухтари бин Хишам, Зәма бин Әсуад бин Мутталиб бар еді.

Бір қызығы, сол құжатта жазылған сөздерден жәбір мен зұлымдық, ширк және байланысты үзу сөздерінен басқа жазылған барлық сөзді Аллаһ тарапынан муғжиза ретінде жіберілген күйе жеп бітірген еді. Жазуы бар нәрседе тек Аллаһтың аты қалады. Ұлы Аллаһ бұл жағдайды сүйікті пайғамбарына уахи етіп, ол көкесі Әбу Талибқа айтады. Әбу Талиб бұл жайды Құрайышқа жеткізгенде, олар сенбейді. Тек паракты әкеліп қарағанда ғана шындықты көреді. Соның негізінде қоршау алынып, Хашим ұлдары рақымсыз қысым



мен зұлымдықтан құтылады. Сияр және хадис кітаптарында бұл қоршау туралы жан-жақты баяндалған.<sup>281</sup>

## 11. Пұтқа табынушылар көрсеткен қысымның салдарлары

Жасалған жәбір-жапаның түрі мен ауқымы қаншалықты болмасын, сахабалардың иманын, олардың адамзаттың игілігі мен құтылуы үшін көрсеткен азаматтық борышы мен жан қиярлық сезімдерін еш әлсірете алмады. Құрайыш мүшріктері аталарының діні мен пұттарын жамандаған аяттар келгенге дейін Өз.пайғамбар мен мұсылмандарды мазақ қылумен шектелген-ді. Олар Өз.пайғамбарды бір-біріне нұсқап: *«Көктен хабар берген, міне, осы»*, – деп келемеждейтін еді. Кейінірек діни көзқарастары мен пұттарына қарсы аяттар келе бастағанда, бұған қатты ашуланып, Өз.пайғамбар мен сахабаларын сөзбен де, іспен де жәбірлеп қорлай бастайды. Өз.пайғамбар олардың жәбір мен дұшпандықтарына қарамастан, исламды жария түрде насихаттауын жалғастырады.

Алайда, меккелік мүшріктер бара-бара жәбір-жапасын арттыра түседі. Әсіресе, мұсылмандықты қабылдаған құл мен күндерге аяусыз азап көрсетеді. Дінінен қайтару үшін олардың кейбіреуін қызған құмға жатқызып, кеудесіне ауыр тас бастырып, қайнаған күннің астында қалдырса, ал кейбіреуінің денесін отта қыздырылған темірмен таңбалайтын. Кейбіреуіне аямай дүре соғып, күндер бойы ас-сусыз қалдыратын. Кейбіреуінің аяғына кісен салып тастайтын еді.

Әлсіз және қамқоры жоқ бұл адамдар, шынында да, өте аянышты күй кешті, дүре соғылып, қайнаған ыстықта қызған құмға жала-наш жатқызылды, мойындарына арқан байланып, әйел-еркек деп бөлмей, көшеде сүйретілді. Аммардың анасы мен әкесі осылайша жауыздықпен өлтірілді. Біләл Хабаши сияқтылардың денесіне қызған темірмен таңба салынды.

Бұл жәбір-жапа тек әлсіздер мен қорғауы жоқ бишараларға ғана жасалмады, ақсүйек әулеттен шыққандарға да азап көрсетілген еді. Алайда, мұншалықты азап, жәбір-жапа мен зұлымдыққа қара-

---

281 Мәселен, қараңыз: Ибн Исхак, I, 124-150; Ибн Хишам, I, 194; Ибн Сағд, IV, 237, т.б.; М.Али Капар, *аталмыш еңбек*, 80, т.б.; Хавва, *аталмыш еңбек*, 340-348.

мастан, мүшріктер мұсылмандардың жүрегіндегі Аллаһқа деген сүйіспеншілік отын сөндіре алмады. Ислам меккеліктер арасында тарай түсті. Түрлі тап өкілінен құралған алғашқы мұсылмандар қатарында Өз.пайғамбардың немере інілері Жағфар мен Зубәйр, әкесінің Умәййә атты қыз бауырының ұлдары, Абдуллаһ бин Жахш пен оның бауыры Убәйдуллаһ, әкесінің Бәрра атты қыз бауырының ұлы Әбу Сәлама, анасы жағынан екі нағашы інісі Зухра ұлдарынан шыққан Сағд бин Әбу Уаққас пен оның кіші інісі Умәйр, әкесінің Сафия атты қыз бауыры, Өз.Хадишадан кейін исламды қабылдаған екінші әйел кісі Умму Фадл мен оның Мәймуна, Сәлма мен Әсма атты әпке-сіңілдері де бар еді. Олардың ішінде Әсма Жағфармен, ал Сәлма Хамзамен тұрмыс құрған болатын. Алғашқы мұсылмандар арасында Зәйд бин Харисаға тұрмысқа шыққан, одан Усама атты ұлы дүниеге келген Умму Әйман да орын алған-ды.

Әбу Талиб пен оның ұлдары Талиб пен Ақил мұсылмандықты қабылдамады. Олар тәкаппарлығы мен менмендігіне байланысты жаңа дінге кіруден бас тартты. Өз.пайғамбардың әкесінің Әруа атты қыз бауыры да ұлы Туләйбпен бірге исламды қабыл етті. Өз.Мұхаммедтің ескі әрі жақын досы Өз.Әбу Бәкір мұсылмандықты қабылдаған уақытта оның әйелі Умму Руман және басқа жұбайынан туған Абдуллаһ атты ұлы мен қызы Әсма да исламға кіреді. Алайда, үлкен ұлы Абдул-Қағба жаңа дінді қабылдамады. Абдуллаһ бин Мәсғуд, Талха, Осман бин Мағзум, Сухәйб әр-Руми, Біләл, Аммар, Сумәййа сынды кісілер де алғашқы мұсылмандар тобына кірген еді.

Жәбір-жапа көрсетумен қатар меккеліктер Өз.Мұхаммедтің дінді насихаттауына кедергі болу үшін улап-шулап дауыс көтеретін. Оған «жынды», «сиқыршы», «өтірікші» деп тіл де тигізетін. Соған байланысты Өз.Мұхаммед насихаты мен үндеуінің әдісін өзгерткен еді. Меккеліктерден гөрі сырттан келгендерге көбірек көңіл бөлді. Меккеге түрлі мақсаттармен келген кісілермен жүздесіп, олардың арасында исламды тарату үшін бар күш-жігерін жұмсады. Сөйтіп, ол Мекке сыртындағы тайпалардың да исламды танып, қабыл етуін қалаған еді. Сондай-ақ мұндай ауыр шарттарда Мекке халқы арасында исламның тарауы оңайға соқпасын түсінгендіктен, жаңа дін тезірек тарайтындай жер іздеген болатын.<sup>282</sup>

282 Меккелік алғашқы мұсылмандарға қатысты мәліметтер үшін қараңыз: Ибн Исхак, I, 120-121, 140, т.б. 160, т.б.; Ибн Хишам, I, 145, т.б. 225-230, 260-264;

## 12. Исламның Мекке дәуірінде орын алған кейбір маңызды оқиғалар

### а. Қайғылы жыл: Әбу Талиб пен Әз.Хадишаның өлімі

Меккелік мүшріктердің мұсылмандар мен Хашим ұлдарына қарсы қоршауы тоқтатылғаннан 8 айдан кейін Әбу Талиб дүниеден өтеді. Әз.Мұхаммедті кішкене күнінен өз әкесіндей тәрбиелеп өсірген, оған қамқорлық көрсеткен Әбу Талиб пайғамбар болғаннан кейін де оны жалғыз қалдырмай, бар күшімен қорғауға тырысқанды. Әз.пайғамбарға үнемі қол ұшын берген Меккенің басшысы Әбу Талиб өте қартайған болатын. Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығының оныншы жылы науқастанып, ауруы үдей түскен Әбу Талиб Құрайыштың басын қосып, оларға Әз.Мұхаммедке жақсы қарауын өсиет етеді. Құрайыш та оған дүние салардан бұрын: «немере інің Мұхаммедке бізді алып бар, онымен татуласайық», – дейді.

Әз.Мұхаммед көкесінен Құрайыштың келісімге келу тілегін естіп: «Ей, көке! Егер *«Лә иләһә илләллаһ»* дейтін болса, арамызда қайшылық болмас», – дейді. Алайда, Құрайыш бұл талапты қабыл етпей, Әз.Мұхаммедке: *«Қағбадағы мұншалықты пұтты тастап, бір Аллахқа ғана сенуімізді қалайсың ба?»*, – деп тарап кетеді.

«Уаллаһи, бәрі менің сүйегімді таптамайынша Мұхаммедке жете алмас» деп өмір бойы немере інісін Құрайыштан қорғап өткен Әбу Талиб Әз.Мұхаммед туылғаннан кейін 49 жыл, сегіз ай, 11 күннен кейін 87 жасында дүние салады. Әбу Талиб қайтыс болғанда Әз.пайғамбар 50 жасқа аяқ басқан-ды. Демек, Әбу Талиб б.э. 620 жылы дүниеден өткен. Кейбір мұсылман авторлар Әбу Талибтың өлім аузында жатқанда исламға кіргендігін айтқанымен, көпшіліктің пікірі бойынша ол мұсылмандықты қабылдамаған күйінде қайтыс болған.

Пайғамбарлықтың 10-ыншы жылы Әз.Мұхаммедті қайғыға батырған екінші бір оқиға орын алады. Алғаш исламды қабылдаған сүйікті жұбайы Әз.Хадиша дүниеден өтеді. Әз.Хадиша Әбу Талибтың өмірінің соңғы күндерінде науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Ауруы үдей түскен шақта Әз.пайғамбар: *«Ей, Хадиша!»*

---

Ибн Сағд, VIII, 17, т.б., 124-150, 204, т.б.; Бухари, *Сахих*, I, 93; Бәлазури, *Әнсабул-Әшраф*, I, 111-114; Табари, II, 157, т.б. 198-223; Ибнул-Әсир, *әл-Камил*, I, 32, т.б.

Аллаһ Имран қызы Мариям мен Перғауын қызы Әсиядан сенің дәрежеңді үстем қылды», – дейді. Күйеуі Әз.Мұхаммедтен осындай жұбаныш сөздер естіген Әз.Хадиша Әбу Талибтың өлімінен үш күннен кейін 65 жасында бұл дүниеге көзін жұмады. Әз.Мұхаммед алғашқы жары әрі мұсылмандықты алғаш қабылдаған Әз.Хадишаны қатты сүйіп, құрмет тұтатын. Оның көзі тірісінде үстіне әйел алмаған болатын. Әз.Мұхаммедтің ұрпағы Әз.Хадишадан туған балаларымен жалғасты. Әз.Хадишадан туған Қасым атты ұлы кішкене күнінде дүниеден қайтты, ал қызы Зейнеп Әбул-Асқа тұрмысқа шықты. Алайда, Зейнеп күйеуі исламды қабылдамағандықтан, оны тастап Мәдинаға келген еді. Кейінірек Әбул-Ас мұсылмандықты қабылдағаннан кейін Зейнеп онымен қайта отау құрып, одан Әли атты ұл, Умәма атты қыз табады. Алдымен Муғира бин Нәуфалмен тұрмыс құрған Умәма біршама уақыт жесір қалып, апасы Әз.Фатима қайтыс болғанда, Әз.Әлиге тұрмысқа шығады. Руқайя мен Умму Кулсум Әз.Османмен тұрмыс құрған болатын. Әз.Хадишадан туған кенже қызы Фатима пайғамбарлық жылында дүниеге келген еді. Әз.Әлимен тұрмыс құрған ол Әз.пайғамбар дүниеден қайтқаннан кейін алты айдан соң қайтыс болған. Хасан, Хусейн, Мухсин, Зейнеп, Умму Кулсум және Абдуллаһ атты ұл-қыздардың анасы Әз.Фатима ислам тарихында елеулі орынға ие тұлға.

Әбу Талиб пен Әз.Хадишаның өлімі Әз.пайғамбарға өте ауыр тиеді. Соған байланысты бұл жыл «қайғылы жыл» деп аталып кетеді. Ұлы Аллаһ қайғылы құлы әрі елшісі Әз.Мұхаммедті көп ұзамай бірқатар оқиғалармен ерекше қуантқан еді.

Әбу Талибтың өлімінен кейін Құрайыш мүшріктері Әз.Мұхаммедке деген дұшпандықтарын арттыра түседі. Әбу Талиб дүние салғаннан кейін Хашим ұлдары арасында жасының үлкен болуына байланысты тайпа басшылығын өз қолдарына алған Әбу Ләһаб пен Хакам бин әл-Ас, Уқба бин Әбу Муғайт сияқты мүшріктердің басқаруымен Әз.Мұхаммед пен сахабаларына жәбір-жапа жалғасқан еді.<sup>283</sup>

283 Ибн Исхақ, I, 227-233; Ибн Хишам, I, 277, 279; Бухари, *Сахих*, VIII, 341; Мұслим, I, 54; Хамидуллаһ, *Расулуллаһ Мұхаммед*, 90, т.б.; *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, I, 215-230.

### ә. Таифқа сапар

Құрайыштың көрсеткен азабы мен жәбірі шектен шыққанды. Тіпті, Меккеде үндеуі жемісті болмайды-ау деген ойға барған Әз.пайғамбар көрші қалалардың біріне барып, исламды сонда таратуды жобалайды. Осы мақсатпен бір түні жасырын түрде Меккеден шығып, асырап алған ұлы Зәйд бин Харисамен бірге Таиф қаласына жол тартады. Пайғамбарлықтың оныншы (б.э. 620) жылы Шәууәл айында болған Таиф сапары Әз.Мұхаммедтің өміріндегі ең ауыр күндердің бірі саналады. Таифтың және Сакиф тайпасының атқа мінерлерінің бірқатарын исламға шақырған Әз.Мұхаммед өте үлкен қарсылыққа тап болады. Таифтықтар Құрайышпен арасындағы достық және көршілік қарым-қатынастарын ұмытып, Әз.Мұхаммедке қарсы тас-таяқ ала жүгіреді. Таифтың белді тұлғалары оны мазақ қылып, қызметшілеріне тас және таяқпен қуалатады. Таифтықтардың қуғынынан құтылған Расулуллаһ шаршап-шалдығып, шарасыз күйде Раби ұлдарынан шыққан Утба мен Шәйбаның бағын паналайды. Бақтың күзетшісі Аддас деген кісі Әз.пайғамбарды жақсы қарсы алады. Дін жөнінде сұхбаттасқаннан кейін Әз.пайғамбар оны исламға шақырады. Аддас мұсылмандықты қабылдайды. Мүшріктерден Мутғим бин Адийдың қорғауымен Меккеге қайтқан Әз.пайғамбар өте ауыр шарттарда үндеуін жалғастырған еді. Ибн Исхақ, Ибн Хишам сияқты *Сияр* авторлары мен Ибн Сағд сынды *Табақат* авторларының Таиф сапары туралы баяндаулары:

«Одан кейін Аллаһтың елшісі Таифтан Меккеге қайту үшін жолға шықты. Түнде бір құрма ағашының түбінде намаз оқып жатқан кезінде қасынан Құранда Аллаһ баяндаған жындардан бір топ өтеді. Жындар Әз.пайғамбарды тыңдайды. Ол намазды бітіргенде олар да иман келтіріп, тыңдағандарына мойынсұнып, қауымдарына қайтады да, оларға ескерту жасайды», – деп аяқталады.

### б. Қайғыдан кейінгі қуаныш

Ұлы Аллаһ «*әр қиындықтан кейін бір жеңілдік бар*» аятының үкіміне сай исламды насихаттап жеткізу жолында үлкен қиындықтарға душар болған, жұбайы Хадиша мен көкесі Әбу Талибтың өліміне байланысты қайғылы күндер кешірген Әз.Мұхаммедті

«Исра және Миграж» муғжиза оқиғаларымен қуантқан еді. Муғжиза сипатты бұл қуанышты оқиғаны жалпы аяда баяндамастан бұрын «муғжиза» ұғымына тоқталмақпыз.

«Муғжиза» сөздікте адамдардың қолынан келмейтін, таңғаларлық деген мағынаны білдіреді. Ал термин ретінде пайғамбар болып таңдалған кісінің пайғамбарлығын дәлелдеу үшін Аллаһ тарапынан өзіне игілік пен жәрдем берілу арқылы жүзеге асырылған әдеттен тыс бірқатар жағдайларды білдіреді. Муғжизаны табиғат заңдарымен түсіндіру мүмкін емес. Муғжиза – ақиқаттығы жоққа шығарылмайтындай және тікелей Аллаһтың ісі болған бір оқиға. Муғжиза арқылы қасарысқан кейбір фанат кісілерді дінге кіргізу емес, қайта пайғамбардың, үндеу мен пайғамбарлық міндеттің растығын қуаттау мақсат етіледі.

Адамдар өздерін түзету және шындыққа жеткізу үшін жіберілген пайғамбарларды жоққа шығарғандығында күмән жоқ. Адамдар арасына өнегелі тұлға ретінде жіберілген пайғамбарға бірден иман келтіргендер де, сондай-ақ пайғамбардың үндеуіне қарсы шығып, оны және үндеуін мойындамағандар да болған. Міне, осындай жағдайларда Ұлы Аллаһ қажеттігіне қарай пайғамбарларын муғжизалармен қолдаған.

Ұлы Аллаһ Құранда құлдарының арасынан таңдап, «раббани» тәрбие беріп, «Үндеуін» адамзатқа жеткізу міндетін жүктеген пайғамбарына қажет болған жағдайда «муғжиза» бергендігін хабарлайды. Құранда Салих, Ибраһим, Мұса және Иса пайғамбарларға берген муғжизаларын мысал ретінде келтіреді. Пайғамбарлар мен олар жіберілген қауымдар туралы сөз болғанда әр пайғамбарға берілген муғжизаға жеке-жеке тоқталады. Мәселен, алғашқы расул Өз.Нұх туралы айтылғанда Нұх топаны мен Нұхтың кемесі туралы, ал Өз.Ибраһимның пайғамбарлығы мен өмірі жөнінде айтылғанда Намрут тарапынан отқа тасталуы мен оттың оны жақпауы жеке-жеке таңғажайып оқиға ретінде баяндалады.

Олай болса, еш уақытта пайғамбарын жалғыз қалдырмаған Ұлы Аллаһ қажет болған жағдайда, муғжиза арқылы нәбисін қолдап отырған. Аллаһ пайғамбарына муғжиза көрсету мүмкіндігін сол дәуірде аса мән берілген, әсер қалдыратын мәселелерге қатысты берген. Мәселен, Өз.Исаның науқастарды жазуы қауымының таңғалуына және олардың көпшілігінің үндеуді қабыл етуіне түрткі

болған еді. Аллаһтың соңғы елшісі Өз.Мұхаммедтің ең үлкен мұғжизасы – Құран Кәрім. Оның мазмұны, сөз көркемдігі мен шеберлігі мүшрік арабтарды таңғалдырды. Олардың көпшілігін қайран қалдырған бұл иләһи сөз жан дүниелерін баурап алған-ды. Соның негізінде олар исламды таңдады. Құранда да, Қисасул-Әнбия кітаптарында да алғашқы пайғамбар Өз.Адамнан бастап барлық пайғамбарлар көрсеткен мұғжизалар жөнінде жан-жақты баяндалады.

Логикалық ойлауы, сенім-нанымы мен іс-әрекеттері жағынан бір-бірінен мүлде өзгеше адамдармен тілдескен пайғамбарларға мұғжизамен қолдау көрсетілуі кейде қажет те болды. Жеткізілген хабарлар мен айтылғандарға сенгісі келген, олардың растығын мойындағысы келген адамдар айтылған мәліметтерді нақтылау мен дәлелдеуді талап етуі мүмкін еді. Пайғамбарлар иләһи уахи білдірген нәрселерді елдің көз алдында алдында адам шамасы жетпейтін құдіретпен жүзеге асқан «мұғжиза» арқылы дәлелдеген-ді. Соның негізінде көз алдарында орын алған таңғажайып оқиғаны тек Аллаһ қолдаған кісілер ғана жасай алатындығына көзі жеткен адамдар ақиқатқа мойынсұнды. Мұндай түрде жүзеге асқан мұғжиза дінді насихаттау жолы мен әдісі болып табылады.

Соңғы пайғамбар Өз.Мұхаммедке Ұлы Аллаһтың бірқатар мұғжизалар бергендігінде және оның бұл мұғжизаларды қауымына көрсеткендігінде күмән жоқ. Бұл мұғжизалардың бірқатары сияр, тәпсір және хадис кітаптарында айтылған.

Мұғжиза мәселесінде Өз.Мұхаммед мұғжизаларының қайнар көзін тек Құраннан ғана іздемеу керектігі өте маңызды. Өйткені Құран Кәрім мұғжизалар кітабы да, сияр кітабы да емес. Құран Өз.пайғамбардың өміріне егжей-тегжейлі тоқталмайды. Онда пайғамбардың кім болғандығы жалпы сипаттармен баяндалады. Сондықтан мұғжизалардың қайнар көзін Құраннан іздеу ұстаным ретінде жаңылыс болады.

Шындығында, Құран пайғамбарлардың мұғжизалары туралы айтқанда, мұның түп негізінде Аллаһтың ісі екендігіне назар аударады. Сондықтан мұғжизалар адамдар үшін таңғаларлық бір іс болғанымен, Аллаһ үшін әдеттен тыс еш нәрсе жоқ. Оның үстіне оқиғалар жүзеге асу жағдайы мен бағалануына қарай да шамадан тыс саналуы мүмкін. Мәселен, бір ішкі жарылыстың немесе басқа

бір көк денесімен соғысудың нәтижесінде айдың екіге бөлінуі ықтимал. Ал айдың бөліну құбылысының пайғамбарға қажет болған сәтте Аллаһтың тағдырымен жүзеге асуы болса, бір муғжиза. Муғжиза бір қажеттілікке байланысты беріліп, сол қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады. Әрине, ақиқат тиісті әдістермен баяндалуы керек. Муғжизаны талап еткендер арасында ақиқатты бірден қабылдайтындар да, сондай-ақ муғжизаға мұқтаж және тек муғжиза арқылы көңілдері орнығатындар да болған. Сонымен қатар муғжизаға қарамастан ақиқатты мойындамай, жаңылыс жолда жүруін жалғастырғандар да кездесетіндігін ұмытпаған жөн.

Әз.Мұхаммедтен бізге жеткен бірқатар хадистер мен көптеген тарихи оқиғалар ислам пайғамбары жүзеге асырған муғжизаларды ашық түрде көрсетеді. Түп негізінде иман мен сенім жүйесіне бағытталған муғжиза құбылысы табиғаттан тыс және таңғажайып болғандықтан, оны жай оқиғалар сияқты дәлелдеу мүмкін емес. Бұл құбылыстар, көбіне, ауызекі дәлелдермен қуатталатын, иманға байланысты мәселе болып табылады.

Әз.Мұхаммедтің муғжизалары басқа пайғамбарлардан өзгеше болған. Бұрынғы пайғамбарлар муғжизасы өткінші сипатта және белгілі бір адамдар тобына ғана бағытталған-ды. Бұл уақытша муғжизаларды қабыл етпегендер жер бетінен жойылған еді. Ал Әз.Мұхаммедтің муғжизасы өткінші емес-ті. Оның муғжизасы ақыл мен көңілде үлкен әсер қалдырып, пайғамбарлығы сияқты тұрақты сипатта болды.

Әз.Мұхаммедтің муғжизаларына арнап еңбектер жазған ислам ғұламалары оларды әртүрлі бөлімдерге бөлді. Құран Кәрім Әз.Мұхаммедтің ең үлкен муғжизасы ретінде саналады. Өйткені Құранға ұқсас сөзді айтуға адамзат баласынан ешкімнің құдіреті жетпеген, айтамын дегендер елге маскара болған. Оның өзге де муғжизалары арасында айдың екіге айрылуын, құрма бөренесінің ыңырсуын, саусақтарынан су ағуын, қуырылған қой етінің уланғандығы туралы хабарлауын, пұттардың жығылуын, Меккенің фәтх етілетіндігі жөнінде алдын ала хабарлауын айтуға болады.

Исра мен Миғраж оқиғасы да пайғамбар муғжизаларының бірі саналады. Бұл оқиғаның хижреттен алты айдай бұрын режеп айының 27 түні орын алғандығы айтылады. «Исра» мен «Нәжм» сүрелері осы муғжиза сипаттағы оқиға туралы баяндайды.



Әз.Мұхаммедтің түнде Ақса Мешітінен әкетілуі *Исра*, ал Ақса мешітінен көктің қабаттарына және одан әрі қарай барған ең соңғы жерге дейінгі аралық *Миғраж* деп аталады. Хадис жинақтары, тәпсір, сияр және ислам тарихы кітаптарында бірауыздан Миғраж оқиғасының орын алғандығы жөнінде баяндалады. Басқа сөзбен айтқанда, Исра мен Миғраж оқиғасының растығын Құран аяттары мен Әз.пайғамбардың сахих хадистері дәлелдейді. Біздің пікірімізше, бұл мұғжиза оқиға Құранда және сахих сүннетте сипатталғанындай ұғынылып, бағалануы тиіс. Тек жүрекпен қабылдауды қажет ететін Исра мен Миғраж оқиғасын миф ретінде санап, мұғжиза түрде жүзеге асқан оқиға екендігін мойындамайтындар да бар. Әз.Мұхаммедтің қайғысын сейілтiп, қуанту және дәрежесiн көтеру үшін Аллаһтың сыйы ретiнде жүзеге асқан «Миғраж» мұғжизасы қалыпты оқиғалар сияқты тәжірибе мен бақылауға негiзделген айғақтармен дәлелденетiндей бiр оқиға емес, адамның бiлiм қайнарлары қамти алмайтын және құдiретi жетпейтiндей иләһи қайнарға негiзделген оқиға болып табылады.

Миғраж оқиғасы бүкiл сезiм мен танымнан жоғары тұрған Ұлы Аллаһтың шексiз құдiретi мен күшiн құлы әрi елшiсi Әз.Мұхаммед арқылы әлсiз болмыста жаратылған адамға көрсетуi болып табылады. Миғраждағы басты нәрсе сан емес сапа. Миғраж оқиғасы туралы көптеген риуаят пен деректер бар. Алайда, Миғраж оқиғасының мән-жайын сипаттайтын риуаяттарда да, сондай-ақ Миғраж кезiндегi оқиғалардың ретi мен дәлелiне қатысты риуаяттарда да айырмашылықтар кездеседi. Мәселен, бiрқатар риуаяттарда Миғраждың денемен емес, рухани түрде жүзеге асқандығы айтылса, ендi бiр риуаяттарда әрi денесiмен әрi рухани түрде болғандығы баяндалады. Сол сияқты Исра мен Миғраж оқиғасының мазмұнына қатысты хабарлар мен риуаяттарда материалдық және рухани байланыс тұрғысынан сынға алынатын көптеген тұстар бар. Әз.Мұсаны Әз.Мұхаммедтiң ақылшы әрi кеңесшiсi ретiнде көрсетiп, пайғамбарды намаздардың саны туралы Аллаһпен саудаластырған, көк қабаттарында ислам пайғамбарын түрлi жағдайдағы пайғамбарлармен кездестiрiп сөйлестiрген, жаннат пен тозақтың жағдайы туралы баяндаған хадистер мiндеттi түрде сынға алынуы тиiс.

Исра мен Миғраж оқиғасы ислам дiнi куә болған оқиғалардың бiрi әрi Аллаһтың Әз.Мұхаммедке үлкен сыйы мен игiлiгi болып

табылады. Өз.Мұхаммед бұл оқиға арқылы уақыт және мекенмен шектелмейтін Аллаһтың тәжәллісіне және иләһи сұхбаттасу мәртебесіне, яғни ешбір пайғамбарға берілмеген өте жоғары дәрежеге жеткен-ді. Ұлы Аллаһ Исра мен Миғраж арқылы Өзінің алдында мәртебесі көтерілген Өз.Мұхаммедке тілмен айтып жеткізу, ақылмен ұғынуға болмайтындай көптеген иләһи ақиқатты білдірді. Уақыт пен мекен шегінен тыс мүлік, рух және періштелер әлеміне қатысты хабарлар да берген еді. Алайда, бұл маңызды оқиға жөніндегі риуаяттар тізбегінде айырмашылықтардың кездесуі оның түрліше түсіндірілуіне және түсінілуіне себеп болды. Исра түні Миғраж түні ме, әлде бір-бірінен бөлек екі оқиға ма? Рухпен бе, әлде денемен бе жүзеге асқан-ды? Түсінде ме, әлде ояу кезінде ме болған еді? сияқты сұрақтардың қойылуына және соған сәйкес ижтиһадтар жасалып, жаңа көзқарастардың туындауына түрткі болды. Мұсылман ғалымдардың басым көпшілігі Исра мен Миғраж бір түнде, ояу кезде және Расулуллаһтың әрі рухы әрі денесі арқылы бір рет жүзеге асқан деген пікірде. Исра мен Миғраж оқиғаларының шын мәнінде орын алғандығы жөнінде ортақ пікір білдірілген. Ал қайшылық оқиғаның жай-жапсары мен қалай жүзеге асқандығына қатысты шыққан болатын. Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлығына иман келтіргендер үшін Миғраждың қалай болғандығы емес, ондағы жолдау мен мақсат маңызды. Аллаһтың ілімі мен құдіреті ашық түрде көрініс тапқан бұл оқиға бізге иләһи бұйрықтар мен тыйымдардың адамзатқа қалай жеткендігін, Аллаһ қалаған жағдайда құлын қаншалықты таңғажайып мәртебелерге жеткізетіндігін, бұрын-соңды ешкім естіп-көрмеген қаншама иләһи нығмет пен сыйға бөлеп қуантатындығын көрсетеді. Өз.Әбу Бәкір бұл оқиға жөнінде өзіне айтылғанда, еш мүдірместен Исра мен Миғраждың ақиқаттығын растап, «Сыддық» лақабына ие болған-ды.

Мұсылмандар тарапынан дүниежүзінде жыл сайын үлкен шабытпен мерекеленетін Исра мен Миғраж оқиғасы орын алған түнде Ұлы Аллаһ көптеген иләһи бұйрықтарын Жәбірейіл арқылы емес, тікелей уахи еткен болатын. Бес уақыт намаз осы түні парыз етіліп, тәубе етілген жағдайда ширктен басқа барлық күнәнің кешірілетіндігі сүйіншіленген-ді. «Бақара» сүресінің соңғы екі аяты түсіп, жаннатқа алғаш болып Өз.Мұхаммед пен оның үмметінің кіретіндігі хабарланған еді.

Осы нәтижелеріне қарай бағаланған жағдайда Исра мен Миғраж оқиғасы Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығын айғақтайтын дәлелдердің бірі болып табылады. Оның пайғамбарлығына бар ықыласпен иман етуді қажет етеді.<sup>284</sup>

### **в. Әз.Мұхаммедтің Сәуда және Айшамен үйленуі**

Алғаш мұсылмандардың әрі Эфиопия мұһәжірлерінің бірі болған Мазғун ұлы Османның жұбайы Хаулә Әз.Хадишаның өлімінен кейін жалғыз қалған Әз.Мұхаммедке Сәудамен не Айшамен үйленуді ұсынған еді. Хауләнің пікірін жөн көрген Әз.Мұхаммед Сәудамен үйленеді. Сонымен қатар Әз.Әбу Бәкірдің кішкене жастағы қызы Айшаға да құда түсіп қояды. Әз.Мұхаммед Айшамен Мәдинаға хижрет еткеннен кейін отау құрған болатын.

### **г. Ақабадағы кездесулер мен серттер (бәй'ат ету)**

Йәсрибтің екі атақты араб тайпасы Әус пен Хазраж Қағба зияраты, сондай-ақ іс және сауда сапарымен Меккеге барған адамдар арқылы ислам пайғамбарының үндеуінен хабардар еді. Ежелден әулет арасы бәсекелестік жалғасқан Әус пен Хазраж тайпаларының арасында сол кездері тартыс шығып, Буас соғысына ұласқан болатын. Хазраждың атқамінерлері Құрайыштан Әуске қарсы көмек сұрау үшін Меккеге бір топ кісі жібереді. Меккеге келіп, Құрайыштың жауабын күтіп жатқан Хазраж өкілдері Әз.Мұхаммедке жолығады. Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед Ақаба деген жерде алты кісілік осы йәсрибтік топпен кездесіп сөйлеседі. Олардан сұраған нәрсесінен артық нәрсе керек пе деп сұрайды. Өзінің Аллаһтың елшісі екендігін және өзіне ислам дінін насихаттап жеткізу міндеті жүктелгендігін айтады. Оларға бірқатар Құран аяттарын оқиды. Хазраждық топ Құрайыштан қолдау көрмегенімен, мұсылмандықты қабылдап, Йәсрибке қайтқан еді. Олардың исламды қабылдауына Құран аяттарын естіп, ерекше әсер алған Әсғад бин Зубәйр үлкен ықпал етті.

---

284 Мұғжиза, Исра мен Миғраж тақырыптарында қараңыз: Ахмед б. Ханбәл, I, 309, V, 143; Бухари, VI, 302, 467; Мұслим, I, 150, т.б.; әл-Хаким, *Мүстедрек*, III, 62; Ахмед Жевдет, *аталмыш еңбек*, I, 1, 104; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 105, т.б.; Хавва, *аталмыш еңбек*, 385-418; Алғұл, *аталмыш еңбек*, I, 244.

Ақаба кездесуінде исламды қабылдағандар арасында Ауф бин әл-Харис, Рафи бин Мәлік, Кутба бин Амр, Уқба бин Амр, Жәбир бин Абдуллаһ сынды хазраждықтар да бар болатын.

Йәсрибке қайтқан бұл мұсылмандар бірден ислам дінін үндеуге кіріседі. Олар туыстары мен хазраждықтарды исламды қабылдап, тозақ азабынан құтылуға шақырады. Өз.Мұхаммедке берген серттерін де ұмытпай, бір жылдан соң пайғамбарлықтың он екінші жылы қажылық маусымында Ақабада Расулуллаһпен қайта кездеседі. Сол жерде бірінші Ақаба серті берілген еді. Бірінші Ақаба сертіне он екі йәсрибтік қатысқан-ды. Олардың алтауы бір жыл бұрын пайғамбармен кездескендер болса, ал қалған алтауы исламды жаңа қабылдағандар болатын.

Өз.Мұхаммедпен екінші рет Ақабада жолығып, серт бергендердің оны Хазраж, екеуі Әус тайпасынан еді. Бұл йәсрибтік 12 кісінің арасында Убәда бин Сәмит те бар болатын. Оларға бірінші кездесуде де, екіншісінде де Әсғад бин Зубәйр басшылық етті. Кездесуге келгендер Аллаһқа ешнәрсені ортақ қоспау, ұрлық жасамау, зина қылмау, аштықтан қорқып балаларын өлтірмеу, жалған және жала іспен айналыспау... ұстанымдарын берік ұстанатындығы жөнінде Расулуллаһқа серт береді. Бірінші Ақаба сертінен кейін Мусғаб бин Умәйр йәсрибтіктерге мұғалім ретінде жіберіледі.

Расулуллаһтан исламның негіздері туралы естігеннен кейін:

*«Біз араларында кек пен дұшпандық болған бір қауымбыз, сенің арқаңда бұл екі тайпа арасындағы дұшпандықты Аллаһ тоқтатар деп үміт етеміз. Сеннен естігендерімізді тайпамызға жеткізерміз. Аллаһ оларды сенің айналаңда жинар деп үміт етеміз», – дейді.*

Мәдиналық Мусғаб бин Умәйрдің исламды таратудағы үндеу әрекеттерінің нәтижесінде исламды қабылдаған 75 кісілік топ пайғамбарлықтың он үшінші жылы Меккеге келіп, Өз.Мұхаммедпен кездеседі. Олар тағы бір қажылық маусымында Ақабада Расулуллаһқа ислам қағидаларын өмірлерінде берік ұстанатындығы жөнінде серт берген еді. Бұл 75 кісілік топ ішінде Нәсиба бинт Кағб (Умму Умара) мен Әсма бинт Амр атты екі мұсылман әйел кісі бар болатын. Серт жасырын түрде беріліп, меккеліктерге хабар жетпеуі үшін тиісті шаралар қолданылған-ды.

Екінші Ақаба сертіне Расулуллаһтың көкесі Аббас та қатысып:

«Ей, Хазраж қауымы! Өздерің білетіндей Мұхаммед біздің руласымыз. Біз оны қауымымыздың шабуылынан қорғадық. Ол қауымының ішінде абырой мен беделге ие, өз жұртында қауіпсіздікте өмір сүруде. Енді ол бұлардың барлығынан бас тартып, сендердің араларыңа барып орналасуға бел буып отыр. Егер оған берген серттерінде тұрып, оны қорғайтын болсаңдар өте жақсы! Ал оны қорғамай, дұшпандарының қолына тапсыратын және көмек көрсетпейтін болсаңдар, бұл істен қазір бас тартыңдар», – дейді.

Одан кейін өзіне серт берілген Әз.Мұхаммед мәдиналықтарға Құранның бірқатар аяттарын оқиды. Оларға: «Әйелдеріңіз бен балаларыңызды қалай қорғасаңыздар, мені де солай қорғайсыздар деген шартпен сіздермен сөз байласамын», – дейді. Олар көрсетілген шарттарды қабыл етіп, Расулуллаһқа серт беріскен еді.

Содан кейін Расулуллаһ олардан өз араларынан 12 кісіні Йәсрибтегі мұсылмандардың өкілі ретінде таңдауын сұрайды. Әсғад бин Зурара бас өкіл ретінде таңдалады. Жүзеге асқан екінші Ақаба сертінен кейін йәсрибтік мұсылмандар елдеріне оралады.

Табарани Ақабада берілген серттер жөнінде Уруаның:

*«Қажсылық маусымында ансардан бір топ кісі Меккеге келеді. Араларында Мазин бин ән-Нәжжар ұлдарынан Муғаз бин Аффа мен Әсғад бин Зурара, Зурайқа ұлдарынан Рафғи Мәлік пен Зақуан бин Абдулқайс, Адулешхел ұлдарынан Әбул-Хайсам бин әт-Таййихан, Амр бин Ауф ұлдарынан Уйаим бин Сағида бар еді. Расулуллаһ олардың қасына келіп, Аллаһ тағаланың оны пайғамбар ретінде таңдағандығын айтады. Оларға Құран оқып береді. Олар Әз.пайғамбардың сөзіне бар ықыластарымен құлақ салады. Оның үндеуіне көңілдері ауып, Әз.пайғамбардың үндеуіне, бойындағы қасиеттеріне қарап Кітап иелерінен бұрын өзі жөнінде естіген пайғамбардың осы екендігін ұғынған еді. Сөйтіп, оның айтқандарын растап, оған иман келтіріп, (осы әрекеттерімен) жақсылыққа себепші болған еді. Содан кейін Расулуллаһқа (с.а.с.): «Әус пен Хазраж арасындағы қанды күресті білесің, Аллаһтың әміріне қарай бізге жол көрсетуңді сұраймыз. Біз Аллаһ пен сенің жолыңда бар күшімізді саламыз. Сенің пікірлеріңді іске асыру үшін насихат жүргіземіз. Аллаһтың атымен бізді күт. Елімізге қайтып, оларға сен туралы хабар беріп, оларды Аллаһ пен Расулына үндейік. Бәлкім, Аллаһ арамызды татуластырып, бірлігімізді арттырар. Өкінішке орай, бүгінгі күні бір-бірімізден суып, бір-бірімізді жек көретіндей жағдайға келіптіз. Сол күн келген уақытта арамызда татулық орнықпаған болса да, бізден ешбір жамағат саған қарсы*

*тұрмайтындығын біл. Келесі жылдың қажсылық маусымында саған (қайта) келеміз деп уәде береміз», - дейді.*

*Расулұллаһ олардың айтқандарын қабыл етті. Олар елдеріне оралып, жасырын түрде исламға үндей бастады. Адамдарға Расулұллаһ пен Аллаһ тарапынан келген Құран жөнінде айтады. Ақыры Мәдинада ішінде бірлі-жарым отбасынан басқа мұсылман болмаған үй қалмаған еді. Содан кейін Расулұллаһқа (с.а.с.) хабар салып, Аллаһтың кітабын үйретуі үшін сахабаларының бірін Мәдинаға жолдауын сұрайды. Расулұллаһ Абдуддар ұлдарынан шыққан Мусғаб бин Умәйрді Мәдинаға жібереді. Мусғаб Фанам ұлдарынан Әсғад бин Зурараның үйіне қонақ болып, адамдарды исламды қабылдауға шақырып, дінді тарата бастайды. Сөйтіп, мұсылмандар саны арта түседі. Алайда, ол кездері исламға үндеу әрекеттері жасырын түрде жүргізілген еді. Кейінірек Әсғад бин Зурара Мусғаб бин Умәйрмен бірге Бири Марак (Марак құдығы) деген жерге (немесе соның маңайындағы бір жерге) келіп орналасады. Сол жердің халқынан бір топ кісіге хабар салып, жасырын түрде жиналады. Мусғаб олармен әңгімелесіп, Құран оқиды. Бұл жиылыс жөніндегі хабар Сағд бин Муғазға жетеді. Сағд найзасын қолына алған күйде қастарына келіп, Мусғабқа таяп: «Бұл жерге жалғыз келген мына шет жерлік қаңғыбастың үйімізде не жұмысы бар? Арамыздағы әлсіз кісілерді жалған дініне үндеп, оларды алдап жүр. Екеуіңді де бұдан кейін бұл жерде көргіміз келмейді», – дейді. Бұл сөзден кейін жиналғандар қайтып кетеді. Содан кейін екінші рет Бири Марак деген жерге (не маңайындағы бір жерге) барады, алайда, бұл жөнінде де Сағд бин Муғаз хабардар болады. Сағд бұрынғыдай болмаса да, оларға қайта ескерту жасайды. Әсғад оның біршама босаңсығанын байқап: «Ей, нағашы әпкемнің ұлы! Оның сөздеріне құлақ сал. Егер ұнатпайтындай жаңылыс бір нәрсе естісең бас тартарсың. Ал естігенің қайырлы нәрсе болса, Аллаһтың үндеуіне жауап қатарсың. Сағд: «Қанеки не айтар екен», – дейді. Сонда Мусғаб: «Хә-мим. Ап-айқын Кітапқа серт болсын. Біз ойланып түсінулеріңіз үшін оны арабиша бір Құран еттік», – деген аяттарды оқиды. Сағд: «Естігендерім білетін нәрселерім», – деп кері қайтып кетеді. Аллаһ оны тура жолға салған еді, алайда, ол еліне жеткенше мұсылмандықты қабылдағанын білдірмеді. Еліне жеткенде Абдулешхел ұлдарын исламға шықырып, мұсылман болғандығын жариялады.*

*Сағд Құран туралы қауымына: «Үлкен-кіші, әйел-еркек кімнің (Құран жөнінде) күмәні болса, бізге одан дұрысын көрсетсін. Бұған шамалары жетер болса, біз соған ерейік. Аллаһқа ант етемін, бұл келген нәрсеге тек бас иген жөн», – дейді. Сағдтың мұсылмандықты қабыл етіп,*

исламға шақыруымен бірлі-жарым кісіден басқа Абдулешхел ұлдары толығымен ислам дінін қабылдаған еді. Ансарлар арасында түгелімен мұсылмандықты қабылдаған алғашқы ру осы ру болды. Содан кейін Нәжжар ұлдары Мусғаб бин Умәйрді қуу үшін Әсғад бин Зурараға қысым жасайды. Осыған байланысты Мусғаб Сағд бин Мугаздың үйіне көшеді. Исламға үндеуін жалғастырып, көптеген кісілер оның насихаттауымен тура жолға түседі. Мәдинада исламды қабылдағандар әр шаңырақта дерлік кездесетін. Мәдинаның белді тұлғалары да исламға мойынсұнды. Амр бин әл-Жамух та мұсылман болған еді. Мәдина халқы табынған пұттар қиратылып, мұсылмандардың жағдайы күн санап жақсара түсті. Мұсылмандар қаланың мырзаларына айналды», – деген сөзін риуаят етеді.

Ақабада берілген екінші серт Әз.пайғамбардың Мәдина кезеңі үшін жасалған алғашқы қадамы іспеттес. Осы серт негізінде ислам діні мен мұсылмандар үшін жаңа бір жұрт табылған еді. Сонымен қатар қаншама жылдар бойы бір-біріне дұшпан болып өмір сүрген Әус пен Хазраж тайпалары арасында дін бауырластығы, бірлік пен достық орнаған-ды.

Мәдиналықтар Расулуллаһ пен мұсылмандарды Мәдинаға шақырған уақытта, Әус пен Хазраж арасындағы соғыстар, арабтар мен яһудилер арасындағы дұшпандық тоқтайды, араларындағы келіспеушілікке Әз.Мұхаммед төрелік етіп, әділеттілікпен оларды басқарып, Мәдинаны бейбітшілік жұртына айналдырады деп сенген еді.<sup>285</sup>

### 13. Меккеден Мәдинаға хижрет ету

Жандыларға қатысты құбылыстардың бірі көш болып табылады. Адам баласы барлық жанды болмыстар арасында ең таңдаулы орынды алады. Оған басқа жаратылыстарды басқару міндеті жүктелген. Адам көш құбылысын жер бетіне жіберілген уақытта алғаш рет

---

285 Ақаба серті жөнінде жан-жақты мәлімет үшін қараңыз: Ибн Хишам, *әс-Сира*, II, 71, т.б.; Ибн Ханбәл, *Муснад*, III, 390; Ибн Сағд, *Табақат*, I, 205, т.б.; Бухари, VIII, 110, К.Менакибил Ансар бөлімі; Табари, II, 356, т.б.; Хусейн Алғұл, *Ислам тарихи*, I, 24274; *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, I, 247, т.б.; Ибн Қаййум, *Зәдул-Мәғад*, II, 50-15; С.Хавва, *аталмыш еңбек*, 419, т.б.; М.Али Капар, *Исламын Илк Дөнеминде Бейат ве Сечим Системи*. - Стамбул, 1998, 30-33; А.Өнкал, «Ақабе Биатлары», DIA, II, 211.

басынан кешірген болатын. Яғни адам баласы – басқа жандылар арасында көшуге мәжбүр болған алғашқы болмыс. Өйткені алғашқы Адам мен Хауа істеген күнәларына байланысты жаннаттан шығарылып, жер бетіне түсірілу арқылы жазаландырылған еді.

Жер бетіне түсірілген кезден бастап, адам баласы түрлі себептермен қоныс аударған. Табиғи апаттар, соғыстар, жер аудару, саяхаттау, жаналық ашу, материалдық және рухани ізденістер қоныс аударуға ықпал еткен басты факторлар болып табылады. Пайғамбарлар тарихында «хижрет» құбылысының көзге түсетіндей мысалдары кездеседі. Өз.Ибраһим, Өз.Лұт, Өз.Шұғайб, Өз.Мұса және басқа да пайғамбарлар мен оларға ергендер түрлі қысым мен зорлықтың себебімен тұрған жерлерін тастап, басқа жерлерге хижрет еткен еді.

Алайда, хижрет дегенде ең алдымен ойға Өз.Мұхаммед пен меккелік мұсылмандардың Меккені тастап, Йәсрибке көшуі келеді. Құранда бұл қоныс аударған мұсылмандар «мүһәжірлер» деп аталса, ал оларға көмек көрсеткен йәсрибтік мүміндер «ансар» деп аталған. Меккеден Йәсрибке көшу жөнінде ілгеріде жан-жақты тоқталамыз.

Адамдар осылайша Аллаһтың ризалығына жету және діндерін тиісті түрде ұстану үшін тұрған жерін тастап, басқа жаққа қоныс аударды. Сол сияқты рахат өмір сүру, көбірек дүние табу мақсатымен көшкендер де болды. Соңғы ғасырда өнеркәсібі дамыған елдерге қоныс аудару жағдайлары осы түрге жатады. Бұған Германия, Франция, Швейцария, Голландия және т.б. Еуропа елдеріне көшкен бауырластарымыздың көбірек табыс табу, баю мақсатымен елін тастап, аталған елдерді мекен тұтуын мысал ретінде келтіруге болады. Сонымен қатар бауырластарымыз арасында ұлттық және рухани құндылықтарын еркін түрде ұстану үшін Болгария, Греция, бұрынғы Югославия мен КСРО-дан елімізге хижрет еткендер де бар.

Шындығында да, мүміндер материалдық және рухани болмыстарын сақтап қалу мақсатымен хижрет ету көзқарасын жалғастыруы тиіс. Тарихи дәстүрге айналған хижретті өмірде түрлі деңгей мен мақсатта іске асырудың мүміндер үшін көптеген пайдасы болғандығын көріп отырмыз. Мұның маңызды бір ұғым ретінде орнығуы үшін алдымен Отан ұғымы дұрыс түсініліп, бағалануы және мүміндердің қасиет тұтылған нәрселерге ең болмаса материалдық жақтарына мән бергендей көңіл бөлуі керек деп ойлаймыз.



Құрайыштың зұлымдығы адам төзгісіз дәрежеге жеткен уақытта исламның Мекке кезеңінің 10-ыншы жылы (б.э. 619 ж. соңы мен 620 ж. бастарында) Расулуллаһ исламды алғаш болып қабылдаған асыл жары Өз.Хадиша мен көкесі Әбу Талибтың өлімі сияқты екі қайғылы оқиғаны бастан кешірген еді. Меккелік мүшріктердің мұсылмандарға көрсеткен айуандығы арта түскен кезеңде екі жақын туысынан айрылуы Өз.Мұхаммедке өте ауыр тиген болатын.

Ақабада берілген екінші серттен кейін Йәсриб (Мәдина) қаласы мұсылмандар паналайтын жерге айналды. Ислам діні Меккеден шығып, Мәдинаға тұрақтап, Құрайыштың қорққаны басына келген еді. Ислам діні өте қысқа уақыттың ішінде Сирия сауда керуенінің жолында орналасқан Мәдинаға тарады. Өйткені Ақабада берілген екінші серттен кейін Меккеде жылдар бойы мүшріктерден жәбір-жапа шеккен мұсылмандар Мәдинаға шақырылып, Мекке қалалық өкіметінің сыртқы қауіпсіздігіне, сондай-ақ оның күре тамыры саналған сауда саласына қауіп төнген еді. Өйткені хижреттің жүзеге асуы мұсылмандардың Йәсрибте билік жүргізуі, яғни Хижаздың ірі қалаларының бірін басқаруы деген мағынаға саятын-ды. Бұл жағдай мүшрік Құрайыштың мазасын қашырып, мұсылмандарға деген дұшпандығын арттыра түсті.

Хижреттің ислам тарихы мен дүниежүзі тарихында орын алған ең басты оқиғалардың бірі екендігінде күмән жоқ. Хижрет – бұл Өз.Мұхаммед пен меккелік мұсылмандардың мәдиналықтардың шақыруымен Меккеден Мәдинаға көшу оқиғасы. Меккеде жаны мен малына қауіп төнген мұсылмандардың бейбіт және еркін түрде адам сияқты өмір сүруі үшін жаңа жұрт табуы қажет болды. Меккеге келіп, Өз.Мұхаммедке Ақабада екінші рет серт берген мәдиналық топ оны және сахабаларын Мәдинаға шақырды. Мәдинаға көшкен жағдайда Расулуллаһты өз жандары мен малдарынан артық сүйіп, қорғайтындығы жөнінде сөз берді.

Ата-бабаларының дініне қатты берілген Құрайыш исламның тарауына кедергі жасап, мұсылмандардың өмір сүру құқығын мойындамады. Мұсылмандардың Қағбаны зиярат етуіне рұқсат етпеді, олардың арасындағы әлсіздерді өлтірді. Әбу Талибтың өлімінен кейін қамқоршысы қалмаған Әбу Сәлама көрсетілген жәбір-жапаға шыдай алмай, әйелі мен кішкене ұлы Сәламаны түйеге мінгізіп, өзі оны жаяу жетектеп Мәдинаға хижрет ету үшін

жолға шығады. Умму Сәлама Маһзұм ұлдарының Муғира руынан шыққан және Әбу Жәһілдің немере қарындасы болатын. Әулеттегі бірқатар кісілер оның сыртқа шығуына жол бермей, күштеп Меккеге қайтарады. Әбу Сәлама кейін бір жолын табармын деген оймен көп шу шығармай жолға шығады. Алайда, болған жайды естіген Умму Сәламаның туыстары қатты ашуланып, мүшріктердің қолынан өз қамқорлығындағы қыздарын алып, әлі мұсылмандықты қабылдай қоймаған Осман *бин* Талхаға жол серігі ретінде қосып, Мәдинаға жібереді. Умму Сәлама күйеуі Әбу Сәламаға Мәдина маңындағы Кубаға жеткенде қауышады. Сөйтіп, олар Меккеден Мәдинаға көшкен алғашқы отбасы болған еді.

Хижрет - Хирада түскен алғашқы уахимен басталған Мекке кезеңін Сәуірдегі тарихи сапармен аяқтаған оқиға. Ол Мекке кезеңінің соңғы сынағы, алғашқы мұсылман буынның нәпсісін тазартудағы соңғы парағы еді. Хижрет арқылы б.э. 622 жылы Сәуір сапарымен басталып, 632 жылы Әз.Мұхаммедтің дүниеден қайтуымен аяқталған Мәдина кезеңі басталған болатын.

Хижрет – Мекке дәуіріндегі жеке сипаттағы мұсылмандықтың Мәдина дәуірінде қоғамдық сипат алуы мен мемлекетке айналуын қамтамасыз еткен оқиға. Хижретпен тыңая түскен ислам діні қысқа уақытта Мәдина мен төңірегіне тараған-ды.

Хижрет – Меккеде Әз.Мұхаммедтің үндеуін қабыл етіп, бір жамағат қалыптастырған, табысқа жету жолын көрсеткен иләһи бұйрықтарды өмірлік ұстаным ретінде тұтқан, бір-біріне ақиқатты насихаттап, қиындықтарға қарсы бірігіп күрескен меккелік мұсылмандардың исламды ұлықтап, келешегіне кепілдік алу үшін топ болып жүзеге асырған қоныс аударуы.

Хижрет 17 жылдан кейін Әз.Омардың халифалығы тұсында «күнгізбе бастауы» ретінде қабыл етілді.

Әз.Мұхаммед тарапынан хижрет етуге ынталандырылған мұсылмандар Ақабада берілген екінші серттен кейін бөлік-бөлік болып Мәдинаға қоныс аударды. Құрайыштың тосқауылы меккелік мұсылмандардың топ-тобымен хижрет етуін тоқтата алмады.

Меккеден көшкендердің саны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Алғашқы хижрет еткен топтарда Әз.Мұхаммедтің немере інілері, сондай-ақ Жахш және Умәййә (Әмеуи) ұлдары мен қыздары,

Абдуллаһ пен оның соқыр бауыры Әбу Ахмет және Зейнеп пен Ханна атты қарындастары да бар еді.

Олармен бірге Абдушамс тайпасының бұрынғы одақтастарының бірі саналған Әсад ұлдарынан шыққан бірқатар кісілер де қоныс аударды. Әз.Осман жұбайы Руқаййаны, Әз.Омар жұбайы Зейнеп, қызы Хафса мен ұлы Абдуллаһты бірге алып кетті. Хафсаның күйеуі Хунәйс те олармен бірге хижрет етті. Әз.Мұхаммедтің немере інілері Тулайб пен Зубәйр де алғаш хижрет еткен топтың ішінде болған еді.<sup>286</sup>

Барлық меккелік мұсылмандар хижрет етіп, Әз.пайғамбар, Әз.Әли және хижрет ете алмаған мұсылмандар ғана қалған уақытта, Әз.Әбу Бәкір хижрет ету үшін рұқсат сұрайды. Сонда Әз.Мұхаммед: «Асықпа, Әбу Бәкір! Бәлкім Аллаһ саған бір жол серік берер», – деп жауап береді. Әз.Мұхаммедті күтуі керектігін ұғынған Әз.Әбу Бәкір ұзақ уақыттан бері күтіп жатқан түйелерін сапарға әзірлете бастайды.

Өкінішке орай, пұтқа табынушы Құрайыш мұсылмандарға Меккеде тыныштық бермегенімен қоймай, олардың Мәдинаға көшуіне де тосқауыл болуға тырысқан еді. Олар Хишам *бин Ас бин Уаил* мен Аййаш *бин Әбу Рабиға* аяусыз жәбір көрсетіп, хижрет етулеріне жол бермеді. Меккеде оларға тұтқын сияқты қарады. Алайда, бұл екеуіне және басқа да мұсылмандарға көрсетілген жәбір-жапа Мәдинаға хижрет етуді тоқтата алмады. Хижреттен кейін Мекке қаласы әжептәуір босап қалған еді. Көптеген үйлер қаңырап бос қалды.

Мәдинада мұсылмандардың болуы өздеріне көп зиян келтірер деп күдіктенген мүшрік құрайыштықтар Әз.Мұхаммедтің өміріне қастандық жасау арқылы бұл істі түп тамырынан жоюды көздейді. Олар Дәрун Нәдуада жиылып: Әз.пайғамбарды өлтірген кісі қылмыскер болып есептелмейді және ешқандай жауапқа тартылмайды деп ортақ шешім қабылдайды. Осы мақсатта тайпа аралық бір топ жасақтап, Әз.Мұхаммед тұрған үйді қоршауға алады. Болып жатқан жайт жөнінде Жәбірейіл Әз.Мұхаммедке хабар бере-

---

286 Ибн Хишам, II, 176, 301-330; Ибн Сағд, III, 604; Табари, II, 237; Хамидуллаһ *аталмыш еңбек*, I, 124.

ді. Ол әдетте зиярат жасалмайтын түс мезгілінде Әз.Әбу Бәкірдің үйіне барады да, хижрет етуге дайындалуын сұрайды. Әз.пайғамбарды Әбу Бәкір мен қыздары Әсма мен Айша қарсы алып, шығарып салады. Кездесуден кейін үйіне кері қайтқан Әз.Мұхаммед Әз.Әлиді үйіне шақырып, бірқатар насихаттар береді. Одан өзінің орнына жатып, өзіне берілген аманаттарды иелеріне кері тапсырғаннан кейін Мәдинаға хижрет етуін сұрайды.

Әз.Мұхаммед те, Әз.Әли де үйдің мүшріктер тарапынан қоршауға алынғандығын білетін еді. Соған қарамастан Әз.Әли Әз.пайғамбардың төсегіне жатуға келісім береді. Әз.Мұхаммед ақшам уақытында үйдің артқы есігінен шығып, «Ясин» сүресін оқып, дұшпанның арасынан өтіп кетеді. Әбу Бәкірдің азаттық алған құлы Амир *бин* Фухайра жайған отарын олардың артынан алып жүріп, іздерін жоюға тырысады. Сәуір тауындағы үңгірге жеткенде, Әз.Әбу Бәкір ұлы Абдуллахты түйелерімен бірге Меккеге қайтарады. Меккеде не болып жатқандығын біліп, ертесі күн қайта келуін талап етеді. Әз.Әбу Бәкірдің үңгірде үш күн бойы Әз.Мұхаммедке көрсеткен сүйіспеншілігі, құрметі мен ықыласы баршаға мәлім бір шындық.

Тігілген жүз түйелік сыйды алу үшін Әз.Мұхаммедтің ізіне түскен бір топ кісі үңгірдің алдына дейін келеді. Алайда, барлық жағын өрмекші торы басқан үңгірде пайғамбар мен жолдасының болуы мүмкін емес деген оймен кері қайтып кетеді. Әз.Мұхаммед пен Әз.Әбу Бәкір үңгірде үш күн қалғаннан кейін, Абдуллах *бин* Урайқыт атты ізшінің жол көрсетуімен Қызыл теңіз жағалауын бойлай отырып, Мәдинаға қарай аттанады.

Әз.пайғамбардың Йәсрибке хижреті Екінші Ақаба сертінен үш айдан соң жүзеге асқан еді. Бұл уақытта мүшрік құрайыштықтар тарапынан Әз.Мұхаммед пен Әз.Әбу Бәкірді ұстап әкелген және жасырынған жері туралы хабар берген кісіге жүз түйе беретіндіктері жөніндегі хабар атырапқа тарап кетеді. Бұл хабар Кинана тайпасының осы төңіректе шатыр тігіп тұрып жатқан Бәну Мудлиж атты руына да жеткен еді. Осы рудан шыққан Сурақа *бин* Мәлік екі түйеге мінген төрт кісінің жағалаудан өткендігін естіп, бастарына тігілген жүз түйеге қызығып, атқа мінеді де, іздеріне түседі. Оның алдарына дейін келгенін көрген Әбу Бәкір: «Ұсталдық, ей, Расулаллах», – деп әбігерге түседі. «Уайымдама, Әбу Бәкір.

Аллаһ бізбен бірге», – деп басу айтқан Расулұллаһ: «Йә, Раббым! Бізді дұшпан жамандығынан қалағаныңдай сақта», – деп дұға етеді. Сурақа таяп қалған уақытта атының аяқтары тізесіне дейін құмға батады. Ол: «Ей, Мұхаммед! Бұл іс басыма сенің бәддұғаңа байла-нысты келіп тұр. Дұға ет, құтылайын да, артымнан іздеп келе жатқандарды жолынан тайдырайын», – дейді. Өз.пайғамбар: «Йә, Раббым! Егер айтқаны рас болса, оны құтқар», – деп дұға жасайды. Сурақа басына келген жайттан құтылады да, ислам дінінің болашағы жарқын болар деген үмітпен одан кепілдік сұрайды. Өз.пайғамбар Амир *бин* Фухайраға бір қаңылтырға кепілдік жаздырып, оған бергізеді. Содан кейін Өз.пайғамбар мен жолдасы сапарын жалғастырады. Сурақа сол жерде қалып, Құрайыштың арттан келген іздеушілеріне: «Мен бұл жерден іздеп ешкімді таппадым, басқа жақты қарайық», – деп қайтарып жібереді. Кейінірек Сурақаның қулығын біліп қойған Әбу Жәһіл қатты ашуланып, оны сынға алады.

Сурақа Мекке фәтх етілгеннен кейін, Хунәйн ғазуатынан қайтып келе жатқан сапарда қолындағы кепілдікпен Расулұллаһтың алдына келіп, мұсылмандықты қабылдап, үлкен сыйға бөленеді.

Жолаушылар сапары жалғасқан бір уақытта жүз түйелік сыйақы жөніндегі хабар Сәхм ұлдарынан шыққан Бурайдаға да жеткен еді. Ол қасына жетпіс атты әскер алып, жолға шығады. Йәсриб жолаушыларына тап болады. Сол кезде Өз.Мұхаммед пен арасында мына бір сұхбат болған еді:

Өз.пайғамбар: Сен кімсің?

Бурайда: Бурайдамын.

Өз.пайғамбар: Қай тайпадан боласың?

Бурайда: Бәни Әсламданмын.

Өз.пайғамбар: Қай руынан боласың?

Бурайда: Бәни Сәхмненмін. Ал сіз кім боласыз?

Өз.Мұхаммед: Мен Мұхаммед *бин* Абдуллаһпын.

Бурайдаға бұл сөздер қатты ұнайды. Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлығын растап, кәлима шаһадат келтіреді. Ухуд ғазуатынан кейін Мәдинаға келген ол содан кейінгі ғазуаттарға қатысқан еді.

Осы жерден бастап Өз.Мұхаммед алға түсіп, Әбу Бәкір соңына ереді. Әбу Бәкірді жол үстінде орналасқан барлық тайпа танитын еді.

Алдында бара жатқан кім деп сұрағандарға ол: «жол көрсетушім», – деп жауап береді. Осы өңірде керуенмен Сириядан қайтып келе жатқан Зубәйр *бин* Ауамға кезігеді. Зубәйр оларға ақ түсті киім сыйға тарту етіп, бірге Йәсрибке барғысы келеді. Алайда, оның да хижрет ету сауабына ие болуы және Меккедегі істерін аяқтауы үшін хижрет етуіне рұқсат етілмеді.

Аллаһтың бұйрығын орындау, Оның дінін жер бетіне жаю, Раббысының ризалығына қауышу, исламның бақыт пен бейбітшілік туын адамзат әлемінің шар тарапында желбірету үшін ата жұртын тастаған Өз.Мұхаммед Мәдинаға қоныс аударып, жаңа жұртты мекен тұтты. Мәдина пайғамбарлықтан 13 жылдан кейін (б.э. 622 ж.) жүзеге асқан хижрет оқиғасы арқылы алып ислам төңкерісінің астанасына, исламды тарату әрекетінің тұрағына, ислам ілімдері мен мәдениетінің орталығына айналған-ды. Ислам үндеуі мен мәдениетінің бесігіне айналған Мәдина қаласы адамзат әлемінің сокқан жүрегі, еститін құлағы және көрген көзі іспеттес болған еді.

Пұтқа табынушы меккеліктердің тәухид діні исламға және мұсылмандарға күн бермей, бай-кедей, текті-кұл демей, алғашқы мұсылмандарға түрлі жәбір-жапа мен зұлымдық жасауы Өз.пайғамбар мен сахабаларды Меккеден басқа жерді мекен тұтуына мәжбүр еткендей еді. Соның нәтижесінде алғашқы мұсылмандар Өз.пайғамбардың рұқсатымен мал-мүлік, бала-шағасын Меккеде қалдырып, топ-тобымен Мәдинаға қоныс аударды. Осылайша баржоғын тастап, ата жұртынан ажырап, Аллаһтың ризалығына жету үшін Мәдинаға қоныс аударған меккелік мұсылмандар Құранда «мүһәжірлер» (мүһәжирун) деп аталған-ды. Ұлы Аллаһ Құранда мүһәжірлердің асқақ мәртебелері мен ерекше қасиеттерін атап мадақтаған.

Меккеден Мәдинаға ең соңғы хижрет еткендер Өз.пайғамбар, үңгірдегі серігі Өз.Әбу Бәкір мен Өз.Әли болды. Өз.пайғамбар біздің жыл санауымызбен 622 жылдың 27 қыркүйегінде Мәдина топырағына аяқ басты. Күндерден дүйсенбі күні болатын. Өз.пайғамбар Куба деген жерге келеді. Бұл жерге ол бұрын да келген-ді. Осы Кубадан қалаға қарай аттанды деген хабар Мәдинаға жетеді. Кубада біршама уақыт қалып, Куба мешітінің негізін қалаған Өз.пайғамбар енді Мәдинаға қарай бет алады. Жұма күні таңертең Кубадан шығады. Өз.Мұхаммед пен жолдастары өздерін күтіп жатқан Хаз-

раж тайпасынан шыққан Сәлім ұлдары руымен бірге намаз оқу үшін «Рануна» жазығына аялдайды. Бұл намаз сол уақыттан бастап ислам мемлекетінің астанасы әрі ислам пайғамбарының екінші жұрты болғалы тұрған Мәдина аймағында оқылған алашқы жұма намазы болатын. Алғаш жұма намазын оқыған жамағаттың саны жөнінде түрлі көзқарастар бар.

Оқылған жұма намазының артынан Әз.Мұхаммед «Қусуа» атты түйесіне, Әз.Әбу Бәкір мен басқа мұсылмандар да өз түйелеріне мініп, Мәдинаға қарай жолға шығады. 23 қыркүйек 622 жылы Мәдинаға бір сағаттық қашықтықтағы Кубаға келгенде, осы жерден нағашы Нәжжар ұлдарынан шыққан қарулы қорғаушылар оны қорғау үшін бірге жолға шығып, Мәдинаға келіп кіреді.

Әз.пайғамбар Меккеден шыққаннан кейін үш күннен соң жолға шыққан Әз.Әли де Кубада Расулуллаһқа келіп қауышады. Әз.Әли Сәлім ұлдарына қарасты «Рануна» жазығында оқылған жұма намазына қатысып, Әз.пайғамбардың сонда сөйлеген құтбаларын да тыңдаған еді.

Әз.пайғамбарды қорғауына алған хазраждық және әустік мұсылмандар қылыштарын суырып, әрі-бері жүреді. Ата жұртынан күшпен шығарылған Расулуллаһ Мәдинада аса ерекше қуанышпен, шабытпен қарсы алынады. Аллаһтың сүйікті пайғамбарының Мәдинаға келуімен бүкіл адамзатқа шуақ шашқан ислам діні Мәдинада шапақ атқан-ды.

Ұлы Аллаһ дінін, әрине, оны ұстанғандар арасында жаяды. Аллаһтың Расулы мен соңғы иләһи дін ислам Мәдина қаласы мен тұрғындарының мерейін арттырды. Әз.пайғамбар мен серіктері өткен жолдың екі жағын қаптаған, үйлерінің төбесіне шыққан әйел, бала-шаға мен ер азаматтар: «Аллаһтың елшісі келді! Аллаһтың Расулы келді! Мәдинада бақыт күні туды!», – деп қайта-қайта қуаныштарын білдірген-ді.

Әз.пайғамбардың Мәдинаға келуі оның тендесі жоқ төңкерісінің жаңа да сәтті кезеңіне аяқ басқандығын сүйіншіліген бір күн болды. Әз.пайғамбар мінген Қусуа (Кәсуа) атты түйе Мәдинаның оңтүстік жағындағы құрма ағаштарының арасынан өтіп бара жатқан кезде адымдарын баяулатып, үйлер жиі қоныстанған аудандарға дейін келеді. Әрбір отбасы: «Ей, Аллаһтың Расулы, біздің үйге

түсініздер. Сізді және жаныңыздағы жолдастарыңызды қорғауға шамамыз жетеді», – деп бар ықыластарын білдірген еді. Тіпті, мәдиналықтар бірнеше рет Кәсуаның тізгінін өз үйлеріне қарай да тартады. Алайда, Әз.пайғамбар оларға сәлем беріп: «Оны бос жіберіңіздер, қалаған жеріне барсын, өйткені ол Аллаһтың әмірімен бара жатыр», – дейді. Соңында Кәсуа Бірінші Ақаба сертіне қатысқан алты кісі арасында болған Әсғад пен Ауфтың үйіне, яғни Хазраждың Нәжжар тайпасының Адий руына қарасты үйлерге қарай бағыт алып, Әсғадтың бақшасының алдындағы алаңға келіп шөгеді. Әз.пайғамбар түйесінен бірден түспеді, өйткені түйе бірнеше минуттан соң орнынан тұрып біраз жүреді де, қайта айналып сол жерге шөгеді. Әз.пайғамбар түйесінен түседі. Сәхл мен Сухәйл атты екі жетімге тиесілі бұл бақша кейінірек сатып алынып, үстіне Әз.пайғамбардың әйгілі мешіті салынады. Сол уақытта бақшаның алдындағы үйде Әбу Әййуб әл-Ансари тұратын еді. Ол Ақабадағы екінші кездесуде Әз.пайғамбарға серт бергендердің бірі болатын. Әз.пайғамбар оның шақыруын қабыл алып, үйіне қонақ болады. Мәдина мешітінің жанында өзіне бір үй салынғанға дейін сол жерде қалады. Әбу Әййуб әл-Ансари әмеуилер тұсында Стамбулды фәтх ету үшін жасақталған әскерге қатысады. Сол шайқаста шейіт болады. Кейінірек қабірінің орны табылып, сол жерге кесенесі салынады. Бұл танымал сахабаның сүйегі Стамбулда өзінің атымен аталатын Әййуб ауданындағы кесенеді жатыр.<sup>287</sup>

Зұлымдық көрген меккелік алғашқы мұсылмандар отбастарын, туыстары мен мал-мүліктерін Меккеде қалдырып, Аллаһтың және Расулының ризалығына бөлену үшін және жаңа дін исламды еркін түрде ұстанып өмір сүру үшін Мәдинаға қоныс аударған-ды. Бастапқыда Мәдина маңындағы «Әуәли» деген ауылға қоныстанған мұһәжірлер түрлі қиындықтарға душар болды. Өйткені көпшілігі әйел, бала-шаға, ата-анасын ұзаққа тастап, бөтен елге келген-ді. Жұмыссыз болды. Жаңа жұртты әлі тани қоймаған еді. Сондықтан Әз.Мұхаммед ең алдымен меккелік мұсылмандар мен мәдиналық мұсылмандарды бір-біріне жақындату және араларындағы байланысты күшейтуге тырысты. Сол үшін әлеуметтік, мәдени,

---

287 Ибн Исхак, I, 507, т.б.; Ибн Сағд, III, 238-239; Бухари, III, 57, V, 173.



экономикалық және құқықтық бірқатар шаралар қолданып, қоғамдық құрылым негізін күшейтті. Жеке тұлға-қоғам, ру-тайпа, қоғам-мемлекет қарым-қатынастарын белгілеп, ережелер бекітті. Мемлекеттің жеке тұлға мен қоғамға қатысты міндеттерін жариялады. Жеке ислам бауырластығы келісімшарты мен Мәдиналықтар келісімшарты осы жүйенің заңды қайнар көздерін қалыптастырған-ды.<sup>288</sup>

---

288 Хижрет жөнінде қараңыз: Хишам, 301-330, т.б.; Ибн Сағд, III, 604, т.б.; Табари, II, 237, т.б.; Ахмед б. Ханбәл, *Мүснәд*, I, 348, VI, 350; Хаким, *Мүстедрек*, III, 4-10; Бухари, VI, 129, т.б.; VIII, 325, 330, VII, 249; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 124, т.б.; ән-Нәдуи, *аталмыш еңбек*, II, 145, т.б.; Хавва, *аталмыш еңбек*, 450-485; А.Өнкал, «Хижрет», *DIA*, XVII, 458-462.



## ҮШІНШІ ТАРАУ ИСЛАМНЫҢ МӘДИНА ДӘУІРІ

### А. САЯСИ-ӘКІМШЛІК ЖҮЙЕ

Йәсрибке қоныстанған алғашқы дәуірлерде Әус пен Хазраж тайпаларын жергілікті яһудилер тарапынан сайланған әмірші басқарды. Мәлік *бин* Ажланның араласуымен яһудилердің әскери күші әлсіретіліп, бұл тайпалар арасындағы бірлік те бұзылған болатын. Осы кезеңнен бастап, Йәсрибте орталықтандырылған билік жойылып, әр тайпа бір-бірінен тәуелсіз түрде өмір сүре бастады. Тайпалар өз көсемдерінен басқа ешбір билікті мойындамады.<sup>289</sup>

Өкінішке орай, қолымызда тайпа көсемдерінің қалай сайланғандығы жөнінде нақты мәлімет жоқ. Мүмкін, мұнда да Арабия түбегінің басқа өңірлеріндегідей, тайпа көсемдері білімді, ержүрек, беделі бар қарттар арасынан сайланған болар.

Әз.Мұхаммед Йәсрибке қоныстанған уақыттан бері бір басшының қол астына бірікпеген халықтың басын қосып, мемлекет құрды. Ол құрған мемлекет те насихаттаған үндеуі сияқты жаңа сипатта қалыптасты. Әз.пайғамбар саяси-әкімшілік жүйенің іргетасын Екінші Ақаба Сертінде қалаған-ды. Арабтар арасындағы саяси-әкімшілік түсінік пен исламның бірқатар ұстанымдары жас мемлекеттің негізін қалыптастырды. Ислам пайғамбары Ақабада Йәсриб халқының, әсіресе, ондаған жылдар бойы араларында дұшпандық жалғасқан Әус пен Хазраж тайпаларының көңілінде бейбітшілік пен бірлік үмітін ұялатқан болатын.

Мәдиналықтардың келісімшарты арқылы белгіленген заңдары бар мемлекетте тайпашылдыққа да, феодализмге де орын жоқ-ты. Керісінше, Йәсрибте өмір сүрген түрлі дін мен нәсіл өкілдерінің бірлігіне негізделген жүйе қалыптасты. Құрылған «Мәдина мемлекеті» бір «конфедерация» болатын. Мемлекетті құруда жеке басқа негізделген, аясы тар билік емес, мемлекеттік жүйе

---

289 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 138.

басшылыққа алынды. Яһуди, христиан, мұсылман және мүшрік қауымдардың саяси-әкімшілік бірлігінен қалыптасқан мемлекетті бір пайғамбар, дін көсемі Әз.Мұхаммед басқарды. Соғыс пен бейбіт уақытта елді басқарған Мәдина халқының басшысы білім беру мен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді, сот істерін, тайпалар арасы келіспеушіліктер мен сыртқы қайшылықтарды шешуге де басшылық етті.

Үкіметті басқарған Әз.Мұхаммед түрлі тайпалардан қызметкерлер тағайындап, оларға бірқатар міндеттер жүктеді. Елді басқаруда оған тайпа көсемдері, әскери бірлік қолбасшылары, уәлаят басшылары, қазылар, мұғалімдер, зекет жинаушы қызметкерлер, хатшылар, базар инспекторлары мен қажылық істерін басқарушылар жәрдем етті. Әрі ол исламды жаңа қабылдаған әр тайпаның бір мүшесін өз «орынбасары», яғни «өкілі» ретінде тағайындады.

Расулұллаһ өзі тағайындаған уәлилер, орынбасарлар, өкілдер, тайпа көсемдері, әскери қолбасшылар мен зекет жинаушы қызметкерлерге міндеттерін атқаруда толық өкілеттілік берген болатын. Сол арқылы қызметкерлердің бойында жауапкершілік сезімін орнықтырып, мемлекет істерін жүргізуге көпшіліктің қатысуын қамтасыз етті. Әрі әрбір тайпаның өзіндік ерекшелігін сақтауына және ішкі бейбітшіліктің орнауына мүмкіндік туғызды. Дегенмен, қажет болған жағдайларда орталық үкімет олардың ісіне араласуға құқылы болды. Тайпа істерін толығымен басқарған тайпа көсемдері мемлекет басшысына бағынып, оның берген бұйрықтарын орындап отырды. Мемлекет басшысы қызметтерінде әділетсіздік жасаған не немқұрайлылық көрсеткен немесе халықпен дұрыс жұмыс істей алмайтын тайпа көсемдерін, басшылар мен қызметкерлерді жазалауға немесе қызметінен босатуға өкілетті болды. Сондай-ақ пайдакүнем, әділетсіз және қатал мінезді шенеуніктерді жауапқа тартып отырды.

Әз.Мұхаммед Хашим ұлдарының бірін қызметке тағайындаған уақытта өсек-аяңның алдын алу, түсініспеушіліктерге жол бермеу үшін ерекше мұқияттылық көрсетті. Әсіресе, зекет жинаушы қызметкерлер мен олардың басшыларын Әһлі Бәйттен (пайғамбар жанұясынан) өзге кісілер арасынан тағайындады.

Әз.Мұхаммед халықтың мәселелерін шапшаң және ыңғайлы түрде шешуге үлкен мән берді. Оның: *«Жеңілдетіңіздер, қиын-*

датпаңыздар. Сүйінішілеңіздер, жек көргізбеңіздер»,<sup>290</sup>— деген нұсқауы осы мақсатты көздейді. Бұл орайда Әз.пайғамбардың: «*Уа, Аллаһым! Кімде-кім үмметімнің істерінен бір істі өз жауапкершілігіне алып, оларға қиындық тудыратын болса, Сен де оған қиындық бер. Кімде-кім үмметімнің істерінен бірін өз жауапкершілігіне алып, оларға игілік пен қайырымдылық жасаса, Сен де оған игілік пен қайырымдылық бере гөр*»<sup>291</sup>, — деген дұғасы өте орынды айтылған. Әз.пайғамбар халықтың істерін жүргізуге әлеуметтік жиһад ретінде қарады. Бұл міндетті үкім шығару мен ижтиһад жасау қабілеті бар, білімді, қолынан іс келетін, түсінігі мол, жылы жүзді, төзімділік көрсететін, таза ниетті кісілерге жүктеп отырды. Қызмет басына келуге ұмтылғандарға мүмкіндік бермеді. Өйткені пайдакүнөмдік кісінің қызмет бабын асыра пайдалануына, мәселені паракорлық және тамыр-таныс арқылы шешуіне жол ашуы мүмкін еді.<sup>292</sup> Бұл ретте Әз.пайғамбардың: «*Мемлекеттік бір қызметті талап етпе! Егер де бір қызмет сұрауың бойынша саған берілетін болса, сен бұл іске шамаң жетпегені үшін жауап бересің. Ал егер де бұл іс сұрамай саған берілсе, жәрдемге қауышасың*»,<sup>293</sup> — деген нұсқауы да бар.

Әз.пайғамбар мемлекеттік істерді басқаруда епті, қолынан іс келетін азаматтарды қызметке алуға ерекше көңіл бөлді. Мәселен, алғашқы мұсылмандардан және таңдаулы сахабалардан болғанына қарамастан, Әбу Зәр әл-Ғифаридың уәлилік жөніндегі өтінішін кері қайтарған-ды. Өйткені хадисте айтылғандай, оның қызмет барысында басшылық жасауға шамасы жетпеуі және ойдағыдай басқара алмауы, соған байланысты өзі де, халық та зардап шегуі мүмкін еді.<sup>294</sup> Бұл мәселе Құран Кәрімдегі «аманатты өз иелеріне тапсыру»<sup>295</sup> ұстанымымен де тығыз байланысты еді. Сондықтан Әз.пайғамбар түрлі әкімшілік мансап пен қызметті аманатқа балап: «*...бір іс лайық болмаған кісіге берілді ме, қияметті күте бер*»,<sup>296</sup>— деп ескерткен де болатын.

290 Бухари, *Сахих*, Ғылым 11; Мұслим, *Сахих*, Жиһад 51.

291 Мұслим, *Сахих*, Имара 9.

292 Хусейн Алғұл, *аталмыш еңбек*, 66.

293 Мұслим, *Сахих*, Имара, 13; Әбу Дәуіт, *Сүнән*, Имара, 2.

294 Алғұл, *аталмыш еңбек*, 66.

295 Ниса, 58.

296 Мұслим, *Сахих*, Имара, 16.

Әз.пайғамбар қызметке тағайындаған мемлекеттік қызметкерлердің қажеттіліктерін қазынадан қамтамасыз етіп, олардың күнкөрісіне жетерлік айлық белгілеп отырды. Сондай-ақ қызметкерлерге отбастарымен тұратын баспана беру арқылы баспана мәселесін де шешкен болатын. Қызметкерлерге үй шаруасында қолғабыс жасайтын қызметші үшін бюджеттен қаражат бөліп, қажет болған жағдайда жұмысына барып-келуі үшін көлікпен де қамтамасыз еткен-ді. Бұл қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда, одан тыс жұмсалған әрбір тиын күнә, шектен шығу және ұрлық ретінде бағаланатындығын, қызмет барысында сыйлық қабыл етудің өзі паракорлық саналатындығын айтқан еді.<sup>297</sup>

Мәдина кезеңінде басқару саласында көрініс тапқан ислам мәдениеті, Әз.пайғамбар қолға алған алғашқы іс-шаралар осындай нұсқаулар мен насихаттарға негізделген-ді.

### **Мәдиналықтар келісімшарты**

«Мәдиналықтар келісімшарты» Мәдинада Әз.Мұхаммед тарапынан құрылған мемлекеттегі саяси-әкімшілік жүйенің құқықтық негізін құраған болатын. Бұл ретте алдымен Мәдинада қалыптасқан құрылымға жалпы шолу жасауды жөн көрдік.

Мәдинада арабтармен қатар түрлі яһуди және христиан қауымдар да қоныстанған-ды. Яһудилер: Қайнуқа ұлдары, Нәдір ұлдары мен Құрайза ұлдары деп үш тайпаға бөлінетін. Йәсрибте тайпалық жүйе үстемдік құрды. Араб тайпалары сияқты яһудилер арасында да бірлік жоқ еді. Олар да өз басшыларынан басқа билікті мойындамайтын. Саяси-әкімшілік жүйе тайпалар арасындағы келісімдер мен қарама-қайшылықтардың ыңғайына қарай өзгеріп отырды. Яһуди тайпалары мен араб тайпалары өзара топтасып, басқа тайпаларға қарсы одақтасқан болатын.

Араб тайпалары арасында Хазраж тайпасы Қайнуқа ұлдарымен, ал Әус тайпасы Құрайза және Нәдір ұлдарымен одақтасқан еді. Мұндай одақтың құрылуын екі түрлі жорамалдауға болады: мәдиналық яһудилер мұндай қадамға араб тайпаларының арасында іріткі салу, оларды әлсірету және жою үшін барған болуы

---

297 Алғұл, аталмыш еңбек, 66.

мүмкін. Өйткені Әус пен Хазраж тайпалары арасында орын алған кескілескен шайқастар бұл ықтималды қуаттай түседі. Сондай-ақ мәдиналық яһудилердің өз арасында бөлініп, бір-бірімен соғысып жатқандығын да себеп ретінде көрсетуге болады. Араларындағы қайшылық пен соғыстар экономикалық үстемдікке таласудан туындаған еді.

Йәсрибтегі тайпа көсемдерін сайлау жүйесі жөнінде жеткілікті мәлімет жоқ. Дегенмен, Арабстанның басқа өңірлерінен өзгеше бола қоймаған деген пікірдеміз. Әр тайпаның жалпы жиналыстарды, тайпа ақсақалдарының келіссөздерін, сондай-ақ түрлі ойын-сауықтарды өткізуге арналған орындары бар болатын. Нәдір ұлдары сияқты әр тайпада соғыс, басқыншылық, табиғи апаттар мен төтенше жағдайлар үшін арнайы тайпа мүшелерінің сый ақыларынан тұратын ортақ кассада құрылған-ды. Араб тайпалары арасында әлеуметтік сақтандыруға ұқсас құрылымдар да қызмет көрсетті. Мәселен, қылмысына байланысты тайпа мүшелерінің біріне салынған айыппұлды, сондай-ақ кісі өлтіруіне байланысты берілген күн төлеу жазасын жеке тұлға емес, тайпа өтеуге тиісті болды. Тайпалар ортақ билікке бағынбады. Олар үшін әділеттікті орнатудың бір ғана жолы бар еді: егер өлген кісі басқа тайпадан болса, қылмыскердің тайпасы мәселені күштеп келіссөз жүргізумен шешетінді. Тайпалар арасында теңдік те сақталмады: әлсіз тайпалар үшін әлді тайпаларға өтелетін құнның жартысындай ғана құн төленді. Заңдарда тұтастық жоқ-ты: сайланған төрешілер жеке көзқарастары мен тайпа әдет-ғұрпына қарай үкім шығарып отырды.<sup>298</sup>

Хижреттен кейін Мәдинада қалыптаса бастаған мұсылман қауымға яһудилер қарсы шықты. Олардың қарсы шығуына ықпал еткен басты фактор Мәдина қаласы мен ондағы экономикалық табыс көздерінің басым бөлігінің мұсылмандарға өту қаупі болды. Осыған байланысты тынышы кеткен яһудилер араб халқына үстемдік жүргізу, оларды қанау мүмкіндігінен ажырап қаламыз ба деп те үрейленген-ді.

Міне, осындай пиғылдағы яһудилерден, сондай-ақ мүшріктер мен мұсылмандардан (ансарлар мен мүһәжірлерден) құралған Мәдинадағы қоғамдық құрылым, негізінде, Арабия түбегінде

---

298 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамфбери*, I, 138.

калыптасқан дәстүрге жат болатын. Өйткені дәстүрлі тайпалық өмірде қоғамдық ұйымдасу туыстық байланыстарға негізделген-ді. Ал Мәдинада жағрафиялық, этникалық және мәдени түп тамыры бөлек тайпалар алғаш рет әлеуметтік блокқа біріккен еді. Сондықтан Әз.пайғамбардың осындай әлеуметтік блоктар арасында өзара келісімге қол жеткізу және олар үшін бірге өмір сүру жолын табу сияқты күрделі мәселелерді шешуі керек болды.<sup>299</sup>

Мәселенің байыбына барған Әз.Мұхаммед өзі мен мұсылмандардың келуін қош көрмеген яһудилерге жылы қабақ танытып, сол арқылы олармен келісуге дайын екендігін білдірді. Соған орай, яһудилерді: «...*Ей, Кітап берілген қауым! Бізге де сендерге де бірдей бір сөзге келейік – Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық, Оған ешнәрсені серік қоспайық...*»,<sup>300</sup> – деген ортақ сөзге шақырды. Әз.пайғамбар иләһи уахи келмеген мәселелерде олармен келісімге келіп отырды. Мәселен, намазда солардың құбыласы Бәйтүл-Мақдиске бет бұрды.<sup>301</sup> Хижреттен кейінгі кезеңде Әз.пайғамбар бір күні яһудилердің ораза ұстағанын көріп, себебін сұрайды. Бұл күннің Аллаһтың Әз.Мұса мен Исраил ұлдарын Перғауыннан құтқарған күн екендігін естиді. Осыған байланысты мұсылмандарға да осы оразаны ұстауды бұйырады.<sup>302</sup> Сондай-ақ аят түсуіне байланысты мұсылмандардың яһудилер сойған малдың етін жеуіне және олардың әдепті әйелдеріне үйленуіне рұқсат етеді.<sup>303</sup> Кей уақытта Исраил ұлдарының қиссаларын әңгімелеп, мұны айтуды теріс көрмейтін еді.<sup>304</sup>

Яһудилермен қарым-қатынасқа көңіл бөле отырып, Расулұллах олар мен Мәдинадағы басқа тайпаларды келісімшарт жасасуға көндірді. Хижреттің алғашқы жылында жасалып, «Ислам ата заңы»

299 Әли Булач, «Асры бир арада яшама прожеси: Медине весикасы», *Бүтүн Йөнлерийле Асры Саадетте Ислам*, ред. Вежди Акйүз. – Станбул, 995, II, 177.

300 Әли Имран, 64.

301 Ибн Кәсир, *Сира*, II, 372; Bernard Lewis, *Тарихте Араптар*, ауд. Х.Дурсун Йылдыз. - Станбул, 1979, 44-45; Афзалуррахман, *Хз.Мухаммед*, Сирет Анциклопедиси, ауд. Комиссия. - Станбул, 1988, II, 613.

302 Бухари, *Сахих*, Мәнәкибул Ансар. - Станбул, 1992, 52; Ибнул-Әсир, *Тарих*, II, 115; Lewis, *аталмыш еңбек*, 44-45; Афзалуррахман, *аталмыш еңбек*, II, 613.

303 Мәида, 5.

304 Әбу Дәуіт, *Сүнән*, Білім, 11.



деп те аталған<sup>305</sup> бұл келісімшарттың мәтіні түрлі қайнар көздерде<sup>306</sup> сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті.

Бұл заң арқылы Мәдина қалалық өкіметінің негізі қаланды. Өз.пайғамбар мен мүміндер арасындағы өзара құқықтар мен міндеттерді белгілейтін, сонымен қатар мүміндер, мүшрік арабтар мен яһудилер арасындағы келісімді қамтамасыз ететін, әлеуметтік құрылымды қалыптастыратын ережелер қажет болды. Сондықтан сот, қаржы, әскери, діни және білім беру құрылымдарын құру үшін үкімдер керек болды. Осындай себептерге байланысты хижреттің бірінші жылында қала тұрғындары Өз.Мұхаммедтің төрағалық етуімен бас қосады. Жиналыс барысында бір бөлімі мұсылмандарға, екінші бөлімі әлі мұсылмандықты қабылдай қоймаған арабтар мен яһудилерге қатысты үкімдерді қамтитын алғашқы заң жазбаша мәтін түрінде әзірленеді.

Мәдинада араб тайпаларымен қатар яһудилердің де өмір сүріп жатқандығын айтқанбыз. Яһудилердің басты тайпалары: Қайнуқа ұлдары, Нәдір ұлдары және Қурайза ұлдары болатын. Қайнуқа яһудилері Хазраж тайпасымен, ал Қурайза мен Нәдір ұлдары Әус тайпасымен одақтасқан-ды.

Ол тұста Мәдина қаласы мен төңірегіннің экономикасын, әсіресе, сауда саласын өз қолында ұстаған яһуди әулеттерінің арасында пайда мен аймақ саудасын бөлісуде тартыс пен қақтығыстардың орын алған болуы әбден мүмкін. Алайда, яһудилердің Мәдинадағы мұсылмандарға қарсы шығуының басты себептерінің бірі қала мен табыс көздерінің басым бөлігі мұсылмандардың қолында қала ма деген алаңдаушылық болатын. Бұл жағдай яһудилердің араб халқына ықпалын әлсіретіп, оларды қанауына мүмкіндік бермейтін еді. Шынында да, қала билігін өз қолына алған мұсылман қауымның Мәдинадағы сауда саласын басқаруы, яһуди саудагерлер және ұсақ дүкеншілермен бәсекеге түсуі, яһуди экономикасы мен саудасына

---

305 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 140-141; Рамазан әл-Бути, *Фиқһус Сира*, ауд. Әли Нар-Орхан Актепе. -Станбул, 1992, 215.

306 Ибн Хишам, *Сира*, II, 147-150; Әбу Убәйд, *Китәбул-Әмуәл*, ред. Мұхаммед Халил Хәрас. - Каир, 1981, 193; Ибн Кәсир, *Әл-Бидәйә уәл-Нихәйә*. - Египет, 1932, III, 224-225; М.Хамидуллаһ, *Мәжмуәтул-Уәсәиқис-Сиасия*. - Бейрут, 1985, 59-62; *Ислам Пейгамбери*, I, 149-153.

қарсы балама ретінде шығуы яһудилерді қиын жағдайда қалдырып, олардың Мәдинаны тастап, Хайбарға кетуіне ықпал етті.

Ислам діні иман, ғибадат пен ахлақ негіздері, дүниетаным мен өмір салты тұрғысынан VI ғасырда Сасани және Византия империяларына, араб тайпалық қоғамына, Қытай, Үндістан және Еуропада үстемдік құрған материалистік жүйеге қарсы «балама жүйе» ретінде ортаға шықты. Пұтқа табынушылық пен кәпірлік сенімнандардан, яһудилік пен христиандық діндерден жан дүниесін рақатқа бөлейтін, өзін бақытқа жеткізетін нәрсені таппаған адамзат баласына ислам діні «рақымдылық» пен «құтқарушы» ретінде келген-ді. Өкінішке орай, адамдар бастапқыда ислам дінін «балама жүйе мен дүниетаным» ретінде бағалай алмады. Кейбіреулер бұл шындықты көргісі келмеді. Дәстүршілдік, еліктеушілік пен ескіге деген соқыр сенім олардың қайырым-дылыққа, (дүние мен акиретте) табысқа жетелейтін ислам дінін қабылдауына кедергі келтірді. Пұтқа табынушы меккеліктер, христиандар мен яһудилер исламға кедергі жасау үшін бар күшін салып, Расулұллаһ пен мұсылмандарға зұлымдық көрсетіп бақты. Парсылар мен римдіктер де ислам діні мен мұсылмандарға дұшпандықпен қарады. Сөйтіп, ислам дінінің оларды қараңғылықтан құтқаруына жол бермей, оның берекесі мен бақытынан мақрұм қалды. Табынған пұттарына күнкөріс көзі ретінде қараған меккелік мүшріктер алғашқы мұсылмандарды отанын тастап, басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр еткен уақытта ақиқатты көрмеген де, сезбеген де еді. Жүректеріне мөр басылған, құлақтары саңырау, көздері соқыр күйде жүйесіз дүние тіршілігін сүріп жатты.

Алайда, жүз жиырма жылдан астам уақыттан бері тайпалар арасында жалғасқан соғыстардан (мәселен, «Буас» соғысы) әбден қажыған, адамдарға ықпалы азайған христиандық пен яһудилік діндерінен іздеген тыныштық пен бақытты таба алмаған мәдиналықтар өздеріне бейбіт өмір, тыныштық пен рақат сыйлайтын әлемдік жүйені күткен еді. Араларында орын алған жүзжылдық қактығыстарды тоқтатар деген үмітпен Құрайыштың есігін қағып, өздері аңсаған жүйенің өкілдерін осы жерде кездестірген-ді. Ақабада Әз.Мұхаммедпен кездесіп, тілдескен болатын. Әз.пайғамбар оларға іздегендерінен де қайырлы дүниені уәде етті. Мәдиналықтар оған Әус пен Хазраж арасындағы соғысты тоқтатар, Мәдинаны тыныштық пен рақатқа қауыштырар деп сенім артты. Сөйтіп, Аллаһ елшісін Мәдинада өздерімен бірге өмір сүруге шақырды.

Расулұллаһ бұл тұста әлемге балама жүйе ретінде ислам дінін насихаттап жаятындай жұрт іздеген болатын. Өйткені Меккеде он жылдан астам уақыт бойы дінді насихаттап жеткізу үшін күресті. Алайда, ислам дінін орнатамын деген үміті ақталмады. Меккелік мүшріктер оған тыныштық бермеді, жаңа діннің танылуы мен жайылуына тосқауыл болды.

Әз.Мұхаммед шақыруды қабыл алып, 622 жылы Мәдинаға хижрет етті. Мәдинада, ең алдымен, мұсылмандарды қоғамдастыру, өкімет пен мемлекет құру мәселесін қолға алды. Ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де ерекше мән берді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мұһәжірлер (Меккеден қоныс аударған мұсылмандар) мен ансарлар (мәдиналық мұсылмандар) арасында «Жеке Бауырластық Келісімшартын», ал жалпы мәдиналықтар (мұсылмандар, мүшрік арабтар мен яһудилер) арасында «Отандастық-Жерлестік Келісімшартын» жасады. Мәдина мешітін салдырды. Соның негізінде, мұсылмандарды «ислам бауырластығы» шаңырағының астына біріктіріп, ал бүкіл Мәдина халқын күткен бейбіт өмір, тыныштық пен бақытқа қауыштырды.

Әз.Мұхаммед мұсылмандардың (мұһәжірлер мен ансарлардың) бір-бірімен байланысын, сондай-ақ мұсылмандар мен басқа қауымдардың қарым-қатынасын ретке келтірген мемлекет басшысы әрі көшбасы ретінде өзін көрсете білді. Ол мәселелердің түйінін тарқатып, келіспеушіліктерді реттейтін әділ төреші ретінде де мәдиналықтардың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленді.

Мәдина қалалық өкіметінің ата заңы және бүгінде «Мәдина Келісімшарты» деген атпен түрлі демократиялық заманауи құқық жүйелеріне қарсы балама заң ретінде ұсынылып жүрген бұл Келісімшарттың толық мәтіні түрлі қайнар көздерде сақталған. Аталған құжаттың салыстырмалы түрікше мәтіні төмендегідей:

*«Бисмилләһиррахманиррахим.*

1) Бұл жазба (келісім) Мұхаммед пайғамбар тарапынан құрайыштық және йәсрибтік мүмін-мұсылмандар мен оларға ергендер және оларға кейіннен қосылғандар мен олармен бірге жиһадқа шыққандар үшін (құжат болып табылады);

2) Міне, бұлар басқа адамдардан бөлек бір үмметті (қауымды) құрайды;

3) Құрайыштан шыққан мүһәжірлер араларындағы әдетке сай құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал соғыс тұтқындарының төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

4) Ауф ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал (мұсылмандардан құралған) әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

5) Харис ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

6) Сәида ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

7) Жұшам ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

8) Нәжжар ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

9) Амр бин Ауф ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

10) Нәбит ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс

тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

11) Әуес ұлдары өз араларындағы әдетке сай, бұрынғы қалпында құн төлеуге ортақтасып қатысады, ал әрбір топ соғыс тұтқындарын (құтқару) төлемін мүміндер арасында мақұлданған орынды шешімдер мен әділдік ұстанымдарына қарай ортақтаса төлейді;

12) Мүміндер өз араларында қарызға батқан кез келген кісіні көмексіз қалдырмай, тұтқыннан құтылу төлемін немесе құн төлеу сияқты қарыздарын мақұлданған орынды шешімдерге қарай береді;

12(Б) Ешбір мүмін басқа мүмінге қарсы оның мәуласымен (ол бауырластық құрған кісімен) келісім жасай алмайды;

13) Тақуа мүміндер өз араларында шектен шыққан, не теріс амал жасаған, не бір қылмыс істеген, не біреуге зұлымдық жасаған немесе мүміндер арасында бүлік шығаруды көздеген кісіге қарсы тұрып, тіпті, бірінің ұлы болса да, барлығы оған қарсы қол көтереді;

14) Ешбір мүмін бір кәпір үшін басқа бір мүмінді өлтірмейді және бір мүмінге қарсы ешбір кәпірге жәрдем де етпейді;

15) Аллаһтың зимметі (қорғауы мен кепілдігі) – біреу ғана. Ең елеусіз саналған мүміндердің бірі (бір кісіні) өз қорғауына алатын болса, бұл (кепілдігі) мүміндердің барлығы үшін міндетті, өйткені олар басқа адамдардай емес, бір-бірінің мәуласы (бауыры) болып табылады;

16) Бізге бағынған яһудилер көмегіміз бен қолдауымызға ие болады, олар зұлымдыққа ұшырамайды және оларға қарсы басқа тарапқа жәрдем көрсетілмейді;

17) Бейбіт келісім – мүміндер арасында біреу ғана. Ешбір мүмін Аллаһ жолындағы соғыста басқа мүміндерді сырт қалдырып, бейбіт келісім жасай алмайды. Бұл бейбіт келісім олардың (мүміндердің) арасында көпшілік пен әділдік негіздеріне сай жасалады;

18) Бізбен бірге соғысқа қатысқан барлық (әскери) бірліктер кезектесе соғысады;

19) Мүміндер Аллаһ жолында қаза тапқан мүміндердің кегін алады;

20) Тақуа мүміндер ең жақсы, ең тура жолды ұстануда;

20(Б) Ешбір мүшрік бір құрайыштықтың малы мен жанын өз қорғауына ала алмайды және бұл тұрғыда ешбір мүмінге кедерге жасай алмайды (яғни құрайыштықтың шабуылға ұшырауына кедергі келтіре алмайды);

21) Бір кісінің мүміннің өліміне себеп болғандығы нақты дәлелдермен айғақталған жағдайда, өлген кісінің туысы (қылмыскердің құн төлеуіне) көнбесе, кек қайтару үкімі жүреді, мұндай жағдайда бүкіл мүміндер оған (өлтірген кісіге) қарсы тұрады. Оларға «осы үкімді» жүзеге асыру ғана халал саналады;

22) Осы жазба (келісімде) жазылғандарды қабыл еткен, Аллаһқа және ақирет күніне иман келтірген мүміннің адам өлтірген қылмыскерге жәрдем етуі және оған паналайтын орын тауып беруі халал (дұрыс) емес. Оған жәрдем еткен және паналайтын орын тауып берген кісі қиямет күнінде Аллаһтың лағынеті мен қаһарына ұшырап, ақшалай да, есесін қайтарумен де құтыла алмайды.

23) Араларыңызда қайшылық тудырған кез келген мәселеде Аллаһқа және Мұхаммедке жүгінетін боласыздар;

24) Мүміндер сияқты яһудилер де соғыс жүріп жатқан уақытта (өздерінің соғыс) шығындарын өздері көтеруі тиіс;

25) Ауф ұлдары яһудилері мүміндермен бірге бір үмметті (қауымды) құрайды. Яһудилердің діні өздеріне, мүміндердің діні өздеріне. Бұл әрі мәулаларына әрі өздеріне қатысты (үкім).

25(Б) Кімде-кім бір зұлымдық не бір қылмыс жасаса, ол тек өзіне және отбасына зиян келтірген болады;

26) Нәжжар ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

27) Харис ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

28) Сәида ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

29) Жушам ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

30) Әус ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

31) Сәғлаба ұлдары яһудилері де Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие;

32) Жәфна (әулеті) – Сәғлаба ұлдарының бір тармағы, сондықтан (оларға) Сәғлаба ұлдары сияқты қаралады;

33) Сутайб ұлдары Ауф ұлдары яһудилерімен бірдей құқықтарға ие болады. (Үкімдер) міндетті түрде орындалуы және оларға қарсы әрекет жасалмауы тиіс;

34) Сәғлаба ұлдарының мәулаларына да өздері сияқты қаралады;

35) Яһудилерден пана сұрағандар да (битана) яһудилер сияқты қаралады;

36) Олардың (яһудилердің) ешбірі Мұхаммедтің рұқсатынсыз (мұсылмандармен бірге әскери қимылға) қатыса алмайды;

37(Б) Жарақат алған кісінің кегін алуға тыйым салынбайды. Бір кісі адам өлтірсе, бұған, міндетті түрде, өзі және отбасы мүшелері жауап береді. Әйтпесе, (яғни бұл үкімге бағынбаған кісі) зұлымдық жасаған болады. Аллаһ бұл жазылған (үкімдерге) бағынғандармен бірге;

37) (Соғыс шыққан жағдайда) яһудилер де, мұсылмандар да өз шығындарын өздері көтереді. Бұл жазба (келісімде) аты аталғандар өздеріне соғыс ашқандарға қарсы бір-біріне жәрдем етеді. Олардың арасында қайырымдылық пен жылы қатынас орнайды. (Үкімдер) міндетті түрде орындалып, қарсы әрекет жасалмауы тиіс;

38) Яһудилер мұсылмандармен бірге соғысқа шыққан жағдайда шығындарды бірлесе көтереді;

39) Бұл жазба (келісімде) көрсетілген кісілер үшін Йәсриб жазығының іші харам (қасиетті) болып есептеледі;

40) Қорғауға алынған кісі қорғаушының өзі сияқты қаралады, зұлымдыққа да ұшырамайды, қылмыс та жасамайды;

41) Қорғауға алу құқығы бар кісілердің рұқсатынсыз (басқаға) қорғауға алу құқығы берілмейді;

42) Бұл жазба (келісімде) көрсетілген кісілер арасында кісі өлімі немесе қақтығыс шығады деп қорыққан жағдайларда Аллаһқа және Расулұллаһ Мұхаммедтің үкіміне жүгіну қажет. Аллаһ бұл жазба (үкімдерді) бұлжытпай орындағандармен бірге;

43) Құрайыштықтар да оларға жәрдем еткендер де қорғауға алынбайды;

44) Олар (мұсылмандар мен яһудилер) Йәсрибке шабуыл жасағандарға қарсы бір-біріне қолдау көрсетеді;

45) Егер олар (яһудилер) (мұсылмандар тарапынан) бейбіт келісім жасауға немесе бейбіт келісімге қатысуға шақырылатын болса, бұл келісімді тікелей жасасады не оған қатысады. Егер олар (яһудилер) (мұсылмандарға) дәл осындай ұсыныс жасайтын болса, мүміндердің алдында дәл сондай құқықтарға ие болады. Дін жолындағы соғыстар бұл үкімге кірмейді;

45(Б) Әрбір топ өздеріне тиісті аймаққа (қорғаныс немесе басқа да қажетті жағдайларда) жауапты болады;

46) Бұл жазба (келісімде) аты аталғандар үшін көрсетілген шарттар Әус яһудилеріне, яғни олардың мәулалары мен өздеріне, осы жазбада көрсетілген кісілер тарапынан бұлжытпай жүзеге асырылады. (Үкімдер) міндетті түрде орындалуы және оларға қарсы әрекет жасалмауы тиіс. Заңсыз жолмен пайда тапқандар тек өздеріне зиян келтірген болады. Аллаһ бұл жазба (келісімде) белгіленген үкімдерді бұлжытпай орындағандармен бірге.

47) Бұл жазба (келісім) зұлымдық не қылмыс жасаған кісі мен (қоғам) арасында тосқауыл бола алмайды. Соғысқа аттанған да, Мәдинада қалған кісі де қауіпсіздікте болады. Зұлымдық не қылмыс жасағандарға бұл үкім жүрмейді. Аллаһ және Расулуллаһ Мұхаммед бұл жазба (келісімді) ықыласпен бұлжытпай орындағандарды өз қорғауына алады.

Әз.пайғамбардың басшылығымен Әнас *бин* Мәліктің үйіне жиналған Мәдина халқының өкілдері Мәдина қалалық өкіметінің ата заңын, яғни оның саяси-әкімшілік құрылымының заңды негіздерін белгілейтін құжатты әзірлеп, қол қойды. Аталған құжат мазмұнын төмендегідей баптарға топтастыруға болады:

1. Мәдиналықтар келісімшарты (Мәдина құжаты) Құран мен сүннет ұстанымдарына негізделді. Бұл құжат Құран үкімдерінің белгілі бір дәрежеде жүзеге асырылуын көрсетті;

2. Әнас *бин* Мәліктің үйіне жиналып, келісімшарт жасауға қатысқан тараптар (мұсылмандар, мүшріктер мен яһудилер) ерекше қауым (үммет) ретінде танылды;

3. Меккеде түскен «Кәфирун» сүресінің мазмұны жүзеге асты;



4. Құқық пен еркіндік, дін мен ар-ұждан ұстанымдарына негізделген плюралистік қоғам қалыптасты;

5. Мәдиналықтардың діни-этникалық құрамына мән беріліп, құжатта әрбір діни-этникалық топтың аты жеке-жеке аталды;

6. Әз.Мұхаммед төраға ретінде сайланып, алуан түрлі қауымнан құралған халықтың басшысына айналды;

7. Құқықтың үстемдігі мен плюралистік қоғамдық жүйе негізге алынды;

8. Соғыс пен қорғаныс шаралары, құн төлемі мен (тұтқыннан) еркіндікке шығу төлемдері, жарақаттау мен өлтірудің жазасы айқындалып, бұл мәселелерге қатысты орынды санкциялар белгіленді;

9. Сот шешімі, қорғаныс пен соғыс қарарлары сияқты мәселелерде орталық билікке өкілеттілік берілді. Ал білім беру, сауда, ғылым, мәдениет пен өнер салалары халықтың еркіне қалдырылды;

10. Ислам бауырластығының талаптарын және Мәдина саяси бірлігін құрайтын түрлі топтардың мәртебелерін белгіледі;

11. Дін мен құқық негіздеріне сүйенетін жаңа саяси бірлік құрылды;

12. Мұсылман жамағат пен ислам діні құқықтық-әлеуметтік тұрғыдан мақұлданды. Бұл келісім арқылы алғаш рет мүшрік арабтар мен яһудилер мұсылмандарды діни-этникалық және құқықтық-әлеуметтік топ ретінде мойындады;

13. Мәдиналықтар келісімшарты Мәдина тысында аралық аймақ құрып, халықтың экономикалық құрылымын берік негіздерге орнықтыруды көздеді. Мүшрік құрайыштықтар Мәдина аумағынан рұқсатсыз өте алмайтын болды. Мәдинаға қарасты ауыл мен елді мекендер аумағынан да орталық биліктің рұқсатынсыз өтуге тыйым салынды. Сауда істерін жүргізуі үшін мәдиналықтардың келісімін алу талап етілді;

14. Мәдина құжаты ауқымды платформалы халық мәжілісінің қарары болып табылады;

15. Тайпалар арасындағы құн дауына тыйым салынып, сыртқы шабуылдарға қарсы ортақтасып қорғану мен соғысу ұстанымдары белгіленді;

16. Сот мәселелерін шешуде мемлекет басшысы (Әз.Мұхаммедке) толық өкілеттілік берілді;

17. Соғыс пен бейбіт жағдайларда бірін-бірі қолдауы талап етілді;

18. Мәдина құжаты әлемде мемлекет басшысы тарапынан алға тартылған алғашқы жазбаша ата заң болып саналады;

19. Мәдина келісімшартына 27-ге жуық (9 мұһәжір, 9 ансар мен 9 яһуди) тайпа қол қойды.

Мәдина келісімшартында белгіленген үкімдер діндар, дінсіз, мұсылман, христиан, яһуди және зайырлы топтар қатар өмір сүрген қоғамдарда іске асыруға жарайтын үкімдер еді.

## Ә. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ

Исламнан бұрынғы Йәсрибті қала деп айтуға келмейтін. Бұл өңірді мекендеген яһудилер, Хазраж бен Әус тайпалары бытыраңқы, бір-бірінен бірнеше шақырым ұзақтықта орналасқан үлкенді-кішілі ауылдарда тұрып жатты.<sup>307</sup> Әрбір ауыл сыртқы жаудан қорғану үшін қамалдар салған-ды. «Утум»<sup>308</sup> деп аталған мұндай қамалдар шабуылға ұшыраған кездерде қолданылып, ішінде бірнеше айға жетерлік азық-түлік сақталатын.<sup>309</sup> Дұшпан шабуылына ұшырағанда тұрғындар осы қамалдарды паналайтын еді. Көбіне, әйелдер мен бала-шаға бой тасалаған бұл қамалдардың үстінен әйелдер дұшпанның үстіне тас лақтырып, соғысқа өз үлестерін қосатын. Қамалдарға адамдармен қатар үй жануарлары да алынатын.<sup>310</sup> Құран Кәрімде яһудилерге қарсы соғыстар туралы аяттарда Йәсрибтекі осы қамалдар туралы айтылады:

*«Әрі Ол Кітап берілген қауымнан оларға (одақтастарға) көмек бергендерді қамалдарынан шығарды және олардың жүректеріне үрей салды. Сендер (олардың) бір тобын өлтіресіңдер, ал бір тобын тұтқынға аласыңдар. Әрі Ол сендерге олардың жерін, үйлерін және*

307 Қараңыз: Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 136.

308 Мұндай қамалдар алғаш рет америкалықтар тарапынан салынған. Қараңыз: Али Хафыз, 15.

309 Чағатай, 95; Хамидуллаһ, *Азхаб*, 26-27.

310 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 137.

*мал-мүліктерін әрі өздерің аяқ баспаған жерлерді мұра етіп берді. Аллаһтың барлық нәрсеге құдіреті жетеді».*<sup>311</sup>

*«...Ал олар қамалдары өздерін Аллаһтан қорғайды деп ойлаған еді».*<sup>312</sup>

Қала деуге келмейтін Йәсриб жазығының қорғанмен қоршалмағандығы айтпаса да, түсінікті. Расулұллаһ бұл жерге қоныс аударғаннан кейінгі уақытта тұрғын санының артуы мен ауылдардың бірігуіне байланысты Йәсриб қала көрінісіне енген-ді.

Бастапқы кезеңдерде ортақ стратегия ұстанған, алайда «Сумери» оқиғасынан кейін аралары бұзылған Әус пен Хазраж тайпалары бір-бірін аңдумен, аландаумен ғұмыр кешті. Яһудилер арасында да толық бірлік болмады. Олар бұл екі туыс тайпа арасындағы қақтығыстарға да араласып отырды. Бір-бірінің қанын төгіп, малы мен ар-намысына тиісуден де жасқанбады.<sup>313</sup> Бұл тайпалар арасында тектілік жағынан бәсекелестік те байқалатын. Экономикалық және әскери күшіне сенген Надир ұлдары өздерін басқа яһуди тайпаларынан жоғары санайтын. Надир ұлдарынан бірі өлтірілген жағдайда, толық құн төленсе, ал олардың бірі басқа тайпа мүшесін өлтірген жағдайда, құнын жартылай ғана төлейтін еді.<sup>314</sup>

Яһудилер де йәсрибтік араб тайпалары сияқты тайпа болып өмір сүрді. Олардың арасында өзара келісімдер жасалатын. Сондай-ақ тайпа рулары басқа тайпа руларымен де келісім жасаса беретін. Тіпті, тайпадан гөрі оған қарасты рулар басымырақ түсетін. Расулұллаһ Йәсрибке келген уақытта қоғамдағы ішкі тұрақтылықты сақтау мақсатымен жасалған Мәдина келісімшартына қарағанымызда, тайпалардан гөрі осы кіші рулардың аттары көбірек аталғандығын көреміз. Мәселен, Құрайза ұлдары, Надир ұлдары мен Қайнуқа ұлдары сияқты яһуди тайпалардың аттары, тіпті, аталмаған. Бұл тайпалардың аттары тек Әус және Хазраж тайпаларымен жасасқан келісімшарттар жөнінде айтылғанда ғана аталып өтеді. Яһуди тайпалары соғыс шығындарын қамтамасыз ету үшін өз араларында

311 Ахзаб, 26-27.

312 «Хашр» сүресінің 2-3, «Ахзаб» сүресінің 13-аятында Әус пен Хазраж тайпаларының әрекеттері туралы айтылады.

313 Қараңыз: Бақара, 84-85.

314 Надир Өзкүймсу, «Асры Саадетте Яһудилерле Илишкилер», *Бүтүн Йәнлерийле Асры Саадетте Ислам*, II. 4247.

қор да құрған болатын.<sup>315</sup> Қорда жинақталған қаражат тек әскери керек-жарақтарға жұмсалатын-ды.

Әус пен Хазраж тайпалары яһуди тайпаларымен тығыз қарым-қатынас орнатты. Бір-бірімен қыз беріп, қыз алысты.<sup>316</sup> Материалдық жағдайы бар ер кісілер қалағанынша әйелге үйленіп, қалағанынша күн де сатып алатын еді. Йәсрибтік әйелдер өңірдегі басқа әйелдерге қарағанда көбірек құқықтарға ие болатын. Мәселен, йәсрибтік әйел күйеуінен ажырасуға құқылы болды.<sup>317</sup> Мирасты бөлісуде әділеттілік сақталмады, әкесі дүниеден өткенде мирас толығымен қолына қару ұстауға шамасы жететін ұлдарына өтетін, ал әйелдер мен балаларға бұл мирастан ешбір үлес берілмейтін еді.<sup>318</sup>

### Жеке ислам бауырластығы

Әз.Мұхаммед Құранда берілген аттарына сәйкес Меккеден Мәдинаға қоныс аударған мұсылмандарды «мүһәжирун», ал мәдиналық мұсылмандарды «ансар» деп атап, алғашқы мұсылман қоғамының негізін қалыптастыру мақсатымен екі топ арасын біріктіріп, жеке бауырластық құрды. Осыған байланысты әрбір мәдиналық мұсылман бір меккелік мұсылманды бауырым деп, өз үйіне орналастырып, қоныс аударған бауырына барынша көмек көрсетті. Осылайша әрбір мәдиналық мұсылман өзіне басқа мұсылмандардан жақынырақ меккелік бауыр тапса, дәл солай әр меккелік мұсылман да өзіне барлық мәселеде қолдау көрсететін мәдиналық бауыр тапқан-ды. Ансарлар Аллаһ ризалығы үшін жұрттарын тастап, өздерін паналаған дін бауырларымен ішер астарын да, киім-кешектерін де бөліскен еді. Құранда ерекше адамгершілік қасиеттері мен сипаттары аталған мүһәжірлер мен ансарлар ислам бауырластығы тұрғысынан пайғамбар үмметіне өнеге болды.

Араларында жеке бауырластық құрылған тұлғалардан бірқатарын атап өтуді жөн көрдік:

315 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 201.

316 Севад Әли, *аталмыш еңбек*, IV, 14; Жәмалиддин Әл-Ийаши, *Ән-Низамул-Ижтима'и фил-Ислам*. - Тунис, 1393|1973, 10.

317 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 140.

318 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 136.

**Мүһәжір**

Әбу Бәкір  
 Омар *бин* әл-Хаттаб  
 Осман *бин* Аффан  
 Әбу Убәйда *бин* Жәррах  
 Абдуррахман *бин* Ауф  
 Мусғаб *бин* Умәйр  
 Аммар *бин* Ясир  
 Әбу Зәрр әл-Ғифари  
 Хатиб *бин* Әбу Бәлта  
 Сужағ *бин* Уәхб  
 Зубәйр *бин* Аууам  
 Умәйр *бин* Амр  
 Сағд *бин* Әбу Уәққас  
 Абдуллаһ *бин* Мәсғуд  
 Хәббаб *бин* Әрат  
 Сәлман әл-Фариси  
 Біләл-и Хабаши  
  
 Талха *бин* Убәйдуллаһ  
 Сәид *бин* Зәйд *бин* Амр  
 Әбу Хузайфа *бин* Утба

**Ансар**

Хариса *бин* Зәйд  
 Итбан *бин* Мәлік  
 Әус *бин* Сәбит  
 Сағд *бин* Муаз  
 Сағд *бин* Раби  
 Халид *бин* Зәйд  
 Хузайфа *бин* Яман  
 Мунир *бин* Амр  
 Рухайла *бин* Халид  
 Әус *бин* Хаули  
 Кәғб *бин* Мәлік  
 Язид *бин* Харис  
 Сағд *бин* Муаз  
 Муаз *бин* Жәбал  
 Жәбр *бин* Атик  
 Әбу Дәрда Умәйр *бин* Сағлаба  
 Әбу Руайха Абдуллаһ *бин*  
 Абдуррахман  
 Қариб *бин* Мәлік  
 Убәй *бин* Кағб  
 Аббад *бин* Бишр *бин* Уахш

Сонымен қатар Әз.Пайғамбар өзі мен Әли *бин* Әбу Талибты, көкесі Хамзамен Зәйд *бин* Харисаны бауыр деп жариялады. Риуаят бойынша, бұл жеке бауырластық келісімі Әз.пайғамбар Мәдинаға хижрет еткеннен кейін 5 – 8 айдан соң жүзеге асқан екен. Осыған ұқсас келісім бұдан бұрын Меккедегі алғашқы мұсылмандар арасында да жасалған-ды. Әз.Мұхаммед мұсылмандарға: «*екі-екіден, үш-үштен бауырласыңыздар*», – деп бұйырып, Әз.Хамза мен азатты құл Зәйдті бауырластырған болатын.

Әз.Мұхаммед хижреттің алғашқы жылында мүһәжірлер мен ансарларды Әнас *бин* Мәліктің үйіне жинап, бір-бірімен бауырластырды. «Ислам бауырластығы» келісімі бойынша жеке бауыр атанған бұл сахабалар бір-біріне мұрагер де бола алатын еді (1). «Хашр» сүресінің 9-аятында бұл жағдай:

*«Ал олардан алдын (Мәдинада) үй-жайы болып әрі иманда орнық-қандар (ансарлар) өздеріне қоныс аударғандарды (мүһәжірлерді) жақсы көреді, жүректерінде оларға берілген нәрселерге ешқандай қажеттілік (кірбіндік) сезбейді. Әрі өздерінде мұқтаждық болса да, оларды өздерінен артық көреді. Кім өзінің сараңдығынан сақтанған болса, міне, солар – табысқа жетушілер»,* – делінген.

Мүһәжірлер мен ансарлар арасында қалыптасқан дін бауырластығы туыстық бауырластықтан қуатты болды. Өйткені олар бір-біріне тіршіліктерінде қолдау көрсетті. Сондай-ақ ансар бауыры дүниеден өткенде мүһәжір бауырына мұра да қалдыра алатын еді. Осылайша іске асқан «жеке дін бауырластығы келісімі» алғашқы мұсылман қауымның іргетасын қалыптастырды. Сонымен қатар келешекте ауқымы кеңіп, бүкіл әлемге жайылғалы тұрған, ислам әлеміндегі барша мұсылмандарды қамтитын «жалпы дін бауырластығының», яғни ислам үмметінің де басты негізін құрап, ислам өркениетіне бастау болған-ды.

Екі жүздей мүһәжір мен екі жүздей ансар отбасының басын қосқан бұл қарар мұсылман қауымның бірлігі мен ауызбіршілігін күшейте түсті. Әрі аталған келісім хижреттің бірінші жылында Мәдинада 2000-ға жуық мұсылман өмір сүргендігін көрсететін дәлел де болып табылады. Сол кездері Мәдина тұрғындарының жалпы саны он мыңдай болған деп жорамалданады.

Мәдинада мұсылмандармен бірге исламды қабылдамаған бірқатар араб тайпалары, мүнәфықтар мен яһудилер де өмір сүрді. Мүнәфықтар Әус пен Хазраж тайпалары және яһудилер арасынан шыққан топты құрады. Мүнәфықтар арасында беделі бар Абдуллаһ *бин* Убәй *бин* Сәлүл Хазраж тайпасының көсемі болатын. О бастан мүшрік Құрайышпен ауыз жаласқан Ибн Убәй хижреттен кейін дұшпандығын арттыра түсті. Өйткені хижреттен соң Мәдинаға орнығып, қала билігін өз қолына алған мұсылман қауым оны Мәдинаның басшысы болсам деп көптен күткен үмітінен айырған еді. Осы себепке байланысты яһудилер де, мүнәфықтар да мұсылмандардың қалаға орнығуын қош көрмеді. Олар Әз.Мұхаммед пен мұсылмандарға дұшпан ретінде қарады.

Әз.пайғамбар Мәдинаға келе сала, ең алдымен, жаңа қоныс аударған мүһәжірлерді орналастыру және олар мен отбастарының күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселесін қолға

алған болатын. Осы мақсатқа байланысты Құранда аты аталған ансарлар (мәдиналық мұсылмандар)<sup>319</sup> мен мүһәжірлер (меккелік мұсылмандар)<sup>320</sup> арасында әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық пен өзара көмекке негізделген қарым-қатынас орнатты. Бұл байланыс «муахат», яғни бауырластық деп аталды. Хижреттен бес (не сегіз) айдан кейін жасалған бауырластық келісімнің негізінде мүһәжірлер мен ансарлар бір-біріне бауыр деп жарияланып, араларында туыстық, тайпалық байланыс жоқтығына қарамастан, тіпті, бір-біріне мұрагер де болған-ды.<sup>321</sup>

Бұл келісім бойынша бауырласқан мұсылмандар бірге еңбек етіп, тапқан табыстарын бөлісті. Достық сезіммен жасалған келісім арқылы Мәдинаға орналасқан алғашқы мұсылмандардың баспана мен күнкөріс сияқты ең басты әлеуметтік қажеттіліктері қамтамасыз етілді. Сөйтіп, мұсылмандар жаңа қоғам құрып, жаңа өмірге бастаған болатын. Аталған бауырластық негізінде меккеліктер тез арада Мәдинадағы жаңа өмірге үйренісіп кетті. Көрсетілген жанашырлық пен көмек үшін мүһәжірлер мәдиналық мұсылман бауырларының алдында өздерін борышты сезінді. Олар Мәдинадағы экономикалық өмірге бейімделген уақытта, Әз.пайғамбар бір атадан туған туыстардан өзге дін бауырлардың бір-біріне мұрагер болу мәселесін өз еріктеріне қалдырды. Соның негізінде әрбір азамат өз отбасының отағасына айналды.<sup>322</sup> «Әнфәл» сүресінің 75-аятына сай мұраға қатысты үкімдердің алдымен туыстарды қамтуы «Бәдір» шайқасынан кейін жүзеге асты. Өйткені мұсылмандар арасындағы бірлікті сақтау үшін енді мұндай байланыстың қажеті қалмаған-ды. Оның үстіне мұсылмандар санының күрт артуы да бұл байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін еді.<sup>323</sup>

---

319 Тәуба, 100, 117.

320 Тәуба, 100, 117; Хашр, 8; Нұр, 22; Ахзаб, 6.

321 Ибн Хишам, *Сира*, II, 150; Ибн Кәсир, *Сира*, С. II, 324; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 134; Хизметли, *аталмыш еңбек*, 219-220; Булач, *аталмыш еңбек*, 176; Т.Аrnold, *Интишар-и Ислам Тарихи*, ауд. М.Халил Халид. – Анкара, 1982, 49.

322 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 134-135 («Әнфәл» сүресінің 75-аятының түсуімен мирастың қандай туыстарға берілетіндігі белгіленген болатын).

323 Т.Аrnold, *аталмыш еңбек*, 49; әл-Бути, *аталмыш еңбек*, 282.

Әскери қимылдар кезінде Әз.пайғамбар екі дін бауырдың біреуін ғана әскерге алып отырды. Ал үйде қалған бауыры екі жанұяның қажеттіліктерін қамтамасыз етті.<sup>324</sup>

Міне, әлем тарихында бұрын болып көрмеген бұл бауырластық әрекеті әлеуметтік әділеттілік пен ынтымақтастық жолында жасалған өте маңызды қадам болып табылады.

Ислам өркениетінің Мәдинадағы алғашқы көрінісі ретінде қарастырылып отырған «ислам бауырластығы келісімі» жөнінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әз.пайғамбар тарапынан бұл екі топ арасында жүзеге асырылған бауырластық нәтижесінде:

1. Мүһәжірлердің Мәдинаға бейімделуі жеңілдетілді;
2. Мүһәжірлерге материалдық көмек көрсету мүмкіндіктерін іздестіру барысында дін бауырластығы да қамтамасыз етілді;
3. Іске тарту арқылы көмек көргендердің психологиялық тұрғыдан өздерін ыңғайсыз сезінуіне жол берілмеді;
4. Көрген қиыншылықтарға сабыр етіп, бойына адалдық пен тәжірибе жинақтаған мүһәжірлерді ұстаз, ал ансарларды оларға шәкірт ету арқылы тәлім-тәрбие беру ісі көзделді;
5. Араларында ортақ талғамды жаю арқылы сахабалардың бойында тұлғалық қасиеттер қалыптастырылды;
6. Кәпірлер, мүнәфіқтар мен яһудилердің арандатуына қарсы үммет арасындағы ынтымақтастық қамтамасыз етілді.<sup>325</sup>

## **Б. ОЙ-ШКІР МЕН МӘДЕНИ ЖҮЙЕ**

### **1. Хижреттен бұрынғы Мәдинаның (Йәсрибтің) ой-пікір және мәдени құрылымы**

Йәсрибтегі Әус пен Хазраж тайпалары Манат атты пұтқа табынатын.<sup>326</sup> Әус пен Хазраж табынған бұл пұт Мушәллал тарапындағы теңіз жағалауында орналасқан Қадид деген жерде

324 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 135.

325 Алгүл, *аталмыш еңбек*, 63.

326 Ибнул-Кәлби, 29; Әзрақи, 82; Севад Әли, V, 89.



болатын.<sup>327</sup> Аталған екі тайпадан басқа Өзд, Ғассан және Хузәйл тайпалары да осы пұтқа құлшылық жасайтын.<sup>328</sup> Күтімімен Хузәйл тайпасы айналысатын бұл пұт адам не басқа бір жандының бейнесінде емес, жай ғана тастан тұратын еді.<sup>329</sup>

Йәсрибтік қажылар Меккеде Бәйтуллахты тауап етіп, Арафаттан тараған уақытта Минаға келіп міндеттерін атқарғаннан кейін Манатқа барып, соның жанында шаштарын қысқартатын және тәлбийә келтіретін.<sup>330</sup> Сонда ғана қажылығын тамамдаған саналатын еді.<sup>331</sup> Бұл ғибадаттарды аяқтағанға дейін ешбір үйдің көлеңкесіне отырмайтын және ихрам киген уақытта, тіпті, өз үйлеріне де кірмейтін. Ал үйге кіру қажеттілігі туындаған жағдайда есіктің үстінгі жағы басын жауып тұрсын деп, үйдің артынан кіретін болған.<sup>332</sup> Өус пен Хазраж тайпаларынан шыққандар үшін Манат ең қасиетті пұт ретінде саналғанымен, олар Меккедегі Узза мен басқа пұттарды да қасиет тұтып,<sup>333</sup> құрмет көрсететін еді.

Арабтардың барлығы дерлік Манат пұтына мал атап, құрбан шалатын. Оған тілеген арман-тілектерін қабыл ететін, қиын қыстау уақытта демеу болатын күш ретінде қарайтын еді.<sup>334</sup> Көптеген араб тайпалары арасында Абду Манат, Зәйду Манат сияқты есімдердің өте жиі кездесуі де Манаттың бүкіл арабтар тарапынан қасиет тұтылғандығын көрсетеді.<sup>335</sup> Жевад Әли Манаттың теңіз жағалауына орналасқандығына қарап, теңіз тәңірі ретінде саналған болуы керек деген пікір білдіреді.<sup>336</sup> Йәсрибтіктер осы пұттардың бірқатар мүсіндерін үйлеріне қойып, оларға тәжім ететін еді.<sup>337</sup>

---

327 Ибнул-Кәлби, 29; Ибн Хишам, I, 85; Өзрақи, 82; Севад Әли, V, 89; Алуси, II, 202; Сухейли, I, 356; Мұхаммедул-Алд әл-Хадрауи, *Әл-Мәдина ви садрил-Ислам*. - Бейрут, 1984, 22.

328 Өзрақи, 82; Севад Әли, V, 89.

329 Өзрақи, 82.

330 Ибнул-Кәлби, 30; Кәххале, 30; Жевад, V, 90; Кәххале, I, 342.

331 Ибнул-Кәлби, 30; Кәххале, I, 342.

332 Өрзақи, 112.

333 Алуси, 295.

334 Алуси, II, 202; Жевад Әли, V, 90.

335 Ибнул-Кәлби, 30; Жевад Әли, V, 91.

336 Жевад Әли, V, 89.

337 Әл-Хадрауи, 22.

Әус пен Хазраж тайпалары араларындағы соғыстарға қарамастан, діни мәселелерге ерекше көңіл бөлетін. Қажылық не умраға бару ниеті діндар кісі үшін қауіпсіздік кепілі ретінде қаралатын. Бұл кепілдік үшін өзі тұратын шатырдың үстіне кесілген құрма ағашының бұтағын қоюы жеткілікті болатын.<sup>338</sup> Сол арқылы кісі мал-жанын, ар-намысын қауіп-қатерден қорғайтын еді.

Йәсрибтіктер Қағбаны да қасиет тұтып, қажылық ғибадатын орындайтын. Олар ахмесилерге жататын Құрайыштан өзгеше Хил жұрты саналатын.<sup>339</sup> Хилдық болғандықтан, уақфаны Арафатта жасайтын-ды.

Арабия түбегінде діндар монахтарға еліктеген және ханиф деп аталатын топқа жататын Әбу Қайс Сырма *бин* Әбул-Әнас сияқты кісілер йәсрибтіктердің бұл дүниетанымына қарсы шыққан еді. Әбу Қайс Сырма *бин* Әбул-Әнас пұтқа табынушылық сенімінен бас тартып, христиандыққа бет бұрады. Тіпті, монахтарға еліктеп, солардай киіне бастайды. Біршама уақыттан кейін христиандықты да тастап, өзіне бір бөлме соқтырып, сол жерде ғибадатқа беріледі. Қасына жүніп болған кісілер мен етеккірі келген әйелдер кірмейтін еді.<sup>340</sup> Ислам дінінің Йәсрибке аяқ басуымен ол мұсылмандықты қабылдаған болатын.

Сонымен қатар Йәсрибте Арабстанда үстемдік құрған пұтқа табынушылық сенім мен кітаби дүниетанымды бірлестіруге тырысқан монах Әбу Амр әл-Фасиқ сияқты жаңа діни сенімді ұстанғандар да бар еді.<sup>341</sup> Әбу Амр ұзақ діни ізденістен кейін христиандықты қабылдап, монах киімін киінген болатын.<sup>342</sup> Әус тайпасынан шыққан бұл кісі тайпаластарынан бір топ кісіні өз төңірегіне жинаған-ды.

Осы аймақты мекендеген яһудилер сыртқа жабық қоғам қалыптастырған еді.<sup>343</sup> Олар араб тайпаларымен араласпай,

338 «Мубаис» соғысы шиеленіскен тұста Әус тайпасынан бір топ кісі меккеліктермен келісімшарт жасасу үшін осы діни жоралғыдан пайдалана отырып, аман-есен Меккеге жеткен екен. Қараңыз: Ибнүл-Әсир, I, 550.

339 Ибн Хабиб, Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Хабиб ибн Умәййа ибн Омар әл-Хашими әл-Бағдади (240), Китабул-Мухаббар, ред. Док. İlze Lishten, 179.

340 Ибн Кутәйба, 50; Алуси, II, 266.

341 Кәххале, I, 51

342 Ибн Жәузи, 36.

343 Дервезе, I, 105.

тек өз руластары орналасқан арнайы аудандарда тұратын.<sup>344</sup> Яһудилер діни ғибадаттарын «Бәйтүл-Мидрас»<sup>345</sup> деп аталатын өздерінің діни орталығында атқаратын. Бұл жерде қылмыскерлер жазаға тартылып,<sup>346</sup> әрі орталық білім беру мекемесі ретінде де қолданылатын. Яһудилер иврит тілін білгенімен, арабша сөйлеп, уағыздарын да араб тілінде жүргізетін.<sup>347</sup> Олар араб тілін бірқатар себептерге байланысты қолданған болу керек. Бәлкім, яһудилер діндерін таратуды көздегендіктен, төңірегіндегі арабтар түсінетіндей тілді пайдаланған болар. Мәдиналық яһудилердің арабша сөйлегендігіне, есімдерінің араб есімдеріне ұқсастығына қарап, олар арабтардан шыққан деген пікірді ұстанған Филип Хиттің (Philip Hitti) бұл тезисі шындыққа сәйкеспейді.<sup>348</sup> Өйткені Құранда олардың тікелей «Ей, Исраил ұлдары» деп аталуы,<sup>349</sup> Расулұллаһтың Софияны Харунның тегінен шыққан деп айтуы бұл тезиске қайшы келеді.<sup>350</sup> Йәсрибте өмір сүрген кейбір арабтардың яһудилердің дініне сай тәлім-тәрбие беру үшін өз балаларын осы мекемеге орналастыруы біздің тезисімізді қуаттай түседі.<sup>351</sup> Соңғы пайғамбар келеді деп күткен яһудилер Әус және Хазраж тайпаларымен келіспей қалған кездерде, оларға: «Соңғы пайғамбар келгенде, біз оған иман келтіріп, сендерді бұл жерден айдап шығамыз», – дейтін.<sup>352</sup> Алайда, Әз.Мұхаммед пайғамбар ретінде келген уақытта, олар оның қас дұшпанына айналған еді.

---

344 Дервезе, I, 105.

345 «Бәйтүл-Мидрас» кейбір дереккөздерде «Бәйтүл-Мәдарис» түрінде айтылған. Қараңыз: Ибн Жәузи, 43.

346 Өзкүйумжу, II, 422; Бәйтүл-Мидрастың қызметтері жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, II, 201, 207-208; Ибн Сағд, I, 164; Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 614.

347 Өзкүйумжу, II, 421;

348 Hitti бұл тезисін яһудилер қолданған бірқатар сөздерге негіздеуге тырысқан. Қараңыз: *Ислам тарихи*, I, 156. Әрине, ұзақ жылдар бойы арабтармен бірге өмір сүрген яһудилерге олардың тілі әсер еткен де болуы мүмкін. Алайда, бұл яһудилердің араб не арамей тегінен шыққандығын көрсетпейді.

349 Мысал ретінде қараңыз: Бақара, 40, 41, 47, 50, 72, 76, 83, 212; Ниса, 153; Мәида, 78, 81.

350 Сейт Мұртаза әл-Аскари, *Нақи-ы Айше дер Тарих* (парсы тілінен ауд. Ата Мұхаммет Сердар Ния). - Тегеран, 1340, I, 25.

351 Өзкүйумжу, II, 426.

352 Ибн Жәузи, 35-38.

Яһудилер арасында Надир ұлдары мен Қурайза ұлдары өздерін басқа тайпалардан үстем көретін. Бұл екі тайпаны басқа яһудилер кәһиндер (сәуегейлер) деп атайтын.<sup>353</sup> Кәһиндер деп аталуына байланысты бірқатар зерттеушілер жаңылысып, бұл тайпалар сәуегейлікпен айналысқан немесе Кәһин *бин* Харун *бин* Имран тегінен шыққан деген пікірге келген. Алайда, Жевад Әли кәһин деп яһуди мәдениетінде дін адамы аталғандығын, олардың күнделікті, апталық, айлық және жылдық құрбандарды шалу, діни рәсімдерді атқару, қасиетті ыдыстарды тазалау және күтімін жасау, діни үкімдерді жүзеге асыру сияқты міндеттерді атқарғандығын және арнайы киімдер кигендігін айтады.<sup>354</sup> Осы мәліметтермен қатар Ноэлдекеге (Noeldeke) де сүйене отырып, Жевад Әли Қурайза ұлдары мен Надир ұлдары осындай дін адамының тегінен шыққан болуы мүмкін деген пікір айтады.<sup>355</sup> Құрандағы «раббанийун» мен «ахбар»<sup>356</sup> атаулары, мүмкін, әртүрлі діни жоралғыларды атқарған дін ғалымдарының атаулары ретінде қолданылған болар.

Хамидуллаһтың айтуы бойынша, Йәсрибте яһудилер мен Әус және Хазраж тайпаларынан басқа саны елуге жуық христиан да өмір сүрген. Оларды жоғарыда аталған Әбу Амр атты монах басқарған көрінеді.<sup>357</sup> Олардың көпшілігі Әус тайпасынан шыққан болатын. Араларында христиан құлдар да өмір сүрген болуы мүмкін. Йәсрибтегі яһудилердің өздеріне тиесілі ғибадатханасы болғандығы белгілі. Ал христиандарда шіркеу болып-болмағандығы белгісіз.

Меккеліктерге қарағанда Йәсриб тұрғындарының мәдени тұрғыдан біршама дамығандығы байқалады. Өйткені Йәсрибте сауатты кісілер саны өте көп болған.<sup>358</sup> Тіпті, сауаттылығын тартынбай көрсете алатын және өлең-жыр айта алатын кісілер «әл-кәмил» деп аталған.<sup>359</sup> Олар халық арасында ерекше құрметке

353 Семхуди, I, 1778; Жевад Әли, IV, 12.

354 Жевад Әли, IV, 13-14.

355 Жевад Әли, IV, 13-14.

356 Мәида, 62-63.

357 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 136.

358 Дереккөздерде олардың көпшілігінің есімдері аталған. Олардың арасында Сәид ибн Зурара, Мунзир ибн Амр, Убәй ибн Уәһб сынды тұлғалар танымал болған. Қараңыз: Жевад Әли, IV, 187.

359 Жевад Әли, IV, 186. Йәсрибте мұндай сипатқа ие болған Суәйд ибн Уәһб ибн Сәмит әл-Әустің аты дереккөздерде аталған.

бөленген. Йәсрибтіктердің қандай жазу қолданғандығы жөнінде жеткілікті мәлімет жоқ. Дегенмен, иврит жазуын пайдаланған деп жорамалданады.<sup>360</sup> Йәсрибте исламнан бұрын балалар сауатын ашатын мекеме (Дәрул-мидрас)<sup>361</sup> жұмыс істеген. Мұндай мекеме ол тұста Хижаз аймағының ешбір жерінде болмаған. Яһудилер ашқан бұл мекемеде Әус пен Хазраж тайпаларының балалары да білім алатын.<sup>362</sup> Яһуди балалар мен пұтқа табынушы балалардың бір шаңырақ астында білім алуы назар аударарлық жайт. Мұндай балалардың кейбірі кейінірек яһуди дінін қабылдаған еді.

## 2. Хижреттің ой-пікір мен мәдени саладағы салдарлары

Мұсылмандар хижрет ету арқылы әскери-саяси тұрғыдан да, сондай-ақ мәдени жақтан да елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Аллаһқа иман келтірмегендер сан жағынан басым түсіп, билік құрған, шынайы әрі еркін түрде діни ғұмыр кешуге жол берілмеген, Аллаһ достары жәбір-жапа көріп, жұртынан қуылған, тіпті, өмірлеріне қастандық жасалған жерден (Меккеден) мүміндер үстемдік құрған, адамдар діндеріне байланысты зұлымдыққа ұшырамаған және еркін түрде діндерін ұстанған жерге (Йәсрибке) қоныс аудару, сондай-ақ Аллаһ тыйым салған нәрселерден бас тарту, ұзақтау және оларды толығымен тастау мағыналарын білдіретін «хижрет» оқиғасы өзімен бірге бірқатар әлеуметтік-мәдени жаңалықтарды да алып келген еді.

Хижрет жаңа бір мәдениеттің пайда болуына ықпал еткен ішкі және сыртқы күрес ұстанымдарын, сонымен қатар материалдық-рухани элементтерді қамтыған болатын. Адамзат баласының әлеуметтік-мәдени құрылымын қалыптастыратын ата-ана, қоршаған орта, мектеп және мәдениет сияқты негізгі ұғымдарды толықтай қамтыған-ды. Әз.Мұхаммед жәһілдік дәуірдің дәстүршіл, надан, пұт-қа табынушы қоғамына тән ортақ мәдени ерекшеліктерді бойына сіңірген ортада өскенімен, оны Раббысы тәрбиелеген еді. Өзіне уахи түсіп, пайғамбар ретінде таңдалғанда Арабстан мен бүкіл әлем халықтарының мәдени құндылықтарынан өзге, иләһи қайнар-

---

360 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 202.

361 Жевад Әли, IV, 186.

362 Жевад Әли, IV, 186.

көзден бастау алатын мәдени құндылықтарды қабыл етті. Әрине, бұл – ислам пайғамбары жер бетінен тыс жерде, араб халқынан ұзақ ортада өсті деген сөз емес. Ал Өз.пайғамбар үндеген ислам дінін қабыл еткен меккелік және мәдиналық мұсылмандар, жалпы алғанда, жәһілдік дәуірге тән мәдени құндылықтар аясында тәрбие алған болатын. Сондықтан оларға жаңа мәдени құндылықтарды үйрету, тәндік және рухани тұрғыдан кемелдендіру, әлбетте, өте қиын мәселе еді.

Өз.пайғамбар Мекке кезеңінде білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөліп, Әркімнің үйінде сабақтар жүргізген тұғын. Мәдинаға келгеннен кейін де Мәдина мешіті мен Суффада тәлім-тәрбие мәселесін қайта қолға алды. Жаңа мұсылмандарды бойына сіңген ескі жаңылыс салт-дәстүр, сенім-наным мен мәдени құндылықтардан тазартып, ислам дініндегі сенім мен ахлақ негіздеріне сай тәрбиелеуге тырысты. Бұл мәселеде үлкен табыстарға жетті. Әрі жан дүниесі мен дүниетанымы әрі санасы мен ой-өрісі тазарып нұрланған алғашқы мұсылмандар кейінгі мұсылман ұрпақ үшін өте бай әлеуметтік-мәдени мұра қалдырды. Ислам діні адам баласының бүкіл өмірін қамтитын негіздермен келіп, жаңа өмір сүру салтын қалыптастырған үлкен төңкеріс болып табылады.

Өз Мұхаммедтің исламның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын байлар кедейлерді, әлділер әлсіздерді билеп төстеген, әйел кісі мен жетімдерді кісі құрлы көрмеген, тыныштық пен бейбіт өмір тек дөрекі күш жұмсау арқылы қамтамасыз етілген қоғамда орнықтыруға тырысқандығын ұмытпаған жөн. Әлеуметтік-мәдени өмірінде қулық, өтірік, арсыздық, алаяқтық, ұрлық, өсім мен паракорлық жайлаған араб қоғамын турашылдық, адалдық, өзара сүйіспеншілік пен құрмет, әділеттілік, халал мен харам, ынтымақтастық пен көркем мінез-құлық сияқты биік ұғымдарға негізделген қоғамға сай тәрбиелеп, басқаруға тырысты.

Ал дәстүршіл, пұтқа табынушы Құрайыш тайпасы, мәдиналық мүшрік тайпалар мен яһудилер бұл жаңа формацияға ұйымдаса қарсы шықты және мұсылмандардың реформаторлық қозғалысына барынша кедергі жасауға ұмтылды. Бұл жағдай әлеуметтік-мәдени салада басталған хижреттің ендігі жерде өзіне ыңғайлы орта әзірлеп, ықпалын арттыру үшін құрылымын жетілдіріп, материалдық салада да хижретті орнықтыратын құрылымдар қалыптастыруы қажет

екендігін көрсетті. Ата-ана, әйел, бала-шағасынан ұзақта, жат жұрты паналаған мұһәжір мұсылмандар бұл проблемаларына көз жұмып, хижреттің әлеуметтік-мәдени құрылымын орнықтыру жолында бар күш-жігерлерін жұмсады. Мұһәжірлерді жаңа әлеуметтік ортаға бейімдеу және ансарлармен біте қайнастыру мақсатымен жүзеге асырылған, арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланысты күшейткен «Жеке ислам бауырластығы», сондай-ақ ішкі бірлік пен қауіпсіздікті орнату үшін яһудилермен жасалған «Отандастық келісімшарты» («Мәдиналықтар келісімшарты») және Куба мен Мәдина мешіттерінің салынуы сияқты шаралар осы бағытта жасалған басты қадамдар болып табылады. Мұсылмандар халық жиналатын кез келген жерде исламның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын тарату, жаңа дінді адамдардың жүрегі мен іс-әрекеттеріне үстем ету үшін дінді насихаттап жеткізуге (тәблиғ етуге) тырысты. Аллаһтың қалауымен бұл мәселеде жетістікке жетті. Хижрет әрі әлеуметтік-мәдени әрі материалдық тұрғыдан кемеліне жетіп, жаңа бір орта, жаңа бір қоғам қалыптасқан-ды. Бұл жаңа орта ислам ортасы, ал жаңа қоғам мұсылман қоғамы еді. Мәдина кезеңінде алғашқы мұсылмандар тарапынан құрылған әлеуметтік және мәдени құндылықтар ислам өркениетінің қалыптасуына, сондай-ақ түрлі мұсылман мемлекеттердің құрылымдық жағынан жетілуіне үлгі болды.

Ұлы Аллаһ дінін, әрине, оған қолдау көрсеткендер арасында жаяды. Аллаһтың Расулы мен соңғы иләһи дін ислам Мәдина қаласының мерейін өсірді. Өз.пайғамбар мен жолдастары өткен жолдың екі жағын қаптаған ер азаматтар, үйлерінің шатырына шыққан әйел, бала-шаға: «Аллаһтың Расулы келді! Аллаһтың Расулы келді!» – деп сүйіншілеп қуанысқан-ды.

Өз.Мұхаммедтің Мәдинада мұндай шабыт, қуанышпен қарсы алынуы оның теңдесі жоқ төңкерісінің жаңа да сәтті бір кезеңге аяқ басқандығын сүйіншілегендей еді. Өз.пайғамбар мінген Қусуа (Кәсуа) атты түйе Мәдинаның оңтүстік жағындағы құрма ағаштарының арасынан баяу адымдармен ілгерілей отырып, үйлер жиі орналасқан аудандарға дейін келеді. Соңында Кәсуа Бірінші Ақаба сертіне қатысқан Әсғад пен Ауфтың руына қарай, Хазраждың Нәжжар ұлдары тайпасының Адий руына қарасты үйлерге қарай бағыт алады. Әсғадтың бақшасының алдындағы алаңға келіп шөккен түйесінен Өз.пайғамбар бірден түспейді. Түйе біраз кідіріп, қайта тұрып біраз жүргеннен кейін қайта айналып сол жерге келіп шөгеді.

Әз.пайғамбар түйесінен түседі. Бұл бақша Сәхл мен Сухәйл атты екі жетімге тиесілі болатын. Кейінірек бұл жерге Нәби мешіті салынды. Сол уақытта бақшаның алдындағы үйде тұратын Әбу Әййуб Халид атты мәдиналық мұсылман түйенің жүгін түсіріп, үйіне алып барады. Әбу Әййуб Халид әл-Ансари – Ақабадағы екінші кездесуде Әз.пайғамбарға серт бергендердің бірі. Әбу Әййубтың шақыруымен үйіне қонақ болған Әз.пайғамбар Мәдина мешітінің жанында өзіне арнап үй салынғанға дейін сол жерде қалады. Әмеуилер тұсында Стамбулды фәтх етуге келген әскер құрамында болған Әбу Әййуб әл-Ансари сол шайқаста қаза табады. Кейінірек табылған қабірінің орнына кесене салынған болатын. Бұл танымал сахабаның кесенесі Стамбулдағы өзінің атымен аталатын Әййуб ауданында орналасқан.

### **а. Мәдина мешіті (Мәжидун-Нәби)**

Мәдинаға орналасқаннан кейін Әз.пайғамбар мен меккелік мұсылмандар бірден ислам дінін жаюға, оның құрылымын қалыптастыруға бар күш-жігерін салады. Әз.пайғамбар мұсылмандардың бірлік пен ауызбіршілігін күшейту, араларындағы бауырластық байланысты нығайту, сондай-ақ Ұлы Аллаһқа жамағат болып ғибадат жасауы үшін, ең алдымен, мешіт салуға кірісті. Мешіт құрылысына Әз.пайғамбардың өзі де атсалысты. Дуалының басым бөлігі шым кірпіштен салынған мешіттің Құдысқа (Йерусалимге) қарайтын жағындағы ойыс жердің екі жағына тас қойылды. Бақшадағы құрма ағаштары кесіліп, бұтақтарымен мешіттің төбесі жабылды.<sup>363</sup> Мұсылмандар намаз уақыты келгенде, бірлесе соққан осы мешітке жиналатын. Бұл мешіт мұсылман «жамағаттың» қалыптасуында, Мәдина мемлекетінің құрылуы мен құрылымдарының орнығуында, ислам дінінің тарауында және мұсылман қауымға тәлім-тәрбие мен білім беру мәселесінде ерекше маңызды қызметтер атқарды. Сондай-ақ мешіт саудамен айналысқан ортада өскен меккелік мұһажірлер мен егін шаруашылығымен шұғылданған ортадан шыққан мәдиналық ансарларды біріктіріп, мұсылман қауымның күшеюіне үлкен үлес қосты. Мешіт тек ғибадатхана қызметін атқармады. Ол жер-

363 Ахмед Челеби, *Исламда Ейитим Өгретим Тарихи*, ауд. Әли Йардым. - Стамбул, 1983, 97-98; Зия Казыжы, *Ислам Мүессеселери Тарихи*. - Стамбул, 1991, 225.



де мемлекеттік маңызды мәселелер талқыланып, соғыс пен бейбіт келісімдер жөнінде қарарлар қабылданды. Мұсылмандардың діни, дүниелік мәселелерімен қатар, саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелері де қарастырылып, шешімдер шығарылды. Пайғамбар мешіті мұсылмандар қоғамы үшін мәжіліс пен кеңес орны, сот мекемесі, мәдениет пен ғылым орталығы, тәлім-тәрбие беретін білім ошағы ретінде қызмет көрсетті.<sup>364</sup>

Әз.пайғамбардың тұсында Мәдинада он мешіт салынды. Олардың арасында ең ескісі Куба мешіті болып табылады. Әз.пайғамбар Мәдинаға келген уақытта Нәжжар ұлдары тұратын ауданға салдырған Мәсжидун-Нәби бүгінгі күнге дейін сақталып, бірнеше рет кеңейтілген. Қалған мешіттер Нәжжар ұлдары ауданынан шалғай жатқан, түрлі тайпалар қоныстанған аудандарға салынған-ды. Мұсылмандар бес уақыт намаздарын, жалпы, ең жақын мешітте оқитын, ал жұма намазын оқу үшін Мәсжидун-Нәбиге баратын еді.<sup>365</sup>

Кейбір құжаттарда аптасына бір рет жұма күндері оқылған бұл намаздың хижреттен бұрынғы кезеңде басталғандығы айтылған. Шындығында, Әз.Мұхаммед Мәдинаға хижрет етпей тұрып, ондағы Мусғаб *бин* Умәйр атты өкіліне хат жазады. Хатта жұма күні түскі уақытта намаз оқу үшін бүкіл мұсылмандарды (ерлер мен әйелдерді) ұйымдастыруын талап етеді.<sup>366</sup> Әз.Мұхаммед, әдетте, жамағатпен оқылатын жұма намазының парызынан бұрын екі бөлімнен тұратын құтба оқитын еді. Әз.пайғамбар құтбаны Аллаһқа хамд етумен (мадақтаумен) бастап, Оның рахымы мен кешірімін тілеп, имам ретінде қажет көрген: ахлақ, ғибадат, Аллаһты сүю сияқты түрлі тақырыпта сөз сөйлеп, саяси мәселелерге қатысты насихаттар да беретін. Құтбаны әрдайым алдын ала дайындықсыз және аса, найза немесе қылышына сол қолымен сүйеніп тұрып оқитын. Біршама уақыт демалу үшін құтбасын тоқтатып, содан кейін қайта Аллаһқа мадақтау сөз айтып, мінәжат еткеннен соң құтбаның екінші бөліміне өтетін.<sup>367</sup> Алғашқы жылдары құтбаларын ағаш бөренесінің не құрма ағашының діңгегінің жанында тұрып оқитын. Одан кейінгі

364 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 299.

365 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 299-300.

366 Хамидуллаһ, *әл-Уәсәиқус-Сиясийә*, 53; *Ислам Пейгамбери*, II, 300.

367 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 300.

уақыттарда бірнеше баспалдақтан тұратын мінбер жасатқан болатын.<sup>368</sup> Құтбаның екінші бөлімін аяқтағанда, Өз.Мұхаммед жамағаттың алдына шығып, намаз оқытатын. Мешіттер Қағбаға бағытталып, өте қарапайым түрде, ешқандай нақыш-сурет және мүсінсіз салынған еді. Едені топырақ болғандықтан, төсеніш не кілем төселетін.<sup>369</sup>

Өте қарапайым түрде салынған Мәдина мешітінде түрлі қызметтер атқарылды. Мешіттің іші намазды сап болып оқуға ыңғайлы болатын. Мешіттің солтүстік жағында орналасқан «Суффа» деп аталатын жерде намаз уақытында жамағат намаз оқып, ал намаздан тыс кездерде медресе ретінде қолданатын. Исламда зүһд (дүниені тәрк ету) қозғалысының осы жерде басталуына байланысты «Суффаны» кейінгі ғасырларда ортаға шыққан сопылық ағымның хабаршысы ретінде қарауға да болады. Мешіт ауласында құдықтың орын алуы кейінгі уақыттарда мешіттердің ауласына дәрет алатын орын салынуына ықпал етті. Өз.Мұхаммедтің үйі мешіттің іргесіне, тіпті, мешітпен біріктіре салынған еді. Мұның да әсері алғашқы дәуірлерден бастап, көптеген мешіт құрылысында байқала бастады. Пайғамбар мешіті аурухана, казарма, қонақ үй және түрме ретінде де қолданылды. Ал кейінгі дәуірлерде ислам сәулет өнерінде мұндай қызметтерге арналып жеке-жеке ғимараттар салынды. Міне, осы ерекшеліктеріне байланысты Мәдина мешіті қарапайым құрылысына қарамастан, ислам сәулет өнеріне көптеген қырынан бағыт берген-ді.<sup>370</sup>

Мұсылмандар, мүмкіндігінше, басқаларға еліктемеуге тырысты. Әсіресе, діни мазмұнды тың мәселелерде өзіндік сипат ұстануды мақсат етті. Мәселен, азан шақыру оқиғасын алайық. Намаз уақытын білдіру үшін бір шара ойлап табу қажет болады. Өз.пайғамбар қоңырау қағу, от жағу не сырнай тарту сияқты әрекеттерді қабыл етпейді. Ақыр соңында намазға шақыру үшін ерекше әдіс табылып,

368 Бухари, *Сахих*, Саләт, 64, Хибә, 3; Мүслим, *Сахих*, Мәсәжид, 45; Әбу Дәуіт, *Сүнән*, Саләт, 221; Ахмед бин Ханбал, *Муснад*, V, 339; Санғани, *Әл-Мусаннаф*, ред. Хабибурахман әл-Ағзами. - Бейрут, 1971, ІН, 186; М.Хамидуллаһ, *Ислам Мүәссеселерине Гириш*, ауд. Ихсан Суреййе Сырма. - Стамбул, 1984, 84; Нүсрет Чам, *Исламда Санат, Ресим ве Минаре*. - Анкара, 1994, 154.

369 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 300.

370 Чам, *аталмыш еңбек*, 161-162.

азан шақыру дәстүрі қалыптасады. Бұл оқиға исламның бір мәселені қолға алуда қандай рухани күйді бастан кешіргендігін өте тамаша көрсетеді.<sup>371</sup>

Мәдинадағы ислам мәдениетінің ең маңызды элементтерінің бірі саналатын Мәжидун-Нәби мен басқа да мешіттер туралы айтылған деректер Өз.пайғамбардың Мәдинадағы қоғамдық өмірде үлкен жетістіктерге қол жеткізумен қатар, материалдық өзгерістер де енгізу арқылы алып мәдениеттің іргетасын қалағандығын көрсетеді.

### ә. Суффа

Қазіргі кезде Мәжидун-Нәби деп аталатын Мәдина мешіті бір-бірінен бөлек үш бөлімнен тұратын еді. Бұл бөлімдерді намаз оқуға арналған зал, мектеп ретінде қызмет атқарған «Суффа» және Өз.пайғамбардың жанұясына арналып салынған бірнеше кішкене бөлме құрайтын-ды.<sup>372</sup>

Мешіттің бір бөлімі ретінде салынған «Суффа» ғылымның жеке тұлға мен қоғам өмірінде қаншалықты маңызды орын алатындығын көрсетеді. Сондықтан мешіттің бұл бөлімі Мәдина кезеңіндегі ислам мәдениетінде елеулі орынға ие болып табылады.

Үйі-жайы, отбасы, бала-шағасы жоқ кедей мұсылмандар мешіттің ауласы ретінде орын алған осы бөлімде тәлім-тәрбиемен қатар, ислам діні жөнінде терең білім де алатын еді. Мешіттің бір бұрышына іргелес салынған бөлімде тұратын және бар өмірін ислам дініне, білім алу мен білім беру ісіне арнаған бұл сахабалар «әһл-и суффа» деп аталды. Бастапқыда әһл-и суффа түгі жоқ кедей жетпіс мұсылманнан құралған болатын. Олар Өз.Мұхаммед пен бақуатты сахабалардың берген көмегімен не өздері отын сатып немесе су тасып тапқан табыстарымен күн көретін.<sup>373</sup> Олардың қатарында Ибн Мәсғуд, Біләл-и Хабаши, Әбу Зәр, грециялық Сұхайб, ирандық

---

371 Бухари, *Сахих*, Азан, 1; Мұслим, *Сахих*, Саләт, 3; Ахмед бин Ханбал, *Мүснәд*, II, 148; Ибн Кәсир, *Бидәйә*, III, 232; Санғани, *Мусаннаф*, I, 455; М.Ағыман, *Хз.Мұхаммед Девринде Месжид ве Фонксийонлары*. - Стамбул, 1997, 33.

372 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 75; Казыжы, *аталмыш еңбек*, 226.

373 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 75-77.

Сәлман сынды белгілі тұлғалар мен атақты хадис ғалымы Әбу Хурайраны атауға болады.<sup>374</sup>

Суффаға бір мектеп не медресе не бір жоғары оқу орны ретінде де қарауға болады. Онда Әз.пайғамбардың өзі сабақ беретін еді. Бірқатар сахабалар да оқу-жазу мен Құранды үйрету үшін оған қолғабыс жасайтын. Дегенмен, қысқа мерзім ішінде «Суффа» бұл қажеттілікті өтеуге тар келе бастайды. Соған байланысты Әз.пайғамбар білім алушылар сығылыспасын деген оймен Мәдинаның түрлі аудандарында бастауыш не дайындық мектебіне ұқсас білім ошақтарын ашады. Хижри екінші ғасырдың өзінде Мәдинада Мәхрама бин Нәуфалдың үйінде «Дәрул-Қурра» деп аталатын мектеп құрылған болатын. Сонымен қатар Әз.пайғамбар Мәдинаның оңтүстігіндегі Куба мешітіне жиі-жиі соғып, мұндағы оқу үдерісін бақылап та тұрған. Бәлазури Мәдинада Пайғамбар мешітінен басқа тоғыз мешіттің салынғандығы жөнінде айтады. Сахабалардың бұл мешіттерді әрі мектеп ретінде пайдаланғандығы, әрине, түсінікті.<sup>375</sup>

«Суффаға» «мұғалімдер мектебі» ретінде қарауға да болады. Осы орынға қоныстанған әһл-и суффа бар уақытын білім алу үшін арнаған-ды. Олар ислам дінін Расулуллаһтың өз аузынан үйреніп, басқа мұсылмандарға үйретуді мақсат етті. Әз.пайғамбар дағуатшыларды, көрші халықтар мен мемлекеттерге мұғалім ретінде жіберілген кісілерді тікелей өзінен білім алған осы сахабалар арасынан таңдайтын еді.

## **б. Ислам алып келген ой-пікір жүйесі**

Исламдық кезеңде арабтардың ой-пікір жүйесінде үлкен өзгерістер байқалды. Ислам діні ой-сананың дамуына:

- а) Араб жәһілдік дәуіріндегі дүниетаным мен діни сенімге тікелей қарама-қайшы келетін ілімдер арқылы;
- ә) Арабтар мен бүкіл адамзат баласына еркін әрі дұрыс ойлау, болмысына сай өмір сүру ұғымын үйрету арқылы ықпал етті.

374 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 77.

375 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 75-77; Казыжы, *аталмыш еңбек*, 226.

Ислам діні адам баласын қараңғылықтан құтылып, тура жолды табуы үшін ойлануға жетеледі. Ислам пайғамбары адамдардың бойында ойлау еркіндігін қалыптастырды. Соның негізінде адамдар еркін түрде ойлау арқылы Аллаһ жаратқан әлемге назар салып, тартынбай, қате түсінікке жол бермей, дұрыс қорытынды шығара білген еді.

Еуропалық мемлекеттерде ойлау мен өз пікірін ортаға салу сатқындық пен діннен шығу себебі ретінде қаралып, өмір бойы абақтыға жабу немесе өлім жазасына тарту арқылы жазаландырылған дәуірде Әз.пайғамбар өз үндеуінде ойлау мен білім алу мәселесіне ерекше көңіл бөліп, адамдарды жалған сенім-наным мен бос сөздің қыспағы мен қорлығынан құтқаруға тырысқан-ды.

Адам баласы жаратылған уақытта оған ойлау қабілеті мен ақыл берілген болатын. Сондықтан ислам діні адамның осы жағын дамытуға, оның зерттеу, бақылау және тәжірибе жүргізу арқылы білім үйренуіне ерекше мән берді. Заттың ақиқат болмысын тануы үшін адамға ой жүгірту мен пікір таластыруды насихат етті. Негізсіз дәстүрлер мен бұрынғылардан қалған әдеттерді қабыл етпеу керектігі жөнінде кеңес берді. Аллаһтың кәламы болған Құран адамға «дәстүршіл ақиқаттың», яғни «тарихи мұраның» растығын айғақтайтын дәлелді талап етуі қажеттігін және «бұл не үшін қабыл етілуі тиіс?» деген сұрақты қоя білуі керектігін үйретті.<sup>376</sup>

Құранда ұсталған ойлау жолы мен әдісі пәлсапашылардың ойлай әдістерінен мүлдем өзгеше. Құран адамдар үшін заңды, яғни шарғи болып табылатын ғылыми өмір негіздеріне сай ойлау мен көзқарас білдіру ережелерін белгілеген. Метафизикалық тұрғыдан «улуһияттың» («тәңірлік» ұғымының) мәнін ашып көрсете отырып, адамның қалай еңбек етуі, ойлауы керектігін және ахлақ мәселесін де үйреткен. Өйткені Құран сахабаларға жай ғана өткен халықтардың ғибратты хикаяларын немесе ахлақтық өсиеттерін баяндаған кітап емес. Ол – амалдық, ахлақтық, физикалық және метафизикалық салалардың әлем жаратылған уақыттан бергі басты ерекшеліктерін көрсететін кітап.<sup>377</sup>

---

376 Афзалурраһман, *Сирет Ансиклопедиси*, I, 201.

377 Әли Сами ән-Нәшшар, *Нәш'әтул-Фикрил-Фәлсәфә фил-Ислам*, Дәрул-Мә'ариф. - Каир, 1976, I, 31-32.

Ислам адамдарды Аллаһ жіберген ақиқатқа иман келтіруге шақырды. Иман – адамдардың бұл ақиқатқа бар ықыласымен берілуін, оны жете түсіну арқылы пайдалануын білдіретін ұғым. Сондықтан имандағы ойлау мәселесіне көңіл бөлінуі қажет. Ойламаған кісінің бойындағы иманның оның өмірін бағыттауға күші жетпейді әрі сенім мен күнделікті мәселелеріне қатысты шешім де көрсете алмайды. Ойлау арқылы адам өз санасы мен болмысын жандандыруға бағытталған мақсатты және өзі ұстанған жолдың артықшылығын ұғына алады.

Құран алға тартқан бір мәселені дәлелдеу үшін ойлау және өз ойын ортаға салу қажеттігін атап қана қоймай, сонымен қатар ойлау қабілетін де жетілдіре түседі. Адамның ойлау қабілетін ояндырудан бұрын кісі мен оның әлеуметтік өміріне біртұтас қарауға бағытталған көзқарасты ұсынады. Құранда бұл көзқарас:

*«Ол (Аллаһ) қалағанына даналық береді. Ал кімге даналық берілсе, ақиқатында, оған көп игілік берілді. Алайда, ақыл иелері ғана еске алады»,*<sup>378</sup> – деген аят арқылы көрсетіледі.

Құран ойланған кісі жоққа шығара алмайтындай ақиқаттарды, идеалдар мен жоғары құндылықтарды негізге ала отырып, адам баласына басқа діни сенім мен салт-дәстүр ұстанғанына, қандай тарихты бастан кешіргеніне қарамастан, ойлануды насихат етеді. Адамдарды терең ойлауға және Құранда айтылғандарды қабыл еткен жағдайда иман келтіруге, ал қабыл етпесе, өздері сенген нәрселерді дәлелдеуге шақырады. *«(Ей, Мұхаммед!) Егер шын сөзді болсаңдар, Алаһтан (бұл) екеуінен де тура болған бір кітап келтіріңдер, мен соған ерейін», – деп айт!»*,<sup>379</sup> – деген Құран аяты бұл мәселенің астарын аша түседі.

Ислам адамды ойлау мен ойын ортаға салуға ынталандыра отырып, оның тек иман келтіруін ғана емес, өзі мен айналасындағы нәрселердің ақиқат сырын ұғынуын да қалайды, өйткені ешбір нәрсе бекерге жаратылмаған. Ұлы Аллаһ адам баласына өз жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті жөнінде жақсылап ойлануын және жоспарларын терең ойластыруын бұйырады.

378 Бақара,269.

379 Қасас, 49.

Себебі Аллаһқа иман келтірудің орнына пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрселерге табынғандар, шынымен де, адасуда. Бұл оларға тек залал ғана келтіреді. Таңдағандары оларға дос та емес, дұшпан да емес.

Мұндай кісілерге Құран:

*«Ей, адамдар! Бір мысал келтірілді, енді оған құлақ салыңдар. Негізінде, солар, Аллаһтан өзге тілек тілеп табынғандарыңның барлығы бірігіп жиналса да, ешқашан бір шыбынды да жарата алмайды. Егер шыбын олардан бір нәрсені алып кететін болса, олар одан (шыбыннан) оны кері қайтарып ала алмайды. Талап етуші де, талап етілуші де әлсіз. Олар Аллаһты, Оны (қадіріне сай) лайықты түрде бағалаған (қадірлеген) жоқ. Ақиқатында, Аллаһ – өте Күшті (Қауһи), аса Үстем (Азиз)»<sup>380</sup>*, – деп ескертеді.

Ислам ойлаудан бір мақсат күтеді. Өйткені Құран иман, ілім және ақыл-ойды бірге ұсына отырып, ақыл иесі болған адам баласын ойлануға шақырады. Мұны көптеген аяттардың соңында келген сөздерден анық байқаймыз. Құран ғаламдағы жүйе мен жүйелілік туралы айта келе, бізді ойлануға үндейді. Ғалам жаратылысындағы жүйелілікте бір мақсат жатқандығын білдіреді. Шын мәнінде, ғалам жүйесінің өзі оның жаратылысындағы даналықты ашық түрде көрсетіп, Хәкім Жаратушының адамды белгілі бір мақсатта жаратқандығын меңзеуде. Аллаһ бар нәрсені адамның игілігі үшін жаратып, оған жақсы мен жаманды ажыратуы үшін ақыл мен ахлақ сый еткен.

Құран адамның өзіне, ғаламға, жер мен көкке зер салып, ой жүгіртуге шақырады. Ойланған жағдайда, міндетті түрде, Жаратушысын табуы жеңілдейтіндігін білдіреді. «Ясин» сүресіндегі:

*«Адам баласы Біз өзін бір тамшыдан (ұрық суынан) жаратқанымызды көрмеді ме? Міне, енді ол ашықтан-ашық тартысушы. Әрі ол өзінің жаратылысын (қалай жаратылғанын) ұмытып, Бізге мысал келтірді. Ол: «Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?», – деді»<sup>381</sup>*

аяты арқылы адам баласының өз жаратылысы жөнінде ойламайтындығын және одан ғибрат та алмайтындығын көрсетеді. Сондай-ақ:

380 Хаж, 73-74.

381 Ясин, 77-78

*«Жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратқан – Сол (Аллаһтың). Әр-Рахманның (аса Қайырымдының) жаратуында ешбір кемшілік көрмейсің. Қайта көз салшы, қандай да бір сәйкессіздік көре аласың ба? Содан кейін де көзіңді қайта сал. Көзің саған қажып, талған күйде қайтады»,<sup>382</sup>*

– деген аяттар арқылы ғаламның ешбір кемшіліксіз жаратылғандығын нұсқап, ойлануға шақырады.

Әз.пайғамбар өмірдің барлық саласында адамдар үшін өнеге болып, жол көрсетті. Сондықтан шынайы баға беру үшін, оның бүкіл әлем тарихындағы алатын орнын анықтаған жөн. Адамдарды қараңғылықтан жарыққа, жабайылықтан мәдениетке, надандықтан білімге жеткізген Әз.Мұхаммед бүгінгі күн тұрғысынан да лайықты көсем саналатындығын көрсетті.

Ол адам дүниетанымын шындыққа жанаспайтын, негізсіз сенімнен, әдеттен тыс нәрселерге деген әуесқойлықтан, монахтық ғұмыр кешуден арылтып, ақыл-ойдың дамуына, ақиқатқа деген сүйіспеншілікке және байсалды тақуалы өмірге қарай бағыттады. Тек әдеттен тыс таңғажайып оқиғаларды мұғжиза ретінде қабылдаған діни міндеттің ақиқатқа сәйкестігін растау үшін мұндай мұғжизалар талап етілген дүниеде шындықтың айғағы мен өлшемі ретінде оларға иман ету қажеттігін алға тартты. Ол кезге дейін Аллаһтың белгілерін табиғат құбылыстарынан ғана іздеуге үйренгендерге ақиқат жолды танытты. Адамзат баласын негізсіз жалған сенімдердің орнына бақылау, тәжірибе және зерттеуге негізделген реалистік көзқарас пен дұрыс пайымдау жолына салды. Түйсік, ақыл және сезімнің шегі мен функцияларын ашып көрсетті. Материалдық және рухани құндылықтарға жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Иман, білім және іс-әрекет арасында үйлесімділік орнатты. Діни күш арқылы ғылыми рухты тудырған және руханиятқа негізделген шынайы діндарлықты дамытты.<sup>383</sup>

Дүниетаным мәселесін қоя тұрып, біршама ілгеріге қарай көз салған кісі пайғамбардың жол көрсетуі дүниелік қағидалар мен мәселелерге қаншалықты ықпал еткендігіне куә болады. Бүгінгі күні әлемде үстемдік құрған адамгершілік, мәдениет пен өркениет, дүниетаным мен іс-әрекеттегі тазалық ұстанымдарының түп тамы-

382 Мүлк, 3-4.

383 Афзалуррахман, аталмыш еңбек, VI, 39.



ры соған барып тіреледі. Өз.пайғамбар алып келген ережелер адамның әлеуметтік өміріне терең бойлаған еді. Өз.пайғамбар жүйеге келтірген ой-пікір жүйесі жөнінде Мәудуди:

«Ол белгілеген әкімшілік ережелер әлемдік саяси ой-пікір мен теорияларда көптеген төңкерістің жасалуына себеп болды. Бұл ережелердің ықпалы бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Оның данышпандығынан әсер алған құқық пен әділеттіліктің басты ұстанымдары әлемде әділдікті жүзеге асыруға ерекше ықпал етті. Ол келешек құқықшылар үшін мәңгілік жол көрсететін қайнаркөз қалыптастырды»,<sup>384</sup> – дейді.

## **В. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ**

Йәсрибтіктер, негізінен, егіншілік және мал шаруашылығымен шұғылданған. Топырағы мен климатының егіншілікке ыңғайлы болуы түрлі егістік дақылдарын, көкөніс пен жемістерді өсіруді жеңілдеткен еді. Рануна, Махзур, Йанбу, Ақиқ, Габа, Журф, Уәдул-Куф, Арса, Қанат пен Бутхан атты тау қойнаулары Мәдина жазығындағы егістік алаңдарының басым бөлігін құрайтын. Сонымен қатар мал шаруашылығына жарамды жайылымдар да бар болатын. Йәсриб жазығында орналасқан құрма бақтары да қаланың ең құнарлы жерлерінен саналатын.

Исламнан бұрынғы кезеңде Йәсриб қаласының бір-біріне тығыз орналасқан, көбіне, егін шаруашылығымен айналысатын бірнеше елді мекен не ауылдан құралғандығына жоғарыда тоқталғанбыз. Йәсрибтіктер ауылдарында егін егумен шұғылданатын. Йәсрибке Палестина жақтан қоныс аударған яһуди тайпалар зергерлік, тері және мал шаруашылығымен айналысатын және тайпа атаулары да осы мағыналарға келетін сөздермен аталатын. Бұл жағдай қала халқының егіншілікпен қатар, саудамен де күнкөрістерін қамтамасыз еткендігін көрсетеді. Йеменнен келген егіншілікпен айналысатын Әус пен Хазраж тайпаларының осы жерге орналасуының себебі де топырағының құнарлылығына байланысты болар. Бұл тайпалардағы егіншілік дәстүрі Йәсрибке келместен бұрын да дамыған болуы ықтимал. Өйткені егіншілік кәсіптерін Йәсрибте де жүргізу арқы-

---

384 Афзалуррахман, *аталмыш еңбек*, VI, 40.

лы егіншілігі ерекше дамыған қоғам қалыптастырған-ды. Йәсрибте өмір сүрген тайпалардың тілінде йемен тілінен шыққан көптеген сауда терминдері кездесетін.<sup>385</sup> Егіншілікке байланысты көптеген йеменше сөздердің қолданылуы да олардың бұдан бұрын Йеменде егіншілік саласында қаншалықты дамығандығын көрсетумен қатар, егін егу кәсібін яһудилерден үйренбегендігін де білдіреді. Бұл тайпалар түйе мен сиыр бағумен де шұғылданған еді.<sup>386</sup>

Йәсриб (Мәдина) тұрғындарының жартысына жуығын құрайтын яһудилердің үш ірі тайпасы сауда саласында үстемдік құрумен қатар, қаладағы ең үлкен егістік алаңдарының иесі де саналатын. Әсіресе, Әл-Куф деп аталатын аймақта үлкен жеміс бақшалары мен құрма бақтары бар болатын.

Мәдинада мал шаруашылығы да дамыған еді. Шөл климатына бейімделу мәселесі, сауданың керуендер арқылы жүргізілуі, әлеуметтік және әскери жағдайлар түйе мен ат бағуды қажет етті. Сонымен қатар сиыр, қой, ешкі, есек және қашар сияқты мал түрлері бағылды. Арабстанда сауда мал сатумен қатар, оның етін, сүтін, жүні мен терісін саудалау арқылы да жүзеге асырылды. Мал шаруашылығы кіші-гірім қол өнер мен жергілікті өнеркәсіптің қалыптасуына үлес қосты. Соның негізінде Мәдинада тоқымашылық, жіп иіру, бояу жасау және сату, мал дәрігерлік, қасапшылық, аукцион өткізу, тері илеу, мал бағу, керуеншілік, малшылық, жол көрсету, аспаздық, кәуапшылық сияқты кәсіптер кең тараған болатын.<sup>387</sup>

Сирия мен басқа аймақтар арасында сауда керуендері қатынайтын жолдың үстінде орналасқан Йәсриб қаласына, әсіресе, Шам-Йемен және Мекке-Сирия керуендері келіп аялдайтын еді. Сондықтан қала экономика мен сауда саласы үшін қолайлы болды. Әрі мұнда көптеген базарлар құрылатын-ды.<sup>388</sup> Бұл базарларда керуендер таситын тауарлар, сондай-ақ қала мен төңірегіндегі аймақтарда өндірілген өнімдер саудаланатын. Жергілікті тұрғындар

385 Қараңыз: Жевад Әли, *аталмыш еңбек*, VIII, 217.

386 Дервезе, *аталмыш еңбек*, I, 75.

387 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 991; Билал Аксой, *Хз.Пейгамберин Медине Дөнemi Иктисади Дурум* (жарияланбаған дип. жұмыс.), Анкара университеті, Әлеуметтік білімдер институты. - Анкара, 1999, 36-37.

388 Иззет Дервезе, *Қурана Гөре Хз.Мухаммедин Хайаты*, I-III, ауд. Мехмет Йолжу. - Стамбул, 1989, I, 35; Еркем Зия Омери, 47.

мен керуеншілер арасындағы алыс-беріс, көбіне, айырбас жолымен жасалатын. Кейінірек егін шаруашылығы өнімдерінің артуы мен сауданың дамуына байланысты тауар айырбастаудың орнына ақша қолданылып, түрлі мемлекеттердің динарлары айналымға түскен болатын.

Өз.пайғамбар арабтардың жәһілдік дәуірде қолданған ақша және өлшем бірліктерін өзгеріссіз қалдырып, зекет мөлшері мен құнын белгілеуде де осы бірліктерді қолданды.<sup>389</sup>

Өз.пайғамбар тұсында, әсіресе, «эс-сәудәу-л-уәфия» және «әт-тәбәрият-л-утук» деген екі түрлі дирхам түрі қолданылатын.<sup>390</sup> Айналымда Ираннан шыққан *кисрауия*, Византияның *хераклия* және Йеменнің *химиярия* деген дирхамдары да пайдаланылатынды.

Өз.пайғамбар Мәдинаға хижрет еткен уақытта мұсылмандарды сыртқы шабуылдар мен ішкі қауіптен қорғау үшін бірқатар саяси-әкімшілік және әскери-құқықтық шаралар қолға алумен қатар, сауда-экономикалық өмірді де назардан тыс қалдырмады. Мәдиналықтар келісімшартында көрсетілген тиісті баптар мен Йәсрибке көрші орналасқан тайпалармен жасасқан келісімшарттар арқылы меккелік сауда керуендерінің Мәдина аумағынан өтуін бақылауға алған болатын. Әрі сол арқылы бұл керуендердің Мәдина халқын зиянға ұшырататындай бағытта қолданылуына да тосқауыл қойған еді. Мәселен, Сирия жақтан келген және «Бәдір» шайқасына себеп болған Құрайыш керуенінің ізіне түсу мәселесінде осы саясат басшылыққа алынған-ды.<sup>391</sup>

Өз.Мұхаммед пен меккелік мұсылмандар хижрет еткенге дейін Мәдинада бірнеше базар жұмыс істейтін және олар яһудилердің қолында болатын. Зубәла, Бутхан, Жубәша және Сафасыф базарлары Мәдинаның басты базарлары ретінде саналатын. Құл саудасынан бастап, кез келген тауар түрі алып-сатылатын бұл базарларда бастапқыда сауда орындары болмаған. Ерте келген кісі орын алып, заттарын жайып, саудасын жасайтын, ал кешке қарай қалған тауарларын үйіне алып қайтатын еді. Кейінірек, әсіресе, яһудилердің қолына өткен тұста, базарларда сауда ғимараттары мен дүкендер салынып, базар саудасы отырықшыл жүйеге көшкенді.

389 Мақризидің, *Ән-Нуқудул-Исламийә*, 4.

390 Кеттани, *Хз.Пейгамберин Йәнетими*, II, 173.

391 Қараңыз: Әнфәл, 7.

Әз.Мұхаммед Мәдинадағы базарларға балама базар құру мәселесін де қолға алады. Осы мақсатпен кең алаңды базарға айналдырады. Ергеректе бұл алаң Ратиф бен Хусайка тайпаларына тиісті болған екен, алайда, кейінірек олардың қуылуына байланысты бос қалған-ды. Ал мұсылмандар басқарған Мәдина базары құрылғаннан кейінгі уақытта, Қайнука ұлдарының базарына жақын орналасқан Бәки әз-Зубәйр атты жерді базар ретінде белгілейді. Кәғб бин әл-Әшрафтың базардағы бір шатырдың жібін кесіп тастауына байланысты: «(базар үшін) сондай бір жер табармын, бұл оның тағы бетер ызасын келтірер»,<sup>392</sup> – деп, жаңа орын іздей бастайды. Ақыр соңында (қабірстан маңайындағы) Сәида ұлдарына тиесілі аумақты сатып алып, әйгілі Мәдина базарын салдырады.

Мәдина базарларының мұсылмандардың қолына өтуінде мүһәжірлер мен ансарлар арасында жасалған «Жеке бауырластық келісімі» маңызды рөл атқарды.

Әз.Мұхаммед экономика саласындағы іс шараларды саудасаттық ережелері мен сауда этикасын қалыптастыру арқылы жалғастырған болатын. Жәһілдік дәуір саудасына тән ережелердің басым бөлігін қолданыстан шығарып, орнына «еңбекпен өнім өндіру және табыс табу» түсінігіне негізделген экономикалық ережелер белгілеген еді. Бұл ережелер арқылы заңсыз табыс табу, өсім алу мен өсімге ақша беру, құмар ойнау, бау-бақша өнімдерін піспей жатып сату не сату актісі жасалғанымен әлі қолға тимеген тауарды басқасына сатуға тыйым салынып, халал жолмен, еңбекпен табыс табуға, адал сауда жасауға, таразыда дұрыс тартуға ынталандыру көзделген-ді.

Базарға сырттан келген тауарларға «өшір» деген салық салынатын еді. Әз.пайғамбар алғашқы базарды құрған уақытта бұл салықтың үкімін жойып, сол арқылы Мәдинада сауда саласының дамуы мен еркін бәсекелестік ортаның қалыптасуын қамтамасыз етті. Бұл өз кезегінде сырттан келетін капитал мен импорт көлемінің артуына мүмкіндік берді. Әрі осы салаға қатысты қабылдаған шешімдер Мәдинадағы ірі іскер азаматтар мен саудагерлерді, капитал иелерін, экспорт және импортпен шұғылданатын тұлғаларды зиянға ұшыратпай, қайта қорғауға алған болатын.

---

392 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 1074.

Базарда ер кісілермен қатар әйелдер де сауда-саттықпен айналысатын. Базарға бақылау жүргізу мәселесінде де осы жағдай байқалатын. Мәселен, сахабалар қатарында Әсма бинт Мухарриба, Хәула бинт Туәйт, Муләйка және Қайләтул-Әнмария сынды саудагер әйел азаматтар да болған.<sup>393</sup>

Әз.Мұхаммед тұсында мемлекеттің басты табыс көздері «фәй» (соғыссыз түскен олжа), зекет, «ғанимәт» (соғыстан түскен олжа), өшір, алым-салық және «жизиядан» (исламнан өзге дін өкілдеріне салынатын салықтан) тұратын-ды.<sup>394</sup>

Яһудилер саяси тұрғыдан Әус пен Хазраж тайпалары арасында үстемдік құра алмағанымен, Йәсриб экономикасын билеп, ішкі және сыртқы сауданы, теміршілік, қару жасау, мата тоқу және зергерлік сияқты кәсіптерді толық дерлік өз монополиясында ұстады.<sup>395</sup> Мұхаммед Хамидуллаһ қайнуқа сөзі «зергер», *надир* сөзі «жасыл гүлді өсімдік», ал *қурайза* – «тері илеуші» деген мағынаға келетіндігін және бұл атаулар олардың сауда өмірімен байланысын көрсететіндігін айтады.<sup>396</sup> Мұндай атаулар оларға сол төңіректі мекендеген араб тайпалары тарапынан берілген де болуы ықтимал.

Йәсриб тысынан бұл жерге тауарларын әкеліп сататын саудагерлер де болған. Олар сатқан тауарлары үшін алым-салық төлейтін еді. Алайда, бұл салықты кімге және қалай төлегендіктері жөнінде толық мәлімет жоқ. Шамасы, қай тайпаның базарына әкеліп сатса, сол базардың басшысына төлеген болар. Йәсрибтіктер арасында саудадан гөрі егіншілік көбірек тарағандығы жөнінде жоғарыда тоқталғанбыз. Сондықтан йәсрибтіктер меккеліктердей емес, төңіректегі уәлаят және мемлекеттермен сауда келісімшарттары жасаспаған еді. Олар өндірген құрма Арабстаннан тыс жерлерде әйгілі болғанымен, көбіне, сыртқы нарыққа шеттен келген саудагерлер арқылы шығарылатын-ды. Құран Кәрімде: «*жүзімнен ішкілік жасайсыңдар...*»,<sup>397</sup> – деп айтылғандығына қарағанда, Йәс-

393 Ибнул-Әсир, *Усдул-Фаба*. М.Ибраһим әл-Бәнна баспасы. - Каир, 1970, VII, 75, 240, 270.

394 Бәлазури, *Футух*, 33; М.Файда, «Фәй». *DIA*. - Стамбул, 1995, 12, 511; М.Еркал, «Жизийе». *DIA* - Станбул, 1995, VII, 42; Биал Аксой, *аталмыш дисс.*, 42.

395 Өзкүйумжу, *аталмыш еңбек*, II, 424.

396 Өзкүйумжу, *аталмыш еңбек*, II, 425.

397 Нахл, 67.

рибте жүзім де өсірілгенге ұқсайды. Сонымен қатар анар мен бірқатар ірі бұршақ тұқымдас дақылдар мен егін де егілетін.<sup>398</sup> Йәсриб аймағында халық аңшылықпен де айналысқан еді.<sup>399</sup>

Йәсрибте салмақ өлшемі ретінде жарты килограмм салмағы бар *мудд* қолданылып, бір *са'ғ* өлшемді төрт *мудд*, ал *уасқты* алпыс *са'ғ* құрайтын. Хижаз өңірінде атынан ақша басып шығарылатындай мемлекет құрылмағандықтан, тек қана Йәсрибте ғана емес, түбектің барлық аймағында дерлік Византия мен Иранның ақша бірліктері мен жоғарыда аталған дирхам түрлері қолданылған. Иран күмісінен жасалған дирхам Византия ақша бірлігінің онда біріне сәйкес келетін-ді.<sup>400</sup> Сол тұста айналымға түскен ақшалар жөнінде Құранда да айтылған.<sup>401</sup>

Хижреттен бұрынғы Мәдинаның сауда-экономикалық өмірінде яһудилер үстемдік құрған. Әус және Хазраж тайпаларымен келісімге келген йәсрибтік яһудилер қала базарларын өз қолына алған еді. Ақша айырбастау ісімен айналысатындардан бастап, ұсақ дүкеншілер мен қолөнершілер, саудагерлер мен егіншілердің басым бөлігі де осы яһудилерден шыққан-ды.

Яһудилер көтерме және бөлшек сауда түрлерін басқаратын еді. Әус пен Хазраж тайпалары арасында ұзақ жылдар бойы жалғасқан қақтығыстар яһудилердің қаржы күшін арттырып, базардағы үстемдігін де қуаттай түскен-ді. Мәдинадағы ең құнарлы деген жерлер мен құрма бақтары да яһудилерге тиесілі болатын. Мәдина қаласы мен төңірегіндегі аймақтардың экономикасы мен саудасын өз қолында ұстаған яһудилер Арабия түбегіндегі басқа қалалармен, әсіресе Мекке саудагерлерімен байланыстар орнатып, ортақтаса сауда жүргізетін еді. Осы сауда-экономикалық үстемдіктен ажырап қаламыз ба деген үрей олардың мұсылмандардың Мәдинаға орналасуына қарсы шығуына түрткі болды.

Өз.Мұхаммед өндірушілер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сенімді сауда-саттық орта қалыптастыру үшін де саудаға қатысты тиісті шараларды қолға алған еді.

398 Е.Зия, *Медине Топлumu*, ауд. Нуреддин Йылдыз. - Стамбул, 1992, 49.

399 Дервезе, *аталмыш еңбек*, I, 77.

400 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, I, 151.

401 Әли Имран, 75; Юнус, 20.

Мәдинаға хижрет еткеннен кейінгі уақытта Өз.Мұхаммед исламдық экономикалық заңдарға бағынатын тәуелсіз сауда орталығын құрып, өзі де жиі-жиі тексеру жүргізіп отырды. Бір күні тексеру барысында өнімінің су тиген жағын астына қарай жіберіп, сатып тұрған кісіні көріп, оған: *«Алдаған кісі бізден емес»*,<sup>402</sup> – деп қатал ескеркен-ді.

Ислам діні өзгелердің құқықтарын сақтай отырып, халал жолмен табылған кез келген табысты заңды табыс ретінде қараған. Өз еңбегімен өндірген өнімнен түскен пайда да, сауда-саттық, аңшылық пен қолөнершілік кәсіппен тапқан табыс та заңды деп саналған. Өз.пайғамбар бұл мәселеге қатысты:

1. Сатып алушымен саудаласып жатқан мұсылманның саудасын бұзбау;
2. Сатып алушыларды бір-бірімен таластыру арқылы бағаны өсіруге тырыспау;
3. Өндірушінің өніміне базарға келмей тұрып арзан баға белгілемеу;
4. Саудада туралықты сақтау;
5. Қол өнер және жеке еңбекпен табылған өнімге маңыз беру;
6. Дәулетті саудагердің тақуалықтан айрылмай, діни, әлеуметтік және материалдық жауапкершіліктерін дұрыс атқаруы;
7. Қарызды бір қажеттілік туындаған жағдайда ғана алу және мерзімінде өтеу;
8. Материалдық жағынан қиналған ниеті дұрыс қарыз алушының өтеу мерзімін ұзарту;
9. Тауар өтімділігін арттыру үшін өтірік ант ішпеу, халал жолдан таймау;
10. Жұмысшының еңбек ақысын бірден төлеу сияқты ұстанымдар белгілеп,
11. Алдамшы саудагерлердің күнәға бататындығын, ал адал саудагерлердің ақиретте пайғамбарлар, шыншылдар және шейіттермен бірге болатындығын;

---

402 Мұслим, *Сахих*, Иман, 102.

12. Таразыда жеу мен кем өлшеу сияқты әрекеттердің қауымдардың жойылуына әкеліп соқтыратындығын ескерткен болатын.<sup>403</sup>

Түрлі себептерге байланысты Расулуллаһ тарапынан тілге тиек етілген және қаржы құрылымының негіздерін қалыптастыруға бағытталған бұл ұстанымдар мен ережелердің барлық дәуірлердегі экономика саласында өз құндылығын жоғалтпасы анық.

## Г.ӘСКЕРИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ҒАЗАУАТТАР

### 1. Әскери жүйе

Әз.пайғамбар заманында Хижаз өңірінде тұрақты жүйелі әскер құрылмады. Тіпті, ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін полиция қызметі де болмады. Алайда, барлық мұсылмандар ислам мемлекетінің әскері ретінде саналатын-ды.<sup>404</sup> Сондықтан олар соғысқа әрдайым дайын тұрды. Өйткені кез келген сәтте соғыс шығу қаупі бар еді. Майданға шақырылған уақытта, әскерге баратындар өз еріктерімен келіп жазылатын. Мәдинаға хижрет еткеннен кейінгі кезеңде шектен шыққан мүшріктерге қарсы соғысуға рұқсат берген аяттардың<sup>405</sup> түсуімен, Әз.Мұхаммед жиһад үшін дайындық жүргізіп, ерікті жауынгерлерден әскер жасақтаған болатын. Сонымен қатар мәдиналық мұсылмандардың санын анықтау мақсатымен халық санағын да жүргізіп, мың бес жүз кісінің аты тіркелген-ді.<sup>406</sup> Бұдан кейінгі кезеңдерде үнемі болмаса да, қажетті жағдайларда қолданылатын мүһәжірлер мен ансарлардан құралған кіші-гірім әскери топтар жасақталып тұрды.<sup>407</sup>

Соғыс шыға қалған жағдайда, Расулуллаһтың әскерге шақыртуымен мұсылмандар ерікті түрде келіп әскерге қосылатын еді. Соғысқа қатысқандардың есімдері тізімге алынатын. Сапарға шығуына байланысты соғысқа қатыса алмай қалғандарды ешкім

---

403 Алгүл, *аталмыш еңбек*, 66-67; Мехмет Шекер, *Исламда Сосиал Дайанышма Мүессеселери*. - Анкара, 1991, 42-46.

404 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 994.

405 Бакара, 190, 244; Әнфәл, 60; Тәуба, 41.

406 Бухари, *Сахих*, Жиһад, 180.

407 Табари, I, 421.



мәжбүрлемейтін-ді. Дегенмен, ерікті сарбаздар түрлі әскери қимылдарға қатысу және зекет беру сияқты міндеттерді атқарғандықтан, міндеттерін орындамағандар ахлақтық тұрғыдан жазаланып отырды.

Еріктілерден жасақталған әскер санын Әз.Мұхаммедтің тікелей өзі белгілейтін. Әскерге қосылған кісілерді тексеріп, соғысуға жарамайтындар немесе әскерге алынбауы тиіс болғандарды әскер құрамынан шығаратын еді. Сондай-ақ әскер мен әскери бірлік қолбасшыларын, ту ұстайтын жауынгерді өзі таңдап, оларға міндеттеріне қатысты нұсқаулар беретін-ді. Бұл нұсқаулар мен кеңестер соғыс әдіс-тәсілдерін, әскер қатарындағыларға, соғыс тұтқындары мен соғысқан жердегі халыққа қатысты қолға алына-тын шараларды, қолданылатын құпия сөз бен қару-жарақ түрін, көлік құралдары мен басқа да жабдықтар жөніндегі нұсқауларды қамтитын еді.

Әз.Мұхаммед тұсында әскери қызмет еріктілік ұстанымына негізделгенімен, жиһад жүргізу халыққа діни міндет ретінде бұйырылғандықтан, міндетті қызмет ретінде саналатын-ды. Расуллуллаһ әскер құрамы, тәртібі мен тәлімі мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Әскерге жарамды мұсылмандарға әкімшілік тұрғыдан ерік берілгенімен, діни жауапкершілік жағынан олар тұрақты әскер мәртебесіне қойылды. Өйткені Құран Кәрімнің көптеген аяттарында әскери қимыл мен қорғаныс үшін жасақталған әскерге қатысу міндеті белгіленген болатын.<sup>408</sup> «Тәбук» ғазауаты үшін жасақталған және «міндетті әскер» (*жәйшул-уср*) ретінде де аталған әскерге шақырылған уақытта тартыншақтық көрсетіп, қатыспай қалған Кәғб бин Мәлік, Мүрара бин әр-Раби әл-Амири және Біләл бин Умәййа әл-Уақифи атты үш сахабаға қатысты ахлақтық санкция қолданылған еді. Тәубалары қабыл болғандығын білдірген аят<sup>409</sup> түскенге дейін Расуллуллаһ та, басқа сахабалар да олармен сөйлеспей қойған болатын.<sup>410</sup>

408 Қараңыз: Тәуба, 36, 38-47; Фәтх, 16-17; Ниса, 71-75, 95; Өнфәл, 15-16.

409 Тәуба, 118.

410 Табари, II, 186; Абдуллаһ Решид, *Исламда Орду ве Комутан*, ауд. Енвер Гүненч-С.Емре. - Стамбул, 1992, 263; М.Зеки Терзи, *Хз.Пейгамбер ве Хулефай Рашидин Дөнеминде Аскери Тешкилат*. - Самсун, 1990, 21; Халит Чил, *Хз.Өмер Дөнemi Орду ве Ордугахлар* (жарияланған магистрлік дисс.). Анкара университеті, Өлеуметтік білімдер бөлімі. - Анкара, 1998, 21.

Саяси-әкімшілік тұрғыдан мәжбүр етілмегенімен, діни міндет ретінде саналған әскери қызмет қару ұстай алатын ер жеткен әрбір мұсылман үшін міндет ретінде есептелді. Мәдина мен оның сыртында әскерге шақыру іс-шаралары жүргізіліп, мұсылмандар әскер құрамына алынатын. Алынған кісілердің есімдері әскерге алу кітабына тіркелетін. Содан кейін әскер белгіленген орынға жинақталатын еді. Қару-жарақ және соғыс құралдарымен жабдықталған әскер жиналған уақытта Расулуллаһ тарапынан тексеріліп, саны нақтыланатын. Әскерге алу барысында мұсылман болу, балиғат жасына жету, дені сау, физиологиялық және психикалық тұрғыдан кінәраты жоқ болу сияқты талаптар қойылатын. Әскери қызметтің басталуы мен аяқталуы соғыстың барысына қарай белгіленетін. Жаңа әскери қимылға шақырылған жағдайда, мұсылмандар қайта әскерге алынатын. Әскерге жарамсыз болғандар бұл міндеттен босатылатын. Жүдеулік, науқастық, мүгедектік, кәрілік және әлсіздік сияқты себептер әскерден босатылу себептері ретінде қаралатын еді.

Мәдина қаласы Өз.Мұхаммед тұсында әскер жинақталатын басты орын болатын. Әскер ғазуаттарға осы жерде әзірлік жасап, аттанатын еді. Әскердегі қолбасшылар мен жауынгерлер әскери қалашықтарда тұратын. Мәдина қаласындағы Мәсжидун-Нәби әскери штаб ретінде де қызмет атқаратын-ды.

Өз.Мұхаммед тұсында тек құрылық әскері ғана болған. Әскери бірліктер қарулары мен атқаратын міндеттеріне қарай жасақталатын еді. Жаяу, атты және садақшы әскери бірліктер деп үш сыныпқа бөлінген әскердің құрамына медициналық көмек көрсететін мамандар мен артқы шепте орын алатын жауынгерлер де кіретін. Әйел азаматтар, көбіне, осы соңғы екі топты құраумен қатар, тікелей қарулы әскер құрамында да орын алатын-ды. Сонымен қатар түрлі ғазуаттарда барлау қызметін атқарған бірліктердің де болғандығы белгілі. Өйткені жорыққа аттанбас бұрын керекті мәліметтер жинау және дұшпанның жағдайы жөнінде хабар алу Өз.Мұхаммедтің соғыс стратегиясынан саналатын. Ол осы мақсатпен жиі жиі барлаушылар тобын жіберіп, барлау және стратегиялық шолу жүргізетін еді.

Өз.Мұхаммед заманында әскери қызметке алынған жауынгерлер мен қолбасшыларға жалақы төленбеген. Дұшпанды жеңген жағдайда, түскен соғыс олжасының бестен бірі мен *фәй* алатын-ды. Бұл олардың басты табыс көзін құрайтын.

Әскер мен қолбасшылардың тәлімі мен соғысқа дайындық мәселесіне ерекше көңіл бөлген Әз.Мұхаммед әскери тәртіптің сақталуына да қатал талап қоятын еді. «Ухуд» шайқасының екінші кезеңінде мұсылмандардың жеңіліске ұшырауына әскери тәртіпке бағынбаған кісілер себеп болған-ды. Соғысқа дайындалу және әскери оқулар жүргізу барысында өздеріне қарсы қару көтергендерге, сондай-ақ өздерімен соғыспағандарға, қарттарға, әйелдер мен балаларға, дін адамдарына және тұтқындарға қалай қарау керектігі де үйретілетін еді.

Әз.Мұхаммед тұсында жүргізілген соғыстар түгел дерлік «қорғаныс» сипатында болды. Сондықтан әскер мен қолбасшылардың тәлімінде қорғаныс қимылдары мен әдіс-тәсілдеріне де айрықша маңыз берілді. Оларға қорғаныс операциясының мақсаттары, түрлері мен тактикалары жан-жақты үйретілетін еді.<sup>411</sup>

Әз.Мұхаммед әскерді ту және байрақтармен жабдықтап отырды. Мүһәжірлер мен ансарлар жеке-жеке ту көтеретін. Сол сияқты тайпалар тарапынан дәстүрлі түрде белгіленген байрақтар мен оны тасушылар да бар болатын.

Садақ, оқ, қанжар, балта, қоршауды бұзатын арнайы техника, шокпар, қалқан, сауыт, дулыға, тікенді тор сияқты қару-жарак түрлері Әз.Мұхаммед заманында әскер тарапынан қолданылған ұзын және жақын қашықтықтарға арналған басты қарулар ретінде саналатын-ды.

Бейбітшілік, сүйіспеншілік және рақымдылық пайғамбары Әз.Мұхаммед басқа шара қалмаған жағдайларда мезгіл-мезгіл соғысқа шығып тұрған. Мәдина кезеңінде орын алған көптеген ғазуаттарды, жорыққа жолданған әскери топтарды (*сариййа*) басқарған болатын. Ол қолбасшы ретінде 27 ғазуатқа тікелей қатысып, 47 әскери топты жолдаған еді. Белгілі себептер мен мақсаттарға байланысты жүргізілген әскери қимылдар кезінде Мәдина қаласы бас штаб қызметін атқарған. Сондай-ақ бұл әскери қимылдардың басым бөлігі қорғаныс мақсатына бағытталса, бір бөлігі барлау және күзет мақсатымен де жүзеге асқан еді.

---

411 Бұл тақырыптарға қатысты жан-жақты мәлімет алу үшін қараңыз: Терзи, *аталмыш еңбек*, 84.

Әз.Мұхаммед тұсында орын алған әскери қимылдар, ғазауаттар мен әскери топ жолдау қимылдары ислам діні мен мұсылмандарға қарсы жауласқан мүшріктер, яһудилер және христиандарға бағытталған-ды.

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедке Аллаһ тарапынан уахи етілген дінді бейбіт жолдар мен тәсілдер арқылы тәблиғ ету міндеті жүктелген еді. Қанды шайқастар, құн даулары, тонау, өрт қою, анархия мен лаңкестік әрекеттерден әбден ығыры шыққан, жаны күйзеліске түскен, бойын үрей мен қорқу билеген Арабия түбегі халқы мен бүкіл адамзат әлеміне қауіпсіздік, татулық пен бақыт жолын көрсету міндеті тапсырылған-ды.

Оның кез келген ісі, соғыс пен бейбіт жағдайлардағы әрекеті сүйіспеншілік, бейбітшілік пен рақымдылық пайғамбары болғандығын көрсетті. Ол, тіпті, өзіне тіл тигізген, жамандық жасаған, ислам діні мен мұсылман қауымға дұшпандық көрсеткендерге қарсылық көрсетуде олардың жолы мен әдіс-тәсілін ұстанбады. Мүшріктер, яһудилер мен христиандардан кек алуға және оларға дұшпандық жасауға да тырыспады. Қайта, барлық адамдармен тату және бейбіт өмір сүру жолдарын қарастырды. Ислам діні мен алғаш сахабаларға жауыздықпен жәбір-жапа көрсетуден, зұлымдық жасаудан тайынбаған меккелік мүшріктерге қарсы күш қолданбады, қан төгуге апарып соқтыратын күрес жолын да таңдамады. Оның орнына туып өскен Мекке қаласынан шығып, мұсылмандар үшін жана жұрт іздеуді жөн көрді. Құранда қамтылған ақиқатты халыққа ең ыңғайлы жолдармен жеткізуге тырысты. Дұшпандары мен мүшріктерге қарсы күресте: «(Ей, Мұхаммед!) *Раббыңның жолына даналықпен және көркем үгіт арқылы шақыр әрі олармен ең жақсы нәрселер арқылы пікір бөліс. Ақиқатында, Раббың Өз жолынан адасқанды жақсы біледі және Ол тура жолдағыларды да жақсы біледі*» («Нахл» сүресі, 125), – деген иләһи сөзге сәйкес әрекет етті.

Исламның он жылдық Мекке кезеңінде соғысудан тартынған Әз.Мұхаммед Мәдинаға хижрет еткеннен кейін де соғысуды жақтамады. Мәдиналықтар келісімшарты мен Худәйбия бейбіт келісімі осы көзқарасқа сай жүзеге асқан-ды. Алайда, пұтқа табынушылар мен басқа діндерді ұстанушылар пайғамбар мен сахабаларына тыныштық бермеді. Толассыз жалғасқан жәбір-жапа мен қысым мұсылмандарды соғыс майданына шығуға мәжбүр еткен еді.

Әз.Мұхаммед мейірімді және жұмсақ мінезді кісі ретінде, әрі нәби ретінде соғысты және соғысуды ұнатпаған. Мәжбүр болған жағдайларда ғана дұшпанға қарсы соғысу жөнінде қарар қабылдайтын еді. Мұсылмандар Меккеде зұлымдыққа ұшыраған уақыттарда сабыр етуге шақырылған-ды. Алайда, мүшріктердің жауыздығы жалпы сипат алып, соғысқа айналған тұста мұсылмандарға соғысуға рұқсат берілген еді. Құрандағы:

*«(Ей, Мұхаммед!) Егер олар бейбіт келісімге бейімділік танытпаса, сен де бұрыл әрі Аллаһқа жүгініп, Оған ісіңді тапсыр (тәуекел ет). Ақиқатында, Ол – бәрін Естуші (әс-Саміъ), бәрін Білуші (әл-'Алим)»;*<sup>412</sup>

*«Егер олар тоқтатса, ақиқатында, Аллаһ – өте Кешірімді (Ғафур), ерекше Мейірімді (Рахим)»;*<sup>413</sup>

*«Бірақ, сендермен араларында келісім болған бір елге қосылғандар немесе сендермен де, өз қауымдармен де соғысуға жүректері тарылып, сендерге келгендердің жөні бөлек. Егер Аллаһ қалағанда, оларды сендерден үстем етер еді, сөйтіп, олар өздеріңмен соғысар еді. Ал, егер олар сендерді жөндеріңе қойып, соғыспаса және сендерге бейбіт келісім ұсынса, онда Аллаһ сендерге, оларға қарсы бір жол қоймады (рұқсат бермеді)»;*<sup>414</sup> – деген аяттар мәселенің мән-жайын аша түседі.

Шындығында, ислам діні еш уақытта соғысуды көздемеген. Алайда, соғысуға мәжбүр ететін жағдайлар да туындап отырған. Міне, сондай жағдайларда шамасына қарай Аллаһ жолындағы күреске материалдық қолдау көрсету және қатысу әрбір мұсылман (әйел мен ер азамат) үшін парыз болып табылады. Мәғзи әдебиетіне назар салған кісі ғазуаттар мен соғыс қимылдарының, ең алдымен, қорғаныс мақсатымен жүзеге асқандығын көреді. Әз.Мұхаммед тұсындағы әскери қимылдар мен Рашид халифалар дәуіріндегі фәтх әрекеттері исламды соғыс, қантөгіс пен қылыштың күші арқылы үрей салу, мал-мүлкіне қауіп төндіру жолымен қабыл еттіруге, түрлі топтар арасында жаюға ұмтылмады. Өйткені тек басқа шара қалмаған кезде соғысуға рұқсат етілген-ді. Яғни, «басқа емі қалмаса, жараны күйдірген жөн, басқа амал қалмаса, қылышты сермеген жөн» дегенге саяды.

---

412 Әнфал, 61.

413 Бақара, 192.

414 Ниса, 90.

Мұсылмандар соғыс майданының өзінде бейбіт саясат ұстануға тырысқан еді. Мәжбүр болмаған жағдайларда соғысуды қажет етпеген. Жеңіліске ұшыраған немесе фәтх етілген елдердің халқына қарсы «исламдастыру операциясын» жүргізбеген-ді. Соған қарамастан, кейбір орталар ғазуаттар мен Рашид халифалар дәуіріндегі фәтх әрекеттері жөнінде:

а) исламды күшпен қабылдату арқылы адамдарды исламдастыру;

ә) олжа табу;

б) жерін кеңейту мақсаттарымен жүзеге асырылды деген пікірлерді алға тартып келеді.

Соның нәтижесінде мұсылмандар мен ислам діні туралы жағымсыз пікір қалыптасыпты. Мұсылмандар қан төккіш жаугер, варвар, лаңкес халық ретінде, ал ислам діні соғыс пен лаңкестік діні ретінде танытылды.

Әз.Мұхаммедке жүктелген міндет Аллаһ уахи еткен дінді бейбіт жолмен жеткізу болатын. Яғни ислам пайғамбарына кескілескен қақтығыстардан, қоғамда етек алған тонау, өртеу, бассыздық пен лаңкестік сияқты әрекеттерден әбден қажыған Арабстан халқына, сондай-ақ бүкіл әлем халқына қауіпсіз бейбіт өмір мен бақыт жолын көрсету міндеті жүктелген еді.

Әз.пайғамбар соғыс жүргізуде және бейбітшілік орнатуда заман талабына сай қажетті барлау әдістерін өте тиімді пайдаланды. Мұны қатысқан шайқастарында және дінге дағуат жасауында қысқа мерзімде жеңіс пен табысқа жетуі, сондай-ақ екі жақтың да көп шығынға ұшырамауы көрсетеді. Өйткені Әз.пайғамбар ұтымды стратегия ұстану, сонымен қатар дұшпан туралы қажетті барлық негізгі ақпаратты жинақтау арқылы дұшпандарын жеңген еді.<sup>415</sup> «Барлаусыз соғыс жүргізуге болмайды» деген қағиданы Әз.пайғамбар өте орынды қолданған-ды.

Әз.Мұхаммед Мекке кезеңінің өзінде сахабаларына мезгіл-мезгіл насихаттар беріп, дұшпанға қарсы өте сақ болуын, сыр алдырмауын ескертеп тұрған. Сөйтіп, мүшріктердің мұсылмандар жөнінде ақпарат жинауына мүмкіндік бермеген болатын. Мүшріктердің назарын аударатындай, олар тосқауыл қоятындай істерді жасырын

---

415 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, 171.

түрде жүргізген. Мәселен, Ақаба серттері осылайша жүзеге асқанды.<sup>416</sup> Өз.пайғамбар хижреттен бұрын да, кейін де өз істерін өте мұқият жоспарлап отырды.

Мәдина мемлекеті құрылған тұста да Өз.Мұхаммед бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Құрылып жатқан жас мемлекеттің сырын дұшпанға алдырмау үшін барынша сақтық көрсетті. Мұның маңыздылығын сахабаларына да жеткізе білді. Жаудың ақпарат көздерін жапты. Сахабаларға жолға және саяхатқа жалғыз шықпауын насихат етіп отырды.<sup>417</sup>

Өз.пайғамбар мемлекет басшысы ретінде барлау жүргізу мәселесінде:

1. Дұшпанның қимылы мен стратегиясын жақыннан бақылап отыру үшін тыңшы ұстаған. Кейбір риуаяттарда Аббас бин Абдулмутталибтың мұсылмандықты қабыл еткеннен кейін де хижрет етпегендігі айтылады. Өз.пайғамбар одан Меккеде қалып, болған бар жайтты өзіне жеткізіп отыруын сұраған еді;<sup>418</sup>

2. Өз.пайғамбар Мәдина мемлекетін құрғаннан кейін жан-жаққа кішігірім әскери бірліктер жолдап отырған. Бұл бірліктер дұшпанға үрей салу, мұсылмандардың күшін көрсету және ақпарат жинақтау мақсатымен жіберілетін еді. Тіпті, осындай бір барлау тобының қолбасшысының қолына жазбаша нұсқау-хат ұстатып: «Бұл хатты тек пәленше жерге жеткенде ашып, оқы!» – деп бұйырғанды;<sup>419</sup>

3. Өз.пайғамбар бейбіт жағдайда да, соғыс кезінде де дұшпандарын бақылап отырған. Олар туралы мәлімет жинақтап, осы мақсатта бір не екі кісіні тыңшы ретінде қолданатын. Бұған қатысты мысалдар өте көп кездеседі. Мәселен, Әбу Суфиянның әскері жөнінде ақпарат алу үшін Бусәйбаны,<sup>420</sup> «Бәдір» мен «Ухуд» шайқастарынан бұрын дұшпанның жағдайын барлап қайту үшін тыңшылар жіберген;

---

416 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, 171.

417 Бухари, *Жиһад*, 134.

418 Хамидуллаһ, *Хз.Пейгамберин Савашлары*, 176.

419 Бухари, *Ғылым*, 8.

420 Мүслим, *Имәра*, 45; Әбу Дәуіт, *Жиһад*, 92.

4. Қауіп төнген сәттерде және соғыс кездерінде төңіректі барлап қайту үшін жіберілген кішкене бірліктер *дәуриййә* деп аталған. Мұндай бірліктер шағын алаңда, көбіне, түнде міндеттерін атқаратын-ды. Өз.пайғамбар өзі жолдаған мұндай бірліктерге бас штабпен және бір-бірімен байланыстарының үзіліп қалмауын ескертетін еді<sup>421</sup>;

5. Өз.пайғамбар ақпарат алу үшін дұшпан әскерінен кейбірін тұтқынға алып отырды. Мәселен, «Бәдір» шайқасына бара жатқан сапарында дұшпанның екі әскерін ұстап алып, олардан алған мәліметтер негізінде дұшпан әскерінің санын анықтаған болатын.<sup>422</sup>

Соғыста дұшпан туралы ақпарат жинау қаншалықты маңызды болса, дұшпанға ақпарат алдырмау да соншалықты маңызды. Расуллуллаһ өз өмірінде бұл мәселеге айрықша мұқияттылықпен қарады. Ол жүргізген сындарлы саясаты арқылы дұшпанның барлық ақпарат алу көздеріне тосқауыл қойған-ды. Өз.пайғамбар бұл мәселеге қатысты:

1. Сыр мен құпияны сақтауға өте мән берді. Сондықтан Аллаһ Расулы сыр сақтау мәселесін ұстаным ретінде қарап, мұсылмандардың қимыл стратегиясын қалыптастыратын және дұшпанның кәдесіне жарайтын кез келген мәліметті дұшпанға алдырмау керектігін әскеріне ұғындыра білді;

Мәселен, әскер Мәдинадан аттанатын уақытта түйелердің мойнына тағылған қоңырауларды шешкізген,<sup>423</sup> сапардың қай жаққа қарай бағытталғандығын жасырын тұтқан болатын;<sup>424</sup>

2. Дұшпанның барлау тобына мүмкіндік бермеді. Дұшпан бірліктері ислам әскері жөнінде ақпарат алуға барынша тырысып баққан.<sup>425</sup> Алайда, Өз.пайғамбар тиісті шаралар қолданғандықтан, бұған жол бермейтін еді. Мәселен, әскери штабтың төңірегіне күзетшілер қойып, күндіз-түні күзеттіретін болған.<sup>426</sup>

421 Бухари, Сайд, 16.

422 Табари, *Тарих*, III, 44.

423 Бухари, *Жиһад*, 138.

424 Бухари, *Жиһад*, 102.

425 Бухари, *Жиһад*, 140, 172.

426 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 995.



3. Дұшпанға ақпарат жинап берушілер ұсталып, өлім жазасына кесілетін еді. Өз.пайғамбар барлық шайқастарында әскерін дұшпанынан қорғаған. Дұшпанның әскер жөнінде ақпарат алуына жол бермеу үшін қажетті бар шараны қолданып, қауіпсіздік ұстанымына ерекше мән берген-ді.<sup>427</sup>

## 2. Ғазауаттар

### а. Мұсылмандар мен мүшріктер арасындағы қарым-қатынастар

Мәдина кезеңінде мұсылмандардың меккелік мүшріктер және Мәдинаға көршілес аймақтағы мүшрік тайпалармен байланысты соғыстар арқылы жүзеге асқан-ды. Өз.Мұхаммед қаншама тырысқанымен, бұл қауымдармен бейбіт қарым-қатынас орната алмады. Мекке фәтх етілгенге дейін бірнеше рет соғысқа шығуға мәжбүр болды. Қорғаныс мақсатымен жүргізілген бұл соғыстарда мүшрік әскерінің шабуылдарына тойтарыс беру мен Мәдинаны қорғауға, сондай-ақ мұсылмандардың мал мен жан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күш жұмсады. Өйткені ислам пайғамбары мен мұсылмандарға Меккеде күн бермеген мүшрік Құрайыш оларды Мәдинадан қуып шығу не көздерін жоюды көздеген-ді. Құрайыш Мәдинаның белді тұлғаларына жүгініп, олардан мұсылмандарды қаладан шығаруын не қолдарына тапсыруын талап еткен болатын. Сондықтан екі қала өкіметі арасында кез келген уақытта соғыс шығу қаупі бар еді.

Алпыс кісілік топ болып, мұсылмандар Әбуа ауылына келіп, сондағы Дамра тайпасымен келісімге келеді де, оларға кепілдік береді. Сол тұста құрайыштық Қурз бин Жәбир әл-Фихри Мәдина жайылымына шабуыл жасап, мәдиналық мұсылмандардың малдарын айдап әкетеді. Мәдинаға тоғыз күндік қашықтықта орналасқан Усәйрада мұсылмандар Мүдлиж ұлдарымен келісім жасасады. Өз.Мұхаммед керуен жолдарын бақылау үшін кіші әскери бірлік (*сәрийя*) жолдайды. Бәлкім, бұл аталған жайттарға алдағы уақытта болғалы тұрған үлкен шайқастың хабаршысы ретінде қараған жөн болар.

---

427 Мустафа Ағырақча, «Аср-ы Саадетте Орду ве Саваш Стратежиси», *Бүтүн Йөнлерийле Аср-ы Саадетте Ислам*, IV, 83.

## 1. Абдуллаһ бин Жахш басқарған әскери топ (*сәриййа*)

Өз. Мұхаммед хижреттің екінші жылының режеп айында Абдуллаһ бин Жахшқа он бес кісілік әскери бірлікті қосып, Мекке мен Таиф арасында орналасқан Нахла деген жерге жібереді де, сол жерде Сирияға бара жатқан не Сириядан қайтып келе жатқан керуендерді бақылауын талап етеді. Жұртынан қуылып, шет жерде пақырлықпен күн кешуіне себеп болған Құрайыштың керуенін көрген сәтте, мұсылмандардың кейбірі бірден шабуыл жасауға ниеттенеді. Әскери топ қолбасшысы Абдуллаһ бин Жахш бұған жол бермейді. Алайда, бір мұсылманның атқан оғы Құрайыштың керуен басшысы Амр бин әл-Хадрамиге тиіп, сол жерде ол жан тапсырады. Әскери топ керуеннен екі кісіні тұтқынға алып, Мәдинаға қайтады.

Өлген кісі мен тұтқынға алынғандар Құрайыштың белді әулеттерінен шыққан болатын. Хижаз өңірін дүрліктірген бұл оқиға Құрайыш дұшпандығын өршітіп, «Бәдір» соғысына дайындығын тездете түскен-ді. Меккелі мүшріктер мен яһудилер мұсылмандарды қасиетті (*харам*) айларға құрмет етпейтін, қан төккіш, тонаушы қарақшылар ретінде көрсетуге тырысты. Алайда, «Бақара» сүресінің 217-аятының түсуімен мұсылмандардың көңілі жай тапқан еді. Ұлы Аллаһ бұл аятта:

*Олар сенен тыйым салынған ай, ондағы (ол айдағы) соғыс жайлы сұрайды. Оларға: «Ол айда соғысу – үлкен (қылмыс). Ал, Аллаһтың жолынан қайтару және Оған күпірлік ету (Аллаһтың бірлігін теріске шығару), сондай-ақ әл-Харам мешітінен (тосу) және оның тұрғындарын одан шығару – Аллаһтың алдында одан да үлкен (қылмыс). Бүлік (фитна) – (кісі) өлтіруден де үлкен», – деп айт. Олар шамалары келсе, діндеріңнен қайтарғанға дейін сендермен соғысуын тоқтатпайды. Сендерден кім діннен қайтса және кәпір күйде өлсе, міне, солардың амалдары осы өмірде және соңғы, мәңгілік өмірде (ақиретте) зая кетеді әрі олар – отта (тозақта) болатындар. Олар онда мәңгі қалушы»,-* деп, істің мәнін ұқтырады.

## 2. «Бәдір» шайқасы

Мұсылмандар мен Мекке қалалық өкіметі басшылары және қалаға үстемдік жүргізген Құрайыш тайпасы арасындағы күреске негізделген қарым-қатынас ислам діні келген уақытта (610 ж.) баста-

лып, Меккенің фәтх етілуімен (630 ж.) бірге аяқталған болатын. Жиырма жылға жуық уақытқа созылған мұсылмандар мен мүшрік Құрайыш арасындағы бұл қарым-қатынас үш кезеңнен тұрады: а) Соғыс кезеңі: ислам діні тәблиғ етіле бастаған уақыттан Худәйбия бейбіт келісіміне дейінгі кезең; ә) Бейбіт кезең: Худәйбия бейбіт келісімі жасалған 628 жылдың наурыз айының 13 жұлдызынан бастап, 630 жылы Мекке фәтх етілгенге дейінгі кезең; б) Екінші соғыс кезеңі: Меккені фәтх ету барысында орын алған бірқатар оқиғалардан бастап, қаланың мұсылмандар тарапынан фәтх етілуі және Құрайыштың билік басындағы тұлғаларымен қоса толықтай мұсылмандықты қабылдауымен аяқталады. Сөйтіп, бастапқы кезден мұсылмандарға күн бермеген және ислам дінінің жайылуына кедергі келтіріп, баяулатқан Құрайыш тосқауылы жойылған-ды.

Исламның Мәдина кезеңінде мұсылмандар күн санап күшейе түсті. Мұсылмандар өз мемлекетін қалыптастырғаннан кейін көп ұзамай, хижреттің бірінші жылының соңына қарай ислам дұшпандарына қарсы соғысуға рұқсат берген «жиһад» аяттары түскен болатын. Ұлы Аллаһ «Хаж» сүресінің 29-30-аяттарында:

*«Өздеріне қарсы соғыс ашылғандарға, әділетсіздікке ұшырағандықтары себепті (соғысуға) рұқсат етілді. Сөзсіз, Аллаһ оларға көмектесуге Құдіретті. Олар елдерінен, «Раббымыз – Аллаһ» дегендері үшін жазықсыз шығарылды...», – дейді.*

Жиһад жөніндегі аяттың түсуі қаншама жылдар бойы зұлымдық көріп, дін дұшпандарына қарсы тұрарлық қауқары мен құқығы болмаған мұсылмандарды қатты қуантқан еді. Әз.пайғамбар аяттағы жиһад ету рұқсатын жұмыла соғысу әмірі деп түсінді. Негізінде, мұсылмандар ол тұста соғысуға мәжбүр болған-ды. Мұсылмандармен Отандастық келісімшарт жасасқан яһудилер мезгіл-мезгіл бейбіт келісімді бұзатындай қимылдар жасап отырды. Сирия сауда керуендерінің жол үстінде орналасқан Мәдина қаласы мен төңірегінде ислам дінінің тез тарауынан мазасы кеткен Құрайыш үлкен шабуылға дайындық үстінде болатын. Мекке кезеңінде жеке сипатта жасаған шабуылдары мен көрсеткен жәбір-жапа, зұлымдықтарын, енді, жаппай шабуылға, мындаған адам қатысқан соғысқа айналдырып, ислам мен мұсылман қауымды жер бетінен жоятындай соққы беруді көздеген-ді.

Соғысуға рұқсат етілгенімен, мұсылмандардың ұйымдасқан әскери күші, жеткілікті қару-жарағы жоқ болатын. Мемлекет жаңа құрылып, әлі құрылымы жетіле қоймаған-ды. Тұтқиылдан шабуыл жасау болмаса, мұсылмандардың дұшпанға қарсы соғысатындай күші жоқ еді. Ол тұста Құрайыштың Сирияға қатынайтын керуендері Мәдинадан өтетін. Шындығында, тек Аллаһқа иман келтіріп, Өз.Мұхаммедтің үндеуін қабыл еткендіктері үшін түрлі жәбір-жапа көріп, зорлықпен ел-жұртынан шығарылған мұсылмандар пұтқа табынушы Құрайышқа қарсы соғысып, жасаған зұлымдықтарының кегін алуды қалады. Оның үстіне, Мәдинаға келгеннен кейін күшейіп, тәуелсіз мемлекет құрған мұсылман қауымның ислам дұшпандарына қарсы өз күшін көрсететін және қажет болған жағдайда, қару алып Аллаһ жолында соғысатын уақыт та келген-ді.

Өз.пайғамбардың Мәдина мен төңірегіндегі қауіпсіздікті сақтау үшін мезгіл-мезгіл әскери топ жолдап отыруының себебі де осы болар. Жіберілген барлаушылар тобы мен Құрайыш керуендері арасында қақтығыстар шығып тұрғанымен, қан төгуге бара қоймаған-ды. Мұсылмандар Құрайыш тарапынан жасалуы мүмкін шабуылдарды тойтаруға дайын тұрды. Сол сияқты Құрайыш та Мәдинадағы дұшпандарына қарсы үнемі дайындық жүргізіп, оңтүстіктегі сауда қауіпсіздігін бұзатын кез келген қимылға қарсы тұруға әзір болатын.

Негізінде, ислам мемлекетінің құқықтық негізі Ақабада берілген Екінші сертте қаланған-ды. Ақабадағы серттің мұсылмандарға мемлекет құру мүмкіндігін беруі Құрайыштың ашу-ызасын туғызған еді. Өйткені Құрайыш Сирия сауда жолының үстінде орналасқан Мәдина қаласында ислам мемлекетінің құрылуын қаламады. Меккелік жастардан құралған «ортақ топтың» Өз.Мұхаммедті өлтіруге ұмтылуы да олардың бұл жағдайға қаншалықты ыза болғандығын көрсетеді. Хижрет оқиғасына, мұсылмандардың Мәдинада мемлекет құруына зығырданы қайнаған Құрайыш Меккеден жасырын түрде шығып, Мәдинаға қарай хижрет еткен мұсылмандардың ұйжайын, мал-мүлкін тәлкілеген болатын.

Шындығында, пұтқа табынушы меккеліктер мұһәжірлерге Мәдинада да қысым көрсетуге ниеттенген-ді. Мұһәжірлерді қоныс аударуға мәжбүр етіп, артында қалған мал-мүлкін тәлкілеген Құрайыштың ендігі көздегені оларға жаңа жұртында да тыныштық бермеу еді.

Эфиопия хижретінен кейінгі әдетіне басып, Құрайыш Мәдинадағы белді тұлғаларға жүгініп, олардан меккелік мұсылмандарды Мәдинадан қуып шығуын және қолдарына ұстап беруін сұрағанды. Сондықтан екі қала арасында соғыс шығу қаупі күшейе түскен болатын.

Амр бин әл-Хадрамидың өлімі соғысқа дайындық жүргізіп жатқан Құрайыштың үлкен керуен әзірлеуіне түрткі болды. Қысқа мерзім ішінде соғысқа қажетті қару-жарақты қамтамасыз ету үшін Әбу Суфиян басқарған керуен Сирияға қарай жолға аттанады. Бұл керуеннен түскен барлық табысты Құрайыш мұсылмандарға қарсы соғыс үшін жұмсайтын болып шешеді.

Мұсылмандар көп ұзамай осындай мақсатта керуеннің Сирияға бет алғандығы жөнінде хабар алады. Мұсылмандарға қарсы бағытталған соғысты қаржылай және қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін әзірленген Құрайыш керуенінің өздеріне қарасты аумақтан жайбарақат өтуіне көз жұмуы мүмкін емес-ті. Керуенді артынан бақылай отырып, Меккеге қайтуына тосқауыл қою үшін Әз.Мұхаммед әскери топ санын арттыра түседі. Алайда, олардың керуеннің ізін аңдып келе жатқандығын Әбу Суфиян да аңғарады. Міне, осындай бір сәтте Құрайыштың үлкен әскер жасақтап, Мәдинаға қарай жолға шыққандығы жөніндегі хабар Мәдинаға келіп жетеді. Мұсылмандар үшін керуеннің ізін аңдып, Меккеге қайтуын тойтару ма маңызды, әлде Мәдинаны басып алуға келе жатқан Құрайыш әскерімен соғысу ма? Әз.Мұхаммедтің қолбасшылығымен керуеннің ізіне түсу үшін Мәдинадан жолға шыққан 350 кісілік топ осы екі шешімнің бірін таңдауы қажет болды.

Дұшпан Мәдинаға шабуыл жасау үшін жолға аттанды деген хабар келісімен, Әз.пайғамбар сахабаларын жиып, жағдайды кенеседі. Сахабалардың көпшілігі жауға қарсы Мәдинаның сыртына шығып соғысуды жөн көреді. Микдад бин әл-Әсуад атты сахаба орнынан тұрып:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Аллаһ саған не бұйырса, соны істе. Исраил ұлдары Әз.Мұсаға: «Сен және Раббың екеуің барып, соғысыңдар. Ал біз, міндетті түрде, осында каламыз», – деген еді. Біз мұны айтпаймыз. Біз: «Сен және Раббың барып, соғысыңдар. Біз де сендермен бірге оң, сол, алдыңғы және артқы жақтарыңнан бірге соғысамыз», – дейміз», – деп өз ниетін білдіреді.

Сахабалардың сөзіне құлақ салып тындаған Әз.Мұхаммед олардың дұшпанмен соғысу керек деген пікірге келгендігін көреді. Әскеріне Бәдірге қарай жолға шығуды бұйырып:

«Алға! Алға! Еңселеріңді көтеріңдер! Өйткені Ұлы Аллаһ маған екі жеңістің бірін уәде етті. Қазірден-ақ дұшпанның жеңілісін көріп тұрмын», – деп сүйіншілейді.

Дайындығының жеткіліксіздігіне қарамастан, мұсылмандар Мәдинаға жеңіспен оралатындығына, соғыстан тұтқындар және олжамен қайтатындығына сеніммен қарады. Өйткені бұл жеңісті Әз.Мұхаммед уәде еткен болатын.

Дұшпанмен Мәдина сыртында соғысу жөнінде қарар қабылданғаннан кейін, Әз.Мұхаммед хижреттің екінші жылында 350-360 кісілік әскерімен Мәдинадан шығып, Бәдірге қарай аттанады. Бәдірге дұшпан әскерінен бұрын жетіп, құдықтың жанына келіп шеп құрады.

Бәдір Сирияға қатынайтын жол үстінде орналасқан ауыл болатын. Мәдинаға 70 шақырым қашықтықтағы бұл ауылда жылына бір рет жәрмеңке өткізіліп тұратын еді.

Ислам әскеріне Әз.Хамза қолбасшылық етті. Ал Құрайыш жағын Утба бин Раба басқарды. Негізінде, Утба бұл шайқасқа Әбу Жәһіл мен Әбу Ләһаб сияқтылардың айдап салуымен келген еді. Өйткені соғысу жөніндегі қарар күтпеген жерден қабылданып, әрі соғысу үшін орынды себеп те жоқ болатын. Амр бин әл-Хадрамидың құнын төлету арқылы мәселені шешуге де мүмкіндік бар еді. Әбу Суфиянның керуені де Меккеге аман-есен оралған-ды. Яғни мәселені соғысуға дейін апарудың қажеті жоқ болатын. Алайда, бұл наразылық түп ниеті ислам мен мұсылмандарды жер бетінен жоюға бағытталған Құрайышты тоқтата алмады.

Соғыс жекпе-жекпен басталды. Алдымен, Амр бин әл-Хадрамидың бауыры Амир әл-Хадрами ортаға шығып, Михжа атты сахабаны шейіт етеді. Сол сәтте Махзұм ұлдарынан шыққан Әсуад бин Абдул-Әсад қылышымен алға қарай ұмтылып, мұсылмандардың құдығын ластауға ниеттенеді. Әз.Хамза құдық басында оны қуып жетіп, жер жастандырады. Одан кейін Құрайыш қолбасшысы Утба қасына бауыры Шәйба мен ұлы Уәлидті алып, алға қарай шығады. Әдет бойынша өздерін таныстырып, қарсыластарын жекпе-жекке

шақырады. Оларға қарсы мұсылмандар арасынан Нажжар ұлдары әулетіндегі Әфра атты әйелдің Муаз бен Муғаууаз атты ұлдары және Абдуллаһ бин Рауаха шығады. Алайда, өздерін таныстырған уақытта, Утба оларға: «Біздің сендерде шаруамыз жоқ. Бізге жер-лестерімізді шығарыңдар», – деп, Әз.пайғамбардан өздеріне тең түсетін ерлерін жолдауын талап етеді. Бұл жолы оларға қарсы Әз.Хамза, Әз.Әли мен Әз.Әбу Убәйда суырылып шығады. Жекпе-жекке шыққан Әз.Хамза қарсыласы Шәйбаны бірден ұрып жығады. Әз.Әли Уәлидті өлтіреді. Ал Утба мен Әз.Әбу Убәйда бірін-бірі жаралап үлгереді. Сол сәтте Әли Утбаға қарай ұмтылып, оны жеңеді.

Ақырында, хижреттің екінші жылы рамазан айының он жетісі, жұма күні екі жақтың әскері бір-бірімен шайқасқа түседі. Құрайыш әскері материалдық жағынан, яғни әскери жағынан соғыстың жеңіспен аяқталуына қажетті бар керек-жарақпен қамтамасыз етілген болатын. Ал мұсылман әскерінің материалдық күші әлсіздеу, қару-жарағы жартымсыз, сан жағынан да дұшпан әскерінен екі есе кем еді. Соған қарамастан толық жарақталған дұшпан әскеріне тайсалмай қарсы тұрды. Өйткені олардың бойында Құрайыш әскерінде табылмайтын жеңістің тағы бір маңызды шарты «рухани күш» бар тұғын.

Шайқаста Аллаһтың қолдауы және Әз.Мұхаммед әскерінің көрсеткен табандылығы мен ерлігінің арқасында дұшпан әскері жеңіліске ұшырап, мың кісілік Құрайыш әскері қашып құтылғанды. Соғыста Әбу Жәһіл, Утба, Шәйба бин Рабия, Уәлид бин Утба, Умәййа бин Халеф, Әбул-Бухтари, Ас бин Хишам мен Зәмға бин Әсуад сияқты Құрайыштың атқа мінерлері өлтіріліп, жетпістей тұтқын мен үлкен олжа қолға түскен болатын. Тұтқындар арасында Әз.пайғамбардың көкесі Аббас, немере інілері мен Әз.Әлидің бауырлары Ақил мен Нәуфал, Әз.Зейнептің жолдасы Әбул-Ас, сондай-ақ Әсуад бин Амр мен Абд бин Зәм сияқты Құрайыштың беделді тұлғалары да бар еді.

Осыншама әскері өлген, тұтқынға алынған және материалдық шығынға ұшыраған Құрайыш әскері, тіпті, өліктерін де көмбей, шайқас алаңына қалдырып, тым-тырақай қашқан болатын. Олардың өліктерін мұсылмандар жерлеген еді. Мұсылмандар «Бәдір» шайқасында үлкен жеңіске жетіп, бұл хабар Мәдина халқын қатты қуантқан-ды.

Ислам тарихындағы маңызды оқиғалардан саналатын «Бәдір» жеңісі елді дүр сілкіндірген жеңіс болды. Бұл жеңіс өз жемісін де ала келген-ді:

1. «Бәдір» жеңісі мұсылмандарды үлкен қуанышқа бөледі. Алайда, Құран оларға: жеңіс Аллаһтың жәрдемінің, Өз.Мұхаммедтің әскери көрегендігі мен білгірлігінің, сондай-ақ саны аз мұсылман әскерінің ерен ерлігінің арқасында келгендігін ескертті. «Бәдір» жеңісі, ең алдымен, Аллаһтың мүміндерге берген сыйы мен нығметі еді. Иман рухының білек күшінен үстем түсуі болатын. Құранда бұл шындық:

*«Оларды сендер өлтірмедіңдер, алайда, оларды Аллаһ өлтірді. Сондай-ақ (Ей, Мұхаммед, топырақты) лақтырған кезіңде, сен лақтырған жоқсың, оны имандыларды Өз жағынан жақсы бір сынақпен сынау үшін Аллаһ лақтырды...»*,<sup>428</sup> – деп баяндалады;

2. «Бәдір» соғысы барысында және одан кейінгі кезеңде Өз. пайғамбар өз әрекетімен мұсылмандар үшін өнеге болды. Дұшпанмен соғысудағы әдіс-тәсілде, соғыста тұтқынға түскендер мен жаралыларға, әйелдер мен жас балаларға қалай қарау керектігі және соғыс олжасының үлестірілуі сияқты мәселелерде өзінен кейінгі мұсылман қауым үшін негіз қалыптастырып, исламдағы соғыс құқығына қатысты бірқатар ұстанымдарды белгілеген-ді;

3. «Бәдір» соғысында, әсіресе, исламның қас жаулары Әбу Жәһіл, Утба бин Рабия мен Умәййа бин Халеф сияқты мүшріктердің басшылары өлтірілген болатын. Алайда, бұл жағдай Хиндтің, Әбу Жәһілдің туыстары мен меккелік басқа да мүшріктердің өшпенділігін туғызып, олардың Өз.пайғамбар мен мұсылмандардан кек алсам деген ашу-ызасын күшейткен еді;

4. Утба, Умәйр және Әбу Жәһіл сияқты мүшріктер Бәдірде жер жастанып, ал Әбу Ләһаб Меккеде өз ажалымен өлген болатын. Олардан кейін Мекке билігін Әбу Суфиян өз қолына алады. Сөйтіп, Мекке қалалық өкіметін басқару Хашим ұлдары әулетінен Умәййа (әмеуи) ұлдарына өтеді. Бәдірде ұлы, қайынатасы мен жездесі өлтірілген Әбу Суфиян әйелі Хиндтің азғыруымен «Бәдір» соғысының кегін қайтару және өз атын шығару үшін әрекетке кіріседі;



5. «Бәдір» соғысында қол жеткізген жеңіс саяси, діни және әлеуметтік негіздерін жаңа қалаған мұсылман қауым мен алғашқы ислам мемлекетінің күшеюін, ислам діні мен мұсылмандардың Арабстандағы ең алып күшке айналуын қамтамасыз етті;

6. «Бәдір» соғысы пұтқа табынушы меккеліктерді қайғы-қасіретке душар етіп, ал мүміндерді қуанышқа бөлеген еді.

7. «Бәдір» соғысында тұтқынға түскендерді еркіндігіне қауыштыру үшін төленген төрт мың дирхамдық *фидия* төлемі Мәдина мемлекетінің құрылымын қалыптастырып жетілдіруге, сондай-ақ мұсылмандар қоғамын күшейтуге ерекше ықпал етті. Мұсылмандардың қаржы күші арта түсті;

Бәдірде жеңіліп, тіпті, өліктерін де көмуге шамасы жетпей, Меккеге қашып құтылған Құрайыш өш алу үшін қайтадан соғысуға дайындала бастайды. Әбу Суфиянның басшылығымен Сирияға жіберілген сауда керуенінен түскен табысты өз араларында бөлісіп, мұсылмандардан кек қайтару соғысына дайындық үшін қолданбақ боп шешеді. Алайда, 250 мың дирхамды құрайтын бұл табыстың басым бөлігі не барлығы дерлік қайта айналып, мұсылмандардың қолына түскен еді. Өйткені Бәдірде тұтқынға түскен туыстарын құтқармақ болған меккеліктер керуеннің табысын мұсылмандарға *фидия* ретінде төлеген-ді. Ал мұсылмандар тұтқындарды құтқару үшін төленген бұл қаржыны әрі әлеуметтік-экономикалық жағдайларын түзеу үшін әрі соғыс құрал-саймандары мен қару-жарак алу үшін қолданды. Құрайыш *фидия* төлеу арқылы тұтқындарын еркіндікке қауыштырғанымен, мұның оларды шығынға ұшыратып, мұсылмандардың пайдасына шешілгендігін бірден аңғарған еді. Алайда, *фидия* төлеуді тоқтатқанымен, бағзы байлар жасырын түрде төлеуін жалғастырған-ды. Соған байланысты Құрайыш бұл тыйымды алып тастуға мәжбүр болады. Дегенмен, төлем төлеу арқылы құтқарылған меккелік тұтқындар кек алу үшін жасақталып жатқан әскердің күшін арттыра түсті.

Кегін қайтару үшін дайындыққа кіріскен Құрайыш мұсылмандарға қарсы әскери күшін арттыра түсу мақсатымен жалдамалы әскер жинай бастайды. Құрайыштың Әбул-Азза атты ақыны Бәдірде тұтқынға түсіп, кейінірек мұсылмандарға қарсы қимыл мен өлең оқудан ұзақ тұрам деген уәдемен босатылған болатын. Алайда, ол уәдесін бұзып, араб тайпаларын аралап, мұсылмандарға қарсы үгіт

жүргізеді. Соның нәтижесінде Мусталик ұлдары, Ғатафан ұлдары мен басқа да тайпалардан екі мың кісілік әскер жасақталады. Бұған меккелік мың кісілік ерікті әскердің қосылуымен, үш мың кісілік алып әскер құрылады. Әскер құрамында үш мың түйе де бар еді. Хинд, Икриманың әйелі Умму Хаким, Халид бин Уәлидтің қарындасы әрі Харис бин Хишамның әйелі Фатима, Сафуан бин Умәййаның әйелі Бәрза, Амр бин Астың әйелі Рита мен Мусғаб бин Умәйрдің анасы да әскер құрамына қосылған-ды.

Сол тұста Мекке басшысы Әбу Суфиян 200 кісілік топпен жасырын түрде Мәдинаға келіп, яһудилер және мүнәфықтармен кездеседі. Қаладағы яһудилердің Нажжар ұлдары тайпасының көсемі Мишкамның үйінде жиналыс жасап, соғыс жоспарларын талқылайды. Әбу Суфиянның жасақтары Мәдина маңайындағы Урайза деген жерде орналасқан мұсылмандарға тиесілі құрма шаруашылығына тосыннан шабуыл жасап, құрма ағаштары мен шаруа қожалығын өртеп жібереді. Сол жерде кезіккен екі мұсылманды да өлтіріп тастайды. Өлтірілгендердің бірі ансардан шыққан Сағд бин Амр болатын.

Әз.пайғамбар бұл қайғылы оқиғадан кейін Сирия сауда жолын меккелік саудагерлерге жауып тастайды. Соған байланысты олар ең ірі сауда орталықтары саналатын Сирия мен Мысырдың орнына Нәжд арқылы Иракқа баруға мәжбүр болады. Бұдан басқа Әз.Мұхаммед Зейд бин Хариса басқарған 200 кісіден тұратын әскери топты жолға салады. Бұл жасаққа сол тұста Мәдина маңайынан өтіп бара жатқан Әбу Суфиян мен Сафуан бин Умәййа басқарған Құрайыш керуенін тоқтату тапсырылады. 80 атты және 120 жаяу әскерден құралған Зейдтің жасағы шабуылда жеңіске жетеді. Әбу Суфиян мен Сафуан керуеннің жүгін тастап қашады. Сөйтіп, 100 мың дирхам кесек күміс мұсылмандардың олжасына түседі. Бұл қаражат Ухудқа аттанатын ислам әскерін қару және керек-жарақпен жабдықтауға жұмсалған еді.<sup>429</sup>

---

429 «Бәдір» соғысы туралы Құранда, *Кутубус-сунна* және басқа да хадис жинақтарында, сонымен қатар ислам тарихы қайнаркөздерінде баяндалған. Қараңыз: Ибн Хишам, 439-448; Ибн Сағд, II, 6-7; Табари, I, 1303-1308; Хамидуллаһ, *Хз.Пейгамберин Савашлары*, 55-91; *Ислам Пейгамбери*, I 159; Көксал, I, 77.

Осы тұста «Бәдір» соғысының нәтижелеріне және «Ухуд» соғысына қатысты жекелеген бірқатар оқиғаларға тоқталуды жөн көрдік.

Олардың алғашқысы – Умәйр бин Уәхб оқиғасы. Ол Мекке кезеңінде Өз.пайғамбар мен мұсылмандарға жәбір-жапа шектіргендердің бірі болатын. «Бәдір» соғысындағы жеңіліске қатты қамыққан Умәйр Мәдинаға барып, Өз.пайғамбарды өлтіруге ниеттенеді. Әрі көздеген мақсатына жету әрі меккеліктерден алған қарыздарын төлеу және отбасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Сафуан бин Умәйрден қарыз алып, онымен келісім жасасады. Сөйтіп, Умәйр Мәдинаға келеді. Өз.пайғамбар оған кездескен уақытта: «Бәдірде қолға түскен ұлыңның төлемін беру үшін келдім дегенің жай ғана сылтау. Мен сенімен Сафуан арасында болған жайттың бәрін білемін...», – деп, Сафуан мен оның арасындағы жайтты айтып салады. Бұл жағдайға қатты таңырқаған Умәйр мұсылмандықты қабылдайды.

Екіншісі – Әбу Узәйхир оқиғасы. Дәус тайпасынан шыққан Узәйхир Меккеде тұратын. Ол бір меккелік тайпа көсемінің мәуласы болатын. Тайпа басшысы оның қызына сөз салады. Бұл талапты кері қайтарған Әбу Узәйхир мен тайпа көсемінің арасында ұрыс шығып, ақыр соңында Әбу Узәйхир оны өлтіртеді. Болған оқиға туралы хабар Өз.пайғамбарға да жетеді. Өлтірілген кісі Әбу Суфиянның одақтасы, ал өлтірген кісі Махзұм ұлдарынан шыққан Уәлид еді. Өз.пайғамбар бұл оқиғаны ұтымды пайдаланып, ақын Хассанға өлең жаздыртады. Өлеңнің ықпалымен Әбу Суфиянның одақтастары Махзұм ұлдарынан кек қайтару үшін әрекетке кіріседі. Сөйтіп, Өз.пайғамбар сол заманның ең ықпалды күші өлең-жырды дұшпандарына қарсы қолданып, олардың арасын ушықтыру арқылы уақыт ұтуды көздеген болатын. Әбу Суфиян ара түсіп, ішкі соғыстан аман қалғанымен, өлген кісінің туыстарының бірі Сағд бин Суфәйх дәустықтарға және олардың одақтастары Йәмама мен Сәрат тайпаларына тиесілі аумақтан өткен құрайыштықтарға соқтығып, өлтіре бастайды. Сағд бин Суфәйх әйгілі сахаба Әбу Хурайраның көкесі еді. Құрайыш бұл дәустық қарақшымен күресуге шамасы жетпей, әбден ығыры шығады.

Айтқымыз келген үшінші оқиға Өз.пайғамбардың Зейнеп атты қызының мүшрік күйеуі Әбул-Ас жөнінде болмақ. «Бәдірде» тұт-

қынға түскен Әбул-Астың төлеп өзін құтқаратындай ақшасы жоқ еді. Меккеге хабар салып, төлемін өтеуді сұрайды. Сонда жұбайы Зейнеп анасы Әз.Хадиша тойында сыйлаған алқаны Әз.пайғамбарға жолдап, мүшрік күйеуін босатуын өтінеді. Әз.пайғамбар бұл құнды естелікті алмады. Ешбір төлемсіз Әбул-Хасанул-Асты еркіндігіне қоя берді. Алайда, Әбул-Ас исламға қарсы әрекетін одан әрі жалғастырады. Ақырында, Сириядан сауда керуенімен келе жатқан уақытта, мұсылмандардың шабуылына ұшырап, керуенді тастап қашады. Қайта барып, бұрынғы әйелі Зейнептен пана сұрайды. Зейнеп оны өз қорғауына алғандығын жария етеді. Кейінірек Әз.Мұхаммедтің араласуымен керуені де өзіне қайтарылған Әбул-Ас Меккеге қайтып, қарыздарын төлегеннен соң мұсылмандықты қабылдайды. Сөйтіп, Мәдинаға келіп, жаңадан неке қимастан, Әз.Зейнепке қайта үйленеді.

### **3. «Ухуд» соғысының барысы мен салдарлары**

Әлі мұсылмандықты қабылдай қоймаған не исламға кіргендігін жасырын тұтқан Аббас бин Абдулмутталиб Ғифар тайпасынан шыққан бірі арқылы хат жолдап, Әз.пайғамбарға Құрайыштың үлкен әскер жасақтап, Мәдинаға шабуыл жасау үшін жолға шыққандығы жөнінде хабар салады. Әз.пайғамбар хатты Убәй бин Кағба оқытқаннан кейін, одан хабарды жасырын ұстауын талап етеді. Содан кейін Сағд бин Рабидың үйіне соғып, оған да бұл құпия хабарды жеткізеді. Алайда, олардың арасындағы әңгімені естіген оның әйелі естігендерін елге жайып салады. Әз.пайғамбар Хабба бин Мунзирді барлауға жіберіп, одан дұшпан жөнінде қажетті ақпаратты алады. Хаббаб жеткізген мәліметтер Аббастың хатында айтылғандарды растаған еді. Осыған байланысты Мәдинаның маңызды жерлеріне күзетші қойылып, Әз.пайғамбар жағдайды сақбаларымен кеңеседі. Яһуди тайпаларының көсемдері мен мүнәфиқтарды да жиналысқа шақырады. Пайғамбар мен жиналысқа қатысқандардың басым көпшілігі Мәдинада қалып, қорғаныс соғысын жасауды ұсынады. Ал «Бәдір» шайқасына қатыспаған жастардан құралған топ Мәдинадан шығып, дұшпанмен қала сыртында соғысуды, сөйтіп, олардың қалаға кіруіне тосқауыл қоюды қалайды. Жастардың пікірі қабылданады. Сонда ансардың ақсақалдарынан Сағд бин Муаз Әз.пайғамбарды Мәдина сыртында соғысуға мәжбүр еттіңдер деп,

одан кешірім сұрауын талап етеді. Олар Өз.пайғамбарға келіп кешірім сұрап, өзі жөн көрген нәрсені істеуін өтінеді. Ол сәтте Өз.пайғамбар сауытын киіп, әскердің аттануын күтіп жатқан болатын. Сондықтан әзірлік жасап, майданға аттанғалы тұрған Өз.пайғамбар қарарынан бас тартуға келмейтіндігін білдіреді.

Мәдинадан мың кісілік әскермен жолға шыққан Өз.Мұхаммед Шәйхайн деген жерге келіп түнейді. Мүнәфықтардың басшысы өздерінің Мәдина сыртында шайқасуға қарсы екендіктерін айтып, үш жүз кісілік жақтастарын алып, қайтып кетеді. Сөйтіп, мұсылмандар жеті жүз кісілік әскерімен Ухудқа қарай аттанады. Әскер қатарында Умму Әйман, Умму Умәра есімімен аталып кеткен Нәсиба атты әйел, Өз.Айша және басқа да мұсылман әйелдер де болған-ды.

Өз.Мұхаммед қолбасшылық еткен ислам әскері Ухуд тауын арқа жағына алып шеп құрайды. Өз.пайғамбар туды қайта Мусғаб бин Умәйрге ұстатады. Сауыт киген әскердің басына Өз.Зубәйрді, жаяу (сауытсыз) әскерге Өз.Хамзаны, ал садақшылар тобының басына Абдуллаһ бин Жубәйрді қолбасшы етіп тағайындайды. Садақшылар тобынан әскердің артқы жағынан төнуі мүмкін кез келген шабуылға тосқауыл қойып, дұшпанның артқы жақтан Ухудқа келуіне жол бермеуін талап етеді.

Мұсылмандардың жеті жүз кісілік әскеріне қарсы мүшріктер үш мың кісіден құралған әскермен шығады. Олар Ухудқа мұсылмандардан бұрын жетіп, сортаң жерге келіп орнығады. Әскердің Бас қолбасшысы Әбу Суфиян болады. Ал оң қанатын қолбасшысы Халид бин Уәлид, сол қанатты Икрима бин Әбу Жәһіл, атты әскерді Сафуан бин Умәййа, ал атқыштар тобын Абдуллаһ бин Рабия басқарады. Туды Талха бин Әбу Талиб көтерген тұғын.

Ухуд Мәдинаның солтүстігінде, төрт шақырымдай қашықтықта орналасқан тау болатын. Ислам әскері оң жағына Мәдина қаласын, ал солына жазықтықты ала орныққан-ды. Жазықтықты жақсылап қорғау қажет болды, өйткені мұсылмандар артқы жақтан шабуылға ұшыруы мүмкін еді. Сондықтан Өз.пайғамбар Абдуллаһ бин Жубәйр бастаған жүз кісілік атты әскерден осы жазықты қорғауын және өзінен әмір келмейінше, орындарында тапжылмай тұруын талап етті. Өз.пайғамбар қолына бір қылыш алады. Қылыштың үстінде: «Қорқақтық – арсыздық, ал алға ұмтылу – абырой, адам қорқумен тағдырдың қолынан құтыла алмайды» деген жазу бар еді. Әскеріне:

«Мұны іштеріңнен қай ер азамат қолына алғысы келеді?» – деп сұрайды. Сұрау бойынша қылышты ансардан шыққан Әбу Дужәнаға береді. Әбу Дужәна шайқаста бұл қылышпен үлкен ерлік көрсетеді. Дұшпан шебін бұзып, Хиндтің жанына дейін барады. Алайда, қорғанышсыз әйел кісіге қылыш сермеуден тартынады.

«Ухуд» соғысы хижреттің 3-інші жылы (625 ж.) орын алған болатын. Алдымен, кезінде хижреттен бұрын Меккеге барып қайтқан әустық Әбу Амр он бес кісілік топпен алға ұмтылып, өз тайпасының алдында сөз сөйлейді. Өз пайғамбар мүнәфиқ деп сипаттаған Әбу Амр осы сөзі арқылы әустықтарды Құрайыштың жағына шығаруды көздеген-ді. Алайда, сөзін аяқтаған Әбу Амрға әустықтар қатал түрде қарсы шығады. Одан кейін Құрайыштың туын көтерген Талха бин Әбу Талха ортаға ұмтылып, жекпе-жекке шақырады. Оған қарсы Өз.Әли шығып, жер жастандырады. Ал Өз.Хамза Талханың бауыры Османды өлтіреді. Әбу Дужәна мен Сағд бин Әбу Уаққас та өз қарсыластарын жеңеді. Шайқас қыза түседі. Хамза, Әли, Әбу Дужәна, Сағд бин Әбу Уаққас, Омар, Әбу Бәкір, Үкәша, Зубәйр және басқа да сахабалар «Ухудта» ерлікпен шайқасады. Құрайыштың Абдуддар ұлдарынан ту көтерген он кісі өлтірілгеннен соң, ту көтеретін ешкімі қалмай, туды сол тайпаның құлы Сауах қолына алады. Мәдиналық әйелдердің өсек-аяңынан сескенгендіктен, әрі қаладағы үлкен бау-бақшаларын Құрайыш тонап жүрер деп үрейленгендіктен Ухудқа келіп, үлкен ерлік көрсеткен Құзман Сауахтың қолын шауып түсіреді. Ол Абдуллах бин Убәй бин Сәлүлдің қарындасымен бірер күні бұрын үйленген-ді. Әбу Суфиянды өлтіруге ұмтылған сәтте шейіт болады.

Соғыстың бастапқы кезеңінде мұсылман әскері сан жағынан өзінен бір неше есе асып түсетін жау әскеріне күйрете соққы беріп, алдына салып қуады. Дұшпан әскері бар-жоғын соғыс майданына тастап, жан-жаққа қарай қашады. Аллаһтың қолдауымен жеңіске жеткен мұсылмандар қашқан жаудың соңына түседі. Алайда, соғыс нақты аяқталмай тұрып, қаруларын тастап, қашқандардың артында қалған заттарды олжа ретінде жинауға кіріседі. Жиһадты ұмытып, бойларын дүниелікке алдырады. Олардың дұшпан әскерінің заттарын жинауға кіріскенін көрген артқы шептегі әскер де қолбасшылары Абдуллаһ бин Жубәйрдің Өз.пайғамбардың бұйрығын ескерткендігіне қарамастан, орындарын тастап, олжаға

қарай жүгіреді. Осындай оңтайлы сәтті күткен Құрайыш әскерінің оң қанатын басқарған Халид бин Уәлид бірден қимылға көшіп, мұсылмандарға артқы жақтан тарпа бас салады. Көбі қаруын жайында қалдырып, олжа жинауға кіріскен мұсылман сарбаздар неге ұшырғанын білмей сасқалақтайды. Халид басқарған әскери топтың шабуылымен мұсылмандардың жан-жаққа тарап кеткендігін көрген Құрайыш әскері қайта оралып, шабуыл жасайды. Екі жақтан жасалған шабуылдың ықпалымен кері іркілген мұсылмандар Әз.Мұхаммедтің қайтпас ерлігінің арқасында көп шығынға ұшырамай, Ухуд тауына қарай шегіне бастайды.

Алайда, соғыста Әз.Мұхаммед жарақат алады. Әз.Хамза мен Мусғаб бин Умәйрдей дара тұлғалармен қоса, жетпістей сахаба шейіт болады. Жаралы сахабалар саны да көп еді.

Ухудқа қарай шегінген мұсылман әскерінің соңына түсуге батылы жетпеген Құрайыш әскері осы жеңіске қанағат қып, Меккеге қарай ат басын бұрады. Жолда аялдап, жағдайды таразыға салған құрайыштықтар қайта оралып, Мәдинаға шабуыл жасауға және мұсылмандарды біржолата талқандауға ниеттенеді. Алайда, мұндай шабуыл жасалуы мүмкін деп сезіктенген Әз.Мұхаммед бірден әскерін қайта жиып, дұшпанның соңына түсуге бел буады. Сөйтіп, шәууәл айының он алтысы базар күні «Хамраул-Әсад» деген жерге келіп, қонақтайды. Хузаа тайпасынан Мағбад атты кісі осында келіп, мұсылмандардың Ухудтағы жеңілісіне қатты күйзелгендігін білдіреді. Одан кейін Құрайыш тайпасына барып, Әбу Суфиянға Әз.Мұхаммедтің әскерін қайта жиып, жаңадан келіп қосылған мәдиналықтармен бірге үлкен әскер жасақтап, Хамраул-Әсадқа жеткендігін айтып, шабуылға ниеттенген құрайыштықтарға үрей салады. Мұны естіген Құрайыш әскері жеңіске жете тұра, жеңіліспен оралғысы келмейді де, бірден Меккеге қарай жолға шығады. Дұшпанын қорқытып, Мәдинаға қайта шабуыл жасаудан бетін қайтарған Әз.Мұхаммед, осылайша, жеңілістен жеңіске жеткенді.

Көріп отырғанымыздай, «Ухуд» соғысы үш сатыдан тұрады. Бірінші сатыда мұсылмандардың жеңгендігі, екіншіде меккелік мүшріктердің жеңісі байқалса, ал үшінші сатыда кімнің нақты жеңіп-жеңілгендігі белгісіз. Дегенмен, «Ухуд» соғысы көптеген тайпалардың мұсылмандарға қарсы шабуыл жасауына не тіс қайрауына мүмкіндік берді. Мәдиналық яһудилермен қарым-қаты-

настың толықтай тоқтауына және мұсылмандарға қарсы жаңа дұшпан шебінің құрылуына жол ашты. Құрайыш, бір қарағанда, Бәдірде жоғалтқан абыройына қайта қауышқан еді. Ал мұсылмандар жағынан шейіттер саны көп болатын. Мәдинаны қайғы басады. Әз.Мұхаммед, әсіресе, Хамзаның өліміне қатты қайғырады. Өйткені көкесін Хинд жалдаған Уахши атты кісі өлтіріп, мәйітін кескілеп тастаған еді. Әз.пайғамбар жыл сайын Ухуд шейіттерін зиярат ететін. Бұл шайқаста меккелік мүшріктерден 22 кісі өлтірілсе, ал мұсылмандардан 70 кісі шейіт болды.<sup>430</sup>

#### 4. «Маун құдығы» (Би'ри Маун) оқиғасы

Әз.Мұхаммед хижреттің төртінші жылының басына қарай Амр бин Сағсаға тайпасына ислам дінін үйрету мақсатымен мұғалімдер жібереді. Амир ұлдарынан шыққан Нәжд аймағының беделді азаматы Әбу Бәра'а Амир бин Мәлік бин Жағфардың өтініш білдіруіне және жіберілген кісілерді міндетті түрде қорғайтындығына кепілдік беруіне байланысты Расулуллаһ әли Суфадан 70 кісіні таңдап, Мунзир бин Амрды оларға басшы етіп, Нәждке жолдайды. Әрі Әбу Бәра'аның бауырының ұлы Амир бин Туфәйлге хат жазып, жіберілген ұстаз дағуатшылар тобын тиісті түрде қарсы алып, қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуін талап етеді.

Ұстаз дағуатшылар тобы Мәдинаға төрт түндік жердегі Маун құдығының жанына келіп түседі. Мунзир бин Амр Әз.Мұхаммедтің хатын Харам бин Милхан арқылы Амр бин Туфәйлге жеткізеді. Алайда, Амр келген хатты оқымай, жыртып тастап, Харам бин Милханды өлтіреді. Содан кейін тайпасына жіберілген топқа шабуыл жасап, қырып тастауын бұйырады. Алайда, Амир ұлдары тайпасы: «Біз Әбу Бәра'аның берген сөзін таптай алмаймыз», – деп бұл бұйрыққа мойынсұнбайды. Соған байланысты Амр бин Туфәйл Сүләйм ұлдарынан бірқатар отбасын қасына алып, Маун құдығына бет алады. Ислам дағуатшыларына күтпеген жерден шабуыл жасап, барлығын шейіт етеді. Тек Кәғб бин Зәйд жаралы

430 Қараңыз: Ибн Хишам, *аталмыш еңбек*, 558, т.б.; Уәкиди, *аталмыш еңбек*, 160-220, 227, т.б.; Ибн Сағд, II, 125, т.б.; Ибн Ханбал, Мүснәд, III, 201, 203, 208, 221 нөмірлі хадистер; Бухари, *аталмыш еңбек*, III, 205; Табари, I, 1392, т.б.; Хамидуллаһ, *Хз.Пейгамберин Савашлары*, 93-124.



күйде құтылып, Мәдинаға жетеді. Өз.Мұхаммедке болған жайтты жеткізеді. Түйе бағып жүріп, бұл қырғыннан аман қалған Амр бин Умәййа мен Мунзир бин Мұхаммед оқиға болған жерге келіп, жан түршігерлік қастандықты көргенде, шыдай алмай, дұшпанға қарсы тұрады. Алайда, Мунзир қаза тауып, Амр тұтқынға түседі. Кейінірек Амр өзін Мудар ұлдарынан шыққанмын деп танытып, тұтқыннан құтылып, Мәдинаға оралады. Жолда Амир ұлдарынан екі кісіге кезігіп, екеуін де өлтіреді. Мәдинаға келген уақытта, басынан өткен жайтты Өз.Мұхаммедке айтып береді. Амир ұлдары мен мұсылмандар арасында жақсы көршілік қатынастар болғандықтан, Өз.Мұхаммед өлтірілген екі кісінің құндарын төлейді.

Өз.Мұхаммед бұл қырғынды естігенде, қатты қайғырып, бір ай бойы Маун құдығындағы бұл қастандыққа себеп болғандарға бәддұға жасайды. Әбу Бәра'а Өз.Мұхаммедтің өзін бұл оқиғаға жауапты деп қарап, бәддұға жасағандығын естігенде, қатты қамығып, наукасқа шалдығып, ақыр соңында қайтыс болады.

## 5. «Хәндек» соғысы

«Ухуд» соғысы Құрайышқа Бәдірдегі жеңілісін ұмыттырды. Арабстан тайпалары арасында абыройы қайта өсіп, көңілдері жай тапқан құрайыштықтар тағы бір соғыс арқылы өздеріне экономикалық, әлеуметтік, саяси және діни тұрғыдан қауіп төндірген мұсылмандардың біржолата көзін жоямыз деп сенді. Өйткені ислам діні Арабстанға үстемдік жүргізетін болса, Қағбадағы пұттардан түсетін табысқа сүйенген Мекке ақсүйектерінің салтанаты шайқалып, ал Сирия сауда жолынан ажырайтын болса, Сирия, Мысыр мен Палестинаға қатынайтын саудасы тоқтап, экономикасы мен сауда өмірін астаң-кестең етері сөзсіз еді. Сондықтан олар үшін Мәдинаға шабуыл жасап, мұсылмандарды толығымен талқандау күттірмес мәселеге айналды.

Міне, осындай әбiгерге түскен Құрайыш Меккеге қайтып келгеннен соң, қысқа уақытта қайта соғысқа дайындала бастады. Оның үстіне басқа араб тайпалары да мұсылмандарға түрлі жолдармен шабуыл жасап, олардың күшін әлсіретеді. «Ражи» мен «Би'ри Маун» оқиғалары – соның айқын көрінісі. Ухудта жеңіліске ұшырап, жетпістей адамы шейіт болған мұсылмандардың жеткілікті қорғаныс күші де жоқ-ты.

Хижреттің бесінші жылы (627 ж.) шәууэл айының 8-29 күндері арасында орын алған «Хәндек» соғысы Құрайыштың Мәдинаға шабуыл жасап, мұсылмандардың көзін жоюға бағытталған үшінші соғысы болды. Адамдарды ақиқатқа бұру және олардың арасында бейбітшілікті орнатуды мақсат еткен Өз.пайғамбар мен оның үндеуін толығымен жою үшін Мәдинаға қарай аттанған әскер қаланы қоршауға алады. Ол тұста Өз.Мұхаммед Мәдина төңірегіне мұғалімдер мен дауатшылар жолдап, ислам дінін үйретіп, ақиқатты жаю үстінде болатын.

Өз.пайғамбар меккеліктердің Мәдинаға шабуыл жасау үшін үлкен әскер жасақтап, жолға шығуға әзір тұрғандығы жөнінде хабар алады. Өз.пайғамбарды: Құрайыштың әскеріне қалай қарсы тұру керек? Мәдинаны дұшпанға қарсы қалай қорғаған дұрыс? деген сауалдар мазалай бастайды. Өз.Мұхаммед әдеттегінше сахабаларын жинап, олармен кеңеседі. Кеңесте түрлі пікірлер айтылады. Ақыр соңында, парсыдан шыққан Сәлман Фарисидің берген насихаты бойынша ор қазылып, қалада қорғаныс соғысын жүргізу жөнінде қарар қабылданады. Қаланың төңірегіне ор қазу мәселесі қысқа мерзімде орындалады. Өз.Мұхаммедтің өзі де күндіз-түні тікелей қазысқан ор, шынымен де, Арабстанда жаңа бір соғыс әдісі болатын. Үлкен шабытпен келген жау әскері қазылған орды көргенде, сасқалақтайды. Мұндай соғыс тәсілін алғаш көріп тұрған жау әскері ордан аса алмай, Мәдинаны сыртынан қоршамақ боп шешеді.

Меккеден 4000 кісімен шығып, жол-жөнекей араб тайпалардың қосылуымен саны 10000-нан асқан Құрайыш әскері қалаға бірнеше рет шабуыл жасайды. Алайда, мұсылмандар қаланы жан-тәнімен қорғайды. Мәдиналық яһудилердің бірлесе әрекет еткендігіне, қаланың әлсіз тұстарын тауып, сол жерден шабуылдар жасағандығына қарамастан, жау әскері қалаға кіре алмайды. Арабтың әйгілі ержүрек балуаны Абдувәди бір топ майдандас жолдасымен ордан асып, мұсылмандардың әскеріне жетіп, жекпе-жекке шақырады. Өз.Әлидің оны жер жастандыруы Құрайыш әскерінің сағын сындырады. Оның үстіне Құрайыш пен яһудилер бірлігін бұзуға бағытталған қимылдар да өз нәтижесін береді.

«Ухуд» соғысынан кейін мұсылмандарға жасаған қиянатына байланысты Мәдинадан шығарылған Надир ұлдары яһудилері Хайбарға орналасып, Құрайышпен бірге шеп құрады. Сондай-ақ

Ғатафан тайпасымен бірлесе отырып, мұсылмандарға қарсы соғыс жүргізу және жалдамалы әскер жинақтау үшін Құрайышқа қаржылай көмек те көрсетеді. Яһудилердің кейбір басшылары Меккеге барып, мүшріктермен түрлі мәселелер бойынша келісім жасасып, сонымен қатар Нәждтегі Әсад ұлдары, Ғатафан және Сүләйм тайпаларымен де одақтастық құрады.

Ол тұста Думәтул-Жәндал деген жерге аттандырғалы әскери топ жасақтап жатқан Әз.Мұхаммед Құрайыштың Мәдинаға қарай үлкен әскермен жолға шыққандығын естігенде, Мәдинаға қайтып, ор қазу және қорғаныс соғысын жүргізу жөнінде шешім қабылдайды.

Құрайыш пен Қурайза ұлдары арасында жасалған жасырын келісімшарт бойынша Құрайыш әскері Мәдинаның үстіңгі жағынан, ал Қурайза ұлдары астыңғы жағынан шабуыл жасамақ болады. Расулуллаһ өз әскерін ор қазудан жиналған топырақтың артына орналастырады. Қазылған ор жау әскерінің қалаға өтуіне мүмкіндік бермеді. Мұсылмандардың әскер саны үш мыңдай болатын.

«Ахзаб» сүресінің 9-27-аяттарында «Хәндек» соғысы жөнінде жан-жақты баяндалады.

Хузаа ұлдары Хашим ұлдарымен исламнан бұрын одақтастық құрған болатын. Аталған тайпаның Мусталиқ сияқты кейбір тармақтары Құрайышпен қатар, әхабиштер арасында да орын алды. Әхабиштер Құрайыштың ең жақын одақтасы саналатын еді. «Хәндек» соғысына қатысқан Мекке әскерінің басым бөлігін, міне, осы тайпалардан қосылғандар құрады.

Мусталиқ ұлдарының құрайыштықтармен одақтасып, Мәдинаға шабуыл ойластырып жатқандығы жөнінде хабар алған Әз.Мұхаммед хижреттің бесінші жылы шағбан айында оларға тұтқиылдан шабуыл жасап, бар мал-мүлкімен қоса қолға түсіреді. Әз.пайғамбар Мусталиқ ұлдары көсемінің қызы Жуәйрияға үйленіп, бұл тайпамен туыстасқаннан соң, Мусталиқ тұтқындары босатылып, мал-мүліктері қайтарылып беріледі. Осыған байланысты олардың барлығы түгелімен мұсылмандықты қабылдайды. Құрайыштың үлкен әскермен Мәдинаға шабуыл жасайтындығы жөніндегі хабарды осы Хузаа тайпасы жеткізген болатын.

Әз.Мұхаммед қазылған орды қалқан етіп, қоршауға алынған Мәдина қаласын 3000 мүміннен жасақталған әскерімен бір ай бойы ерлікпен қорғайды. Осыншалық ұзаққа созылған қоршау мен

«Хәндек» соғысына үйрене алмаған, әскері мен көліктерінің азығы біткен, аптап жел мен ауа райының бұзылуына шыдай алмаған Мекке әскері жеңіске жете алмай, қоршауды тастап, Меккеге қарай бет алады. Ұлы Аллах «Хәндек» соғысында да жел, қатал ауа райы шарттары мен құрғақшылық арқылы мұсылмандарға қолдау көрсетті.

Сол уақытта Әшжа тайпасының көсемдерінің бірі Нуайм бин Мәсғуд Құрайыш пен яһудилер одақтастығын бұзуға атсалысқан болатын. Мұсылмандықты қабылдағанын әлі ешкімге білдіре қоймаған Нуайм Әз.пайғамбардың рұқсатымен Құрайышқа барып, яһудилердің оларға сенбейтіндігін, кепілге кісі талап еткендігін және Құрайыштан кепілдік алмайынша, шабуылға шықпайтындығын айтады. Егер айтқан сөзіне сенбесе, сенбі күні оларды шабуылға шақырып көруін ұсынады. Сол сияқты яһудилерге барып, Құрайыштан толық қолдау талап етуін, белді азаматын кепілдікке берсе ғана, Құрайышпен бірге шабуылға шығуын насихат етеді. Өйтпеген жағдайда, оларға сенудің қажеті жоқтығын айтып, Құрайыш шегініп, қайтып кететін болса, яһудилердің қиын жағдайға түсетіндігін ескертеді.

Ақыр соңында екі тарап арасында іріткі шығады. Құрайыштың қоршауды алып тастауына осы жағдай да ықпал етеді. Оның үстіне үлкен табыс әкелетін қажылық маусымының басталуы мен бейбіт айлардың кіруі де Құрайышты Меккеге қайтуға мәжбүрлейді. «Хәндек» соғысында мұсылмандардың жеңіске жетуі меккелік мүшріктердің де, басқа мүшрік араб тайпаларының да мұсылмандарға қарсы соғысын аяқтауына әкеліп соқтырды. Бұдан былайғы кезеңде олар мұсылмандарға қарсы бас көтеріп, соғысуға ешбір араб тайпасының батылы бармайтындай, қайта мұсылмандардан пана не қорғаныш сұрау үшін кезекке тұратындай жағдайға түскен болатын.

«Хәндек» соғысында мұсылмандар тарапынан алты кісі шейіт болып, ал дұшпан жағынан сегіз кісі өлген еді.<sup>431</sup>

---

431 «Хәндек» соғысы жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, 670-680; Табари, I, 1465-1467; Ибн Кәсир, *аталмыш еңбек*, X; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 172, т.б.; Алгүл, I, 389-404.

## 6. «Худәйбия» бейбіт келісімшарты

Ислам діні Хирадан қараңғылық басқан жүректерге нұрын төккен уақыттан бастап, меккелік мүшріктер мен мұсылмандар арасында толассыз күрес басталған-ды. Мекке кезеңінде жекелеген кісілерге бағытталған зұлымдық пен жәбір-жапаға қарсы жеке сипатта күрес жүргізілді. Ал Мәдина кезеңінде екі жақ соғыс майдандарында шайқасты. Бұл жағдай – жаңа дінге деген дұшпандықтың айқын көрінісі. Хижреттің бесінші жылы жаудың он мың кісілік әскері Мәдинаны қоршауға алады. Алайда, бұл олардың соңғы шабуылы болды. Бұдан былайғы кезеңде соғыс пен қақтығыстың жалғасуын қаламаған мұсылмандар бейбіт өмір орнатуға ұмтылды.

Жерлестерімен қайтадан достық қарым-қатынас құру, әрі умра жасау үшін ислам пайғамбары Мәдинадан Меккеге қарай сапарға шығады. Алайда, Бәйтуллаһ орналасқан қалаға кіруіне рұқсат берілмейді. Сөйтсе де, бейбітшіліктің сақталуын көкसेген Әз.Мұхаммед қарсылық көрсетпейді. Мұсылмандар үшін ауыр шарттар қамтығандығына қарамастан, хижреттің алтыншы жылы (628 жылғы наурыздың 13 күні), «Хәндек» соғысынан бір жылдан соң, Худәйбия құдығының атауымен аталатын ауылда меккелік мүшріктермен бейбіт келісімшарт жасасады. Ислам тарихында ерекше орын алатын бұл келісімшарт «Худәйбия бейбіт келісімшарты» деп аталды.

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед хижреттің алтыншы жылы 1500-ге жуық мұсылман жамағатпен умра жасау үшін Меккеге қарай жолға шығады. Аллаһтың үйі Қағбаны зиярат етуге ниеттенеді. Алайда, басқа зиярат етушілерге құшағын айқара ашқан Құрайыш мұсылмандардың бұл зияратына рұқсат бермей, оларды Худәйбия деген жерде тоқтатады. Тіпті, Меккеге кіруге жол бермейді.

Әз.пайғамбар түсінде өзі мен сахабаларының Харам Мешітін зиярат еткендігін көреді.<sup>432</sup> Сол жылы Қағбаны зиярат етуге ниеттенген Әз.пайғамбар бұл ниетін мұсылмандарға да сүйіншілейді. Құрайышқа үрей салмау үшін, сахабаларына «сапарға қажетті» қылыш сияқты қарапайым қаруларын ғана алуды бұйырады. Әз.пайғамбар құрбандыққа шалу үшін 70 түйе ала шығады. Алты

---

432 Фәтх, 27.

жылдан бері Меккеге бара алмай, жүректерін сағыныш кернеген мұһажірлер туған жерге тезірек қауышсақ деген толқу үстінде сапарға шығады.

Әз.Мұхаммед 1500-дей сахабасымен Қағбаны зиярат етуге келе жатыр деген хабар Меккеге тез тарап кетеді. Әбігерге түскен Құрайыш қайтсек те, мұсылмандарды Меккеге кіргізбейміз деп шешеді. Халид бин Уәлид пен Икрима бин Әбу Жәһіл қолбасшылық еткен екі жүз кісілік атты әскерді жолдап, мұсылмандарды Худәйбияда қарсы алады. Әз.пайғамбар Құрайышқа елші жіберіп, соғысуға емес, умра жасау үшін келгендігін, егер қаласа, олармен бейбіт келісім жасасуға әзір екендігін білдіреді. Сол уақытта қырық-елу кісілік аранда-тушы меккелік топ тұтқынға алынып, қайта еркіндікке жіберіледі.

Осыдан кейін Әз.Мұхаммед бейбіт ұсыныстармен әуелі Хираш бин Умәййаны, артынан Әз.Османды елші ретінде аттандырады. Хираш келген уақытта, Құрайыш оның атын бауыздап, өзін де өлтіруге ұмтылады. Алайда, Әхабиш тайпасы бұған жол бермейді. Оның артынан елшілікке Умәййа ұлдарынан шыққан Әз.Осман келеді. Оны да тұтқынға алып, қамап қояды. Тіпті, «өлтірілді» деген хабар да тарап үлгереді. Әз.Мұхаммед қайта соғыс шығу қаупі барын сезеді. Сөйтіп, Худәйбияда бір ағаштың көлеңкесіне бар сахабасын жиып, олардан «ислам дініне жан-тәнімен беріліп, осы жолда бар күш-жігерін салып, күресетіндіктері» жөнінде серт беруін сұрайды. Ислам тарихында ерекше мән мен маңызға ие бұл серт «Худәйбия серті» (бәй'аты) не «Ридуан серті» деп аталды. Ұлы Аллаһ Құранда «Ридуан сертіне» қатысқандарды мадақтаған.<sup>433</sup>

Мұсылмандардың Әз.Мұхаммедке деген сенімі мен ықыласын көрсеткен бұл оқиға туралы хабар Меккеге жетеді. Бұл хабардан үрейленген Құрайыш Әз.Османды бірден қамаудан босатады да, бейбіт келісім жасасу үшін Сухәйл бин Амрды басшы етіп, Микраз бин Хафс пен Хуәйтибті жолдайды. Соның нәтижесінде «Худәйбия бейбіт келісімшарты» жасалады.

Ислам дінінің қысқа мерзімде Арабия түбегіне тарауына және мұсылмандардың жеңімпаз ретінде Меккеге кіруіне негіз болған «Худәйбия бейбіт келісімшарты»:

---

433 Фәтх, 10.

*«Худәйбия бейбіт келісімшарты он жылдық мерзімді қамтиды. Бұл мерзім аралығында Құрайыш пен мұсылмандар бір-біріне шабуыл жасай алмайды. Мұсылмандардың биылғы жылы Меккеге кіруіне және Қағбаны зиярат етуіне болмайды. Бұл зияратты келесі жылы жасай алады. Келесі жылы Қағбаға зияратқа келген мұсылмандар Меккеде үш күн ғана қала алады. Ешбір меккеліктің олармен кездесуіне және сөйлесуіне болмайды. Олар (меккеліктер) Мекке сыртына шығарылады. Меккеге зиярат үшін келгендер қастарына тек «сапарға қажетті» қылыштарын ғана алуына болады. Араб тайпалары осы екі тараптан кез келгенімен одақтасуға құқылы. Егер де бір құрайыштық кісі осы уақыт ішінде қамқоршысының рұқсатынсыз мұсылмандықты қабылдап, Мәдинаға қашатын болса, қабыл етілмей, Меккеге кері қайтарылуы тиіс», – деген сияқты ұстанымдарды қамтыды.*

«Худәйбия бейбіт келісімшартына» Әз.пайғамбар Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед деп қол қояды. Сондай-ақ куә ретінде бірқатар сахабалар да қол қойысады. Келісімшарт екі жақтың қол қоюымен күшіне енеді. Мұсылмандарға ауыр тиген бұл келісімшарт талаптары өте пайдалы нәтижелер берді.

Худәйбияда үш күн түнеп, Мәдинаға оралған мұсылмандар умра жасай алмағандықтарына қатты қамығады. Алайда, мұсылмандар «Худәйбия келісімшартының» талаптарына сәйкес келесі жылы Қағбаны зиярат етіп, Меккеде үш күн қалып, ғибадаттарын орындап, Мәдинаға қайтады. Осылайша, мұсылмандар хижреттің жетінші жылы Қағбаға зиярат жасады. Ал бір жылдан соң Мекке фәтх етілетін еді. Өйткені сол тұста «Фәтх» сүресі түсіп, Ұлы Аллаһ Әз.пайғамбар мен мұсылмандарға Меккенің фәтх етілетіндігін сүйіншілеген-ді. Құран Кәрімде Әз.Мұхаммед жайында:

*«Ақиқатында, сендерге өздеріңнен бір Елші келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Ол – сендерге (дінді қалап) ұмтылушы, имандыларға жанашыр, мейірімді»;*<sup>434</sup>

*«Аллаһ және Оның Елшісі қашан бір үкім етсе, ешбір иманды ер мен иманды әйелге ол істі өз білгеніне, таңдауға салуына болмайды. Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бойсұнбаса, онда анық адасуға түседі»;*<sup>435</sup>

434 Тәуба, 128.

435 Ахзаб, 36

*«Мұхаммед сендерден ешбір ер кісінің әкесі емес, бірақ, Аллаһтың Елшісі әрі пайғамбарлардың соңы...»;*<sup>436</sup>

*«...Кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бойсұнса, сол ұлы жетістікке қол жеткізді»;*<sup>437</sup>

*«Және сен, шын мәнінде, ұлы мінезге иесің»;*<sup>438</sup> - делінген.

## 7. Меккенің фәтх етілуі

Мұсылмандар Худәйбиядан Мәдинаға қайтып бара жатқан уақытта, Меккеде зұлымдық көрген Әбу Бушәйр атты мұсылман кісі қамаудан қашып, олардың артынан қуып жетеді. Алайда, оның соңына түскен меккеліктер Әз.Мұхаммедке келіп, болған жайтты айтып, одан қашқынды қайтаруын талап етеді. Әз.Мұхаммед «Худәйбия келісімшартына» сәйкес бұл талапты қабыл етіп, оны қолдарына тапсырады. Әбу Бушәйр босқын ретінде қабылданады. Кейінірек меккелік сақшы еліне қайтып, басынан өткендерді жеткізеді.

Мұсылмандардың тұрағынан шығып, Бәдір маңайындағы «Әл-Исс» атты орманға орныққан Әбу Бушәйр өзіне келіп қосылған басқа да зұлымдық көрген меккелік мұсылмандармен бірге сол аймақтан өткен Құрайыш керуендеріне шабуыл жасай бастайды. Бұл жағдай меккеліктерді үлкен әбігерге салады. «Тәуелсіз әскери топ» құрған Әбу Бушәйр мен жолдастарынан зардап шеккен меккеліктер «Худәйбия келісімшартында» көрсетілген «босқындарды қайтаруға» қатысты бапты алып тастау үшін Мәдинаға бір топ кісі жолдайды. Келген меккелік топтың өтініші қабыл етіліп, бұдан былайғы уақытта меккелік мұсылмандардың Мәдинаны паналауына рұқсат беріледі.

«Худәйбия келісімшартынан» бір жылдан соң Әз.пайғамбар мен сахабалары келісімге сай Қағбаны зиярат етеді. Умра жасау барысында мұсылмандардың жүріс-тұрысы үлкен әсер қалдырып, соның негізінде, Халид бин Уәлид, Амр бин әл-Ас сынды меккелік

---

436 Ахзаб, 40.

437 Ахзаб, 71.

438 Қалам, 4.



таңдаулы тұлғалар өз еріктерімен Мәдинаға келіп, ислам дінін қабылдайды. Кейінірек мұсылман елшінің өлтірілуіне байланысты ислам мемлекеті мен Византия империясы арасында қарым-қатынастар шиеленіскен тұста меккеліктер «Худәйбия келісім-шартын» бұзады.

Араға екі жыл салып, Құрайыш тарапынан бұзылған «Худәйбия келісімшарты» жиырма жылдан бері жалғасып келе жатқан мұсылмандар мен мүшріктер арасындағы соғысқа соңғы нүктені қойып, тәухид сенімінің қамалы саналған Мекке қаласын мұсылмандардың фәтх етуіне жол ашады. «Худәйбия келісім-шартының» бір бабында кез келген араб тайпасының Құрайышпен не мұсылмандармен одақтаса алатындығы көрсетілген болатын. Осы бапқа сәйкес Бәкір ұлдары Құрайыштың, ал Хузаа ұлдары мұсылмандардың жағына шығады.

Хузаа ұлдары мен Бәкір ұлдары бір-біріне бұрыннан дұшпан тайпалар болатын. Бір күні хузаалық бір кісі Бәкір ұлдарынан шыққан бір кісінің Өз.Мұхаммедті балағаттап жатқанын естиді. Айтқан сөздеріне шыдай алмай, әлігі кісімен алыса кетеді де, оны жаралайды. Осыған байланысты Бәкір ұлдары өздерінің көсемі Нәуфәлдың қарарымен Хузаа тайпасына қарсы соғыс ашады.

Хижреттің сегізінші жылы екі тайпа арасында кескілескен шайқастар орын алып, көптеген хузаалық қаза табады. Хузаа тайпасы Өз.Мұхаммедке жүгініп, одан көмек сұрайды. Өз.пайғамбар өзінен пана сұрап келген хузаалықтарға қорғаймын деп ашық түрде уәде береді. Өйткені бұл оқиға Құрайыштың «Худәйбия келісімшартын» іс жүзінде бұзғандығын көрсеткен болатын. Ислам пайғамбарының одақтас Хузаа тайпасына жәрдем ету жөніндегі уәдесі меккеліктердің тынышын кетіреді. Мекке басшысы Әбу Суфиян «Худәйбия келісімшартын» қайта жасасу үшін Мәдинаға келгенімен, бір нәтиже ала алмады. Ешкім оған ілтипат көрсетпеді.

Хузаа тайпасына сөз берген Өз.Мұхаммед Әбу Суфиян келместен бұрын Меккеге елші жіберіп, Құрайышқа:

- а) Өлтірілген хузаалықтардың құнын төлеу;
- ә) Бәкір ұлдарын қорғаудан бас тарту;
- б) Алғашқы екі ұсыныс қабыл етілмеген жағдайда, «Худәйбия келісімшартының» күшін жою» жөнінде талап қояды.

Құрайыш үшінші ұсынысты қабыл еткендігін хабарлайды. Алайда, кейінірек келісімшартты қайтадан жасасуға әрекет еткенімен, нәтижесіз аяқталды.

Әбу Суфиян Меккеге қайтысымен, Әз.Мұхаммед сахабаларымен кеңесіп, жасырын түрде соғысқа дайындала бастайды. Мұсылмандарға соғысқа дайындалуын бұйырғанымен, баратын бағытты жарияламайды. Хатиб бин Балта атты мұсылман белгілі бір себептерге байланысты соғыс дайындығы жөнінде хат жазып, Құрайышқа білдіргісі келеді. Алайда, бұл ниеті іске аспай қалады.

Дайындық шаралары аяқталған уақытта Әз.Мұхаммед қолбасшылық еткен мұсылмандар 630 жылдың рамазан айының 10 күні мың кісілік әскермен Мәдинадан жолға шығады. Ораза ұстаған күйінде аттанған мұсылмандар жолда оразасын бұзып, ауыз ашады.

Меккеге қатынайтын жол хузаалықтардың қарамағында болғандықтан, меккеліктерге әскердің жолға шыққандығы жөнінде хабар жетпей қалады. Әскер Меккеге 16 шақырым қашықтықтағы «Мэрруз-Зәхран» деген жерге келіп қонақтап, осында штаб құрады. Құрайышқа ескерту мақсатымен, Әз.пайғамбардың әмірімен он мың жерге от жағылады.

Бұл жағдайға қатты сасқалақтаған Құрайыш Әбу Суфиян басқарған шағын барлау тобын құрып, мұсылмандарға қарай жолдайды. Алайда, олар бірден қолға түсіп қалады. Мұсылмандар ұсталған топты Әз.пайғамбардың алдына апарды. Ислам әскерінің штабында бір күн тұқында ұсталған Әбу Суфиян мен қарамағындағылар әскер Меккеге кірерден бұрын босатылып, қалаға кері қайтарылады. Олар мұсылмандар әскерінің Меккеге фәтх етуге келгендігін халыққа жариялайды. Әз.Аббастың ара түсуімен кешірім жасалған Әбу Суфиян Әз.пайғамбардың бұрын-сонды көрмеген үлкен әскермен Мекке қақпасына таяғандығын, Қағба мен Әбу Суфиянның үйін паналағандар не қаруын тастап, үйіне кіргендер қауіпсіздікте болатындығын хабарлайды. Бұл сөздерді Әбу Суфиянның өз аузынан естіген Құрайыш не істерін білмей, қатты сасқалақтайды. Қолдан келер шара жоқ, барлығы қаруын тастап, үйлеріне кіреді. Сол сияқты Қағба мен Әбу Суфиянның үйін паналағандар да болады.

Сол тұста ислам әскері Аллаһқа мадақ айтып, жан-жақтан Меккеге кіреді. Ислам пайғамбары тақуалықпен, Аллаһтың жәрдемі-

мен Меккеге аяқ басып, Қағбаға қарай бет алады. Тәухид сенімінің бесігі, Аллаһтың үйі әрі мұсылмандардың құбыласы саналған бұл құтты мекенді тізілген пұттардан тазартады. Мекке қаласы айтарлықтай қарсылық көрсетілмей, қантөгіссіз фәтх етіледі. Өз.пайғамбар Қағбаның айналасына жиналып, қобалжу үстінде тұрған меккеліктердің алдында сөз сөйлеп, барлығына кешірім жасағандығын білдіреді. Өз.Біләл Бәйтуллаһта азан шақырып, мұсылмандар жамағат боп ғибадат жасайды. Мекке фәтх етілгеннен кейін бірнеше күн ішінде екі мыңдай меккелік өз еріктерімен ислам дінін қабылдап, Хунәйнге қарай бара жатқан мұсылмандар әскеріне қосылады.

Өз.Мұхаммед Меккеге кірген уақытта әскери қылмыс жасаған он жеті кісінің ұсталған жерде өлтірілуін әмір етеді. Алайда, қолға түскен уақытта кешірім сұраған оларға Өз.пайғамбар кешірім жасайды. Олардың арасында Икрима Әбу Жәһіл де бар еді. Ол кейінірек Өз.Әбу Бәкірдің халифалығы тұсында әскери салада үлкен қызметтер көрсетті. Меккелік мүшрік басшылардың бірі Сафуан бин Умәйр болса, «Хунәйн» соғысынан кейін мұсылмандықты қабылдайды.

Аллаһ тағала уәде еткен Меккенің фәтх етілуі хижреттің сегізінші жылында жүзеге асты. Халид бин Уәлид басқарған әскери топқа ғана қарсылық көрсетіліп, мұсылмандарға қарсы басқа ешқандай әскери қимыл жасалмады. Бейбіт жолмен туып өскен жерін, тәухид дінінің шамшырағы саналған Қағба орналасқан Мекке қаласын фәтх еткен Өз.Мұхаммед пен ислам әскері бірнеше аптадан кейін Мәдинаға оралады. Жолға шығардан бұрын Өз.пайғамбар Меккеге уәли ретінде Аттаб атты кісіні тағайындайды. Ол жалпы кешірімге алғаш болып іліккендердің және Біләлдің Қағбада азан шақыруына қарсылық білдіргендердің бірі болатын.

Мекке фәтх етілген уақытта жалпы кешірім жарияланып, бұл кешірімнен он бір ер кісі мен алты әйел кісі тыс қалғандығы, кейінірек олардың да басым көпшілігіне кешірім жасалғандығы туралы айтып өткенбіз. Олар: Абдул-Узза бин Ханзала, Хуәйрис бин Нуқайз бин Уәһб, Миқияс бин Хаббаб, Харис бин Тиләтала, Икрима бин Әбу Жәһіл, Абдуллаһ бин Зәбағри, Хинд бинт Утба, Фәртана, Кәриба, Әрнаб, Умму Сағд пен Умму Сара атты меккеліктер болатын.

## 8. «Хунәйн» соғысы мен «Әутас» ғазауаты

Фәтхтен кейін меккеліктерден серт алған Өз.пайғамбар ең ірі араб тайпаларының бірі саналатын Хәуазин тайпасына соққы беру үшін Хунәйнге қарай аттанады. Хәуазин тайпасына қарсы ашылған «Хунәйн» соғысы Мекке фәтхінен кейін көп ұзамай (630 жылғы шәууәл айының 6 / қаңтардың 27 күні) жүзеге асты. Мекке мен Таиф арасында орналасқан Хунәйн осы екі қаланы бір-біріне қосатын жол үстінде болатын. Меккеге он шақырым қашықтықтағы бұл жазық Таифке жақындау еді. Меккенің фәтх етілуіне байланысты тынышы кеткен Хәуазин тайпасы мұсылмандарға қарсы шығып, басқа араб тайпаларын исламға қарсы айдап салады. Олар кезінде Өз.пайғамбарды Таифке кіргізбей қойған, қала билігін қолында ұстаған Сақиф тайпасымен бірігеді. Хәуазин тайпасының көсемі Мәлік бин Ауфтың қолбасшылығымен үлкен әскер жасақтайды. Әскердің көңіл-күйін көтеріңкі ұстау және шайқасқа жігерлендіру мақсатымен әйелдер мен бала-шағаларын соғыс майданына бірге ала келеді. Бұл әскери қимыл жөнінде хабар алған Өз.Мұхаммед қысқа уақытта 12 мың кісілік әскер жасақтап, Хунәйнге қарай жолға шығады. Әскерге 2000-ға жуық мұсылмандықты жаңа қабылдаған құрайыштық пен 80-дей меккелік мүшрік қатысады. Ал қалған 10 мыңдай кісі Меккені фәтх етуге келген әскер болатын.

Мұсылмандардың әйгілі қолбасшысы Халид бин Уәлид исламды жаңа қабылдаған мұсылмандардан құралған алғы шептегі әскери бірлікті басқарады. Мүһәжірлердің бір туын Өз.Әли, екіншісін Өз.Омар көтереді. Ал ансардың туларын әустық Усәйд бин Худайр мен хазраждық Сағд бин Убәда қолына алады. Мұсылмандардың рухтары көтеріңкі, сан жағынан да жау әскерінен басым еді. Міне, осы жағдай бірқатар мұсылмандардың паңдануына себеп болды. Халид бин Уәлид басқарған мұсылмандардың атты әскері Хунәйн жазығына ертерек келіп орныққан дұшпан әскерінің торуылына тап болып, жеңіліске ұшырайды. Алғы шептегі бірліктің жеңілісі ықпал етіп, ислам әскері, бастапқыда, жан-жаққа тарап, қаша бастайды. Хәуазин садақшыларының шабуылы мұсылмандарды дүрбелеңге салады. Төбелерден тарпа бас салған Сақиф пен Хәуазин әскерлері дүрліккен мұсылман әскерінің соңына түседі. Алайда, бойын үрей басып, жан-жаққа бытырап қашқан әскерді Өз.Мұхаммед қайта жияды.

Қасына Әз.Аббас пен басқа да мұсылмандарды алып, жауға қарай толассыз алға ұмтылған Расулуллаһ әскердің күшін жиып, жеңіске бастай білді. Әз.Аббас дауыстап, жан-жаққа қашқан әскердің басын қосады. Ансар мен мүһәжірлер оның айналасына сап құрып, кескілескен шайқас қайта жандана түседі. Жеңіліске ұшыраған жау әскері жетпіс адамынан айырылады. Ал мұсылмандар жағынан төрт кісі шейіт болады. Әйелдер мен бала-шағасын тастай қашқан дұшпан әскері артында үлкен олжа қалдырады. Қашқан әскердің бір бөлігі Әус жазығын, екіншісі Таифты барып паналайды.

Қашқан екі топ барған жерінде соғысты жалғастыратын боп шешеді. Әз.пайғамбар олармен соғысуға әзір еді. Әбу Амир әл-Ашғари басқарған бірлікті Әутасқа қарай аттандырып, ал өзі Таифке қарай бет алады. Әутастағы соғыста жау әскері жеңіліп, қолбасшылары Дүрейд өлтіріледі. Әбу Амир де шейіт болады. Әбу Амирдың орнын басқан Әбу Муса әл-Әшғари (Абдуллаһ бин Қайс) дұшпан әскеріне күйрете соққы беріп, жеңіске жетеді.

## 9. «Таиф» қоршауы

«Хунәйн» шайқасында одақтас мүшрік әскері мұсылмандардан жеңілгеннен соң, Сақиф тайпасы еліне кері қайтады. Хәуазин тайпасының көсемі Мәлік бин Ауф та солармен бірге болатын. «Хунәйн» соғысына қатыспаған Сақиф тайпасының басшысы Уруа бин Мәсғуд Таиф қоршауына да қатыспайды. Мекке фәтх етілген уақытта қашқындар барып паналаған, мүшрік әскерінің штабына айналған Таифке келгендігін аңғарған ол жеңімпаздар тарапына шығады. Әбу Суфиянның күйеу баласы Уруа, негізінде, өз тұсында әскери ұрыстағы батырлығымен танымал болған кісі еді.

Таиф Хижздағы стратегиялық маңызы бар ірі елді мекендердің бірі болатын. Меккенің оңтүстік-шығысында орналасқан бұл ескі қала биік қабырғалы қамалмен қоршалған еді. Қаланы Сақиф тайпасы басқаратын. Жаужүрек, өжет Сақиф тайпасы кезінде Йеменге дейінгі аумақта билік жүргізді. Меккеліктер Таифты билеген Сақиф тайпасын Меккені басқарған Құрайышқа тең тұтатын. Осыған байланысты таифтықтар пайғамбарлық мәртебесіне Мекке не Таифтың атқамінер тұлғалары лайық деп санайтын-ды.

Әз.Мұхаммед соғысуға дайын тұрған Таифты қоршауға алады. Мұсылмандар Тайфта Мәлік бин Ауф қолбасшылық еткен әскермен қарсыласады. Халид бин Уәлид басқарған алғы шептегі әскери бірлік қаланы келіп қоршайды. Таиф қоршауы жиырма күнге созылады. Алайда, қамалды ала алмаған мұсылмандар ақыр соңында қоршаудан бас тартып, Мәдинаға оралады. «Хунәйн» мен «Әутас» соғыстарынан үлкен олжа мен алты мыңнан аса жау әскері қолға түседі.

Кейінірек Хәуазин тайпасы жиырма кісілік топ жолдап, соғыста олжа ретінде алынған мал-мүлкі мен тұтқынға түскен әйел, бала-шағасын кері қайтарып беруін талап етеді. Әз.Мұхаммед олардың мал-мүлкін олжа ретінде өз әскеріне таратып бергенімен, әйел, бала-шағасын кері қайтарады. Әз.пайғамбар жүректерінде иманды орнықтыру мақсатымен исламды жаңа қабылдап, «Хунәйн» соғысына қатысқан бірқатар меккелік мұсылмандарға, яғни «муәлләфәтул-қулубқа» олжадан көбірек үлес бөліп береді. Бұл жағдай мәдиналық бірқатар мұсылмандар арасында наразылықтың туындауына жол ашып, олжаны бөлісу әдісі мен жолына қарсылық білдіруіне себеп болады.

### **ә. Мұсылмандар мен яһудилердің қарым-қатынасы**

Мұсылмандар мен яһудилер арасындағы қарым-қатынас хижрет оқиғасымен басталды. «Жеке ислам бауырластығы келісімі» арқылы ансарлар мен мүһәжірлерді жұмылдырып, мұсылмандар қоғамының негізін қалаған Әз.Мұхаммед Мәдина яһудилерімен «Отандастық келісімшартын» жасасты. Яһудилермен құрылған саяси сипаттағы бұл байланыс қоғамдық тыныштықты сақтауға бағытталды. Алайда, Құрайыш сияқты яһудилер де хижрет оқиғасына қатты алаңдаған еді. Өйткені ұзақ жылдар бойы саяси-экономикалық тұрғыдан қала билігін өз қолында ұстаған яһуди тайпалар үшін арабтарға деген ықпалынан және аймақтағы сауда-экономикалық, саяси-әкімшілік үстемдігінен ажырап қалу және мұсылмандардың қол астына кіру қаупі төнген-ді. Бастапқыда әлеуметтік татулыққа негізделген мұсылмандар мен яһудилер қарым-қатынасы «Қайнуқа ұлдары» ғазауаты, «Надир» ұлдары ғазауаты, «Қурайза» ұлдары ғазауаты және «Хайбар» фәтхі сияқты оқиғалармен соғыс кезеңіне қарай бет алды.

Құран Кәрім мұсылмандар мен яһудилер арасындағы байланыстар жөнінде хронологиялық, салыстырмалы және аналитикалық мағлұмат беретін жалғыз дереккөз болып табылады.<sup>439</sup>

Өз.пайғамбар Мәдинаға хижрет еткен тұста қалада түрлі араб және яһуди тайпалары тұрып жатты. Яһудилердің бұл жерге қашан және қалай келгендігі жөнінде қолымызда нақты мағлұмат жоқ. Қолда бар мәліметтер сол тұста яһуди тайпаларының әртүрлі араб тайпаларымен одақтар құрып өмір сүргендігін, егін және мал шаруашылығымен айналысқандығын көрсетеді. Ақыр заманға қарай Аллаһтың бір елшісі келетіндігін білген яһудилердің бір бөлігі Өз.пайғамбардың үндеуін қабыл етсе, енді бір бөлігі қабылдаудан бас тартты. Ислам дінін мазақ қылып, ашық және жасырын түрде мұсылмандарға дұшпандық жасағандар да болды.

Мұсылман қоғамының қалыптасып, Мәдинада ислам мемлекетін құруы яһудилердің Мәдина мен төңірегіндегі әрі бүкіл Арабия түбегіндегі пайда көздеріне үлкен соққы болып тиді. Сауда-экономикалық күші әлсіреген, материалдық отарлау саясаты күйреген және сауда базарларынан ажырап қалған яһудилердің, әлбетте, мұсылмандарды қош көруі мүмкін емес-ті.

«Ухуд» соғысынан кейін бірқатар әрекеттер жасауға ниеттенгенімен, мұсылмандарға қарсы жалғыз шабуыл жасауға яһудилердің батылы жетпеді. Дегенмен, «Хәндек» шайқасынан күткен нәтижеге жете алмауы, «Худәйбия бейбіт келісімінің» мұсылмандардың пайдасына шешілуі және ислам дінінің түрлі араб тайпалары арасында тез тарауы Арабстандағы беделі төмендеген яһудилердің зығырданын қайнатып, исламға қарсы дұшпандығының өрши түсуіне жол ашты.

Хижреттен кейінгі тоғыз айлық кезеңде мұсылмандар мен яһудилер арасында айтарлықтай маңызды бір оқиға орын алмады. Өз.пайғамбар мезгіл-мезгіл яһудилер арасына барып, оларды ислам дінін қабылдауға шақырды. Алайда, яһудилер мұсылмандықты қабылдауға аса жанаса қоймады.

Бір жолы Қайнука ұлдары яһудилерінен шыққан бір зергер өзінің дүкеніне сауда-саттық жасауға келген мұсылман әйелге тарпа

---

439 Бұл тақырыпта кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Ибн Исхак, III, 320-340; Уәкиди, II, 591, 602-615; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, I, 391-418.

бас салады. Әйелді құтқаруға келген мұсылман бір кісіні өлтіріп тастайды. Бұл уақиға соғысқа апарып соғады. Қайнуқа ұлдары тұратын аудан он бес күн бойы қоршауға алынады. Жеті жүз кісілік әскері бар Қайнуқа ұлдары яһудилері он бес күннен кейін тізе бүгеді. Әз.пайғамбар яһудилерді түгелімен қаладан қуып жібереді. Олар Хайбарға келіп орналасады. Сөйтіп, «Қайнуқа» соғысы қантөгіссіз аяқталады. Ал басқа яһуди тайпалары бұл қақтығысқа араласпай, бейтарап қалады.<sup>440</sup>

Надир ұлдары яһудилерінен шыққан Кәғб бин әл-Әшраф атты ақын Бәдірдегі жеңілістен соң Меккеге барып, Құрайышты кек қайтаруға шақырып, исламға тіл тигізетін өлеңдер оқиды. Бір топ мұсылман оны түнделетіп өлтіріп тастайды. Бұл топтың арасында Кәғбтың сүт бауыры Мұхаммед бин Мәслама да бар болатын. Алайда, бұл оқиға Надир ұлдары яһудилері мен мұсылмандар арасында одақ құрылған, яғни бейбіт келісім жасалған тұсқа сәйкес келеді. Сол тұста Амр бин Умәййа әд-Дәрімиді Амир ұлдарынан шыққан екі кісіні қателесіп, өлтіріп қояды. Әз.пайғамбар «Мәдиналықтар келісімшартына сәйкес» абайсызда істелген бұл қылмыстың жауапкершілігін ислам мемлекетінің өз мойнына алатындығын білдіреді. Сөйтіп, одақтас Надир ұлдары тайпасынан белгілі бір мөлшерде құн төлесуге қатысуын талап етеді. Алайда, олар құн төлесуден бас тартып, тіпті өздерінің аудандарына келген Әз.Мұхаммедке қастандық жасап, өлтіруге ниеттенеді. Жасалған осы қастандыққа байланысты Надир ұлдары яһудилері тұратын аудан қоршауға алынады. Надир ұлдары қоршауға төтеп бере алмай, тізе бүгеді. Олардың арасында исламды қабылдағандарға кешірім жасалып, ал қалғандары қару-жарақтары мен мал-мүлкін тастап, Хайбарға қарай кетеді.

Қурайза ұлдары яһудилеріне келетін болсақ, олар да мұсылмандармен бейбіт келісім жасасқандарына қарамастан, «Хәндек» соғысы кезінде келісімшартты біржақты тәртіппен бұза отырып, мұсылмандарға қиянат жасап, дұшпанның жағына шығып кетеді. Жауға тылдан қолдау жасап, материалдық-рухани көмек көрсетеді. Олардың бұл әрекеті үлкен қылмыс ретінде саналды. Осыған байланысты Әз.пайғамбар «Хәндек» соғысынан кейін бірден Қурайза

---

440 Бухари, *Сахих*, III, 58, 77, 6; Ибн Хишам, III, 3, 335-360, 546, т.б; Уәкиди, II, 630-660; Мұслим, IV, 1872.



ұлдары яһудилері тұратын ауданды қоршауға алады. Яһудилер бірнеше күн қарсылық көрсеткеннен кейін мұсылмандарға беріледі. Олар әустық Сағд бин Муаздың төрешілігіне жүгінеді. Сөйтіп, Қурайза ұлдары яһудилері Тәураттың үкімдеріне сай жазаға тартылып, қолдарына қару алғандары сатқындық жасау қылмысына байланысты өлім жазасына кесіледі.

## 9. Хайбардың фәтх етілуі

Хайбар Мәдинаның солтүстік шығысында екі жүз шақырым қашықтықта орналасқан және берік қамалмен қоршалған қала болатын. Қала төңірегін егістік жер телімдері мен құрма бақшалары алып жатты. Надир ұлдары мен Қайнука ұлдары яһудилерінің қоныстануымен қала Арабстандағы яһудилер тұратын елді мекендердің орталығына айналды. Яһудилер мүшрік араб тайпаларын исламға қарсы бас көтеруге шақырып отырды. «Хәндек» соғысында Құрайышты қару және бар керек-жарақпен қамтамасыз етіп, қолдау көрсеткен және оларды соғысуға итермелеген де осы Хайбар яһудилері болды.

Әз.пайғамбар Ғатафан тайпаларымен одақтас Хайбар яһудилерімен келісім жасауға ниеттенген еді. Алайда, сол тұста олардың Мәдинаға шабуыл жасауға дайындалып жатқандығы туралы хабар келеді. Бұл хабардың анық-қанығын білу және бейбіт келісімшарт жасасу жөнінде келіссөздер жүргізу мақсатымен Абдуллаһ бин Рауаханы Хайбарға жолдайды. Абдуллаһ бин Рауаха бұзық ниетпен Ғатафан тайпаларын өз жағына шығарып алған яһудилердің Мәдинаға шабуыл жасауға аттанғалы тұрғандығын анықтайды. Бұл жайында хабар жетісімен, Әз.Мұхаммед яһудилер Ғатафан тайпаларымен бірігіп, Мәдинаға шабуыл жасамастан бұрын бірден әрекетке көшіп, жиһадқа қатысатындардың жиналуын әмір етіп, екі мың кісілік жасақ құрады. Бағытын айтпастан, үш күн бойы жол жүріп, Хайбарға жетеді. Мұсылмандар Ғатафан тайпасы мен Хайбарды бір-біріне қосатын «Ражи» атты мекенге келіп орнығады. Бұл жағдай екі жақтағы жау әскерінің бірігуіне тосқауыл болады. Соған байланысты яһудилерге көмек келмей қалады.

Хайбар хижреттің жетінші жылы мухаррам айында қоршауға алынады. Таң сәріде Хайбардың қоршауға алынғандығын көрген

яһудилер сасқалақтап қалады. Ислам пайғамбары оларды алдымен мұсылмандықты қабылдауға не бейбіт келісім жасасуға шақырады. Алайда, олар екі ұсынысты да қабыл етуден бас тартады. Соған орай Өз.пайғамбар әскерін жиһадқа шақырады.

Жиырма күнге созылған қоршау барысында яһудилер бар күшін салып, қаланы қорғайды. Алайда, қамалдары бірте-бірте тізе бүгіп, ақыр соңында «Қамус» атты жалғыз қамал қалады. Қамал қолбасшысы Мехраб үлкен ерлікпен қамалды қорғап бағады. Жиырма күндік қоршауға төтеп берген «Қамус» қамалының қолбасшысы ақырында қамалдан шығып, жекпе-жекке шақырады. Жекпе-жекке Өз.Әли шығып, қарсыласын бірден жеңеді. Осыған байланысты сағы сынып, үміті үзілген яһудилер тізе бүгіп, қамал алынады. Хайбар фәтх етіліп, Өз.Әли Хайбарды фәтх еткен тұлға болады.

Хайбардың фәтх етілуі Арабстандағы яһудилердің ықпалын жойды. Хайбарда қалуына рұқсат етілген яһудилерден жыл сайын алған өнімдерінің жартысын ислам мемлекетінің қазынасына жіберу талап етілді. Сөйтіп, Хайбардан түскен табыс арқылы ислам мемлекетінің экономикасы күшейе түсті.

Өз.Мұхаммед Хайбар фәтх етілгеннен кейін бір екі күндей қалада қалады. Сол уақытта яһуди тайпасының көсемі Харистің қызы Зейнеп Өз.пайғамбардың өміріне қастандық ойлап, улауға тырысады. Алдына қойылған еттен бір тілім алған Өз.Мұхаммед еттің уланғандығын бірден сезеді де, жеуден бас тартады. Алайда, сол дастарханда отырған Бишр атты сахаба уланып, қайтыс болады. Осыған байланысты қастандық жасаған Зейнеп қысас алу жазасына тартылып, өлтіріледі.

«Хайбар» соғысынан үлкен көлемде олжа мен тұтқын қолға түседі. Қолға түскендер арасында Надир ұлдары басшыларының бірі Хуйәй бин Ахтабтың қызы Сафия да бар еді. Сафияның анасы Қайнуқа яһудилері көсемінің қызы болатын. Сафия бұдан бұрын Сәлам, одан соң Кинәна атты яһудилермен тұрмыс құрғанды. Жұбайы Кинәна Хайбар соғысында өлтіріліп, Сафия жесір қалады. Өз.Мұхаммед тұтқын бөлісінде өз үлесіне тиген Сафияға еркіндігін беріп, онымен үйленеді. Осылайша Сафиямен отау құрған Өз.пайғамбар яһудилермен туыстық орнату арқылы арадағы дұшпандықты жоюды көздейді.

Хайбардағы жер телімдері олжа ретінде бөлінген кезде бестен бірі бас қолбасшы ретінде Өз.Мұхаммедтің үлесіне тиеді. Осы жерден түскен табыс әрі Әлі Бәйттің (Өз.пайғамбар жанұясының) әрі кедей-кепшік мұсылмандардың қажетін қамтамасыз ету үшін жұмсалады.

Өз.пайғамбар Хайбардан Мәдинаға қайтып келе жатып, жол үстінде Уәдул-Кура яһудилерінің шабуылына ұшырайды. Әскеріне бұл жерді фәтх етуді бұйырады. Уәдул-Кура мұсылмандардың қол астына аланғаннан кейін сапар айында Өз.Мұхаммед әскерімен Мәдинаға оралады.

Хайбардың фәтх етілуі Өз.Мұхаммедті қатты қуантады. Мәдинаға қайтып бара жатқанда Эфиопиядан келе жатқан мүһәжір мұсылмандар керуенімен кезігуі бұл қуанышын арттыра түседі. Эфиопия нажашисі (басшысы) тарапынан қайықпен жолданған топтың басында көкесінің ұлы Жағфар келе жатады. Оны көрген Өз.Мұхаммед: «Хайбардың фәтхіне ме сүйсінейін, әлде Жағфардың оралуына ма?», – деп, қатты қуанғандығын білдіреді.<sup>441</sup>

## **б. Мұсылмандар мен христиандардың қарым-қатынасы**

Мұсылмандар меккелік христиандармен де, Нәжран христиандарымен де алғашқы күндерден-ақ қарым-қатынаста болған. Екі дін өкілдерінің бір-біріне қарсы келуі ислам пайғамбары жіберген елшінің христиан әмірші Шурахбил тарапынан өлтірілуі нәтижесінде туындаған еді. «Мута» және «Тәбук» ғазуаттары осы себепке байланысты жүзеге асқан-ды.

Шындығында, «Худәйбия бейбіт келісімі» арабтардың исламға қарсы дұшпандығын біршама баяулатады. Бұдан кейінгі уақытта бірқатар жекелеген тайпааралық қақтығыстар мен шабуылдар орын алғанымен, нәтиже бермеді. Ал Хайбардың фәтх етілуі яһудилердің дұшпандығына соққы берді. Әлі де дұшпан екі топ: мүнәфиқтар мен орайы келсе, шабуылға әзір тұрған христиандар қалған болатын.

---

441 Хайбардың фәтх етілуі жөнінде қараңыз: Ибн Хишам, III, 342-368; Ибн Сағд, II, 106, т.б.; Мүслим, Жиһад, 121; Ибнул-Әсир, II, 215, т.б; Хамидуллаһ, *Хз.Пейгамберін Савашлары*, 144-147; Көксал, VII, 142.

## 1. «Мута» соғысы

Хижреттің сегізінші жылы (629 ж.) орын алған «Мута» соғысында мұсылмандар сол тұстағы әлемнің екі алып державасының бірімен шайқасады. Өз пайғамбардың «дінге шақыру хатын» жеткізген елшінің өлтірілуіне байланысты басталған мұсылмандар мен христиандар арасындағы қақтығыстар одан кейінгі дәуірлерде Рашид халифалар, әмеуилер, аббасилер, әййубилер, селчуктықтар мен османдықтар тұсында да жалғасты. Ислам нұрын сөндіруге және мұсылмандардың көзін жоюға бағытталған, тарихта «Крест жорықтары» деген атпен қалған қанды шабуылдар кейінгі ғасырларда «Мәдени крест соғысы» деген атпен жалғасты. Христиан Батыс көптеген мұсылман халықтар мен мемлекеттерді басып алып, өз отарлау саясатын жүргізді. Оларды ұлттық және рухани құндылықтарынан айырып, «мәдениет империализмі» арқылы құлға айналдыруға тырысты. Мұның бәрі сол «Мәдени крест соғысының» айқын көріністері болып табылады.

Мұсылмандар «Мута» соғысында IV ғасырдан бастап «христиан дінін қабылдаған Шығыс Рим империясымен (395-1453) қақтығысты. Түрлі этникалық топ өкілдерінен құралған Шығыс Рим империясы Балқан түбегінен Анатолияға дейінгі, Сириядан Палестинаға дейінгі аумақты алып жатты.

«Мута» соғысы Сирия аумағындағы Құдысқа (Йерусалимге) екі түндік қашықтықта орналасқан «Мута» деген жерде орын алған. Діни және нәсілшілдік фанатизмнің ықпалымен мұсылман елші Харисты өлтірген гассандық арабтардың басшысы Шурахбил мұсылмандардың біржолата көзін жою үшін соғыс дайындығына кіріседі. Суық хабармен бірге Гассан әміршісінің соғысқа дайындалып жатқандығы жөнінде хабар алған Өз. Мұхаммед қысқа мерзім ішінде 3000 кісілік әскер жасақтап, Зәйд бин Харисаны қолбасшы етіп, Сирияға қарай аттандырады. Әскерді Мәдина сыртындағы «Сәниййәтул-Уәда» атты жерге дейін шығарып салған Өз. пайғамбар Зәйдке қажетті ұрыс тактикаларын насихат етеді. Зәйд шейіт болған жағдайда, әскердің қолбасшылығын Жағфар бин Әбу Талибке беруді, ол да қаза табатын болса, тудың Абдуллаһ бин Рауаханың қолына өтуін бұйырады. Ал Абдуллаһ та шейіт болса, әскер өз ішінен бірін тандасын деп тапсырады.

Әскерге қатысқан Әбу Бәкір, Омар мен Халид бин Уәлидтей соғыс тәжірибесі мол таңдаулы сахабалар тұрғанда Зәйд бин Харисаны қолбасшы етіп тағайындауы бірқатар талас-тартысқа жол ашқанымен, айтарлықтай ықпалы болмады.

Зәйд басқарған ислам әскерінің келе жатқан хабарын алған гассандық әмірші жағдайды Византия королі Гераклге білдіріп, қысқа уақыт ішінде үлкен әскер жасақтайды. Әскердің қолбасшысы ретінде Византия королінің інісі Теодор тағайындалады.

Мутаға жеткен мұсылман әскері саны жүз мыңға жуық дұшпан әскерімен қарсыласады. Шейіт болу не жеңуден басқа жол жоқ екендігін жете ұғынған мұсылман сарбаздар жанқиярлықпен шайқасып, дұшпан шебін бұзады. Сол тұста Зәйд шейіт болады. Туды Жағфар қолына алады. Отыз үш жастағы Жағфар ерлікпен қылышы сынғанға дейін шайқасып, екі қолынан да айрылып, қаза табады. Расуллуллаһтың берген туын жерге түсірмей, қолына алған Абдуллаһ бин Рауаһада да шейіт болады. Ислам әскері жеңіле бастайды. Халид бин Уәлид қолбасшылыққа өтіп, жеңіліске бет алған әскердің күшін қайта жияды. Ұрыс алаңында әскери шеберлік танытып, қолбасшылық тәжірибесін көрсеткен Халид бин Уәлид сан жағынан мұсылмандардан бірнеше есе артық дұшпанға қарсы қайта соғыса бастайды.

Ертесі күні әскер сапын қайта құрып, алғы шептегі және оң мен сол қанаттағы әскери бірліктердің орнын ауыстырған Халид дұшпанға үрей салады. Мұсылмандарды жаңа бір әскери күшпен келген екен деп ойлаған христиан жасағы кері шегініп, кейінгі қимылдарын жоспарлай бастайды. Сол тұста Халид әскеріне шабуылға шығуды бұйырып, жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, жеңіліске ұшыратады. Осылайша ислам әскерін жеңілістен құтқарып, жеңіске жеткізе отырып, кері қайтады.

Жау әскерінің мұсылмандардың соңына түсуге батылы жетпейді. Мұсылман әскері әлемнің ең алып империяларының бірімен шайқасып, оларға өз күшін көрсетіп, жеңіліссіз Мәдинаға оралады. Әз.Мұхаммед бұл жеңістің құрметіне Халид бин Уәлидке «Сәйфуллаһ» (Аллаһтың қылышы) деген лақап ат қойып, құттықтайды. Сонымен қатар екі қолы шабылған немере інісі Жағфардың «жаннатта періштелермен бірге ұшып жүргендігін» хабарлайды. Сол уақыттан бастап, Жағфар «Жағфәрут-Таййар» (ұшқыш Жағфар) лақабымен аталып кетеді.

## 2. «Тәбук» сапары

«Тәбук» соғысы «Таиф» қоршауынан соң, «Уәда қажылығынан» бұрын орын алды. Ислам діні тез арада Арабия түбегіне жайылып, бүкіл әлемге қарай бет алады. Алайда, исламның дүниежүзіне тарауына тосқауыл қою мақсатымен Византия империясы жаңа дінге соққы беру үшін дайындыққа кіріседі. Иранға қарсы соғыста жеңіске жетуі Византияның өзіне деген сенімділігін арттырды. Ендіні жерде ислам діні шыққан Арабстанды басып алмақ боп ниеттенеді. Кейбір деректерде Византия королінің өз қарамағындағы уәлилер мен әміршілерге хабар салып, соғысқа дайындалуын талап еткендігі айтылады. Сол тұста Сириядан Мәдинаға келе жатқан зәйтүн саудагерлері Византияның мұсылмандарға қарсы үлкен әскер жасақтап жатқандығы жөнінде хабар жеткізеді.

Бұл хабар Мәдинаны әбігерге салады. Өйткені мұсылмандар бұл шабуылды жаудың тұрған жерінде тойтаруы керек болады. Өз.Мұхаммед сол тұсқа дейін жасақталып келген әскерлерден де үлкен әскер жасақтауға бел буады.

Жаппай мобилизация жарияланады. Сирияға қарай соғысқа шығатындықтары ашық түрде білдіріледі. Өз.пайғамбардың шақыруымен жан-жақтан ерікті жауынгерлер жиналады. Алайда, сол жылы Хижаз бен Нәжд өңірінде қуаңшылық болып, әскердің жиналуын қиындата түседі. Соғысқа аттанғалы ниеттенгендердің көбі мініс көлік таба алмайды. Ауа райы да қатты ысиды. Ал кейбіреулер соғысқа бармаудың жолын іздестіреді. Соғысқа дайындық өте жай жүріп жатты. Осы тұста Әбу Бәкір мен Осман сияқты дәулетті сахабалар көмекке ұмтылды. Олар әскердің басым бөлігін жабдықтап, Өз.пайғамбардың батасын алады. Аллаһ жолындағы бұл күреске Өз.Әбу Бәкір бар мал-мүлкін, Өз.Омар мүлкінің жартысын жұмсайды, ал Өз.Осман үлкен әскери бірлікті толығымен жабдықтайды. Осындай ауыр шарттарда жасақталған бұл әскер «ауыртпалық әскері» (жәйшул-уср) деп аталды.

Қиындықтарға қарамастан, үлкен қол жасақталады. 30 мыңға жуық кісіден құралған әскердің 10 мыңдайы атты әскер болатын. Әскер құрамында 12 мыңға жуық түйе де бар еді. Әскердің туы Әбу Бәкірге, Хазраждың туы Әбу Дужәнаға, ал Әустікі Худайр ұлы Усәйдке беріледі. Халид бин Уәлид алғы шептегі әскерге, Талха оң

қанатқа, Абдурраһман бин Ауф сол қанаттағы әскерге қолбасшы ретінде тағайындалады. Әз.Әлиді өзінің уәлиі ретінде Мәдинада қалдырған бас қолбасшы Әз.Мұхаммед әскерімен Сирияға қарай жолға шығады. Тәбукке дейінгі сапар барысында кейбір намаздар біріктіріліп оқылады.

Арабстанды басып алып, ислам мемлекетін біржолата талқандауды ниет еткен Византия әскері исламның ұлылығы мен күшін Арабстаннан сырт жерде де көрсете білген мұсылмандарға қарсы соғысуға батылы жетпеді. Тәбукте жиырма күн қалғандығына қарамастан, дұшпан әскері кезіге қоймады. Византия империясына қарсы тұрып, күшін көрсеткен мұсылмандар соғыссыз кері қайтады. Иә, «Тәбук» сапарында соғыс болмады, қан төгілмеді. Алайда, қаншама қиындыққа қарамастан, қуаңшылық кезеңде, егін жинайтын маусымда осыншалық үлкен әскер жасақтап, әлемнің алып мемлекеттерінің біріне қарсы тұруы әскери және саяси тұрғыдан үлкен жеңіс ретінде есептелді. Ол тұста ішкі мәселелерін шешумен әлек болып жатқан Византия мұсылмандарға қарсы шығуға батылы бармады. Мұсылмандарға қарсы шабуыл жасалады деген қауесет хабар гассандықтардың қулығы боп шығады. Осы уақытта Сирияда шыққан оба ауруы да ислам әскерінің одан әрі ілгерілеуіне мүмкіндік бермеді. Дегенмен, бірқатар көршілес елдермен келісімшарттар жасалып, шекара қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Ейле әміршісі Юанна Әз.Мұхаммедтен кепілдік алып, ал Жәрба мен Әзрух христиандары жизия (салық) төлеуді қабыл етеді.

Хижреттің тоғызыншы жылы орын алған, Құранда да аталған «Тәбук» сапары ислам дінінің өз күшін танытқан және тәухид үндеуін шартарапқа естірткен бір оқиға болды. Араб тайпаларын басқарған көсемдердің бір бөлігі мұсылмандықты қабылдау үшін, енді бір бөлігі Әз.пайғамбардан кепілдік сұрап, жизия төлеу арқылы өз қорғауына алуын өтіну үшін Мәдинаға лек-легімен келе бастайды. Тайпалар атынан келген өкілдер тобының көптігіне байланысты, хижреттің тоғызыншы жылы «сәнәтул-уфуд» (елшілер жылы) деп аталып кетеді.

Қорыта айтқанда, «Тәбук» сапары ислам дінінің бүкіл Арабстанға жайылуын, ислам мемлекетінің аймақтағы ең алып мемлекетке айналуын қамтамасыз еткен оқиға болды. Йемен, Нәжд, Бахрейн, Хадрамаут, Таиф және басқа да өңірлердің халқы ислам-

ды қабылдады. Олардың арасында христиан және яһуди қауымдар да бар еді. Өз.Мұхаммед Мәдинаға келген елшілерді қабылдауға ерекше көңіл бөлді. Үстіне ең жақсы киімін киіп, елшілерді қарсы алған Өз.пайғамбар оларға үлкен сый-сияпат көрсетіп, түрлі сыйлықтармен шығарып салды. Өз.пайғамбар елшілер мен Қағбаны зиярат етушілерді жақсы қарсы алуды сахабаларына да өсиет етті.

Кейінірек Өз.Мұхаммед хижреттің он бірінші жылы сапар айында Сирияға аттанбақ болып, үлкен әскер жасақтайды. «Мута» соғысында шейіт болған Зәйдтің ұлы Усәманы әскердің қолбасшысы ретінде тағайындайды. Алайда, ол тұста ауыр науқастанған Өз.Мұхаммед сапарға шыға алмайды. Көзі тірісінде Сирияның фәтх етілуін көре алмағанымен, Өз.пайғамбар жасақтаған әскер ол дүниеден қайтқан уақытта халифа Өз.Әбу Бәкір тарапынан Сирияға жолданады.

### 3. Өз.Мұхаммедтің соғыстағы бейбітшіл әдіс-тәсілдері

Өз.пайғамбар – бейбітшілік, татулық пен бақытқа жеткізетін ислам дінінің пайғамбары. Ол қанды соғыстар, тонау, өрт қою, ұрлық, анархия мен лаңкестік оқиғалардан тынышы кетіп, бойын үрей билеген адамзатқа тыныштық пен бақыттың жолын көрсету үшін жіберілген-ді.

Расулұллаһ – татулық пен сүйіспеншілік пайғамбары. Ол Аллаһтың асыл дінін бейбіт жолдармен таратуға күш салды. Құран Кәрімде қамтылған ақиқатты халыққа ең ыңғайлы әдістермен жеткізіп, ең орынды сөздермен адамдарды жаңа дінге үндеді. Дұшпандары мен мүшріктерге қарсы күресін ең ұтымды тәсілдермен басқарды. Ұлы Аллаһтың: «(Ей, Мұхаммед!) *Раббыңның жолына даналықпен және көркем үгіт арқылы шақыр әрі олармен ең жақсы нәрселер арқылы пікір бөліс*»,<sup>442</sup> – деген бұйрығын іске асырды.

Өз.пайғамбар жүріс-тұрысымен, атқарған істерімен өзінің сүйіспеншілік пен мейірімділік пайғамбары болғандығын дәлелдей білді. Өзіне және мұсылмандарға қарсы дұшпандық жасағандардан кек қайтармады және олардай дұшпандық та көрсетпеді, қайта бір-бірімен татулық пен тыныштықта ғұмыр кешу жолдарын іздес-

---

442 Нахл, 125.



тірді. Ислам діні мен оны алғаш боп қолдаған сахабаларға бұрын-соңды адам баласы көрмеген зұлымдық пен жәбір-жапа көрсетуден тайынбаған меккелік мүшріктерге қарсы зорлық пен күш қолданбады. Оның орнына туып өскен жері Меккеден қоныс аударуды жөн көріп, мұсылмандар үшін жана жұрт іздеуге кірісті. Тәухид дінінің қамалы Қағба мен Меккеде қантөгіс жасауға, халықты бір-біріне қырғызуға жол бермей, әрдайым бейбіт келісім жолын ұстанды. Соның нәтижесінде, алдымен, Таифқа, содан соң Мәдинаға хижрет етті.

Исламның он екі жылдық Мекке кезеңінде соғысудан бас тартқан Әз.пайғамбар Мәдинада да соғысуға ұмтылмады. Алайда, мүшріктер оны мен жақтастарын тыныш қоймай, үнемі қысым жасап, соғыс майданына шығуға мәбүр етті.

Жұмсақ мінезді Әз.Мұхаммед – соғысты және соғысуды қош көрмеген жан. Пайғамбарлықтан бұрын ешбір қанды қақтығысқа қатысып көрмеген-ді. Тіпті, соғысуға рұқсат етілген кездің өзінде дұшпандарына төзімділікпен қарады. Әз.пайғамбар соғысуға қатысты шешімдерді мәжбүр болған жағдайларда ғана қабылдап отырды. Меккеде жәбір-жапа көрген мұсылмандардан сабырлық көрсетуді талап етті. Тек мүшріктердің шабуылы жалпы сипат алып, соғысқа айналған тұста дұшпанға қарсы соғысуға рұқсат берген еді.

Негізінде, ислам діні соғысуды қош көрмеген. Дегенмен, соғыссыз мәселе шешілмейтіндей жағдайларда шамасына қарай Аллах жолында күресу әрбір мұсылман үшін парыз етілген. Әз.пайғамбар мен алғашқы мұсылмандар әрдайым қорғаныс мақсатымен соғысып, еш уақытта қылыштың күшімен қан төгу, адамдарды қырып жою арқылы діндерін қабыл еттіруге ұмтылмады. Басқа шара қалмаған жағдайларда ғана соғысуға барған-ды.

Әз.пайғамбар өзінің соғыс пайғамбары емес, бейбітшілік пайғамбары екендігін көрсете білді. Ол жеке және қоғамдық татулықпен қатар, ауыл арасы бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына да мән берді.

Әз.пайғамбар дұшпанын бейбіт жолмен жеңуді өз саясатының басты ұстанымы ретінде қарады. Соғысуға мәжбүр болған жағдайлардың өзінде дұшпанын біржолата талқандауға ұмтылмады. Соғыста барынша аз шығынмен жеңуге тырысты. Ол бұл мақсатқа жету үшін:

1. Дұшпанын экономикалық жақтан қыспаққа алу;
2. Қорғанысқа маңыз беріп, әскери күшті арттыру сияқты екі жол ұстанды.

Бұл айтылғандар сүйікті пайғамбарымыздың соғыстың өзінде бейбіт саясат ұстануға тырысқандығын көрсетеді. Мәселен, пайғамбарымыз Мәдинаға хижрет еткеннен кейін төрт айдан соң Құрайыштың жаз маусымындағы сауда жолын жауып, керуендерінің Мәдинадан өтуін бақылауға алған болатын. Осылайша, дұшпанның күтпеген жерден шабуыл жасауына мүмкіндік бермей, экономикалық күшін әлсіретіп, сауда істерін Мәдинаға тәуелді етіп, сол арқылы меккелік мүшріктерді бейбіт келісім жасасуға мәжбүр етті.

Соғыста бейбітшіл тәсіл ұстануды мақсат еткен Әз.пайғамбар дұшпанға олар қарсылық бере алмайтын уақытта шабуыл жасап отырды. Сөйтіп, мақсатына қантөгіссіз жетуге ерекше мән берді. Сондай-ақ дұшпанына тұтқиылдан шабуыл жасап, болатын соғыстың орны мен бағытын жасырын тұтты. Соның нәтижесінде жау әскерлері айтарлықтай шығынсыз, қантөгіссіз мұсылмандардың қолына түскен-ді.

Мәселен, Әз.пайғамбар Меккені фәтх етуге шыққан уақытта бара жатқан бағытты ешкімге айтпай, жасырын тұтқан болатын. Өйткені меккеліктер мұсылмандардың мұндай сапарға шыққандығын естіген болса, тиісті шаралар қолданып, Меккені қорғау үшін соғысқа шығып, көптеген материалдық және адам шығынына ұшырауы мүмкін еді. Ал Әз.Мұхаммед Қағба орналасқан құтты мекен Меккені қантөгіссіз фәтх етуді көздеген-ді. Шынында да, ол бұл мақсатын іске асыра білді. Меккеге кіргенде, ислам әскеріне айтарлықтай қарулы қарсылық көрсетілмеді. Әз.пайғамбар фәтхтен кейін жаппай кешірім жариялап, «ақырымыз не болар екен» деп қатты үрейленген меккеліктерге кешірім жасады. Меккені фәтх ету қимылдарының соңғы сәттерінде: *«Бүгін тәкаппарланған Мекке басын иеді, қала талан-таражға салынады»*, – деген бір қолбасшысын Әз.пайғамбар қызметінен босатып, оған:

*Жоқ, олай емес. Меккенің даңқы мен абыройы қайта бүгін артпақ. Мұсылмандардың құбыласы болған қасиетті қалаға қол сұғылмайды»,* – деп ескерткен еді.

Әз.пайғамбар Хайбарды фәтх етуге бағытталған сапарды да жасырын тұтқан болатын. Күтпеген жерден шабуылға тап болған Хайбар халқы көп мал мен адам шығынына ұшырамастан, жиырма күндік қоршаудан соң тізе бүккен-ді. Қиянат жасаған мәдиналық яһуди тайпаларына (Қайнуқа, Курайза мен Надир ұлдарына) қарсы тұруға және соғысуға мұрша берместен, қаладан шығуға мәжбүр еткен еді.

Әз.пайғамбар шайқас майданында да бейбіт саясатты қолдап отырды. Ислам діні мен мұсылмандардың біржолата көзін жоюды мақсат етіп, Бәдірге келген мың кісілік мүшрік әскеріне қарсы бірден соғысуға кіріспеді. Алдымен Әз.Омарды елші ретінде жолдап, бейбіт келісім ұсынды. Мүшріктер ұсыныстан бас тартқандықтан, соғысқан еді. «Бәдір» шайқасында қолға түскендерге жақсы қарауы да осы бейбіт келісімге бағытталған-ды. Әз.пайғамбар соғыста тұтқынға түскендерді өлтіртпеді. Оларды құлға да айналдырмады. Сол арқылы өшпенділік пен кек қайтару сезімін тудыратындай әрекеттерден ұзақ тұрды. Түрлі тайпалармен одақтасуы, «Худәйбия бейбіт келісімі» мен «Мәдиналықтар келісімшартына» қол қою да бейбіт жолдар іздегендігінің айқын дәлелі болып табылады.

Қойылған шарттар мұсылмандарға өте ауыр болғандығына карамастан, «Худәйбия бейбіт келісімшартына» бейбітшілікті сақтау үшін қол қойған-ды. Расулуллаһ сол арқылы қақтығыстарды тоқтатып, он жылдық бейбіт кезеңге қауышумен қатар, Меккенің бейбіт жолмен фәтх етілуінің де алғы шарттарын әзірлеген болатын.

Мұсылмандардың Меккеге кіруіне жол бермей, жіберген елшісін қамауға алған мүшріктерге қарсы соғысуға ант ішкен бір топ кісіден келісімге келуді талап етуі де Әз.пайғамбардың бейбітшілікке қаншалықты маңыз бергендігін көрсетеді.

Мекке фәтх етілген уақытта мұсылмандарға ең ауыр жәбір-жапа көрсеткен мүшріктердің өзіне кешірім жасап, тіпті, түрлі сый-сияпат көрсетуі де – Әз.пайғамбардың қоғамдық татулыққа қаншалықты көңіл бөлгендігінің нәтижесі. Осы тақырыпқа қатысты:

*«(Ей, Мұхаммед!) Егер олар бейбіт келісімге бейімділік танытса, сен де бұрыл әрі Аллаһқа жүгініп, Оған ісіңді тапсыр (тәуеккел ет). Ақиқатында, Ол – әс-Самиһ (бәрін Естуші), әл-’Алим (бәрін Білуші)» (Әнфәл, 61);*

*«Егер олар (соғысулары мен күпірліктерін) тоқтатса, ақиқатында, Аллаһ – Ғафур (өте Кешірімді), Рахим (ерекше Мейірімді)» (Бақара, 192);*

*«...Ал, егер олар сендерді жөндеріңе қойып, соғыспаса және сендерге бейбіт келісім ұсынса, онда Аллаһ сендерге, оларға қарсы бір жол қоймайды (рұқсат бермейді)» (Ниса, 90), – деген аяттар ерекше маңызға ие.*

#### **4. Алғашқы мұсылман елшілері және бүкіләлемдік ислам үндеуінің әлемге тарауы**

Мекке мен Мәдина арасындағы қақтығыстарды, мүшріктердің мұсылмандарға жылдар бойы жасаған зұлымдығы мен шабуылдарын тоқтатқан «Худәйбия бейбіт келісіміне» 628 жылғы наурыз айында қол қойылғаннан кейін көп ұзамай, Өз.пайғамбар мен ислам әскері Мәдинаға оралды. Бұл келісім арқылы мұсылмандар бейбіт кезеңге аяқ басып, Аллаһтың діні исламды адамдарға бейбіт жолдармен жеткізу мүмкіндігіне қауышты. Аллаһтың елшісі Өз.Мұхаммед бүкіләлемдік ислам үндеуін барша адамзат баласына тәблиғ етуді мақсат етті.

Бүкіл адам баласы мен жындарға пайғамбар ретінде жіберілген Өз.Мұхаммед, міне, осы «Худәйбия бейбіт келісімшартынан» кейін бірден көрші тайпаларды, халықтар мен мемлекеттерді ислам дінін қабылдауға шақырып, жан-жаққа елшілер жібереді. Көрші мемлекет басшылары мен тайпа көсемдеріне дінге үндеу хатын жолдайды. Күміс мөрмен мөрлеген бұл үндеуді Өз.Мұхаммед Византия императорына, Иран шахына, Мысыр басшысына, Эфиопия патшасына, Гассан әміршісіне және бірқатар араб тайпаларының көсемдеріне елшілер мен хаттар арқылы жеткізеді.

Ислам пайғамбары Өз.Мұхаммед Дихйәтүл-Кәлби атты таны-мал сахабаны Византия императоры Гераклға, Абдуллаһ бин Хузәйфаны Иран шахы Хусреу Перуизге, Амр бин Умәййаны Эфиопия патшасына, Суләйт бин Амрды Йәмама тайпасының көсеміне, Сужа бин Уәһбіті Сирия шекарасында орналасқан Гассан әміршісіне, Алә бин әл-Хадрамыды Бахрейн әміршісіне, Мүһәжір бин Умәййаны Йемен тайпасының көсеміне, Харис бин Умәйр әл-Әздиді Бусра уәлііне елші ретінде жібереді.

Дихйәтүл-Кәлби үндеу хатты Сирияда тұрып жатқан Герклға тапсырады. Елшіні жылы жүзбен қарсы алған Византия императоры сол тұста Газзаға келген меккелік мүшрік саудагер Әбу Суфияннан ислам діні мен Әз.Мұхаммед жөнінде сұрайды. Византия императорының исламды қабылдағандығы немесе исламға көңілі ауғандығы туралы пікірлер айтылғанымен, кейінірек мұсылмандар мен христиандар арасында орын алған соғыстар мен императордың әрекеттері бұл пікірді жоққа шығаратындай сипатта.

Ал Иран шахы Хусреу ислам пайғамбарының елшісін жақсы қарсы алмады. Жолданған хатты оқып, ашуланған шах хатты жыртып, жерге тастайды. Мұнысымен қоймай, Йемен уәлиі Базанға хат жазып, Хижазда шыққан пайғамбарды өлі не тірі күйінде өзіне жеткізуін талап етеді.

Бұл жайында хабар алған Әз.пайғамбар реніш білдіріп, жақын арада болғалы тұрған бір оқиғада Иран шахының өлтірілетіндігін айтады. Шынында да, көп ұзамай Иран шахы өз ұлы тарапынан өлтірілген болатын.

Әз.пайғамбар бұл мұғжиза хабарды Йемен уәлиі Базанға жеткізеді. Мұның ақиқатқа асқандығын көрген Базан Иранның қоластынан шығып, Әз.пайғамбардың үндеуін қабылдап, Сана қаласына уәли болып тағайындалады. Осылайша, ол уәлилер мен арабтардан өзге (‘ажам) әміршілер арасында мұсылмандықты қабылдаған алғашқы тұлға мәртебесіне ие болады.

Мысыр басшысы мен Эфиопия патшасы елшілерді жақсы қарсы алады. Мысырлық әмірші Әз.пайғамбарға Мәрия мен Шырын атты екі күң мен сыйлықтар жолдайды. Жолданған күндер жолда ислам дінін қабылдайды. Мәдинаға жеткен уақытта Әз.Мұхаммед Мәрияға үйленіп, ал Шырынды әйгілі ақын Хассан бин Сәбитке қосады.

Әз.пайғамбар Харис бин Умәйр әл-Әздиге хат беріп, Бусра уәлиіне жолдайды. Әз.пайғамбардың елшісі сириялық христиан арабтардың көсемімен Бусрада кездесіп, қолына хатты тапсырады. Хатты оқыған уәли ашуланып, хатты жыртады. Келген елшіні өлтіріп, Мәдина ислам мемлекетіне қарсы соғыс жариялап, бірден дайындыққа кіріседі. Сөйтіп, Византия императоры Гераклдың уәлиі әрі қолбасшысы Шурахбил тарапынан Мутада өлтірілген Харис қастандықпен өлтірілген алғашқы елші болды. Харистің өлімі туралы хабарға Әз.пайғамбар қатты қаймығады. Жау шабуылына

қарсы бірқатар шаралар қолға алып, шектен шыққан христиандарға қарсы соғысқа дайындала бастайды. «Мута» мен «Тәбук» соғыстары, міне, осы мұсылман елшінің өлтірілуі себепті шыққан болатын.

## Ғ. СОТ ЖҮЙЕСІ

Исламнан кейін қалыптасқан сот жүйесін жете ұғыну үшін исламнан бұрынғы жүйе жөнінде қысқаша тоқталған жөн. Исламнан бұрынғы кезеңдердегі сот жүйесінде орын алған кемшіліктердің бірі: сот дұрыс көріп, құқылы деп тапқан тарапты атап көрсететін, ал соттың берген үкімін жүзеге асыру сол тараптың күш-қүдіретіне байланысты болды. Оның үстіне тұрақты түрде сот қызметін атқарған қазылар да болмады. Келіспеушілік туындаған жағдайда, дауды шешу үшін екі жақ ортақтаса отырып, текті бір кісіні төреші етіп сайлайтын. Белгілі бір заң да қолданылмады. Бар мәселе төрешінің ақылымен шешіліп, берілген үкімге наразылық білдіруге, шағым жасауға жол берілмеді.<sup>443</sup>

Өз.пайғамбар хижреттен кейін жоғарыда айтылған алғашқы ата заң «Мәдиналықтар келісімшарты» арқылы жеке тұлғалар мен тайпаларға өз құқықтарын өздері қорғауға мүмкіндік беретін жүйенің күшін жойып, бұл мәселені орталық биліктің, яғни мемлекет басшысының қолына тапсырды. Үкімдерді жүзеге асыру өкілеттілігі де мемлекет басшысына берілген болатын. Аллаһ пен Оның елшісі, яғни Құран мен хадис екеуі де жоғары заң күшіне ие мемлекет заңнамасы ретінде жарияланды. Бұл өзгерістің артынан жеке тұлға мен қоғамды бақытқа жеткізетін басқа да реформалар жүргізілді. Бұрынғы дәуірлерде әлді тарап төрешінің берген үкімін қабыл етпеген жағдайда, дауды басқа бір төрешіге апаруды талап ететін еді.<sup>444</sup> Ал исламда бұл тәртіп:

*«Аллаһ және Оның Елшісі қашан бір үкім берсе, ешбір иманды ер мен иманды әйелге ол істі білгеніне, таңдауға салуына болмайды. Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бойсұнбаса, онда ол анық адасуға түсті»*,<sup>445</sup> деген аят арқылы күшін жойған-ды.

443 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 180.

444 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 181.

445 Ахзаб, 36.

Негізінде, сот жүйесіне қатысты бұл аят исламның Мекке кезеңінде түскенімен, оның үкімдерін жүзеге асыратын саяси-әкімшілік билік Мәдина ислам мемлекеті құрылғаннан кейін қалыптасқан болатын. Мемлекет негізін салған Өз.Мұхаммед, жоғарыда атап өткеніміздей, ең алдымен, жеке тұлға мен қоғам өмірін реттейтін, халықтың жан мен мал қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сот үкімдерін белгілеуге кірісті. Қоныс аударған мұсылмандар мен жергілікті мұсылмандар арасында жасалған «Жеке бауырластық келісімшарты» мен «Мәдиналықтар құжаты» сот тәртібі мен реформалардың негізін қалыптастырды. Бұл екі келісімшарт, бір жағынан, адамдар мен түрлі қауымдар арасындағы қарым-қатынасты ретке келтірсе, екінші жағынан, Мәдина тұрғындарының саяси-әлеуметтік және мәдени-экономикалық құқықтарына кепілдік берді. Сонымен қатар исламнан бұрын қолданылған сотқа қатысты негіздер мен ұстанымдардың да күшін жойды. Бұл жерде Расулуллаһтың өз мешітін сот мекемесі ретінде қолданғандығын да еске салған жөн. Мешіттің сот мекемесі ретінде пайдаланылуы ол тұста сот құрылымының әлі қалыптаса қоймағандығын көрсеткенімен, сот ісінің, яғни әділеттілікті орнату мәселесінің қаншалықты қасиетті саналғандығын аңғартады. Кейінірек дауды шешу мәселесі арнайы сот мекемелерінде жүзеге асырыла бастады. Дегенмен, әділеттілік бар жерде бұл қасиеттілік онымен бірге жүріп отырды.

Сот мәжілістерінің мешітте өткізілуі мәжіліс есігінің баршаға «ашық болу» ұстанымын қалыптастырды. Мешітке келген кез келген кісі сот мәжілісі жүріп жатқан бөлімге кіре алатын. Халықтың сот мәжілістеріне қатысуы, бір жағынан, білім беру қызметін атқарса, екінші жағынан, әділ үкім берудің де кепілі болды. Сот мәжілісіне бақылаушы ретінде қатысқан халықта қазының іс-әрекетіне, тараптардың дәлелдері мен берілген үкімге қарай отырып, белгілі бір пікір қалыптасты.<sup>446</sup>

Бұл тұста қазылар тағайындала бастағандығын да көріп отырымыз. Уақыт өте келе, Мәдинада құқықтық және сот саласындағы мәселелер саны арта түскен болатын. Осыған байланысты Өз.пайғамбар қазы ретінде өзіне берілген өкілеттіктердің бір бөлі-

---

446 Д.Г.Б. *Ислам Тарихи*. - Стамбул, 1992, I, 366-367.

гін басқа кісілерге тапсырып, сот мәселелерін шешуде кассациялық сот өкілеттігін ғана өзінде қалдырған-ды.<sup>447</sup>

Әз.пайғамбар, бастапқыда, уәлаяттарға басшы ретінде тағайындалған кісілерге әскери және азаматтық істерді басқарумен қатар, салық жинау мен сот істерін жүргізу сияқты міндеттер де жүктеген болатын. Кейінірек тек сот істерін жүргізу міндеті жүктелген қазыларды жібере бастаған-ды.<sup>448</sup> Мәдинадан сырт аймақтардан үкімге наразылық білдіру үшін Әз.пайғамбарға жүгінгендердің болғандығы және оның өзі тағайындаған қазыларға берген нұсқаулары көптеген дереккөздерде аталған.

Әз.пайғамбардың Мәдинада қылмыскерлерді қамайтын түрме салып-салмағандығы жөнінде дереккөздерде ешқандай мәлімет келтірілмеген. Қолда бар мәліметтер қылмыскерді қамау қажет болған жағдайларда кейде мешіттің бір бұрышындағы бөлмеге байланғандығын немесе қаладағы ыңғайлы кез келген орынға қамалғандығын көрсетеді.<sup>449</sup> Әз.пайғамбар тұсында түрлі қылмыстарға байланысты айыпталушылардың қысқа мерзімге қамауға алынғандығы белгілі. Ол кезеңде қылмыскерлерді белгілі бір қамау орнында ұзақ мерзімге ұстау орын алмады. Әз.пайғамбар қамау үшін үй, мешіт не кез келген ғимаратты уақытша пайдаланып отырды. Алғашқы үш халифа да Әз.пайғамбар заманында қолданылған тәртіпке ұқсас тәртіп ұстанды.

Қорыта айтқанда, Әз.Мұхаммед басқарған алғашқы ислам мемлекетіндегі сот жүйесі әділеттілікке негізделген болатын. Міне, осы әділ соттың арқасында зұлымдық көрген кісінің көңілі жай тауып, ал зұлымдық жасаушы басқалардың құқығын таптауға батылы бармаған. Әз.пайғамбар сот жүргізу мәселесіне қатысты мұсылмандарға Құран Кәрім аяттарын түсіндіріп, сотқа қатысты ислам үкімдерін тікелей өзі іске асырып отырды.

---

447 Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбери*, II, 183.

448 Хамидуллаһ, *аталмыш еңбек*, II, 184.

449 Хамидуллаһ, *Ислам Мұәссеселерине Гириш*, 82.



## Д. УӘДА ҚАЖЫЛЫҒЫ МЕН УӘДА ҚҰТБАСЫ

Бүкіл әлемге ислам дінін паш етіп, үнін естірткен фәтх әрекеттері мен үлкен жеңістер орын алған хижреттің тоғызыншы жылы мұсылмандарға қажылық ғибадаты парыз етілген жыл болды.

Меккеде туып өскен Әз.Мұхаммед пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де түрлі кезеңдерде Қағбаға зиярат жасап отырған. Алайда, Мәдина кезеңінде бұл зияраттар тоқтап қалған болатын. Хижреттің алтыншы жылы сахабаларымен бірге Мәдинадан Меккеге қарай жолға шығып, Қағбаны зиярат етуге ниеттенген Әз.пайғамбарға меккелік мүшріктер рұқсат бермеді. «Худәйбия келісімшартына» сәйкес келесі жылы умра жасап, Қағбаны зиярат еткен еді.

Қажылық маусымына дейін қалуына жол берілмеген мұсылмандар Меккеде үш күн ғана түнеп, умра жасап қайтқан болатын. Бір жылдан соң «Худәйбия келісімшарты» бұзылып, Мекке фәтх етілген уақытта (630 жылғы рамазанның 8 күні) мұсылмандар Қағбаны қайта зиярат етіп, тауап жасағанымен, қажылық маусымы келмей тұрып кері қайтқан-ды.

Мекке фәтх етілген уақытта Қағба пұттардан тазартылып, тәухид дініне қайта есігін ашты. «Тәбук» сапарынан кейін Арабия түбегінде Аллаһқа шірк келтіру сенімі түбегейлі жойылып, барлық араб тайпалары мұсылмандықты қабылдады.

Хижреттің тоғызыншы жылы қажылық парыз болуына байланысты, ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед Әз.Әбу Бәкірді қажылық істеріне басшы етіп тағайындап, қажылыққа барғысы келген мұсылмандармен бірге Меккеге жолдайды. Үш жүздей мұсылманмен бірге қажылық сапарына шыққан Әз.Әбу Бәкір Меккеге жеткен уақытта, мүшріктердің Қағбаға жақындауына тыйым салған аяттарды қамтитын «Бәра'а» сүресі түскен болатын. Әз.пайғамбар «Бәра'а» (Тәуба) сүресінің қажылыққа қатысты үкімдерін мұсылмандарға жеткізуі үшін Әз.Әлиді Меккеге жібереді. Арафатта құтба оқылып, мұсылмандарға Қағбаны зиярат ету тәртібі түсіндіріледі. Сол күннен бастап, мүшріктердің Қағбаға жақындауына жол берілмеді. Бұдан кейін ешкім Қағбаны жәһілдік дәуір жоралғысына сай зиярат етпеді.

Бір жылдан соң, хижреттің оныншы жылы (632 ж.) зулхижжә айындағы қажылық маусымында ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед мұсылмандық қажылық парызын орындады. Одан бұрын зулда

айында оның қажылыққа баратындығы жөнінде халыққа жария етілген болатын. Хабар тез арада шартарапқа тарайды. Өз.пайғамбармен бірге қажылықты өтеуге ниеттенген он мыңдаған мұсылман жолға шығады.

Мәдина мен төңірегіне келіп жиылған мұсылмандар бір-бірімен танысып, «ислам бауырластық сезімін» паш етті. Зулқада айының 25 күні Өз.пайғамбар ғұсыл дәретін алып, ихрамын киіп, түскі намаздан кейін жолға шығады. Бұл пайғамбардың хижрет еткелі алғаш рет қажылық сапарына аттануы болатын. Қажылық парыз етілген хижреттің тоғызыншы жылы өзінің орнына Өз.Әбу Бәкірді қажылық істеріне әмірші етіп тағайындап, қажылыққа жолдағанды. Ал Өз.пайғамбардың өзі қажылық парызын өтеуге хижреттің оныншы жылы барды. Бұл оның алғашқы және соңғы қажылығы болды. Қажылық ғибадатын орындау барысында сахабаларымен қоштасты. Бұл қажылықтан кейін Қағбаны қайта зиярат етіп, қажылық жасауға мүмкіндігі болмады. Соған байланысты бұл қажылық ислам тарихында «Уәда» қажылығы (Қоштасу қажылығы) деген атпен қалды.

Өз.Мұхаммед Мәдинадан мыңдаған кісілік мұсылман жамағатпен аттанады. Жолда асыр намазын екі ракағат оқып, түнді Зулхуләйфада өткізеді. Содан кейін қажылық ғибадаты барысында төрт ракағаттық парыз намаздарды екі ракағаттан оқиды. Зулқаданың 26 күні қажылыққа ниет жасап, тәлбия айтады. Өз.Ибраһимның мақамында екі ракағат намаз оқиды.

Зулхижжаның тоғызы күні Минаға қарай бет алған Өз.пайғамбар мен мұсылмандар сол күні түстен кейін Арапатқа шығады. Қусуа атты түйесіне мініп, Арафат жазығының ортасына дейін келген Өз.Мұхаммед жүз мыңнан аса жамағаттың алдында сөз сөйлейді. Ислам үндеуінің ең соңғы ұзын құтбасын (уағызын) түйесінің үстінде отырып оқыған-ды. Құтбасын тыңдаған сахабалардан айтқан насихаттарын басқаларға жеткізуін талап етеді. Сол жерде Өз.пайғамбарға ислам дінінің толықтай жеткендігі жөнінде соңғы уахи түседі. Өз.Мұхаммед соңғы уахиден кейін он сегіз күннен кейін дүниеден өткен еді.

Арапа күні күн батқан уақытта түйесіне мініп, Муздалифаға келеді де, сол жерде ақшам мен құтпан намаздарын қосып оқиды. Түнді Муздалифада өткізген ислам пайғамбары ертеңіне айттың бірінші күні күн туардан бұрын ол жерден шығып, «Мәшғари Харамға»

барады. Сол жерде құбылаға бет бұрып, «Жәмраи Ақабада» жеті тас лақтырған соң, Минаға қайтады.

Минаға келген уақытта, мұнда да құтба оқиды. Бұл құтба Арафатта оқылған құтбасының екінші бөлімі болатын. Он мыңдаған адамның алдында сөз сөйлеген Әз.пайғамбар оларға ислам дінінің негіздерін қықаша түрде қайта тәблиғ етеді. Құтбасын тәмадағаннан соң, құрбан шалатын жерге келіп, өмірінің әрбір жасына бір құрбандықтан санап, алпыс үш түйе құрбандыққа шалады. Құрбан етінен ауыз тиген Аллаһ Расулы қалған етті мұсылмандарға таратып, шашын кесіп, ихрамнан шығады. Түйесіне мініп, Харам Мешітіне келеді де, зиярат тауапын жасап, зәмзәм суынан ішіп, қайта Минаға оралады. Айт күндерін осы жерде өткізеді.

Құрбан айттың төртінші күнінен соң Минадан шығып, Меккеге келеді. Соңғы тауапын жасап, сахабаларымен бірге Мәдинаға қарай жолға шығады.

Әз.Мұхаммед Мәдинаға оралған соң, көп ұзамай науқастанған болатын. Сол тұста Сәжах атты әйел мен Мусәйлима атты ер кісі өздерін пайғамбар деп жариялап, мұсылмандардың иманын әлсіретуге әрекет жасайды. Кейінірек Әз.Әбу Бәкірдің тұсында олардың бұл әрекетіне тосқауыл қойылады.<sup>450</sup>

Арапа күні Арафатқа жиналған мұсылман жұртшылық алдында Әз.Мұхаммедтің түйесінің үстінде отырып оқыған және ислам тарихында «Уәда» құтбасы деген атпен қалған құтбасы ислам дінінің қорытындысы іспеттес болды. Бұл құтбада адам құқықтары мен еркіндіктері, жанұя мүшелері мен ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас, еңбек ету мен іскерлік этикасы сияқты әмбебап негіздер мен үкімдер де қамтылды. Осы тұрғыдан бүкіл адамзат баласы үшін ерекше маңызға ие «Уәда» құтбасының (түрікше) аудармасынан бірнеше бөлімді ұсынуды жөн көрдік.

*«Мақтау Ұлы Аллаһқа тән. Оған мадақ айтып, Одан жәрдем тілейміз. Одан кешірім тілеп, Оған қарай бет бұрамыз. Нәпсінің азғыруынан және жаман іс-әрекеттерден Ұлы Аллаһқа сиынамыз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Оның жалғыз, серігі жоқ екендігіне, Мұхаммедтің Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.*

450 Ибн Сағд, II, 183-196; Бухари, II, 174, 191; Мұслим, II, 892; А.Жевдет, III, 326.

*Ей, Аллаһтың құлдары! Сендерге Аллаһқа тақуа құл болуды насихат етемін. Сендерді Оған бойсұнуға үндеймін. Сөзімді ең қайырлы сөзбен бастаймын.*

*Ей, адамдар! Олай болса, сөзіме құлақ салыңдар! Өйткені білмеймін, бәлкім, бұдан кейін бұл жерде сендермен қайта кездесе алмайтын да шығармын.*

*Ей, адамдар! Бүгінгі күндерің, мына тұрған айларың, мына тұрған қалаларың (Мекке) қандай қасиетті (харам) болса, жандарың, малдарың мен ар-намыстарың да сондай (ешкімнің қол сұғуына болмайтындай) қасиетті.*

*Ей, сахабаларым! Ертең Раббыларыңа қауышқан уақытта, істеген барлық іс-әрекеттерің үшін, міндетті түрді, жауапқа тартылатын боласыңдар. Менен кейін қайта адасуға түсіп, бір-біріңнің бастарыңды шауып жүрмеңдер!*

*Бұл насихатымды осындағылар мұнда болмағандарға жеткізсін! Мүмкін, сөзімді естіген кісі мұнда болған кісіден гөрі жақсырақ ұғынып, сақтанар.*

*Ей, сахабаларым! Кімге бір аманат берілсе, ол аманатты иесіне тапсырсын! Пайыздың (ақшаны өсімге берудің) барлық түріне тыйым салынды, пайыз аяғымның астында. Алайда, негізгі (өсімсіз) қарызды қайтарыңдар! Кісі ақысын жемеңдер, өз ақыларыңды да жегізбеңдер! Аллаһ пайызға тыйым салды. Жәһілдік дәуірден қалған барлық жаман әдет аяғымның астында. Өзім тыйым салған ең алғашқы пайыз – (көкем) Абдулмутталиб ұлы Аббастың пайызы.*

*Ей, сахабаларым! Жәһілдік дәуірдегі құн дауларына үзілді-кесілді тыйым салынды. Өзім тыйым салған алғашқы құн дауы – Абдулмутталибтың немересі Рабияның құн дауы.*

*Ей, адамдар! Бүгін шайтан мына топырақта сендерге ықпал ету күшінен мүлдем айрылды. Алайда, мен тыйым салған нәрселерден басқа, маңызды деп көрмеген істеріңде, оған ересіңдер. Осының өзі оны қуантуға жеткілікті. Діндеріңді қорғау үшін бұлардан сақтаныңдар!*

*Ей, мүміндер! Сендерге бір аманат қалдырып отырмын. Оны берік ұстансаңдар, тура жолдан әсте адаспайсыңдар. Ол аманат – Аллаһтың кітабы.*

*Ей, адамдар! Ұлы Аллаһ әркімге өзіне тиесілі ақысын (Құранда) көрсеткен. Мұрагерге өсиет етіп жатудың керегі жоқ. Бала кімнің*

*төсегінде туылса, соған тиесілі болады. Зина жасаған мақрұм қалады. Әкесінен басқа кісінің тегін жамылған тексіз, өз қожайынынан басқа кісіге өзін теліген кісі Аллаһтың қаһарына, періштелердің лағынетіне, бүкіл мұсылмандардың қарғысына ұшырасын! Аллаһ мұндай адамдардың тәубаларын да, берген үкім мен куәліктерін де қабыл етпейді.*

*Ей, адамдар! Әйелдердің құқықтарына құрметпен қарауды және бұл тұрғыда Аллаһтан қорқуды насихат етемін. Сендер әйелдерді Аллаһтың аманаты ретінде алдыңдар. Аллаһтың атымен сөз бере отырып, олардың ар-намысын өздеріңе халал еттіңдер. Әйелдеріңнің сендердің алдарыңда, сендердің де әйелдеріңнің алдында құқықтары бар. Сендердің олардың алдындағы құқықтарың – төсектеріңді басқа еркекке таптатауы және сендер ұнатпаған кісіні рұқсатсыз үйге кіргізбеуі. Олардың жаман (күнә) іс жасауына жол бермеңдер. Егер олар жаман әрекетке баратын болса, оларды ұрсын-сөгулеріңе, төсекте жалғыз қалдыруларыңа және жайлап қол көтерулеріңе Аллаһ рұқсат етті. Егер олар бұл жаман әрекеттерден бас тартып, сендерге мойынсұнатын болса, олардың ішер асы мен киер киімін қамтамасыз ету сендерге міндет боп жүктеледі.*

*Ей, мүміндер! Сөзімді мұқият тыңдаңдар! Мүміндер – бір-бірімен бауыр. Дін бауырларыңа тиесілі ешбір нәрсеге, оның разылығы болмайынша, қол сұғу халал емес.*

*Ей, сахабаларым! Өздеріңе де зұлымдық жасамаңдар! Өйткені өз алдарыңда да міндеттерің бар.*

*Ей, адамдар! Раббыларың – бір, аталарың – бір. Барлығың Адамнан тарадыңдар. Ал Адам топырақтан жаратылды. Аллаһтың алдында ең қайырлы кісі – ең тақуа болған кісі. Арабтың араб еместен бір артықшылығы жоқ, артықшылық тек тақуалықта.*

*Ей, адамдар! Ертең сендерден мен туралы сұрайды. Не деп жауап бересіңдер?», – деп сұрайды.*

*(Сахабалар): «Біз куәлік етеміз. Аллаһ тапсырған елшілік міндетіңді толық атқардың. Әрі бізге насихат жасадың», – деп жауап қайтарады.*

Сонда Өз.Мұхаммед:

*«Қуә бол, Раббым! Қуә бол, Раббым! Қуә бол, Раббым!», – деп дұға жасайды.<sup>451</sup>*

## Е. ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУІ

Өрине, кез келген адам баласындай, ислам пайғамбары Әз.Мұхаммедтің де бұл пәниден өтері хақ еді. Өз ғұмырын бейбітшілік пен бақыт діні исламды адамдарға насихаттау жолына арнаған, әлемдегі ең үлкен төңкерісті жүзеге асырып, ислам дінін орнықтырған Әз.пайғамбар осы теңдесі жоқ міндетін тәмамдап, үмметіне қош айтып, дүниеден өтетін кез жеткен-ді.

Негізінде, Әз.пайғамбарға өте ауыр міндет жүктелген болатын. Өйткені бүкіл адамзат баласына соңғы иләһи үндеуді жеткізу – үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет. Әз.Мұхаммед өзіне жүктелген пайғамбарлық ұлық міндетті барлық пайғамбарлардан артық дәрежеде аяқтай білді. Хира үңгірінде түсе бастаған иләһи үндеуді тәблиғ ету жолында Меккеде жылдар бойы түрлі жәбір-жапа, зұлымдыққа сабыр етті. Ақырында, мұсылмандар қоғамын құрып, ислам мемлекетін орнату үшін жаңа жұрт іздеп, туып өскен жерін тастап, жан досы Әз.Әбу Бәкірмен бірге хижрет етті. Жолда Сәуір тауындағы үңгірді паналап, өзін өлтіру үшін үңгір аузына дейін келгендердің даусын естіген уақытта, оны толғандырған нәрсе басқа мәселе болатын. Алдында жаңа кезең, жаңа өмір мен жаңа көкжиек күтіп тұрған еді.

«Уәда» қажылығынан соң Мәдинаға оралған Әз.Мұхаммед науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Қатты бас ауруына шалдыққан Әз.пайғамбардың дене қызуы көтеріліп, науқасы үдей түседі. Хижреттің 11 жылы сапар айының он тоғызы күні түнде төсегінен тұрып, «Бәки» қабірстанына қарай беттейді. Исламды таратуға атсалысып, осы жолда дүниеден озған сахабаларына дұға етеді. Зиярат етіп, үйіне қайтқан уақытта, бас ауруы күшейе түседі. Күн санап сырқаты асқына бастайды. Тіпті, мешітке келуге, жамағатқа намаз оқытуға шамасы қалмайды. Әз.Әбу Бәкірден жамағатқа имам болуын сұрайды. Басын суық сумен сүрткізіп, біршама да болса, жай табуға тырысады. Соңғы күндерін Әз.Айшаның бөлмесінде өткізеді. Ибн Хишам оның науқастанған кезі жөнінде былай деп жазады:

*«Әз.пайғамбар басын таңған күйде үйінен шығып, мешітке келді. Мінберге шығып, «Ухуд» шайқасында шейіт болғандарға дұға жасап, содан соң: «Аллаһтың бір құлы бар еді. Аллаһ оны дүние мен ақирет өмірінің бірін таңдау жөнінде еркіне қалдырды. Ол құл ақирет өмірін таңдады», – деді».*

Жанында тұрған Әз.Әбу Бәкір оның бұл сөзінің астарын, яғни Әз.Мұхаммедтің өзі туралы айтып тұрғанын бірден ұғынып, көзінен жас төгіле бастайды. Ол: «Ей, Аллаһтың елшісі! Біз өзімізді де, ата-анамызды да сенің орнына пида етуге әзірміз», – деді.

Мешітке баруға күші қалмаған Әз.пайғамбар өз үйінен мешітке ашылатын барлық есіктердің жабылуын бұйырып, тек Әз.Әбу Бәкірдің үйіне қарайтын есікті қалдырады. Сирияға аттанғалы дайын тұрған әскердің қолбасшысы Усәма Әз.пайғамбардан рұқсат сұрайды. Ол Әз.Усәма мен әкесін мадақтап, оларды сахабаларына аманат етіп тапсырады. Сол сияқты мүһәжірлер мен ансарларды бір-бірімен тату болуға шақырады. Сахабаларынан кешірім сұрасып, өзінде ақысы қалғандардың өз ақыларын алуын сұрайды.

Сияр авторлары мен ислам тарихшылары Әз.Мұхаммедтің дүниеден өтерінен бір-екі күн бұрын есінен танғандығы, үйінен аттап шықпағандығы және тіл қатуға шамасы жетпегендігі жөнінде жазады. Әз.Айша Әз.пайғамбардың жан тәсілім етерден бұрын: *«Лә иләһа иллаллаһ, жан тапсыру – тек қана Ұлы Раббыммен бірге болу ғой»*, – деген соңғы сөзін жеткізген. Ислам пайғамбары осы сөздермен Әз.Айшаның қолдарында Раббысына рухын тапсырды. Аллаһ одан разы болсын! Адамзаттың соңғы пайғамбары Әз.Мұхаммедке Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын! Әмин.

Хижреттің 11 жылы (632 ж.) рабиул-әууәл айында дүниеден қайтқан Әз.Мұхаммедтің өлімі мұсылмандар қауымын қатты қайғыртады. Тіпті, оның шынымен өліп-өлмегендігін сұрғандар да, өлгеніне сенбегендерде бар еді. Дегенмен, мұсылмандар тез арада есін жиып, ақиқатты қабыл еткен болатын.

Әз.пайғамбардың дүниеден қайтуы, уақытша болса да, мұсылмандар арасында бірқатар мәселелердің туындауына жол ашты. Мәселен, Әз.пайғамбарды жерлеу мәселесі талқыға салынып, ақырында, Әз.Айшаның бөлмесіне жерлеу жөнінде шешім қабылданған болатын. Әз.пайғамбардың қабірі (Раузаи Мутаһһара) Мәдинада, Қағбадан кейінгі мұсылмандар қасиет тұтып, зиярат еткен жерде жатыр.

Әз.Мұхаммед дүниеден өткен уақытта артында айтарлықтай мұра қалдырмады. Артында қалған құл да, ат та, түйе де жоқ болатын. Тек қана ақ түсті қашары, біршама қару-жарақ пен жер телімдері қалған еді. Жер телімдерінен түскен табыстың бір бөлігін

өз отбасының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, ал қалған бөлігін мемлекет қазынасына жұмсауды бұйырған-ды.

Кейінірек, Әз.Фатима әкесінің Федек деген жердегі үлесін халифа Әз.Әбу Бәкірден мұра ретінде беруін талап етеді. Алайда, халифа Әз.пайғамбардың бір хадисін басшылыққа ала отырып, пайғамбарлардан мұндай мұра қалмайтындығын айтып, талабын кері қайтарады. Әз.пайғамбардың қылышы күйеу баласы әрі не-мере інісі Әз.Әлиге тиеді.

Бірқатар тарихшылар ислам пайғамбарының өліміне Хайбар фәтхінен кейін яһуди әйел жегізген уланған ас себеп болғандығын, Әз.Мұхаммедтің науқастануы осыны меңзейтіндігін алға тартты.

## **Ж. ҚҰРАН КӘРІМДЕ БАЯНДАЛҒАН ӘЗ.МҰХАММЕДТІҢ КӨРКЕМ АХЛАҒЫ**

### **1.Ислам үндеуі мен оның басты ерекшеліктері**

Ислам діні адамзат тарихының бастапқы кезінен бері Ұлы Аллаһ тарапынан жіберілген иләһи діндердің ең кәмілі және соңғысы болып табылады. Бұл дін Аллаһ тең қып жаратқан барша адам баласына бағытталған. Бүкіл адамзаттың жан мен тән тұрғысынан кемелденіп, рақат ғұмыр кешіп, дүние мен ақирет өмірінде бақытқа жетуін мақсат етеді. Сондықтан ислам діні адамның жеке және қоғамдық өмірін реттейтін негізгі қағидаларды белгеліп, ақирет өміріне жақсы дайындалуына мүмкіндік жасайды.

Аллаһ пен адам, мүміндер мен кәпірлер, иман келтіргендер мен басқа сенімді ұстанатын адамдар арасындағы қарым-қатынас Құранның дүние мен ақирет өміріне қатысты негіздерін құрайды. Атауы құтылу, амандық пен бақыт мағыналарын беретін ислам діні үндеуі тұрғысынан да тура жол мен бақыт діні болып табылады. Ислам дінінің басты факторын құрайтын адам баласы тумысынан таза және қасиетті болмыста жаратылған деп қабылданады. Ислам үндеуінде жан дүние мен ниеттің тазалығы, сенімнің қарапайымдылығы, жүріс-тұрыс пен ахлақтың көркемдігі қамтылған. Ислам дегеніміз ақиқатқа мойынсұну, діннің бұйрықтарына бас ию, Жаратушының әмірлерін орындауға жан-тәнімен берілу, барлық істе Аллаһқа тәуекел етіп, сенім арту дегенді білдіреді. Шындығында, ислам



ұғымы мұсылмандардың сенімінде Аллаһты бар және бір деп тану, жүріс-тұрыс пен іс-әрекет тұрғысынан иләһи бұйрықтарға сәйкес ғұмыр кешу деген сөз. Міне, осындай діни сенім мен танымды ұстана отырып, соңғы демін берген кісі дүние мен ақирет өмірін көркейте білген мұсылман кісі болады. Күпірлік пен шірк келтіру дертінен бойын аулақ ұстап, дін «бұйырған және тыйым салған» нәрселерге бойсұнып, иман негіздерін өмірінде іске асыра білу – шынайы мұсылманның бойынан табылатын қасиеттер. «(Ей, Мұхаммед!) Біз сенен алдын бір Елші жіберсек, оған: «Менен басқа құдай жоқ. Сондықтан Маған құлшылық етіңдер», – деп уахи етпей тұрып жібермедік»,<sup>452</sup>– деген аят осы ақиқатты меңзейді.

Ислам діні – ақиқат пен көркемдікке мойынсұну діні. Иман негіздерінің қарапайым әрі ақылға қонымды болуы, ғибадат пен муамалат (адамдар арасындағы қарым-қатынас) негіздерінің жеке тұлға мен қоғамды дүние мен ақиретте бақытқа жеткізуге бағытталуы соңғы діннің жер бетінде мәңгілік сақталуына мүмкіндік беретін басты ерекшеліктері болып табылады. Негізінде, исламға діндер тарихы тұрғысынан баға беретін болсақ, оның «адамзат тарихындағы ең үлкен төңкерісті» жүзеге асырған, құрылымы кәміл дін екендігін айтуға болады.

Ислам діні адам баласын көптәңірлік сенімнен, пұтқа табынушылықтан, жалған және адасқан пікірлерден, болмысына қайшы келетін дүниетанымнан құтқарып, кіршіксіз таза діни сенімге, болмысына сай тәухид ақидасына, көркем ахлақ пен шынайы құлшылық сезіміне қауыштыру арқылы ақида саласында түбегейлі төңкеріс жасаған болатын. Сонымен қатар адамдар не періштелер немесе басқа жаратылыстарды тәңір тұтып, ғибадат көзіне айналдыруға, Аллаһ пен адамдар арасында делдалдық (монахтық) құруға үзілді-кесілді қарсы шығып, ғибадат пен дұға тілекті тек қана Аллаһқа арнау арқылы ғибадат-құлшылық саласында да төңкеріс жасаған-ды. Адамды Аллаһтың құзырына тікелей шығарған ислам оны Ұлы Жаратушымен бірге болу және тілдесу мәртебесіне қауыштырып, санасы мен танымын ақиқат сенім және көркем ахлақ құндылықтарымен көркейту арқылы ахлақ саласында да теңдессіз төңкерісті жүзеге асырды. Ислам адамның жүрек тазалығына, ар-

ұждан еркіндігіне және иман пәктігіне ерекше мән берді. Жеке тұлға мен қоғам өмірінің негізін дұрыс және берік етіп қалауға, татулық пен тыныштықты орнатуға, иманды да өнегелі ұрпақ тәрбиелеуге маңыз берді. Сондықтан тәрбие мен білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөле отырып, мәдениетті әрі білімді тұлғалардан қалыптасқан үлгілі де заманауи қоғам орнатуға барынша күш салды.

Ұлы Аллаһ тарапынан соңғы пайғамбар Өз.Мұхаммедке түсірілген Құран – Ұлы Жаратушының адамдар мен жындар әлеміне жолдаған соңғы кәміл уахиы. Ал адам сол Құранның басты тақырыбын құрайды. Өзін адамдарға жол көрсетуші ретінде танытқан Құран адамзат баласын иманы мен өмір сүру салты тұрғысынан: иман келтірген адам (мүмін), иман келтірмеген адам (кәпір) және өзін иманды кісідей көрсеткенімен, шын мәнінде, иман келтірмеген адам (мүнәфық) деп, үш топқа бөліп қарастырады. Құран бұл үш топтың діни сенім мен ахлақ тұрғысынан тарихта алатын орнын және жасаған іс-әрекеттерін танытады. Сонымен қатар бұл үш типтегі адамдардың бір-бірімен қандай қарым-қатынаста болғандығын да баяндайды.

Жүрегіне ақиқат иманды ұялатып, бойына көркем ахлақты сіңіріп, ізгі істер атқарған, Аллаһтың бір және бар екендігіне иман келтіріп, Өз.Мұхаммедтің үндеуіне бойсұнып, тура жолды ұстанған кісінің шынайы бақыт пен табысқа жетіп, Жаратушының сүйікті құлына айналатынын білдіреді. Жаратылған ғаламға қарап, Ұлы Аллаһты тануға шақырады. Адамның жер бетіне Ұлы Құдіреттің өкілі ретінде, яғни Аллаһтың халифасы ретінде жіберілгендігін және бұл міндетті атқаруы үшін бүкіл ғаламның адамның қызметіне берілгендігін ескертеді. Құран ақыл мен ойлау қабілеті берілген адамның әлемдегі мүмкіндіктерді өз игілігіне жаратуын насихат етіп, жеке және қоғамдық өмірде Аллаһқа шынайы құл болуға үндейді. Міне, адамдарға осы ұлы ақиқатты көрсеткен, адам деген ардақты атқа сай өмір сүру жолын үйреткен, бақытқа жетудің негіздерін ұқтырған Өз.Мұхаммедке бойсұнуды, оның бұйырғандарын орындап, тыйым салғандарынан сақтануды иманның белгілерінен санайды. Ойланған кісінің теңдесі жоқ Тәңір жөніндегі түсінігін, абсолюттік құдірет иесі Аллаһ туралы танымын қалыптастырып, Раббысын жақсы тануына мүмкіндік береді. Адамның бойындағы әлсіз де, күшті де тұстарын көрсетеді. Жаратушыны жаратылғандармен салыстыруға

болмайтындығын және Оның жаратылғандардан мүлде өзге екендігін білдіреді.

Құран Аллаһтың сипаттарына, есімдеріне, істеріне және жаратқан мақлұқаттарына жан-жақты тоқталады. Сонымен қатар жақсылық пен жамандық атаулыны да танытып, адамның осы екі жолдың бірін таңдауына түрткі болған факторларды терең талдап көрсетеді. Пұтқа табынушылар, кәпірлер, зұлымдық жасаушылар, ұрлықшылар мен кісі өлтіргендердің, сондай-ақ осыған ұқсас дүниетаным мен өмір салтын ұстанғандардың мақсаттарын, олар себеп болған зұлымдық пен бүліктің жеке тұлға мен қоғам өміріне теріс ықпалын көрсетеді. Бұрынғы өткен қауымдарға, олар ұстанған діни сенім мен өмір сүру салтына қатысты мысалдар келтіреді. Бұл қауымдардың өздеріне жол көрсетуші ретінде жіберілген пайғамбарларға қарсы әрекеттері жөнінде баяндай отырып, ақыры немен аяқталғандығын ескертеді. Бұл тұрғыдан Құран – ең сенімді иләһи қайнаркөзден бастау алған тарихи құжат немесе Жалпы адамзат тарихы іспеттес. Құранда періштелер мен жындар әлемі жөнінде және адамның ақиреттегі жағдайы туралы жеткілікті мәлімет те қамтылған. Періштелер, жындар мен шайтанның қалай жаратылғандығы, олардың ерекшеліктері мен атқаратын істері жөнінде, сондай-ақ жаннат пен жаһаннам туралы баяндай келе, адам баласының ақылы жетпейтін бұл тақырыптарға қатысты ешбір дереккөзде кездеспейтін жалпы мәліметтер береді. Адамның бұл дүниеден өтіп, Раббысына оралатындығын ескерткен Құран ақирет өміріне де ерекше назар аударады. Аталған бұл ерекшеліктер Құранның Аллаһ тарапынан адамзатқа жіберілген бақытқа жеткізу қайнары, Әз.Мұхаммедтің ең үлкен мұғжизасы, адамдарды тура жолға бастайтын және (дүние мен ақиретте) табысқа жеткізетін «иләһи жіп» екендігін көрсетеді.

## 2. Құрандағы Әз.Мұхаммедтің сипаты

Ислам – Аллаһтың адамдарға ақиқатты үйрету, дүние мен ақиретте бақытқа жету жолын көрсету мақсатымен жіберген діндерінің ең кәмілі және соңғысы. Адамзатты бақытқа қауыштыратын бұл діннің қайнаркөзі Құран Кәрім болып табылады. Алайда, бұл қасиетті кітапты тура ұғыну үшін оны бізге жеткізген және іс жүзінде өміріне енгізген Әз.Мұхаммедті өте жақсы тану қажет.

Осы мақсатпен исламның алғашқы дәуірлерінен бастап сияр мен мәғазиді саласында көптеген еңбектер жазылды. Бұл еңбектерде Өз.пайғамбар түрлі қырынан және атқарған істері арқылы танытылды. Классикалық ислам тарихы кітаптарында оның өмірбаянына ерекше орын берілді. Дегенмен, сияр мен мәғазиді еңбектерінде де, классикалық ислам тарихы кітаптарында да негізсіз деректер орын алған болатын. Сондықтан Өз.пайғамбардың шынайы тұлғасы мен адами қасиеттерін дұрыс тануда бұл жағдай бірқатар мәселелер туғызды.

Өз.пайғамбардың өмірбаянын жазуда авторлар Құранды негізгі қайнаркөз ретінде алмады және қолда бар деректерді Құран өлшемдеріне қарай сын елегінен өткізбеді. Аталған еңбектерде дәлелсіз риуаяттардың орын алуына, міне, осындай себептер негіз болған-ды. Ал, негізінде, Өз.пайғамбарды бізге ең жақсы танытатын Құран Кәрім. Өйткені Құран барлық ислам ғылымдарының, соның ішінде сияр, мәғазиді және ислам тарихының да қайнаркөзі болып саналады. Сондықтан Өз.пайғамбарды тану үшін, ең алдымен, дереккөз ретінде Құранға жүгінуіміз қажет. Міне, осы көзқарасты ұстана отырып, Өз.Мұхаммедті Құран бойынша танытуға ниеттендік.

Құранға назар салатын болсақ, ең алдымен, Өз.пайғамбардың атымен аталатын сүренің бар екендігін көреміз. Бұл – 38 аяттан тұратын «Мұхаммед» сүресі. Сондай-ақ Өз.пайғамбардың есімі төрт жерде (Әли Имран 3/149; Ахзаб 33/40; Мұхаммед 47/2; Фәтх 48/29) «Мұхаммед» деген атпен және бір жерде (Саф 61/6) «Ахмед» деген атпен аталған. Сонымен қатар Құранның көптеген аяттарында Өз.пайғамбардың тұлғасы шынайы бет бейнесімен сипатталған.

### **а. Өз.пайғамбардың уахидан бұрынғы өмірі**

Исламның негізгі қайнаркөзі Құран тарихты, өткен уақыт пен келешекті біртұтас ала отырып, адам баласы өмір сүрген кеңістік ретінде қарайды. Құранда Расулуллаһтың уахидан бұрынғы ғұмыры жөнінде:

«(Ей, Мұхаммед!) Сені қуып шығарып жіберген кенттен де күш-қуаты мол, мықты қанишама елді мекенді Біз жойып жібердік. Оларға көмектесуші ешкім болмады»,<sup>453</sup> – деген аят келтірілген.

Құрандағы Мекке халқына бағытталған аяттарда, көбіне, «өздерінен», «сендерден» және «олардан» деген сөздер қолданылып, Өз.Мұхаммедтің Меккеден шыққандығын меңзейді.

Өз.Мұхаммед – араб. Құран оның қауымының тілінде, яғни араб тілінде түскен болатын:

*«Ақиқатында, Біз оны ақылдарыңды істетіп, ұғынуларың үшін арабша Құран етіп түсірдік»;*<sup>454</sup>

*«Әрі саған елді мекендердің анасын (Меккені) және оны айнала орналасқандарды ескертуің үшін арабша Құран уахи еттік».*<sup>455</sup>

Араб тілінде түскен Құранның мазмұны сауаты жоқ және шет тілін білмеген Өз.Мұхаммедке уахи арқылы білдірілген еді. Құранның арабша түсуіндегі хикмет қоғамның оны ұғынуында жатыр. Құран бізге Өз.Мұхаммедтің меккелік арабтардан шыққандығын атап көрсетеді. Өз.Мұхаммедтің меккелік Құрайыш тайпасының Хашим ұлдары тармағынан шыққандығын, Абдулмутталибтың немересі, Абдуллаһтың ұлы болғандығын барлық дереккөздер растайды.

Құранда Өз.Мұхаммедтің умми болғандығы, яғни сауаты жоқтығы жөнінде айтылады. Құранның көптеген аяттарында Өз.пайғамбар «Кітап берілгендерден шықпаған», «араб болған», «оқу-жазу білмеген» деп сипатталады:

*«Солар, оқу-жазу білмейтін Нәбиге – өздеріндегі Тәурат пен Інжілде (ол туралы) жазылғанын табатын – Расулға ереді»;*<sup>456</sup>

*«Ол сауаты жоқтарға өз араларынан Елиі жіберді. Ол оларға Оның аяттарын оқиды, оларды тазартады және оларға Кітап пен даналықты үйретеді...»;*<sup>457</sup>

---

453 Мұхаммед, 13

454 Юсуф, 129.

455 Шура, 7.

456 Ағраф, 157

457 Жұма, 2.

«...Әрі Кітап берілгендер мен сауаты жоқтарға: «Сендер бойсұндыңдар ма?» – де...». <sup>458</sup>

Құран Кәрімде пайғамбарлықтан бұрын Әз.Мұхаммедтің уахи жөнінде білмегендігі, пайғамбар болатындығы жөнінде ешқандай хабары болмағандығы айтылады.

*«Айт: «Егер Аллаһ қалағанда, мен оны сендерге оқымаған болар едім және Ол оны сендерге білдірмес еді. Негізінде, мен сендердің араларыңда бұдан алдын да (бірге) өмір сүрдім. Ақылдарыңды істетіп, ұғынбайсыңдар ма?»»;* <sup>459</sup>

*«Сен өзіңе Кітаптың түсуін үміт етпеген, күтпеген едің. Алайда, ол Раббыңнан бір мейірім ретінде (түсірілді). Сондықтан кәпірлерге болысушы (көмек беруші) болма»;* <sup>460</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Біз саған осы Құранды уахи етіп, оқиғалардың ең жақсысын баян етеміз. Негізінде, сен бұдан бұрын хабарсыздардан едің»;* <sup>461</sup>

Бұл аяттар Әз.Мұхаммедтің уахи түскенге дейін Құран мен ислам жөнінде мүлдем хабары болмағандығын көрсетеді. Уахиде айтылған дүниені білуі мүмкін емес еді. Өйткені ол Кітап берілгендерден (христиандар мен яһудилерден) шықпаған, әрі сауаты да жоқ болатын. Сондықтан адамдарды үндеген дінді өзінің ойдан шығаруы мүмкін емес-ті. Құранда Аллаһтың оған білмеген нәрселерін үйреткендігі де айтылады:

*«...Аллаһ саған Кітап және даналықты (сүннетті) түсірді әрі саған білмеген нәрселеріңді үйретті. Аллаһтың саған деген кеңшілігі өте үлкен»;* <sup>462</sup>

Құран – Аллаһтың сөзі. Ол Әз.Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы уахи етілген. Кәпірлердің айтқанындай, Құранды Әз.пайғамбарға адам баласы үйретпеген. <sup>463</sup> Уахидың түсірілуі мен ақиқаттығы жөнінде күмән туғызуға тырысқандардың сүйенетін ешқандай дәлелінің жоқтығын «Анкабут» сүресінің 48-аяты атап көрсетеді.

458 Әли Имран, 20.

459 Юнус, 16.

460 Қасас, 86.

461 Юсуф, 3.

462 Ниса, 113.

463 Ниса, 113.

Оның үстіне, Өз.пайғамбардың оқу-жазу білмегендігі жөнінде қауымы да хабардар болған.<sup>464</sup>

*«Әлде олар: «Ол оны ойдан шығарды», – дей ме? Жоқ олай емес! Бұл – сенен бұрын ескертуші келмеген елді тура жолға түссін деп ескертуің үшін Раббыңнан (түскен) ақиқат».*<sup>465</sup>

Міне, бұл аяттар Өз.пайғамбардың умми (сауатсыз) болғандығын, оның иләһи уахиге сүйенетін Құрандай кітапты жазуы, ойдан құрастыруы не басқалардан үйренуі мүмкін еместігін дәлелдейді.

Өз.Мұхаммед орташа дәулеті бар отбасында дүниеге келген. Үйленгеннен кейінгі уақытта дәулеті артқан болатын. Оның исламнан бұрынғы және кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен сенімі жайында «Дұха» сүресінде:

*«Сәскемен ант етемін. Және қоюланған түнмен ант етемін. «Ей, Мұхаммед!) Раббың сені тастап кетпеді және жеккөрген де жоқ. Әрі күмәнсіз, сен үшін соңғы, мәңгілік өмір (ақирет), алғашқысынан (осы өмірден) қайырлы. Ол сені жетім күйде тауып, паналатпады ма? Әрі адасқан түрде тауып, тура жолға салмады ма? Және кедей халде тауып, байытпады ма? Енді сен де жетімді қор санама? Сұраушыны зекіп, қума. Әрі Раббыңның игілігі жайлы айт», – деп айтылады.*

Құранда Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлық келместен бұрын қалай ғибадат-құлшылық жасағандығы жөнінде мәлімет берілмеген. Дегенмен, бірқатар аяттар араб қоғамында Аллаһқа немесе Тәңірге ғибадат етуде жасалатын қиям, рукуғ және сәжде сияқты әрекеттерді Кітап берілгендер (яһудилер мен христиандар) мен арабтардың білгендігін және өмірде қолданғандығын аңғартады. Сондай-ақ Қағбаның төңірегінде арабтардың бұл әрекеттерді белгілі бір түрде орындағандығын көрсетеді. Осыған қарап, Өз.пайғамбар да Қағбаның жанында және жалғыз қалған уақыттарда Аллаһқа мінәжат ету мақсатымен осы әрекеттерді жасаған болар деп жорамалдаймыз.

Жәһілдік дәуірде өмір сүрген Өз.Мұхаммед те сол қоғамның бірқатар салттарын ұстанды. Мәселен, ол Зәйд бин Харисаны асырап алған болатын. Бұл жөнінде «Ахзаб» сүресінің 36, 37 және 40-аяттарында баяндалған.

464 Фурқан, 5.

465 Сәжде, 3.

Мекке халқы бастапқыда Әз.Мұхаммедтің пайғамбарлығына қарсы шықты. «Мүминун» сүресінің 69-аятында айтылғандай, Әз. Мұхаммедке пайғамбарлық берілген уақытта, меккелік мүшріктер оны танымағандықтан емес, қайта жақсы білгендіктен, өздерінен шыққан бірі болғандықтан, қабыл етпеген еді. Ол сол қауымның бір мүшесі болатын, тіпті оны меккеліктер «әл-Әмин» деп атайтын. Алайда, Әз.Мұхаммед Меккеде бедел мен мансапқа ие, ел басқарған тұлға емес-ті. Осы себепке байланысты, Құрайыш атқа мінерлері оған пайғамбарлықтың берілуін лайық көрмеді:

*«Әрі олар: «Бұл Құран екі қаладан ұлы бір адамға неге түсірілмеген», –деді».*<sup>466</sup>

Көріп отырғанымыздай, Әз.Мұхаммедтің туылған кезі мен балалық шағы жөнінде сияр кітаптарында баяндалған таңғайжайып оқиғалар Құранда орын алмаған. Құран оның пайғамбарлықтан бұрын басқа адамдардан ешбір өзгешелігінің болмағандығын атап көрсетеді. Бірге өмір сүрген қауымының оны ешқашан бөтенсімегендігі, оны басқалардан артық санамағандығы, тіпті, кейбірінің пайғамбарлықты оған лайық көрмегендігі жөнінде хабар береді.

Әз.Мұхаммед те – өзгелердей адам баласы. Оның да бойында сезімдері мен қалаулары бар. Аятта: *«(Ей Мұхаммед!) айт, Мен де сендердей бір адам баласымын»*, – деп бұйырылғанындай, басқа адамдар не сезінсе, ол да соны сезінген.

### **ә. Әз.Мұхаммедке пайғамбарлық міндеттің жүктелуі**

Нәби (пайғамбар) дегеніміз, ең алдымен, бір адам. Басқа жандыларға да нәбилер жіберілген. Алайда, біз үшін адамзатқа иләһи ақиқатты жеткізу, үйрету және өміріне енгізу мақсатымен адам баласының жіберілуі маңызды. Нәби – Аллаһ тарапынан таңдалып, дінді тиісінше жеткізу міндеті жүктелген, иләһи жәрдемге сүйене отырып, нәбилік міндетін атқарған және дінді тәблиғ етіп, үндеу жасауда, біле тұра, ешбір қатеге жол бермеген таңдаулы тұлға.

Адамзат үшін қажет деген әрбір дәуірде Аллаһ Өзі таңдаған тұлғаны пайғамбар ретінде жолдап отырған. Тұңғыш пайғамбар Әз.Адам, ал соңғы пайғамбар Әз.Мұхаммед болып табылады.

---

466 Зухруф, 31.



Пайғамбарларға жеке және қоғамдық өмірді Аллаһтың бұйрықтарына сай қалыптастыру міндеті жүктелген. Олар Аллаһқа және ақирет күніне иман келтіретін, ізгілікті насихаттап, жамандықтан тыятын «қоғам» орнатуға тырысқан.

Пайғамбарлар – Аллаһтың елшілері. Олар – Аллаһ тарапынан таңдалып, пайғамбарлық міндеті жүктелген тұлғалар. Яғни, Ұлы Жаратушы түрлі қауымдарды тек қана Өзіне иман келтіріп, құлшылық жасауға, басқа қауымдармен жақсы қарым-қатынас құрып, татулықпен өмір сүруге шақыруы үшін әртүрлі дәуірлерде пайғамбарлар жіберіп отырған. Өз.Мұхаммед, міне, сол пайғамбарлардың соңғысы болып, ол үндеген ислам діні бұрынғы пайғамбарлар дінінің орнын басқан болатын.

Құран бізге пайғамбарлар мен олардың дінді тәблиғ ету жолындағы күрестері туралы мағлұмат береді. Адам баласынан шыққан бұл таңдаулы тұлғалардың салиқалы, ықыласты, мүмін, сабырлы, шүкіршіл, сүйіспеншіл қасиеттерін танытады. Соған сәйкес әрбір пайғамбардың:

- а. Жол көрсетуші және ағартушы;
- ә. Хақ тағала мен ақиқатқа бағыттаушы;
- б. Ақиқатты тәблиғ етуші және оған үндеуші;
- в. Құран нұрын жеткізіп, үйретуші;
- г. Әр қырынан өнеге және көшбасшы;
- ғ. Өзінен бұрынғы пайғамбар мен оның үндеуін растаушы;
- д. Өзгермейтін бір ғана шындықты жеткізуші екендігін айтуға болады. Сонымен қатар:
- е. Аттары аталған пайғамбарлармен қатар, аталмағандар да бар;
- ж. Мүміндер барша пайғамбарлар мен олар жеткізген ақиқатқа иман келтіреді.

Пайғамбарлар мен олардың дінді жеткізу жолындағы күрестері жөнінде баянадайтын қиссалар «кисасул-әнбия» деп аталған. Ұлы Аллаһ бұрынғы уахиларда да, сол сияқты Құранда да Өз.Адамнан бастап, Өз.Мұхаммедке дейін түрлі дәуірлерде әртүрлі қауымдарға жіберген нәбилері мен олардың халқы жөнінде әңгімелейді. Құран мазмұнының үштен бірін құрайтын бұл қиссалардың ерекшелігі

адамзатқа ғибрат беруі мен даналықты үйретуінде, тарихты шынайы бетбейнесімен ұсынуында жатыр.

«Пайғамбарлар қиссасы» үшін де көктен түскен кітаптар басты қайнаркөз болып табылады. Сонымен қатар Өз.пайғамбардың сахабаларына әңгімелеп берген қиссалары мен Киелі Кітапта берілген мағлұматтар да тарихшылар мән беріп, еңбектеріне арқау еткен деректер қатарында саналады. Сондай-ақ «исраилият» деп аталатын бірқатар аңыздар да осы мағлұматтар арасында ислам тарихына еніп кеткен.<sup>467</sup> «Қисасул-әнбия» саласында көптеген тарихшылар мен авторлар қалам тартқан. Алайда, олар өз еңбектерінде түгел дерлік Табариге сүйеніп, еңбектерінің басым бөлігін «исраилиятқа» негіздей отырып жазды.

Аллаһ тағала адам баласы жаратылғалы қаншама пайғамбарлар жіберді. Сол пайғамбарлардың соңғысы Өз.Мұхаммедті бүкіл адамзатты тура жолға бағыттау үшін 610 жылы адамдарға ескертуші және елші ретінде жолдаған болатын.

*«Мұхаммед сендерден ешбір ер кісінің әкесі емес. Бірақ ол – Аллаһтың Елшісі әрі пайғамбарлардың соңы. Аллаһ – барлық нәрсені Білуші».*<sup>468</sup>

571 жылы Меккеде дүниеге келген Өз.Мұхаммед, бұдан бұрын да атап өткеніміздей, өз қауымының арасында «әл-Әмин» (сенімді) деген лақаппен танылды. Халқының әлеуметтік өміріне етене араласқан Өз.пайғамбар адамдарға үнемі қол ұшын беріп, жомарттық көрсетіп, туыстарына қарасты. Оның өзге адамдардан басқа бір ерекшелігі жоқ-ты. Оны өзгелерден ерекше қылған нәрсе 610 жылы Хира үңгірінде «Алақ» сүресінің алғашқы бес аятымен басталған уахидың түсуімен пайғамбар ретінде таңдалуы болды. Тіпті, өзіне «әмин» деп сеніммен қараған адамдардың өзі уахи келген уақытта оған иман келтірмеген-ді. Бұл жағдайға таңғалған Өз.пайғамбарға:

*«Айт: «Егер Аллаһ қалағанда, мен оны сендерге оқымаған болар едім және Ол оны сендерге білдірмес еді. Негізінде, мен сендердің араларыңда бұдан алдын да (бірге) өмір сүрдім. Ақылдарыңды істетіп, ұғынбайсыңдар ма?»*,<sup>469</sup> – деген аяттар түсті.

467 Ағырақча, аталмыш еңбек, 1287.

468 Ахзаб, 40.

469 Юнус, 16.

Бұл аяттар меккеліктердің оны өте жақсы танығандығын, сондықтан өз ішінен шыққан бірінің мұндай (уахи алдым, пайғамбармын деген) сөздермен келуіне қарсы шыққандығын көрсетеді.

Мұндай жағдайда Әз.Мұхаммедтің өзіне түскен уахиға бастапқыда таңғалуын да түсінген жөн. Шынында, ол біршама уақыттан соң есін жиып, өзіне берілген міндеттің байыбына барған болатын. Одан кейін келген аяттар Әз.пайғамбарды иман келтіруге, мойынсұнуға шықырып, алған үндеуді адамдарға насихаттап жеткізуін бұйырған еді:

*«Раббыңнан саған уахи етілгенге ер (ілес). Одан (Аллаһтан) басқа құдай жоқ. Әрі серік қосушылардан теріс бұрыл»;*<sup>470</sup>

*«Әрі Раббыңнан өзіңе уахи етілгенге ер. Аллаһ сендердің не істеп жатқандарыңнан, әлбетте, Хабардар (Хабир)»;*<sup>471</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Бәлкім сен олардың: «Оған бір қазына түсірілмей ме? Немесе онымен бірге бір періште келмей ме?» – деп айтатындары үшін өзіңе уахи етілгеннің кейбірін (кейінге) қалдырғың келер әрі оған кеудең сығылған болар. Анығында, сен – тек ескертушісің. Ал Аллаһ – әрбір нәрсеге өзі кепіл (Уәкіл)»;*<sup>472</sup>

*«Оның ешбір серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым әрі мен – бойсұнушылардың (мұсылмандардың) алғашқысымын», – деп (айт).*<sup>473</sup>

Әз.Мұхаммед уахиды адамдарға жеткізген уақытта, үлкен қарсылыққа тап болды. Жынды, сикыршы деп, барша пайғамбарларға тағылған айдар оған да тағылды. Адамдардан мұндай қарсылық көрген сәттерде, адам болған соң, кейде жаны қиналып, қаймығатын-ды. Алайда, Аллаһ пайғамбардың өз міндетін ойдағыдай атқаруы үшін демеу көрсетіп, оған тікелей сөзін жолдап, бойына сенімділік дарытты.

Барлық пайғамбарлар сияқты Әз.Мұхаммедті де қауымы жасынға шығарған болатын. Мұның ең басты себебі өте ертеден бері арабтарға пайғамбар келмегендігінде жатқан еді. Өздеріне иләһи кітап түспеген арабтар ата-бабаларынан қалған салт-дәстүр мен

---

470 Әнғам, 106.

471 Ахзаб, 2.

472 Һуд, 12.

473 Әнғам, 163.

мәдени құндылықтарын дінге айналдырған-ды. Міне, осындай өздеріне ешбір ескертуші келмеген қауымды тура жолға салуы үшін Өз.Мұхаммедке Құран уахи етілді.

Алғаш түсе бастаған уахидан қиналған сәттерде Өз.Мұхаммед кейде өзінен күдіктенетін еді. «Юнус» сүресінің 94-аяты осы жағдайды меңзейді:

*«(Ей, Мұхаммед!) Егер Біз өзіңе түсірген нәрседен күмәнда болсаң, алдын Кітап (түсіріліп) оқығандардан сұра. Саған Раббыңнан ақиқат келді, сондықтан күмәнданушылардан болма».*

Елшілік міндетін атқаруы барысында көңілі құлазыған сәттерде сенімділігінің артуы және көңілінің жай табуы үшін Құран оның пайғамбарлығын үнемі қуаттап отырды. Оған нәбилік мәртебесі де берілген болатын.

Бұрынғы пайғамбарлар мен олардың өз қауымдарына қарсы жүргізген күрестері жөнінде баяндайтын аяттарда тарихи даму барысына сай Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлық міндеті туралы да аталып өтеді:

*«Біз сенен бұрын да елшілер жібергенбіз. Олардың ішінде Біз саған хабарын бергендеріміз де бар, әрі олардың ішінде Біз саған хабарын бермегендеріміз де бар...»<sup>474</sup>*

*«(Ей, Мұхаммед!) Айт: «Мен елшілердің алғашқысы емеспін...»; «(Ей, Мұхаммед!) Саған өзіңнен бұрынғы елшілерге айтылған гана айтылуда...»<sup>475</sup>*

Өз.Мұхаммед пайғамбарлық міндетін атқару барысында әртүрлі адамдармен жүздесті. Түрлі қарсылықтарға тап болды. Осыған байланысты, кейде жаны күйзеліп, көңілі құлазитын уақыттар да болатын. Шынында, сондай үмітін үзген бір сәтте ескерту де алғаны бар. Аллаһ мұндай жағдайларда пайғамбарына қолдау көрсетіп, демеу болған-ды:

*«Хикметті Құранмен ант етемін. Шын мәнінде, сен – елшілерденсің»<sup>476</sup>*

---

474 Ғафир, 78.

475 Әхқаф, 9; Фуссилат, 43.

476 Ясин 2-3.

Осыдан кейін Өз.Мұхаммедтің көңілі орнығып, күмәні сейілген еді. Өзіне деген сенімі артып, адамдарға:

«(Ей, Мұхаммед!) *Айт: «Мен елшілердің алғашқысы емеспін және маған да, сендерге де не істелетінін білмеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін әрі мен – бар болғаны анық ескертуші ғанамын»; «Алайда, Аллаһ саған түсіргенімен (Құранмен) Өзі куәлік етеді. Ол оны (Құранды) Өз білімімен түсірді. Сондай-ақ періштелер де куәлік береді. Аллаһ куә болуда жеткілікті»,<sup>477</sup>* – деген аяттарды оқыған еді.

Мүшріктер Өз.пайғамбарға «сиқыршы», «көз байлаушы» және «жынды» деген айдар тағып, мазақ та қылған болатын. Олардың бұл жағдайы «Қамар» сүресінің 24 – 25-інші аяттарында:

«*Олар: «Біз өз арамыздағы бір адамға ереміз бе? Онда біз, әлбетте, адасуда және ессіздікте боламыз. Ескерту (уахи) біздің арамыздан тек соған ғана түсірілді ме? Негізінде, ол – менменсіген өтірікші», – деді»,* – деп суреттеледі.

Алайда, Аллаһ пайғамбары мен оған ерген мүміндердің көңіліне сенімділік пен тыныштық ұялатқан еді.

## **б. Өз.пайғамбардың адамдық болмысы**

Аллаһ Расулы да – бір адам баласы. Құран Кәрім пайғамбарлардың адамдар арасынан шыққандығын, өзге адамдардан «өздеріне уахи берілуімен» ғана ерекшеленетіндігін ескертеді. Құрандағы Өз.Мұхаммедке қатысты аяттарға назар салатын болсақ, Өз.пайғамбардың да басқа адамдарға тән сипаттарға ие екендігін көреміз. Мәселен, «*Айт: «Анығында, мен сендер секілді адаммын»,<sup>478</sup>* – деген аятта мұны айқын көруге болады.

«Исра» сүресінің 90–94-інші аяттарында да осы мәселеге назар аударылып, пайғамбарлардан әдеттен тыс ғажайып істерді талап еткендердің талабы кері қайтарылғандығы айтылады.

Дегенмен, адамдардың көбі өздерінен айтарлықтай өзгешелігі жоқ кісінің пайғамбар болуын қабылдай алмады. Өйткені пайғамбарларға адам баласының қолынан келмейтін таңғажайып істерді атқаратын, ғайыптан хабар беретін, табиғатқа әмірі жүретін, адам-

477 Әхқаф, 9; Ниса, 166.

478 Кәһф, 110.

нан жоғары бір болмыс ретінде қараған еді. Сондықтан пайғамбардан осындай ғажайып керемет көрсетуін талап еткен-ді. Өзінің адам баласынан шыққан бір елші екендігін ескертіп, бұл талаптарын кері қайтарған пайғамбарға таңырқап, қарсы шыққан болатын. Ал шындығында, Аллаһ пайғамбарларын әрдайым адамдар арасынан таңдап отырған. Бұл жөнінде Аллаһ:

«(Ей, Мұхаммед!) Біз сенен бұрын да оларға уахи етіп, тек ер адамдарды жібердік. Егер өздерің білмесеңдер, Еске салу (Кіман) берілген қауымнан сұраңдар»,<sup>479</sup> – дейді.

Өз.Мұхаммедтің жеке тұлғасы мен пайғамбарлығында, Аллаһтың уахи жіберуінде бұрынғы пайғамбарлардан аса айырмашылығы болмаған. Бұл мәселе Құранда: «Айт: «Мен пайғамбарлардың алғашқысы емеспін...»,<sup>480</sup> – деп аталып көрсетіледі. Мұнымен қатар пайғамбарға адам болғандығы үшін қарсы шыққандарды сынға алатын көптеген аяттар да кездеседі.<sup>481</sup>

Пайғамбарлар періште емес, жоғары болмыста да жаратылмаған, олар ғайыпты да білмейді. Құран бұл шындықты жиі-жиі ескертумен қатар, пайғамбарлардың да бойында өзге адамдарға тән сезімдер мен әлсіз тұстар болатындығын атап көрсетеді:

«(Ей, Мұхаммед!) Айт: «Сендерге: «Менің қасымда Аллаһтың қазыналары бар», – деп айтпаймын әрі ғайып (жасырын) нәрселерді білмеймін және сендерге өзімді періштемін деп те айтпаймын. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін», – деп...»;<sup>482</sup>

«Айт: «Аллаһ қаламайынша, мен өзім үшін пайда, зиян (келтіру) билігіне ие емеспін. Егер де ғайыпты (жасырын нәрселерді) білетін болғанымда, жақсылықты көбейтіп алар едім және маған ешбір жамандық тимес еді. Мен бар болғаны иманға келген адамдар үшін ескертуші және қуантушы хабар жеткізушімін», – деп»;<sup>483</sup>

«(Ей, Мұхаммед!) Әрі айт: «Раббым, шайтандардың мені арбап, азғыруынан Өзіңе жүгініп, қорғауыңды сұраймын».<sup>484</sup>

479 Әнбия, 7; Әли Имран, 144; Ниса, 163; Юсуф, 109.

480 Әхкаф, 9.

481 Әли Имран, 144; Рағд, 38; Фурқан, 20.

482 Әнғам, 50.

483 Ағраф, 188.

484 Мүминун, 97; Әнбия, 34; Ахзаб, 52.

Бұл ретте тағы бір мәселеге тоқталған жөн. Өз.пайғамбар да бір адам дегенде, оны жай қарапайым адамдар қатарына қоса салу дұрыс емес. Өйткені Өз.пайғамбардың бойындағы адамға тән қасиеттер өте жоғары деңгейде болған. Яғни ол сыртқы бейнесі, ішкі жан дүниесі мен ахлағы тұрғысынан биіктен көрінетін. Мінсіз болмысы мен исламмен дарыған көркем ахлағы оны теңдесі жоқ тұлғаға айналдырған-ды.

Өз.пайғамбарды адамға тән емес ерекшеліктермен сипаттау қаншалықты қате болса, оны қатардағы бір адамдай етіп көрсету де соншалықты қате. Біз сүйікті пайғамбарымызды дұрыс танығымыз келсе, Құран белгілеген өлшемдер аясында бағалап, бізге жеткен деректерді де Құран талаптарына сай сын елегінен өткізгеніміз жөн.

Құран Кәрім – бір адам ретінде – Өз. Пайғамбардың тура жолға салуға қатысты жай-күйін:

*«(Ей, Мұхаммед!) Оларды тура жолға түсіру – сенің міндетің емес. Алайда, Аллаһ қалағанын тура жолға түсіреді...»;*<sup>485</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Оларды тура жолға салуға қанша ұмтылсаң да, анығында, Аллаһ Өзі адастыратын құлын тура жолға салмайды. Әрі оларға ешбір жәрдем беруші жоқ»; «(Ей, Мұхаммед!) Олар үшін кешірім тілесең де, тілемесең де, тіпті, олар үшін жетпіс рет кешірім тілесең де, Аллаһ оларды ешқашан кешірмейді...»;*<sup>486</sup> – деп баяндайды.

Осы аяттарға сүйене отырып, бір кісінің тура жолға түсуі не адасуы басқа адамдардың, тіпті, Аллаһ Расулының да жауапкершілігіне кірмейтіндігін айтуға болады. Өйткені бұл – Аллаһ пен кісі арасындағы мәселе. Жаратқан Аллаһтан басқа ешкім жүрекке әмірі мен билігін жүргізе алмайды. Пайғамбарлар мен адамдардың міндеті тек тәблиғ ету (тиісінше насихаттап жеткізу), ал һидаят (тура жолға салу) Аллаһтан. Пайғамбар міндетінің тек тәблиғ ету екендігі жөнінде көптеген аяттар бар:

*«Айт: «Аллаһ қаламайынша, мен өзім үшін пайда, зиян (келтіру) күшіне ие емеспін...»;*<sup>487</sup>

485 Бақара, 272.

486 Нәхл, 37; Тәуба, 80.

487 Ағраф, 188.

*«Айт: «Ақиқатында, мен сендерге зиян да тигізе алмаймын әрі тура жолға да салу билігіне ие емеспін», – деп. Айт: «Ақиқатында, мені ешкім Аллаһтан қорғай алмайды әрі мен де Одан басқа бір қорғанышпана таба алмаймын».*<sup>488</sup>

Аяттардан айқын көріп отырғанымыздай, Өз.пайғамбардың өзіне де, басқа адамдарға да пайдасы мен зияны тиеді деу орынсыз. Ол тек Аллаһтың қалауымен әрекет етіп, Оның білдірген нәрселерін ғана жеткізді.

### 3. Өз.Мұхаммедтің көркем ахлағы

Өз.пайғамбар – адамдар үшін бар қырынан жарқын өнеге әрі көшбасшы. Ұлы Аллаһ тарапынан тәрбиеленген Өз.пайғамбар ақыл-ойы толысқан, өресі биік тұлға болып қалыптасқан-ды. Расулуллаһ: *«Мені Раббым тәрбиеледі, Оның берген тәрбиесі қандай тамаша»,* – дегенде, өнегелі өр тұлғасының қайнары қайда жатқандығын меңзеген еді. Өз.пайғамбардың ахлағы жөнінде сұраған сахабаларға Өз.Айша: *«Оның ахлағы Құран еді зой»,* – деп жауап беретін. Бұл жауап Расулуллаһтың көркем ахлағын, үлгілі ғұмыры мен салиқалы болмысын аңғартады.

Көптеген аяттар мен хадистерде Өз.пайғамбардың әр қырынан елге өнеге боларлық тұлға болғандығы жөнінде айтылған. Мәселен, «Ахзаб» сүресінің 21-аятында Ұлы Аллаһ:

*«Сендерге – Аллаһқа және ақирет күніне үміт ететіндер әрі Аллаһты көп еске алғандарға – Аллаһтың Елиісінде көркем үлгі-өнеге бар»,* – дейді.

Бұл аят Расулуллаһтың Аллаһқа және ақирет күніне иман келтіргендерге, Аллаһты көп зікір еткендерге өнегелі ғұмыры арқылы көшбасшы болып, жол көрсеткендігін атап көрсетеді.

Өз.Мұхаммедке ислам дінін адамдарға жеткізу және бұл дінді өмірге енгізу міндеті жүктелген-ді. Адамдар үндеуін қабыл етіп, әсер алуы үшін, әрине, ахлақы мен ғұмыры тұрғысынан елге өнеге болуы тиіс еді. Ақиқатында, ислам діні жүрегіне терең бойлай орныққан Өз.пайғамбар ықылас, адалдық, табандылық, жанқиярлық пен

---

488 Жын, 21-22.



өжеттік таныта отырып, жан-тәнімен тәблиғ еткен дінді, алдымен, өз өмірінде іске асырды. Иманы, ахлағы, күресі, іс-әрекеті мен жүріс-тұрысы арқылы кез келген істе, кез келген мәселеде адамдарға жол көрсетіп, бағыт беріп, үлгі болды. Соның нәтижесінде, үндеуі арқылы халыққа ықпал етіп, үлгілі адамдардан құралған қоғам қалыптастыра білді. Ол *«жаны мен тәні пәк үлгілі жеке тұлға қалыптастыруға, таза да үлгілі қоғам орнатуға»* ұмытылды.

Иман, ғибадат, ізгі амал мен ахлағы тұрғысынан да, сондай-ақ жүріс-тұрысы мен атқарған игі істері жағынан да адамдар арасында біртуар дара тұлға болған-ды. Раббысына бар ықыласымен иман келтіріп, жан-тәнімен берілген еді. Аллаһқа өте көп құлшылық жасайтын. Әз.Айша оның түндерде орнынан тұрып, әлі қалмағанша ғибадатпен шұғылданғандығын айта келе:

*«Одан неге мұнша көп ғибадат жасайсыз, ей, Аллаһтың елшісі? Аллаһ сіздің күнәларыңызды кешірген зой», – деп сұрадым. Сонда маған: «Көп ғибадат жасап, шүкіршіл құлдардан болғым келеді, ей, Айша», – деп жауап берді», – деп еске алады.*

Әз.Мұхаммед тура сөзді, аманатқа берік кісі болатын. Өмірінде жалған сөз сөйлемеді және өтірік айтқандарды да ұнатпады. Ешуақытта адалдық пен әділдіктен таймады. Кісі ақысын жемеді. Баршаға бірдей көңіл бөлді. Ұлы Аллаһ оның бұл қасиетін «Нәжм» сүресінің 2-аятында:

*«Ағайындарың адаспады және жолдан ауытқымады», – деп баяндайды.*

Арабия түбегінде исламның өмірге келуі мен тез арада төңірекке жайылуы арқылы Әз.Мұхаммедтің аты да шартарапқа танылды. Мәселен, Византия императоры Геракл Сирияға келген меккелік атақты саудагер Әбу Суфияннан Әз.Мұхаммед жайында сұрап, мағлұмат алады. Ол Әбу Суфияннан: *«Дінді тәблиғ етуден бұрын Әз.Мұхаммедтің жалған сөз айтқандығын көрген бе едіңдер? – деп сұрайды. Әбу Суфиян: «Жоқ», – деп жауап береді. Сонда император: «Адамдарға өтірік сөз айтпаған адамның Аллаһқа жалған сөзді телуі мүмкін емес», – деген екен.*

Әз.Мұхаммед ислам дінін уағыздау мақсатымен Құрайышты үйіне шақырып, сый-сияпат көрсеткен болатын. Сонда жиылған жұртқа: *«Ей, Құрайыш! Мына таудың артында Меккеге шабуыл*

жасағалы әзір тұрған әскер бар десем, маған сенесіңдер ме?» – деп сұрайды. Құрайыш: «Йә, сенеміз. Өйткені сен жалған айтпайсың. Бұдан бұрын да жалған сөз айтқаныңды естіп көрмедік. Сен – тура сөзді адамсың», – деп, бірауыздан жауап қайтарады. Алайда, Әз.пайғамбар ислам дінін тәблиғ еткенде, олардың бір бөлігі үндеуіне құлақ салып, мұсылмандықты қабылдаса, енді бір бөлігі ескі діндеріне беріліп, қасарысқан күйде қарсы шықты.

Әз.пайғамбар қарапайым өмір сүрді. Пайғамбарлықтан бұрын да халқының құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген жан болатын. Меккеліктер оған «Мұхаммедул-Әмин» деп, сеніммен қарады. Жастығына қарамастан, оны «Хилфул-Фудул» атты маңызды ұйымға мүше ретінде сайлады. Негізінде, Әз.пайғамбарға жақын туыстары, көршілері мен жолдастары да үлкен құрмет және сүйіспеншілікпен қарайтын еді.

Әз.Мұхаммед көркем мінезді жан болатын және көркем ахлақты кемеліне жеткізу үшін жіберілген-ді. «(Ей, Мұхаммед!) *Және сен, шын мәнінде, ұлы мінезге иесің*», – деген «Қалам» сүресінің 4-аяты осы шындықты растай түседі. Имам Мәліктің «Муатта» атты еңбегінде келтірілген хадисінде Әз.пайғамбардың өзі де: «Мен көркем ахлақты тәмамдау үшін жіберілдім», – деген еді. Оның бойына дарыған көркем мінез Құран жүктеген міндеттің көрінісі болатын. Бұл міндет дінді тәблиғ ету және ғұмырымен өнеге көрсету міндеті тұғын.

Әз.Мұхаммед өте мейірімді еді. Баршаға мейірім-шапағатпен қарайтын-ды. Өйткені Ұлы Аллаһ оны бүкіл әлемге рақымдылық ретінде жолдаған болатын. «Әнбия» сүресінің 107-аятында:

*«(Ей, Мұхаммед!) Әрі Біз сені әлемдерге тек қана мейірім етіп жібердік», – делінген.*

Әз.пайғамбар айналасындағы кез келген кісіге сүйіспеншілікпен қарап, бауырына басатын. «Тәуба» сүресінің 128-аяты мен «Әли Имран» сүресінің 159-аятында оның бойындағы бұл сүйіспеншілік қасиет:

*«Ақиқатында, сендерге өздеріңнен бір Елші келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Ол – сендерге (дінді қалап) ұмтылушы, имандыларға жанашыр, мейірімді»;*

«(Ей, Мұхаммед!) Сен оларға Аллаһтың мейірімімен жұмсақтық таныттың. Егер дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарап кетер еді...», – деп сипатталады.

Жан дүниесі кіршіксіз таза Өз.Мұхаммед пайғамбар ретінде таңдалған-ды. Аллаһ тағала адамдарға Өзінің сүйікті де мақтаулы елшісіне сүйіспеншілік пен құрмет көрсетуді бұйырды. Расулуллаһқа бойсұнуды Өзіне бойсұнумен тең көріп: «*Айт: «Аллаһқа және Елшіге бойсұныңдар...»*; «*Елшіге бойсұнған кісі, шын мәнінде, Аллаһқа бойсұнған болады...*», – деп, ал Өз.пайғамбарға қарсы шығып, қиянат жасауды Өзіне жасалған қарсылық пен қиянат ретінде санады.

Өз.пайғамбар адамгершілігі мен парасаттылығы мол жан-ды. Туған-туыстары мен айналасындағылар оған сеніммен қарап, ардақ тұтатын. Мәселен, Өз.Хадиша оның адалдығы мен көркем мінезіне тәнті болып, үйлену туралы ұсыныс жасаған болатын.

Құранда Аллаһ тағаланың Өз.пайғамбарға ислам дінін насихаттап жеткізу міндетін жүктегендігі айтылады:

*«Ей, Елші! Өзіңе Раббыңнан түсірілгенді жеткіз. Егер (олай) істемесең, Оның жібергенін жеткізбеген боласың»;*<sup>489</sup> «(Ей, Мұхаммед!)... Шын мәнінде, саған – жеткізу ғана міндет»;<sup>490</sup> «Елшінің міндеті – жеткізу ғана...».<sup>491</sup>

Өз.пайғамбар өзіне жүктелген бұл міндетті Аллаһтың және періштелердің жәрдемімен, мұғжизалар да көрсету ақылы ойдағыдай атқарып шықты.

Тәблиғ дегеніміз Өз.пайғамбардың иләһи уахиды, яғни ислам үндеуін Аллаһтан түскен күйінде адамдарға тұп-тура жеткізуі болып табылады. Құран Кәрімде бұл жөнінде:

*«...Әрі адамдарға өздеріне не түсірілгенін түсіндіруің үшін саған Еске салатынды (Құранды) түсірдік... »*,<sup>492</sup> – делінеді.

Бұл аятта Өз.пайғамбардың тікелей Құранда айтылған ақиқатты адамдарға жеткізіп, үйреткендігі меңзеледі. Құран Кәрім дінді

489 Мәида, 67.

490 Әли Имран, 20; Рағд, 40; Нахл, 82.

491 Мәида, 99; Нахл, 35.

492 Нахл, 44.

тәблиғ ету міндетінің Өз.пайғамбарға жүктелген басты міндет екендігін айқын түрде атап көрсетеді:

*«Ол сауаты жоқтарға өздерінің арасынан Елиі жіберді. Ол оларға Оның аяттарын оқиды, оларды тазартады және оларға Кітап пен даналықты үйретеді,...».*<sup>493</sup>

Өз.Мұхаммед адал жар, мейірбан әке болатын. Барша жұртқа мейірім-шапағатын төккен ол өз жанұясына да ерекше мейіріммен қарады. Жұбайларын ренжітпеуге, көңілін қалдырмауға аса көңіл бөлді. Оларға жақсы тәрбие беруге тырысты. Аузына жаман сөз алмайтын-ды. Іс-әрекетімен ешкімге зиян келтірмеді. Мейірімді, сабырлы отағасы еді. Сүйіспеншілік, мейірімділік, кешірімділік, қарапайымдылық, қайырымдылық пен жанашырлық сезімдер оның бойындағы басты қасиеттер болатын. Ол кедей-кепшікке, әлсіздерге, қарттарға, жетімдер мен кемтар жандарға үнемі қолдау көрсетіп, қамқорлық жасады.

Сонымен қатар ол қаһарман қолбасшы әрі әділетті ел басшы да болатын. Мүшріктерге, дін дұшпандарына, яһудилер мен христиандарға, мүмкіндігінше, дұрыс қарауға тырысты. Қонақтарына барынша сый көрсетіп, сүйіспеншілігі арқылы елдің құрметіне бөленді.

Өз.пайғамбар жылы жүзді, жұмсақ тілді кісі болатын. Ешкім туралы жаман ойға бармайтын. Қаталдық пен қатыгездікті жаны сүймейтін. Адамдардың көңілін қалдырмауға тырысатын. Бір адамды ренжітуді Аллаһтың үйі Қағбаны жыққанмен тең көретін. Ол халыққа дос, Хақты сүйген жан еді. Әдептілік пен ар-ұятқа үлкен мән беретін. Өте қарапайым әрі өте байсалды болатын. Өз.пайғамбар бос сөзден ұзақ тұратын. Алдындағы кісінің сөзіне құлақ салып тыңдайтын, сөзін кеспейтін. Ел ағаларына құрмет көрсетіп, туғантуысқа қамқорлық жасайтын. Балаларды ерекше жақсы көретін. Кез келген кісінің қайғы-мұңын бөлісетін еді. Мұсылман бауырының басына түскен қайғыны бөліспеген кісіге мұсылман қауым мүшесі ретінде қарамайтын-ды.

Өз.пайғамбар елге қайырымы мол жомарт жан-ды. Кез келген кісіге қол ұшын беруге асығатын. Берген сөзінде тұратын және

---

493 Жұма, 2.

уәдесінен таюды күнә санайтын. Өте ұстамды болатын. Аз жеп, аз ұйықтап, аз сөйлеп, көп тыңдайтын еді. Тазалыққа аса мән беретін. Дүниелік мал-мүлікке қызықпайтын. Еңбек етіп, маңдай терімен тапқанын жеуді ұнататын. Ешкімнің кемшілік-мінін іздестірмейтін, айыбын ашуға тырыспайтын-ды. Гибадат-құлшылық, тәубе және дұға жасауға өте үлкен көңіл бөлетін. Аллаһ жолында ешбір нәрседен қорқып, қаймықпайтын еді.

Өз.пайғамбар әділ, аманатқа берік адам болатын. Әлеуметтік әділдіктің сақталуына аса мән беретін. Еңбек етуге, айналасын көркейтуге, мәдениеттілік пен білімге, білім алған жандарға ерекше назар аударатын. Адамдарды, мансап, қызмет, байлық, тек, рутайпасына қарап емес, тақуалығына қарай бағалайтын. Ақиқатты жақтап, әлсіздің жоғын жоқтайтын. Зұлымдық атаулыға қарсы тұратын-ды. Адамдарға шындық пен әділдікті, еңбек ету мен дамуды насихат ететін еді.

Өз.пайғамбар ұлы төңкерісші еді. Ол жасаған ең үлкен төңкеріс ислам төңкерісі болатын.

Өз.пайғамбар дұғасында пайдалы ілім мен ізгі амал сұрайтын. Пайдасыз ілімнен, Аллаһтың ризалығына сай емес істен, қабыл болмайтын дұғадан Аллаһқа сиынатын еді.

Өз.пайғамбар дара тұлғасымен ерекшеленетін. Адамдардың көңіліндегі дертке исламнан шипа табуға ұмтылатын. Барша жұрттың жүрегін ислам нұрына бөлеу үшін бар күшін салып, жанқиярлық танытты. Кез келген істі жеңілдетуге, сүйдіруге мән берді. Оны ауырату не жек көргізуден аулақ болатын.

Өз.пайғамбар тендесі жоқ өр тұлға еді. Он төрт ғасыр бойы оның өнегелі тұлғасы, көркем ахлағы, өмірбаяны, үндеуі мен сүннеті жайлы қаншама еңбектер жазылды. Алайда, соның бәрі оны тиісінше сипаттай алмады. Өйткені оның асыл қасиеттерін сөзбен айтып, қаламмен жазып жеткізу мүмкін емес.

Өз.пайғамбар – сүйінішті хабар жеткізуші әрі ескертуші. Аллаһ пайғамбарлықтың басты мәні мен мазмұнын:

*«Әрі Біз елшілерді қуандырушы және ескертуші етіп қана жібереміз...»*,<sup>494</sup> – деп, ашып көрсетеді.

Пайғамбарлықтың астарында жатқан бұл терең пәлсапаны басқа бір аяттан да көруге болады. Кітап берілгендерге айтылған бұл аят, жалпы, адамдарға бағытталған:

*«Ей, Кітап берілген қауым! Ақиқатында, сендерге елшілердің келуінің арасы үзілген кезде: «Бізге қуанышты хабар жеткізуші және ескертуші ешкім келмеді», – деп айтауларың үшін сендерге түсіндіріп беруші Елшіміз (Мұхаммед) келді. Шын мәнінде, сендерге қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші келді! Аллаһ барлық нәрсені Жасай алушы».*<sup>495</sup>

Олай болса, сүйінішті хабар жеткізу мен ескерту – барша пайғамбарға ортақ міндет. Олардың пайғамбар ретінде жіберілуіндегі басты мән де осы міндетте жатыр. Әрине, нәбилік міндетке байланысты берілген сүйіншілеу мен ескерту сипаты иләһи үндеуді адамдарға жеткізуге бағытталған. Алайда, бұл – барша адамдарды да қамтитын міндет.

Өйткені мұсылманға Аллаһтың халифасы болу міндеті жүктелген. «Нәхл» сүресінің 19-аятында айтылғандай, адамдар арасында Аллаһ-Расул-адам тізбегіндегі соңғы сатыны құрайтын адам сүйіншілеуші әрі ескертуші де болуы тиіс.

Аллаһ тарапынан Өз.пайғамбарға Кітаппен бірге даналық та берілген еді:

*«...Аллаһ саған Кітап және даналықты түсірді әрі саған білмеген нәрселеріңді үйретті...»*<sup>496</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Саған (Құран) ол арқылы ескертуің үшін әрі имандыларға еске салу ретінде түсірілген Кітап...»*,<sup>497</sup>– деген аяттар бұл шындықты ашып көрсетеді.

Өз.пайғамбар – өзіне берілген Құран мен даналықты үйретіп, вахиды жеткізген тұлға:

*«(Елшілерді) анық белгі-дәлелдермен және Кітаптармен (жі-бердік). Әрі адамдарға өздеріне не түсірілгенін түсіндіруің үшін және олардың ойланып қараулары үшін саған да Еске салатынды (Құранды) түсірдік».*<sup>498</sup>

495 Мәида, 19; Хижр, 89.

496 Ниса, 113.

497 Ағраф, 2.

498 Нахл, 44, 64, 125.

*«Сондай-ақ сендерге араларыңнан Елші жібердік. Ол сендерге аяттарымызды оқиды, сендерді тазартады және сендерге Кітап пен даналықты үйретеді және білмегендеріңді үйретеді»;*<sup>499</sup>

*«Ақиқатында, Аллаһ имандыларға (мүміндерге) Оның аяттарын оқитын, оларды тазартатын және Кітап пен даналықты үйрететін өз иштерінен бір Елші жіберіп, оларға игілік жасады. Ал, олар бұрын анық адасуда болған еді».*<sup>500</sup>

Әз.пайғамбар адамдарға Аллаһтың мәңгілік жалғасатын мұғжиза аяттарын үйретіп, оларды сан қилы шірк келтіру мен күнәлардан, адам деген ардақты атқа дақ салатын әрекеттерден тазартуға тырысты. Аллаһ оқу-жазу білмейтін пайғамбарының бойына ілім мен даналықты дарытты. Х.Язардың пікірі бойынша, Әз.Мұхаммед те адамдар білмейтін, ақыл-ойы жетпейтін ғайыпқа қатысты сырлар мен ақирет жайында мағлұматтарды уахи арқылы үйретіп, адамдардың дүние мен ақиретте бакытқа бөленуін қалаған-ды.<sup>501</sup>

*«Елшінің міндеті – жеткізу ғана»;*<sup>502</sup>

*«...Елшілерге анық түрде жеткізуден басқа міндет жүктелген бе?»*<sup>503</sup>;

*«(Ей, Мұхаммед!) Саған оларға уәде етіп отырғанымыздың кейбірін көрсетсек те, немесе сенің жаныңды алсақ та, негізінде, саған жеткізу ғана міндет. Ал есеп алу – Біздің міндетіміз».*<sup>504</sup>

Бұл аяттар Әз.пайғамбардың міндеті тек қана адамдарға ақиқатты ұқтырып, насихаттап жеткізу екендігін көрсетеді. Ал таңдау – әрбір адамның жеке шаруасы. Қаласа, иман келтірер, қаламаса, иманнан бас тартар. Адамдардың тура жолға түсіп-түспеуіне Әз.пайғамбар жауап бермейтіндігі жөнінде жоғарыда тоқталғанбыз. Өйткені кісі иман келтіріп-келтірмегендігіне өзі жауапты болады.

Әз.пайғамбар ізгілікке бұйырып, жамандықтан тыйған болатын:

*«Солар оқу-жазу білмеген Нәбиге – өздеріндегі Тәурат пен Інжілде ол туралы жазылғанын табатын – Расулға (Елшіге) ереді. Ол (Елші)*

499 Бақара, 151, 129; Хижр, 94.

500 Әли Имран, 164.

501 Языр, аталмыш еңбек, I, 444.

502 Мәйда, 99.

503 Нахл, 35.

504 Рағд, 40.

*оларды құпталғанға бұйырып, тыйым салынғаннан қайтарады. Оларға жақсы нәрселерге рұқсат беріп, жаман нәрселерге тыйым салады...».*<sup>505</sup>

Пайғамбар оларға ақиқат пен әділдікті, «мағруф» істі, яғни ақылға қонымды оң істі, қорыта айтқанда – Аллаһтың әмірлеріне құрметпен бойсұнып, жаратқан бар нәрсеге сүйіспеншілік пен мейірім көрсетуді – бұйырды. Оларды «мүнкәр» істен, яғни бас тарту мен сақтануды қажет ететін теріс амалдан тыйған еді. Өйткені жақсылықты бұйыру Аллаһтың рақымына бөлесе, ал жамандық атаулыны тыю азапқа апаратын жолды бөгейді.<sup>506</sup>

Ізгілікке бұйырып, жамандықтан тыю ұстанымы Аллаһ тарапынан белгіленген әмірлер мен тыйымдарға бойсұнудың әлеуметтік кепілі болып табылады. Әрбір мұсылман тұрған ортасында осы ұстанымға тиісінше көңіл бөлетін болса, Аллаһтың үкімдері жеке тұлға мен қоғам өмірінде көбірек іске асар еді. Бұл міндетті орындау өте маңызды. Аллаһ бұл іске немқұрайлық танытқан қоғамдардың орнына оны мұқият жүзеге асыратын басқа қоғам орнататындығы жөнінде хабар берген.<sup>507</sup> Міне, сондықтан да ізгі іске шақырып, жаман іске тосқауыл қою Аллаһ үкімдерінің әлеуметтік кепілі саналады.

Өз.пайғамбар жол көрсетуші еді:

*«...Әрі, шын мәнінде, сен тура жолға бастайсың. Аспандардағы және жердегілер Өзінікі болған Аллаһтың жолына!...».*<sup>508</sup>

Өз.пайғамбар түп-тура жолға, яғни Аллаһтың сара жолына бастаушы жетекші болды. Ол тікелей Аллаһтан келген және Аллаһқа қарай бастайтын жолды көрсетіп, адамдарға үндеу жүргізді. Өйткені тек осы жол ғана адамдарды дүние мен ақирет бақытына жетелей алатын еді.

Өз.Мұхаммед пайғамбар ретінде Құранмен үкім жүргізді:

---

505 Ағраф, 157.

506 Языр, аталмыш еңбек, IV, 147.

507 Мәнда, 54.

508 Шура, 52-53.



«(Ей, Мұхаммед!) Анығында, Біз саған Кітапты адамдардың арасында Аллаһтың өзіңе көрсеткені бойынша үкім етуің үшін ақиқатпен түсірдік. Қиянатшылар үшін тартысушы болма»;<sup>509</sup>

«(Ей, Мұхаммед!) Біз саған Кітапты (Құранды) ақиқатпен, өзінен алдыңғы кітаптарды растаушы әрі оларға куәлік етуші ретінде түсірдік. Енді олардың араларында Аллаһтың түсіргенімен үкім ет. Өзіңе келген ақиқаттан ауытқып, олардың (көңіл) құмарлығына ерме...»;<sup>510</sup>

«Олардың араларында Аллаһтың түсіргенімен үкім ет, олардың (көңіл) құмарлығына ерме...».<sup>511</sup>

Әз.Мұхаммед адамдар арасында туындаған кез келген дауды шешуде Аллаһтың кітабын басшылыққа алып, туралық пен әділдікке сай үкім берді. Ешкімді алаламады, кісі ақысын ешкімге жегізбеді.

Шындығында, адамдар арасында үкім шығару мәселесін туралыққа негіздеуі Кітаптың түсуіндегі даналық сырды көрсетеді. Өзіне Кітап берілген пайғамбар шешім қабылдауда Аллаһ тарапынан жеткен уахиды негіз ретінде қабылдап, оған қайшы басқа дереккөздерге назар салмады.

Аллаһ тағала пайғамбары арқылы барша үкім шығарушы лауазымды тұлғаларға өзі мен өзгенің жетегіне ермей, тек қана туралықты ұстана отырып, нақты деректерге қарай үкім беруді бұйырады.

Аллаһ Әз.Мұхаммедке пайғамбарлық міндетін өтеу барысында үнемі қолдау көрсетті:

«...Аллаһ сені адамдардан қорғайды...»;<sup>512</sup>

«Егер сендер оған (Елшіге) көмектеспесеңдер,... Аллаһ оған көмектескен еді...»;<sup>513</sup>

«...Олар айла-шарғы жасады, сонда Аллаһ та амал-тәсіл жасады. Ал, Аллаһ – амал-тәсіл жасаушылардың ең қайырлысы».<sup>514</sup>

---

509 Ниса, 105.

510 Мәида, 48.

511 Мәида, 49.

512 Мәида, 67.

513 Тәуба, 40.

514 Әнфәл, 30.

Бұл аяттар Аллаһ тағаланың пайғамбарды әрдайым қолдап-қорғағандығын көрсетеді. Өйткені мүшріктер Өз.пайғамбарды өлтіруге қанша ниеттеніп, әрекет жасағанымен, діттегеніне жете алмаған болатын.

Аллаһ тағала пайғамбарларын адамдардың азғыруы мен зиян келтіруінен қорғаған. Пайғамбарлар үмітін үзіп, қиын жағдайға тап болған сәттерде, жәрдем етіп, қолдаған:

*«Елшілер үмітін үзген және өздерін өтірікшіге шығарылдық деп есептеген кезде, оларға жәрдемiмiз келiп, Бiздiң қалағандарымыз ғана құтқарылды...»;*<sup>515</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Егер саған Аллаһтың кеңшiлiгi әрi Оның мейiрiмi болмағанда, олардың бiр тобы сенi адастыруды ойластырған едi. Алайда, олар өздерiн ғана адастырады. Олар саған ешбiр нәрседе зиян тигiзе алмайды...»;*<sup>516</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Раббыңның үкiмi келгенге дейiн сабыр ет. Сөзсiз, сен Бiздiң көз алдымыздасың...».*<sup>517</sup>

Мәудуди бұл аятты «Бiз сенi қорғаудамыз, сенi жалғыз тастамаймыз, – деп түсiнген.<sup>518</sup> Бұл аят Аллаһтың Өз.пайғамбарды әрдайым көз алдында ұстағандығын көрсетедi. Сондықтан уахи етiлген аяттарды жасырып қалуы, өзгертуi немесе өз бетiнше әрекет етуi мүмкiн емес-тi.

Өз.Мұхаммед көркем мiнездi жан едi:

*«Сендерге – Аллаһқа және ақирет күнiне үмiт ететiндер әрi Аллаһты көп еске алатындарға – Аллаһтың Елшiсiнде көркем үлгi-өнеге бар».*<sup>519</sup>

Аят Аллаһтың ризалығына жетуге ұмтылғандар үшiн Өз.пайғамбардың ең кәмiл және ең тамаша жанды үлгi екендiгiн нұсқайды. Бұл Расулуллаһқа жүктелген мiндеттiң өмiр шындығымен ұштаспайтын, құрғақ теорияға негiзделген қағидаларды үйретуге бағытталмағандығын көрсетедi. Оның адамдарға өмiрлiк қағидаларды үйретуде өз өмiрiмен үлгi болуды мақсат еткендiгiн аңғартады.

---

515 Юсуф, 110.

516 Ниса, 113.

517 Тур,48.

518 Мәудуди, V, 553.

519 Ахзаб, 21.

Расында да, Өз.Мұхаммед өзіне уахи етілген үкімдерді өз өмірінде жүзеге асыру арқылы өнеге бола білді. Өз.Айшаның: *«Оның ахлағы Құран еді»* деген сөзінің мәнісі осында жатыр.

Өз.Мұхаммед – пайғамбарлықтан бұрын да ахлағының көркемдігімен ерекшеленген жан. Өйткені елшілік міндет (рисәләт) тұлғалық, ахлақтық және ақыл-ой тұрғысынан адамның лайық болуын талап етеді. Сол себептен, Құран елшіліктен бұрын да Өз.Мұхаммедтің көркем мінезді кісі болғандығын атап көрсетеді.<sup>520</sup>

Құран Кәрімде Өз.пайғамбардың ахлағы жөнінде:

*«(Ей, Мұхаммед!) Сен оларға Аллаһтың мейірімімен жұмсақтық таныттың. Егер дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарап кетер еді...»*,<sup>521</sup>– деп айтылады.

Бұл аят Өз.Мұхаммедтің адамдармен жақсы қарым-қатынас құруына оның дөрекіліктен бойын аулақ ұстап, жұмсақ мінез бен сыпайылық танытуы себеп болғандығын көрсетеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста кісінің өзін дұрыс ұстай білуі қаншалықты маңызды екендігін нұсқайды. Шындығында да, Өз.пайғамбардың бойына тән бұл қасиеттер оның өз міндетін ойдағыдай атқарып шығуында үлкен рөл атқарған-ды.

Көптеген аяттарда Өз.пайғамбардың көркем мінезді, жүрегі таза және ақ ниетті жан болғандығы аталады:

*«Олардың (мүнәфиқтардың) ішінде Пайғамбарды ренжітіп: «Ол – құлақ», – деп айтатындар бар. (Ей, Мұхаммед!) Айт: «Ол – сендер үшін қайырлы құлақ. Ол Аллаһқа сенеді әрі имандыларға (мүміндерге) сенеді және сендерден иманға келгендер үшін – бір мейірім. Ал, Аллаһтың Елшісін ренжіткендерге күйзелтуші азап бар»*, – деп».<sup>522</sup>

«Тәуба» сүресінің тағы бір аятында Өз.пайғамбар:

*«Ақиқатында, сендерге өздеріңнен бір Елші келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Ол – сендерге (дінді қалап) ұмтылушы, имандыларға жанашыр, мейірімді»*,– деп сипатталады.<sup>523</sup>

520 Әнғам, 124.

521 Әли Имран, 159.

522 Тәуба, 61.

523 Тәуба, 128.

Аталған аят Әз.пайғамбардың мейірімділігі мен жанашырлығын, адамдардың, әсіресе, мүміндердің жоғын жоқтап, мұңын мұңдағандығын, бастарына түскен ауыртпалыққа қабырғасы қайысып, бұл жағдайдан құтқару үшін барынша тырысқандығын ашып көрсетеді.

Құран Кәрім Әз.пайғамбардың жәбір-жапаға сабыр етіп, төзімділікпен қарағандығын да атап көрсетеді:

«(Ей, Мұхаммед!) Олар осы сөзге Құранға сенбесе, сен қайғырып, олардың соңынан (соларға бола) өзіңді құрта жаздайсың»;<sup>524</sup>

«Біз саған Құранды ауыртпашылық салу (бақытсыз болуың) үшін түсірген жоқпыз»;<sup>525</sup>

«(Ей, Мұхаммед!) Олардың иманға келмегеніне (қайғырып), өзіңді жойып жібере жаздайсың».<sup>526</sup>

Көптеген аяттарда оның ержүректігі мен қаһармандығы жөнінде айтылады:

«Сол кезде Елші арттарыңнан сендерді шақырса да, ешкімге қайырылмай, (жоғарыға) қаша жөнелдіңдер...».<sup>527</sup>

Аят «Ухуд» шайқасы кезінде мұсылмандар қиын жағдайда қалған сәтте Расулуллаһтың майданда тайынбай, табандылық танытқандығына назар аударады.

Расулуллаһтың өзін соғыс майданында қалай ұстағандығы жөнінде Құранның екі жерінде мәлімет берілген: «Тәуба» сүресінің 25-26-аяттары «Хунәйн» күні туралы, ал «Ахзаб» сүресінің 10-13-аяттары «Ахзаб» оқиғасы жайында баяндайды.

Көріп отырғанымыздай, Құранда Әз.пайғамбардың мүміндерге деген жанашырлығы мен мейірім-шапағаты, қоғамның мұңын жоқтауы, мінезінің жұмсақтығы мен ержүректігі сияқты мінез-кұлқына байланысты ерекшеліктер аталып өтілген. Сонымен қатар бір істі қиындатпауға тырысуы, елге әділдікпен қарауы, жомарттығы сияқты бойына біткен асыл қасиеттер де аталған.

---

524 Кәһф, 6.

525 Таһа, 2.

526 Шуғара, 3.

527 Әли Имран, 153.

*«Және сен, шын мәнінде, ұлы мінезге иесің»;*<sup>528</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Әрі Біз сені әлемдерге тек мейірім ретінде жібердік».*<sup>529</sup>

Өз.Мұхаммед – бүкіл ғаламға, соның ішінде ақыл иесі болған адамзат баласына Аллаһтың рақымдылық сыйлап, жіберген елшісі. Өз.пайғамбардың барша адам баласын дүние мен ақирет бақытына бастайтын жол көрсетуші ретінде жіберілуі – өте үлкен рақымдылық.

«Адамзатқа деген рақымдылық дегеніміз не?» деген сұраққа берер жауабымыз – әлбетте, «Өз.Мұхаммед орнатқан жүйе» болмақ. Өз.Мұхаммед құрған жүйе, адамдар сенсін-сенбесін, баршаны мейірімділікке бөлеген еді. Адамзат қайтсе де, оның игі ықпалына ұшыраған болатын.

Ал бүгінгі күні адамзат бұл рақымдылыққа, бұрынғысынан да көбірек мұқтаж. Адамзат бақыты Өз.Мұхаммед көрсеткен өмір сүру жүйесіне тәуелді. Аллаһ Құранда:

*«...Сенен бұрын ескертуші келмеген қауымға ескертуің үшін және олар еске алулары үшін Раббыңнан бір мейірім (ретінде сені жібердік)», – деп, оның рақымдылық сыйы екендігін атап көрсетеді.*<sup>530</sup>

Өз.Мұхаммед өз үмметіне куә болады:

*«Біз әр үмметтен бір куә келтіргенімізде және сені осылардың үстінен куә етіп келтіргенімізде, жағдайлары қалай болар екен?»;*<sup>531</sup>

*«Анығында, Фирғаунға Елші жібергеніміздей, сендерге де өздеріңе қарсы куәлік беруші Елші жібердік».*<sup>532</sup>

Барлық пайғамбарлар өз үмметтеріне бірдей иман негіздерін тәблиғ етті. Ал қоғамдық және ахлақтық жүйе тұрғысынан заманына қарай бір-бірінен ерекшеленді. Өздеріне пайғамбар жеткізген иман негіздері мен жүйені өзгерткен не теріске шығарғандар ақиретте есеп береді. Сонда пайғамбарлары оларға қарсы куә болады. Ал

---

528 Қалам, 4.

529 Әнбия, 107.

530 Қасас, 46.

531 Ниса, 41.

532 Музәммил, 15.

Әз.Мұхаммед өз үмметіне, сондай-ақ өзге пайғамбарларды жақтап та куә болады.

Әз.пайғамбардың барлық күнәлары кешірілген:

*«Сөйтіп, сенің бұрынғы жіберген және кейінгі жаңсақтық, қателеріңді Аллаһ кешіріп,...».*<sup>533</sup>

Пайғамбарлардың күнәдан пәк (ма'сум) екендігі белгілі. Олар ешқашан қасақана күнә жасауға бармаған. Пайғамбарлар көркем ахлақты тұлғалар болған. Соған қарамастан әрекеттерінде бір кемшілік көрсеткен болса, Аллаһ оларға кешіріммен қараған.

Әз.Мұхаммедтің елшілік міндеті бүкіләлемдік сипатқа ие:

*«...Біз сені адамдарға Елші (Расул) етіп жібердік...»;*<sup>534</sup>

*«(Ей, Мұхаммед!) Айт: «Ей, адамдар! Ақиқатында, мен – сендердің барлығыңа (жіберілген) Аллаһтың Елшісімін. Аспандардың және жердің иелігі – Онікі...»;*<sup>535</sup>

*«Әрі Біз сені әлемдерге тек мейірім ретінде жібердік».*<sup>536</sup>

Бұл – адамзатқа жіберілген соңғы жолдау. Сондықтан әлемдік сипаттағы үндеу болып табылады. Әз.Мұхаммедтен бұрынғы пайғамбарлар жер бетіндегі белгілі бір аймаққа белгілі бір уақыт аралығында – екі пайғамбар арасындағы кезеңде – белгілі бір қауымға жіберілген еді. Адамзат дамуы белгілі бір шекте жүзеге асқан-ды. Ақырында соңғы пайғамбар жіберіліп, барша адамзат баласына үндеу тасталған болатын. Өйткені одан кейін ешқандай пайғамбар келмесі анық еді.

Сондықтан ол насихаттап жеткізген иләһи үкімдер бір ғана қауымның бақыты мен құтылуы емес, бүкіл жаратылғандардың игілігі мен пайдасына жарайтыны сөзсіз.

Әз.Мұхаммед – соңғы пайғамбар:

*«Мұхаммед...Аллаһтың Елшісі әрі пайғамбарлардың соңы...».*<sup>537</sup>

---

533 Фәтх, 2.

534 Ниса, 79.

535 Ағраф, 158.

536 Әнбия, 107.

537 Ахзаб, 40.

Елшілер мен нәбилер тізбегі Өз.пайғамбармен аяқталады. Одан кейін басқа пайғамбар келмейді. Оның пайғамбарлығы қияметке дейінгі бүкіл адамзат баласын қамтиды.

Соңғы пайғамбар ретінде жіберілген Өз.Мұхаммед Аллаһтың адамзатқа жолдаған соңғы жолдауын, адамдар үшін қияметке дейін өзгермейтін заңдарын күшіне енгізген болатын. Пайғамбар белгілеген бұл заңдардың одан кейін өзгеруі мүмкін емес.

Оған Аллаһ тарапынан бірқатар артықшылықтар берілді. «Исра» мен «Миғраж» оқиғалары – соның айқын көрінісі:

*«Және түннің бір бөлігін ұйықтамай, өзіңе қосымша намазға тұр, Раббың сені бір мақтаулы орынға жібереді»;*<sup>538</sup>

*«Құлын бір түнде әл-Харам мешітінен белгілеріміздің кейбірін көрсетуіміз үшін, Біз төңірегін берекелі еткен әл-Ақса мешітіне алып барған Ол – әс-Самиъ (бәрін Естуші), әл-Басир (әрбір нәрсені Көруші)».*<sup>539</sup>

Өз.пайғамбарға мойынсұну – міндетті, өйткені елшіге мойынсұну осыған дейін аталған сипаттардың заңды нәтижесі болып табылады. Сондықтан Құранда пайғамбарға бағыну қажеттігі бірнеше жерде ескертілген. Әсіресе, бұл мойынсұнудың Аллаһқа және Расулына иман келтірудің шарты, Аллаһ үкімдерін үйренуге себепші екендігі де аталған.

*«(Ей, Мұхаммед!) Айт: «Егер Аллаһты жақсы көретін болсаңдар, онда маған еріңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көреді әрі күнәларыңды кешіреді»;*<sup>540</sup>

*«Айт: «Аллаһқа және Елшіге бойсұныңдар», – деп. Егер теріс бұрылсаңдар, ақиқатында, Аллаһ кәпірлерді жақсы көрмейді»;*<sup>541</sup>

*«Әрі Аллаһқа және Елшісіне бойсұныңдар, рақымына жетулерің үшін»;*<sup>542</sup>

---

538 Исра, 79.

539 Исра, 1.

540 Әли Имран, 31.

541 Әли Имран, 32.

542 Әли Имран, 132.

*«Кім Аллаһқа және Елшіге бойсұнса, міне, солар – Аллаһ игілікке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және ізгілермен бірге болады. Олар – қандай жақсы жолдас!»*,<sup>543</sup>

*«Әрі Біз әрбір Елшіні Аллаһтың рұқсатымен, (адамдардың) оған бағынулары үшін ғана жібердік...»*,<sup>544</sup>

*«Жоқ! (Ей, Мұхаммед!) Раббыңмен ант етемін! Олар өзара дауларына сені үкім айтушы етіп, содан кейін шығарған шешіміңе көңілдерінде бір кірбің таппай, толық бойсұнғанға дейін иманға келмейді»*.<sup>545</sup>

Бұл тұста Аллаһ Расулына итағат етудің діни міндет екендігін дәлелдеп жатудың және соған көз жеткізудің керегі жоқ. Өйткені жоғарыдағы аяттарда бұл итағаттың себептері де көрсетілген.

Әз.Мұхаммед жанұясына мейірім-шапағатпен қарайтын-ды. Құранда Әз.пайғамбардың отау құруы мен отбасылық өмірін сипаттап көрсететін көптеген аяттар кездеседі.

Әз.пайғамбардың жеке отбасылық өміріне қатысты мәселелер арасында оның көп әйелмен үйленуі ерекше назар аударады. Мұсылмандар үшін отбасы құрмаған кісінің өмірі үлгі болуы мүмкін емес-ті. Өйткені үйленбеу – адам ұрпағының жойылуына әкеп соқтыратын, сондай-ақ адам болмысына да қайшы әрекет. Әз.пайғамбар бірқатар себептерге байланысты көп әйелмен үйленген еді.

Ислам діни Расулуллаһтың пайғамбарлық өмірінде бірте-бірте қалыптаса келе, кемеліне жеткен болатын. Көп әйелмен үйленуге шектеу қойған аяттар Расулуллаһтың өмірінің соңына қарай түскенді:

*«Егер жетімдерге (жетім қыздарға үйленуге) қатысты туралық ете алмаудан қорықсаңдар, онда өздеріңе ұнаған әйелдерден екі, үш және төртеуіне үйленіңдер. Ал, егер әділдік ете алмаудан қорықсаңдар, онда бір әйел немесе қолдарыңдағы күңдерің жетеді. Бұл – әділеттіктен ауытқымауларыңа көбірек жақын»*.<sup>546</sup>

Сонымен қатар Құранда:

---

543 Ниса, 69.

544 Ниса, 64.

545 Ниса, 65.

546 Ниса, 3.



«Пайғамбар имандыларға олардың өздерінен де жақын. Ал, оның жұбайлары – олардың аналары...»;<sup>547</sup>

«...Егер олардан (пайғамбардың әйелдерінен) бір нәрсе сұрасаңдар, онда перденің арғы жағында тұрып сұраңдар. Осы – сендердің жүректерің үшін әрі олардың жүректері үшін де ең тазасы. Сендерге Аллаһтың Елиісін ренжітулеріңе және одан кейін оның әйелдеріне ешқашан үйленулеріңе болмайды. Ақиқатында, бұлай етулерің Аллаһтың алдында өте үлкен (күнә)», – деген аяттар да келтірілген.<sup>548</sup>

Расулуллаһтың отбасылық өмірін реттеу үшін «Ахзаб» сүресінің 50 – 52 аяттары түскен болатын. Бұл аяттар «Ниса» сүресінде аталған шектеулердің Расулуллаһқа қатысы жоқтығын көрсетеді және оның жанұялық қарым-қатынастарын реттейтін тақырыптарды қамтиды.

Бұл тұста көп әйелмен үйлену салтын Әз.Мұхаммедтің ойлап шығармағандығын және өз ортасына сырттан да енгізбегендігін атап өткен жөн. Ол көп әйел алу мәселесінде өзінен бұрынғы пайғамбарлардың жолын да ұстанбаған. Өзіне Құранда берілген кұқықты іс жүзінде асырған еді.

Әз.пайғамбарға бағытталған аяттар арқылы Құран кей тұста мұсылмандардың отбасылық өміріне қатысты бірқатар үкімдер де белгілеген. Мәселен, «Тахрим» сүресінде Расулуллаһқа ескерту жасалумен қатар, мұсылмандар үшін міндетті ережелер де көрсетілген. Бұл сүреде Әз.пайғамбардың жұбайларының көңілін аулау және оларды риза ету үшін өзіне халал болған нәрсені харам қылғандығы туралы айтылады. Соған байланысты:

«Ей, пайғамбар! Әйелдеріңнің ризалығын қалап, неге Аллаһтың өзіңе рұқсат еткеніне тыйым саласың? Ал, Аллаһ – өте Кешірімді (Ғафур), ерекше Мейірімді (Рахим)»,<sup>549</sup> – деген аят түседі.

Мұнда «харам қылу» дегенді кісінің халал нәрседен өзін мақрұм етуі деп ұғынған жөн.

Сол сияқты пайғамбардың жұбайы мен мұсылмандар үшін маңызы бар мәселе – адамзатқа үлгі болған Әз.Мұхаммедтің сүйікті

---

547 Ахзаб, 6.

548 Ахзаб, 53

549 Тахрим, 1

жұбайы Әз.Айшаға қатысты мәселенің де түйіні Құранда шешімін тапқан-ды. «Ифк» деп аталған бұл оқиға Әз.Айшаға бағытталған жала жабу оқиғасы болатын. «Ниса» сүресінің 1 – 19-ыншы аяттары бұл мәселенің басын ашып берген еді. Аяттар оқиғаның орын алу шарттарына тоқталып, қаншалықты адам жанын жаралайтын әсер қалдырғандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ сынға алынуы және айыпталуы тиіс мәселелерді ескертеді. Мұсылмандардың бұл оқиғадағы көрінеу жала мен құрылған тұзақты аңғармауы – сынға алынатындай жағдай.

Бұл оқиға сахабаларға да бір пенде ретінде қарау керектігін, олардың да жаңылысуы және өсек айтуы мүмкін екендігін аңғартады. Сондықтан оларға «ма'сум», яғни күнәдан пәк кісілер ретінде қарау жаңылыс болатындығын да еске салады.

Сонымен қатар баста Әз.Айша болып, ар-намысы таза кісілерге жала жабу, оларды өсектеудің қаншалықты адам жанын жаралайтын жиренішті әрекет екендігін де көрсетеді. Негізінде, көрінеу жала жабудың жазасы туралы сол сүренің басқа бір аятында:

*«Әйелдік пәктігін сақтаған, қаперіне (күнә істерді) алмаған иманды әйелдерді айыптайтындар осы өмірде және соңғы, мәңгілік өмірде (акиретте) лағынетке ұшырайды әрі оларға үлкен азап бар»*,<sup>550</sup> – деп ескертілген.

Расулуллаһтың көп әйел алуының тағы бір хикметін Әз.Зейнеппен отау құруында көруімізге болады. Әз.пайғамбар асырап алған баласы Зәйд бин Харисаны Зейнепке қосады. Зейнеп Әз.пайғамбардың әкесінің әпкесінен туған қыз еді. Зейнеп Әз.пайғамбарға тұрмысқа шығады. Бұл некенің хикметі жайлы «Ахзаб» сүресінде жан-жақты баяндалған.<sup>551</sup> Әз.пайғамбардың асырап алған баласының бұрынғы әйеліне үйленуіндегі мақсат бала асырап алған кісінің сол баланың ажырасқан әйеліне үйленуіне тыйым салатын салтты жою және мүміндердің де асырап алған балаларының ажырасып кеткен әйелдеріне үйленуіне кедергі келтіретін шарттарды да жою болатын.

Бұл салт өте берік сақталатын еді. Тіпті, «Ахзаб» сүресінің 3 – 4-інші аяттары түскеннен кейін де, бұл дәстүрді бұзуға ешкімнің

550 Нұр, 23.

551 Ахзаб, 36-40.

батылы бармаған-ды. Бұл аяттарда асырап алынған баланың туған баладай саналмайтындығы, оларды өз әкелеріне телу керектігі ескертіледі. Аллаһ бұл салтты толығымен жою үшін пайғамбарға асырап алған ұлының әйелі Зейнеппен некелесуін әмір еткен болатын.

«Ахзаб» сүресінің 28–34-аяттары мен сияр кітаптарында айтылғандар Өз.пайғамбардың отбасындағы экономикалық жағдайдың ауыр болғандығын көрсетеді. Оның жұбайлары да өмірдің тауқыметін онымен бірге бөліскен еді. Алайда, Қурайза ұлдарының мал-дүниесі Өз.пайғамбарға берілген уақытта, жұбайлары одан үй тұрмысын жақсартуын сұрайды. Осыған байланысты «Тахйир» (таңдау салу) оқиғасы орын алғандығы белгілі. Түскен аяттар жұбайларының дүниелік рақатқа қызығушылығы Өз.пайғамбарға ауыр тигендігін көрсетіп, оның дүниелікке берілу пайғамбарлық міндетпен сәйкеспейді деген ұстанымын қолдай түскен-ді. Өз.пайғамбардың тұрмыс жағдайының ауырлығы қолда бар мүмкіндіктің аздығынан туындамағандығын ескерткен жөн. Өйткені оның бұл тұрмысы мұсылмандардың қазынасы олжаға толып-тасқан уақытта да жалғасқан болатын.

Кейбір мүшріктер кемсіту және қорлау мақсатымен Өз.пайғамбарды «артында ұрпақ қалмады» деп те сөккен болатын. Осыған байланысты түскен аяттар, бір жағынан, оларды сынға алса, екінші жағынан, Аллаһтың құзырында пайғамбардың қандай ұлық мәртебеге жететіндігін сүйіншілеген еді.

Негізінде, Расулуллақтың ұрпағы қызы Өз.Фатимадан тараған ұрпақпен жалғасқан болатын.

Құран Кәрім Өз.пайғамбардың әйелдеріне «пайғамбар жұбайы» ретінде міндет пен жауапкершіліктерін де ескерткен-ді. Шындығында, өздеріне берілген бұл ардақты мәртебе оларды ерекше орынға қойды. Сол арқылы олар елге өнеге көрсетті. Пайғамбарлық міндеттің мақсаттарына сай оларға үлкен жауапкершілік жүктелген болатын. Бұл міндеттерін атқаруда Аллаһ жәрдем етіп, қадір-қасиеттерін арттырған еді. Жамандықтан бойларын аулақ салып, тазартқан-ды. Өйткені олар Расулуллаһтың отбасы мүшелері (әһлі бәйті) болатын.

Қорыта айтқанда, Құран Кәрімдегі Расулуллаһтың отбасылық өмірі жайлы сөз қозғайтын аяттар саналы түрде зерделеніп, бізге

жеткен риуаяттар сол аяттарға қарай бағаланатын болса, санада қалыптасып кеткен және кейбір риуаяттарға негізделген көзқарастардың жаңылыс екендігі айқын байқалар еді.

Бар қырынан адамзатқа жол көрсетіп, үлгі болу үшін жіберілген Расулуллаһтың отбасылық өмірі біздер үшін ең тамаша өмір сүру салты екендігі сөзсіз. Оның жанұясымен қарым-қатынасы бақытқа жетудің аса құнды ұстанымдарының негізін құрайтындығына да сеніміміз мол. Әз.пайғамбардың жеке отбасылық өміріне зер салар болсақ, оның тамаша жолдас, үлгілі отағасы және қамқоршыл әке болғандығын көреміз. Сол себептен, Расулуллаһтың бұл қырынан да жақсы танылғаны жөн деп білеміз.

Мүшріктер мезгіл-мезгіл Әз.Мұхаммедтен үндеуінің ақиқаттығын дәлелдеуі үшін мұғжизалар мен белгілер көрсетуін талап еткен-ді. Алайда, ол бұл талаптарға мән бермеді. Құран Кәрімде мүшріктердің қандай мұғжизалар талап еткендігі жөнінде де айтылады:

*«Олар: «Бізге жерден бір бұлақ жарып шығармағыныңша, саған сенбейміз. Не болмаса, сенде құрмадан әрі жүзімнен бір бағың болып, олардың арасынан өзендер ағызып қоймайынша, не болмаса, айтқаныңдай, аспанды үстімізге бөліктеп түсірмегеніңше, не Аллаһты және періштелерді қарсы алдымызға әкелмегеніңше, не болмаса, сенде алтынмен әшекейленген бір үй болғанға дейін, не сен аспанға көтерілгеніңше. Алайда, бізге оқитын бір кітап түсірмейінше, көтерілгенің де сенбейміз», – деді.(Ей, Мұхаммед!) Айт: «Раббым – (барлық кемшіліктерден) пәк! Мен бар болғаны Елші етіп жіберілген бір адам емеспін бе?»», – деп»<sup>552</sup>.*

Құран олардың бұл талаптарына өте ұтқыр жауап берген-ді. Оларға қарсы тұрған Құран өзіндей бір кітап не бір сүре, ең болмағанда, бір аят келтірулерін талап етті. Алайда, олардың бұған шамасы жетпеді. Бұл жағдай Құранның өзі мұғжиза екендігін айқын көрсеткен болатын. «(Ей, Мұхаммед!) Оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз, олар үшін жеткілікті емес пе?...»<sup>553</sup> – деген аят та мұғжиза іздеген кісіге Құранға назар салуы жеткілікті екендігін ескертті.

552 Исра, 90-93; сондай-ақ басқа да аяттар кездеседі: Хижр, 6-7; Фурқан, 7-8; Қаса, 48; Өнбия, 5.

553 Анкабут, 51; Мүлк, 25-26; Таһа, 133.

Құран мұғжиза көрсетілген жағдайдың өзінде, олардың иманға келмейтіндіктерін ерекше атап көрсетеді.

Әз.Мұхаммед мүміндерге шынайы бауырластық сезіммен қарап, сүйіспеншілік пен түсіністік танытты. Мүміндерді жақын дос тұтып, сұхбат құрды. Олармен әзілдесіп, сырласты. Түрлі мәселелерді кеңесіп, пікір алысты. Мүміндердің мұңын жоқтап, қуанышқайғысын бөлісті. Олар да Әз.пайғамбарды жан-тәнімен жақсы көріп, онымен бірге болған сәттерді бақыт деп санаған-ды.

Ұлы Аллаһ аят кәрімдерде Мекке кезеңіндегі мұсылмандардың Расулуллаһқа деген жанқиярлығын, көмегі мен қолдауын:

*«...Оған (пайғамбарға) сенген, құрмет көрсеткен, жәрдем берген және онымен бірге түсірілген нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар – жетістікке жетушілер»,<sup>554</sup>* – деп мадақтаған.

«Зүмәр» сүресінде де мұсылмандардың Расулуллаһ үйреткен ілімдерге, оның насихаттарына, ол оқыған Құран аяттарына деген ықыласы, Әз.пайғамбардан алған әсері мен оған ерсек деген тілек-талаптары жайында баяндалады.<sup>555</sup>

«Хужурат» сүресінің бас жағындағы аяттарда мұсылмандардың кейбір іс-әрекеттеріне Аллаһ тарапынан ескерту жасалады. Ескерту мақсатында түскен бұл аяттар мұсылмандардың жаңылыс жағын түзетіп, оларға тәлім-тәрбие беруге бағытталған еді:

*«Ей, иманға келгендер! Аллаһтың және Оның Елшісінің алдын орамаңдар. Аллаһтан (Оның жазасынан) қорқып, сақтаныңдар. Ақиқатында, Аллаһ – бәрін Естуші (Сәмиъ), бәрін Білуші ('Алим). Ей, иманға келгендер! Дауыстарыңды пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер және оған бір-біріңе дауыстарыңды көтеріп сөйлейтіндей дауыстап сөйлемеңдер, әйтпесе, амалдарың өздерің сезбеген күйде зая болып кетеді. Аллаһ елшісінің алдында дауыстарын бәсеңдететіндер – міне, солар Аллаһ жүректерін тақуалық үшін (Раббысының жазасынан қорқып, сақтанулары үшін) сынаққа алғандар. Оларға кешірім әрі ұлы сый бар. (Ей, Мұхаммед!) Ақиқатында, сені бөлмелердің сыртынан айқайлап шақыратындардың көбі ақылдарын істетпейді. Ал, егер олар сен шыққанға дейін сабыр етсе, бұл өздері үшін қайырлы болар еді. Аллаһ – Фафур (өте Кешірімді), Рахим (ерекше Мейірімді)».<sup>556</sup>*

554 Ағраф, 157.

555 Зухруф, 17-18.

556 Хужурат, 1-5.

Ал «Ахзаб» сүресінің 69–71-інші аяттары болса, арабтардың Расулуллаһ жайында олжаны әділ таратпады деген сөздеріне байланысты түскен-ді. Бұл аяттар да Өз.пайғамбардың көңілін қалдырып, ренжітетіндей іс-әрекет пен сөзден мұсылмандардың аулақ болуын ескертеді.

## **ТӨРТІНШІ ТАРАУ**

### **РАШИД ХАЛИФАЛАР ДӘУІРІ**

#### **(ХИЖРЕТТІҢ 10-40 Ж. / Б.Э. 632-661 Ж.)**

Әз.Мұхаммед көзі тірісінде өзіне түскен иләһи уахиды үмметіне тәблиғ етіп тұрды. Ал пайғамбар дүниеден өткен уақытта, уахидың келуі тоқтаған болатын. Алайда, Құран мен онда айтылмаған мәселелерді қамтитын сүннет сахабалардың жадында сақталды. Ендігі жерде олар Құран мен сүннетті басшылыққа алды. Дегенмен, хадистер толықтай бір кісінің емес, әртүрлі сахабалардың жадында сақталған-ды. Сондықтан сахабалар білгендерін бір-бірімен бөлісті. Көптеген әйгілі сахабалар пәтуа шығарған уақытта, өздері білмейтін хадистерді нақтылау үшін басқа сахабалардың іліміне жүгінді. «Сүннеттен» жауап таба алмаған жағдайларда, туындаған жана мәселелердің шешімін табу үшін өз көзқарастары мен қияс жасау (салыстыру әдісі) арқылы ижтиһад етті. Осылайша, алғашқы дәуірлерден бастап-ақ, ижтиһад есігі ашылған болатын. Таңдаулы сахабалар мен мүжтәһид ғалымдардың бір мәселеге қатысты ортақ пікірге келуі күмән тудырмайтындай пәтуалардың шығуына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде «Үмметтің ижмасы» (ортақ пікірге келуі) атты діндегі жаңа дәлел көзі қалыптасты.

Дегенмен, мәселелердің түйінін тарқатуда уахи мен сүннеттің орнын жеке көзқарас пен ижтиһадтың басуы, адам факторы араласқан соң, ой-пікір қайшылығын туындатпай қоймады. Әрбір мүжтәһид өз пікіріне сай амал ете бастады. Ал қатардағы адамдар қай мүжтәһидтің пікірін оң көрсе, соған еріп, соның берген үкімдеріне қарай әрекет етті. Тіпті, келіспеушіліктер Әз.пайғамбар дүниеден өткен күні-ақ басталған еді. Мәселен, хадистерде айтылмаған халифалық сияқты мәселелер сахабалар арасында пікір қайшылығын туғызды.

Бұл аталған жағдайлар пайғамбарсыз өмірдің үмметке қаншалықты ауыр тигендігін көрсетеді. Өйткені пайғамбардың тұсында көптеген мәселелер уахи мен сүннет арқылы өз шешімін тауып отырды. Ал пайғамбардан кейін мәселелерді шешуде араларында пікір қайшылығы туындап, әлеуметтік өмірде бірқатар

келеңсіздіктердің орын алуына жол ашты. Бұл жағдай алда болғалы тұрған үлкен оқиғалардың хабаршысындай еді.

Мұсылмандар арасында орын алған оқиғаларды екі тұрғыдан қарастыруға болады. Негізінде, оқиғалардың туындау уақыты да мұны талап етеді. Өйткені сахабалар арасында пікір айырмашалығының Өз.пайғамбар дүниеден өтпей тұрып, науқастанып жатқан кезінде басталғандығы белгілі.

Тақырыпқа арқау болған пікір қайшылықтары мен олардың туындау себептерін оқиғалардың орын алу ретіне қарай Өз.Мұхаммедтің өлімінен бұрын және кейін туындаған қайшылықтар деп қарастыра отырып, Өз.Әбу Бәкір кезеңімен шектеуді жөн көрдік.

**«Қыртас» оқиғасы.** Бұл оқиғаның Өз.Мұхаммед науқастанып жатқан кезде орын алғандығы риуаят етіледі. Риуаят бойынша, Өз.пайғамбардың науқасы үдей түскен тұста сахабалары оның алдына жиналған көрінеді. Сол кезде Расулуллаһ: *«Жазатын бір нәрсе әкеліңдер. Сендерге өсиет жазып қалдырайын. Сонда менен кейін адаспайсыңдар»*,<sup>557</sup> – дейді. Өз.пайғамбардың бұл талабын естіген сахабалар арасында келіспеушілік туындайды. Олардың біразы бұл талапты пайғамбар сөзі ретінде қабылдап, орындалуы тиіс деп санайды. Ал араларында Өз.Омар да бар екінші топ: *«Өсиет қажет емес. Расулуллаһты науқастанып жатқан кезінде мазалаудың жөні жоқ. Қолымызда Аллаһтың Кітабы бар емес пе? Сол бізге жетеді. Оның мұндай талап қоюына науқасы себеп болып отыр»*,<sup>558</sup> – деп қарсылық білдіреді.

Мұсылмандар арасында тартыс шығып, тіпті, науқастанып жатқан пайғамбардың алдында тұрғандығын ұмытып, дауыс көтеріп, айтыса бастайды. Сонда Аллаһ Расулы: *«Пайғамбардың алдында сахабаларының тартысуы жөн емес»*, – деп ескерту жасап, өсиет жазудан бас тартып, алдындағыларды сыртқа шағарады.

Өкінішке орай, Өз.Мұхаммед дүниеден өтерден бір-екі күн бұрын орын алған бұл оқиғаны кейбір топтар саяси мақсатта пайдалануға тырысты. Мәселен, саяси себептерге байланысты пайда болған шииттік ағым мұны «имамдық» теориясының сүннеттегі дәлелі ретінде көрсетті. Шииттер Өз.Мұхаммед дүние салардан бұрын

557 Бухари, I, 137.

558 Бухари, I, 137; Ибнул-Әсир, II, 320.



өзінен кейін имам (мемлекет басшысы) болатын кісіні (Әз.Әлиді) тағайындап кеткісі келген деген пікірде. Мұны жазбаша түрде жазып қалдыру үшін жанындағылардан жазатын нәрсе әкелуін талап еткен. Оның қандай өсиет қалдырғалы тұрғанын жақсы білген Әз.Омар мен басқа да сахабалар бұл істің жүзеге асуына тосқауыл болуға тырысқан. Соған қарамастан, Әз.Мұхаммед: *«Менен кейін мүшіріктер мен кәпірлерді Харам (қасиетті) екі мешітке кіргізбеңдер. Елшілер мен қонақтарды мен сияқты қонақжайлықпен қарсы алыңдар. Әли – сендердің имамдарың. Бұл өсиетімді орындайтын болсаңдар, әсте адаспайсыңдар»*, – деген үш өсиет қалдырған деп есептейді.

Ал ақиқатында, өсиет етілді деп айтылған бұл мәселелердің ешбірі мұсылманды тура жолдан адастыра қоятын мәселелер емес. Өйткені бұл өсиеттердің алғашқысы «Тәуба» сүресінде бұрын да айтылған. Ал екінші және үшінші өсиеттер – әлеуметтік және саяси мәселелер, яғни иманға қатысы жоқ мәселелер.

**Әз.Мұхаммедтің дүниеден өтуі және жерленуі.** Әз.Мұхаммед те адам баласы болған соң, әлбетте, бір күні дүниеден өтері ақиқат болатын. Әрине, бұл мәселеге ешкім күмәнмен де қарамады. Ал сахабалардың: «Ол, шындығында, өлмеді. Раббысы оны көкке көтерді. Ол өлді деген кісінің басын шабамын...», – деген сияқты сөздерін Расулуллаһқа деген ерекше сүйіспеншілігін көрсететін сөздер деп бағалаған жөн.

Мұсылмандар Әз.Әбу Бәкірге серт бергеннен соң, Әз.пайғамбарды жерлеу мәселесіне кіріседі. Көзі тірісінде одан бір сәт айырылғысы келмеген мұсылмандар ол дүниеге көз жұмған уақытта да қасында болғысы келді. Алайда, оны қайда жерлейтіндіктері жөнінде араларында келіспеушілік туындады. Мүһажірлер оны Меккеге жерлеуді дұрыс көрсе, ал ансарлар Мәдинаға қойылуын қалады. Тіпті, Ақса мешітіне апарып қойсақ деген пікір де айтылды. Расулуллаһты жерлеу мәселесіне қатысты туындаған бұл келіспеушілікті Әз.Әбу Бәкір шешкен болатын. Ол: *«Мен Расулуллаһтың: «Пайғамбарлар дүниеден өткен жерге жерленеді», – дегенін естігенмін және бұл сөз әлі есімде»*, – дейді. Осыған байланысты Әз.пайғамбар қайтыс болған Әз.Айшаның бөлмесі жинастырылып, сол жерге жерленеді. Бүгінгі күні «Рауза-и Мутаххара» деп аталып жүрген құтты орын, міне, осында жатыр.

**Әз.Мұхаммедтің мұрасы жөніндегі мәселе.** Расулуллаһ дүниеден қайтқан уақытта, күнделікті қажетіне жарайтын заттарынан басқа артында күміс мөрі, жиырма түйе, жүз қой, алты-жеті ешкі, қару-жарақ, ақ қашар мен біршама жер телімі қалды. Әз.Әбу Бәкір қару-жарақ пен қашарды Әз.Әлиге беріп, ал *«қалғаны – садақа»* деп бұйырады. Әз.пайғамбар Хайбардан түскен Федектегі жер телімінен алынған өнімнің бір бөлігін өз отбасына бөліп, ал қалғанын жолаушылар мен жағдайы жоқтарға арналған қорға аударған болатын. Әз.Әбу Бәкірде бұл жер телімін осы күйінде қалдырады.

Әз.пайғамбар дүниеден өткен уақытта қызы Әз.Фатима Әз.Әбу Бәкірден әкесінен өзіне қалған мұраны беруін талап етеді. Алайда, Әбу Бәкір: *«Мен Расулуллаһтың: «Біздерге, пайғамбарларға, ешкім мұрагер бола алмайды. Бізден қалған нәрсе – садақа», – дегендігін естігенмін деп, бұл талапты кері қайтарады. Аталған хадисті пайғамбарлар тарихына мән бере отырып, бағалаған жөн. Федек жер телімі Әз.Мұхаммедке бас қолбасшы және мемлекет басшысы болғандықтан, олжаның бестен бір үлесі ретінде берілген еді. Әз.пайғамбар бұл жерден түскен кірісті әһлі бәйт пен кедей-кепшік мұсылмандардың напақасын қамтамасыз етуге жұмсап, қалғанын мемлекет қазынасына аударған болатын.*

**Усәма әскерінің жорыққа жолданбауы.** Әз.Мұхаммедтің науқасы ауырлай түскен тұста Усәма басқарған әскер Сирияға аттанбай, қалып қояды. Расулуллаһ дүниеден өтіп, жерленгеннен кейін әскерді жолдау жөнінде қарар қабылданады. Әз.Әбу Бәкір халифа ретінде сайланған уақытта, ең алдымен, Усәма әскерін жорыққа аттандырды.

Өкінішке орай, кейінірек шыққан діни-саяси топтар осы оқиғаның өзін саяси мақсатта пайдалануға тырысқан болатын. Мәселен, шииттік ағым имамдық мәселесін аталған әскердің Әз.Мұхаммедтің өлімінен бұрын жасақталуына, сондай-ақ Әбу Бәкір мен танымал сахабалар тарапынан кейінге қалдырылуына әсер еткен басты фактор ретінде көрсетті. Олар Құран, сүннет және өсиетте имамдық лауазымына Әз.Әлидің тағайындалғандығын ешбір талас пен кедергі тудырмайтындай мәселе ретінде қарады. Аллаһ елшісі бұл мәселені іс жүзінде жүзеге асыру үшін осындай шараға барып, Әз.Әлидің имамдығына тосқауыл болатын Әбу Бәкір мен Омар сияқты кісілерді Усәма қолбасшылық еткен әскерге қосып, Мәдинадан ұзаққа жолдауды жөн көрген деп санады. Алайда, бұл

– орынсыз бір пайымдау. Өйткені Әз.Әли де Усәма әскеріндегі сарбаздар қатарында болатын.

**Құранды жинақтау мәселесі.** Әз.пайғамбардың тұсында уахидың түсуі жалғасқандықтан, түскен сүре мен аяттарды толық бір кітап етіп жинақтау мүмкін болмады. Әз.Мұхаммед дүниеден өтіп, уахидың түсуі тоқтаған уақытта, аят пен сүрелерді бір «Кітапқа» жинақтау қажеттігі туды. Оның үстіне, кейбір аймақ халқының қирағат өзгешеліктеріне байланысты туындаған қайшылықтар да бұл істі тездетіп қолға алу керектігін көрсетті. Алайда, Әз.пайғамбар тұсында істелмеген бұл істен халифа Әз.Әбу Бәкір, бастапқыда, тартыншақтайды. Өйткені Расулуллаһ істемеген іске кірісуді жөн көрмейді. Ал мәселенің маңызын, күттіруге болмайтындығын ұғынған уақытта комиссия құрып, Құран аяттары мен сүрелерінің Расулуллаһ кезіндегі тәртібіне сай бір кітапқа жинақталуын қамтамасыз етеді.

**Мүртедтер мен мүртежилерге қарсы күрес мәселесі.** Мүртедтер (діннен шыққандар) мен мүртежилердің (кертартпашылардың) біразы Расулуллаһ тұсында, енді бір бөлігі оның өлімінен кейін шыққан болатын. Оларға қарсы соғысу мәселесі сахабалар арасында келіспеушіліктің туындауына жол ашты. Дінге және мемлекеттің біртұтастығына ашық түрде қауіп төндірген мүртедтерге қарсы соғысудың қажеттігі қайшылық туғызбады. Ал әлеуметтік және экономикалық міндеттерін орындамай, қоғамдағы татулық пен ынтымақты бұзуға тырысқан мүртежилерге қарсы соғысу мәселесі тартыс туғызды. Ақырында соғысу жөнінде шешім қабылданып, зекет беруден бас тартқандарға тойтарыс берілді.

Дегенмен, аталған пікір қайшылықтары мұсылмандар қоғамын жікке бөлінушілікке апара қоймады. Өйткені мұндай өткінші сипаттағы пікір айырмашылығының туындауы заңды құбылыс болатын. Мұсылмандар тартыс туғызған мәселелерді ортаға салып, кеңесу арқылы шешіп отырды. Алайда, Әз.Мұхаммед дүниеден өткеннен кейін туындаған ең маңызды мәселе «халифалық-имамдық» мәселесі болды. Мұсылмандар қоғамына ықпал еткен бұл мәселе мұсылмандардың шииттік, харижилік және сүнниттік топтарға бөлінуіне жол ашты. Бұл тақырыптарға ілгеріде жан-жақты тоқталмақпыз.

## А. ӘЗ.ӘБУ БӘКІРДІҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (11-13/632-634)

### 1. Әз.Әбу Бәкірдің халифа сайлануы (11/632)

Әз.Мұхаммед дүниеден озған тұста халифа (мемлекет басшысын) сайлау мәселесі мұсылмандар үшін ең басты мәселеге айналды. Әз.пайғамбар көзі тірісінде өзінен кейін «үмметті» басқаратын кісіні тағайындамаған еді. Құранда да бұл мәселеге қатысты айтылған үкім жоқ-ты. Осылайша, мемлекет басшысын (имам-халифа) сайлау мәселесі мұсылмандардың еркіне қалдырылып, діннің негіздеріне кірмейтіндігі айқын көрінген болатын. Сондықтан еркін түрде ел басшысын сайлау құқығына ие адамдардың қалаған кісіні таңдап, халифалыққа ұсынуы – заңды құбылыс. Сол сияқты үміткерлердің де бір-бірімен жарысқа түсуі, сайлаушылардың билікке қол жеткізу үшін бәсеке мен күрес жүргізуі де заңды нәрсе. Әрине, меккеліктер мен мәдиналықтар, хижаздықтар мен сириялықтар арасында билік үшін жарыс пен күрестің болмай қалуы мүмкін емес-ті.

Шынында да, мұсылмандар арасында Әз.Мұхаммедтің өлімінен кейін «халифалық-имамдық» мәселесінде келіспеушілік туындады. Өйткені Расулұллаһ (с.а.с) өзінен кейін ислам мемлекетін кімнің басқаратындығы жөнінде ауызша да, жазбаша да нұсқау бермегенді. Ислам дінінде де мемлекеттік билік жүйесіне қатысты ешбір үкім айтылмаған болатын. Әрі қай әулет, қай ұлттан шыққан кісі халифа, яғни мемлекет басшысы ретінде сайланатындығы жөнінде де ешбір нұсқау жоқ-ты. Құран Кәрімде де бұл мәселе қозғалмаған еді.

Мәдиналық мұсылмандар (ансарлар) Әз.Мұхаммед қайтыс болған күні Сәида ұлдарының шатырында (сақифату бәни Сәидада) бас қосып, жиналыс өткізеді. Әус пен Хазраж тайпалары Сағд бин Убәданы мемлекет басшысы ретінде сайлайтын боп келіседі. Жасы ұлғайған әрі науқастанып жүрген Сағд бин Убәда да басқа ансарлар сияқты халифалық биліктің Әус пен Хазраждың қолында қалуын қалады. Сондықтан мемлекетті басқару ұсынысын қабылдаған болатын.

Мемлекет басшысын (халифаны) сайлау жиналысына қатысқан меккелік мұсылмандар саны аз болатын. Көпшілігі Хашим ұлдары мен Умәййа ұлдарынан тұратын Құрайыш бұл жиналысқа қатыспады. Бәлкім, тартысудан тартынғандықтан не қолындағы

биліктен ажырап қалғысы келмегендіктен немесе хабары жоқтықтан болар, әйтеуір, бұл жиынға қатыса алмады. Дегенмен, халифалық мәселесінде, бастапқыда, ансардың ішкі құрылымына (Әус пен Хазраж арасындағы күреске) байланысты туындаған әлсіз тұсын пайдаланды. Жүздеген жылдар бойы түрлі шайқастарда жеңіске жеткен Құрайыш қалған араб тайпаларынан да есесін қайтарды. Мұсылмандар қоғамын Рашид халифалар тұсында да, сондай-ақ әмеуилер мен аббасилер дәуірінде де Хашим мен Умәййа әулеттерінен шыққан тұлғалар басқарды.

Әз.Әбу Бәкір Сәида ұлдары шатырында өткізілген «сайлау» жиналысында халифа ретінде сайланды. Бұл жиналыста мүһәжірлердің (Құрайыштың) басым түсуіне нәбилік-хашимдық байланыс, яғни халифа ретінде сайланатын тұлғаның нәбиге туыстық жағынан жақындығы, сонымен қатар сауда мен мәдениеті біршама дамыған қоғамнан шыққандығы өз ықпалын тигізді. Әз.пайғамбарға туыстығы мен меккелік Құрайыш ақсүйектері арасынан шыққандығы басты екі фактор ретінде қаралды. Ал ансарлар болса, халифалық құқығына «әр бейнеттің бір зейнеті бар» деген көзқараспен қарады. Қанша дегенмен, Сәида ұлдары шатырында жиналған сайлаушылар өз тұжырымдарын дәлелдеу және қарсыластарының пікірін жоққа шығару үшін Құран мен сүннеттен дәлел көрсетуге ұмтылмады, яғни теократиялық әрекет жасауға тырыспады. Ал шындығында, Құран мен сүннеттен дәлел келтіргендері жөн болар еді. Өйткені мұндай дәлел болған жерде тартыс пен келіспеушілікке орын жоқ екендігі белгілі.

Негізінде, Құран Кәрімде мемлекетті басқару жүйесі қандай болуы керектігі жөнінде айтылмаған. Сондай-ақ Әз.пайғамбар да дүниеден өтпей тұрып, өзінен кейін мемлекет пен халықты кімнің басқаратыны туралы жазбаша не ауызша бір нұсқау бермеген болатын. Яғни Құран мен сүннетте бұл мәселеге қатысты айтылған үкім жоқ-ты. Жиналыста сөз сөйлеген Әз.Әбу Бәкір: «Басшылар Құрайыштан болады (әл-әиммәту мин Қурайш)», – деген еді. Бұл сөзі арқылы мемлекет басшысын өз араларынан сайлауға ұмтылған ансарларға Хижаз өңіріндегі «Араб тайпа көсемдеріне» қатысты салт-дәстүрді еске салған болды.

Жүргізілген талқылау мен қызу тартыс барысында Омар бин әл-Хаттаб пен Әбу Убәйда сияқты мүһәжір мұсылмандар Әз.Әбу Бәкір-

ді мемлекет басшылығына ұсынды. Сәида ұлдары шатырындағы жиналысқа қатысқандар да бұл ұсынысқа қолдау көрсетіп, талас-тартысты тоқтатып, Әз.Әбу Бәкірге серт берісіп, оны халифа етіп сайлады. Ертесіне Мәдина мешітінде берілген «жалпы серт» арқылы қаладағы мұсылман Хашим ұлдарынан шыққан бірнеше кісі мен Сағд бин Убәдадан басқа барша мұсылмандар Әз.Әбу Бәкірдің халифалығын мойындаған еді.

Әз.Әбу Бәкірдің халифа сайлануын мұсылман қоғамындағы күштер арасындағы тепе-теңдікке негізделген ымыраға келушілік деп бағалаған жөн. Өйткені бұл сайлау, бір жағынан, Хашим ұлдары мен Умәййа ұлдары арасындағы, екінші жағынан, Әус, Хазраж және Арабия түбегіндегі басқа араб тайпалар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз еткен сайлау болды.

Сонымен қатар Әз.Әбу Бәкірдің Құрайыш руынан шыққандығы, исламды алғаш болып қабылдауы, Расулұллаһқа туыстығы, мал-жанымен ислам жолында қызмет көрсетуі, мұсылмандарды басқаруға лайықты кемеліне жеткен тұлға болуы және басқа да ерекшеліктері оның халифа сайлануына ықпал етті.

## **2. Әз.Әбу Бәкір тұсында бой көтерген оқиғалар**

**Усәма әскерінің жорыққа аттандырылуы.** Халифа ретінде сайланған Әз.Әбу Бәкір Әз.пайғамбарды жерлеу рәсімдері аяқталғаннан кейін Усәма әскеріне жолға шығуын бұйырады. Әскер Мәдина сыртында қайта жиналып, рабиул-эхир айының 11 күні / 632 жылғы шілде айында халифа әскерді Мәдинадан шығарып салады.

Усәма әскері Шамға (Сирияға) қарай бағыт алып, Бәлқа деген жерге дейін келеді. Дұшпанды жермен-жексен етеді. Усәма әкесін өлтірген кісіні тауып өлтіреді. Араға екі айдай уақыт салып, әскер үлкен олжамен оралады.

Усәма әскерінің Әз.пайғамбар тарапынан жасақталуын және Әз.Әбу Бәкірдің әскердің сапарға шығуын кейінге қалдыруын, жоғарыда да айтып өткеніміздей, шииттік ағым басқаша түсініп, жорамал жасады. Олар бұл жағдайды Әз.Әлидің имам (мемлекет басшысы) ретінде тағайындалуымен байланыстырып, әскердің аттануын Әз.пайғамбар дүниеден өткен уақытқа дейін кешіктірген Әз.Әбу Бәкір мен Әз.Омар сияқты тұлғаларды озбырлар деп

сипаттап, лағынеттеді. Бұл іс-әрекеттері арқылы аталған тұлғалар шииттердің әдебиетінде өте жаман лақаптармен аталып, тіпті, кәпір деп те айыпталды.

**Иртидат (діннен шығу) пен иртижа (бас тарту) әрекеттері және Әз.Әбу Бәкірдің оларға қарсы ұстанымы.** Әз.пайғамбардың (с.а.с.) өлімінен кейін Арабстанның түрлі аймақтарында иртидат пен иртижа әрекеттері бой көтерді. Бұл әрекеттерге қатысқандардың бір бөлігі мүртед, екінші бөлігі мүртежи деп аталды. Әсуад әл-Ән-сиден қалған және Туләйха, Сәлма мен Сәжах сияқтылардың төңірегіне жиналған кісілер мүртед болды (діннен шықты). Ал мұсылмандық сипатын жоғалтпағанымен, «намаз оқимыз, бірақ зекет бермейміз» деген сияқты сөздер айтып, діни бірқатар міндеттерін атқарудан бас тартқандар мүртежи атанды. Мекке мен Мәдинада діннен шыққандар кездеспеді. Таифтық Сақиф тайпасында да мұндай әрекеттер байқалмады. Алайда, басқа өңірлерде орналасқан тайпалардың кейбірі жартылай, кейбірі толықтай иртидат не иртижа еткен болатын.

Зекет беруден бас тартқандарға қарсы не істейтіндіктері жөнінде сахабалар арасында келіспеушілік туды. Әз.Омар бастаған топ «кәлима шаһадат» айтқандар мұсылман болғандықтан, оларды өлтіруге болмайды десе, халифа мен басқа сахабалар зекет бермегендерге қарсы соғысу керек деген пікір білдірді. Халифа Әз.Әбу Бәкір: «Аллаһтың атымен ант етемін, Расулуллаһқа зекет ретінде берген бір ешкісін беруден бас тартқандарға қарсы күшім жеткенінше соғысамын», – деп, зекет беруді мұсылманшылықтың шарттарынан санап, берген сөзін орындады.

Негізінде «Ридда» соғыстары бастапқыда мұсылмандықты қабылдап, кейіннен діннен шыққандарды исламға кері қайтару үшін жасалған болатын. Бұл соғыстар Мәдинаның саяси ықпалын мойындағысы, оған бағынғысы келмегендерді мемлекеттік биліктің қарамағына енгізу үшін жасалған діни-саяси соғыстар болды.

Зекет жинаушы қызметкерлер Мәдинаға келіп, Йемен, Оман, Бахрейн мен басқа да өңірлерде иртидат пен иртижа әрекеттері шыққандығын хабарлады. Сахабалар бұл жағдайға қатты алаңдаушылық танытты.

Оманда болған Амр бин Ас сол жердегі Әзд тайпасынан шыққан Лақид бин Мәлік атты кісінің діннен шығып, өзін «нәбимін»

деп жариялағандығы, Бахрейндегі кейбір тайпалардың толықтай иртижа еткендігі жөнінде хабар салады. Байхрейндегі діннен шығу әрекеттері Мунзир бин Сауи атты бахрейндік әміршінің өлімінен соң шыққан болатын. Абдулқайс пен Бәкір бин Уәил тайпалары бірігіп, Хираның соңғы әміршісі Нуғман бин Мунзирдің Мунзир атты ұлын Бахрейнге әмірші ғып тағайындайды. Абдулқайс тайпасы көп ұзамай дінді қайта қабылдаса, ал Бәкір бин Уәил тайпасы ұзақ уақыт бойы мүртед күйінде қалған еді.

Әсад ұлдары тайпасының көсемі Туләйха бин Хуәлид «маған уахи түсіп жатыр» деп, өзін нәби ретінде жариялады. Гатафан, Хәуазин мен Тай тайпалары оның соғына ерді. Ал Йеменде Мусәйлима бин Хабиб өзін нәби ретінде танытып, Ханифа ұлдарынан шыққан көптеген кісіні өз төңірегіне жинады.

Сол сияқты Тәмим ұлдарының ішінен де Сәжах атты әйел кісі шығып, өзін нәбимін деп жариялайды. Тәмим ұлдары, Тағлиб ұлдары мен басқа да тайпалардан құралған әскерді басқарған месопотамиялық Харистың қызы Сәжах Мүсәйлимаға қарсы шығады. Алайда, кейінірек бұл екі жалған пайғамбар өзара келісімге келіп, үйленген болатын.

Көріп отырғанымыздай, тіпті, Әз.пайғамбардың көзі тірісінде шыққан Әсуад әл-Анси, Зул-Химар Әбхала, Мүсәйлима мен Туләйха сияқты мүртедтер мен шектен шыққандар жүректеріне ислам діні әлі орныға қоймаған бәдеуи арабтарға өз ықпалын тигізген еді. Олар мүртед және мүртежи тайпалардан жасақтаған қарулы күшпен ислам әскеріне қарсы соғысқан болатын.

Әз.Мұхаммед өз тұсында «пайғамбармын» деп шыққан Туләйха бин Хуәлидке қарсы Дырар бин Әсуадты жолдап, оны жеңген еді. Алайда, Туләйха Әз.Мұхаммед дүниеден өткен соң Әсад, Гатафан және Тай тайпаларынан өзіне жақтастар тауып, «нәбимін» деп қайта шыққан болатын.

Халифа Әз.Әбу Бәкір халифаттың астанасы Мәдина қаласына қауіп төндірген Туләйха мен оның жақтастарына қарсы Халид бин Уәлидті аттандырып, ал Ади бин Хатемді Тай тайпасына жіберіп, дұшпанға қарсы көмек сұрайды. Тай тайпасы бұл талапты қабылдап, Халидтің әскеріне қолдау көрсетеді. Халид Бизахта Туләйхамен соғыспас бұрын, алдымен оған қарсы Уккәша бин Михсан мен Сәбит бин әл-Әркам басқарған алғы шептегі әскери бірліктерді



жолдайды. Алайда, олар Тулэйха тарапынан өлтіріледі. Ақырында, Тулэйха Әз.Халидтің әскерінен жеңіліп, әйелімен бірге қашады. Әсад пен Гатафан тайпалары дінді қайта қабылдаған соң, Тулэйха да мұсылман болады. Ол Әз.Әбу Бәкірдің тұсында Кәлб ұлдары арасында өмір сүрді. Ал Әз.Омар халифа сайланған уақытта, оған келіп, серт берген еді. Одан кейінгі уақытта Тулэйха Иракты фәтх ету әрекеттеріне қатысып, ерлікпен шайқасқан болатын.

Тулэйха жақтастарының арасынан қашып құтылғандар Мәлік бин Хузәйфаның қызы болған Сәлма атты әйелдің төңірегіне жиылып, бүлік шығаруын жалғастырады. Халид бин Уәлид оларға қарсы соғысқа шығып, көпшілігін тұтқынға алады. Өзін «нәбимін» деп жариялаған Сәлма да қолға түседі.

Халид бин Уәлид кейінірек Битахтың шейхы Мәлік бин Нуәйра мен Сәжахқа қарсы соғысқа аттанып, оларды да барлық жақтас-тарымен қоса тұтқынға алып, абақтыға салады. Өкінішке орай, абақтының басшысы жаңылыс әрекетке барып, түнделетіп оларды қырып тастайды. Нуәйраның жұбайын тартып алу үшін Әз.Халид өлтіртті деп теріс бағаланған бұл оқиға астанада талас-тартыстың туындауына түрткі болды. Халифа өлтірілген кісілердің құнын мемлекет қазынасын төлеттіріп, бұл тартыс пен Әз.Халидке қарсы бағытталған айыптауларды тоқтатқан болатын. Әз.Халид Йәмамаға қайта қолбасшы ретінде жалданады.

Тулэйха мен Мәлік бин Нуәйра мәселесі шешілгеннен кейін кезек Ханиф тайпасынан пайғамбармын деп шыққан Мүсәйлимаға келген болатын. Әз.пайғамбардың көзі тірісінде оған хат жолдап, нәбилікке ортақ болуды ұсынған Мусәйлима Сәжахты да өз жағына тарту арқылы күшейе түседі. Халифа бұл екі мүртедке қарсы Икрима мен Шурахбил бин Хасананы жібереді. Алайда, Икрима Халид бин Уәлид пен Шурахбил басқарған күштерді күтпестен, шабуылға кірісіп, жеңіліске ұшырайды. Кейінірек (632 жылдың соңы мен 633 жылдың басына қарай) Халид бин Уәлид қолбасшылық еткен әскер Йәмамаға келіп, Битах деген жерде Мүсәйлиманың әскерімен қарсыласады. Халидтың әскері, бастапқыда, жеңіліске ұшырағанымен, қайта күшін жиып, дұшпанға күйрете соққы береді. Кезінде Әз.Хамзаны өлтірген Уахши сол найзасымен енді Мүсәйлиманы өлтіреді. «Йәмама» шайқасында Әз.Омардың бауыры Зәйд бин әл-Хаттаб, Зубәйрдің бауыры Сағид бин әл-Әууам, Әбу

Дужана, Әбу Хузәйфа, Утба, мен Зәйд бин Қайс сынды сахабалармен бірге жетпіске жуық қари шейіт болады. Осы соғыста жетпіс шақты қаридың қаза табуына байланысты Әз.Омар халифа Әз.Әбу Бәкірге келіп, Құран аяттары мен сүрелерін бір кітапқа жинақтауын сұрайды.

Ең соңында Әсуад әл-Ансидің де жақтастарының көзі жойылған болатын. Йеменде өзін нәбимін деп жариялаған Әсуад әл-Анси Әз.пайғамбардың көзі тірісінде өлтірілген еді. Алайда, оның жақтастары Йеменде бас көтерулерін жалғастырған-ды. Оларға қарсы Мүһәжір бин Умәййа жіберіледі. Ол дұшпан күшін Санада жеңіліске ұшаратып, Йеменді мүртедтерден тазартады.<sup>559</sup>

**Құран Кәрімнің жинақталуы.** Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед (с.а.с.) «умми» болған, яғни оқу жазу білмейтін еді. Ол түскен аяттар мен сүрелерді бірден уахи хатшыларына оқып беретін. Хатшылар түскен уахиды жатқа алып, хатқа түсіретін. Әз.пайғамбардың көзі тірісінде Құран беттерін бір кітапқа жинақтау мүмкін болмады. Бәлкім, бұл қажет те емес-ті. Оның үстіне, иләһи уахидың түсуі Әз.пайғамбар дүниеден өткенге дейін жалғасқан болатын. Сондықтан уахи аяқталмай тұрып, Құранды бір кітапқа жинақтаудың қажеті болмады.

Құран аяттарын бір «кітапқа» жинақтау үшін құрылған комиссия әр аят пен сүрені Әз.пайғамбар жаздырғандай түрде, Құран мәтінінің соңғы қирағат үлгісіне сай бекітуді және бұған қатысты екі куәнің куәлігін тыңдауды ұстаным ретінде негізге алды. Аса мұқияттылықпен жүргізілген жұмыс нәтижесінде жинақталған Құран беттерін комиссия төрағасы Зәйд бин Сәбит толығымен халифа Әз.Әбу Бәкірдің қолына тапсырады. Әз.Әбу Бәкір бұл қасиетті аманатты дүниеден өтерінен бұрын өз орнын басқалы тұрған Әз.Омарға қалдырады. Ал Әз.Омар өзінен кейін кімнің халифа сайланатындығы белгілі болмағандықтан, оны қызы әрі Әз.пайғамбардың жұбайы болған Әз.Хафсаға тапсырған еді.

---

559 Өздерін нәбимін деп жариялағандар мен мүртедтерге қарсы күрес жайында қараңыз: Табарі, I, 1881-1985 (Лейден басылымы); Ибнул-Әсир, *Усдул-Ғабә*, III, 65, т.б.; Бәлазури, *Футух*, 113; Әбул-Фида, *Тарих*, I, 163; Зәхаби, *Тарихул-Ислам*, I, 359, т.б.; Бахрийе Үчөк, *Исламдан Дөненлерге Үйланжы Пейгамберлер*, 25, т.б.

Әзірбайжан мен Арменияны фәтх етуге аттанған ирактық және сириялық сарбаздар арасында қирағат қайшылығы туындайды. Осыған байланысты, міне, осы Әз.Хафсаға тапсырылған Құран нұсқасы Әз.Осман тұсында көшіріліп, көбейтілген болатын. Бұл жолғы комиссияға да Зәйд бин Сәбит төрағалық етіп, комиссия құрамында Абдуллаһ бин Зубәйр, Сағид бин әл-Ас пен Абдуррахман бин әл-Харис сынды тұлғалар орын алды. Көбейтілген Құран нұсқалары Мекке, Мәдина, Куфа, Басра мен Дамаск қалаларына жолданып, түпнұсқа Әз.Хафсаға қайта тапсырылады. Ресми түрде көбейтілген осы нұсқалардан басқа Құран мәтінін қамтитын барлық парақтарды өртеу жөнінде бұйрық беріледі.

### **3. Әз.Әбу Бәкір тұсында орын алған фәтх әрекеттері**

Әз.Әбу Бәкірдің тұсында Византия мен Парсы империялары әлемнің алып мемлекеттері саналатын-ды. Әз.пайғамбар заманында да бұл екі үлкен мемлекет бір-біріне қарсы соғыс ашқан болатын. Ирандықтар Йеменге кіріп, мұндағы эфиопиялық басқыншыларды Шаб теңізіне қарай ығыстырады. Эфиопиялықтардың одақтасы Византия көмекке келгенімен, Иран шахы Ну-Ширван оларды жеңіліске ұшыратып, Эфрат өзенін асып, Антакияға дейін ілгерілейді.

Ну-Ширванның орнына Иран тағына Хүрмүз, Византияны басқарған Юстинианның орнына Тибриус отырады. Хүрмүздің таққа отыруымен Иран қоғамын ысырапшылық пен арсыздық билейді. Перуиздің де адамгершілігі төмен болды. Византия мен Иран арасындағы шиеленіс те жалғасып жатты. Стамбул қорғанына қамалған Византия императоры Гераклиус жыл сайын Иранға үлкен көлемде салық төлеп тұрды.

Кейінірек Траклиус шіркеудің қолдау көрсетуімен әрекетке кірісіп, Иран орталығына дейін келеді. Осыған байланысты Хүсрев жорықтарын тоқтатып, жерін қорғаймын деп әлекке түседі. Ол тұста Сирияда өмір сүрген Гераклиустың мұсылмандар мен олардың Бәдірдегі жеңісі туралы хабары бар болатын.

Міне, жалпы алғанда, осындай күй кешкен Иран мен Византияға қарсы Әз.Әбу Бәкір дәуірінде бірнеше рет фәтх әрекеттері жүзеге асырылды.

**Ирак соғыстары.** Иртидат (діннен шығу) әрекеттерін табандылықпен тез арада бастырған халифа Әз.Әбу Бәкір бар күшін Әз.пайғамбар тұсында басталған фәтх әрекеттерін жалғастыру үшін жұмсады. Ислам дінін таныту және жаю үшін көршілес араб елдерін фәтх ететін кез де келген болатын. Ол тұста Ала бин әл-Хадрами Бахрейнде, ал оның қарамағындағы Мүсәнна бин Хариса әш-Шайбани Иракта ғазауат жүргізіп жатты. Әз.Әбу Бәкір хижреттің он екінші жылының соңына қарай Халид бин Уәлид, Амр бин Ас, Йәзид бин Әбу Суфиян, Әбу Убәйда бин Жаррах пен Шурахбил бин Хасана сынды танымал сахабаларды Ирак пен Сирияға жолданған әскери күштерге қолбасшы ретінде тағайындады.

Халифа хижреттің 12 жылы (634 ж.) Әз.Халидке Иракты фәтх ету міндетін жүктеп, Мүсәнна басқарған күштердің оған қосылуын әмір етеді. Сөйтіп, Әз.Халид он сегіз мың кісілік әскермен Иракқа қарасты Банкия мен Вәрсума атты ауылдарды алады. Кейінірек бұл елді мекендердің тұрғындары мұсылмандарға он мың алтынды құрайтын жизия салығын төлейтін боп келісімге келеді. Бұл келісім Иран билігінің ашуын келтіріп, ирандық әмірші Зазауайхтың Хираға уәли етіп тағайындалуына себеп болады.

Әз.Халид Хирадан аттанарда Мүсәннаны алғы шептегі күштердің қолбасшысы етіп тағайындайды. Ал Ади бин Хатамды басқа тарапқа жолдайды. Ғияз бин Ғаним солтүстік тұстан сасанилерге қарсы соғыс жүргізіп жатты. Бұл аймақтың ирандық қолбасшысы Хүрмүз болатын. Хүрмүз ислам әскерінің шабуылы жөнінде Иранға хабар салып, өз әскерін жасақтауға кіріседі.

Әз.Халид шайқасудан бұрын Хүрмүзге хат жолдап, соғыссыз берілуін, әскерін аман сақтап қалуын талап етеді. Алайда, Хүрмүз берілуден бас тартып, соғысуды жөн көреді. Әскерін үш топқа бөлген Халид бин Уәлид Басраның оңтүстігіндегі Хафир өзеніне қарай бет алады. Ислам әскері сасанилер әскерімен Йәмама жолының үстінде орналасқан Казыма жазығында қарсыласады. Мұсылмандар тәкаппар әрі сан жағынан көп сасани күштеріне күйрете соққы беріп, Әз.Халид Хүрмүзді жер жастандырады.

Бұл жеңістен соң Халид бин Уәлид Басра маңына қарай жол тартады. Бұл аймаққа келгенде, жаңа жасақталған сасанилер әскерімен қарсыласып, оларды жеңіліске ұшыратады. «Хира» соғыстарында жеңіске жетіп, Хира халқымен келісімшарт жасасқаннан кейін, Ғияз бин Ғанамға көмек көрсету үшін аттанады.

Анбарға дейін келген Халид бин Уәлид қамалды паналап, күтіп тұрған жау әскеріне қарсы оқ және (катапультамен) тас жаудырып, жеңіліске ұшыратады. Анбарды алғаннан соң Айнут-Тәмірге қарай бет алады. Бұл жерде Тәмір, Тағлиб және Гияд атты араб тайпаларынан кұралған дұшпан күштерімен қарсыласады.

Әз.Халид әскері кескілескен шайқаспен бұл жерді және Акканы қол астына қаратады.

Сол тұста Гияз Думатул-Жандал деген жерде қыспаққа түсіп, қоршауға алынғандығы жөнінде хабар салады. Осыған байланысты бірден Думатул-Жандалға қарай бет алған Халид бин Уәлид әскері өздерін тосып тұрған араб әскерімен қарсыласып, қиян-кескі шайқас басталып кетеді. Гияз басқарған жасақпен біріге отырып, бұл соғыста үлкен жеңіске жетіп, Хираға оралады. Өйткені сасанилер мұсылмандарға қайта шабуыл жасайды деген хабар жеткен болатын. Бұл жерде дұшпан әскерін күйрете жеңген Халид бин Уәлид пен әскері (Х.12 жылдың мухаррам айынан бастап) он төрт ай бойы Иракта тұрақтап қалады.

**Сирия соғыстары.** Әз.Әбу Бәкір сасанилерге қарсы жүргізілген соғыстарда Халид, Мүсәнна мен Гияз сынды тұлғаларды, ал Византияға қарсы фәтх әрекеттерінде Амр бин Ас, Әбу Убәйда бин Жаррах, Йәзид бин Әбу Суфиян мен Шурахбил бин Хасананы қолбасшы ретінде тағайындады. Әрбір қолбасшы өз әскерін өзі таңдап, жасақтауға өкілетті болды. Әрі олар әскери штабтарын да өз еріктеріне қарай таңдады. Соғыс пен фәтхтен соң кімнің қай жерге уәли ретінде тағайындалатыны да белгіленген болатын. Мәселен, Амр бин Ас Палестинаға, Йәзид бин Әбу Суфиян Шамға (Сирияға), ал Шурахбил Йорданияға уәли болып белгіленген-ді.

Ислам әскері Шамға қарай аттанды деген хабар келісімен, Византия қызу соғысқа дайындала бастайды. Хумсқа келіп, соғыс дайындығына кірісіп, мұсылмандардың әскери күштері туралы барлау жүргізген король Геракл Йәрмукқа қарай бет алады. Осы жерге жиналған ислам әскері Византия күштеріне қарсы соғыс шебін құрады. Соғыс хижреттің 13-інші жылы сапар айында (наурыз, 634 ж.) басталады. Әскербасшылар Әз.Әбу Бәкірден Иракта үлкен жеңістерге жеткен Халид бин Уәлидтің жасағын көмекке жолдауын сұрайды. Икрима бин Әбу Жәһіл мен Қақаға бин Амр қолбасшылық еткен әскери бірліктердің шабуылымен басталған

«Йәрмук» соғысы қанды соғыс болды. Бұл соғыс мұсылмандардың жеңісімен аяқталды. Алайда, шайқас қызған сәтте халифа Әз.Әбу Бәкір дүниеден қайтып, орнын Әз.Омар басқандығы және жаңа халифаның Хәлид бин Уәлидті қолбасшылықтан босатып, орнына Әбу Убәйданы тағайындағаны жөніндегі хабар келіп жетеді. Шам, Палестина мен Мысырды фәтх ету әрекеттері Әз.Омар тұсында да қарқынды түрде жалғасқан болатын.

#### 4. Әз.Әбу Бәкірдің дүниеден өтуі

Халифа Әз.Әбу Бәкір хижреттің 13-інші жылы жәмазиул-әхир айының 7 күні науқастанып, он бес күн бойы мешітке бара алмай, намазда имамдықты Әз.Омарға тапсырады. Ол Әз.Омарға өзінен кейін үмметті басқаратын тұлға ретінде қарады. Науқасы үдеген тұста: «орныңызға кімнің отыруын қалайсыз» деп сұрағандарға осы ниетін білдіріп, сахабаларға оны басшы етіп сайлауын насихат етті. Сахабалар да бұл пікірді құптап, Омардың халифа сайлануына оң қарайтындықтарын білдірді. Осыған байланысты Әз.Әбу Бәкір өсиетін хатқа түсіргізіп, барша жұртқа жариялаған болатын.

Халифа Әз.Әбу Бәкір жәмазиул-әхир айының 13 күні / 634 жылдың тамыз айында қайтыс болды. Жаназасын Әз.Омар шығарып, Әз.Мұхаммедтің қасына жерледі. Әз.Әбу Бәкір дүние салған уақытта артында Айша, Әсма мен Үммү Күлсүм атты қыздары және Абдурахман мен Мұхаммед атты ұлдары қалды. Өмірінің соңына қарай мемлекет қазынасынан алған напақамен күнкөрісін қамтамасыз еткен Әз.Әбу Бәкір дүниеден өткен уақытта 63 жасқа келген-ді.<sup>560</sup>

---

560 Әз.Әбу Бәкір кезеңі жөнінде қараңыз: Ибн Сағд, III, 199-200; Ахмед Жевдет, *аталмыш еңбек*, I, 130-137; Ибраһим Сарычам, *Хз.Ебу Бекир*. - Анкара, 1996, 35-73.

## Ә. ӘЗ.ОМАРДЫҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (13-23/634-644)

### 1. Әз. Омардың халифа сайлануы

Әз.Омар өзінен бұрынғы халифа Әз.Әбу Бәкірдің қалдырған өсиеті (халифалыққа ұсынуы) мен мұсылмандардың оған серт беруі (қолдау көрсетуі) нәтижесінде халифа болып сайланды. Әз.Әбу Бәкір науқастанып жатқан тұста, одан орнына кімді ұсынатындығы жөнінде сұралады. Сонда ол Әз.Омарды дұрыс көретіндігін білдіреді. Сахабалар да, жалпы алғанда, осы пікірде болатын.

Әз.Омардың мұндай жолмен халифа сайлануы кейбір топтар арасында тартыс туғызды. Оларды: халифаның өз орнын басатын кісіні тағайындауға, өзінен кейінгі мемлекет басшысын өсиет етіп қалдыруға, тақ мұрагерін тағайындауға құқығы бар ма, жоқ па? деген сұрақтар мазалаған болатын. Олар Әз.Омардың халифа сайлану тәртібін антидемократиялық тәртіп деп бағалады. Біз бұл пікірлерді талқылағаннан гөрі сұрақ қоюмен шектелгенді жөн көреміз. Исламда халифаға қандай өкілеттік беріліп, қандай жауапкершілік жүктелген? Үммет мүддесіне басты мәселе ретінде қарау халифаның жауапкершілігіне кіре ме? Мұсылмандар қоғамын өте жақсы басқарады деп сенген кісіні өсиет етіп қалдыру басшы ретінде өз өкілеттігін пайдалану және үммет алдындағы өз міндетін атқару емей немене?

Әз.Омар дәуірінің басты ерекшелігі «фәтх әрекеттері» болып табылады. Оның тұсында мұсылмандар Сасани және Византия империяларына қарсы әскери және саяси салаларда жеңістерге жетіп, Сирия, Ирак және Иран толығымен ислам елдері қатарына қосылды. Әз.Омар дәуірінде Палестина, Алжир мен Мысыр сияқты елдер де фәтх етіліп, көршілес жатқан Сасани мен Византия сияқты екі алып империя жойылған болатын.

Әз.Омар халифа сайланған уақытта, бірден Халид бин Уәлидті бас қолбасшы қызметінен босатып, орнына Әбу Убәйданы тағайындайды. Әз.Әбу Бәкір бастаған Ирак пен Иранға бағытталған фәтх әрекеттерін тездетіп, халықты «Ирак» соғысына қатысуға шақырады.

## 2. Өз.Омар дәуірінде орын алған фәтх әрекеттері

### а. Ирак пен Иранның фәтх етілуі

Өз.Әбу Бәкір заманында Иракқа бағытталған фәтх әрекеттері қарқынды түрде жалғасқан болатын. Ирак пен Иран соғыстарын, бастапқыда, Мүсәнна бин Хариса басқарды. Мүсәнна әскері Хирада штаб құрып, Шахрияр қолбасшылық еткен Иран әскерімен Бабил маңайында қарсыласады. Кескілескен шайқастардан соң Бехмен басқарған сасанилер әскері жеңіліске ұшырайды. Ислам әскері Мәдаинға дейін ілгерілейді. Одан соң Мүсәнна Хираға қайтады. Осы жерде сасанилердің жаңа әскер жасақтап жатқандығы жөнінде хабар алған ол науқастанып жатқан халифа Өз.Әбу Бәкірмен ақылдасқалы Мәдинаға келеді. Ол келгенде Өз.Әбу Бәкір дүниеден өткен болатын. Сондықтан Мүсәнна өз талаптарын жаңа халифа Өз.Омарға жеткізеді. Өз.Омар Әбу Убәйда басқарған әскери бірлікті Иракқа жолдайды. Сасанилер билігін өз қолына алған патшайым Азер Мидхат мұсылмандарға қарсы жасақталған әскерінің басына Рүстемді қолбасшы етіп тағайындайды. Екі жақ арасында болған соғыста Әбу Убәйданың күштері жеңіске жетіп, Рүстем әскеріне соққы береді.

Алайда, жіберген әскері жеңіліске ұшыраған Рүстем Бехмен Жазуя басқарған жаңа әскери күшті аттандырады. Әбу Убәйда шабуыл жасап, жау әскерін алдына салып қуалағанымен, дұшпан әскеріндегі пілдер ислам әскерінің шегінуіне және жеңіліске ұшырауына себеп болады. Эфрат өзенінің үстіндегі көпір бұзылғандықтан, олар кері қайта алмай, Эфратқа батып кетеді. Мүсәнна да қаза табады.

**«Қадисия» соғысы (14/635):** Хижреттің 14-інші жылында орын алған маңызды оқиғалардың бірі Сағд бин Әбу Уаққастың Иранға қарсы жасақталған әскердің бас қолбасшысы ретінде тағайындалуы мен «Қадисия» соғысы болып табылады. Сағд қолбасшылық еткен әскер Сәйраф деген жерге келген уақытта, Мүсәнна «Көпір» оқиғасында шейіт болған-ды.

Сәйрафқа жеткенде Сағд әскері соғысу үшін шеп құрайды. Куфаға 30 шақырым қашықтықта орналасқан Қадисия деген жерде штаб құрып, Иран әскерінің келуін тосады. Ол тұста Иранды Шахриардың ұлы Йәзду Жәрд басқарып тұрған болатын. Ол 120



мың кісілік әскер жасақтап, Рүстемді қолбасшы етіп, мұсылмандарға қарсы аттандырады.

Йәзду Жәрд халифа Әз.Омардың бейбіт мақсатта жіберген елшілеріне құрметсіздік көрсетіп, кері қайтарған-ды. Соғыспасқа амал қалмаған болатын. Қағка басқарған әскери күштің қосылуымен ислам әскерінің саны 45 мыңға жетеді. Соғыстан бұрын Сағд Раби бин Амирды өтініші бойынша Рүстеммен келіссөздер жүргізу үшін елші ретінде жолдайды. Раби қаруын асынған күйде атымен Рүстемнің салтанатты шатырына келіп, оларды исламды қабылдауға шақырады. Ойлануға үш күндік уақыт беріп, кері қайтады. Рүстемнің талабы бойынша бір күннен соң Муғира бин Шуғба елші ретінде жіберіледі.

Ақыр соңында берілген мерзім аяқталып, соғыс басталып кетеді. Денесіне сыздауық шығып науқастанып жатып қалған Сағд әскерді төсегінде жатып басқарады. Иран әскеріндегі пілдер мұсылмандарды үлкен зиянға ұшыратады. Қағка бин Амр басқарған он мың кісілік жасақ көмекке келеді. Бірнеше рет жекпе-жекке шыққан Қағка ирандық батырларды жер жастандырады. Соғыс төрт күн бойы үздіксіз жалғасады. Мұсылмандар соңында шабуыл жасап, ирандық қолбасшы Рүстемнің шатырына дейін барады. Хиләл бин Алқама Рүстемді өлтіреді. Иран әскері де он мыңдаған сарбазынан айырылады. Мұсылмандардың қолына үлкен көлемде олжа түседі. Түскен олжа арасында Иранның ең үлкен және ең әйгілі «Дрефшигавиян» атты туы да бар болатын.

Әз.Омар мемлекетті басқарған тұста орын алған соғыстардың ең бастысы «Йәрмук» соғысы болып табылады. Халид бин Уәлидтің көп пайдасы тиген «Йәрмук» жеңісінен кейін ислам әскері Фихл аймағына дейін келген болатын. Византия күштері талқандалып, Шам мен Хумс фәтх етілген еді.

Ислам әскерінің «Қадисияда» жеңіске жетуінде мемлекет астанасы Мәдинада тұрып, үсті-үстіне нұсқаулар жолдаған Әз.Омардың атқарған рөлі үлкен болды.

Әз.Омар сахабалармен үнемі кеңесе отырып, Сағдка нұсқаулар жолдап отырды. Алғы шебінде пілдер орын алған сасанилер әскеріне қарсы тұрған мұсылмандар жағында көптеген кісі шейіт болады. Шам маңайында соғысып жатқан Халид бин Уәлид күштері түйелерімен бірге көмекке келеді. Мергендер пілге мінген жау

әскеріне оқ жаудырады. Соның нәтижесінде соғыс мұсылмандардың жеңісімен аяқталады.

Женістен соң ауыр жүк пен әйелдердің қасына біршама әскери топ қалдырып, Сағд бин Әбу Уәаққас Бабилге қарай бет алады. Соғыс майданынан қашқан жау әскері мен қолбасшылары осы жерге жиылған болатын. Жүргізілген соғыс барысында Фирузан, Хұрмұзан, Фахиран мен Михрижан атты әйгілі қолбасшыларына қарамастан, ирандықтар тізе бүгеді. Олардың бір бөлігі Әхзарға қарай, енді бір бөлігі Нихавендке қашады. Бабилде біраз уақыт қалған Сағд Мәдаинды фәтх ету үшін Иранның ішкі аймақтарына қарай ілгерілейді.

Жәлула мен Қадисияда жау әскерінің жеңіліске ұшырауы мұсылман әскерінің Мәдаинды тізе бүктіруін жеңілдетті. Мәдаин фәтх етілгеннен кейін көп ұзамай Әл-Жазира да мұсылмандардың қол астына қаратылады. Әл-Жазираның фәтх етілуі арқылы ирактық арабтар мен сириялық арабтар біріккен болатын. Иран мәселесі мен Сасани әулетінің билігі «Нихавенд» соғысымен жойылған еді.

**«Нихавенд» соғысы (21/642):** Сол тұста ирандықтар мұсылмандардың қол астына өткен жерлерді кері қайтару үшін соғысқа дайындық жасай бастайды. 150 мыңнан астам кісіден құралған алып әскерге Хұрмұздің ұлы Мәрдан шах қолбасшы боп тағайындалады. Әскер мемлекет астанасынан майданға аттанған уақытта, Мәрдан шахтың басында «Дрефшигавиян» туы желбіреп тұрған-ды. Куфаның уәлиі Аммар бин Ясир жау әскерінің қимылы туралы Мәдинаға шұғыл хабар салады. Әз.Омар Мәдинада мешітке жиналған сахабалармен жағдайды кеңесіп, атқарылатын іс-қимылдар жөнінде пікірлерін сұрайды. Сөйтіп, Нұғман бин Муқарринды қолбасшы етіп тағайындап, қасына Муғира бин Шуғба, Хузәйфа бин әл-Йәман сынды сахабаларды қосып береді. Нұғман әскерімен жауға аттанып, Исфahanға дейін келеді. Жолда жау әскері кездеспейді. Муғира бин Шуғба Мәрдан шахпен бейбіт келісім жасағанымен, нәтиже шықпады. Ақыры соғысатын боп шешім қабылданады. Нұғман әскербасшыларын жиып, соғыс жоспарын кеңеседі. Дұшпан шабуылға кіріскен уақытта, Нұғман әскерін кері шегіндіріп, жау күштері әбден ішке енген тұста, шабуылға көшеді. Мұсылмандар үлкен жеңіске жетеді. Алайда, Нұғман осы шайқаста шейіт болады.

Оның орнын басқан Хузэйфа Хамаданға дейін жаудың ізіне түседі. Қолға түскен асыл тастар мен олжаны Мәдинаға жолдайды. Бұл жеңіс «Фәтхул-фәтх» деп аталған болатын.

### ә. Византия империясына қарсы жеңістер

**Шам пен Құдыстың (Йерусалимнің) фәтх етілуі:** Сирияны фәтх ету барысында көптеген шайқастар орын алды. Византия әскеріне қарсы жүргізілген басты соғыстар мен фәтх ету әрекеттері ретінде: «Йәрмук» соғысын (хижреттің 13 не 15 жылы), «Шамның (Дамаскінің) фәтх етілуін (13 не 14 ж.), «Фихл» соғысын (13 ж.), Мәржур-Рум» соғысын (14 ж.), Хаманың фәтх етілуін (15 ж.); Лазкияның фәтх етілуін (15 ж.), Киннесрдің фәтх етілуін (15 ж.), Халеп пен төңірегіннің фәтх етілуін (15 ж.), Әл-Жазираның фәтх етілуін (15 ж.), «Әжнадайн» соғысы (13 ж.) мен Құдыстың фәтх етілуін (15 не 16 ж.) атап көрсетуге болады.

«Йәрмук» соғысында жеңіліске ұшыраған Рим-Византия әскерлерінің басым бөлігі Шам аймағында орналасқан Фихл мен Кихл өңірлерін паналаған болатын. Сондықтан Шам аймағын фәтх ету мәселесіне ерекше маңыз берілді. Өз.Омар дәуірінде, ең алдымен, осы Шам өңірі фәтх етілді. Халид бин Уәлид, Әбу Убәда мен Амр бин әл-Ас сынды қолбасшылар Дамаскіні де, сонда-ақ Сирия-Палестина аймағын да фәтх етуге елеулі үлес қосты.

Дамаскі соғыс арқылы ма, әлде бейбіт жолмен бе фәтх етілді, соған орай қаланың соғыстан кейінгі статусы мен халқының жағдайы не болмақ деген мәселе төңірегінде тартыстар туды.

Палестина аймағын фәтх ету міндеті Амр бин әл-Асқа жүктеледі. Амр Ирак пен Сирия аймағында соғысып жатқан Әбу Убәдаға қажет болған сәттерде көмек көрсетіп отырды. Ол, алдымен, қала әкімі Аробонмен хат жазысып, келіссөздер де жүгізеді. Ақыры бейбіт жолмен фәтх ете алмайтындығына көзі жеткен Амр Құдысты қоршауға алады. Құдысты бір жыл бойы қорғаған христиандар соңында қаланы халифа Өз.Омарға салтанатты түрде тапсырады. 6/637 жылы ислам мемлекеті құрамына енген Құдысқа халифаның келіп, қала билігін өз қолына алуы тарихта өзіндік орынға ие оқиға болды.

Әз.Омар Шамға екінші рет бармақ болып ниеттенген уақытта (18/637) Ирак, Сирия және Мысыр өңірінде оба ауруы шығады. Әз.Омар қолбасшыларына хабар салып, аурудан сақтануын және бұл аймақтардан ұзақ тұруын талап етеді. Дегенмен, Әбу Убәйда, Муаз бин Жәбәл, Йәзид бин Әбу Суфиян, Харис бин Хишам сынды әйгілі сахабалар мен әскербасшылар оба ауруына шалдығып, дүниеден қайтқан болатын. Осыған байланысты әскердің қолбасшылығын өз қолына алған Амр бин әл-Ас әскери бірліктерді жан-жаққа жіберу арқылы олардың арасында оба ауруының жайылуына жол бермеген еді.

Соған қарамастан, Әз.Омар тұсында Шам мен Палестина аймақтарына бағытталған фәтх әрекеттері сәтті аяқталып, Мысырды фәтх ету әрекеттері басталған болатын.

**Мысыр мен Александрияның фәтх етілуі:** Әз.Омар Амр бин әл-Асқа Мысырды фәтх ету міндетін жүктейді. Мысырды фәтх ету қимылдары Ирак пен Сирияны фәтх ету әрекеттерінің жалғасы сипатында жүзеге асты. Амр халифадан рұқсат алып, Мысырды фәтх ету үшін сапарға аттанады. Ол қолбасшылық еткен әскер құрамында үлкен атты әскери бірлік те бар болатын. Фарема деген жерге келгенде, соғыс басталады. Қыптилар мен римдіктер арасындағы алауыздықты ұтымды пайдаланған Амрға Фареманы фәтх ету қиынға соқпады. Одан кейін Библисті қол астына қаратып, гректердің қамалын қоршауға алады. Халифа Әз.Омар Мысырға Микдад бин әл-Әсуад пен Убәда бин Сәмит басқарған үлкен жасақ жолдайды. Біріккен мұсылман әскері қысқа мерзім ішінде (20/640) Мысыр өлкесін фәтх етеді.

Мұсылмандар әскеріне қарсы шайқастарда қайта-қайта жеңіліске ұшыраған Мысыр патшасы Амрға жолығып, бейбіт келісім жасауға әрекет жасайды. Жыл сайын мұсылмандарға белгілі бір мөлшерде жизия салығын төлейтін болып келісімге келеді. Бұл келісімшарт бойынша, римдіктерден қалаған кісінің Мысырда қалуына, ал қалғысы келмегендердің қауіпсіз түрде елден шығуына мүмкіндік берілген болатын. Мұндай баптарды қамтитын келісімшартты қабыл еткен Мысыр патшасына Византия императоры Геракл қатты ашуланып, Александрияға әскер жолдайды. Алайда, мұсылмандар Александрияны олардан бұрын қоршауға алып, үш айдан соң қаланы

қолына алады. Сөйтіп, 20-21/641-642 жылдары Мысыр толығымен ислам мемлекетінің қарамағына қаратылған-ды.<sup>561</sup>

### 3. Әз.Омардың өлтірілуі

«Нихавенд» соғысында қолға түскен тұтқындар арасында Әбу Лү'лү лақабымен аталған Фируз атты христиан құл да бар еді. Мәдинада өмір сүрген Фируз Басра уәлиі Муғира бин Шуғбаның құлы болатын. Бірнеше кәсіпті білгендіктен, қожайыны табысына қарай одан ақы алып отыратын-ды. Алайда, ол өзінен алынған ақыны көп көріп, халифа Әз.Омарға шамғымданады. Халифа одан кәсібі жайында сұрайды. Сонда Фируз ағаш шебері, темір ұстасы және безендіруші екендігін айтады. Әз.Омар алынып отырған ақының мұндай кәсіптер үшін көп еместігін ескертеді. Халифаның шешіміне ыза болған Фируз тісін қайрап, шығып кетеді. Ертеңіне қанжарын киімінің астына тығып, таң намазына мешітке келеді де, жасырынады. Намаз басталған уақытта, қанжарымен Әз.Омарға ұмтылып, бірнеше жерінен жаралап, қашуға әрекет жасайды. Алайда, мұсылмандардың қолынан құтыла алмасын сезген ол бірнеше кісіге қанжар жұмсап, ең соңында өзіне де қол жұмсайды.

Жаралы күйінде үйіне жеткізілген халифа, ең алдымен, өзіне қанжар салған кісінің кім екендігін сұрайды. Оның мұсылмандардан еместігін естігенде, өзіне қастандық жасаған кісінің мұсылман болмағандығы үшін Аллаһқа шүкірлік етеді. Алайда, жарақаты ауыр болатын. Жаны қатты күйзеледі. Оның басшылығына риза болған халқы өзінен кейін кімді мемлекет басшысы ретінде ұсынатындығын сұрайды. Ол орнын басатын кісіні тағайындаудың орнына мемлекет басшысын сайлау мәселесін алты кісілік кеңеске (Шураға) тапсырады. Бірдей сайлау және сайлану құқығына ие мүшелерден құралған бұл кеңестен қысқа мерзім ішінде өз ішінен бірін мемлекет басшысы ретінде сайлауын өсиет етеді.

---

561 Ирак, Сирия және Мысырдың фәтх етілуі жөнінде қараңыз: Бәлазури, *Футухул-Булдан*; Ибн Абдил-Хакем, *Футуху Мысыр уә Ахбаруһа*. - Лейден, 1922; Ибн Асакир, *Мұхтасару Тарихи Димашиқ*, ред. Рияд Абдулхамид пен әріптестері. - Дамаск, 1984, I-II; Садык Ераслан, *Сосиал ве Политик Сонучлары Итибарийле Хз.Өмер Деври Фетих Харекатлары*. Анкара Ун-ті, Әлеуметтік ғылымдар институты (жарияланбаған докторлық дисс.). - Анкара, 1997.

Әз.Омар жарақат алғаннан кейін үшінші күні хижреттің 23 жылы зилхижжа айының 26 күні (3 қараша 644 ж.) дүниеден қайтады. Әз.Омарға жасалған бұл қастандықты Мәдинада тұратын ирандық және сириялық шетжерліктер ұйымдастырды деген пікір де айтылған.

## **Б. ӘЗ.ОСМАННЫҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (644-659)**

### **1. Әз.Османның халифа сайлануы (23/644)**

Әз.Омардың елді басқаруына көңілі толған халық одан өзінен кейін орнын басатын кісіні тағайындауын сұраған болатын. Ол бұл мәселені шешуді «Шураға» тапсыру арқылы мұсылмандарға мемлекет басшысын сайлаудың жаңа жолын көрсетті. Әз.Омар тарапынан құрылған алты кісілік кеңес Әз.Османды халифалыққа лайық көреді. Әз.Омар жарақаттанып, жағдайы ауырлаған тұста, айналасындағылардың өтінішіне қарамастан, орнына мемлекет басшысы болатын кісінің атын атап көрсетпеді. Барлығы да көзі тірісінде жаннатпен сүйіншіленген алты кісіден құралған кеңес мәжілісінен, басқаша айтқанда, сайлау комиссиясынан өз араларынан бірін үш күн ішінде мемлекет басшысы ретінде сайлауын сұрайды. Бұл комиссия Осман, Әли, Талха, Зубәйр, Сағд бин Әбу Уаққас пен Абдуррахман бин Ауфтан құралған еді. Абдуррахман бин Ауф төрағалық еткен кеңес құрамында сайлану құқығына ие, бақылаушы ретінде ой қолдану міндеті жүктелген Абдуллах бин Омар да бар болатын. Ол тұста Талха бин Убәйдуллах Мәдинада болмағандықтан, Сағд бин Әбу Уаққасқа өз атынан өкілдік етуді тапсырады. Сонымен қатар Миқдад бин Әсуадқа осы мәжілісті жинау, Әбу Талхаға сайлау қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Сухәйб әр-Румиге үш күн бойы жамағатқа намаз оқыту міндеті жүктеледі.

Бастапқыда, хашимитер мен әмеуилер мемлекет басшылығын өз қолдарына алу үшін қызу бәсекеге түсіп, халифаны өз араларынан сайлау үшін әрекетке кіріседі. Ескі саяси бәсекелестік қайта жанданады. Хашимитер де биліктен ажырағысы келмейді. Сол сияқты әмеуилер де үнемі оппозициялық тарапта қалуды қаламайды.

Шура мәжілісі Мисуар бин Мәхрамның үйіне жиылады. Кеңеске халифалыққа өзін ұсынудан бас тартқан Абдуррахман бин Ауф

төрағалық етеді. Сухэйб әр-Руми мен Миқдад бақылаушы ретінде қатысады. Кеңес төрағасы Абдуррахман бин Ауф халифалыққа үміткер Осман мен Әлиді жеке-жеке шақырып, халифалық лауазымын қабыл етуі жайында сөйлеседі. Сондай-ақ мешітке, дүкендер мен базарға келген адамдардың пікірлерін сұрастырып, қоғамда қалыптасқан пікірді де анықтауға тырысады. Мұсылмандардың Әли мен Осман екеуінің қайсысын халифа сайлағысы келетіндігі туралы сұратады.

Ақырында, «Шура мәжілісі» де, халық та Осман бин Аффанды жақтап, пікір білдіреді. Сөйтіп, Әз.Осман хижреттің 24-інші жылы мухаррам айында (3 қараша, 644 ж.) Шура мәжілісінің бірауыздан дауыс беруі арқылы халифа сайланған болатын. Кеңес мүшелерінің барлығы Әз.Османға серт (бәй'ат) беріседі.

Дегенмен, Әз.Османның халифа сайлануына әртүрлі баға бергендер де болды. Мұсылмандардың басым көпшілігі (*сауадул-умма*) сайлаудың мұндай жолын заңды деп қабылдаса, ал шииттер мен шығыстанушылар күш көрсетудің тағы бір түрі ретінде қарап, қатал түрде сынға алып, шектен шыққан пікірлерді алға тартты. Оқиға бүгінгі күн тұрғысынан бағаланғандықтан, бұрмаланып, тартыс мәселесіне айналдырылды. Халифаның, яғни мемлекет басшысының өкілеттігі мен жауапкершілігі назардан тыс қалдырылып, мәселе хашимитер мен әмеуилер арасындағы келіспеушілік тұрғысынан, басқаша айтқанда, «казіргі демократия» талаптарына қарай қарастырылды. Көптеген мұсылман авторлар мен батыстық шығыстанушылар XX ғасырдың теория жүзінде қалған «демократия ережесі» мен Әз.Әбу Бәкір және Әз.Омардың халифа сайлану мәселесін салыстыра бағалайды. Мәселен танымал шығыстанушы J.Welhausen алты кісілік «Шура мәжілісін» «кординалдар мәжілісіне» ұқсатып, ол жөнінде:

«Алты сахаба Әлидің артықшылығын мойындағысы келмегендіктен, оны аттап өтіп, Умәййа (әмеуи) әулетінен шыққан, жасы әбден қартайған Осман бин Аффанды таңдады. Бұл кісі олардың арасындағы бостаяу мінезді, елеусіз кісі болатын. Осы мінезімен олардың көңілінен шыққан еді. Сөйтіп, іске қатысы жоқ бір кісіні король етіп сайлап, бастарына Омардай жаңа бір кісінің келуін қаламады», – дейді.

Дегенмен, Әз.Османның халифа сайлануы барысында үммет ішінде алауыздық пен тартысқа жол берілмеді, ескі тайпалар арасы

саяси жанжалдарға да мән берілмеді. Өз.Осман хашимилер мен әмеуилер, мүһәжірлер мен ансарлар келісе отырып, сайлаған және билік басында ұзақ мерзім қалған халифа болды.

Өз.Османның он екі жылдық халифалығы тұсында орын алған фәтх әрекеттері мен ішкі шиеленістер ерекше көзге түседі.

## **2. Өз.Осман дәуірінде орын алған фәтх әрекеттері**

Өз.Осман хижреттің 23-інші жылының соңы мен 24-інші жылдың басына қарай халифа сайланған уақытта Ирандағы Рей, Хамадан және Истахр халқы, Өзірбайжан мен Армения халқы бас көтеріп, Византия Александрияға шабуыл жасайды. Өзірбайжан мен Армения, сондай-ақ Ирандағы аты аталған аймақтардың халқы салық төлеуден бас тартып, бүлік шығарады. Өз.Осман әрі византиялықтарға әрі осы көтерілісшілерге қарсы әскер жолдауға мәжбүр болады. Сонымен қатар салықтың артуына қарсы шыққан Мысыр уәлиі Амр бин әл-Ас қызметінен босатылып, орнына халифаның сүт бауыры Абдуллаһ бин Сағд бин Әбу Шәрх тағайындалады. Бұл жағдай Мысырда бірқатар ішкі келіспеушіліктердің туындауына жол ашады.

Византияның жаңа королі Константин бұл шиеленісті ұтымды пайдалануға тырысып, жақсы жарақталған әскери флотпен шабуыл жасап, Александрияны мұсылмандардың қолынан кері қайтарып алады. Қатесін түсінген халифа Амрды бұрынғы қызметіне қайта тағайындайды. Сөйтіп, Амр Александрияны византиялықтардан кері алады.

Ибн Әбу Шәрх те Африкада маңызды фәтх әрекеттерін жүзеге асырады. Ибн Әбу Шәрх кезінде Мекке фәтх етілген тұста мұсылмандарға қарсы жасаған қылмыстарына байланысты Өз.пайғамбар тарапынан өлім жазасына кесілген кісілер қатарында орын алған-ды. Алайда, Ибн Әбу Шәрхке сүт бауыры Өз.Осман ара түсіп, кешірім жасалған еді. Ол Мысырды фәтх еткен Амрдың әскерінің құрамында болған. Өз.Осман Амрға Ибн Әбу Шәрх қолбасшылығында әскер жасақтап, Африкаға жолдауын бұйырады. Оның қарамағына Абдуллаһ бин Нәфи бин Абдулқайс пен Абдуллаһ бин Нәфи бин Харис басқарған әскери топтарды жібереді. Сөйтіп, Ибн Аббас, Ибн Омар, Өз.Хасан, Өз.Хусәйн, Абдуллаһ бин Амр бин әл-Ас, Абдуллаһ бин Жағфар сынды сахабалар да қатысқан әскер-



дің саны он мыңнан асады. Әскер Ливия шөлін асып, Триполиге қарай бет алады. Жол-жөнекей Уқба бин Нәфидің қарамағындағы жасақ та әскерге келіп қосылады. Триполидің әміршісі Григериус 120 мың кісілік әскер жасақтап, күтіп тұрған болатын. Кескілескен қырғын соғыс басталып кетеді. Соғыс ұзақ мерзімге созылып, хабар келмеген соң, халифа Абдуллаһ бин Зубәйрге әскер қосып, көмекке жолдайды. Жаңа әскери күштің келіп қосылғанын көрген Григериус жеңістен күдерін үзе бастайды. Абдуллаһ бин Зубәйр тың күшпен жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, Рим әскерін жеңіліске ұшыратады. Григериусты жер жастандырып, соғыс мұсылмандардың жеңісімен аяқталады. Сөйтіп, Африканың қақпалары ислам әскеріне ашылған еді. Ибн Әбу Шәрх қолбасшылық еткен ислам әскері Маракешке дейін барады. (Хижреттің 25 жылы) Абдуллаһ бин Нәфи бин Абдулқайс пен Абдуллаһ бин Нәфи бин Хусәйн басқарған әскери жасақтар Испанияның ішкі аймақтарына қарай ілгерілейді. Абдуллаһ бин Нәфи бин Абдулқайс Африкаға уәли ретінде тағайындалады.

Абдуллаһ бин Әбу Шәрх Африкаға бағытталған фәтх әрекеттерін сәтті аяқтап, түскен олжаның бестен бірін өз үлесіне алады. Бұл жағдай ол туралы өсек-аянның шығуына себеп болады.

Шамның әміршісі Йәзид бин Әбу Суфиян мен бірқатар қолбасшылардың өлімі, Умәйр бин Сағд әл-Ансаридың науқасқа шалдығуы және Палестина әміршісі Абдуррахман бин Әбу Алқаманың дүниеден өтуіне байланысты Шам өңірінің (Сирия аймағының) уәлиі болған Йорданияның әміршісі Муғауия бин Әбу Суфиян хижреттің 29-ыншы жылы (648 ж.) Кипрды фәтх етуге бел буады.

«Кипр» теңіз соғысына өте көп ерікті әскер қатысқан болатын. Муғауия хижреттің 28-інші жылы Абдуллаһ бин Қайс қолбасшылық еткен әскерді кемемен Кипрге жолдайды. Әскер құрамында Әбу Зәр, Әбуд-Дәрда, Убәда бин Сәмит әл-Ансари сынды сахабалар да орын алды. Мысыр әміршісі Абдуллаһ бин Сағд та өз елінен кемелермен Кипрге келеді. Кипрде біріккен Мысыр мен Шам флоттары бұл соғыста жеңіске жетіп, көптеген тұтқын және олжамен оралады. Кипрліктер мұсылмандарға жылына 7 мың алтын салық төлейтін болып, бейбіт келісім жасасады.

Хижреттің 30-ыншы жылы Басраның уәлиі Абдуллаһ бин Амр және Сәид бин Ас Хорасан мен Табаристанға қарай бөлек-бөлек

жолдармен аттанады. Сәид бин Астың әскері Жұржан, Хорасан мен Табаристанды, ал Абдуллаһ бин Амр бастаған әскери күштер Кабул, Сижистан және Нишабурды фәтх етеді.

Осылайша, Әз.Осман дәуірінде ислам фәтх әрекеттері Шығыс пен Батысқа қарай барынша ілгерілеген болатын. Одан әрі ілгерілеу мүмкін емес-ті. Өйткені әрі қарай барғанымен, бұл өткінші сипатта болар еді не кері қайтуға тура келер еді. Ислам мемлекетінің шекарасы барынша кеңіп, Азияда Анатолия, Қытай және Ресейге дейін, Африкада солтүстік-шығыс Африканың (Мағрибтың) ішкі аймақтарына шейін, Еуропада Португалия шекарасына дейін таяған-ды. Нәфидің Абдуллаһ атты екі ұлы солтүстік Африка мен Испанияның ислам мемлекетінің құрамына енуіне ерекше үлес қосты. Дегенмен, фәтх әрекеттерімен бірге көптеген әлеуметтік және экономикалық проблемалар да туындаған еді.

### **3. Әз.Осман дәуірінде бой көтерген оқиғалар мен ішкі шиеленістер**

Алғашқы тарихшылардың еңбектері мен ескі тарихи дерек-көздерде Әз.Осман дәуіріндегі оқиғалар жөнінде ауқымды мәлімет берілген. Өкінішке орай, бұл мәліметтер мен риуаятшылар оның халифалығы тұсында орын алған оқиғалардағы, тіпті, бір оқиғаның өзіндегі маңызды тұстарды әртүрлі жеткізген болатын. Сөйтіп, риуаяттар мен оларға негізделген оқиғалар хабарды жеткізуші кісінің саяси-идеологиялық болмысына, дүниелік беталысына қарай бір-бірінен өзгешеленген еді. Ал шындығында, тарихи бір оқиға белгілі бір жағрафиялық аймақта және тарихи қозғаушы күштер нәтижесінде жүзеге асатыны белгілі. Оған ықпал ететін материалдық-рухани шарттар, саяси-экономикалық және әлеуметтік факторлар мен тұлғалар да болады. Сондай-ақ оқиға орын алған жағрафиялық аймақта, әлеуметтік ортада өмір сүрген адамдардың бір-бірінен өзгеше беталысы, өмірге деген көзқарасы, адамдық арман-тілектері болатыны да мәлім. Яғни бұл оқиғаға адамдар өз болмыстарына, тілек-талаптары мен өмірлік пәлсапасына қарай үлес қосады.

Әз.Османның халифалық дәуірін бірінші алты жылдық кезең мен екінші алты жылдық кезең деп екіге бөліп қарастыру дәстүрге айналған. Дегенмен, Әз.Османның мұсылмандықты қабылдауы мен халифа сайлануы туралы деректер де, сондай-ақ халифалықтың екінші алты жылдық кезеңі жөніндегі риуаяттар да баяндау сипатындағы деректер болып табылады. Өйткені тарихшылар мен риуаятшылар оқиғаға байланысты деректерді өздерінің жеке діни-саяси және экономикалық-әлеуметтік көзқарастарына қарай сипаттаған. Сонымен қатар баяндалып отырған оқиғалардың мәні мен барысы қайнаркөз ретінде көрсетілген риуаяттар мен риуаятшыларға қарай бір-бірінен өзгеше көрсетіліп, соған байланысты әр түрлі баға берілген. Мәселен, Сәйфтің риуаяттарын негізге алған тарихшылар мен ғалымдар Әз.Осман дәуірінде шыққан шиеленістерге Ибн Сәба мен сәбалықтар қозғалысы себеп болған деген пікірге келеді. Ал Әбу Михнаф пен Уақидидың деректеріне сүйенгендер бірқатар сахабаларды бұл шиеленістің басты себешісі ретінде көрсетеді. Мәселен, Welhausen ішкі шиеленістер Әз.Осман халифалығының соңына қарай харижилер соғысы күшейе түскен тұста шыққан деген пікір айтып:

«Османның қарсыластарын шындығында кімнің басқарғанын анықтағысы келген кісі оларды тікелей Мәдинадан іздегені жөн. Олар Әз.Мұхаммед, Әбу Бәкір мен Омар заманында теократиялық жоғары мәжілісті құраған, пайғамбардың ең ескі және ең жақын достары болатын. Мүміндердің анасы Айша да солардың қатарында еді. Олар өз араларында Османға қауіп-қатерге ұрынбайтын кісі ретінде қарап, халифа сайлаған-ды. Алайда, пікірлері жансақ болып шықты. Өйткені осалдығы өзінің емес, қаласын-қаламасын, ықпалында қалған отбасының пайдасына жараған еді», – дейді.

Әз.Осман тұсында жер телімдері мен олжаны бөлісуде, фәй мәселесі мен фәтх әрекеттеріне қатысты, сондай-ақ әкімшілік-діни мәселелерде бірқатар жаңалықтар енгізілді. Атқарылған істерге, халифа мен ол тағайдаған уәлилердің ісіне риза болғандар да, істелген барлық іске көңілі толмағандар да бар еді.

Тарихшылар Әз.Осман заманында ішкі шиеленістердің туындауына және халифаның ұзақ уақыт қоршауға алынып, ақыр соңында өлтірілуіне себеп болған оқиғалар жөнінде ортақ пікір білдірген. Бұл оқиғалар мыналар:

**Құран нұсқаларының (мұсхафтардың) өртелуі мен ресми нұсқаны қалыптастыру мәселесі:** Өз.Осман дәуірінде ислам фәтх әрекеттерінің шарықтау шыңына жеткендігі белгілі. Ол тұста ислам мемлекетінің шекарасы бір жағы Андалусияға, екінші жағы Мәураннаһрға дейін ұласқан болатын. Яғни арабтардан өзге мыңдаған, жүз мыңдаған адам мұсылмандар қатарына қосылды. Мұсылмандықты жаңа қабылдағандар итиқад (діни сенім) тұрғысынан да, әлеуметтік жақтан да күтпеген жағдайлардың туындауына жол ашты. Мәселен, әлі дами қоймаған жазу үлгісімен хатқа түсірілген Құран нұсқаларының оларға таратылуы мәтіннің түпнұсқасын сақтау мәселесінде қиындықтар туғызды. Мұсылман сарбаздар арасында «жергілікті қирағат» түрлеріне байланысты тартыстар шықты.

Міне, Өз.Осман осы мәселеге ерекше көңіл бөліп, тұрақты шешім табуды қарастырады. Шамдықтар куфалықтарға: «Біздің қирағатымыз басқа қирағаттарға қарағанда ең дұрысы, өйткені біз оны Микдадтан алғанбыз», – десе, ал куфалықтар шамдықтарға: «Жоқ, біздің қирағатымыз өзге қирағаттармен салыстырғанда ең дұрысы, себебі біз оны Ибн Мәсғудтан алғанбыз», – деп өзара тартысқа салады. Осыған байланысты халифа бұл мәселені тездетіп шешуге кіріседі. Өз.Осман ресми нұсқаны (Өз.Әбу Бәкір тұсында қалыптастырылған нұсқаны) алдыртып, Зәйд бин Сәбит басқарған, Ибн Зубәйр, Сәид бин Ас пен Абдурахман бин әл-Харис бин Хишамнан құралған комиссия құрып, олардан түпнұсқаны жеті нұсқаға көбейтуін және кейбір кісілердің қолында жүрген парақтарды жоюын талап етеді. Олар түпнұсқаны жеті нұсқа етіп көшіріп шығады. Халифа көшірілген нұсқалардың бірін өзіне қалдырып, қалған алты нұсқаны алып ислам мемлекетінің алты ірі қаласына жолдайды. Ал ресми нұсқалардан басқа барлық нұсқаларды жиғызып, өртетеді.

Жалпы алғанда, мұсылмандар бұл іске ризашылығын білдіргенімен, Ибн Мәсғуд пен оның қасындағылар бұған қарсы шығады. Бәлкім, Абдуллаһ бин Мәсғуд бұл іске өзінің басшылық етуін қалаған болар, ал халифа Өз.Әбу Бәкірдің жолын ұстап, бұл міндетті Зәйд бин Сәбитке тапсыруды жөн көрген шығар. Бұл оқиға халифа мен әйгілі ғалым сахабаның бұдан былайғы қарым-қатынасына да ықпал етіп, жағымсыз сипатта қалыптасуына себеп болды. Ресми емес нұсқаларды өртеу оқиғасы хижреттің 32-інші жылы орын алған-ды.

**Кейбір жер телімдерін мемлекеттендіру мәселесі:** Өз.Осман мемлекет меншігіндегі түйелердің жайылымы, күтімі және соғыс бола қалған жағдайда, әскердің көлігі ретінде дайын тұруы үшін бірқатар жер телімдерін мемлекеттендірген болатын. Алайда, оның бұл әрекетін кейбір топтар сынға алды. Ал, шындығында, халифа бұл ісі арқылы өзінің жеке бас пайдасын емес, мемлекеттің биік мүддесін көздеген еді.

**Мемлекеттік жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындау мәселесі:** Өз.Османға бағытталған айыптаулардың бірі қызметке тағайындауда белгілі бір тарапқа жақтасып, мемлекетті басқару ісін тек әмеуилер әулетінен шыққандарға тапсыруы болды. Өз.Осман тарапынан алғаш тағайындалған уәли Өз.Омардың өсиеті бойынша Куфа уалаятына басшы ретінде тағайындалған Сағд бин Әбу Уаққас еді. Алайда, Абдуллаһ бин Мәсғұдпен арасында болған тартыс себебімен оны қызметінен босатып, орнына анасы жағынан туысатын Уәлид бин Уқбәны тағайындайды. Палестина уәлиі Абдурраһман бин Алкама әл-Кән’анидың дүниеден өтуіне байланысты бұл жердің басшылығын Шам уәлиі Муғауияның қарамағына беріп, жаңа бір уәли тағайындамады. Сол сияқты Умәйр бин Сағд науқастануына байланысты өзін қызметтен босатуын талап еткен уақытта, бұл жерді де Муғауияның қол астына береді. Сөйтіп, Муғауия Шамның (Сирияның) бас уәлиіне айналады. Сонымен қатар келіп түскен шағымдарға байланысты, Мысыр уәлиі Амр бин әл-Асты қызметтен алып тастап, орнына сүт бауыры Абдуллаһ бин Сағд бин Әбу Шәрхті қояды. Нағашы көкесінің ұлы Амирды Кабулға, артынан Сижистанға, одан кейін Басраға әмірші етіп тағайындайды. Өш’ас бин Қайсты Әзірбайжанға, бауыры Қайсты Рейге әмірші етіп белгілейді. Ирак әскеріндегі жоғары әскери қолбасшылар арасында да өзгертулер енгізеді. Өз.Османның басқару ісіне байланысты тағайындаулары, міне, осылар еді.

Өкінішке орай, оның бұл тағайындау және қызметтен босату әрекеттері, кейінірек, өзіне қарсы дәлел ретінде пайдаланылды. Оған өз туыстарын басшылыққа тағайындады, әмеуилерден өзге кісілерге дұрыс қарамады деп айып тағылған болатын. Бірқатар оппозициялық тұлғалар мен топтар мемлекеттік лауазымды тұлғаларды тағайындау мәселесінде әділетсіздік жасады деген пікір білдірді. Сәйф Куфа, Басра және Мысырдағы Ибн Сәба мен оның

жақтастарының билікке қарсы әрекеттері, олар таратқан өсек-аяң жөнінде жан-жақты баяндай отырып, Әз.Осман дәуіріндегі оқиғалар мен ішкі шиеленістерді, Әз.Османның өміріне жасалған қастандық оқиғасын басқаша қырынан ашып көрсетеді.

**Сахабалармен қарым-қатынасы:** Әз.Османның сахабалармен қарым-қатынасы да тартыс туғызған мәселелерден саналады. Кейбіреулер оны сахабаларға өте жұмсақ қарады десе, енді біреулер жағымсыз сипатта бағалап, сынға алды. Оған қарсы бағытталған басты сын мен айыптаулар ретінде: басқару ісінде танымал сахабаларды қызметінен босатуы, сахабалардың Хижаз өңірін еркін түрде аралауына рұқсат етуі, Муғауияның ықпалымен Әбу Зәр Рабазаны жер аудартуы, Мәруан бин Хәкамды өзіне хатшы етіп тағыйындауы сияқты әрекеттерін айтуға болады.

**Жаңалықтары:** Әз.Осман дінге қатысты кейбір әрекеттеріне байланысты сынға алынды. Мәселен, Қағбаның жапқышын жанартуды бұйыруы, Пайғамбар мешітінде бірқатар жөндеу жұмыстарын жүргізуі, жұма намазынан кейін ішкі азанды оқытуы, Минада намазды муқим ретінде оқуы, жаңа киім тіктіруі және бәйтүл-малдың (мемлекеттік қазынаның) сегізден бірін өз үлесіне алуы оның сынға алынуына себеп болды. Дәстүрді қатаң сақтаған кейбір топтар бұл жаңалықтарды бидғат ретінде бағалап, халифаны айыптаған болатын.

Міне, осы оқиғалар мен іс-әрекеттер Әз.Осман дәуіріндегі ішкі шиеленістердің шығуына, мемлекет астанасы Мәдина қаласының қоршауға алынып, халифаның өлтірілуіне себеп болған оқиғалар мен әрекеттер ретінде көрсетіліп, деректерде келтірілген болатын.

#### 4. Әз.Османның өлтірілуі

Жоғарыда аталған оқиғалар, жағдайлар мен ішкі қарама-қайшылықтар Әз.Османды өлтіруді қажет ететіндей маңызды емес деген пікірдеміз. Егер мәселені әсірелеп, адамдарды айдап салып, өз пайдасына пайдаланған және дұшпандықты өршіте түскендер болмағанда, мемлекет басшысы Әз.Османды өлтіру өте қиынға соғар еді.

Әз.Осман дәуіріндегі қоғамдық тыныштықтың бұзылуы мен шиеленістердің астарында басқа бір себептің жатқандығы байқа-

лады. Шынында, халифаның өлтірілуі мен оқиғаның желісі оның алдын ала жоспарланғандығын және «астыртын күш» тарапынан басқарылғандығын көрсетеді. Негізінде, көне тарихшылар да Өз.Османның өміріне жасалған қастандық оқиғасының астарында осындай бір күштің болғандығы жөнінде ортақ пікірге келген-ді.

Әбу Михнаф, Уәкиди және олардың пікірін ұстанғандар бұл күштің сахабаларға барып тірелетіндігін айтады.

Өз.Осман он екі жылдық халифалық кезеңінде өзіне қарсы халықтың бас көтеруіне және қанды оқиғамен өлтірілуіне себеп болатын айтарлықтай ешбір іске араласпаған еді. Соған қарамастан, бүлікшілер хижреттің 35-жылы зилхихжа айының 18 күні (17 маусым 656 ж.) Куфа, Басра және Мысырдан қажылыққа барамыз деген сылтаумен жолға шығып, Мәдинаға келеді. Негізінде, халифаны өлтіруге ниеттенген бүлікшілер Өз.Османды Мәдинадағы Пайғамбар мешітінде және үйінде ұзақ уақыт қоршауға алып, өлтірген болатын. Осылайша, анархистер көптен бері жүргізіп келген бүлік, арандатушылық және астыртын әрекеттерін, уақытша болса да, тоқтатқан еді. Ал Аллаһтың Кітабы және пайғамбардың сүннетімен Өз.Османға серт беріскен сахабалар мен мәдиналық мұсылмандар үйлерінен шықпай, оқиғаға араласпай, Расулұллаһтың қаласы Мәдинаның қанға боялуына, ислам тағының қоршауға алынуына қарсылық көрсетпеді. Яғни халифаға бойсұнып, өз жанындай қорғауға серт беріскен мұсылмандар оның анархистер тарапынан қаншама күн бойы қоршауда ұсталуын, ас-сусыз қалдырылуын, мешітке келуіп, мұсылмандарға намаз оқытуына тыйым салынуын және ақыр соңында жан түршігерліктей қастандықпен өлтірілуін бақылаумен шектелді. Бұл іс басқалар тарапынан тезірек бітірілсе, мына адамнан тездетіп құтылсақ деген кісіше, істің ақырын тосумен болды. Міне, осы әрекетсіздіктері үшін жауапты деп саналған бұл адамдар халифа өлтірілгеннен кейін «тәуба келтірушілердей» қаймығып, болған іске өкініп, Өз.Османның кегін қайтаруды талап етуге шақырды. Біздің ойымызша, Өз.Османға деген өкпеніштері немесе жеке мәселелеріне байланысты сахабалардың бұл қайғылы оқиғаға араласпай, халифаға көмек көрсетпей, оны жалғыз қалдыруы бүлікшілердің арам пиғылдарын жүзеге асыруын жеңілдеткен еді. Сондықтан олардың да, тікелей болмаса да, бұл

қастандық оқиғасының орын алуында үлесі мен жауапкершілігінің бар екендіктерін айтқан жөн.

Әз.Осман өлтірілгеннен кейінгі уақытта ислам тарихында көптеген жағымсыз оқиғалар, қақтығыстар мен соғыстар орын алды. Үмметтің бірлігі мен ынтымағы бұзылып, түрлі саяси, әлеуметтік және діни топтар шыққан болатын.

### **5. Әз.Османның өміріне жасалған қастандық оқиғасы туралы берілген түсініктемелер**

Әз.Османның халифалық дәуірі, жоғарыда да атап өткеніміздей, екі кезеңге бөлінеді. Алғашқы алты жылдық кезең тыныштық билеген, жақсы басқарылған кезең, ал екінші алты жылдық кезең шиеленістер өріс алған, жаман басқарылған кезең болып табылады. Дереккөздерде оның алғашқы алты жылдық халифалық кезеңін айыптайтындай ешбір мәлімет келтірілмеген. Бұл кезеңде ислам фәтх әрекеттері барлық майдандарда барынша ілгерілей түсті. Алайда, халифалықтың екінші алты жылдық кезеңінде, шынымен де, Ирак, Мысыр және Хижаз сияқты аймақтарда түрлі оқиғалар, шиеленістер мен өзгерістер бой көтерді. Бұл кезең мұсылмандар қоғамы әртүрлі лагерлерге бөлінген, тал түсте баршаның көз алдында халифаның өлтірілуіне дейін апарып соқтырған кезең болды.

Әз.Османның халифалығы ұзақ мерзімге созылды. Тереңге тамыр жайған мемлекетті басқару тәжірибесі жоқ халифаның бір қалыпты саясатына көңілі толмаған халық өзгеріске ұмтылды. Құрайыштың билікті өз монополиясында ұстауын орынсыз санап, тайпа билігін жоюды көздегендер де болды. Негізінде, Әз.Османға қарсы бас көтеру, ең алдымен, араб тайпаларының Құрайышқа қарсы бас көтеруін және тайпашылдық дүниетанымның исламдық санадан басым түскендігін көрсетті.

Сонымен қатар мәдиналықтар арасында жөнсіз және өз дегеніне қарай әрекет етіп, Әз.Османға тіс қайрағандар да болды. Мәселен, ұрлық, зина жасау және кісі өлтіру сияқты қылмыстарына байланысты жазаға тартылғандар, сондай-ақ кейбір топтар мен соғысқа қатысқандардың дәулетін көре алмай, қызғанышпен қарағандар да бар еді. Арабтардың кейбірі өсек-аянды қыздыра түседі. Халифа бүлік шығарып, тәртіпсіздік жасағандарды түрлі жазаға тартып,



біразын жер аудартады. Алайда, жер аударылғандар барған жерлерінде Әз.Османға қарсы шығып, халықты арандатуға кіріседі.

Халықтың әлеуметтік, экономикалық және діни өмірін исламға қайшы деп санаған топ та бар еді. Олар Византия мен Сасани мәдениетінің ықпалында қалған мұндай өмір салтына қарсы шығып, сән-салтанат пен ысырапшылыққа берілгендердің мал-дүниесін тәлкілеуді жөн көрді. Олар өз пікірлерін: «...*Сондай, алтын мен күмісті жинап, оны Аллаһ жолында жұмсамайтындарды күйзелтуші азаппен «сүйіншіле»*,<sup>562</sup> – деген аятқа негіздеуге тырысты. Халифаның мұндай пікір ұстанғандардың басшысы Әбу Зәрге айтқандарына жоғарыда тоқталғанбыз. Негізінде, мұндай әрекет күш қолдану әрекеті ретінде саналды. Өйткені дәулетті мұсылмандардың мал-мүлкі тәлкіленіп, оларды дүниесін жұмсауға мәжбүр еткен болатын.

Араб тайпалары арасындағы «асабиятқа» негізделген күрес пен Хижаз, Ирак және Ирак аймағындағы экономикалық және әлеуметтік билік тартысы да Әз.Осман тұсындағы ішкі шиеленістерге ықпал еткен факторлар ретінде қаралады. Саяси үстемдік, мансап пен дүниеге берілгендік мұсылмандардың бір-біріне қарсы шығуына түрткі болды.

Халифаның әмеуи әулетіне мемлекет мүмкіндіктерінен көбірек пайдалану құқығын беруі олардың ашу-ызасын келтірген болатын.

Ал, шындығында, халифа тек Құрайышқа ғана жұмсақ қарап, ықылас танытпай, барша мұсылмандарға бірдей қарады. Халифа сайланған уақытта, барлық уәлилерге, лауазымды тұлғалар мен халыққа хаттар жолдап, оларға бір-бірінің құқықтарына құрметпен қарауды әмір етті. Басшыларға құқықтарын, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, ал олардың қарамағындағыларға міндеттері мен жауапкершіліктерін ескертіп, уәлилеріне Әз.Омар жүргізген саясатқа сай әрекет етуді бұйырды. Әсіресе, қаржы саласындағы қызметкерлерден, зекет пен салық жинаушылардан өз міндеттерін әділеттікпен атқаруын талап етті. Дегенмен, кейбір зерттеушілер мен ғалымдар оның осы жұмсақ және төзімділік көрсеткен саясатын оның өлтірілуінің басты себебі ретінде көрсетеді.

---

562 Тәуба, 34.

Абдуллаһ бин Сәба мен оның жақтастары Әз.Осман дәуіріндегі ішкі шиеленістерді ұйымдастырушы және іске асырушы басты тұлғалар ретінде қаралады. Олар өз діттегендеріне жету үшін діни саясатты пайдаланды. Ибн Сәба өз мақсатына жету үшін халыққа қала тұрғындарымен хат жазысып тұрғандығын айтады. Ақырында, өзі тұрып жатқан аймақ халқын, Куфа, Басра және Мысыр халқын қалаған бағытқа бағыттай білді. Иманы әлсіз бірқатар мүміндер ол жеткізген әрбір жаман хабарды растап, хаттарда айтылғанға сеніп, бұл іске әділеттік үшін және уәлилердің зұлымдығына қарсы істелген іс ретінде қарады.

Негізінде, оның бұл әдісінің ықпалы мәдиналықтар арасында да байқалды. Жағдайдың әбден ушыққандығын сезген Мәдина халқы бір күні мешітке келіп, халифаға болған жайды айтып, хаттарда айтылғандар туралы сұрастыра бастайды. Олар: «Бізге келген хабар саған да келді ме?», – деп сұрайды. Әз.Осман: «Жоқ, Аллаһқа ант етемін, тек қана жақсы хабарлар келуде», – деп жауап береді. «Олай болса, міне, біз саған келіп тұрмыз», – деп, өздеріне жеткен хабарларды бұлжытпай халифаға жеткізеді. Әз.Осман: «Сендер мүміндер арасындағы таңдаулы тұлғаларсыңдар және куәгерсіңдер, маған жол көрсетіңдер, не істеуім керек», – деп ақыл сұрайды. Сонда олар: «Хабар алу үшін сенімді кісілерді елді мекендерге жолда», – деп кеңес береді. Осыған байланысты халифа Мұхаммед бин Мәсләманы Куфаға, Усәма бин Зәйдті Басраға, Аммар бин Йәсирді Мысырға, Абдуллаһ бин Омарды Шамға жолдайды. Тағы басқа кісілерді төңіректегі елді мекендерге жібереді. Жолданған кісілердің барлығы Аммардан бұрын қайтып: *«Уа, халайық! Аллаһқа ант етеміз, ешбір жамандық көрмедік. Белді азаматтар да, халық та жамандық бар деп шағымданбады. Мұсылмандардың жағдайы жақсы...»*, – деп хабар жеткізеді. Халық Аммардың оралуын күтеді, тіпті, ол жөнінде аландай да бастайды. Дәл сол тұста Мысыр уәліі Абдуллаһ бин Сағд бин Әбу Шәрхтен хат келеді. Ол Аммардың мысырлық бір топтың азғыруымен оппозиция жағына шығып кеткендігі жөнінде жазады. Хатта Абдуллаһ бин Сәуда, Халид бин Мүлжәм, Судан бин Хумран және Кинәна бин Бишрдің де осы топ қатарында жүргендігі туралы, сондай-ақ бұл адамдардың оған өз көзқарастарын айтқысы келетіндігі және олардың Мұхаммед қайтып келеді деген сенімді (рәж'ат сенімін) ұстанатындығы жайлы да жазылған болатын.

Сонымен қатар уәли олардың Аммарды Османға қарсы азғырып, мәдиналықтардың да өздерімен пікірлес екендігін айтып жүргендігін жазады. Өзге халықты өз жақтарына тартпай тұрғанда, оны мен қасындағыларды өлтіруге рұқсат беруін сұрайды. Өз.Осман жіберген жауап хатында уәлидің мұндай әрекетке барудан мүлде ұзақ тұруын талап етіп, бұл адамдарды босатып, қалаған жерге кетуіне рұқсат етуін, Аллаһ олардан кек алғанға дейін өз жайында қалдыруын бұйырады.

Осы риуаятты жеткізушінің сөзіне қарағанда, Ибн Сәуда Мысырға келген уақытта, Кинәна бин Бишр және Судан бин Хумранмен біріккен көрінеді. Оларға Ғафиқи да қосылады. Кейінірек Халид бин Мүлжәм, Абдуллаһ бин Зырара мен тағы басқа кісілер де ол құрған топқа кіреді. Ибн Сәуда олармен сұхбаттасып, саяси көзқарастары мен мәдени деңгейлері жөнінде мәлімет алып, оларға «рәж'ат» пен «уасилік» (мұрагерлік) жайындағы өз пікірлерін насихаттай бастайды. Ол: *«Қандай қызық, адамдар Исаның қайтып келетіндігіне сенеді, ал Мұхаммедтің қайтып келетіндігіне сенбейді. Ал, шындығында, Аллаһ (Қасас сүресінің 85-інші аятында) айтқандай, Мұхаммед қайтып келуге Исаға қарағанда көбірек құқылы»,* – деп өз пікірін білдіреді. Пікірінің мақұлданғанын көрген ол «уасилік», яғни Әли Өз.Мұхаммедтің мұрагері деген пікірін де ортаға салады.

Османға қарсы шығып, халықты арандатқан тек Ибн Сәба мен жақтастары ғана емес-ті. Куфа мен Басрада да түрлі себептермен бірігіп, бірауыздан билік басындағыларға, халифа мен уәлилерге қарсы шығып, қылмыстар жасап, халықты көтеріліске бастаған бүлікші топ та бар болатын. Әсіресе, Куфа уәлиі Уәлид бин Уқбаның қалада қылмыс жасаған және ұрлық қылған бірнеше кісіні өлім жазасына тартуы қылмыскерлердің отбастары мен тайпаларының тайпашыл дүниетаныммен, дұшпандықпен ашық түрде Уәлид пен мемлекеттік билікке қарсы шығуына жол ашты. Ақыр соңында, олар Уәлидтің қызметтен босатылуына қол жеткізеді. Хижреттің 33-інші жылы ашық түрде әрекетке көшкен бүлікшілерді Мәлік әл-Әштар, Әсуад бин Йәзид, Алқама бин Қайс, Сағсаға, Умәйр бин Дәбиғи, Кумәи бин Зияд сияқты кісілер басқарады. Куфаның белді азаматтары халифа Османға хат жолдап, қалыптасқан жағдай туралы баяндап, бүлікшілер мен олардың басшысы Ибн Сәуда туралы

жазады. Ақырында, халифа бүлікшілердің бұл тобын Сирияға жер аудартады. Аталған арандатушы, бүлікші топқа кейбір сахабалар да жәрдем етеді. Мұндай әрекетке оларды халифаға деген жеке реніштері мен діттеген мүдделері итермелеген болатын. Олардың қатарында Мұхаммед бин Әбу Бәкір, Мұхаммед бин Әбу Хузәйфа мен Амр бин әл-Ас сияқты сахабалар орын алды.

Сәйф риуаяттың жалғасында көтерілісшілердің, яғни Ибн Сәба жақтастарының қалай ұйымдасып, Мәдинаға қалай келгендігі, куфалықтар және басралықтармен қалай байланыс құрып, Мәдинада біріккендігі туралы баяндайды. Риуаяттың осы бөлімінде ол халифа мен Мәдина қаласының қоршауға алынуы, көмек сұрап, елді мекендерге хат жолдануы, Әз.Әлидің бүлікшілермен кездесіп, сөйлесуі және ақыр соңында Халифаның өлтірілуі туралы жазады.

Біздің ойымызша, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдай Әз.Осман халифалық құрған екінші алты жылдық кезеңде бой көтерген оқиғалар мен халифаның өлтірілуіне апарып соқтырған жағдайлар арасында ең маңыздысы болып саналады.

Көріп отырғанымыздай, Әз.Осман дәуірі Әз.Омар дәуірінен өзгеше дамыды. Әз.Омардың осы бағытта атқарған іс-шаралары мен енгізген жаңалықтарына оң қараған халық Әз.Османның істерін құп көрмеді. Мұның себебі ретінде Әз.Осман тұсында жүзеге асқан әлеуметтік-экономикалық өмірдегі қарқынды өзгерістерді көрсетуге болады. Әсіресе, оның халифалығының екінші кезеңінде әрі әлеуметтік құрылымда әрі қоғамдық жүйеде жікке бөліну әрекеттері байқалды. Ол тұста фәтх әрекеттері де тоқтатылды. Өйткені ислам мемлекетінің шекарасы барынша кеңіген-ді. Сондықтан халифа кері шегінгеннен гөрі дер кезінде тоқтауды жөн көрген болатын. Фәтх әрекеттерінің тоқтауымен бірге әлеуметтік қажеттіктерді қамтамасыз етіп келген олжа да түспей қалды. Табыстарының басым бөлігінен мақрұм қалған кейбіреулер өсек қуып, қауесет сөз таратса, енді біреулер осы оқиғалар мен өсек-аяңға қалай араласқанын сезбей де қалған-ды.

Кезінде Әз.Әбу Бәкір мен Әз.Омар тиянағы жоқ бұл арабтарды фәтх әрекеттеріне қоспаған болатын. Оларды әлеуметтік оқиғалардан да ұзақ ұстап, ақылмен, көрегендікпен саясат жүргізген еді. Ал Әз.Осман, керісінше, бұл бәдеуи арабтарды соғыс сапарына жолдайды. Халифа оларды соғысқа жіберу арқылы жан-жаққа

таратып, өсек-аяң мен шиеленістердің алдын алуды да көздейді. Яғни әлеуметтік тыныштықты қамтамасыз етуде жаңа бір әдіс ұстануды жөн көреді. Олжа табуға, мал-мүлік пен құл ұстауға құмар болған олар соғысқа қуана-қуана аттанады. Өкінішке орай, бұл арабтар фәтх әрекеттері барысында өсек сөз жайып, халифаны жамандаумен болады.

Фәтх әрекеттерінің тоқтауымен ең басты табыс көзі мен кәсіптерінен ажырап қалған бұл арабтар бұрынғы соғыстарда түскен олжалар, жер телімдері мен фәй сияқты мәселелер жөнінде сөз қозғап, мұсылман халықтың басын қатыра бастайды. Бұл сөздер соғысқа қатысқан сарбаздардың реніш пен ашу-ызасын туғызып, қайшылықтардың артуында және халықтың қарама-қарсы топтарға бөлінуінде маңызды рөл атқарды. Сәйф бин Омардың: *«Бұл жағдайды аңғарған Абдуллаһ бин Сәба оларға бағыт беріп, яғни арабтарды ұйымдастырып, халифаға қарсы айдап салады. Бүлік шығару үшін оларды Мәдинаға қарай аттандырады»*, – деген сөздері олардың бүлікке қатысқандықтарын көрсетеді. Негізінде, халифа да соңғы жолдаған хатында олар туралы сөз қозғаған еді. Сондай-ақ Әз.Әли мен Әз.Айшаның сөздері де бұл мәселені қуаттай түседі.

Әлеуметтік құрылымдағы келеңсіздіктер мен шағымдарды жақсы аңғарып, ұтымды пайдаланған Ибн Сәба мен жақтастары халықты азғырып, мемлекет пен халифаға қарсы бас көтеруге шақырады. Ал араларында діни мақсатпен әрекет еткендер бұл бәдеуи арабтарды қаруландырып, Мәдинаға аттандырған болатын.

Умра жасаймыз деген сылтаумен 35/656 жылы жолға шыққан мысырлықтар Меккеге емес, Мәдинаға келеді.

Әз.Әли олармен халифаның атынан сөйлесіп, кері қайтуға көндіреді. Алайда, бүлікшілер 35-інші жылдың шәууәл айында (635 жылдың сәуір айында) төрт топ болып, Мысырдан қажылыққа барамыз деген сылтаумен қайта сапарға аттанады. Куфалықтар мен басралықтар да осы мақсатпен жолға шығады. Олар халифаны қызметтен босату жөнінде келісімге келгенімен, халифаның орнын басатын кісіні таңдау мәселесінде қайшылыққа түседі. Мысырлықтар Әлиді, басралықтар Талханы, ал куфалықтар Зубәйрді халифа сайлағысы келеді.

Мәдине қаласын, ондағы Нәби мешітін және халифаны үйінде қоршауға алған бүлікшілер 35-інші жылғы зилхиджа айының 18 күні (17 шілде 656 ж.) Өз.Османды жауыздықпен өлтіреді. Мұнымен қоймай, мемлекет қазынасын да талан-таражға салады. Халифаның мәйітін бақи қабірстанына жерлеуге тосқауыл болады.

Қорыта айтқанда, он екі жылдық халифалық кезеңінде Өз.Осман халықтың өзіне қарсы бас көтеріп, өміріне қастандық жасауына түрткі боларлықтай бір қылмыс жасамаған еді. Негізінде, ол өзіне тағылған айыптауларға жеке-жеке жауап та қайтарған болатын. Бірқатар істеріне Аллаһтан кешірім де тілеген-ді. Өз.Осман биязы мінезділігі, таза ниеттілігі, мейірімділігі, басқарудағы жұмсақтығымен қатар, бәдеуи арабтардың шектен шыққан әрекеттері мен Ибн Сәба сияқты арандатушылар мен олар шығарған бүліктің құрбаны болды.

## **В. ӨЗ.ӘЛИДІҢ ХАЛИФАЛЫҚ ДӘУІРІ (35-40/656-661)**

### **1. Өз.Әлидің халифа сайлануы (35/656)**

Өз.Османнның шейіт етілуі мұсылмандар арасында үздіксіз жалғасқан ішкі шиеленістер мен мазһаб қақтығыстарының туындауына жол ашты. Екі айдан бері жалғасып келе жатқан анархия халифа шейіт етілгеннен кейін де бес күнге созылды. Өз.Османнның өміріне қастандық жасаған бүлікшілер мемлекет астанасын басып алды. Ендігі кезек Өз.Османнның орнына өздері қалаған кісіні халифа сайлау мәселесіне келген болатын.

Дегенмен, III Рашид халифаны өлтіру жөнінде ортақ пікір білдірген анархистер жаңа халифа кім болады деген мәселеде түрлі көзқарастар ұстанды. Талха мен Зубәйр олардың ұсыныстарын қабыл етпеді. Олар Мәдина халқын жиып, тез арада Өз.Әлиді халифа сайлауын және оған серт берісуін талап етіп, бір күндік мерзім береді. Сөйтіп, халық Өз.Әлиді халифа сайлап, оған серт беріседі. Алайда, Мәдина халқы 35/656 жылы халифа болған Өз.Әлиге шартты түрде серт берісіп, одан Өз.Османды өлтіргендерді қысқа уақыттың ішінде тауып, жазаландыруын талап етті. Өз.Әлидің халифа сайлануы Өз.Әбу Бәкірдің сайлануына ұқсас болғанымен, оған серт беруде шарт қойылған болатын. Сондай-ақ көптеген сахабалар, Шам мен басқа да аймақтардағы мұсылмандар оған серт беріспеді.

## 2. Өз.Әли дәуірінде бой көтерген оқиғалар

Өз.Әли ислам негіздеріне сай әрекет ету және мемлекетті басқару үшін халифа болды. Ол Өз.пайғамбардың көзі тірісінде де, өзінен бұрынғы үш халифа тұсында да білімімен, бар күш-жігерімен белсенді түрде исламға қызмет етті. Бұл таңдаулы сахаба әрдайым алғашқы үш халифаның қасынан табылып, оларға кеңес беріп, көмек көрсетті. Өз.Османның өлтірілуіне байланысты туындаған мәселелерді шешу үшін бар күшін салғанымен, нәтиже ала алмады.

Өз.Әли халифа сайланғаннан кейін, ең алдымен, Өз.Осман тағайындаған уәлилерді ауыстыруға кіріседі. Бұл мәселеде халықтың серт беруін күтіп жатпай, асығыс әрекет етеді. Муғира бин Шуғба мен Абдуллаһ бин Аббас бұл жөнінде оған ескертеді. Осыған байланысты уәлаяттарда Өз.Әлиге қарсы оппозициялық тарап қалыптаса бастайды.

Өз.Әлидің дәл қай күні халифа сайланғаны туралы ортақ пікір жоқ. Ол хижреттің 26-ыншы жылының зилхиджа айынан бастап, 40-ыншы жылғы рамазан айының 17 күніне дейін бес жарым жылдай уақыт халифа қызметін атқарды. Оның халифалық дәуірі толассыз жалғасқан ішкі және сыртқы шиеленістермен өтті. Ішкі соғыстар мен (мұсылман) бауырлар арасындағы қақтығыстар оның тұсында орын алған ең маңызды оқиғалар болып табылады. Ішкі шиеленістерге, сондай-ақ Өз.Осман тұсында ислам мемлекеті шекарасының барынша кеңуіне байланысты ислам фәтх әрекеттерінің ауқымы одан әрі дами қоймады. Халифаның бұл бағытта әрекет етуге мүмкіндігі де болмады.

### а. «Жамал» оқиғасы

Өз.Османның өміріне жасалған қастандық мұсылмандар арасында терең әсер қалдырды. Бұл оқиға ішкі соғыстар, бауырлар арасындағы талас-тартыстар мен осыған байланысты жікке бөлінушіліктің туындауына үлкен ықпал етті. Оның орнына халифа сайланған Өз.Әлиге осындай бір сәтсіз кезеңді басқару міндеті жүктелген-ді. Өзіне шарт қойып, серт беріскен халық Өз.Османды өлтіргендерді тез арада ұстап, жазаландыруын талап етті. Ал Өз.Әли төңіректің тынышталуын, бүлікшілердің Мәдинадан шығуын,

халифалықтың басқа уәлаяттар мен аймақтарда да мойындалуын күту үстінде болатын. Мемлекет астанасы Мәдина бүлікшілердің ықпалында қалды. Кейбір арандатушылар Әз.Османның өлтірілуіне бірқатар сахабалардың кінәлі екендігін алға тартты.

Міне, осы себептерге байланысты, Мәдина қаласын тынышсыздық билейді. Әз.Әбу Бәкірдің қызы әрі Әз.пайғамбардың жесірі Әз.Айша мен *ашара-и мүбәшшара* қатарындағы Талха мен Зубәйр билікке қарсы шығады. Олар халифаға қарсы бірігіп, төңірегіне әскер жиып, қолдарына қару алып, IV халифа Әз.Әлиге қарсы көтеріліске шығады. Мұсылмандар бір-біріне қарсы қару көтеріп, соғысатындай жағдайға келеді. Куфа халқы да оларға қосылады. Басрадан да келіп қосылғандар да бар еді. Оппозиционерлер осы екі қаладағы мемлекеттік қазынадан күштеп қаражат алып, соғыс үшін жұмсайды.

Әз.Әли 36-ыншы жылғы жәмазиул-әхир айының 14 күні (9 желтоқсан 656 ж.) Хурайба деген жерге келіп, оларға қарсы шеп құрады. Әз.Әли жасақтаған әскердің құрамында Әз.Османға қастандық жасағандар да болды. Әз.пайғамбардың ең жақын туыстары мен ең таңдаулы жолдастары да орын алған екі топ, осылайша, соғысатын болып, сап құрайды. Әйтсе де, екі жақ шынымен соғысу ниетінде емес-ті. Әз.Әлидің бейбіт келісім жөніндегі ұсынысын қарсы тарап қабыл етіп, соғыспау жөнінде шешім де қабылдайды. Оның үстіне Әз.Османды өлтіргендерді шұғыл түрде ұстап, жаза беру туралы да келісімге келеді. Әз.Әли әскеріне қатысқан және кезінде ұзақ уақыт Мәдинаны қоршауда ұстап, халифа Әз.Османды өлтіргендер, яғни «сәба'ия» деп аталған топ бұл шешімге қатты аландаушылық танытады. Олар бұл бірлік пен келісімді бұзу үшін бірден әрекетке көшеді. Өйткені Әз.Әли мен Әз.Айша жақтастары бірігетін болса, олардың күшін әлсіретуі сөзсіз еді. Абдуллаһ бин Сәба, Илба бин әл-Хайсам, Шурайх бин Әуфа, Адий бин Хатам сияқты кісілер өзара келісіп, мұсылмандарды түнделетіп бір-біріне қарсы соғысқа айдап салуға бел буады. Олар екі тарапты бір-бірімен соғыстыру арқылы күшін әлсіретуді, сөйтіп, өздеріне қарсы соғыстың алдын алуды және билікті өз қолында қалдыруды көздеген-ді.

Олар екі жақтан «Ей, достар! Бізге қарсы шабуыл жасалды», – деп айқайға басады. Сөйтіп, екі тарап арасында соғыс басталып



кетеді. Ол тұста Әз.Әлидің насихатына ешкім құлақ сала қоймады. Әз.Айша да соғысқа араласқандарға бәддұға жасады. Ислам дұшпандарының жоспары өз мақсатына жетті. Ақырында Әли жақтас-тары соғыста жеңіске жетеді. Талха мен Зубәйр сынды танымал сахабалармен қатар, екі жақтан да көптеген сахабалар қаза табады. Әз.Әли Басра қаласын да өз қолына алып, әскерінің қаланы талан-таражға салуына және басқа да әрекеттерге баруына қатаң түрде тыйым салады. Әз.Айша бұл соғыста түйеге мінген болатын. Соған байланысты бұл оқиға «Жамал (түйе) оқиғасы» деген атаумен аталып кетеді.

Бұл тұста Ирак, Палестина, Хорасан, Йәмама, Йемен, Хижаз және Мысыр сияқты ислам мемлекетіне қарасты уәлаяттар мен аймақтардан халықтың Әз.Әлиге серт беріп, халифалығын мойындағаны туралы хабар келеді. Бірақ Шам мен төңірегіндегі аймақтың уәлиі болған Муғауия бин Әбу Суфиян оның халифалығын мойындамайды және оған серт те бермейді.

### **ә. Әли-Муғауия күресі және «Сыффын» соғысы**

Әз.Әли «Жамал» оқиғасынан кейін Шам мәселесін қолға алады. Шам уәлаятының басшысы Муғауия Әз.Османның қанға боялған жейдесін пайдаланып, Сирия халқын арандатып, Әз.Әлиге қарсы қояды. Ақырында, хижреттің 36-ыншы жылының соңына қарай саяси мақсаттағы қақтығыс орын алып, мұсылмандар бір-біріне қарсы қайта қылыш сермейді.

Муғауия Сыффын деген жерге ертерек келіп, әскерін соғысуға ыңғайлы орынға орнықтырып, Эфрат өзенінен су алатын жердің аузын бөгейді. Әз.Әли өз әскерін оның әскеріне жақын жерге орналастырады. Муғауия әскері Эфраттың суынан Әли әскерінің пайдалануына мүмкіндік бермейді. Өзара ымыра мен келісімге келе алмаған екі әскер арасында қиян-кескі шайқас басталып кетеді. Муғауия әскері жеңіліске ұшырай бастаған тұста, Мысырды фәтх етіп, басқарған Амр бин әл-Ас оған көмекке келеді. Әли әскерінің құрамында бәдеуи арабтар, Құранды жатқа алған қарилар мен қарапайым халық басым болатын. Амр Муғауияға Құран парақтарын әскерінің найзасына ілгізіп, қарсы жақты Құранның үкіміне бойсұнуға шақыруын ұсынады. Муғауия оның айтқанын

істейді. Алайда, Әз.Әли бұл істе бір қулық жатқанын бірден аңғарып, ұсынысқа мән бермейді. Өкінішке орай, құрамы жоғарыда аталғандай мәдени деңгейде болған және көп ұлттан құралған әскері Әз.Әлидің сөзіне құлақ аспайды. Әз.Әли Құран үкіміне бойсұнуға шақырылады. Сонда Әз.Османның өміріне қастандық жасаған «сәба'ия» деп аталған топ Әз.Әлиге: *«Ей, Әли! Өзің шақырылып тұрған Аллаһтың Кітабына мойынсұн, әйтпесе, сені дұшпанның қолына тапсырамыз не Османға істегенімізді саған да істейміз»*, – дейді. Осы сөздері арқылы өздерінің шын бетбейнесі мен түп мақсаттарын көрсеткен бұл топ пен бүлікшілер Әз.Әлиді жеңіске жеттік деген бір сәтте «Тәхкимге» (төрешілер үкіміне бойсұнуға) мәжбүр етіп, соғысты тоқтатады.

Елдегі саяси тұрақтылыққа әлі қол жеткізе қоймаған, халифалығының алғашқы күндерінен бастап, мұсылмандар арасында қақтығыстар орын алған Әз.Әлиді өз дегендеріне көндіріп, оған «Цезардың қылышындай» төнуді үміт еткен «сәба'ия» тобы соғыста да, бейбіт уақытта да билік тізгінін өз қолында ұстады. Көптеген дереккөздерде «астыртын күш» (*әл-йәдул-хафи*) ретінде аталған бұл топ Әз.Әлидің төреші ретінде өз жағынан Әбу Муса әл-Әшғариды таңдауына да себеп болды. Бұдан соң екі жақ кейін шегініп, Әбу Муса мен Амр бин әл-Астың үкім беруін күткен болатын.

## **б. «Тәхким» оқиғасы және харижилер**

Әз.Әлидің «Жамал» мен «Сыффында» басқа мұсылман топтарға қарсы соғысуы – ислам тарихында тартыс туғызған мәселе. Сол сияқты оның «Тәхким» оқиғасындағы әрекеті мен харижилерге қарсы күресі де сынған алынды. Классикалық әдебиеттерде «Тәхким» оқиғасы мен харижилердің шығуы туралы: Әз.Әли өз әскерінің іштей бөлінуіне жол бермеу үшін тәхкимді, яғни төрешіге жүгіну жөніндегі талапты қабылдайды. Алайда, қоластындағылардың өміріне бойсұну арқылы өміріндегі ең жаңылыс қадамға барған болатын. Өйткені қарамағындағылардың сөзіне бойсұну арқылы, бір жағынан, Муғауияның халифа болуға құқылы екендігін мойындағандай да еді деп айтылады.

Төрешілердің өзара келісімге келуі арқылы Әли мен Муғауияның да ымыраға келіп бірігуі және Османның өміріне қастандық

жасағандарды өлтіруі мүмкін деген ойға келіп, бұл мәселені өзара кеңескен сәба'илер – Ибн Сәба мен жақтастары – әбігерге түсіп, бірден соғыс майданын тастап, тәуелсіз әскер құрап, ұйымдасқан түрде Әли мен Муғауияға қарсы жеке-жеке шығуды жоспарлайды. Муғауия – олар өлтірген Османның туысы, ал Әли Құрайыштың Хашимұлдары әулетінен шыққан-ды. Екеуінің де көздегені Османды өлтіргендерді ұстап, жазаландыру болатын.

Алайда, Әлидің әскерінен бөлініп, соғыс майданын тастап кетуі үшін олардың маңызды бір себеп көрсетуі керек болды. Өйткені себепсіз тастап кеткен жағдайда, бүлікші деп айыпталып, жазаға тартылар еді. Ибн Сәба мен жақтастары мәселенің шешімін бірден таба қояды. Олар Әли мен әскерін дұшпанның алдында тастап кетуін діни себепке негіздейді. Кейінгі кезеңдерде «харижилер» деп аталып кеткен бүлікшілердің бұл тобы Әз.Әлидің әскерінен бөлініп шығып, әуелі Харурада, содан кейін Нехреванда жиналып, жеке билік жүйесін құрады.

Харижилердің саяси-діни топ ретінде қалыптасуына ықпал еткен басқа да факторлар бар. Олардың негізгісі рушылдық ұстаным (асабият) болып табылады. Өйткені мұсылмандар арасында алғаш бөлініп шыққан топ болып есептелетін харижилер рулық қарым-қатынастарға аса мән беретін тайпалардан құралған-ды. Бәкір, Мудар және Тәمیم тайпалары бұлардың ішінде ең басты тайпалар саналатын. Әбу Муса әл-Әшғаридың төреші ретінде сайлануына қарсы шыққан Әшғас бин Қайстың айтқан сөздері – мұның айқын дәлелі. Негізінде, харижилік ағымының шығуына жол ашқан басты фактор Құрайыштың саяси-әкімшілік үстемдігін жою ниеті болатын.

«Сыффын» соғысында әскери және саяси тұрғыдан маңызды рөл атқарған «Курра» (қарилар) харижилік ағымның қалыптасуындағы негізгі себептердің бірі саналады. Саны жөнінде түрлі пікірлер айтылған қарилар әртүрлі көзқарас ұстанды. Мәселен, қарилардың бір бөлігі «Сыффын» соғысының тоқтауын қаласа, енді бір бөлігі жалғасуын жөн көрді. Кейбір авторлар қарилар мен харижилер арасында тығыз байланыс құруға тырысты. Дегенмен, олар туралы не айтылса да, Құранға жан-тәнімен берілген, Аллаһтың сөзін толығымен жатқа алып, басқаларға үйреткен және аса діндар ғұмыр кешкен қарилар жеке діни-саяси топ қалыптастыра алмады.

Шындығында, харижилердің шын ниеті белгілі болғаннан кейін қарилар олармен бар қарым-қатынасын үзген болатын.

Харижилер деп аталған топтың құрылуына ықпал еткен факторлардың бірі ретінде сәба'илерді айтуға болады. Ислам тарихында алғаш рет заңды жүйеге қарсы топтасқан түрде бас көтеріп, қан төккен «бүлікшілердің бұл тобы» көптеген саяси және діни ағымдардың шығуына, ислам үмметінің арасында бөлінушіліктің етек жаюына және қанды қақтығыстардың орын алуына ықпал етіп, мұсылмандар арасында бөтен пікірлер мен түсініктерді таратуға тырысты.

Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жүйе мен діни сенім-нанымдық мәселелер де харижилердің пайда болуына өз әсерін тигізген-ді.

Әдетте, классикалық әдебиеттерде сайланған екі төреші Әбу Муса мен Амрдың 38/659 жылдың шағбан айында Әзрухта өткізілген жиналыстардың қарарын жариялағандығы жөнінде айтылады. Аталған әдебиеттерде: бұл жиналыстарда Әз.Османның жазықсыз өлтірілгендігі, оның өміріне қастандық жасағандарды жазаға тарту керектігі, сондай-ақ Муғауияның Әз.Османның жақын туысы екендігі, екі жақтың өкілдерін (Әз.Әли мен Муғауияны) қызметтерінен босату және мәселені Кеңес арқылы шешу қажеттігі жайында қарар қабылданғандығы туралы да жазылады. Сонымен қатар Келісім құжатын Әшғас бин Қайстың көпшілікке жариялағандығы, алайда, сол тұста Муғауияның өкілі Амрдың Әз.Әлиді халифалықтан түсіруді мақсат тұтып, қулыққа барғандығы да айтылады. Амрдың ортақ қабылданған құжатта жазылмаған: «Билік басына Муғауияны тағайындаймын», – деген сөздері арқылы жаңа бір бүліктің шығуына жол ашқандығы, Шам өңірінен тыс жерлерде өмір сүрген мұсылмандардың заңды халифасы болған Әз.Әлиді қулықпен билік басынан ығыстырып, Сирия уәлиі Муғауияны орнына отырғызуды көздегендігі, сол арқылы азшылықтың көпшілікке үстемдік жүргізуіне мүмкіндік бергендігі және бөлінушілікке себеп болғандығы да аталады. Муғауияның билікті өз қолына алуымен басталған әмеуилер салтанаты осы көзқарасты басшылыққа алды деп те жазылады.

Алайда, бұл әдебиеттерде төрешілердің сайлану тәртібі, өкілеттіктері мен міндеттері туралы айтылмаған. Төрешілердің қарарлары мен сайлану мақсаттары арасында тікелей байланыс та

байқалмайды. Төрешілер не үшін сайланған еді? Олар сайлау арқылы мемлекет басшысы ретінде белгіленген Әз.Әлиді қызметінен босату және оның орнына Шамның Бас уәлиі Муғауияны тағайындау өкілеттігін қайдан алды? Соғыстың шығу себебі Әз.Османды өлтіргендерді ұстап, жазаға тарту ма, әлде, Әли мен Муғауияның қайсысы мемлекет басшысы болады деген мәселе ме? Әз.Әлидің заңды түрде мемлекет басшысы ретінде сайлануы күмән туғызған ба еді? Неліктен төрешіге жүгінілді? Шам уәлиі Муғауия мен шамдықтардың Әз.Әлиге серт бермеуі оның заңды түрде халифа қызметін атқаруына кедергі болды ма? Әз.Әлидің әскерінен бөлініп шығып, жеке билік жүйесін құрғандардың бөліну себебі не? Міне, осы сұрақтардың барлығына жауап беру арқылы ғана мәселенің анық-қанығын анықтауға болады.

Мәдиналықтардың сайлауы және серт берісуі арқылы мемлекет басшылығына келген Әз.Әлидің өзі төреші ретінде тағайындаған Әбу Муса әл-Әшариға халифалықтың заңдылығын талқылау немесе өзін қызметтен босату жөнінде өкілеттік бермегендігі анық. Өйткені халық сайлауын бір төрешінің берген шешімі арқылы заңдастыру немесе жоққа шығару мүмкін емес. Әз.Әли халық тарапынан сайланған мемлекет басшысы болғандықтан, бұл құқықты басқаға беруі де орынсыз болар еді. Сондықтан төрешілердің күн тәртібіне халифаны тағайындау немесе қызметінен босату мәселесін қоймағандығы түсінікті. Күн тәртібінде жоқ мәселенің Муғауияның төрешісі Амр бин әл-Ас тарапынан күн тәртібіндегі басты мәселеге айналдырылуы да, Әбу Муса тарапынан қабыл етіліп, шешім шығарылуы да мүмкін емес-ті. Олай болса, «Тәхким» оқиғасын саяси тұрғыдан қарастыру «Сыффын» соғысын тоқтату мақсатын назардан тыс қалдыруға және бейбіт келісімге келу үшін жасалған әрекеттерді қулық ретінде бағалауға әкеліп соқтырары сөзсіз.

Ақиқатында, төрешілердің тағайындалуы екі мұсылман топ арасында орын алған соғысты тоқтатуды, қалыптасқан қарама-қайшылықтарды жоя отырып, ішкі тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуді көздеген-ді. Мәдина әскері мен Шам әскерін бір-біріне қарсы соғысуға итермелеген мәселе Әз.Османды өлтіргендердің әлі ұстала қоймағандығы және жазаға тартылмағандығы болды. Оның үстіне халифа Османның өміріне қастандық жасаған бүлікшілер Әз.Әли әскерінің қатарында сап түзеген еді. Сондықтан

төрешілер күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде «Сыффын» соғысының шығуына себеп болған Өз.Османның өлтірілуі мен өлтіргендерге қатысты берілетін үкімдерді қойды. Өз.Осман жазықсыз өлтірілді емес пе? Өлтіргендер кімдер және оларға қатысты берілетін үкім не болмақ? Міне, осы мәселелер тағайындалған төрешілер тарапынан талқыға салынды. Олар бір шешімге келіп, соғыстың шығу себебін жоюды ниет етті. Шындығында, мұсылманның қанын төгуді қаламағандар, Құранның төрелігімен соғыстың тоқтауын көздегендер де бұл мәселеге қатысты осындай бір шешімді күткен болатын.

Алайда, қаншама күнге созылған талқылаудан соң жария етілген қарарларда, төреші тағайындалуына себеп болған басты мәселелер орын алмады, керісінше, «Тәхким» оқиғасына тікелей қатысы жоқ саяси үкімдер қамтылды. Амр бин әл-Астың қулық жасап, Өз.Әлиді халифалық қызметінен босатып, орнына Муғауия бин Әбу Суфиянды отырғызғандығы туралы айтылды. Ал, шын мәнінде, мұндай қулық арқылы ешкімнің мемлекет басшылығынан кетуі де, басқа бірінің оның орнын басуы да мүмкін емес-ті. Негізінде, төрешілердің қарары да мәселенің түйінін шешпеген болатын. Әли де, Муғауия да жаңа бір қызметке тағайындалмады. Яғни бұл қарардың нәтижесінде жеңген де, жеңілген де тарап болмады. Әли мұсылмандардың халифасы ретінде қызметін жалғастырды, ал Муғауия Сирияның уәлиі ретінде Сыффыннан аттанды. Дегенмен, бұл оқиға мұсылмандардың қайта жікке бөлінуіне, араларында харижилер деген саяси-діни сипаттағы ағымның шығуына жол ашты.

### 3. Өз.Әли және харижилер

Өз.Әлиден бөлініп, Харураға жиналған бүлікші топ, бастапқыда «төрешілік» мәселесін өздері күштеп қабыл еттіргендігіне қарамастан, халифаны айыптауға тырысты. Оған: *«Лә иләһә иләллаһ, инилхукмә иллә лилләһ – үкім беруші тек Аллаһ – ал сен адамдарды төреші етіп тағайындадың, Аллаһтың үкімінің орнына адамның шығарған үкімін қабыл еттің, сөйтіп кәпір болдың»*, – деп айыптады. Халифа кәпір саналғандықтан, оған берілген серт те күшін жойды деген бүлікшілер өздерінің саяси-діни қылмыс жасамағандығын,

бас көтермегендерін айтып, бүлікші ретінде қаралмайтындығын, шындығында, имандары талап еткен істі жүзеге асырғандығын алға тартты.

«Лә иләһә илләллаһ» деген ұранмен Харураға жиылған және ислам мазһабтары тарихында «харурия», «мухәккимәтул-улә» не «харижилер», «мәанка» деген атаулармен аталған бұл топ тәуелсіз билік құруға қадам жасады. Сөйтіп, ислам мемлекетінде халифа Әз.Әли, Сирияда Муғауия және Харурада харижилер басқарған үш тәуелсіз билік көзі пайда болды.

Бүлікшілердің Харурада Әз.Әлиге қарсы бас көтеруі, заңды билікке қарсы шеп құруы және тәуелсіз билік жүргізуге тырысуы Әз.Әлиді жақтағандардың халифаға берген серттерін қайта жаңғыртуына себеп болды.

Әз.Әли бүлікшілермен, ең алдымен, бейбіт жолмен келісім жасасудың жолдарын іздестіреді. Абдуллаһ бин Аббасты елші ретінде жолдап, оларды қайта бірігуге шақырады. Ибн Аббас пен харижилердің арасында ұзаққа созылған тартыстар орын алады. Ибн Аббас жасаған мәлімдемеден кейін олардың бір бөлігі Әз.Әлидің жағына шығып, онымен бірге Куфаға келеді.

Харурада жиылғандықтан «харурия» деп аталып кеткен бүлікшілердің бұл тобы Абдуллаһ бин әр-Расибиді халифа сайлап, тәуелсіз билік құруға ұмтылды.

Мемлекетті басқару ісі тек Құрайышқа ғана тиесілі емес деген көзқарастарын жайып, көптеген кісіні өз жағына тарта білген харижилердің негізін осы харурия тобы құраған-ды. Негізінде, олар Құрайыш билігіне бас көтерген болатын. Халифа Әз.Әли туралы өсек сөз таратып, Куфадан бөлініп шыққан бүлікшілермен біріккен харурия Нехрewanға жиналады.

Куфалық харижилерге қосылу үшін жолға шыққан басралық харижилер Нехрewan көпіріне таяған уақытта әйгілі сахаба Хаббаб бин әл-Әраттың ұлы Абдуллаһ пен оның отбасын кезіктіреді. Олар Абдуллаһ пен әкесінің Әбу Бәкір мен Омар жайындағы көзқарасы туралы сұрағаннан кейін оны мен жанұясын жәбірлеп, өлтіреді.

Бұл хабарға қатты қаймыққан халифа Әз.Әли бүлікшілермен кездесіп, олардан қылмыскерлерді (өлтіргендерді) ұстап беруін талап етуі үшін Харис бин Уруаны елші ретінде жібереді. Олар

Харисті де өлтіріп: «бәріміз қылмыскерміз», – деп, бұл талапты кері қайтарады. Осыған байланысты сол тұста өзіне қарсы бас көтерген Шам уәлиіне қарсы әскери дайындық жүргізіп жатқан Әз.Әли, алдымен, харижилердің көзін жоюға бел буып, Нехрewanға жиналған харижилерге қарсы аттанады.

Соғысқа бастамастан бұрын олардан Абдуллаһ пен жанұясын өлтірген қылмыскерлерді тапсыруын талап етеді. Қайс пен Әбу Әййуб әл-Ансари сынды сахабаларды жолдап, насихат береді, өзі де Ибнул-Кәуамен келіссөз жүргізеді. Алайда, оң нәтиже ала алмайды. Оның сөзіне құлақ аспаған бүлікшілер Әз.Әлидің әскеріне шабуыл жасайды. Бірақ қанды «Нехрewan» соғысында (38/658) бүлікшілер толық дерлік өлтірілген болатын. Қашып құтылғандар Нухейлаға жиналып, қайта қарсы тұруға әрекет жасағанымен, Әз.Әли оларға мүмкіндік бермейді, оларға қарсы соғысып, күштерін толығымен талқандайды. Дегенмен, бұл соғыс күшпен мәселенің түйінін шешуге және қоғамдық тыныштықты қамтамасыз етуге болмайтындығын тағы бір рет көрсеткен-ді. Өйткені өлтірілгендердің жанұялары мен тайпалары үздіксіз түрде кек қайтаруға ұмтылып, қақтығыстар туғызып отырды.

Әз.Әли Нехрewan мен Нухейладағы соғыстардан кейін Шамға қарсы аттануға ниеттенеді. Алайда, Әшғас бин Қайс әскердің шаршағандығын, қару-жарағы да жеткіліксіз екендігін, Шамға аттанбас бұрын жақсы дайындық жасау қажеттігін айтып, бұл сапарды кейінгі қалдыртады. Әз.Әли әскерімен бірге Куфаға қайтады.

Әз.Әлиге өзінен бұрынғы халифалардан мирас ретінде жақсы бір билік қалмаған-ды. Ол ішкі қарама-қайшылықтар себебімен фәтх әрекеттеріне де көңіл бөле алмады. Мемлекеттік құрылымда реформа жасауға да мүмкіндігі болмады. Дегенмен, Әз.Әли қоғамдық татулық пен бейбітшілікті орнату, мұсылмандар арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін бар күшін салды. Ауқымды білімі, шексіз төзімділігі мен мемлекеттік істердегі мол тәжірибесі арқылы көптеген әлеуметтік және діни мәселелердің түйінін тарқата білді.

#### **4. Әз.Әлидің өлтірілуі**

Әз. Әли кішкене күнінде исламды қабыл еткен еді. Ол Әз.Мұхаммедтің көзі тірісінде де, алғашқы үш халифа тұсында да дінді



үйрету мен тарату жолында аянбай қызмет етті. «Бәдір», «Ухуд» және «Хайбар» ғазуаттары мен басқа да шайқастарға қатысып, үлкен ерлік көрсетті. Ілімнің қайнары, тақуалық пен ықыластың символы, қаһармандық пен көркем ахлақтың үлгісі бола білген әйгілі сахаба Әз.Әли харижилерден шыққан Абдуррахман бин Мүлжәм тарапынан шейіт етілген-ді.

Мысыр тұрғындары арасынан шыққан Ибн Мүлжәм қажылық жасаймын деген сылтаумен Меккеге келеді. Сол тұста харижилер Қағбаның жанында тұрып, жоспар құрып, Әз.Әлиге қастандық жасау үшін Ибн Мүлжәмді таңдайды (не жалдайды). Сонымен қатар бүлікшілер Амр бин әл-Ас пен Муғауияны да өлтіруге ниеттенеді. Бүрек бин Абдуллаһ әт-Тәмимиге Муғауияны, сол Тәмим тайпасынан шыққан Амр бин Бәкірге Амр бин әл-Асты өлтіру міндеті жүктеледі. Өз араларында осындай шешім қабылдаған бұл үш кісі жоспарлаған қылмыстарын сол жылдың (хижреттің 39-ыншы жылы) рамазан айының 17 күні іске асыратын болып келіседі.

Мемлекет астанасы Куфаға келген Абдуррахман бин Мүлжәм әл-Муради оңтайлы сәтті күте бастайды. Сол тұста «Нехреван» соғысында туыстары өлген кісілермен танысады. Әкесі мен бауыры «Нехреванда» өлтірілген, Тәйм әр-Рабаб тайпасынан шыққан Қатам атты әйел де кек қайтарудың жолын іздестіруде болатын. Ибн Мүлжәм осы әйелге ғашық болады. Қатам: «Әз.Әлиді өлтіресің, 300 дирхам, бір құл мен бір күң бересің», – деп шарт қоя отырып, онымен некелесуге келісімін береді.

Өзіне қойылған шарттарды қабыл еткен Абдуррахман бин Мүлжәм таңғы намаз уақытында Куфадағы үлкен мешітке келеді. Жамағатқа намаз оқытып жатқан Әз.Әлиге уланған қанжар сермеп, жерге құлатады. Халифа Әз.Әли алған жарақаттың әсерімен бірекі күн жатып, 40-ыншы жылғы рамазан айының 17 күні (20 желтоқсан 661 ж.) қайтыс болады. Оның мәйіті Иракқа, бүгінгі Нежеф қаласына жерленеді.

Біздің пікірімше, Әз.Әлидің өміріне жасалған қастандық өзінен алдыңғы халифа Әз.Османның өлтірілуінен де ауыр салдарлар туғызған оқиға болды. Әз.Османның өлтірілуі «үлкен бүлік» деп саналса, ал Әз.Әлидің өміріне жасалған қастандық «ең үлкен бүлік» (*әл-фитнәтул-кубра*) ретінде есептелді. Өйткені Әз.Османның өлімінен кейін бірқатар қарама-қайшылықтар және мұсылмандар

арасында тартыстар шыққанымен, бұл жағдай саясат, дін, фикһ пен кәлам мәселелеріне байланысты үмметтің бөлінуіне апарып соқтырмаған-ды. Ал Өз.Әлидің халифалығы мен шейіт етілуі, сондай-ақ оның балаларының халифалыққа байланысты құқықтары мен олар душар болған жағдайлар бірқатар топтар тарапынан саяси мақсатта пайдаланылып, қоғамның түрлі топтарға бөлінуіне негіз болды. Соның нәтижесінде мұсылмандар «сүннит» және «шиит» деген екі үлкен топқа бөлінді. Бір-біріне қарсы дұшпан екі топқа бөлінушілік ой-пікір саласында да, іс жүзінде де көптеген күрес пен қанды оқиғалардың орын алуына түрткі болған-ды.

Өз.Әли көркем мінезді жан болатын. Ол ержүректігі, білімі және сөз сөйлеу шеберлігімен ерекшеленетін-ді. Қаһармандығы жырға айналған, білімділігімен көпшіліктің құметіне бөленген ол өз дәуірінде шешендігімен де танылған еді.

Өз.Әли Өз.Мұхаммедтің жақын туысы әрі Абдуманаф әулетінің белді азаматы болатын. Ол Өз.пайғамбардың немере інісі әрі Фәтима атты қызының күйеуі еді. Өз.пайғамбардың Хасан мен Хусейн атты немерелері – Өз.Әлидің балалары. Өз.Әлидің Фәтимадан Зейнеп пен Умму Гүлсім атты қыздары да дүниеге келген-ді. Өз.Әли Өз.Фәтимадан соң әртүрлі кезеңде сегіз рет үйленген-ді.

Мұсылмандар бастапқы кезден бастап, бүгінгі күнге дейін «Әһлі Бәйтке», әсіресе, Өз.Әли мен оның ұрпағына ерекше сүйіспеншілік танытып келеді. Тіпті, намазда да олар үшін дұға жасайды. Дегенмен, мемлекетті басқару ісіне Әбу Бәкір ме, әлде, Әли ме лайық деген мәселе төңірегінде өрбіген талас-тартыстар уақыт өте келе, мұсылмандарды шиит (әлеуи) және сүннит деген екі топқа бөлген болатын. Бұл бөлінушілік факторы діни ұрандармен бүгінге дейін жалғасып келеді.

## **5. Өз.Хасанның халифалығы және билікті Муғауияға тапсыруы**

Өз.Әли өлтірілгеннен кейін мұсылмандар хижреттің 40-ыншы жылының шәууәл айында (661 жылғы ақпан айында) оның үлкен ұлы Өз.Хасанға серт берісіп, оны халифа сайлайды. Оған алғаш болып Қайс бин Сағд бин Убәда әл-Ансари серт береді.

Мұсылмандардың Әз.Хасанға серт беруі Муғауия бин Әбу Суфиянды алаңдатқан болатын. Ол куфалықтарды Әз.Хасаннан суытып, өз тарапына тарту үшін әрекетке кірісіп, Абдуллаһ бин Амир қолбасшылық еткен әскер жасақтайды. Әз.Хасанмен хат жазысып, келіссөздер жүргізеді. Алайда, хат алмасу екі жақтың келісімге келуін қамтамасыз ете алмайды. Мусулға жеткен Муғауияның әскеріне қарсы Әз.Хасан Убәйдуллаһ бин Аббас басқарған әскерді аттандырады. Әз.Хасанның әскеріндегілер де «Сыффын» соғысында әкесінің әскерінде болғандарға ұқсас еді. Олар Әз.Хасан жөнінде не болса, соны айтып, соғысуға оншалықты құлық танытпай, тартыншақтайды. Бұл жағдай Әз.Хасанның өз әскеріне деген сенімін жоғалтып, сенімді жақтастарымен бірге Мәдаинға қарай шегінуіне себеп болады. Жолда Жәррах бин Синан әл-Әсади атты харижи Әз.Хасанды өлтіруге әрекет жасайды. Әз.Хасанның жарақаттануы жақтастарын қатты алаңдатады. Сол тұста Муғауия Әз.Хасанның алғы шептегі әскери күштерін Анбар деген жерде қоршауға алып, Әз.Хасанның әскерінен өзіне келіп пана сұрағандарға кешірім жасалатындығын хабарлайды. Бұл хабар әскерге бірден ықпал етеді. Онсыз да соғысқа ықпалсыз қатысқан әскердің басым бөлігі ашық түрде соғысудан бас тартады. Соған байланысты Әз.Хасан Мәдаинға қайтып, Муғауия бин Әбу Суфиянмен келісімге келуді жөн көреді. Алайда, Әз.Хасан халифалықты Муғауияға бермес бұрын оған:

Барлық ирактықтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, ешбірі тұтқынға алынбауы тиіс; ирактық сарбаздар қылмыскер ретінде айыпталмауы және қылмыстарына кешірім жасалуы тиіс; өзіне Ахуаздан алынған салық, ал бауыры Әз.Хусейнге екі миллион дирхам төленуі тиіс; Хашим ұлдарына Абдушамс ұлдарынан өзгеше қарым-қатынас жасалмауы тиіс деген сияқты бірқатар талаптар қояды. Кейінгі кезеңдердегі кейбір дереккөздерде келісімшарт талаптары арасында Әз.Әлиге тіл тигізуге болмайды, Муғауия дүниеден өткен жағдайда, халифалық Әз.Хасанға өтуі тиіс деген баптар да орын алғандығы айтылады. Дегенмен, біз қалыптасқан мұндай жағдайда Әз.Хасанның аталған талаптар қоюы және Муғауияның қабыл етуі мүмкін емес деген пікірдеміз.

Әз.Хасан келісімшарт талаптарын қолбасшысы Абдуллаһ бин Амир арқылы Муғауияға жібереді. Муғауия өзіне қойылған талаптарды қабыл етіп, қол қояды да, келісімшартты қайта Әз.Хасанға

жолдайды. Келісімшарт талаптарының сол күйінде мақұлдануына ризашылық білдірген Әз.Хасан Қайс бин Сағдқа хабар салып, одан өкілеттіктерін Муғауияға тапсырып, Мәдаинға қайтуын талап етеді. Қайс бин Сағд бұл шешімге көңілі толмағанымен, берілген бұйрыққа амалсыз бойсұнады. Бұған Әз.Хусейн мен Хужур бин Адий де қарсы шыққанымен, бір нәтиже шықпады.

Аталған талаптарды қою барысында, әсіресе, мұсылмандардың ортақ мүддесін, бірлігі мен ынтымағын көздеген Әз.Хасан қоғамда қалыптасқан құрылым мен жағдайды да ескере отырып, Сирия уәлаятының басшысы Муғауиямен келісімшарт жасасып, билікті соның қолына тапсырады. Осы бейбіт келісімнің арқасында мұсылмандар бейбітшілікке, тыныштық пен саяси бірлікке қайта қауышқан-ды. Сондықтан бұл жыл «Жамағат жылы» деп аталды.

Әз.Хасанның халифалығы төрт не алты айға созылғандығы айтылады. Аталған келісімшарттан кейін Әз.Хасан жанұясымен бірге Мәдинаға келіп, осында алаңсыз ғұмыр кешеді. 49-ыншы жылғы сапар айының 28 күні (669 жылғы 7 сәуірде) дүниеден қайтады. Оның өлімі жайында жеткілікті мәлімет жоқ.

Әз.Хасан өз бойындағы ақылдылығы, тақуалығы, сабырлылығы және жомарттығымен танылған-ды. Ол «сыбт» және «мытлақ» деген лақап аттармен де аталды. Одан тараған ұрпақ кейінгі кезеңдерде «шәриф» деп аталған болатын. Жүзге жуық рет некелескендігі, жүздеген күні болғандығы айтылады. Әйтсе де, қанша рет үйленгендігі мен күндерінің саны, сонымен қатар неше баласы болғандығы жөнінде берілген мәліметтер әртүрлі. Оның он, он бес, жиырма не жиырма екі баласы болғандығы риуаят етіледі.

Әһлі Бәйттің өкілі саналатын Әз.Хасан – Әз.Әли мен Әз.Фәтиманың үлкен ұлы. Ол туралы ауқымды әдебиет қалыптасқан.<sup>563</sup>

---

563 Әз.Хасан мен оның халифалығы туралы қараңыз: Якуби, II, 204, т.б.; Табари, V, 101, т.б.; Мәсғуди, *Муружус-Зәхәб*, II, 426, т.б.; Ибнул-Әсир, III, 157; Зәхаби, *А'ләмун-Нубәлә*, III, 245, т.б.; Етхем Рухи Фиғлалы, «Хасан», *DIA*. - Стамбул, 1997, XVI, 282-284; Алғұл, *аталмыш еңбек*, II, 551-560.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### РАШИД ХАЛИФАЛАР ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ

Ислам пайғамбары Әз.Мұхаммед біздің жыл санауымыз бойынша 571 жылғы сәуір айының 20 күні Меккеде дүниеге келіп, 632 жылғы шілденің 8 күні Мәдинада қайтыс болды. Сөйтіп, ислам тарихындағы пайғамбар дәуірі аяқталып, мұсылмандар пайғамбардан кейінгі бір кезеңге аяқ басты. Бұл кезеңде мұсылмандар пайғамбардың таңдаулы сахабалары тарапынан басқарылды. Әз.Әбу Бәкір, Әз.Омар, Әз.Осман мен Әз.Әли мемлекетті басқарған, 30 жылға жуық созылған кезең ислам тарихында «Рашид халифалар дәуірі» деп аталды.

Әз.Мұхаммед «Уәда» құтбасында мұсылмандарға, әсіресе, сахабаларына:

*«Ей, адамдар! Менен кейін күпірлікке салынып, бір-біріңе қол жұмсамаңдар. Ақиқатында, мен сендерге сондай бір нәрсе қалдырып барамын, егер оны берік ұстанатын болсаңдар, еш уақытта адаспайсыңдар, қалдырған нәрсем – Аллаһтың кітабы», – деген еді.*

«Уәда» құтбасында мұсылмандарға исламның түйінді мәселелері жөнінде айтып, ақырғы насихаттарын берген Әз.Мұхаммед өзгеріс пен жаңалықтың жаршысы болған «ислам дінін» тиісінше насихаттап жеткізген болатын. Дін қағидаларын іс жүзіне асырып, көзі тірісінде аса қайырымды «үммет» тәрбиелей білді. Ақырында, сахабаларымен қоштасып, дүниеден өтті.

Әз.Мұхаммедтің өлімі мұсылмандар қауымын қатты қаймықтырып, қайғы-мұңға салды. Оған деген сүйіспеншілік сезімдері шексіз болатын. Тіпті, ол дүниеден өткенде, оның шынымен өліп-өлмегендігін сұрап, сенгісі келмегендер де бар еді. Оның өлімінен кейін көптеген проблемалармен бетпе-бет келген мұсылмандар Аллаһтың кітабы мен пайғамбардың сүннетін басшылыққа ала отырып, туындаған мәселелерді шешуге, өз араларындағы бірлік пен ауызбіршілікті сақтауға тырысты. Әз.Мұхаммедтен «мирас ретінде қалған мол тәжірибе» түрлі мәселелердің түйінін бейбіт жолдармен

шешуде «үлгі» және «өлшем» ретінде қолданылды. Сондай-ақ «*Лә иләһә иләллаһ*» сеніміне негізделген «дін мен иман бауырластығы» олардың әлеуметтік-экономикалық өмірін ретке келтіретін, татулық пен тыныштықта ғұмыр кешуін қамтамасыз ететін факторлардың біріне айналды.

Сонымен қатар Әз.пайғамбардың өлімінен кейін мұсылмандар қауымы бірқатар әкімшілік, саяси, әлеуметтік, экономикалық және әскери оқиғалармен бетпе-бет келді. Олардың ішінде «халифалық», басқаша айтқанда, «мемлекеттік басшылық» мәселесі ең маңызды мәселе саналды. Тіпті, бұл мәселе «Рашид халифалар дәуірінде өмір сүрген мұсылмандардың» бір-бірімен соғысуына апарып соқтырған қанды оқиғаларға және топқа бөлінушілікке себеп болды. Аталған мәселе мұсылман үмметтің күнтәртібінде бүгінгі күнге дейін жалғасын да тауып келеді.

Құран аяттары мен сүрелерінің бір кітапқа жинақталуы, үммет бірлігі мен ауызбіршілігінің, ислам мемлекетінің жасампаздығының қамтамасыз етілуі, Усәма бин Зәйд қолбасшылық еткен әскердің сапарға аттануы, әлеуметтік әділеттік пен бейбітшіліктің орнауы, анархия мен ланкестікке қарсы күрес нәтижесінде қауіпсіздікке қол жеткізу, ислам дінінің Арабия түбегінен тыс жердегі халықтар мен мемлекеттер арасында тәблиғ етілуі және мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы Рашид халифалар дәуірінде орын алған басты оқиғаларды құрайды. Бұл оқиғалар жөнінде орын алған кезеңдеріне қарай жоғарыда айтып өттік. Енді Әз.Мұхаммедтен кейін қалыптасқан мемлекеттік құрылымға жалпы шолу жасамақпыз.

## **А. САЯСИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ХАЛИФАТ**

Әз.Мұхаммед дүниеден өткеннен кейін кім халифа-имам (мемлекет басшысы) болады деген мәселе басты мәселеге айналды. Өйткені Әз.Пайғамбар көзі тірісінде өз орнына «мұсылман үмметті» басқаратын кісіні тағайындамады. Құран Кәрімде де Әз.пайғамбардан кейін үмметке кімнің басшылық ететіндігі, мемлекеттің атауы мен түрі жөнінде ешбір үкім қамтылмады. Осылайша, халифаны, яғни мемлекет басшысын белгілеуде, бұл жауапты міндетті мойнына алуда мұсылман қауым өз еркіне қалдырылған болатын. Бұл мәселенің ислам дінінің негіздерінен саналмайтындығы анық еді.

Ислам діні халықтың өз істерін «мушауара» (кеңесу) арқылы жүргізуіне мүмкіндік береді. Саяси биліктің халықтың еркін қалауынан бастау алып, халықтың игілігі үшін және халық тарапынан жүзеге асырылуы керектігін алға тартады. Сондықтан мемлекетті басқаратын тұлғаны тағайындау мәселесі сайлау арқылы шешілуі тиіс.

Демек, исламда саяси билік теократиялық емес, халықтың билігі болып табылады. Егер саяси билік теократиялық сипатта болса, яғни мемлекеттің атауы, түрі мен мемлекет басшысы жөнінде иләһи мәтінде көрсетілсе және Өз.пайғамбар халифаны тағайындаған болса, билік күші белгілі бір әулеттің немесе топтың қолында қалып, «діни мансапқа» айналар еді. Оның үстіне, билік пен мемлекет басшысының «Құран, сүннет және өсиетте» белгіленбеуі мұсылмандарға білімі мен тәжірибесі мол азаматтарды билік басына қою, олардың атқарған істерін бақылау, керек болған жағдайда оларды жауапқа тарту арқылы жазалау құқығы мен өкілеттігін де берді. Қоғамның кез келген мүшесі билікке араласу құқығына ие болды. Мәселен, Өз.Әбу Бәкір мен Өз.Омар халифа сайланғаннан кейін халық алдында сөйлеген сөздерінде басқару мен атқару ісінде өздері қателесетін болса, мұны халықтың түзетуін сұрап, халықтың пікіріне «мұқтаж» екендіктерін білдірді. Халықтың бұл өтінішті қабыл етіп қана қоймай, тіпті, керек болған жағдайда, атқарған істерімен жаңылыс жолға түскен мемлекет басшыларын қылыштарымен түзетіп, тура жолға салатындықтарын ашық түрде айтуы бұл шындықты айқын түрде дәлелдейді. Мәселен, Өз.Осман мен Өз.Әлидің мемлекетті басқару әдісі мен атқарған істері кейбір сахабалар мен мұсылмандар тарапынан сынға алынып, талқыға салынып, жазаға тартылған-ды. Төрт халифаның үшеуінің өз ажалымен емес, адамдар тарапынан өлтірілуі, «Жамал», «Сыффын» және «Нехреван» соғыстарында сахабалардың бір-біріне қарсы соғысуы, майданда шайқасқа түсіп, бірін-бірі өлтіруі, Рашид халифалардың толық дерлік сайлау арқылы билік басына келуі мұсылмандардың саяси билік мен басқару ісіне аса мән бергендігін, халықтың саяси-әкімшілік ерікке ерекше көңіл бөлгендігін көрсететін оқиғалар болып табылады.

Өкінішке орай, саяси биліктің, яғни халықты басқару ісінің бір қажеттілік екендігіне және шарифатты белгілеуші Аллаһ тағаланың бұл қажеттілікті халықтың еркіне қалдыруына қарамастан, мұсыл-

ман үммет тарих бойы «саяси билік құқығын» тиісті түрде қолдана алмады. Бұған олардың саяси-мәдени деңгейі мен түсінігі, сондай-ақ қалыптасқан тарихи шарттар да ықпал етті. Қорыта айтқанда, мұсылмандар билікті жеткілікті және ықпалды түрде жүргізе алмады; саяси-әкімшілік ерікті өз қолдарында ұстай алмады; өздеріне тән «басқару әдісін», яғни «мемлекет моделін» ұсына алмады; бөтен идеологиялардың қоластында өмір сүруге мәжбүр болды; көпшілікті құрағандығына қарамастан, оларға азшылық ретінде қаралды. Ал, шын мәнінде, бір мұсылман үшін саясат пен саяси істерді жүргізуде қолданылған құралдардың исламның негізгі ұстанымдарына қайшы келмеуі маңызды мәселе болып саналады. Бір мұсылман, сондай-ақ, толықтай діннің және діни үкімдердің көлеңкесін паналап, саясат жүргізу түсінігін қабыл етпеуі және исламда теократиялық мемлекеттің жоқ екендігін білуі тиіс.

Әз.Мұхаммед дүниеден өткеннен кейінгі уақытта мұсылмандар «саяси билікті» өз қолына алу үшін күресе бастады. Олар ислам мемлекеті мен үмметін басқаратын тұлға қандай болуы керек деген мәселеде қарама-қайшылыққа түсті. Кім мемлекет басшысы (халифа-имам) болады, саяси билік кімнің қолына берілуі тиіс деген мәселе төңірегінде өрбіген бұл қайшылық бастапқы кезден бастап, бүгінгі күнге дейін бөлінушілікке себеп болып келеді. «Сүнниттер», «харижилер» және «шииттер» деген атаулармен аталып, танылған бұл мұсылман топтар жеке саяси формация ретінде бір-бірінен өзгеше саяси көзқарастар мен пікірлерді ұстануда.

Ислам тарихында Әз.Мұхаммедтен кейін мемлекет пен үмметті басқарған тұлғалар, жалпы алғанда, «халифа», ал ол басқарған мемлекет «халифат» деп аталды. «Халифаның» орнына «имам» немесе «әмирул-мүминин», ал «халифат» атауының орнына «имамат» (имамдық) та қолданылған-ды. Шииттер «имам» мен «имамат» атауларын таңдаса, ал сүнниттер «халифа» мен «халифат» деп атауды жөн көрді. Дегенмен, Әз.пайғамбардан кейінгі дәуірлерде сайлау нәтижесінде басшылыққа келген төрт үлгілі басшы да, әмеуилер, аббасилер және османдықтар тұсында ел басқарған тұлғалар да, жалпы, «халифа» деп аталды. «Рашид халифалар, әмеуи халифалары, аббаси халифалары және османдық халифалар» деген атаулар халық арасында кең тараған болатын.



Халифат – мемлекетті басқару жүйесінің бір түрі. Бұл атау «үкім жүргізу» деген мағынаны білдіреді. Мұсылмандарға тән билік жүйесі саналатын халифатта адам ең басты орынды алады. Бұл жүйе халық пен мемлекетті сайланған басшылар басқаруы тиіс деген ұстанымға негізделеді. Халық тікелей, тәуелсіз түрде өз еркін қолдану арқылы билікті заман талабына қарай реттей отырып, белгілі бір қалыпқа келтіреді. Халифа – үмметтің халифасы, Аллаһ пен пайғамбардың халифасы емес. Өйткені ол бұл қызметке халық тарапынан сайланып, белгіленеді.

Халифат – Өз.пайғамбар дүниеден өткеннен кейінгі мұсылмандар тарапынан құрылған алғашқы мемлекеттің атауы. Ислам дінінде белгілі бір мемлекеттік жүйе белгіленбеген. Өз.Мұхаммед – ақырғы пайғамбар. Мұсылман үммет өз басшыларын тікелей сайлау арқылы белгілейді. Сондай-ақ исламда теократиялық мемлекет те қарастырылмаған. Сондықтан «халифалыққа» бір «діни жүйе» ретінде қарап, қасиетті деп санаудың жөні жоқ. «Ниса» сүресінің 59 – 83 аяттары мемлекет басшысының Құран мен сүннет (*нас*) арқылы тағайындалмайтындығының айқын дәлелі болумен қатар, «улул-әмр» терминінің ғалымдарды, әскери қолбасшыларды, өз саласындағы маман, білікті және өкілетті тұлғаларды, уәлилер мен халифаларды қамтитындығын да көрсетеді. Өйткені «улул-әмр» сөзі көпшілікті білдіріп, саны екіден асатын кісілер үшін қолданылады.

Цезар, император, патша мен әміршілер билік құрған Орта ғасыр үшін сайлауға негізделген халифалық жүйе сол дәуірдің ең заманауи, ең дамыған билік жүйесі ретінде саналды. Арабтардағы саяси мәдениет, тайпашылдық дәстүр мен ислам діні ұстанымдарының бірігуі арқылы қалыптасқан биліктің бұл жүйесі ғасырлар бойы мұсылман халықтар мен мемлекеттердің өмір сүруін, жасампаздығын қамтамасыз етуге негіз болды. Өкінішке орай, әлемдегі саяси-әкімшілік жүйелердің арасында жаңа бір үлгі саналған халифат Рашид халифалар дәуірінен кейін Муғауия бин Әбу Суфиянның Йәзид атты ұлын тақ мұрагері ретінде тағайындауымен, салтанатқа айналып, түрлі династияларда әкеден ұлға қалатын бір «мұра» ретінде жалғасты. Исламның алғашқы кезеңдерінен бастап, мұсылмандар халық үстемдігіне негізделген, сайлау мен серт берісу (бәй'ат ету) арқылы белгіленген мемлекетті басқару жүйесін қалыптастырды. Олар «көпшілік» ұғымын мақұлдай отырып, жүйе

ретінде қолданысқа енгізді. Алайда, Рашид халифалар дәуірінен кейінгі тұста мұрагерлікке негізделген «династиялық жүйе» мемлекет басына келген болатын. Ал халифалық жүйе сайлау мен серт берісу сияқты екі негізгі элементті қамтыған-ды.

Әз.Әбу Бәкір еркін сайлау арқылы халық тарапынан халифа ретінде тағайындалған болатын. Алайда, оның халифа сайлануымен «халифалық мәселесі» шешілгендей көрінгенімен, халифалығына байланысты өрбіген талас-тартыстар, спекуляциялар мен даудамай жалғасын тапқан-ды. Әз.Әбу Бәкірдің халифа сайлануына, ең алдымен, Хашим ұлдары қарсылық білдірді. Әйтсе де, бұл қарсылық ұзаққа созылмады. Ал хижреттің I ғасырында пайда болған «шииттік» ағым оның халифалығын мойындамады. Халифалық мәселесі «нас» пен «өсиетке» негізделуі тиіс деп қараған шииттер халифаны сайлаумен тағайындауға болмайды деген пікірді ұстанды. Сондықтан Сәида ұлдарының шатырында өтікізілген сайлаудың да, Әз.Әбу Бәкірдің халифа тағайындалуының да заңды күші жоқ деп санады. Олардың пікірі бойынша, Әз.Омар мен Әз.Османның да халифалықтары заңсыз. Шииттердің сенімі бойынша, имам Құран мен сүннетте аты мен сипаттарына меңзелген Әз.Әли болып табылады. Одан кейін имамдық құқығы Әһлі Бәйтке тиесілі. Алайда, Әз.Әли де мемлекет басшылығына өзінен бұрынғы халифалар сияқты сайлау жолымен келген-ді. Ол мемлекет басшылығына сайлау арқылы белгіленуіне қарсы шықпаған болатын. Өзінің «нас» пен «өсиетте» имам ретінде көрсетілгендігін де айтпаған-ды.

Шииттерден басқа да кейбір топтар Әз.Әбу Бәкірдің халифа сайлануын талқыға салған болатын. Олар:

1. Ансарлар мен мұһажірлер Әз.пайғамбар дүниеден өтпей тұрып, көптен бері «саяси билікке көз тігіп», билікті өз қолдарына алу үшін жоспарлар құрған-ды. Яғни сахабалар саяси билік күресіне әзір болатын;

2. Сәида ұлдары шатырындағы жиналыс шала-шарпы өткізіліп, шұғыл түрде істі нәтижелендіру көзделді. Хашим ұлдарына хабар жіберілмеді. Оның үстіне, жиналысқа қатысқандарға да өз пікірлері мен білгендерін еркін түрде айтуға мүмкіндік берілмеді;

3. Құрайыштың жоқтығын және ансардың әлсіздігін пайдаланып, Әз.Әбу Бәкір халифа сайланды;

4. Өзінен абзал кісі тұрғанда дәрежесі төмен кісінің имам болуына жол берілмейді. Сондықтан шын имам – Әбу Бәкір емес, Әз.Әли;

5. Имамдық сайлау арқылы емес, нас пен өсиет арқылы белгіленуі тиіс, – деген сын пікірлер мен пайымдауларды алға тартты.

Ислам тарихшылары мен саясат саласындағы ғалымдар өз еңбектерінде бұл сын пікірлер мен пайымдауларға жауап ретінде түсініктемелер берген болатын.

Иә, халифалық мәселесінің Әз.пайғамбардың өлімінен кейін мұсылмандар арасында саяси қарама-қайшылықтар мен қанды қақтығыстарды туғызғандығы рас. Алайда, сахабалар саяси билікті өз қолына алу үшін әрекет жасап, Әз.пайғамбардың көзі тірісінде жоспарлар құрып, қулықпен билікті басып алды деген көзқарас – негізсіз көзқарас және мұны айтып жүргендердің жеке пікірі мен пайымдауы ғана. Ал, шындығында, Сәида ұлдарының шатырына жиналғандар халифалық пен кімнің халифа болуы тиіс деген мәселені жан-жақты талқылауға салған еді. Сөз сөйлегісі келген әрбір кісіге сөз беріліп, өз пікірін айтқысы келгендерге де тосқауыл қойылмаған-ды. Мұның дәлелі ретінде жиналыс барысында орын алған қызу пікірталастарды, алға тартылған әртүрлі тезистерді және жиналғандардың әрекеттерін келтіруге болады.

Сәида ұлдары шатырында өткізілген сайлауда мүһәжірлер мен ансарлар қанша іздегенімен, қажетсінгенімен, халифалыққа дәлел ретінде ешбір аят пен хадис келтіре алмаған болатын. Бұл жағдай имамдық-халифалық мәселесінің, яғни мемлекет басшысының нас пен өсиет арқылы емес, сайлау арқылы тағайындалатынын көрсетті. Ал «ең абзал» кісі тұрғанда одан «дәрежесі төмен» (абзал) кісі мемлекет басшысы бола алмайды деген тезисті шииттер ішіндегі маргиналдық бір топ алға тартты. Тарих бойы мұсылмандар бұл тезисті қабыл етпеді. Оның үстіне, «ең абзал» немесе «абзал» кісі деп сипаттау шартты ұғымдарды білдіреді. Өйткені біреулер «ең абзал» деп қараған кісіні басқалары «абзал» кісі ретінде санауы мүмкін, керісінше де болуы ықтимал.

Ақиқатында, Әз.Әбу Бәкір өте ауыр және қиын-қыстау күндерде мемлекет басшысы сайланған-ды. Ол мұсылмандар арасында бірлік пен ауызбіршіліктің қайта қамтамасыз етілуіне, діннен шыққандарға

қарсы күреске, ислам мемлекетінің дамып, күшеюіне және фәтх әрекеттерінің жеңіспен нәтижеленуіне үлкен үлес қосты. Білімділігі, Расулұллаһтан мемлекетті басқаруға қатысты үйренген тәжірибесі, зеректігі мен ержүректігі, абыройы мен басқару қабілеті оның халифалық міндетін сәтті атқаруына мүмкіндік берді.

Халық оның табысты да пайдалы қызметіне өз ризашылығын білдірді. Науқасқа шалдыққан уақытта, қасына келіп, орнына бір кісіні қалдыруын сұрады. Ол өз орнына Әз.Омардың халифа сайлануын өсиет етті. Әз.Омар Әз.Әбу Бәкірдің өсиеті және мұсылман қауымның серт берісуі арқылы халифа сайланды. 634 жылы халифа болған Әз.Омар 10 жыл халифалық құрып, ел пайдасы үшін аянбай қызмет етіп, фәтх ету әрекеттерінің Иран, Ирак, Шам мен Палестина аймағында сәтті жүргізілуін қамтамасыз етті. Ел билеуде көрсеткен әділеттігі мен тапқырлығы арқылы тарихта аты қалды.

Дегенмен, Әз.Омар өз әділдігінің құрбаны болды. Ол 644 жылы Әбу Лү'лү атты ирандық бір христиан құл тарапынан алған ауыр жарақат себебімен дүниеден қайтқан болатын. Әз.Омардан орнына кімді халифа ретінде ұсынатындығы сұралғанда, ешкімнің атын атап, өсиет етпеді. Оның орнына мәселені шешу үшін Құрайыштан шыққан алты сахабаға өкілеттік беріп, сол арқылы бәрін бірдей дәрежеде мемлекет басшылығына үміткер ретінде көрсетті. Абдуррахман бин Ауф төрешілік еткен «Сайлау кеңесінде» өткізілген ұзақ талқылау нәтижесінде Әз.Осман халифа тағайындалған-ды.

Мәдиналық мұсылмандардың өзіне серт беруі арқылы 644 жылы халифа сайланған Әз.Османның халифалығы 12 жылға созылды. 656 жылы Мәдина қаласына басып кіріп, қаланы қоршауға алған бүлікшілер Әз.Османды шейіт етті. Оның орнына Әз.Әли халифа ретінде тағайындалды. Кезінде Әз.Омар мен Әз.Османның халифа сайлануына мұсылмандар арасынан қарсы шыққандар болмаған-ды. Ал Әз.Әлидің халифалығын бірқатар сахабалар мен көптеген кісі мойындамады және оған серт беріспеді.

Бес жылға жуық халифалық құрған Әз.Әли 40-ыншы жылғы рамазан айының 17 күні (20 қаңтар 661 ж.) өлтірілді. Сөйтіп, Әз.Әлидің өлімімен Рашид халифалар дәуірі аяқталған болатын.

Саясат пен халифалық мәселесі ғасырлар бойы мұсылман әлемінің күнтәртібіндегі ең маңызды мәселелердің бірі болды.

Келешекте де бұл мәселе өз өзектілігін жоғалтпасы анық. Сондықтан бұл тақырып төңірегінде ең көп пікір айтылып, еңбек жазылған тақырыптар қатарына жатады. Мұсылман және басқа да авторлар, ғалымдар мен ойшылдар бұл тақырыпта көптеген еңбектер жазды.<sup>564</sup>

Рашид халифалар дәуірі ислам діні үстемдік құрған, мемлекет қалыптасып, дамыған, фәтх әрекеттері жеңіспен жалғасқан, әртүрлі құрылықты мекен еткен халықтар топ-тобымен мұсылмандықты қабылдаған, бейбітшілік пен молшылық жайылған дәуір ретінде тарихта өзіндік орнын алған болатын. Мұсылман халықтар бұл кезеңге «үлгі (модель) кезең» ретінде қарады. Сонымен қатар бұл кезең ішкі шиеленістер мен бауырлар (мұсылмандар) арасындағы қақтығыстар орын алған, төрт халифаның үшеуінің өміріне қастандық жасалған, діни және саяси топтар пайда бола бастаған кезең ретінде де тарихта қалды.

Рашид халифалар дәуірінде ішкі және сыртқы саясатта тұрақтылық сақталды. Мұсылмандар және басқа халықтармен қарым-қатынас әділеттілік талаптарына сай орнатылды. Мемлекет баршаға бірдей қайырымдылық көрсетті. Кедей-кепшік пен жетімдерге тиісті жәрдем көрсетілді. Даму және ортақ байлықты бөлісу тұр-

---

564 Мұндай еңбектер қатарына мыналар жатады: Ибн Халдун, *Муқаддима*, ауд., Хакир Кадири Уган. - Стамбул, 1990; Мұхаммед Зияеддин Реис, *әл-Ислам уәл-Халифа фил-Асриил-Хадис; Нәқд Китәбил-Ислам уә Усулул-Хукм*. - Каир, 1976; *әл-Әхкәмус-Султанийә*, А.Sanhaugy, *Le Califat*. - Париж, 1924; Абдулуаххаб Халлаф, *әс-Сиясәтуи-Шәр'ийә уә Низамуд-Дәуләтил-Исләмийә фиш-Шу'унид-Дустурийә уәл-Харижийә уәл-Мәлийә*. - Каир, 1977; М.Е.Көкташ, *Дин ве Сиясет, Сиясал Давраныш ве Диндарлык*. - Анкара, 1997; Исмаил Кара, *Исламжәшларын Сияси Гөрүшлери*. - Стамбул, 1994; Етхем Рухи Фығлалы, *Имамия Шиасы*. - Стамбул, 1997; Ахмет Акбулут, *Сахабе Деври Сияси Хадиселеринин Шекилленирдийи Келам Меселелери*. - Стамбул, 1992; Ебу Амр Осман б. Бахр, *Китәбул-Османийә*; Сабри Хизметли, *Китәбул-Османийея Гөре Жахызын Имамет Анлайышы*. - Анкара, AÜİFD, XXVI. – Анкара, 1983; Ибн Әбил-Хадид, *Шәрху Нәхжил-Бәләга*; М.Саид Хатибоғлу, «Хилафетин Курейшлилийи», AÜİFD, XXIII. Анкара, 1978, 121-213; Ибн Кутәйба, *әл-Имәмә уәс-Сийәсә*. - Бейрут, 1985; әл-Музаффер, *әс-Сәқифә*; М. әд-Девалиби, *Исламда Девлет ве Иктидар*, ауд., М.С.Хатибоғлу. - Стамбул, 1995; Зия Казыжы, *Ислам Муесселери Тарихи*. - Стамбул, 1991; Табари, *Тарих*, I; Х.Ибраһим Хасан, *Сияси-Дини-Күлтүрел ве Сосиял Ислам Тарихи*, ауд., комисс., I. - Стамбул, 1987; Д.Г.Б. *Ислам Тарихи*, II. - Стамбул, 1992.

ғысында аймақтар арасындағы тепе-теңдіктің сақталуына мән берілді. Сүйіспеншілік пен бауырластық сезімді күшейту, кекшілдік пен дұшпандықты азайту үшін шаралар қолға алынды. Адам құқығы, жан мен мал, дін мен ар-ұждан еркіндігі құрметтелді. Діни, этникалық және мәдени әртүрлілікке түсіністікпен қаралды. Көпшіліктің азшылықты, әлдінің әлсізді, ауқаттының жоқ-жітікті езуіне жол берілмеді. Мемлекет мүддесі мен халық мүддесі жеке-жеке бағаланып, бір-біріне зиян келтірмеуі көзделді. Мемлекет халықтың игілігі үшін қызмет етуге тырысты. Мемлекеттің әрбір азаматы заң алдында тең тұтылып, мұсылман мен мұсылман емес кісі бірдей құқықтарға ие болды. Әділдікті орнатуға ерекше көңіл бөлінді. Зұлымдық жасаған, қысым көрсеткен және өз ісіне лайық емес деп табылған басшылар мен мемлекеттік қызметкерлер жазаға тартылып, азаматтардың құқықтарына қол сұғуға тосқауыл қойылды. Шындығында, өлтірілген үш үш халифа осы әділдігі, қайырымдылығы мен мейірімділігіне байланысты құрбан болғанды.

Рашид халифалар дәуірінде көршілес мемлекеттермен да жақсы қарым-қатынас орнатылды. Тату көршілестік пен бейбітшілікке негізделген сауда, әскери, әлеуметтік және мәдени қатынастар дамытылып, осы бағытта ынталандыру жұмыстары жүргізілді. Мұсылмандар Византия, Иран, Қытай, Үндістан, Мысыр және Африка елдерімен әр түрлі салада қарым-қатынас жасады. Фәтх етілген қалалар мен елдерде қоныстанған халық арасындағы татулыққа ерекше мән берілді. Бұл аймақтарды көркейту, тұрғындарын молшылық пен бейбіт өмірге қауыштыру мемлекеттік саясаттың маңызды мақсаттарының біріне айналды.

## **Ә. ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕ**

Мемлекеттік құрылымды қалыптастыру да Рашид халифалар дәуірінде орын алған маңызды мәселелер қатарына жатады. Әз.Әбу Бәкір, Әз.Омар мен Әз.Осман халифалық құрған кезеңдерде барлық салада мемлекеттік құрылымды қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Фәтх әрекеттері мен сауда-саттық нәтижесінде түскен табыстың басым бөлігі мемлекетті қалыптастыру мен жүйеге келтіру үшін жұмсалды. Бұл мәселеде әрі арабтардың әкімшілік-әлеуметтік

салт-дәстүрлері әрі көрші Византия мен Парсы империяларының тәжірибесі пайдаланылды. Алғашқы үш халифа кезеңіндегі оқиғалар арасында, міне, осы мемлекетті қалыптастыру мәселесі ерекше көзге түседі.

Тарихта әртүрлі мемлекет формасы кездеседі. Мемлекеттер жергілікті, ұлттық және бүкіләлемдік құрылымда, сондай-ақ теократиялық, монархиялық, олигархиялық және демократиялық сипатта болуына қарай түрлі атаулармен аталады. Мәселен, мұсылман халықтар мен мемлекеттер тарихында саяси билік пен басқару халифат, мемлекет, әмірлік, династия (ханедандық), бейлік және жумхурият (республика) сияқты атаулармен аталды. Проблема мемлекеттік жүйені қалыптастыру, басқару, атауын белгілеу және шаруашылығын жүргізуде емес, саяси күш пен мемлекеттік билік кімде және қайда болуы тиіс деген мәселе төңірегінде өрбіген болатын.

Мемлекеттік билік исламда әмбебап сипатқа ие. Бұл билік халықтан бастау алады және оны жүзеге асыратын өкімет пен баршаға бірдей заңдарға сүйенеді. Өз.пайғамбар тарапынан құрылған, Рашид халифалар тұсында дамып, жүйеге келтірілген мемлекет құрылымы, міне, осы үш элементті қамти отырып, ислам халықтары мен мемлекеттерінің тарихында өз орнын иеленді. Танымдары, негіздері, ұстанымдары мен құрылымдары тұрғысынан бұл мемлекет өзіндік ерекшелік пен әлемдік құндылықтарға сүйенді. Нәсіліне, түр-түсіне, ұлты мен дініне қарай ешкімді бөліп-жармай, баршаға адамша өмір сүру құқығын беріп, кез келген мәселеде құқықтың үстемдігін басшылыққа алды. Саяси билік халыққа негізделіп, халықтың еркін сайлауы мен серт беруі арқылы жүзеге асты. Яғни Өз.пайғамбар мен Рашид халифалардың мемлекет басына келуі, бір қарағанда, міндеттеме іспеттес серт берісу арқылы заңдастырылған болатын. Өйткені халифа сайлау мәселесі діни емес, саяси бір мәселе еді. Сондықтан басшыларды сайлау құқығы халыққа берілген-ді.

Екі жылдық халифалық кезеңінде (632-634) Өз.Әбу Бәкір, бір жағынан, «Ридда» соғыстарында жеңіске жетіп, қоғамдық тыныштық пен бейбітшілікті қамтамасыз етсе, екінші жағынан, ислам мемлекетін уәлаяттар түріндегі әкімшілік бірліктерге бөле отырып, оның құрылымын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді.

Ал Әз.Омар кезеңінде: фәтх әрекеттері мен мемлекет құрылымын жетілдіру сияқты екі маңызды мәселе қолға алынды. Әз.Омар тұсында әкімшілік, саяси, әскери, әлеуметтік, құқықтық және қаржы салаларында мемлекеттік құрылым қалыптастырылып, жүйеге келтірілді деуге де болады. Сондықтан кейбір авторлар Әз.Омарға ислам мемлекетінің әкімшілік құрылымын алғаш қалыптастырушы тұлға ретінде қарайды.

Ел басқарудағы әділдігімен танылған Әз.Омар мемлекетті оны құруға тікелей атсалысқан «диуандар» арқылы басқарды. Бүгінгі департамент, басқарма, не болмаса, министрлікке ұқсас қызмет атқарған диуандардың құрылуы мемлекеттің өз міндетін пәрменді әрі функционалды түрде атқаруына мүмкіндік берді. Атқарған істері мен әділ шешімдерінің арқасында символға айналған Әз.Омарға халық ерекше ықылас танытқан-ды.

Әз.Омар уәлилердің тікелей халық тарапынан қадағалануын және басшылар жөніндегі қоғамдық пікірдің халифаға жеткізілуін қамтамасыз ету мақсатында «Диуан-ы Мәзалим» атты мекеме құрған болатын. Бұл мекеме кейінірек саяси билік басына келген әмеуилер мен аббасилер тұсында да «Мәзалим мекемесі» немесе «Мәзалим сот мекемесі» түрінде өз қызметін жалғастырды.

Әз.Омар мемлекетті басқаруда Құран мен сүннетті басшылыққа алып, алдыңғы халифаның атқарған істерін үлгі тұтты. Ол мұсылмандарға қатысты істерді, қоғамдық қызметтерді «Шура» мәжілісімен кеңесе отырып жүргізді. Ал өте маңызды мәселелерді шешуде мүһәжірлер мен ансарлардан құралған «Жалпы Кеңесті» жиып, солардың пікіріне жүгініп отырды. Мәселен, Сирия мен Ирак фәтх етілген тұста бұл елдердегі жер телімдерін сарбаздар арасында бөліске салу талап етіледі. Осы мәселеге байланысты Әз.Омар «Жалпы Кеңесті» жиып, жиналыс бірнеше күнге созылады. Жиналыс барасында қатысқандар өз пікірлерін еркін түрде ортаға салып, талқылайды. Сондай-ақ «Нихавенд» соғысы кезінде де осындай бір «Жалпы Кеңес» отырысын өткізген болатын.

Сонымен қатар Әз.Омар тұсында күнделікті мәселелер Пайғамбар мешітіне жиналатын мүһәжірлер мен ансарлардан құралған мәжіліс тарапынан қарастырылды. Әз.Омар ислам мемлекетіне қарасты уәлаяттар мен елді мекендерден келіп түскен күнделікті хабарлар мен шағымдарды осы мәжіліске жолдап отырған. Мәжіліс



аталған мәселелерді талқылай келе, шешім шығарған. Оның үстіне, халыққа басқару ісін тікелей бақылау құқығы да берілгенді. Мәселен, Куфа, Басра және Шам сияқты қалаларда салық жинаушы қызметкерлерді халық өзі сайлаған. Уәлилерді тағайындау мәселесінде де уәлаят тұрғындарының талаптарына мән берілген. Халыққа ұнамаған уәлилер өзгертіліп отырған. Мысалға, Куфа уәлиі Сағд бин Әбу Уаққастың басшылығына көңілі толмаған халықтың талабы орындалып, уәли ауыстырылған болатын.

Осы ерекшеліктеріне қарай отырып, Әз.Омар өкіметінде бүгінгі демократиялық қоғамдарда орын алған Халық мәжілісі, Министрлер кабинеті, жергілікті және аймақтық басқармалар сияқты басқару органдары құрылып, сол арқылы істердің атқарылғандығын айтуға болады.

Әз.Омар – ислам тарихында мемлекетті аймақ, облыс, аудан және ауылдарға қарай әкімшілік бірліктерге бөлген алғашқы мемлекет басшысы. Осы бөлініс бойынша ислам мемлекеті: Мекке, Мәдина, Сирия, Жазира, Басра, Куфа, Мысыр және Палестина сияқты сегіз аймаққа бөлінді. Бұл аймақтар іштей тағы бөлінген болатын. Фәтх етілген елдердегі бұрынғы басқару жүйесі өз күйінде қалдырылды. Уәлаяттарда мемлекеттің атынан жоғары лауазымды тұлғалар ретінде уәлилер, хатшылар, диуан хатшылары, қазылар, салық қызметкерлері (*сахибул-хараж*), қазынашылар (*сахибу бәйтмил-мал*) және полиция (*ихдас*) қызметкерлері қызмет көрсетті. Біліктілігі мен қолынан іс келетіндігіне қарай тағайындалған мемлекеттік қызметкерлер өздеріне жетерліктей айлық та алып отырды.

Ислам тарихында алғаш рет сот органын құрып, сот істерін басқа міндеттерден ажыратқан да осы әділеттігімен әлемге аты жайылған Әз.Омар болатын. Ол пәтуа шығаратын орындар мен сот мекемелерін құрып, мүфти мен қазыларды аса бір мұқияттылықпен тағайындады және оларды үнемі бақылап та отырды. Өз есігін де халық үшін үнемі ашық тұтты. Мәдина мешітіне келген халықтың шағымдарын тыңдап, мәселелерін шешіп, күндіз демей, түн демей қызмет етті.

Әз.Омар әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Кедей-кепшікке, жетімдерге, қарттар мен зұлымдыққа ұшырағандарға қамқорлық көрсетті. Мемлекеттің барлық азаматтарына әділдік және теңдік ұстанымдарын сақтай отырып қарау

жөнінде басшыларға жазбаша түрде де, арнайы хабаршы жолдап та өз бұйрығын жеткізіп отырды.

Халық ішіндегі әртүрлі топтар арасында әлеуметтік әділеттікті орнатуға мән берді. Әз.Омар жылдың белгілі бір кезеңдерінде, әсіресе, қажылық маусымында қаржы мен әскери саладағы қызметкерлерді жинап, атқарған істері жөнінде жан-жақты есеп алып отырды. Сондай-ақ оларды тексеріп-бақылайтын инспекторлар да бар болатын.

Елдегі ғылым мен білім беру мәселелеріне де ерекше маңыз берген Әз.Омар тұсында фәтх етілген елдердің барлық тарапына әділдікпен қызмет ететін басшылар, қазылар мен қолбасшылар, сондай-ақ Құран Кәрім мен ислам ілімдерін үйрететін ғалымдар жолданып, тәлім-тәрбие мен білім беретін мекемелер құрылды.

Әз.Осман шейіт етілгеннен кейін Әз.Әли халифа болып сайланды. Алайда оны сайлаған көпшілік Әз.Османның өміріне қастандық жасағандарды тауып, жазаға тартуын талап етті. Әз.Әли халифа сайланғаннан кейін бес айдан соң мемлекетті басқару құрылымына өзгерістер енгізіліп, ел астанасы Мәдинадан Куфаға көшірілген болатын. Әз.Әли сот істерін де, басқа мемлекеттік істерді де осы жерден басқара бастады. Ол – Әз.пайғамбар мен өзінен бұрынғы үш халифа тұсында ел басқару және сот қызметін жүргізу ісінде үлкен тәжірибе жинақтаған және бұл салада өзінің біліктілігін көрсете білген алып тұлға. Әз.Әли халифа болған тұста да сотты басқару мен сот ісін жүргізу мәселесіне белсенді түрде атсалысты.

Оның тұсында сот органдарының іргетасы Куфа қаласында қаланған болатын. Кейінірек бұл қала астана ретінде белгіленді. Бұл кезеңде мұсылмандармен қатар мұсылман емес азаматтарға да әділет пен құқық, қызмет пен зейнет тұрғысынан бірдей жақсы қызмет көрсетілгендігін аңғаруға болады.<sup>565</sup>

Әз.Әли қалаларға білікті де іскер азаматтарды қызметке тағайындады. Міндетін табысты атқарған соттарды қызметінде жоғарылатып, ал қолынан іс келмейтіндерді қызметтен босатып отырды. Әз.Әли Мұхаммед бин Әбу Бәкірді Мысырға уәли етіп тағайындаған уақытта оған нұсқаулар жолдап, сот істерін жүргізу

---

565 Абдулхалық Бақыр, *Хз.Әли ве Дөнemi*. - Анкара, 1991, 121.

мәселесіне де жауап беретіндігін ескертіп, халыққа әділ қарауын тапсырды. Бір күні Мысыр уәлиі Мұхаммед бин Әбу Бәкірдің алдына сотқа бір мұсылман мен христиан келіп, зина жасау қылмысына қатысты арыз береді. Сонда ол арызданушылардың мәселесін шешу үшін қандай заңды ұстануы қажеттігін сұрап, Әз.Әлиге хат жазады. Әз.Әли мұсылман жөнінде ислам заңы бойынша, ал христианға қатысты өз заңы бойынша үкім шығаруы керектігін жазады.<sup>566</sup>

Әз.Әли ел басқарған кезеңде мемлекетті басқаруда маңызды өзгерістер орын алмағанымен, жүйелі полиция органдары құрылып, түрме салынған еді. Сонымен қатар фәй мен жалақының әділ бөлінуі үшін тиісті шаралар қолға алынған-ды.

Халифалар арасында бүгінгі мағынасында түрме салған осы Әз.Әли болып табылады. Куфа қаласындағы Әз.Әли тарапынан салдырылған алғашқы түрме «Нәфи» деп аталды. Түрмеде жатқандардың ішер асы мен қыстық-жаздық киер киімі мемлекет тарапынан қамтамасыз етілді. Бұл шараны да қолданысқа енгізген Әз.Әли болатын. Ол сот істерін жүргізу барысында ислам заңдарына қарай үкім берді, ал одан таппаған жағдайда өзі ижтиһад етті. Жеке өмірінде де, ел басқару ісінде де үнемі заңдарға бағынды. Еш уақытта өзіне заңнан жоғары күш ретінде қарамады. Халифа болған кездің өзінде соттың алдына әрі арыз беруші әрі жауапкер ретінде қатысты және бұған бір азаматтық борыш ретінде қарады. Мәселен, халифа болып тұрған тұста қоластындағы өзге дін өкілдерінен шыққан бір кісімен тартысып, қаланың соты Шурайхтың алдына барған кезі де болған-ды.

## **Б. ӘСКЕРИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ФӘТХ ЕТУ ПӘЛСАПАСЫ**

Әскери жүйе мен әскери қимылдар, яғни фәтх әрекеттері Рашид халифалар дәуіріне із қалдырған оқиғалардан саналады. Бұл кезеңдегі фәтх әрекеттері, бір жағынан, мұсылман араб қауымның Арабстаннан тыс жерлерде басқа мәдениет және дін өкілдерімен бірге аралас өмір сүруіне, екінші жағынан, Сасани мен Византия империяларына қарасты елдер мен аймақтар, сондай-ақ

---

566 Бухари, *Жихад*, 97; Фахреддин Атар, *аталмыш еңбек*, 74.

басқа да елдер мен халықтардың ислам дінімен танысуына мүмкіндік берді. Фәтх әрекеттерінің сипаттамасын, құралдары мен мақсаттарын, нәтижелері мен ықпалын қарастырмас бұрын ислам дінінің сүйіспеншілік, бейбітшілік, тыныштық пен қауіпсіздік діні, адамзатты құтқарушы дін екендігін, Расулуллаһтың сүйіспеншілік, бейбітшілік пайғамбар ретінде бүкіл әлемге мейірім етіп жіберілгендігін ескерткіміз келеді. Сондықтан бірқатар ұғымдарға түсініктеме беру және жаңылыс түсініктерді түзету арқылы тақырыпты қолға алуды жөн көрдік.

Шындығында, ислам діні ешуақытта соғысқа ұмтылмады. Алайда, өмірде соғыссыз шешілуі мүмкін емес жағдайлар да кездесіп жататыны белгілі. Міне, осындай жағдайларда тікелей және материалдық қолдау көрсету арқылы Аллаһ жолында күресу (жиһад ету) әрбір мұсылман ер азамат пен әйел кісі үшін парыз болып табылады. Мәғазидің әдебиетінен ғазуаттар мен әскери әрекеттердің, ең алдымен, қорғаныс мақсатында жүзеге асырылғандығын көреміз. Мұсылмандар Әз.Мұхаммед тұсындағы ғазуаттарда да, Рашид халифалар кезеңіндегі фәтх әрекеттерінде де ислам дінін қантөгіс және қылыштың күшімен, не болмаса мал-мүлкін тартып алу арқылы таратуға, қабыл еттіруге ұмтылған емес. Тек басқа шарасы табылмаған жағдайларда ғана соғысуға барған-ды.

Мұсылмандар соғыс майданының өзінде бейбіт саясат ұстануға, мәжбүр болмайынша, соғыспауға тырысты. Жеңіліске ұшыраған, яғни фәтх етілген елдердегі халыққа қарсы «исламдастыру операциясын» жүргізбеді. Соған қарамастан, кейбір орталар ғазуаттар мен Рашид халифалар дәуірінде орын алған фәтх әрекеттері ислам дінін күштеп қабыл еттіру арқылы адамдарды исламдастыру, олжа табу және жан-жаққа тарау мақсатымен жүзеге асырылған деген пікірлерді алға тартты. Осыған байланысты мұсылмандар мен ислам діні жөнінде жағымсыз пікір қалыптасты. Мұсылмандар қантөккіш, жаугер, варвар және лаңкес адамдар ретінде, ал ислам соғыс пен лаңкестік діні ретінде танытылды.

Бұл жағымсыз бейнені жою және жаңсақ түсініктерді түзету үшін, ең алдымен, «фәтх ету пәлсапасының» мәнін ашып көрсету, жиһад, соғыс, фәтх, дінге шақыру (дағуат), дар сияқты ұғымдарды дұрыс түсіну және түсіндіру қажет.

Расулуллаһ көрсеткен мақсаттарға сай Рашид халифалар кезеңінде басталып, мұсылман халықтар тарихы барысында жалғасқан фәтх әрекеттері адамзатқа соңғы иләһи дінді жеткізу, ислам қамтыған ақиқаттарды насихаттау, дінге шақыру және адамдардың «исламдануын» қамтамасыз етуді мақсат етті. Басқа сөзбен айтқанда, бұл әрекеттердің мақсаты исламның үнін естірту, мемлекеттер мен халықтарды исламмен таныстыру болып табылады. Жаулап басып алу, исламдастыру, қысым жасау және қоқан-лоқы көрсету арқылы құлға айналдыру, өлтіру, дарға асу сияқты әрекеттер – «ислам фәтх ету пәлсапасына» сәйкеспейтін әрекеттер.

«Жиһад» сөзі «тырысу», «талаптану», «құлшыныс көрсету» және «күресу» деген мағыналарды қамтиды. Ал діни термин ретінде ислам әдебиетінде ерекше мағынаға ие: «Жиһад» Аллаһ жолында тырысу, дін үшін қызмет ету, қажет болған жағдайда, қарулы қақтығысқа кірісіп, соғысуды білдірумен қатар, нәпсі мен өз бойындағы жаман қасиеттерге қарсы күресті де білдіреді. Исламды тәблиғ ету, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю да жиһад ретінде бағаланады. Сонымен қатар майданда дұшпанға қарсы соғысу, нәпсіні тәрбиелеп, жақсылыққа бағыттау да жиһад болып табылады. Құранда да, сүннетте де бұл мағыналарға негіз боларлық дәлелдер бар. Мұсылман ғалымдар өз еңбектерінде осы қайнаркөздерге сүйене отырып, жиһадтың саласы, жолдары, құралдары мен мақсаттары жөнінде жазды.

Жиһад ислам дінінде әрі ғибадат әрі ізгі (салих) амал саналады. Жиһад мүмін кісінің әрбір ісі мен әрекетін қамтиды. Мүмін кісі игі істер жасау, жамандықтан аулақ болу, өзі мен басқаларға пайдалы іс істеуге жауапты. Істелген әрбір жақсылық пен жамандықтың сыйы мен жазасы бар. Ғибадат пен ізгі амал дінде бұйырылған істер қатарында орын алады. Олай болса, әрбір мұсылман ер азамат пен әйел кісі үшін жиһад парыз болып табылады. Негізінде, кісінің жынысына қарап, жалпы құқық пен еркіндік, иман, ғибадат және ахлақ негіздері тұрғысынан ер мен әйелді бөліп қарамаған Құранда жиһад еткен ер кісілер «мужәһидун», ал әйел кісілер «мужәһидет» деп аталған. Сондықтан жиһад әйелдерге емес, тек «мүмін еркектерге» ғана парыз деп қарау да, оны тек ғибадат ретінде санау немес «Аллаһ жолында соғысу» деп қана ұғыну да орынды көзқарас емес.

Оның үстіне, жиһад тек соғыс майданына тікелей қатысып, соғысумен ғана емес, мал-дүниесін жұмсау және ілім жолы арқылы да жүзеге асырылады. Майдан шебінде ерлікпен шайқасып, дін, отан және халық үшін соғысу жиһад болса, әлеуметтік әділдікті орнату, кедейлікті азайту, мұсылмандар арасында ғылым мен білімді жаю, сарбаздардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жетімдер мен жоқ-жітікке қамқорлық жасау үшін қорлар (уақыфтар) құру сияқты мақсаттарды жүзеге асыру жолында қызмет ету, қаржылай қолдау көрсету де жиһад саналады. Жиһадқа тек Аллаһ жолында соғысу ретінде анықтама беру ислам дініне қылыштың күшімен, қоқан-лоқы көрсету және күш қолдану арқылы тараған дін ретінде қаралуына, ал мұсылмандардың қан төгіп, қысым көрсеткен халық ретінде жаңылыс танылуына, бұл ұлық дін жөнінде жағымсыз пікір қалыптасуына себеп болып отыр. Ал, шындығында, бейбіт өмір мен қауіпсіздік діні саналатын исламда соғыс – ең соңғы шара.

Сонымен қатар жиһад қылыш-қалқан, зеңбірек-мылтықпен соғысу арқылы адамдарды Аллаһ уаһи еткен дінге күштеп кіргізу, исламды қабыл еттіру үшін жанымен, малымен шайқасу ретінде ұғынылмауы тиіс. Араб тіліндегі «жиһад» сөзі тырысу, еңбек ету, ізгі істер атқару, ойлану және ой-пікір қалыптастыру, мал-жанымен Аллаһ жолында еңбек ету, керек болған жағдайда соғысу мағыналарын білдіреді. Олай болса, үммет не адамзаттың игілігі үшін, оның бір проблемасын шешу, басына түскен бір жамандықтан құтқару үшін кісінің өз материалдық-рухани мүмкіндігіне қарай тырысып, әрекет жасауы да жиһад болып есептеледі. Туындаған проблемалар мен қиындықтарды жеңу немесе қоғамның даму жолында бір басшы, ғалым, қолбасшы, іскер азамат, саудагер не кез келген бір кісінің бар күшін салып тырысуы, ойын білдіруі не мүмкіндік жасауы, кез келген түрде атсалысуы да жиһад. Ізгілікке шақырып, жамандықтан тыю, мұқтаждарға қол ұшын беру де жиһад. Қажет болған жағдайда мал-жанымен соғыс майданында дін, мемлекет, халық, отан, ту, ар-намыс үшін, Аллаһ жолында соғысу да жиһад. Бейбіт жолдар арқылы адамдарға дінді тәблиғ ету, ақиқатты насихаттау, ғылым мен білім беру арқылы адамдардың санасы мен көкірек көзін ояту, тура жолға салу да жиһад.

«Фәтх» – әскери салаға қатысты маңызды ұғым. Бұл ұғым адамдардың санасына, жүрегі мен ой-пікіріне ислам нұрын ұя-

лату, тәухид дінін жаю, оның алдында тұрған кедергілерді жою, Аллаһтың уахиын жеткізу және елдерді мұсылмандардың қоластына қарату мақсатымен жасалған әскери әрекетті білдіреді. Әділдік пен бейбітшілікті орнату, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ахлақтық құндылықтарды өмірге енгізу де фәтх әрекеттерінің себептеріне жатады. Фәтх – исламды күштеп қабыл еттіру емес, ақиқатты жаю мен шындықты үйрету әрекеті. Басқа сөзбен айтқанда, фәтх исламдастыру және қанау әрекеті емес, исламдану және адамша өмір сүруді қамтамасыз ететін іс-қимыл болып табылады. Ол – тура жолға салу мен тәблиғ жасау, әділ басшылық пен көркем ахлақ арқылы адамдардың жүрегі мен ой-санасын исламға қарай бағыттау ісі.

Фәтх әрекеттері ислам тарихында өте маңызды орынға ие. Өйткені мұсылман халықтар үшін де, фәтх етілген ел тұрғындары үшін де үлкен пайдасы тиген болатын. Мұсылмандар фәтх әрекеттері арқылы бүкіл әлемге тарап, әртүрлі мәдениет және дін өкілдерімен танысып, бірге өмір сүре бастады. Түрлі салаға қатысты білім мен тәжірибе жинақтап, саяси, әкімшілік, әскери, экономикалық, мәдени және әлеуметтік салаларда жетістіктерге жетіп, дүниетаным мен өмір салты тұрғысынан дами түсті. Ал фәтх етілген елді мекен халықтары жаңа дін, жаңа мәдениетпен таныса отырып, өздеріне зұлымдық пен қысым көрсетіп келген басшыларынан құтылды. Әділ билікке қол жеткізіп, дін мен ғибадат еркіндігі, мал мен жан қауіпсіздігі қамтамасыз етілген қоғамда өмір сүру мүмкіндігіне ие болды. Оның үстіне, өзара көмек пен материалдық-рухани құндылықтар тұрғысынан ықпалдасу нәтижесінде мұсылмандар мен басқа халықтар жаңа бір мәдениет қалыптастырған болатын.

Олай болса, ислам фәтх әрекеттеріне жаулап алу, қысым көрсету, құлға айналдыру және қанау әрекеті ретінде қарамаған жөн. Бұл әрекет – адамдарды қылыш күшімен қорқытып, күштеп жаңа дінге кіргізу, исламдастыру да емес. Бұл – тәблиғ ету мен үндеудің бір жолы, Аллаһтың сөзін насихаттау, ізгілікке бұйырып, жамандықтан тыю әрекеті, әділеттік пен бейбітшіліктің жер бетінде үстемдігін қамтамасыз ету қимылы. «Өмір сүру үшін енгізу» пәлсапасына сай ақыл-ойды қорғау, адам жанын қорғау, мал-мүлікті қорғау, дінді қорғау және ұрпақты қорғау мақсатында жүзеге асырылды. Зұлымдық, жамандық, надандық, қанау мен адам өміріне қастандық жа-

саудың көзін жоюға бағытталды. Фәтх әрекеттерінің басқыншылық әрекеттерден басты айырмашылығы осы ерекшеліктерінде жатыр.

Осы себепке байланысты фәтх етілген елдердегі халықтар ислам дініне шын ықыласпен иман етіп, әлемнің үлгілі мәдениеттерінің бірі саналған ислам мәдениетін құрған болатын. Егер бұлай болмағанда, фәтх етілген елді мекендерде көптеген кісі мүнәфықтар қатарына қосылып, мұсылмандықты күштеу нәтижесінде қабылдағандар орайы келген сәтте жаңа дінді тастап, ескі діндеріне кері қайтқан болар еді. Оның үстіне, фәтх етілген аймақтардың басым бөлігі соғыссыз, келісімшарттар жасасу және билікті мойындау арқылы ислам мемлекетінің аумағына енген-ді.

Сонымен қатар фәтх әрекеттерінде мемлекеттер мен халықтарды исламдастыру және олжа түсіру басты мақсат ретінде қойылмады. Фәтх әрекеттері тарихы бұл әрекеттердің адамдарға исламды еріксіз қабылдатуды, жизия мен салық төлеткізуді, сонымен қатар мемлекет пен әскердің мол олжа табуы мен баюын көздемегендігін анық көрсетеді. Фәтх етудегі түпкі мақсат Аллаһтың уахи еткен соңғы дінін барлық адамдардың танып-білуіне мүмкіндік беру, мемлекеттің күш-құдіретін арттыру, исламның бүкіләлемдік үндеуін барша адамзат баласына жеткізу болды. Дегенмен, олжаның түсуі, саяси үстемдіктің қамтамасыз етілуі, исламды қабыл ету үдерісінің жүзеге асуы, салықтардың алынуы сияқты әрекеттер фәтх ету барысында қол жеткізген нәтижелер мен жетістіктер қатарында орын алды.

Рашид халифалар дәуіріндегі фәтх ету пәлсапасы, міне, осы болатын. Фәтх әрекеттері мұсылмандар үшін стратегиялық маңызы бар, не исламды тәблиғ етуге кедергі келтірген, не ислам діні мен мұсылмандар үшін қауіп төндірген, не мәдениеті, жерүсті және жерасты байлығы арқылы үмметке пайда келтіреді деп саналған аймақтар мен елдерге бағытталды. Мұндай аймақтардың бір бөлігі соғыс арқылы, енді бір бөлігі бейбіт жолдармен фәтх етілді. Фәтх етілгеннен кейінгі уақытта исламдастыру саясаты жүргізілмеді, баршаға дін, ар-ұждан мен ғибадат еркіндігі берілді. Егер мұндай болмағанда, фәтх етілген елді мекендердегі халық толығымен исламды қабылдас па еді? Мұсылманнан басқа ешбір дін өкілі және мешіттен басқа ешбір ғибадат орны қалмаған болмас па еді? Ал, ақиқатында, ислам тарихында мұсылмандар мен басқа дін



өкілдерінің фәтх етілген елдерде бірге өмір сүргендігін, мешіттер мен шіркеу және синагогтардың қатар орналасқандығын көрсететін көптеген мысалдар кездеседі.

Рашид халифалар дәуірінде орын алған әскери оқиғалар екі бағытта өрбіді. Біріншісі – ішкі тыныштық, қауіпсіздік, бірлік пен ынтымақты қамтамасыз ету, ал екіншісі – мемлекет пен үмметті қорғау және күшін арттыру. Бірінші бағытқа мысал ретінде халифа Өз.Әбу Бәкір тұсындағы «Ридда» соғыстарын, Өз.Осман дәуірінде салық төлеуден бас тартып, саяси билікті өз қолына алуға ұмтылған бүлікшілердің басқөтеруін, Өз.Әли халифалық құрған кезеңдегі «Жамал», «Сыффын» және «Нехреван» соғыстарын, ал екінші бағытқа: Усәма бин Зәйд қолбасшылық еткен әскердің сапарға аттандырылуын, Ирак, Иран, Шам, Палестина, Мысыр, Солтүстік Африка және Түркістан аймақтарына бағытталған әскери қимылдарды келтіруге болады.

Өз.Мұхаммед дүниеден өтерінен бұрын мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндірген, мұсылмандардың сауда-экономикалық мүддесі тұрғысынан және стратегиялық жақтан маңызы бар Сирияға қарсы әскер жасақтаған болатын. Міне, осы әскерді Өз.Әбу Бәкір халифа болғаннан кейін бірден (11 жылғы сапар айының 26 күні / 632 жылғы 24 мамырда) Шамға қарасты Бәлқа жазығына аттандырып, ең алдымен, үмметтің бірлігі мен тұтастығын, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау мәселесін қолға алды. Ел арасында Өз.пайғамбардың көзі тірісінде, сондай-ақ оның өлімінен кейін шыққан иртидат (діннен шығу) қозғалыстары орын алды. Діннен шыққандар Әсуад әл-Ансиден қалған топ пен Сәжах, Туләйха, Мусәйлима мен Сәлма төңірегіне жиналған тайпалардан құралды. Аталған жалған пайғамбарлар мен олардың жақтастары діннен шығып, ислам діні мен мемлекетті жоюды көздеді. Сонымен қатар «тәухид кәлимасын» растап, иман келтіргенімен, зекет беруден бас тартқан не бірқатар діни міндеттерден босатуды талап еткен «мүртежилер» де бар болатын. Халифа Халид бин Уәлид, Икрима және тағы басқа тандаулы қолбасшылар басқарған жасақтарды аттандыру арқылы қысқа уақыт ішінде мүртедтерді де, мүртежилерді де жолға салып, оларға тойтарыс берді. Бұл қозғалыстарды табандылықпен баса отырып, мұсылман қауымның бірлігі мен ауызбіршілігін, тыныштығы мен ішкі татулығын қамтамасыз ете білді.

Ислам мемлекеті ол тұста Византия мен Парсы империялары сияқты әлемдегі екі алып империямен көршілес өмір сүрді. Алайда, бұл империялар құлдырау кезеңіне аяқ басқан-ды. Олардың арасында соғыс та жүріп жатты. Жиі-жиі орын алған ішкі шиеленістер, дін мен мазаб тартыстары екі мемлекеттің де күшін әбден әлсіреткен кез болатын.

Ішкі татулық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, мемлекеттің негізін жаңадан қалаған Әз.Әбу Бәкір Әз.пайғамбар бастаған фәтх әрекеттеріне қарай бет алды. Көршілес араб елдерін фәтх ететін уақыт та келіп жеткен еді. Алә бин әл-Хадрами, Мусәнна бин Хариса, Халид бин Уәлид, Сағд бин Әбу Уаққас, Әбу Убәйда сынды қолбасшыларға Ирак, Иран және Сирияны (Шам мен Палестина-ны) фәтх ету міндетін жүктеді. Хира, Хуфайр, Анбар, Айнут-Тәмп, Думатул-Жандал, Әжнадейн, Йәрмук, Жазира мен Хумс сияқты аймақтарда ислам әскерлері Иран мен Византия әскерлеріне қарсы соғыста жеңіске жетіп, бұл аймақтады фәтх еткен болатын.

Халифа сайланған Әз.Омар өзінен бұрынғы халифаның тұсында басталған Ирак, Иран және Сирияға бағытталған «фәтх әрекеттері» жалғастырды. Ол халифалық құрған кезеңде ислам әскерлері «Қадисия» мен «Нихавенд», сондай-ақ басқа да соғыстарда үлкен жеңістерге жетіп, Ирак, Иран, Сирия, Палестина, Мысыр және Александрияны фәтх етті.

Аталған аймақтардың фәтх етілуі арқылы ислам мемлекетінің шекарасы кеңіп, саяси билік аумағы ұлғая түсті. Халық саны артып, экономикалық жағдайы түзеліп, әлеуеті артты. Әз.Әбу Бәкір мен Әз.Омар кезеңінде жүргізілген фәтх әрекеттері мұсылмандардың көптеген жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндік беріп, үлкен көлемде қаржылай табыс алып келді. Мемлекет қазынасы байып, сарбаздардың да табысы молайды. Майданға бар ықыластарымен аттанып, фәтх әрекеттеріне қатысқан мұсылмандар әрі Аллаһтың ризалығына бөленіп әрі үлкен байлыққа қол жеткізді. Сонымен қатар барған жерлеріндегі мәдениет және өркениетпен танысу мүмкіндігіне ие болды. Майданға аттанған сарбаздардың бір бөлігі еліне қайта оралса, енді бір бөлігі фәтх етілген жерлерде қалған болатын. Мұсылмандар басқа дін өкілдерімен бір жерде қатар өмір сүре бастады. Ислам мәдениеті мен өркениеті Византия (Рим) және Сасани мәдениеттеріне көрші болып, әртүрлі мәдениеттер қатар

өмір сүру кезеңіне аяқ басты. Ислам тарихында «араласу (ихтилат) кезеңі» деп аталған дәуір басталып, мұсылман қауым көпжақты «ықпалдасу» кезеңін басынан өткерді.

Әз.Осман 23-інші жылдың соңы мен 24-інші жылдың басына қарай (644 ж.) халифа сайланған тұста алдыңғы халифалардан:

1. Мемлекеттің қалыптасуы мен құрылымдарының жетілуі;
2. Фәтх әрекеттері мен Византияның Александрияға қарсы шабуылы;
3. Ирандағы Рей, Хемедан және Истахр аймақтарындағы, Әзірбайжан мен Армениядағы халықтардың баскөтеруі сияқты үш маңызды нәрсе мұра ретінде қалған-ды.

Иранның аталған аймақтарындағы халықтар, сондай-ақ Әзірбайжан мен Армения тұрғындары салық төлеуден бас тартып, бүлік шығарған болатын. Әз.Османның әрі осы бүлікшілерге қарсы әрі Александрияға шабуыл жасаған Византияға қарсы әскер жасақтап, аттандыруы қажет болды. Екі шептегі әскери қимылдар жеңіспен аяқталды.

Әз.Осман тұсындағы фәтх әрекеттері екі бағытта: Шығыс пен Батысқа қарай жүргізілді. Шығыста да, Батыста да барынша ілгерілеген ислам әскері одан әрі бара қоймады. Өйткені әрі қарай ілгерілегенімен, кері қайтуы қажет болар еді. Фәтх әрекеттерінің нәтижесінде мемлекет шекарасы барыншы кеңіп, Азияда Түркістан, Ресей, Қытай мен Анатолияға дейін, Африкада солтүстік-батыс Африканың (Мағрибтың) ішкі аймақтарына шейін, ал Еуропада Испаниядан Португалия мен Франция шекарасына дейін жеткен болатын.

Дегенмен, Әз.Осман дәуіріндегі фәтх әрекеттері алдыңғы халифалар кезеңіндегіден өзгеше сипатта болды. Өйткені Әз.Әбу Бәкір мен Әз.Омар тұсындағы әскери қимылдар көрші араб елдеріне немесе көршілес Византия мен Сасани мемлекеттеріне бағытталғанды. Аталған елдер Арабстанға жақын орналасқандықтан, оларға қарсы әскери қимылдар жүргізу аса көп материалдық шығын талап етпеді әрі проблема да туғызбады. Оның үстіне, бұл елдер жер бетіндегі ежелгі мәдениеттердің бесігі саналған, дәулеті мол, топырағы құнарлы, мәдени рақат ғұмыр кешкен елді мекендер болатын. Ал Әз.Осман дәуірінде ислам әскері мемлекет

астанасынан өте ұзақ аймақтарға аттанды. Сондықтан мұндай әскери әрекеттердің шығыны мол, ауыртпалығы көп еді. Фәтх етілген елдер кедей болғандықтан, мемлекет қазынасына аса көп табыс әкелмеді, жауынгерлердің де қалтасы тола қоймады. Оның үстіне, мемлекет фәтх етілген елдерге көмек көрсетіп, абаттандыру мен қоныстандыру, ғылым мен білім беру қызметтерін ұсынуы тиіс болды. Бұл үшін мемлекет қазынасынан қаражат жұмсалды. Халифа осы жағдайға байланысты туындаған бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге тырысты. Ол Әз.Омар тұсында халық үшін белгіленген жалақыларды тоқтатуға мәжбүр болды. Бұл жағдай көптеген кісінің наразылығын туғызды. Халық арасында материалдық қиындықтар мен экономикалық дағдарыс бой көтерді. Әз.Османның халифалық дәуірінің соңына қарай толастай бастаған фәтх әрекеттері Әз.Әли тұсында тоқтаған-ды.

Әскери құрылымға келер болсақ, Әз.пайғамбар тұсында да, Рашид халифалар дәуірінде де халық пен мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ислам дінін насихаттау мен тарату еркіндігін қорғау мақсатында құрылған әскери күш қызмет көрсеткен-ді. Әскери қызмет Аллаһ ризалығына қауышуды, ақирет сыйына бөленуді мақсат тұтқан қызмет ретінде саналды. Сондықтан жасақталған әскер құрамында еріктілер саны басымдық көрсетті. Қажет болған жағдайларда міндетті әскери қызмет те белгіленіп отырды. Бұл тәртіп Әз.Омардың «Диуанды» құруымен нақтылана түсті. Жиһадқа әскер жасақталған уақытта шақырту жіберіліп, сол арқылы мұсылмандар әскерге алынатын еді. Кейінгі кезеңдерде бұл іс «Диуанул-Жунуд» тарапынан атқарылды. Әскерді Бас қолбасшы басқарды. Оның қарамағында әскерді мобилизациялау мен басқару міндетін атқаратын командирлер қызмет етті. Бас қолбасшы міндетін мемлекет басшысы атқарды. Алайда, қолы тимеген жағдайларда орнына лайықты деген кісіні тағайындап отырды.

Әскери командирлерді тағайындау, сондай-ақ әскери бірліктерді жасақтау барысында біліктілік, ісмерлік пен тайпаралық тепе-теңдік факторларына мән берілді. Мемлекет орталығындағы әскермен қатар, қажет болған жағдайларда түрлі елді мекендер мен стратегиялық маңызы бар жерлерде де әскери орталықтар мен

бірліктер құрылды. Мұндай әскери бірліктерді жасақтау міндеті кейде уәлаят басшылығына, ал кейде командирлерге жүктелетін еді. Кейбір жағдайларда, мәселен, «Тәбук» ғазауатында, Өз.Омар тұсындағы Сирияға бағытталған әскери қимылдар барысында әскерге шақырту мен әскерге қатысу барша азаматтар үшін міндетті саналған болатын. Мұндай міндеттің болғандығын бірқатар Құран аяттары да көрсетеді.<sup>567</sup>

Әскери бірліктер қызмет көрсету саласына қарай бірнеше түрге ажыратылды. Өз.пайғамбар тұсында әскер жаяу, садақшылар және атты әскер болып үшке бөлінді. Сонымен қатар медициналық, көлік, барлау қызметтерін атқарған бірліктер де болды. Рашид халифалар дәуірінде аталған бірліктерге жабдықтаушы бірлік (ләуазым) пен түйелі әскер, окоп қазушы, бекініс салушы, тас зеңбірекпен атқылаушы бірліктер де қосылды. Әскери қимыл барысында және әскери диуанда (штабта) қызмет көрсеткендер де әскер құрамында саналды.

Әскери лауазымдар қатарына: ариф, нәкиб, уәзи, хәди, каид, әмир мен сәрийә сияқты әскери бірліктердің командирлері мен бас қолбасшы лауазымдары жатқызылды. Сарбаздар мен командирлердің киімдері түсі мен түрі жағынан бір-бірінен өзгешеленбеді. Өйткені соғыс кезінде де, күнделікті уақытта да киген киімдері бір болатын. Әскерде ту мен байрақтар болды. Жауынгерлер мен командирлердің табысы соғыста түскен олжадан берілген жалақыдан құралды.

Рашид халифалар кезеңінде, әсіресе, Өз.Омар тұсында әскери жүйеге маңызды өзгерістер енгізілді. Шекара мен шеткей аймақтарда полиция бекеттері мен казармалар салынды. Куфа мен Кайраван сияқты әскери штаб ретінде қызмет көрсеткен қалалар болды. Сарбаздардың барлық қажеттіліктері мемлекет тарапынан қамтамасыз етіліп, оларға және отбастарына Диуан тарапынан жалақы да белгіленді. Қару мен әскери керек-жарақ жаңартылды. Әскер белгілі бір тәртіппен жасақталып, жүйеге келтірілді. Сонымен қатар бірқатар жер телімдері мемлекеттендіріліп, әскери қимылдарға дайын тұруы үшін мініс ат пен басқа да көлік жануарларына жайылым ретінде пайдаланылды. Жауынгерлер мен командирлер

---

567 Тәуба, 36, 39, 41; Өнфәл, 15-16, 71-74; Ниса, 75, 77.

әскери қимыл барысында көрсеткен жетістіктері мен ерліктері үшін түрлі сыйлықтармен марапатталып отырды.<sup>568</sup>

## В. СОТ ЖҮЙЕСІ

Ислам дiнiнде мемлекет пен билiктi әдiлеттiк ұстанымына негiздеуге үлкен мән берiледi. Ислам басшыларға өз мiндетiн әдiл атқаруын бұйырып, халыққа зұлымдық жасауына тыйым салады. Отбасы мүшелерi, туыстар, көршiлер және басқа дiн мен мазһаб өкiлдерi арасындағы қарым-қатынастарда, сондай-ақ iскерлiк пен кәсiби қатынастарда әдiлдiктi ұстануға шақырады. Өз мiндеттерiн атқаруда әдiлдiктен тайғандарға зұлымдық жасаушылар ретiнде қарап, мұндайлардың Аллаһтың сүйiспеншiлiгiнен мақрұм қалатындығын бiлдiредi. Расулұллаһ өзi тағайындаған уәлилерге, қолбасшыларға, жауапты тұлғалар мен қызметкерлерге әрбiр iсте әдiлдiктi басшылыққа алуды насихат еттi.

Әдiлдiк ұстанымы Рашид халифалар дәуiрiнде де үлкен маңызға ие болды. Соғыста да, бейбiт уақытта да Аллаһтың кiтабы мен пайғамбардың сүннетi басшылыққа алынды. Халифалар халыққа әдiл қарау, ешкiмнiң құқығына қол сұққызбау, құқық бұзғандарды жазаға тарту сияқты қағидаларды берiк ұстанды. Өздерiне келiп түскен мәселелер мен шағымдарды тәжiрибелi кiсiлермен ақылдаса келе, шешiп отырды. Мемлекеттiк iстердi атқаруда кеңес мәселесiне үлкен мән берiп, өкiлеттi тұлғалардың пiкiрiне жүгiнiп отырды. Мұндай кеңес құрамында Омар бин әл-Хаттаб, Әли бин Әбу Талиб, Аббас бин Абдулмутталиб, Абдуллаһ бин Аббас, Осман бин Аффан, Абдурахман бин Аффан, Сағд бин Әбу Уаққас, Абдурахман бин Ауф, Сағд бин Убәда сынды сахабалар орын алды. Сонымен қатар

---

568 Әскери жүйе мен фәтх ету саясатына қатысты ауқымды мәлімет алу үшін мына еңбектерге қараңыз: Терзи, *Хз.Пейгамбер ве Хулефа-и Рашидин Дөнеминде Аскери Тешкилат*. - Самсун, 1990; Мустафа Файда, «Хз.Омерин Диван Тешкилаты», D.G.B. *Ислам Тарихи*. - Стамбул, 1986, II, 107-175; Махмут Шит Хаттаб, *Комутан Пейгамбер*, ауд. Ахмет Ағырақча. - Стамбул, 1988; Табари, I-XII. - Бейрут; Садык Ераслан, *Хз.Омер Дөнemi Фетихлеринин Сосиял ве Экономик Сонучлары*. - Анкара, 1997, Анкара университетi Әлеуметтiк ғылымдар факультетi (жарияланбаған док. дисс.); Бәлазури, *Футухул-Булдан*, ред. Рыдван Мұхаммед Рыдван. – Мысыр, 1932.

халифалардың қарамағында сан түрлі салаға қатысты кеңестер (шура) жұмыс істеді. Астанада халифа, ал уәлаяттарда уәлилер осындай кеңестерге төрағалық жасады.

Әз.пайғамбар тұсында, сондай-ақ Рашид халифалар кезеңінде соттар бүгінгідей сипатта болмады. Сот ісін жүргізу тәртібі де белгілі бір жүйеге келтірілмеген-ді. Сот үкімін шығару өкілеттігі халифаға және ол тағайындаған кісілерге беріліп отырды. Сот ісін жүргізуде туындаған қайшылықтарды Құран мен сүннетті басшылыққа ала отырып шешу негізге алынды. Алайда, фәтх әрекеттері нәтижесінде ислам мемлекетінің ауқымы кеңіп, проблемалар саны артып, жаңа мәселелер туындай бастаған болатын. Осыған байланысты Әз.Омар тұсында ірі орталықтар мен әскери бірліктерде сот ісін жүргізу үшін қазылар тағайындала бастады. Мәселелерді шарифат үкімдері аясында шешуге шамасы жететін тұлғалар арасынан таңдалған қазылар Құран мен сүннетке сай үкім шығаруға тырысты. Оның үстіне, Әз.Омар сотқа қатысты бірқатар ұстанымдар да белгілеген еді.

Сот барысында, міндетті түрде, арызданушы мен жауапкерден айғақтар талап етіліп отырды. Арыз беру, куәлік, соттың пікірі, анықтау, мойындау, ант ішу, анық-қанығына жету, сот этаптары, қылмыс белгілері мен жазбаша айғақтар сот ісін жүргізу тәртібін құрайтын басты элементтер мен талап етілген дәлелдер ретінде саналды.

Рашид халифалар дәуірінде қазы лауазымы өте маңызды болды. Сот ісі тәуелсіз қазылар тарапынан жүргізілді. Зұлымдыққа ұшырағандардың құқықтары қорғалып, қылмыскерлер жазаға тартылып отырды. Қазылар сот алдында ешкімді бай-кедей, қалалық-ауылдық, басшы-қызметкер деп бөліп-жармады. Ақысы бар мен ақысы жоқты, зұлымдық көрген кісі мен зұлымдық жасаушыны, кінәсіз бен кінәліні бір-бірінен, міндетті түрде, ажыратып қарады. Қазылар Құран мен сүннетке сүйеніп, ар-ұждандарына құлақ сала отырып, үкім шығарды. Тікелей халифа тарапынан тағайындалғанымен, халифаның билігі оларға жүрмейтін, яғни халифа жақтан ешбір қысым кермейтін еді.

Қазылар тек сот істерімен шұғылданды. Олар үкімді шығаруда шарғи қайнаркөздерге сүйенді. Сондықтан Құран мен сүннетті жіті түсінуге және соған сәйкес үкім беруге ерекше көңіл бөлді.

Ал бұл екі қайнар бұлақта үкімі табылмаған мәселелерді ижти-һад ету арқылы (қияспен) шешуге тырысты. Келіп түскен арыз жөнінде нақты үкім шығаруға және сол үкімді орындатуға өкілеттілік берілген қазылар, көбіне, «азаматтық заң» аясына кіретін істерге қарады. Ал қылмыстық заңға қатысты істер тікелей халифа немесе уәли тарапынан қаралды. Өз.Омар тұсында құрылған «мэзалим соттары» (диуан) бүгінгі кассациялық сот қызметін атқарып, онда жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындау мен қызметінен босатуға қатысты істер, сонымен қатар уәли мен қолбасшы сияқты жауапты қызметкерлер жөнінде қозғалған істер қаралды.

Өз.Омар кезеңінде сот жүйесіне маңызды өзгерістер енгізілді. Ол Мәдина мен уәлаяттардағы сот істері мен әкімшілік істерді бір-бірінен толықтай ажыратып, сотқа қатысты мәселелерді шешу міндетін қазыларға, ал әкімшілік мәселелерді – уәлилер мен жауапты тұлғаларға тапсырды. Қалалардағы тұрғындар санына қарай қазылар жіберіп отырды. Өз.Омардың өзі де қажет болған жағдайларда қазылық әрі мүфтилік қызметтер атқарып, олжа, жер телімі меншігі, қарыз, мұра, ұрлық сияқты құқықтық және қылмыстық істерге қараған болатын. Өз.Омар тағайындаған қазылар қатарына: Зәйд бин Сәбит, Әбуд-Дәрда, Әли бин Әбу Талиб, Убәй бин Кағб, Ухдун-Нәмп мен Шурәйх сынды тұлғалар жатады.

Рашид халифалар дәуіріндегі сот ісін жүргізу тәртібін жақсы түсіну үшін Өз.Омардың Куфа қазысы Шурәйх пен Басра қазысы Әбу Муса әл-Әшғариға жазған хаттарындағы «сотқа қатысты нұсқауларымен» танысу және сотқа қатысты атқарған іс-шараларын білу жеткілікті. Мұхаммед Хамидуллаһ *«Әл-Уәсәиқус-Сиясийә»* атты еңбегінде жоғарыда аталған хаттардың мәтінін келтіреді.

Өз.Осман мен Өз.Әли халифалық құрған кезеңдерде сот жүйесі мен сот ісін жүргізу тәртібінде айтарлықтай өзгеріс болмады. Өз.Омар тұсындағы жүйе мен тәртіп жалғасқан еді. Дегенмен, Өз.Османның Мәдинада сот мекемесі ретінде «Дарул-қазә» (Әділет сарайы) атты ғимарат салдырғаны белгілі.

Меккеде Өз.Омар дәуірінен бастап, қажылық маусымында «мэзалим сот мекемелері» жұмыс істеген болатын.

Өз.Әли сот саласында айрықша орынға ие болды. Мұны тікелей Өз.пайғамбардың, сондай-ақ көптеген ғалымдардың сөз-



дерінен аңғаруға болады. Ибн Әбдул-Бәрр Әз.пайғамбардың: «Сахабаларымның арасында сот істерін ең жетік білетін кісі – Әли бин Әбу Талиб», – деген сөзін жеткізеді. Басқа бір риуаятта Әз.Омар оның сот мәселелерін өте терең білгендігін меңзеп: «Әбул-Хасан қатыспаған сот ісіне араласудан Аллаһ сақтасын», – деген екен. Бұл айтылған сөздер оның Әз.пайғамбар мен үш халифа дәуірінде көптеген күрделі мәселелердің түйінін табу арқылы сол тұстағы мемлекет басшысын сот саласындағы жауапкершілік пен проблемалардан құтқарғандығын көрсетеді. Сонымен қатар сан алуан дереккөздерде келтірілген сотқа қатысты үкімдері оның бұл саладағы үстемдігін дәлелдейтін ең үлкен айғақ болып табылады.<sup>569</sup>

Мемлекет қазынасынан қазыларға өздері мен отбастарының күн-көрісіне жетерлік жалақы төленіп отырды. Әз.Осман дәулетті кісі болғандықтан, жалақы алмады. Сонымен қатар қазылар арасында мемлекеттен ақы алмай, ерікті түрде қызмет атқарғандар да бар еді. Ислам сот жүйесінде қылмыстық саладағы сот үкімін іске асыру өкілеттігі полицияға берілді. Рашид халифалар дәуірінде исламнан басқа дінді ұстанатындарға қатысты істер өз заңдары бойынша жүргізілді.<sup>570</sup>

## Г. ДІНИ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАР

Әз.пайғамбар тұсында мұсылмандар туындаған діни мәселелерді тікелей Расулуллаһқа жүгіну арқылы шешкен-ді. Ал Рашид халифалар дәуірінде бұл іске ерікті түрде кіріскен сахабалар берген пәтуалары арқылы діни мәселелердің түйінін тарқатып отырды. Оның үстіне, бұл міндетті атқару үшін қазылар тағайындалған болатын. Мемлекет тарапынан қызметке алынған мұғалімдер де діннің негіздері мен Құран оқуды үйретті.

---

569 Бакыр, *аталмыш еңбек*, 125.

570 Рашид халифалар дәуіріндегі сот жүйесі жөнінде қараңыз: Ибн Сағд, *Табақат*, II, 202, т.б.; D.G.V. *Ислам тарихы*, II, 271-272; Фахреттин Атар, *аталмыш еңбек*, 55-75; Хайреттин Караман, «Адалет», *DIA*, I, 343-344; Хамидуллаһ, *әл-Уәсәиқ*. - Бейрут, 1969, 307, 327, 328 а; Зия Казыжы, *Ислам Мәдениеті ве Муес-сеселері Тарихи*. - Стамбул, 1999, 175-191; Туан, *Le Notariat dans la Pratique du Droit Musluman*. - Бейрут, 1959.

Рашид халифалар дәуірінде діни сипаттағы бірқатар оқиғалар орын алды. Олардың алғашқысын діннен шығу (иртидат) мен кейбір діни міндеттерді орындаудан бас тарту (рижат) қозғалыстары құрады. Иртидат қозғалысы Әз.пайғамбар дүниеден өтпей тұрып басталған-ды. Әз.Әбу Бәкір халифа сайланған тұста да жалғасқан бұл қозғалыс ауқымы мен күшін арттыра түскен болатын. Алайда, халифа қысқа мерзім ішінде мүртедтер (діннен шыққандар) мен мүртежилерге (діни міндеттерін орындаудан бас тартқандарға) тойтарыс берген еді.

Негізінде, әрбір кісі дін мен ар-ұждан тұрғысынан еркін болып саналады. Кісінің қалаған дінді таңдау, ұнатпаған жағдайда ол діннен қайту еркіндігі де бар. Алайда, кісінің діннен шығуы жеке құқық пен еркіндік аясынан шығып, дін мен мемлекетке, үммет пен қасиет тұтылған дүниелерге жүйелі түрде, ұйымдаса шабуыл жасап, қауіп төндіретіндей дәрежеге жететін болса, міне, сонда мүртедтер мен мүртежилерге қарсы соғысуға рұқсат беріледі. Ақиқатында, Әз.Әбу Бәкір тұсында мүртедтер мен мүртежилерге, Әз.Осман дәуірінде салық төлеуден бас тартып, Әзірбайжан мен Арменияда мемлекетке бас көтергендерге қарсы жүргізілген соғыстар осы пайымдауға негізделген-ді.

Иртидат пен иртижа оқиғаларына діни емес, саяси мәселе ретінде қарағандар да бар. Олар Әз.Әбу Бәкір тұсында өрбіген иртидат пен иртижа қозғалыстарының ислам діні мен үмметке тікелей қатысы жоқ, сол кездегі саяси билікке бағытталған қозғалыстар деген пікірде болды. Халифа мен саяси билікті мойындамағандар зекет бергісі келмей, не салық төлеуден бас тартып, не басқа бір сылтаумен бүлік шығарып, мұсылман қауымнан бөлініп кетті.

Шындығында, кез келген оқиғаның бірнеше қыры болуы мүмкін. Иртидат пен иртижаның әрі діни әрі саяси сипаттағы қозғалыстар екендігі де ақиқат. Иртидат – Әз.пайғамбардың көзі тірісінде басталған оқиға. Өйткені Әз.пайғамбар дүниеден өтпей тұрып, Мүсәйлима, Әсуад әл-Анси мен Туләйха атты жалған пайғамбарлар мен олардың жақтастары шыққан болатын. Сонымен қатар оның тұсында Сакифа ұлдары сияқты ислам дінін шартты түрде қабылдағысы келгендер мен кейбір діни міндеттерден босатылуын талап еткендер де бар еді. Бұлар қандай саяси билікті мойындамау, кімнің басшылығын заңсыз деп тану үшін мұндай күйге түсті?

Зекетті дәулетті мұсылмандардан алып, кедей мұсылмандар мен өзге де мұқтаж жандарға беру Құранда («Тәуба» сүресінің 16-аятында) парыз етілді емес пе? Мұның мемлекет басшысына, яғни халифаға, сондай-ақ саяси биліктің заңдылығына қандай қатысы бар? Жиналған зекет мемлекет пен мемлекет басшысына емес, Құран мен сүннетте көрсетілген кісілерге таратылады. Ал мемлекеттің міндеті зекет жинаушы қызметкерлер арқылы зекетті жинау және тиісті кісілерге тарату болып табылады. Яғни мемлекет – бұл істі тек ұйымдастырушы ғана. Зекет қажетіне қарай жиналған жерде не мемлекет орталығында таратылып отырған. Зекеттің қай жерде, қандай түрде таратылуы керектігін, әрине, мемлекет белгілеген. Олай болса, діни оқиғаны саясатқа айналдырып, идеологиялық сарынға салып, түсініктеме беруге тырысу ғылыми әрі шыншыл көзқарасқа жатпайды. Зекеттің малмен өтелетін діни ғибадат екендігін де естен шығармаған жөн.

Рашид халифалар кезеңінде діни сипатта басқа да оқиғалар орын алған болатын. Мәселен, Құран Кәрімнің Әз.Әбу Бәкір тұсында жинақталуы, Әз.Осман кезінде көшіріліп, Құранның ресми нұсқасынан басқа нұсқаларының өртелуі (жойылуы), тарауих намазын жамағатпен оқу салтының қалыптасуы, басқа дін өкілдерімен мәдени, экономикалық және сауда қатынастарын орнату, Қағбаның жапқышын жаңарту, Пайғамбар мешітін кеңейту, жұма намазынан бұрын ішкі азанның оқылуы, бәйтүл-малдың (мемлекет қазынасының) сегізден бірін алу, Минада намазды муқим ретінде оқу және «тәхкимге» ризалық көрсету сияқты оқиғаларды мысал ретінде келтіруге болады. Алайда, енгізілген мұндай діни өзгерістер мен жаңалықтарды кейінгі кезеңдерде түрлі орталар саяси мақсатта пайдалануға тырысып, Рашид халифалардың өзін сынға алып, айыптаған болатын.

## **Дін және діни танымдар**

### **а. Дін**

Дін – Құранда бар ұғым. Бұл ұғым, ең алдымен:

1. Жеке тұлға мен қоғамды болмысына сай тәрбиелеуді мақсат тұтқан иләһи заңдар мен ұстанымдар жүйесі;

2. Белгілі бір топ не қоғамның әдет-ғұрыптары сияқты екі мағынаны қамтиды.

Олай болса, дін иләһи негіздер мен соған сүйенетін әдет-ғұрыптарды толықтай қамтитын дүние. Сонымен қатар дін «жоғары сатыдағы өмір салты» мен «адамның ақиреттегі жағдайы» сияқты мағыналарды да білдіреді. Бұл ұғым әрі материалдық әрі рухани өмірді қамтиды. Шарифат та, ақиқат та соның ішінен табылады.

Қайнар бастаулары тұрғысынан дін, негізінен, иләһи дін және адами дін деп екі түрге бөлінеді.

1. Иләһи діннің, яғни көктен түскен (сәмеуи) діннің қайнары уахи болып табылады. Ал уахидың қайнаркөзі – Аллаһ. Уахи – Аллаһтың әзелден бар кәламы. Тәурат, Зәбур, Інжіл мен Құран – Аллаһ тара-пынан түскен уахилар.

Құранда уахи ұғымының:

а. Уахи бүкіләлемдік сипатқа ие;<sup>571</sup>

ә. Уахи – Аллаһ тарапынан түскен;<sup>572</sup>

б. Көктен бастау алған бұл нұр адамзатты сәулесіне бөлеп, кемеліне жеткізуді көздейді;<sup>573</sup>

в. Иләһи рақымдылық пен һидаят (тура жолға салу),<sup>574</sup> – деген сияқты ерекшеліктері аталады.

Құранөзгедіндержайында сөзқозғаумен қатар, Аллаһтың алдында тек ислам діні ғана қабыл болатындығын атап көрсетеді. Сондай-ақ исламнан басқа діндердің Аллаһ тарапынан қабыл етілмейтіндігін, мұндай діндерді ұстанғандардың зиянға ұшырайтындығын да ескертеді.<sup>575</sup> Шындығында, Құран Кәрім «ислам дініне» бойсұнған адамдардың дүние мен ақиретте табысқа жететіндігін, ал негізсіз діни сенімдер мен исламнан өзге дінге ергендердің дүние мен ақиретте зиян тартатындығын түрлі мысалдар келтіру арқылы хабар береді. Құранда діндер мен сенім-нанымдардың, ғибадаттар

571 Фатыр, 24; Рағд, 38-39.

572 Ясин, 2-5.

573 Мәйда, 15, 16.

574 Әли Имран, 3, 96; Мәйда, 47-49.

575 Әли Имран, 85.

мен ахлақтық құндылықтардың жеке тұлға мен қоғам тағдырын айқындайтын басты факторлар екендігіне баса назар аударылады.

Негізінде, ислам мен дін бірдей ұғымды білдіреді. Дін түсінігі – адамның болмысында бар дүние. Өз.Адаммен басталған дін адамзат тарихының әрбір кезеңіне өз таңбасын қалдырған болатын. Жақсы қарым-қатынас, тыныштық пен бақыт, мәдениет мен өркениеттің түп тамыры дінге барып тіреледі. Сондай-ақ талас-тартыс, дұшпандық, қанды оқиғалар мен соғыстардың, тынышсыздық пен жабайылықтың астарында да дін жатыр.

Дін мен адам сөздері синоним сөздер болып табылады, оларды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Дін ежелгі дәуірлерден бастап, адамзатпен бірге жасап келеді. Дін мен адам ет пен тырнақ сияқты, бір-бірінен ажыратуға келмейді. Жеке тұлға мен қоғам үшін дін – қажеттілік. Өйткені дін ақиқат пен адамша өмір сүру жолын үйретеді. Ал ислам – барша пайғамбарлар тәблиғ еткен, Өз.Адамнан бастап, адамзат баласына уахи етілген діннің атауы.

Ғалымдар мен ойшылдар дінге рухани құндылығы тұрғысынан анықтама бере келе:

1. Хақ дін мен жалған дін;
2. Рационалдық дін мен табиғи дін;
3. Сәмеуи дін мен адами дін;
4. Иләһи дін мен адами дін, – деп бөліп қарастырған.

Діндер тарихы мен ислам тарихы ғылымдары діндер жөнінде ауқымды мәлімет бере отырып, адамдар арасында әрбір діннің белгілі бір жақтасы болғандығына назар аударады.

Иләһи діндер сенім негіздері тұрғысынан ортақ болып келеді. Өйткені бұл діндерде адамдарға жол көрсетіп, тәрбиелеу міндеті жүктелген пайғамбарлар бар.

### **ә. Діни танымдар**

Діни сенім-нанымдар тарихының тамыры да адамзат тарихындай тереңде жатыр. Өйткені діни сенім адам баласының бойына туа біткен қасиеттер мен қажеттіліктер қатарына жатады. Адам жаны бір нәрсеге сенуге, берілуге не бір дінді ұстануға ұмтылады. Адамның

табиғи қажеттіліктерімен қатар бұл қажеттілігі де тікелей Жаратушы тарапынан қамтамасыз етіліп, адамзатқа «дін» жіберілді. Бұл дінді жеткізу міндеті адам баласынан шыққан пайғамбарларға жүктелді. Яғни «пайғамбар», «нәби», «расул» не «елші» деп аталған тұлғалар «дұрыс діни танымды» адамдарға жеткізді. Дегенмен, адамдар тарапынан құрастырылған діндер де болды.

Ислам – Аллаһ тарапынан адамдар үшін таңдалып, пайғамбарлар арқылы жолданған дін. Алғашқы пайғамбар Адамнан бастап, соңғы пайғамбар Мұхаммедке дейінгі барша пайғамбарлар тәблиғ еткен дін ислам болған. Яғни пайғамбарлар адамзатқа жеткізген және үйреткен «сенім жүйесі» бір.

Негізінде адамның, ең алдымен, өзіне және қоршаған ортасына назар сала отырып, өз болмысы мен айналасын, оқиғалар мен құбылыстарды танып-білуге ұмтылатындығы белгілі. Дін, адамның осы қажеттілігін өтеуді көздейді және осыған қатысты мәлімет береді. Алайда, адамдардың өзі мен айналасын тануы, ұғынуы, сондай-ақ дінге деген көзқарасы бір-бірінен өзгеше. Осы себепке байланысты діндер тарихында тәухид кезеңдерімен қатар жәһілдік кезеңдер де орын алды. Кейбір адамдар «дін адам үшін» деген ақиқаттың сырын ұғына алмады. Олар Жаратушымен, табиғи және әлеуметтік ортасымен, өз болмысымен дұрыс қарым-қатынас пен байланыс құра алмады. Соның нәтижесінде «тәухид пен болмыс (фитрат) дінінен» ұзақтап, «жәһілдікпен» өмір сүрген «жалған» сенімді ұстынушы қауымдар пайда болды. Олар «тура сенімді ұстанғандарға», яғни «тәухид» ақидасына иман келтіргендерге қарсы күресті.

Ақиқатында, мұсылмандардың санасын исламнан бұрынғы кезеңдерге тән бірқатар саяси және әлеуметтік құндылықтардан, әдет-ғұрыптар мен танымдардан түбегейлі тазарту мүмкін болмады. Жаңа дінге кіргендер ескі дін мен мәдениеттерінен толықтай ажырай қоймады, исламды таза күйінде ұстана алмады. Белгілі бір көлемде болсын, бірқатар ескі діни және мәдени құндылықтарын сақтап қалды. Бұл мәселені сахабалар мен алғашқы мұсылман қауымдардың «бетбейнесін» ашып көрсетуде назардан тыс қалдырмаған жөн.

Дін мен мәдениетке, соның ішінде ислам діні мен ислам мәдениетіне бірдей ұғымдар ретінде қарау қате. Дін мен мәдениетті еш уақытта бір тұтуға, бірінің орнына бірін қоюға болмайды. Уахидан

бастау алған діндерде қателерге орын жоқ, ал мәдениеттерде жаңылыс та, дұрыс та тұстар кездесіп жатады. Сондықтан, ислам мәдениетіндегі Құранмен белгіленген ұстанымдар мен құндылықтарды Құраннан бұрынғы мәдениеттен қалған мәселелерден ажырата білген жөн. Олай болмаған жағдайда, дін мен мәдениеттің, иләһи қайнаркөздерге негізделген діни сенімдер мен мәдениетке сүйенетін сенім-нанымдардың бір-бірімен араласып кетуі әбден мүмкін.

Ислам діні адамның қадір-қасиетін сақтау және «Лә иләһа илләллаһ» кәлимасының астарында жатқан «құлшылық пәлсапасын» орнықтыру үшін жіберілді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, ең алдымен, адам өмірін бұзатын жәһілдік үстемдікті, қорлық пен зұлымдықты, тәкаппарлық пен басқалар алдындағы құлдықты жоюға кірісті. Сөйтіп, ақыл-ойдың, жүрек пен сезімдердің «құлдықтан» арылып, тек Аллаһқа «құлшылық» етумен еркіндікке қауышуын көздеді.

«Тума (фитри) қадір-қасиетіне» сай ғұмыр кешуді көксеген адам баласы «ап-айқын көрініп тұрған ізгілікке» шын пейілмен берілудің орнына, қасарысып, Құрайышқа ұқсап, «исламның ақиқат үндеуіне» қарсы шықты. Цезардың қылышындай төніп, бойларын билеген жәһілдіктің құрсауынан шығуға, адамдық қасиетті аяқастына алған пұтқа табынушылықтан құтылуға ұмтылмады. Мұсылмандықты қабылдамаған адамдардың басына түскен бұл жағдай әрбір пайғамбардың тұсында және әрбір жәһілдік кезеңде қайталанып отырды. «Ақылға» сыймайтын бұл көріністің астарында саяси, әкімшілік және экономикалық үстемдік, жазаға тарту мен үрей, иманды кісілерге қарсы көрсетілген қысым мен жәбір-жапа, жеке баспайда мен қоғамдық мүдде, тәкаппарлық, қасарысушылық, еліктеушілік пен көнені сақтап қалу сияқты факторлардың жатқандығын айтуға болады.

Адамдардың сезімдік және рухани жай-күйі, жеке тұлғалық қасиеттері де діни сенімді қалыптасыруға ықпал етеді. Арабтар, парсылар, түркілер мен варварлар сияқты қауымдардың жәһілдік кезеңдегі жағдайы мен мұсылмандықты қабылдағаннан кейінгі күйін салыстырғанымызда, екі кезеңдегі «тұлғалық ерекшеліктері» арасында өте үлкен айырмашылық бар екендігін байқаймыз. Жеке тұлғаға деген әсерін Омар бин әл-Хаттаб пен Әбу Зәр әл-Ғифари сынды танымал тұлғалардың бойындағы осы екі кезеңде орын

алған өзгерістен көре аламыз. Аталған қауымдар ру, тайпа сияқты қоғамдық жүйеден алып мемлекеттер орнатып, тамаша өркениеттер қалыптастыра білген «үлгілі де рухы таза қауымдарға» айналды. Ал аты аталған тұлғалар жеке қасиеттері мен өмір сүру салты арқылы «үлгілі тұлғалар» ретінде танылды. Міне, бұл ислам дінінің жәһілдік дәуір адамының рухы мен сезімінде, ақыл-ой мен ар-ұжданында жасаған төңкерісі еді!

Мәселе исламның мұндай төңкерісті қалай жүзеге асырғандығында жатыр. Тарих пәлсапасында бұл сауалға берілген жауаптар бір-бірінен өзгеше сипатта келеді. Жеке адам мен қоғам «тұлғасын» қалыптастыруға көптеген мамандардың атсалысатындығы белгілі. Жәһілдік қоғам жөніндегі ғылым «қоршаған ортаның» адам ахлағы мен дүниетанымын, жолы мен бағытын қалыптастыруға ықпал ететіндігін алға тартады. Ал материалистер мұны толығымен экономикалық жағдаймен байланыстыруға тырысады. Бұл екі көзқарас – тарихтағы «жәһілдік кезеңдер» үшін дұрыс айтылған көзқарас. Алайда, екі пәлсапа да діни сенім мәселесінің адамның тұлғасын сомдауға әсер ететіндігін мойындамағандықтан, адамзат тарихын бұрмалап көрсетуде.

Шындығында, ислам діні де «тұлғалық қасиеттердің» қалыптасуына «қоршаған ортаның» ықпал ететіндігін мойындайды. Алайда, қоршаған ортаны әсер етуші жалғыз фактор ретінде қарамайды. Ортаның адамға деген теріс әсерін жоюға, адамды қай ортада болмасын, «саликалы кісі» ретінде тәрбиелеуге тырысады. Адам бұл тәрбиенің арқасында тауда, жазық далада, шөлде, егістікте, ауылда не қалада өмір сүрсе де, «соны қасиеттерді» бойына сіңіре алады. «Аллаһқа және акирет күніне иманнан» бастау алған бұл қасиеттер оның «шынайы тұлғалық жауһарын» шындай түседі.

Ислам діні белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүрген адамдарға келді. Алайда, бұл ортаның материалдық-экономикалық жағдайына ешқандай өзгеріс енгізбей, өз күйінде қалдырды. Тек «жеке тұлғаларды», олардың танымдарын, сенім-нанымдарын, өмір салты мен тұлғалық қасиеттерін өзгертуге тырысты. Бұл тамыры шартарапты жайлаған ауқымды өзгеріс болды. Тіпті, Құрайыштың мұндай өзгеріске қатаң түрде қарсы шығып, мүміндерді түрлі жазаға тартып, жәбір-жапа көрсетуіне жол ашты. Пайғамбарлар тарихын оқып, хахи



тарихы мен үндеуіне зер салғанымызда, аталған оң «өзгерістердің» көрініс тапқандығын, алайда, қалыптасқан сананың ықпалымен хак дінге қарсы шығып, мүміндерге зорлық-зомбылық жасалғандығын да көреміз.

«Иман-сенім тарихында орын алған күрестер» тақырыбы Құран Кәрім аяттарының жартысынан астамын құрайды. Құран киссалары бірде тайпалар мен қауымдарды, енді бірде шынайы тарихи тұлғалар мен символдық тұлғаларды мысал келтіру арқылы пайғамбарлар мен мүміндердің «тәухид дініне» қарсы шыққандарға қарсы «иманға» негізделген күресі жайында қорыта жеткізеді. Нұх, Лұт және Салих пайғамбарлар мен олардың Ад, Самуд және Мәдиан атты қауымдары арасындағы, сонымен қатар Өз.Ибраһим мен Нәмрұт, Өз.Мұса мен Перғауын арасындағы күрестер сипатталады. Құранда Өз.Мұхаммед пен оның үндеуіне қарсы шыққан Өбу Ләһаб пен мүшрік Құрайыштың қарсылығы жөнінде де дәл сондай әдіс пен ауқымда сөз болады.

Ақиқатында, өзгеру құбылысы адам мен кез келген заттың табиғатына тән нәрсе. Бірақ орта мен бойға сіңген әдеттерден арыла қою оңай шаруа емес. Ал дін, мінез, орта мен тұлғалық қасиеттердің өзгеруі одан да қиын. Сондықтан адамның санасына, сезім әлеміне өзгерістер енгізу – көптеген қиындықтарды жеңуді талап ететін мәселе. Мәселен, тайпасын қасиет тұтып, оны саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірінің негізіне айналдырған бәдеуи арабтар үшін «тайпашылдық» дәстүрден бас тарту дарға асудан да ауыр тиген болатын. Алайда, түрлі тайпалардан шыққан сол арабтар мұсылмандықты қабылдай салысымен, тайпашылдық таным мен көрсоқыр сенімнен бас тартып, тіпті, тайпасынан аластатылғанына да мән бермеген-ді. Олар Аллаһқа құл болу сенімі арқылы «тайпаға құлдықтан» құтылды. Сол ортада өмір сүргендігіне қарамастан, жаңа діни сенім мен тұлғалық қасиетке ие болып, өзгеше құндылықтарды ұстана бастады. Жәһілдік дәуір кәлима-и тәухидке иман келтірген бұл жандарға әсер ете алмады.

Бұл адамдардың төңірегінде жаңа бір құндылық өлшемі пайда болды. «Иман бауырластығы» (*ухуәтул-ақида*) деп аталған бұл құндылық Арабия түбегіндегі арабтарға ғана тән дүние емес-ті. Өйткені Құрайыштан бастап, барлық араб тайпаларын және бүкіл әлемді таңғалдырған құндылыққа айналған-ды.

Ислам бауырластығынан бұрын аталған ортада тек туыстық байланыс үстемдік құрды. Тайпалар арасында, сондай-ақ тайпаларды құраған жеке тұлғалар мен әулеттер арасында тығыз байланыс орнап, бір-біріне үнемі қол ұшын беріп отырды. Соғыста да, бейбіт уақытта да бірлесе әрекет етті. Міне, осындай туыстар мен бір-бірімен ешбір туыстық, тектік және нәсілдік байланысы жоқ адамдар арасында «ислам, яғни иман бауырластығы» орнығып, өзара қолдау етек жайған-ды.

Мұсылмандар арасында материалдық және рухани салада қалыптасқан ынтымақтастық, өзара көмек және иман бауырластығына негізделген бірлік кісі таңғаларлық сипатта өрбіген еді.

Заттық дүние мен руханиятты тең дәржеде бағалау қажет деп түсінген мұсылмандар іскерлік пен кәсіби тіршілігінде, сондай-ақ сан алуан қарым-қатынастарында байсалдылық пен әділдік танытты. Олар бойындағы ықылас, түсініспеншілік, кешірімділік, сабырлылық пен турашылдық сияқты жоғары қасиеттермен ерекшеленді. Нәпсі мен жәһілдік дәуір әдет-ғұрпына берілмеді. Иман, ілім, ғибадат пен іс-қимыл арасында тепе-теңдік орната білді:

*«Егер олар сені алдамақшы болса, негізінде, саған Аллаһ өзі жеткілікті. Ол сені Өз жәрдемі және имандылар (мүміндер) арқылы қолдады. Әрі олардың жүректерін біріктірді. Егер (сен) жердегі барлық нәрселерді жұмсасаң да олардың жүректерін қоса алмас едің. Алайда, Аллаһ олардың араларын біріктірді. Ақиқатында, Ол – 'Азиз (барлығынан Үстем), Хаким (аса Дана)»;*<sup>576</sup>

*«Ал олардан алдын (Мәдинада) үлі-жайлы болып әрі иманда орныққандар (ансарлар) өздеріне қоныс аударғандарды (мүһәжірлерді) жақсы көреді, кеуделерінде оларға берілген нәрселерге ешқандай қажеттілік, кірбіңдік сезбейді. Әрі өздерінде мұқтаждық болса да, оларды өздерінен артық көреді. Кім өзінің сараңдығынан сақтанған болса, міне, солар – табысқа жетушілер»;*<sup>577</sup>

*«Ақиқатында: «Раббымыз – Аллаһ», – деп, кейін туралықты ұстанғандарға періштелер түсіп: «Қорықпаңдар және қайғырмаңдар әрі сендерге уәде етілген жаннатқа қуаныңдар»;*<sup>578</sup>

---

576 Әнфәл, 62-63.

577 Хашр, 9.

578 Фуссилат, 30.

*«Әрі олар жиіркенішті іс (үлкен күнә) жасаса немесе өздеріне әділетсіздік етсе, Аллаһты естеріне алып, күнәлары үшін кешірім тілейтіндер. Күнәларды Аллаһтан басқа кім кешіреді? Әрі олар істегендерін қасарысып жалғастыра бермейді және олар біледі. Міне, солардың қайтарымы сыйы – олардың Раббысынан кешірім және астынан өзендер ағып жататын әрі олар онда мәңгі қалатын (жаннаттағы) бақтар. Амал етушілердің сыйы қандай жақсы!»...<sup>579</sup>*

Өз. Мұхаммед ұстанған және үндеген діннің негіздеріне иман келтірген адамдар Аллаһты және Оның елшісін, бір-бірін жан-тәнімен сүйген еді. Олар Аллаһ пен Расулын бар нәрседен артық көріп, жоғары тұтты. Араларында туындаған келіспеушіліктерді шешу үшін Аллаһ пен елшісінің төрелігіне жүгінді. Адамгершілік пен бауырластыққа ерекше мән беріп, бір-бірімен жақын танысу мүмкіндігіне ие болды.

Сахабалар, тәбиғиндер мен олардың соңына ерген буын (*саләф-и салихин*), яғни алғашқы мұсылмандар ретінде танылған бұл таңдаулы тұлғалар жоғары адамгершілік қасиеттері, көркем ахлағы және үлгілі өмір сүру салтымен ерекшеленді. Жаңа діни сенім оларды және оларға тән бар нәрсені түп тамырымен өзгертіп, жап-жаңа бір қалыпқа қауыштырды. Ислам сенімі олардың бойына жаңа бір тұлғалық қасиет дарытты. Демек, иманның адамның материалдық және рухани болмысына ықпалы үлкен. Әлеуметтік, экономикалық, саяси және табиғи ортасы сол күйінде қалғанына қарамастан, арабтар өзгерген еді. Ендігі жерде ислам әлемдегі әрбір кісі үшін жана өмірдің атауына айналған-ды. «Лә иләһа илләллаһ» деген қайнар бұлақтан сусындаған жаңа өмір салтында кез келген нәрсе жаратылысына сай жүзеге асып, иман оты әрбір мүміннің жүрегінде жалындап жанған болатын. Мұсылмандар бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көріп, қолдады. Ал Аллаһ пен Оның елшісін барлығынан артық сүйген еді.

Алғашқы мұсылмандар бұрынғы өткен пайғамбарлар тұсында өмір сүрген мүміндер сияқты ғылым мен ақылға амалдан бұрын мән берді. Проблемаларды ғылыми тұрғыдан талқыға салып, шешуге тырысты. Олардың заманында Құран, сүннет, ғылым мен ақыл үстемдік құрды. Бар нәрсені ой мен ақыл елегінен өткізу арқылы,

---

579 Әли Имран, 135-136.

ғылымын жетілдіру арқылы танып, пайдасына жаратты. Иман, ғибадат, ғылым мен ақылды бірлестіре отырып, арасында толық үйлесімділік орната білді.

Құран алдыңғы өткен пайғамбарлар кезінде өмір сүрген тұлғалар мен қауымдардың қандай тарихи орта мен даму сатысын бастан кешіргендігін айқын көрсетеді. Мәселен, кейінгі христиан мәдениетінің Әз.Иса алып келген ақиқаттан басым түсуі, әулие-лер мен монахтар айтқан сөздердің иләһи уахимен және Иса пайғамбардың сөздерімен тең тұтылуы, христиан дін адамдары мен олардың сөздерінің халықтың сенімі мен іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруін мысал ретінде келтіруге болады.

*«Яһудилер: «Ұзайыр – Аллаһтың баласы», – деді. Ал христиандар: «Масих – Аллаһтың баласы», – деді. Бұл – олардың құр ауыздарымен айтқан сөздері. Олар бұрынғы сондай күпірлік еткендердің (Аллаһқа қарсы келгендердің) сөзіне ұқсас сөз айтады. Оларға Аллаһтың лагнеті болсын! Олар (ақиқаттан) қайда бұрылып бара жатыр?!»;*<sup>580</sup>

*«Кейін олардың соңынан елшілерімізді жібердік. Әрі Мариямның ұлы Исаны жіберіп, оған Інжілді бердік және оған ілескендердің жүректеріне жанашырлық және мейірім салдық. Ал монахтықты олардың өздері ойлап тапты, Біз оларға оны белгілеп бекіткен жоқпыз. Алайда, олар оны Аллаһтың ризалығын іздеу үшін шығарды. Бірақ олар оны (өздеріне-өздері міндет еткендей) лайықты түрде ұстай алмады. Біз олардың іштерінен иманға келіп, сенгендеріне сыйларын бердік, алайда, олардың көбі – бұзықтар (бойсұнбаушылар)».*<sup>581</sup>

Бүкіл адамзат үшін «үлгі» ретінде көрсетілген мұсылман үммет әлеуметтік, экономикалық, саяси және географиялық ортасының өзгеруіне қарай қарқынды өзгеру кезеңін бастан кешірді. Жағымды-жағымсыз өзгерістер қатар көрініс тапты. Мұсылмандар сана-сезімі, сенім-нанымдары, іс-әрекеттері мен тұлғалық қасиеттері тұрғысынан өзгеріске ұшырады. Әз.Ибраһим, Әз.Мұса мен Әз.Иса пайғамбарлардың да үмметтері нәбилері дүниеден өткеннен соң иман, ілім және амал ету саласында өзгерісті бастан өткерген-ді. Алайда, олар мәдениеттері мен әдет-ғұрыптарын діннің орнына қойғандықтан, діндері мен ғибадаттары бұзылған болатын. Ал ислам

580 Тәуба, 31.

581 Хадид, 27.

дінінің негізгі қайнаркөзі ретінде саналған Құран Кәрім сақталып, Өз.Мұхаммедтің сүннеті түпнұсқа күйінде бізге дейін жеткендіктен, пайғамбар тәблиғ еткен дін мен оған ілескен мұсылмандар мұндай күйге түспеді. Дегенмен, иманның әлсіреуі, ғибадаттағы ықылас-тың азаюы, амалдардың иман негіздерінен алшақтауы, ақыл мен ғылымға иман мен ғибадаттай мән берілмеуі, ғылыми көзқарастың орнын еліктеушіліктің басуы мұсылмандар арасында аңыздардың, жаңылыс сенімдер мен үкімдердің етек алуына жол ашты.

Мұсылман қауым да дұрыс діни сенімнен алшақтап, бұзылған сенім-нанымдардың етегінде кетіп, рухани дертке шалдықты. Иман мен діни сенім ар-ұжданға қамалып, амал иман түсінігінен тыс қалды. «Иман тасдиқ пен икрардан тұрады, сондықтан күнәлар оған зарар бермейді» деген түсінік қалыптасты. Адамдар тәшбиһ (ұқсату), тәзкир (көп зікір салу), нәпіл ғибадаттар арқылы жаннатқа «кіргізіле» бастады. Ал парыздар мен уәжіптерге, жер бетін көркейтетін ізгілікке шақыру мен жамандықтан тыю сияқты міндеттерге немқұрайлық көрсетілді. Ислам, иман, ғылым, ақыл, ой-пікір мен ғибадат сияқты ұғымдар қате ұғынылып, жаңылыс түсіндірілді. Исламды грек логикасы мен пәлсапасы аясында түсіндіруге тырысқандар да болды. Дін мен осы өмірдегі тіршілік бір-бірінен ажыратылды. Жеке көзқарас пен пікірлер жалпыландырылып, тақуалық парызға айналдырылды. Ислам өз ақиқатынан алшақтаған сайын, діни аңыздар мен бидғаттардан құралған діни таным жайылды. Бұл жағдай ислам ілімдерінің жинақталуы мен жүйеге келтірілуіне, риуаятшылар, ғалымдар және ойшылдарға берілген сипаттамаларға, ғибадаттардың парыз саналып-саналмауына, яғни иман, ғибадат, ахлақ, амал, ақыл мен ғылым ұғымдарына да әсер етті.

Сонымен қатар мұсылман қауым арасында шешімін күткен ақида мен фикһқа қатысты мәселелер мен олардың шешімдері ақида мен амалға байланысты бірқатар өзгешеліктердің туындауына себеп болды. Өз.пайғамбар дүниеден өткеннен соң сахабалар мен олардан кейінгі мұсылман буын жиһадқа шығу, фәтх ету, дағуат жасау, сауда, қызмет және басқа да себептермен сан алуан өлкелерге тарады. Олар онда Арабия түбегіндегіден өзгеше әдет-ғұрыпты, өзге діни сенім-наным мен мәдениетті ұстанған халықтармен танысты. Қоғамда түрлі діни, пәлсапалық және ахлақтық мәселелер бой көтерді. Халық

мұндай мәселелер жөнінде Құран мен сүннеттен үкім таппаған жағдайларда ижтиһад жасау өкілеттігі бар сахаба, тәбиғин мен басқа да мұсылман ғалымдарға жүгінді. Олар мұндай мәселелердің түйінін ижтиһад ету арқылы тарқатуға тырысты. Барған ел, аймақ пен қалада әрі уәли мен қазы әрі мұғалім мен жауапты тұлға қызметін атқарып, сан түрлі топтармен қарым-қатынасқа түскен бұл тұлғалардың ижтиһадтары, басқаша айтқанда, «діни таным мен түсініктемелері» уақыт өте келе жан-жаққа тарап, белгілі бір әлеуметтік орталарда «мектептерге» айналған болатын.

Түрлі өңірлерді мекендеп, өзгеше әдет-ғұрып ұстанған адамдармен бірге өмір сүрген, білім, мәдениет, ақыл, зейін мен таным тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленген ғалымдардың жаңа бір мәселе жөнінде жасаған ижтиһадтарында айырмашылықтың болуы заңды құбылыс еді. Діни мәселелерді тікелей қайнарынан (Құран мен сүннеттен) үйрену мүмкіндігі болмаған халық қолда бар ижтиһадтардың бірін қабылдап, ұстанды. Кейінірек «ақидаға қатысты ислам мазһабтары» мен «фикһқа қатысты ислам мазһабтары» деген атаулармен жүйеге келтірілген бұл айырмашылық оқиғалар мен құбылыстарға, ұғымдар мен нормаларға байланысты түрлі көзқарастардың туындауына, сан алуан топтардың шығуына жол ашты. Мұның айқын көрінісі ретінде әһли сүннетпен қатар харижилік, шииттік, мұғтазила атты топтардың шығуын айтуға болады. Хижреттің IV ғасырынан кейін мазһабқа, тарикатқа қарай ислам түсінігі мен түсініктемелері пайда болды.

Құран мен сүннеттен бастау алған исламның иман негіздері алғашқы мұсылман буыннан тап-таза, қаймағы бұзылмаған күйінде алынғанымен, біршама уақыттан соң фәтх етілген елдер және ондағы мәдениетпен араласып, өзара ықпалдасу кезеңіне енді. Кейбір мұсылмандардың санасында білім мен мәдениетті іс әрекеттен, пікірталасты іске көшуден үстем тұтқан пікірлер қалыптасты. Мәжбүрлеу (жәбр) мен таңдау (ихтияр), уә'д пен уә'ид, жақсылық пен жамандық, жаратылу мен жаратылмау сияқты мәселелер төңірегінде өрбіген тартыстар, пайдасынан зияны көп бірқатар теориялар мұсылмандардың санасы мен сезімін тұншықтырып, басын қатырды. Соның нәтижесінде бірсыпыра пәлсапалық ағымдар мен кәлам мектептері пайда болып, соған қарай «ислам танымдары» қалыптасты.

Бұл тұста дін мен мәдениет, діни сенім мен мәдениет арасындағы қарым-қатынас туралы қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Діни сенім – мәдениеттің ең маңызды тірегі. Діни сенім тарихын зерттейтін болсақ, қандай дәуірде болмасын, мәдениетті қалыптастырған не оған ықпал еткен басты фактор ретінде «иман-ақида» мәселесі алға шығады. Ад, Сәмуд, Мәдиян сияқты қауымдар туралы сөз қозғаған Құран аяттары да діни сенім мен мәдениет арасында тығыз байланыс барлығын көрсетеді. Ибн Халдунның «Умран пәлсапасы» Құран білдірген осы ақиқатқа түсініктеме сипатында келген. Өз.Мұхаммед алып келген ислам үндеуін қабыл етіп, пайғамбарға ерген мұсылман халықтар мен мемлекеттер барынша «ислам ақидасына» негізделген ислам құрылымдарын, өнері мен эстетикасын, ғибадаты мен ахлақтық танымын көрсететін алып мәдениетті қалыптастыра білді. Дегенмен, түрлі дәуірлерде әлемнің төрт бұрышын жайлаған сан алуан халықтар мен мемлекеттер тарапынан құрылған және сандаған ғасырлар бойы адамзатқа көптеген салада жол көрсетіп, үлгі болған «ислам мәдениеті» мен тарихы мұсылман авторлар тарапынан әлі ғылыми тұрғыдан зерттеліп, адамзаттың игілігіне ұсыныла қойған жоқ.

Мұсылмандар, әсіресе, фәтх әрекеттерімен басталған «аралас» (ихтилат) кезеңде жаңа мәселелер мен оқиғаларға тап болып, өзге мәдениет және өркениетпен танысты. Өз араларында да бірқатар діни, құқықтық, саяси және әлеуметтік проблемалар бой көтерді. Бұл жағдай оларды пікірталастар мен тартысқа алып келді. Мұндай пікірталастар мен тартыс бірде келісіммен, енді бірде қайшылықпен нәтижеленіп отырды. Ақида, фикһ және пәлсапа саласындағы қарама-қайшылықтар, бір жағынан, «зерттеу мен сынға алу» ұғымын, сондай-ақ еркін түрде ой-пікірді жеткізу нәтижесінде алынған мәліметтерді қалыптастырып, пікір алуандығына, дін мен ар-ұждан бостандығына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, дінге «иман, ғибадат және ахлақ негіздері» түрінде анықтама берілуіне, қағидалар белгіленіп, жүйеге келтірілуіне, белгілі бір қалып пен сөздер арқылы жеткізілуіне түрткі болды.

Иләһи діндердің білдіруі бойынша, адамзаттың тұңғыш діни сенімі тәухидке негізделген және адамның болмысымен толық үйлесетін (фытрат) діни болып табылады. Одан кейін фытрат дініне қайшы келетін сенімдер мен нанымдар пайда болды. Ендігі жерде

хақ дін (фытрат діні) мен жалған дін (фытраттан тыс дін) қатар өмір сүре бастады. Исламдық дәуір мен жәһілдік дәуір бір уақытта бір қауым ішінде қатар көрініс тапты. Иман келтіргендер, иман келтірмегендер, мүшріктер мен жәһілдер бір-бірімен көршілес тіршілік етті. Осылайша, діни сенім тарихы сан алуан діндерді, сенім-нанымдарды, бір-бірінен өзгеше ақида, мәдениет пен дәстүрді ұстанған халықтарды бірге қамтыды. Иләһи үндеуге «иә» деп жауап беріп, пайғамбардың дағуатына бойсұнғандар мен тәңірдің барлығын мойындамай, күпірлікке түсіп, Аллаһ пен Расулына қарсы шыққандар бір ортада ғұмыр кешті. Алайда, дұрыс сенім мен хақ дінді ұстанғандар мен жалған сенім мен дінге бой алдырғандар арасындағы күрес пен қақтығыс үздіксіз жалғасқан болатын. Бәлкім, тарихта орын алған ең көне және ең ұзаққа созылған күрес осы діни сенім күресі болар. Өйткені жалған діни сенім мен дүниетанымның жақтастары барлық дәуірлерде ақиқат пен оның жаршыларын жоюды көздеген-ді.

Осыған байланысты діндер тарихында түпнұсқа діни таным мен дәстүрге негізделген діни таным орын алғандығын айтуға болады. Аллаһтың Кітабы мен пайғамбардың сүннетіне сүйенген діни таным «түпнұсқа», яғни таза күйін сақтаған, өзге мәдениет, дүниетаным, дәстүр мен көзқарастың, адам баласының сөзі мен әрекетінің ықпалында қалмаған діни таным болып табылады. Ислам дегенде осы «түпнұсқа исламға» мән беріледі. Пайғамбарлар өмір сүрген дәуірлердегі мүміндердің ақидасы мен дін түсінігі, жалпы алғанда, осы сипатта қалыптасқан еді. Ал дәстүрлік діни таным – әдет-ғұрып, мәдениет, еліктеушілік, дәстүршілдік пен қалыпқа айналған құндылықтарға сүйенетін таным.

Діндер тарихы, ақайд ғылымы мен пайғамбарлар тарихы бізге адамзаттың барлық дәуірлерде осындай екі түрлі діни сенім мен танымды ұстанғандығын көрсетеді. Әсіресе, Ибраһим, Мұса және Иса пайғамбарлар насихаттап жеткізген ислам діні дәстүршіл дінге айналып, әулие, монах пен шіркеу қызметкерлерінің, жалпы алғанда, дін ғалымдарының ой-пікірі, мәлімдемесі, сөздері мен түсініктемелері дін ретінде қабылданғандықтан немесе дін мәдениеттің ықпалында қалғандықтан, бұзылған және түпнұсқа күйін жоғалтқан дінге айналған-ды.

Негізінде, ислам діні бойынша әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер дәлелдер қатарында саналады. Ислам олардан толық бас тартудың



орнына, діннің негізгі ұстанымдарына сәйкес келіп-келмейтіндігі тұрғысынан баға береді. Әдет-ғұрыптар арасында дінге сәйкес келетіндерін қалдырып, қайшы келетіндерін тастайды. Шынында, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер исламда құқықтың қайнаркөздерінің бірі ретінде есептеледі. «Әдет-ғұрып құқығы», «жергілікті әдет-ғұрып құқығы» исламның дәстүршіл кезеңінде құқықтық жүйелер арасында орын алды. Алайда, ислам әдет-ғұрып пен дәстүрді діннің орнына қоймайды, діни құндылықтардан жоғары тұтпайды.

Негізінде, біз өмір сүріп отырған дәуір – діни сенім-нанымдар мен діндердің, капитализм, коммунизм мен социализм сияқты идеологиялық жүйелердің және діни-пәлсапалық ағымдардың тәжірибесін жинақтаған дәуір. Бұл дәуір деизмнен бастап, атеизмге дейінгі сан алуан нигилистік сенім түрлерін де бастан өткерген. Енді бұлардан өзге, ғылым мен технология дәуіріндегі адамды қанағаттандыратындай «балама жаңа көзқарастар мен жүйелерді» іздестіруде. Бұл ретте мұсылмандар да өз діни сенім жүйесі мен танымының, діни және мәдени құндылықтарының қайнаркөздерін қайта қарап, жанадан баға беруге тырысуы қажет.

## **б. Ислам дүниетанымы**

Мұсылмандар исламды адамзатқа жіберілген соңғы иләһи дін деп түсінеді. Ислам бүкіләлемдік жолдау ретінде адамды кемеліне және табысқа жеткізетін, барша адам баласына бағытталған ең кәміл негіздерді қамтиды. Яғни исламның бойында бұрынғы өткен пайғамбарлар тарапынан ғасырлар бойы жеткізіліп келген «Алдыңғы уахидың» барлық қыр-сыры қамтылған. Сонымен қатар бұл дін қияметке шейін адамзаттың қажеттіліктері мен мәселелеріне жалпы шеңберде жауап бере алатындай ұстанымдарға ие. Барлық дәуірлерде өмір сүрген адамдардың діни ретінде қаралуында жатқан сыр осы.

Құран – Аллаһтың кәламы, ал Құранның объектісі – иман. Сондықтан Құран адамның Аллаһпен байланысы мен қарым-қатынасын реттеуді мақсат етеді. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Құранның белгілі бір тарихи оқиға немесе кезеңмен шектелмегендігін, оның белгілі бір халыққа ғана бағытталмағандығын аңғарамыз.

Ислам – бүкіләлемдік және барша адамзат баласына бағытталған дін. Иман келтірсін-келтірмесін не иман келтіргендей көрінгісі кел-

сін, яғни мүнәфиқ болсын, ислам діні – адам баласының барлығына бірдей жіберілген дін. Бұл дінді ұстанған әрбір кісі – мұсылман. Ислам, ақида негіздері тұрғысынан бүкіл әлемді қамтитын діни сенім жүйесін ұсынады.

Сондықтан ислам адамзат тарихының алғашқы кезеңінен бастап жіберіле бастаған діндердің ең кәмілі және соңғысы болып табылады. Ол адамзатты түгелдей қамтып, оның бақыт пен қуанышқа бөленуін, дүние мен ақирет табысына жетуін мақсат тұтады.

Солтүстік пен шығысқа қарай бағыт алған фәтх әрекеттері Хижазда өмір сүрген сахабалардың түрлі аймақтарға тарауына себеп болды. Олардың қатарында ғалым сахабалар саны көп емес-ті. Дегенмен, ғалым болсын, жай сахаба болсын, олар барған жерінде өзге әлеуметтік орта және мәселелермен қарсыласқан еді. Олардың төңірегінде дәріс алқалары құрылып, шәкірттері олардан үйренген ілімдерін шартарапқа жайды. Соның негізінде алғашқы екі ғасырда ислам әлемінде үлкен ғылыми орталықтар құрылып, іс-тәжірибе тұрғысынан бір-бірінен өзгеше алуан түрлі саяси, ақидалық, фикһ-тық және пәлсапалық мектептер қалыптасты.

Фәтх әрекеттері нәтижесінде ислам мемлекетінің қоластына кірген мемлекеттерде барлық салада қайта құру кезеңі басталған болатын. Әсіресе, Парсы мен Византияға қарасты Сирия, Мысыр, Ирак және Солтүстік Африка елдерінде, Түркістан, Хорасан мен Мәураннаһр сияқты елді мекендерде жаңа дін мен ескі дін бетбе-бет келген-ді. Осы бір қарсыласу, араласу, қорғау мен жаю әрекеттері жаңа аралас діни мәдениеттің қалыптасуына жол ашты.

Осы тұрғыдан фәтх әрекеттеріне жаңа бір жолдау мен мәдениетті жеткізуші, сан түрлі дін, мәдениет және өркениетті таныстырушы әрекет ретінде қараған жөн.

Ислам діні жеке тұлға мен қоғамды табысқа жеткізетін кезеңді бастатты. Ақылға қонымды (ақли) және риуаят жолымен (нақли) жеткен дәлелдерге негізделген иман Ұлы Аллаһқа жасалған ғибадат пен ізгі амалдар арқылы адамның жан дүниесі мен ой-санасын жамандық атаулыдан тазартып, жоғары кәміл қасиеттерді бойына дарытты.

Ислам ойлану, зерделеу, зерттеу мен үйренуді бұйырады. Ақыл мен ғылымға арқа сүйейді.

Ислам – жүйелі дін. Еңбек ету арқылы табыс табуды бұйырады. Өзара көмек, қолдау, әділеттік пен кеңеске ерекше мән береді.

Ислам рухани-физиологиялық тұрғыдан жетілген, білімді, саналы, адамгершілігі мол, ахлағы көркем қоғам қалыптастыруды көздейді. Оның басты мақсаты осы қоғамды дүние мен ақиретте бақытқа жеткізу болып табылады.

Ислам діні – жеңіл ұғынылатын дін. Діни сенім, ғибадат пен ахлақ ұстанымдары тұрғысынан қарапайым және әмбебап сипатқа ие. Мұсылман болу Аллаһтың бар және бір екендігіне иман келтіруге негізделеді. Аллаһтың барлығы мен бірлігіне иман келтіріп, Өз.Мұхаммедтің пайғамбарлығын қабылдап мойындаған әрбір адам мұсылман саналады.

Ислам – тәухид діні. Бұл дін барша әлемді және барлық мақлұқатты Жаратқан Аллаһқа иман келтіру, дүниедегі тіршіліктің пәни, ал ақирет өмірінің мәңгі екендігіне, Есеп беру, таразы, жаннат пен тозақтың растығына сену, иләһи әмірлерге бойсұнып, тыйымдардан сақтану, әр уақытта әділдіктен таймау сияқты негіздерге сүйенеді. Яғни «Кәлима-и Тәухидті» иқрар және тасдиқ еткен кез келген кісі ислам дінін қабылдаған кісі ретінде мұсылман қауымның бір мүшесі саналады. Мойнына жеке жауапкершілік жүктеліп, құлшылық міндетін қабылдаған болады.

Ұлы Аллаһ өз бұйрықтарын жеткізу үшін белгілі тарихи кезеңдерде адамзатқа пайғамбарлар жолдау арқылы дінін үйретті. Ал бұл діннің соңғы буыны саналатын исламды тәблиғ ету міндетін Өз.Мұхаммедке жүктеді.

Аллаһтың әмірлері адам өмірінің барлық саласын қамтып, қалыптастырды. Иман, ғибадат пен ахлақ негіздерін белгіледі. Құран Кәрім – Ұлы Аллаһ тарапынан Өз.Мұхаммедке түсірілген уахидың белгілі бір тәртіппен кітапқа жинақталған түрі. Онда діни сенім, ғибадат пен ахлақ қағидалары жеке-жеке талдап көрсетілді. Ал Өз.Мұхаммедтің сүннеті бұл қағидалардың өмірде іске асуын қамтамасыз етіп, мүміндер қоғамы үшін барлық салада үлгі болды. Сөйтіп, Құран мен сүннет мұсылман жамағат үшін діннің қайнаркөзі, қасиетті мәтіндері саналды. Мұсылман ғұламалар осы екі қайнаркөзде орын алған ақиқатты жүйеге келтіріп, топтастырып, түсініктемелер бере отырып, түсінікті тілмен адамдарға ұсынды.

Ислам алып келген иман, ғибадат пен ахлақ негіздері – бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін толықтырып отыратын негіздер. Иман болмаса, ғибадаттың мәні жоқ. Ал ғибадаттың ықпалды да пайдалы болуы, ең алдымен, мүміннің ахлағына байланысты. Ахлақтың қайнар бұлағы иман, ғибадат және ізгі амал болып саналады. Нағыз мұсылман кісі – міне, осы үш қасиетті бойына жинақтай білген кісі.

Ұлы Аллаһ «Аср» сүресінде:

*«Асрмен ант етемін. Анығында, адам баласы сөзсіз зиянда. Тек иманға келген әрі ізгі амал жасаған және бір-біріне ақиқатты насихаттап өсиеттеген әрі бір-біріне сабырды насихат етіп өсиеттегендерден басқалары», – деген.*

Бұл сүре діни сенім мен ғибадаттың ахлақпен ұштастырылуы, ізгі амалмен сусындауы қажет екендігін нұсқайды. Дін дегеніміз мүміннің шынайы иман және ықыласпен Ұлы Аллаһтың әмірлеріне бойсұнуы, берілуі болып табылады.

Ислам түпнұсқа күйінде ұсталған кезеңде барлық нәрсе Құранға қарай бағалана отырып, «ислами» деген атауды иеленді. Бұл кезеңде Құран Кәрімде көрсетілген жеке тұлға мен қоғамдық жүйе үстемдік құрды. Саясат, басқару, сауда мен экономикадан бастап, барлық сала ислам дініне қарай қалыптасты. Барша пайғамбарлар тұсында өмір сүрген мүміндер жамағаты да дәл осындай жолды ұстанған еді. Әрбір пайғамбар осындай жүйені қалыптастыру үшін тырысқан-ды.

Сонымен бірге бірқатар мәселелер исламға еніп, ассимиляциялану арқылы сіңісіп кетті. Бұл мәселелер – исламға тән элементтер емес-ті. Дегенмен, оларды исламнан толықтай шеттетуге де келмейтін еді, өйткені «ислами сипат алған», «исламдасқан» немесе «исламдастырылған» болатын. Яғни жергілікті сипатқа ие болғандықтан, исламға еніп, жалғасып келе жатқан элементтер.

Мұсылман халықтар мен олардың мәдениеттері осы тұрғыдан зерттелетін болса, 'Аср-ы Сә'адаттан (Әз.пайғамбар дәуірінен) кейінгі дәуірлерде өмір сүрген мұсылман халықтар мен олар құрған жүйелер, жалпы алғанда, «исламдастырылған» сипатта екендігі байқалады. Яғни Әз.Мұхаммед пен Рашид халифалар тұсындағы таза, қоспасыз діни сенімді ұстанған мұсылман қауымның орнын

жергілікті дәстүрлік ерекшеліктерін ислами қалыпқа түсіру арқылы жалғастырған «исламдастырылған қоғам» басқан болатын. Бұл жағдай «таза кезеңдегі» қоспасыз ислам мен «аралас кезеңдегі» мәдениетке негізделген «тарихи ислам» арасындағы айырмашылыққа байланысты.

Сол кезеңдегі мәдениет пен өркениет де «ислами сипат алды» деуге болады. Өйткені әлеуметтік және қоғамдық саладағы «исламдану» үдерісі жүйелік пен құрылымдық саланы да, сондай-ақ сана мен ой-пікір жүйесін де қамтыған-ды. Мәселен, мұсылмандар өз тәжірибесі мен бірқатар ислами негіздерге сүйене отырып, «әмірлік» немесе «халифат» деп аталатын жаңа билік жүйесін құрды. Дегенмен, теориялық және құрылымдық жағынан халықтың билігіне негізделген халифалық басқару жүйесі қысқа уақыт ішінде күшін жойып, исламға жат салатанат құру жүйесіне ауысты. Мұндай жүйеге негізделген мемлекетті қалыптастыруда Сасани мен Византия империяларындағы саяси-әкімшілік құрылым басшылыққа алынып, уақыт өте келе «исламдандырылған» болатын. Мысал ретінде ғасырлар бойы мұсылман мемлекеттердің басты құрылымдары ретінде қызмет атқарған уәзірлік, хажибтық және т.б. құрылымдарды келтіруге болады.

«Ұлтшылдық ағым» басым түсіп, жасанды шекаралармен белгіленген ұлттық мемлекеттер пайда болғанға дейін исламданған қоғам жалғасқан-ды. Бұдан былайғы жерде «үммет» пен «дәрул-ислам» түсініктері жойылып, ал исламданған мирас өз жалғасын тапқан болатын.

Исламдық дәстүр мұсылман халықтар арасында дамып, жергілікті әдет-ғұрып, сан алуан мәдениетпен ықпалдасты. Ислам діні, әсіресе, фәтх әрекеттері орын алған кезеңде сан қырлы мәдени ортамен араласты. Дегенмен, ислами діни дәстүр әртүрлілік пен ықпалдасуға қарамастан, барлық дәуірлерде өз тұтастығын сақтай білді. Ғасырлар бойы мұсылмандарға күш беріп, алып мәдениеттер құруына мүмкіндік берген осы діни бірлік болатын.

Аяқ басқан әрбір елде ислам діні жергілікті мәдени құндылықтармен, яғни әдет-ғұрыптармен бетбе-бет келіп, оларға ықпал етті. Сондай-ақ бұл әдет-ғұрыптар да кейбір қырынан исламға әсер етті. Алайда, исламның ықпалы басым түсіп, оларға бағыт берген болатын.

Ислам өзіндік өмір сүру жүйесі болып табылады. Ол – жеке тұлға мен қоғам өмірін «фитратқа» сай тәртіпке келтіретін, уахидан бастау алатын жүйе. Ислам – адамға бағытталған дін. Мақсаты – «танысу» оқиғасын жүзеге асыру. Бұл танысудың негізі адамның өзін, Жаратушысын және ұзақ-жақын ортасын тануында жатыр.

Ислам әлемдік сипаттағы құндылықтар тұтастығын құрайды. Иман, ғибадат пен ахлақ ұстанымдары адамға арналып, оның ішкі жан сұлулығы мен сыртқы көркем бейнесін қалыптастыруды көздейді. Алайда, адамға күші мен мүмкіндіктеріне қарай міндет жүктейді.

Қазіргі кездегі мұсылман елдердің тұрғын саны екі миллиардқа жуықтап отыр. «'Аср-ы Сә'адаттан» (Бақытты ғасырдан) қалған ислами мәдениет пен өркениет мирасы мұсылмандар аяқ басқан барлық жерге жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа тарады. Ислам тарихы, өнері мен әдебиетіне қатысты сан алуан тілде жазылған еңбектер де ортақ мәдениет пен ғылымның қайнаркөзін құрады. Соның негізінде исламның мәні ешбір өзгеріске ұшырамай, бүгінгі күнге дейін жалғасты.

Дегенмен, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен діни және мәдени құндылықтар, яғни ислам дүниетанымы мен соған негізделген өмір салты уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, өзіндік мәдени дәстүр мен өмір сүру салтын қалыптастырды. Міне, осы мәдени дәстүр мен өмір салты «дәстүршіл исламды» құраған болатын. Яғни мұсылмандар өзгеруі заңды құбылыс ретінде қаралатын дәстүршіл мәдени ортада өмір сүріп, тәрбие алды. Ислами дәстүр мұсылмандықты жаңа қабылдаған халықтарда басқа мәдени дәстүрмен ықпалдасты.

Мұсылмандық «діни» дүниетаным мәдени дәстүр мен өркениет ретінде қалыптасты. Яғни ислами әдет-ғұрыптар «діни дүниетаным», ал оған ілесу «діни өмір салты» ретінде көрініс тапты. Ал ислам өркениеті бір-бірінен өзгеше ұлттық және жергілікті мәдени дәстүрлер, тілдер, аймақтар мен тарихи жағдайлар аясында қалыптасып, дамыды. Демек, ислам өркениетіне мұсылман халықтардың ортақ мәдениетінің жемісі деп қараған жөн. Бұл өркениет Атлант мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі аймақты алып жатқан мұсылман елдердің басын біріктіретін және солардың өкілі ретінде қаралатын, тамыры тереңге жайылған алып өркениет болып табылады.

Негізінде, саңдаған ғасырлар бойы сән-салтанаты жалғасып келе жатқан ислам мәдениеті адамзаттың бүгінгі жағдайға жетуіне ықпал етіп, үлкен үлес қосты. Сөйтіп, Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің ең маңызды қозғаушы күштерінің бірі саналды.

Мұсылмандардың нәсілі, тілі, түр-түсі мен географиялық орнының әртүрлілігі тұрғысынан ислам діні жиырмасыншы ғасырда ерекше орынға ие болды. Климаты құрғақ әрі ыстық Арабстанда өмірге келіп, қарқынды түрде шартарапқа тарай отырып, халықаралық дін мәртебесіне жеткен және ұстанушыларының саны үздіксіз түрде артқан бұл дін әлемнің түпкір-түпкірінде тұрақтап, тамыр салды. Бүкіләлемдік күшке айналу үшін ұмтылған «мұсылман жамағаттар» әлемдік деңгейде қызмет көрсететін ислами өзара қолдау мен көмек көрсету ұйымдарын құрып, сол арқылы исламданған мәдени мұраны жалғастыруға тырысуда.

Қазіргі уақытта мұсылмандар әлемнің түрлі аймақтарында өмір сүріп жатыр. Олар сан алуан тілде сөйлейді. Мұсылман арабтар Арабстан, Палестина, Йордания, Йемен, Мысыр, Судан, Либия, Тунис, Алжир, Марокко, Мавритания, Ирак, Сирия, Ливан және Парсы шығанағындағы елдерді мекен етуде. Олар, жалпы алғанда, араб тілінде, сондай-ақ жергілікті тілдерде сөйлейді. Жалпы халық саны 150 миллионға жуық.

Мұсылман парсылар Иран, Әзірбайжан, Ауғанстан мен Тәжікстанда орналасқан. Олар парсы тілімен қатар жергілікті тілді қолданады. Жалпы халық саны 60 миллионға жақын.

Ал мұсылман түркі халықтары Туркия, Балқан елдері, Түркістан (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан), Әзірбайжан, Шығыс Түркістан, Кипр, Иран, Сирия, Тунис, Алжир, Америка, Австралия мен Еуропаны мекендеуде. Жалпы халық саны 300 миллионнан асады. Халық түркі тілдерінде сөйлейді, сонымен қатар жергілікті тілдер мен диалектілерді де пайдаланады.

Мұсылман үнділер Бангладеш, оңтүстік Үндістан, Пенжап, Пакистан, Үнді жазығы, Ганж жазығы, Кашмир мен Цейлон сияқты елдерді мекендейді. Жалпы халық саны жарты миллиардқа жуық. Халық урду, синд, пенжап, бенгал, кашмир тілдерінде сөйлейді.

Индонезия, Малайзия, Қытай, Филиппиндер, Бурма мен Таиланд сияқты елдер мұсылмандар ең көп шоғырланған Қиыр Шығыс

елдеріне жатады. Жалпы халық саны жарты миллиард төңірегінде. Халық малай, қытай, чава, судан тілдерінде сөйлейді.

Сонымен қатар Сахараның төменгі жағында орналасқан Африка елдері, Америка, Еуропа пен Австралияда да 100 миллионнан астам мұсылман өмір сүруде. Олар түрлі тілдерде сөйлейді.

Мұсылмандар орта ғасырларда барлық салада христиандардан алда болды. Ислам діні өзінің мәдени құрылымдары, әйгілі ғұламалары мен олар жазған еңбектер арқылы Батыстағы қайта өрлеу дәуіріне үлес қосты. Крест жорықтары христиан Еуропаның ислам мәдениетімен жақыннан танысуына мүмкіндік берді. Соның негізінде ислам әлемінің, соның ішінде селчуктықтар мен зенгилердің мәдениеті мен өркениеті еуропалықтарға ықпал етті. Көптеген салада олар ислам мәдениетінің жетістіктерінен пайдаланды.

Сан түрлі мәдениетке қатысты мағлұмат алу мен үкім беруде үмметтер мен олардан қалған ескерткіштердің әртүрлілігін бейнелейтін шынайы өлшем мен шарифат үкімдерін білу де иман мен таным қағидаларына жатады. Танымын Құран мен сүннетке негіздеген әрбір мұсылман осы екі қайнаркөз арқылы (дүние мен ақиретте) табысқа жетіп, бұл үмметтерден қалған ескерткіштер мен бір-бірінен өзгеше өркениеттерге шарифат үкіміне қарай баға бере алады. Тек оларды бағалау барысында әділдікті ұстанып, құнын асырмауы да, төмендетпеуі де тиіс.

Көне өркениеттерден қалған ескерткіштер арасында қирап қалған бекіністер мен қамалдар, ескерткіштер мен мысырлықтардың пирамидалары сияқты пайдасы да зияны да шамалы дүниелер бар.

Құран бізге мәдени ескерткіштерді қалай бағалау керектігін үйретіп, көне туындылардың мәнісін ашып көрсетеді. Олай болса, ғибрат пен насихат алу үшін көнеден қалған ескерткіштер мен мәдениеттерге назар салған жөн.

Тарихты білу бізден Аллаһтың заңдылықтарын, жер мен көктегі белгілерін (аяттарын) танып-білу үшін көне қауымдар мен олар қалыптастырған мәдениеттер жөнінде білуіміз керектігін атап көрсетеді. Сонымен қатар бізден өркениеттерден қалған қалдықтарды, жер мен көктегі Аллаһтың белгілерін көру үшін саяхатқа шығып, ел аралап қайтуымызды талап етеді.<sup>582</sup> Бұл

---

582 Нәмл, 69; Қасас, 58; Хаж, 45-46; Сәжда, 26.



белгілер жөнінде ой жүгіртіп, зерттеу жүргізу арқылы нәтижелер шығаруымызды бұйырады.<sup>583</sup> Алып өркениеттер құрғанымен, тура жолмен жүрмеген және өздеріне жіберілген елшілерді мойындамаған қауымдар Аллаһ тарапынан жер бетінен жойылған болатын. Аллаһ мұндай қауымдардың орнына басқаларын жаратты. Мәселен, Перғаун өркениеті осындай күйді бастан кешірген еді.<sup>584</sup>

## Ғ. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

Кез келген мемлекетте қаржы жүйесі болатыны белгілі. Өйткені мемлекеттік істердің атқарылуы, елдің өркендеуі мен дамуы, мәдени тұрғыдан алға басуы, халықтың тыныштықта бейбіт өмір сүруі, ең алдымен, күшті қаржы жүйесін талап етеді. Ал қаржы жүйесі бірқатар кіріс пен табыс көздері, сондай-ақ шығыс пен оның салаларынан тұрады. Міне, осы мәселелерді дұрыс анықтап, тиімді пайдалану қаржы жүйесінің негізін құрайды. Қаржы жүйесі мықты болса, мемлекеттің күші артып, ұзақ өмір сүреді. Ал қаржы секторы әлсіз немесе жеткіліксіз болғандар көпке ұзамай, экономикалық, әлеуметтік және ахлақтық тұрғыдан тоқырауға ұшырайды.

### 1. Мемлекет кірістері

Кез келген мемлекеттің қаржы саласын басқаратын органдар мемлекеттің кірістері мен шығыстарын тепе-теңдікте ұстау үшін бар күшін салады. Құрылған күннен бастап ислам мемлекеті де осындай саясат ұстана отырып, осы мақсатта мемлекеттік қазынаны (*бәйтүл-малды*) қалыптастырды. Мемлекеттік қазына кірістердің жинақталу мен сақталуын, мұсылмандардың ортақ игілігі үшін жұмсалуды ұйымдастыру қызметін атқарды.

Мемлекеттік қазына:

1. Жер телімдерінен алынатын салық;
2. Асыл металдар, олжа мен фәйден бәйтүл-малға бөлінген үлес;

583 Ибраһим, 44-47; Рум, 9; Сәба, 45; Ағраф, 74; Шуғара, 128-129.

584 Дұхан, 25-27; Қасас, 58; Ахқаф, 25; Анкабут, 38.

3. Зекет: зекет Құранда көрсетілген орындар мен кісілерден басқасына берілмейді;
4. Мемлекеттегі басқа дін өкілдері тарапынан әрбір кісі үшін жеке төленетін жизия салығы (жизйәтур-ру'ус);
5. Мүшріктер тарапынан ислам мемлекеті мен оның порттарына алып келінген сауда тауарлары үшін алынатын кеден салығы (өшір);
6. Иесі белгісіз заттар (луката), мұрагері жоқ мирас пен бейбіт жолдар арқылы түскен табыстардан құралды.<sup>585</sup>

Мемлекеттің табыс көздері арасында олжа мен фәй ерекше орын алды. Олжа тек соғыс кездерінде түсетін еді. Жәһілдік дәуірде өмір сүрген арабтардың әдеті бойынша қолбасшылар олжаның төрттен бірін өзіне алатын болған. Бұл үлес «мирба» деп аталды. Ал олжаның қалған бөлігі қалай болса, солай үлестірілетін-ді. Әрбір сарбаз қолына түскенді иеленетін. «Бәдір» шайқасынан кейін олжаға Аллаһтың мүлкі ретінде қарау, оның бестен бірін Аллаһ жолына, пайғамбар мен халыққа арнау бұйырылған болатын.<sup>586</sup>

Бұл жөнінде Құран Кәрімде:

*«(Ей, Мұхаммед!) Олар (сахабалар) сенен олжалар туралы сұрайды. Айт: «Олжалар Аллаһқа және Оның Елшісіне тән. Тақуалық етіңдер (Аллаһтың жазасынан қорқып сақтаныңдар) және араларыңдағыны түзетіңдер. Егер мүмін (иманды) болсаңдар, Аллаһқа және Оның Елшісіне бойсұныңдар», – деп»;*<sup>587</sup>

*«Егер сендер Аллаһқа сенген болсаңдар және Айыру күні – екі топ (Бәдірде) кездескен күні құлымызға түсіргенімізге сенсеңдер, онда біліңдер, олжалап алған заттарыңның бестен бірі Аллаһқа және Елшісіне, сонымен бірге (Елшінің) жақын туыстарына, жетімдерге, кедейлер мен (жолда қалған) жолаушыға тиісті»;*<sup>588</sup> – деген аяттар бар.

Әз.пайғамбар екі оқиғада ғана олжаны мүһәжірлерге және Мекке фәтх етілгеннен кейін мұсылмандықты қабылдағандарға берген-ді. Ал одан өзге уақыттарда олжаның бестен бірін сарбаз-

585 Хасан Х.Ибраһим, *аталмыш еңбек*, I, 163.

586 Шибли, *аталмыш еңбек*, 455.

587 Әнфәл, 1.

588 Әнфәл, 41.

дар арасында таратқан болатын. Әдетте атты әскерге үш есе үлес беріліп отырды. Бестен бір үлестің бір мөлшері ғана Өз.пайғамбар тарапынан жеке қажеттіліктерін өтеу үшін қолданылып, қалған бөлігі аятта аталған орындарға жұмсалған еді.<sup>589</sup>

Фэй дегеніміз жиһад үшін мұсылмандар мүшріктерден бейбіт жолдармен ақысыз алған ат пен түйе сияқты малдар болып табылады. Фэй де олжа сияқты бөліске салынды. Бестен бірі Расулуллаһқа беріліп, ал қалғаны тендей бөлініп, төмендегі аятта аталған кісілерге таратылып отырды:

*«Аллаһ елді мекен тұрғындарынан Өз елісіне соғыссыз олжа етін берген нәрселер жиһад үшін Аллаһқа, Елиіге, (оның) жақындарына, жетімдерге, жоқ-жітікке және жолда қалғандарға тиісті...».*<sup>590</sup>

Олжаның фәйден ең басты айырмашылығы мұсылмандардың дұшпан әскерінен соғысу арқылы қолға түсірген нәрселер болуында жатыр. Олжа тұтқындарды, сәбайаны (тұтқынға түскен әйелдер мен балаларды), жер телімдері мен жылжымалы мүлікті қамтыды.<sup>591</sup>

Тұтқындар қатарына қарсы жақтан мұсылмандардың қолына түскен сарбаздар жатқызылды. Ал сәбайа жау әскерінің тұтқынға алынған әйелдері мен балаларын қамтыды. Оларды өлтіруге рұқсат етілмегенімен, олжа ретінде бөліске салынып отырды. Тұтқындардың фидия төлемін төлеу арқылы азаттық алуына рұқсат етілді. Егер бұл тұтқындар өз қауымдарына тұтқынға түскен мұсылмандармен айырбасталатын болса, үлес иесіне сол тұтқындардың төлемі өтеле-тін болды. Кешіріммен босатылған жағдайларда да иесіне төлемі берілетін-ді. Мәселен, осы шешімнің дәлелі ретінде Өз.пайғамбардың «Хунәйн» ғазауатында қолға түскен әйелдер мен балаларға кешірім мен мейірім көрсетіп, азат етуін сұрап келген хауазиндықтарға берген жауабын көрсетуге болады. Соғысу арқылы қолға түсірілген жер телімдері олжа ретінде қаралып, иелері бұл жерден шығарылды. Ал кейінгі мемлекет басшылары тарапынан мұндай жер телімдеріне қатысты қабылданған шешімдер қайшылықтар туғызды. Мәселен, Өз.Әбу Бәкір мұндай жерлерді мұсылмандарға таратса, ал Өз.Омар бұл тәртіпті жойып, мемлекет қазынасында қалуын қамтамасыз

---

589 Шибли, *аталмыш еңбек*, 456.

590 Хашр, 7.

591 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 178.

етті. Бұл жөнінде Бәлазури: «Омар бин әл-Хаттаб әл-Жәбияға келіп, соғыста фәтх етілген жер телімдерін мұсылмандарға үлестіретін болады. Сонда Муаз бин Жәбал оған: «Аллаһқа ант етемін. Егер сен бұл жер телімдерін бөліп беретін болсаң, көңіліміз толмайтындай жағдайға душар болармыз. Мал-мүлік белгілі бір кісілердің қолында шоғырланып, олар дүниеден өткен уақытта бұл мүлік бір кісінің меншігінде қалып қояр. Ал олардан кейін келген ұрпақ исламды берік ұстанғанымен, ешбір мүлік таппай жүрер. Сондықтан сен алдыңғылар да, кейінгілер де пайдалана алатындай шешім қабылда», – деп ескертеді.

Әз.Омар Муаздың сөзіне құлақ салып, жер телімдерін үлестіруден бас тартады.<sup>592</sup>

Бұл риуаят Әз.Омардың мұндай шешімге Муаз бин Жәбалдың ескертуіне байланысты барғандығын көрсетеді.<sup>593</sup>

Жылжымалы олжа қатарына мал, түрлі заттар мен ақша жатқызылды. Мұндай олжа шайқасқа қатысқандар арасында үлестіріліп отырды. Өлтірілген дұшпан сарбаздарының киім-кешек, қару-жарақ пен көлігі де бөліске салынды. Расулуллаһ мұндай олжаны қалай жөн көрсе, солай таратын еді.<sup>594</sup>

Ал зекет дегеніміз – мұсылмандарға тиесілі түйе, сиыр, қой мен ешкі, сондай-ақ алтын мен күміс сияқты мал-мүлік түрлерінің белгілі бір мөлшерге (нисабқа) жеткендігі анықталған жағдайда берілетін салық. Исламда зекет үшін бір мөлшер белгілеген. Сол мөлшерден аз болған мал-мүліктен зекет алынбайды. Бұл мөлшер Расулуллаһтың көзі тірісінде жазбаша бұйрық түрінде белгіленген болатын. Әз.пайғамбар дүниеден өткеннен соң мұсылмандар осы бұйрықты басшылыққа ала отырып, әрекет етті. Ол тұста орталық-

---

592 Бәлазури, *Футухул-Булдан*, 216-217.

593 Бұдан кейінгі кезеңдерде өмір сүрген Имам Шафиғи Әз.Әбу Бәкірдің шешімін жөн санап, жер телімдерінің мұсылмандарға таратылуын айтқан болса, ал Имам Мәлік Әз.Омардың шешімін, яғни жердің мемлекеттің қолында уақыф меншігі ретінде қалдырылуын дұрыс көрген болатын. Әбу Ханифа болса, мемлекет басшысының екі түрлі шешімнен қалағанын қабылдауда ерікті екендігін айтқан. Қараңыз: Х.Имбарһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 179.

594 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 179; кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Ибн Зенжебейх, *Китәбул-Әмуәл*, I, 365.

тан шеткері жатқан аймақтарға зекет қызметкерлері тағайындалатын еді. Олар халықтан зекет жинап, халифаға әкеліп тапсыратын. Ал халифа өз кезегінде жиналған зекетті ислам діні көрсеткен орындарға жұмсайтын-ды.<sup>595</sup>

Құран бойынша зекет кедейлерге, қиын жағдайда қалғандарға, исламды жаңа қабылдағандарға, азаттығына қауышуы үшін құлдарға, қарызын өтеуі үшін борышкерге, жолда қалған жолаушыларға, күнкөрісін қамтамасыз етуі үшін зекет жинаушылар мен жалпы қызметкерлерге беріледі.

Белгілі бір елді мекеннен жиналған зекет сол жердің тұрғындарына таратылатын болған. Бүр күні Зияд зекет жинау үшін бір қызметкер жолдайды. Әлігі қызметкер жиналған зекетті сол жердің халқына таратып беріп, құралақан қайтады да: «Әз.пайғамбар бізге нені үйреткен болса, соны істедім», – дейді. Ал Муаз бин Жәбал Йеменге жолданған уақытта Әз.пайғамбар оған: «*Зекет олардың байларынан алатын, кедейлеріне қайтарылады*»,<sup>596</sup> – деген еді.

Зекетке қатысты барлық үкім Әз.пайғамбардың көзі тірісінде белгіленген болатын. Дегенмен, Әз.Омар тағы бір үкімді қосып, сатылатын аттардың да зекетін алып отырды. Өйткені Әз.пайғамбардың тұсында аттарды алып-сату деген мәселе жоқ-ты. Ал кейінірек мұндай алып-сату түрі жүзеге асырыла бастағанда, Әз.Омар бұл мәселені осылайша шешкен еді.<sup>597</sup> Халифат орталығында тек зекет үшін арналған диуан құрылып, ал уәлаяттарда сол диуанның бөлімшелері қызмет атқарды. Нисаб мөлшеріне жететін мал-мүлікке ие болған мұсылмандар оның қырықтан бірін (2,5%) зекет ретінде беруі тиіс болды.<sup>598</sup> Сауда тауарлары, асыл металдар мен егістік өнімдерінен алынатын зекет мөлшері де жеке-жеке белгіленді.<sup>599</sup>

Жизия салығы исламнан өзге дін өкілдеріне салынатын салық түрі болған. Бұл салықтан әйелдер мен балалар босатылатын. Жизия қамқорлық ету мен дұшпаннан қорғау үшін алынатын. Жоқ-жітік пен жұмысқа жарамсыз кісілерге жизия салығы салынбайтын

---

595 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 278-279.

596 Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 456-457.

597 Шибли, *аталмыш еңбек*, IV, 360-598.

598 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 173.

599 Кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Ибн Зенжебейх, *аталмыш еңбек*, II, 785, т.б.

еді.<sup>600</sup> Бұл салықтың мөлшері жөнінде түрлі пікірлер болғанымен, жалпы, адамдардың материалдық жағдайына қарай белгіленіп отырған. Расулуллаһ ақыл есі сау, балиғатқа жеткен және шамасы бар кісілерден бір динардан алатын-ды. Ейле тұрғындары жылына 300 динар, ал Езрух халқы – 100 динар жизия төлейтін. Ең көп мөлшердегі жизия Бахрейнен жіберілген еді.<sup>601</sup> Құранда жизия туралы:

*«Кітап берілгендерден, Аллаһқа және ақирет күніне сенбейтін, Аллаһ және Оның Елшісі тыйым салған нәрселерді тыйым салынған деп есептемейтін әрі хақ дінді ұстанбайтындармен, олар кішірейген (бағынған) күйде өз қолдарымен (арнайы) салық (жизия) бергенге дейін соғысыңдар»,<sup>602</sup> – делінген.*

Жизия әрбір кісі үшін жеке төленетін салық түрі болды. Мұндай кісі мұсылмандықты қабылдаған жағдайда, жизиядан босатылып, алайда, оның орнына зекет беретін еді. Яғни мұсылмандарға зекет салығы салынса, ал басқа дін өкілдерінен осы салық түрі алынды.

Өзге дін өкілдерінен төлеуге шамасы жететін, ақыл-есі дұрыс, ерікті ер кісілерден жизия алынатын. Әйел кісілер, өздеріне садақа берілетін жоқ-жітіктер, жұмысқа жарамсыз жандар, зағиптар, салдар, ақыл есі дұрыс емес кісілерге, сондай-ақ апатқа ұшырғандарға жизия салынбайтын. Сонымен қатар шіркеу мен монастырлардағы қарапайым дін адамдарынан да жизия салығы алынбайтын еді. Ислам дінінде мұсылмандықты қабылдағанымен, жиһадқа шығу міндетінен босатылғандардан да бұл салық талап етілмеген. Ислам діні өздерінен жизия алынған тұлғаларға қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қамқорлық жасау сияқты екі түрлі құқық берген-ді.<sup>603</sup>

Бір күні Әз.Омар бір үйдің жанынан өтіп бара жатып, жасы қартайған, көзі көр қайыр тілеп отырған қйыршыны көреді. Шалдың қолтығынан сүйеп: «Сен Кітап берілген қай қауымнансың?» – деп сұрайды. Адам яһуди екендігін айтады. Сонда Әз.Омар неге қайыр тілеп отырғандығын сұрайды. Қарт: «Бізден жизия талап етіледі. Жасымды да, жағдайымды да көріп тұрсың», – дейді. Әз.Омар әлігі

600 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 278.

601 Мәулана Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 457.

602 Тәуба, 29.

603 Мәуерди, *аталмыш еңбек*, 125-127; X.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 175.

қартты қолынан ұстап, үйіне ертіп келіп, бірнәрсе алып шығып береді де, қазына қызметкеріне: «Мына кісі мен осындай күйдегілерге көңіл бөл. Уаллаһи, егер мұндайларды жас шағында пайдаланып, қартайғанда бейшара күйге түсіретін болсақ, әділдіктен тайған боламыз. Зекеттің пақырлар мен міскіндер (түгі жоқ кісілер) үшін арналғандығында күмән жоқ. Пақырлар мұсылмандардан, ал мына кісі сияқтылар міскіндерден, яғни Кітап берілген қауымнан болып табылады», – деп ескертеді. Осылайша, мұндай қарт сияқты басқа да жандар жизиядан босатылған еді.<sup>604</sup>

Өз.Омар дүниеден өтер уақытта: «Бұдан былай халифа болатын кісіге Расулұллаһ көрсеткен қамқорлық мәселесіне көңіл бөліп, қоластындағы өзге дін өкілдеріне берген сөздерін орындауын, олардың құқықтарын қорғау үшін күресіп, оларға шамасы жетпейтіндей жүк жүктемеуін насихат етемін», – деп өсиет қалдырған болатын.<sup>605</sup>

**Хараж салығы** – исламнан өзге дінді ұстанатын егіншілерге салынған салық түрі. Бұл салық мұсылмандар соғыспен не бейбіт жолмен қолға түсірген жер телімдерін сол жердің халқына қалдырған жағдайда салынып отырды. Мұндай жер телімдеріне егін салып, пайдаланған егіншілер алған өнімнің белгілі бір мөлшерін салық ретінде төлеп тұрды. Төленетін салық мөлшері екі тараптың келісуі арқылы белгіленді. Хайбар, Фадыл, Уәдил-Қура мен Тәйма тұрғындары хараж салығын төлеп отырды. Егін егіліп, өнім алынған уақытта Өз.пайғамбар жолдаған кісілер өнімнің көлемін анықтап, өнімнің үштен екісін есепке алмай, қалған бөлігін екіге бөлетін еді. Ал Хайбар халқы өнімдерінің жартысын беруді мақұлдаған болатын.<sup>606</sup> Бұл салық кейде Өз.Омардың Сәуад деген жерге салғаны сияқты белгілі бір мөлшерге ғана салынса, кейде алынған барлық өнімнен алынатын үлес болды.<sup>607</sup> Дегенмен, Рашид халифалар тұсында хараж салығы қандай мөлшерде салынғандығы жөнінде нақты дерек жоқ.<sup>608</sup>

---

604 Әбу Юсуф, *Китәбул-Хараж*, 70; Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 177; Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 278; Ибн Зенжебейх, *аталмыш еңбек*, I, 115.

605 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 177.

606 Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 457.

607 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 275.

608 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 277.

Жизия мен хараж ретінде алынған салықтар сарбаздарға таратылып отырды. Барша сахабалар ислам әскеріне ерікті түрде қосылған сарбаздар ретінде саналғандықтан, бұл салықтан оларға да үлес бөлінді. Ең баста бұл салық кезінде құл болғандарға берілді. Салық бөлінетін саланың атын жазу үшін арнайы кітапшалар болды. Үйленгендер басы бостарға қарағанда екі есе артық үлес алды.<sup>609</sup> Халифалар уәли мен қолбасшылардан тәуелсіз, өз қызметтерін тікелей өздері атқаратын хараж жинау қызметкерлерін тағайындап отырды. Бұл қызметкерлер жауынгерлерге жалақысын төлейтін, жалпы қоғамдық қызметтерге жұмсалатын шығынды қамтамасыз ететін, ал қалғанын хараж салығы бөлінетін орындарға жұсалуы үшін мемлекет қазынасына тапсыратын еді.<sup>610</sup>

Әз.Омар Ирак пен Сирия фәтх етілген уақытта оларға қарасты жер телімдерін мұсылмандарға таратып беру жөнінде төңірегіндегілермен кенескен болатын. Мұсылмандардың бір бөлігі өздерінің үлесіне түсетін жер телімін бөліп беруін сұрайды. Сонда Әз.Омар оларға: «Бізден кейін келетін мұсылман ұрпақтың жағдайы не болмақ? Жерді таратып беретін болсақ, аталары тарапынан бөлісіп алынғандықтан, бұл ұрпаққа ештеңе қалмасы анық. Сондықтан мен бұл пікірлеріңе қосылмаймын...», – дейді. Абдуррахман бин Ауф: «Сен қандай пікірдесің? Бұл жер телімдері Аллаһтың мұсылмандарға берген сыйы емес пе?» – деп сұрайды. Әз.Омар жауап ретінде: «Мен сендердің бұл ойларыңды бөлісе алмаймын. Уаллаһи, менен кейін мұсылмандарға мұндай үлкен үлес берілетіндей фәтх әрекеті орын ала қоймас. Тіпті, алдағы кезеңдерде мұсылмандардың мойнына ауыр жүк те жүктелуі мүмкін. Ирак пен Шамдағы жер телімдері ағаштарымен бірге таратылып берілетін болса, мемлекеттің қажеттіліктерін қалай қамтамасыз етпекпіз? Әрі Сирия, Ирак және басқа аймақтарда өмір сүріп жатқан жесірлер мен жетімдердің күйі не болмақ?» – дейді. Сонда Әз.Омардың алдындағылар:

«Аллаһ қылыштарымыз арқылы бізге сый еткен нығметтерді соғысқа қатыспаған, тіпті, бұл дәуірде өмір сүрмеген кісілер мен олардың ұрпақтарына қалдырып отырсың», – деп жазғырады. Әз.Омар айтылған бұл сөздерге қарсы: «Менің пікірім осы», –

609 Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 457.

610 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 167.



дейді. Сонда олар: «Олай болса, айналаңмен кеңес», – деп сұрайды. Өз.Омар, ең алдымен, мұһәжірлермен ақылдасады. Олардың да пікірі бір жерден шыға қоймайды. Абдуррахман бин Ауф үлестерін бөліп беруін ұсынады. Өз.Осман, Әли, Талха, мен Ибн Омар да осы пікірді жақтайды. Өз.Омар бұдан кейін Әус пен Хазраж тайпаларының белді азаматтарынан бес-бес кісіден шақыртып, келген ансарлармен жиналыс өткізеді. Аллаһқа мақтау айтып, сөзіне бастаған Өз.Омар:

«Сендерді маған жүктелген бір мәселені шешуде жәрдем етулеріңді сұрап, шақыртып отырмын. Мен де сендердей бір адаммын және өз пікірім бар. Бүгін ақиқатты айқындайтын сендерсіңдер. Бұл мәселеге қатысты кейбір кісілер қарсы пікір білдірсе, кейбіреулер пікірімді жақтауда. Сендерден менің қалауыма бойсұнуларыңды талап етпеймін. Қолдарыңда Аллаһтың Кітабы бар. Егер бір пікір білдірген болсам, бұл пікірді тек қана ақиқат пен дұрыс шешімге бару үшін білдіріп отырмын», – дейді. Сонда жиналғандар: «Құлағымыз сенде, ей, Омар», – деседі. Өз.Омар сөзін жалғастырып: «Естіген боларсыңдар, кейбіреулер мені ақысын өздеріне бермей, зұлымдық жасады деп жүр. Мұндай зұлымдыққа барудан Аллаһқа сыйынамын. Егер олардың ақысын бермей, басқасына берген болсам, әрине, зұлымдық жасағаным. Алайда, мен бұдан кейін мұндай фәтх етілетіндей (кұнарлы) жер қалмады деген ойдамын. Аллаһ бізге Ирактың мал-дүниесін, жер телімдері мен байлығын сый етті. Олжаға түскен мал-мүлікті сарбаздарға арнап бөлгіздім. Олжаның бестен бірін де орнына қойғыздым. Ал жер телімдеріне келер болсақ, оларды мемлекеттің меншігінде ұстап, хараж салығын салып, осылайша кейінгі сарбаздарға, жоқ-жітікке, балаларға және олардан кейінгі келетін ұрпаққа табыс көзі ретінде қалдыруды көздеп отырмын. Бізден кейін мемлекет істерін жүргізетіндердің де қажеттілігі бар екендігін мойындайтын шығарсыңдар? Мына шекараны қорғайтын әскер қажет екендігін де көріп отырған боларсыңдар. Шам, Жазира, Куфа, Басра мен Фустат сияқты ірі қалаларды қорғайтын әскер және олардың шығынын қамтамасыз ету үшін қаражат керек екендігін де білерсіңдер. Мына жер телімдерін, ондағы байлық пен адамдарды сарбаздарға үлестіріп беретін болсақ, аталған шығынды қалай қамтамасыз етпекпіз?» – дейді. Сонда барлығы бірауыздан: «Ей, Омар! Айтып отырған ойың өте орынды. Егер аталған істер атқарылмаса, қалалар әскер тарапынан

қорғалмаса, шығыны өтелмесе, жаудың өз жеріне қайта оралмасына кім кепілдік бере алады?» – деп қолдау білдіріседі. Сонда Әз.Омар: «Мәселе шешілді. Бұл аймақтың харажға байланысты мәселесін шеше алатындай кімді білесіңдер? – деп сұрайды. Жиналған ансарлар Осман бин Ханифты ұсынып: «Қолынан іс келетін, ақылы мен адамгершілігі мол, тәжірибелі азамат», – дейді. Әз.Омар әлігі кісіні шақыртып, хараж алынуы тиіс жер телімдерінің көлемін өлшеуді тапсырады. Әз.Омар дүниеден өтерінен бір жыл бұрын Куфадағы жер телімдерінен түскен табыс көлемі жүз миллион дирхамға жеткен болатын. Ол тұста бір дирхам бір мысқал алтынға тең келетін-ді.

Бұл шешімі арқылы халифа аталған жер телімдерін мемлекет қазынасына (бәйтүл-малға) беріп, мемлекеттендіре отырып, қоғамдық қызметтер үшін пайдалануды, жергілікті халық тарапынан егін егіліп, үздіксіз табыс көзіне айналуын көздеген-ді. Ал сахабалар оның шешіміне қолдау көрсетті.

Мұсылмандар Әз.Омардан Сириядағы жер телімдерін де Расуллуллаһ Хайбарды бөліп бергендей, таратып беруін талап еткен болатын. Сонда: «Олай болса, сендерден кейінгі мұсылмандарды құралақан қалдырмақпыз ба?», – деп қарсылық білдірген халифа Сириядағы жер телімдерін де Ирактағы сияқты жергілікті тұрғындарға қалдырып, оларға мұсылмандар үшін хараж салығын төлеп отыру міндетін жүктеген-ді.<sup>611</sup>

Әз.Омар тұсында түскендей табыс одан кейінгі кезеңдерде түспеген болатын. Әмеуилер мен аббасилер Мысырдан 3.000.000-нан артық динар жинай алмады. Хишам бин Мәлік дәуірінде жер телімдерінің көлемі өлшеніп, Мысырдағы жердің көлемі отыз миллион фәдданға (қос өгізбен бір күнде жыртылатындай жер телімі өлшеміне) жеткендігі анықталғанда, мемлекет басшысы 3.000.000 динарлық кірісті он миллионға көтереді. Әз.Осман тұсында Мысырдан түскен табыс көлемі 14.000.000 динарға жетеді. Сонда халифа осы кірісті меңзеп, Амр бин әл-Асқа: «Сиыр бұрынғыдан

---

611 Қараңыз: Д.Г.Б. *Ислам Тарихи*, II, 276-277; Шибли, *аталмыш ебек*, IV, 350-354; Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 165-168; сонымен қатар Әз.Омардың бұл шешімге Муаз бин Жәбалдың ескертуіне байланысты барғандығы жөнінде қараңыз: Бәлазури, *аталмыш еңбек*, 216-217.

көп сүт бере бастағанын көріп отырған боларсындар», – дейді. Сонда Амр: «Бірақ аш қалып отыр емес пе?», – деп жауап берген екен.<sup>612</sup>

Қорыта айтқанда, Рашид халифалар дәуірі әділеттілік сақталып, халыққа жеңілдік жасалған дәуір болды. Бұл дәуірде жизия төлеу мәселесінде халыққа уәлилер тарапынан қысым көрсетілмеді. Жер телімдерінен алынған салық мөлшері жердің көлемі, өнімнің молдығы мен егіннің түріне қарай белгіленіп отырды. Салық толықтай ақша түрінде емес, бір бөлігі заттай (өніммен) де төленетін еді. Уәлилер хараж кірісін арттыру үшін жерді суғару ісімен тікелей өздері айналысты. Сонымен қатар олар су қоймаларын салу, кең каналдар қаздыру мен көпірлер салу сияқты істерді және олардың тазалығын да бақылап отырды. Өйткені өнім азаятын болса, салық көлемі де түсетін еді.<sup>613</sup>

Мәуерди мұндай жер телімдерін:

1. «Тікелей мұсылмандар тарапынан егілген жер телімдері. Бұл жерлерден өшір салығы алынғандықтан, хараж салығы салынбайтын;
2. Иелері исламды қабылдаған жер телімдері. Олар өз жерлерін толықтай иемденді. Шафиғидың көзқарасы бойынша мұндай жерлерге хараж емес, өшір салығы салынуы тиіс;
3. Мүшріктердің қолынан соғысу, қылыш күші арқылы алынған жер телімдері. Шафиғи бойынша мұндай жер телімдері олжа ретінде қаралып, жауынгерлер арасында үлестірілуі тиіс. Меншік иесі жауынгерлер болғандықтан, мұндай жерден өшір салығы алынады. Сондықтан өшір салығы белгіленген жерден хараж алынбауы тиіс;
4. Бейбіт жолмен, келісімшарт жасау арқылы мүшріктердің иелігінде қалдырылған жер телімдері. Міне, осындай жер телімдеріне хараж салығы салынуы тиіс», – деп төртке бөледі.<sup>614</sup>

Өшір салығы. Халқы ислам дінін ұстанбайтын елдерге сауда мақсатымен келген мұсылман саудагерлерден тауарларының он-

612 Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 355.

613 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 167.

614 Мәуерди, *аталмыш еңбек*, 131; сонымен қатар қараңыз: Ибн Зенжевейх, *аталмыш еңбек*, I, 233, т.б.

нан біріндей мөлшерде салық алынатын еді. Әбу Муса әл-Ашғари Өз.Омарға осы мәселе жөнінде хат жазады. Сонда Өз.Омар:

«Олар мұсылман саудагерлерден қалай салық алған болса, сен де олардан оннан бір мөлшерде салық ал. Зиммилерден (қоластындағы өзге дін өкілдерінен) әрбір он дирхамнан бірін, ал мұсылмандардан – қырықтан бірін ал. Екі жүз дирхамға дейін жеткенше бұған ештеңе қоспа. Екі жүз дирхамнан асқанда, бес дирхам аларсың. Ал одан кейінгісін жеке есептерсің», – деп жауап қайтарады.

Ислам мемлекетінен тыс жатқан елдерден келген кейбір саудагерлер Өз.Омарға жүгініп, өшір төлейміз деген шартпен ислам елдерінде сауда жасауға рұқсат етуін сұрайды. Осыған байланысты Өз.Омар ел ағаларымен ақылдасады. Олар сауда жасауға рұқсат берілуін жөн көреді. Сөйтіп, Өз.Омар мұндай саудагерлерге өшір салығын салған алғашқы халифа болды.

Зияд бин Худайрға Ирак пен Сирия аймағынан өшір жинау міндеті жүктелген-ді. Бәни Тағлиб христиандарынан шыққан бір кісі оған құны жиырма мың дирхамдай тұратын атқа мініп келеді. Сонда Зияд одан мың дирхам өшір алады. Сол жылы әлігі кісі бұл жерден тағы өтеді. Зияд одан қайта мың дирхам талап етеді. Сонда ол бұл жерге әрбір соққан сайын мың дирхам төлеп-төлемейтіндігі жөнінде сұрайды. Зияд алатындығын айтады. Сапарын жалғастырған әлігі кісі Өз.Омарға жүгінбекші болып Меккеге келіп, бір үйде оған жолығады. Өз.Омар одан кім екендігін сұрайды. Сонда ол өзінің христиан арабтардан шыққандығын айтып, басынан өткен жайды жеткізеді. Өз.Омар: «Жетеді», – дейді де, басқа ештеңе атпайды. Тағлибтық христиан Зияд бин Худайрға қайта мың дирхам төлейтін болдым деген оймен қайтады. Алайда, ол келмей тұрып, Өз.Омардың: «Егер өзіңе соққан бір кісіден өшір алған болсаң, бір жыл өтпей тұрып, ол кісіден басқа еш нәрсе талап етпе. Ал егер мал-мүлкі артып жатса, онда көрерсің...», – деген хаты келіп жеткендігін көреді. Сонда ол: «Уаллаһи, саған мың дирхам беруге риза болып келген едім. Саған бұл хатты жолдаған кісінің дінін қабылдаймын», – деп мұсылман болады. Мұсылмандар ислам мемлекетінен тыс елдерден келген сауда тауарларына салық салу жөнінде Өз.Омардың осы шешімін ұстанған-ды.<sup>615</sup>

---

615 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 279.

Біреулер сауда салығы, енді біреулер кеден салығы деп жүрген өшір салығы, жоғарыда айтып өткеніміздей, Өз.Омар тұсында алына бастады. Негізінде, түрлі себептермен мұсылмандардың қолына түскен жер телімдерінен алынатын салық зекет деп аталатынды. Өйткені зекет – мұсылмандардан алынатын салық. Жер телімінен алынатын зекет мөлшері өнімнің оннан бірін құрайтын. Өз.пайғамбар тарапынан белгіленген бұл мөлшерді Өз.Омар да ұстанған болатын. Ал Өз.Омар енгізген өзгеріс Ирандағы жер телімдерінен мұсылмандардың қолына түсіп, егін егілген жерлерге қатысты болды. Мұсылмандар бұл жер телімдерін зиммилердің меншігіндегі құдық және каналдар арқылы суғарғандықтан, оларға өшірдің орнына хараж салығы салынған еді. Мұсылмандардан хараждың орнына өшір алынуы жеңілдік ретінде саналғанымен, олар зиммилерге қарағанда көбірек салық төлейтін. Себебі мұсылмандар баққан малдары мен сақтаған ақшалары үшін де зекет берсе, ал зиммилер мұндай салықтан босатылған болатын. Зекет беру міндетті болса, ал хараждың мөлшерін азайту немесе одан босату мүмкін еді. Хараж жылына бір рет алынса, ал өшір әрбір өнім алған сайын төленетін-ді.<sup>616</sup>

Ислам мемлекетіне сауда жасау үшін келген шетжерліктің сауда тауарынан жаңа тауар әкелмеген жағдайда, қайта-қайта кіріп-шыққандығына қарамастан, жылына бір рет салық алынса, ал мұсылмандардан саудагер өз мемлекетінен басқа елге шыққанда ғана алынатын еді.<sup>617</sup>

## **2. Мемлекет шығыстары немесе мемлекеттік қазынадан (бәйтүл-малдан) жұмсалған қаражат**

Мемлекеттің табыс көздерінен жинақталған мал-мүлік пен қаражат халифа жөн көрген мемлекеттік істерге жұмсалатын еді. Бұл кірістер қазылар, уәлилер, салық қызметкерлері, қазынаға жауапты тұлғалар мен басқа да қызметкерлердің жалақыларын төлеу және мемлекеттік құрылымдарды жетілдіру үшін қолданылатын. Зекет-

---

616 Шибли, *аталмыш еңбек*, I, 359-360.

617 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 172; кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Ибн Зенжевейх, *аталмыш еңбек*, I, 39, т.б.

тен түскен қаражаттан уәли мен қазыларға ештеңе төленбейтін. Зекет кірісінен тек зекет жинаушы қызметкерлердің жалақысы ғана берілетін. Қазы мен уәлилердің жалақысын арттыру немесе азайту имамның (халифаның) өкілеттігіне жататын. Әскердің жалақысы да осы кірістен белгілі уақыттарда төленетін-ді. Расулуллаһтың (с.а.с.) тұсында бұл ақының мөлшері мен мерзіміне шек қойылмаған болатын. Әскер құрамындағылар олжаның бестен төртін өзара бөліске салатын. Иелеріне қалдырылған жер телімдерінен алынған хараж салығы да сарбаздардың арасында үлестіріліп отыратын еді.<sup>618</sup>

Әз.Әбу Бәкір халифа сайланған тұста олардың барлығына бірдей көлемде жалақы беріп: «Бұл – жалақы. Ал жалақыны теңдей етіп беру – бірінен-бірін артық көруден қайырлы», – деген еді. Халифалық міндет Әз.Омарға жүктелген уақытта жалақының мөлшерін исламды қабыл ету кезегіне қарай белгіледі. Рашид халифалар дәуірі аяқталғанға дейін сарбаздардың жалақысы Әз.Омар белгілеген тәртіп бойынша төленіп отырды. Шам уәлиі Муғауия бин Әбу Суфиян көмек сұрауға мәжбүр болған кезінде, 60.000-ға жуық жауынгерінің жалақысын көтеріп, оларға жылына 60.000.000 миллион дирхам төлеген болатын. Әмеуилер мемлекетінің негізі күшейіп, тұрақтылық орнаған тұста халифалар бұл мөлшердің жартысынан астамын қысқартқан-ды.<sup>619</sup>

Тигр мен Эфрат сияқты үлкен өзендерден шалғай жатқан аудандарға су жеткізу, кең каналдар салу, егіншілік пен басқа да қажеттіліктер үшін су ағатын арықтар қазу сияқты істерге бәйтүлмалдан қаражат бөлініп тұрды. Мемлекеттік шығыстар қатарына қаммауда ұсталғандар мен тұтқындардың ішер ас пен киер киімі, дүниеден өткен кісілерді жерлеу рәсімдеріне қажетті шығын,<sup>620</sup> соғысқа дайындық үшін сатып алынған қару-жарақ шығыны, ғалымдар мен ақындарға жалақы мен сыйақы ретінде берілетін қаражат та жатқызылды.

Осы ретте Әз.Омар тарапынан белгіленген жалақы төлеу жүйесіне тоқталмақпыз. Ол мұсылмандарға арабтар мен басқа ұлт өкілдері деп бөліп қарамады. Балалары үшін берілетін жәрдемақдан

618 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 181.

619 Х.Ибраһим Хасан, *аталмыш еңбек*, II, 182.

620 Мәуерди, *әл-Әхкәмус-Султания*, 94-196.

бөлек мұсылмандарға әскери қызметі үшін төленетін жылдық айлық мөлшерін де белгілеп, жалақы кітапшасындағы аттарының астына жаздыртып қоятын еді.

Бұл орайда тағы бір мәселеге назар аударған жөн. Бұл халифаның тұсында жалақы алатын мәуалилер (арабтардан басқа мұсылмандар) саны аса көп емес-ті. Сондықтан фәтх әрекеттері барысында арабтарға қолдау көрсеткен ирандағы жер телімдерінің иелеріне (диқаншыларға) сыйақылар белгіленіп отырған. Осы мәселе арқылы Бәлазури айтып кеткен пікірдің себебі мен мәнін айқын түсінуге болады. Бәлазури: «Мұсылман арабтар қолға түскен олжаны тек өзараларында бөлісіп қоймай, исламға кірген арабтардан өзге мұсылмандарға да олжадан үлес беретін еді»,<sup>621</sup> – деген-ді. Дегенмен, белгіленген бұл жүйені Әз.Әлидің ұстанғандығы жөнінде ғана деректер бар. Ал әмеуилердің Әз.Омар белгілеген жылдық жалақы төлеу тәртібін қаншалықты іске асырғандығы туралы қолымызда мәлімет жоқ.

Қаржы жүйесі негіздерінің бірін ақша құрайтындығы белгілі. Мемлекеттің ақша саясатына қаржы саясаты деп қараған да жөн. Өйткені ақшаның тиімді пайдаланылуы қаржы саласы дұрыс басқарылды дегенге саяды. Әз.Мұхаммед тұсында да, Рашид халифалар дәуірінде де ақша саясатына ерекше мән берілді. Алайда, алыс-беріс, сауда мен басқа да мәмілелер, көбіне, айырбастау арқылы жүзеге асатын-ды.

Арабтар исламнан бұрын Иран мен Византияның алтын және күміс ақшасын пайдаланған. Ол дәуірлерде өздеріне тән ақша бірлігі болмаған. Өйткені ақша мемлекет пен мәдениет бар жерде шығатыны белгілі. Ал арабтар, негізінде, көшпенді өмір салтын ұстанды. Ислам келген уақыттан бастап, Әз.Омар дәуіріне дейін бұрынғы ақша сол күйінде қолданылып келді. Әз.Омар тұсында Иран мен Византияға қарасты көптеген елдер қоластына қаратылды. Соған байланысты Әз.Омар дирхамның салмағын жаңадан белгілеген болатын. Өйткені Иранда басылып шыққан дирхамның салмағы өзгеше еді. Мысқал өлшемі бойынша кейбір дирхамдар 20, кейбірі – 12 не басқа ауырлықты көрсететін. Әз.Омар бұл үш салмақты қосып, 42 қарат шығарып, оны үшке бөлгізе отырып, 14

---

621 Бәлазури, *Футухул-Булдан*, 461.

қараттық дирхам бастыртады. Осылайша, әрбір 10 дирхам (күміс) 7 мысқал (алтынның) салмағына тең келетін болады. Себебі 10 дирхам күмістің де, 7 мысқал алтынның да салмағы 140 қаратты құрайтын. Сөйтіп, дирхамның мысқалға қатынасы 7/10-ге сәйкес келетіндей өлшем қалыптасты.<sup>622</sup>

Әз.Омар тұсында хижреттің 18-інші жылы (640 ж.) мұсылмандар алғаш рет дирхам бастырып шығарды. Бұл дирхамдардың формасы ирандық дирхамдармен бірдей болды. Алайда, дирхамдардың бетіне «Әлхәмду лилләһ», «Мұхаммед Расуллуллаһ», «Лә иләһә илләллаһ» не «Омар» сияқты жазулар жазылған-ды. Әрбір он дирхам алты мысқал алтынға тең келетін. Әз.Осман да халифа сайланған тұста дирхам (күміс ақша) бастыртып, бетіне «Аллаһу Әкбар» деп жаздырған болатын.<sup>623</sup>

Исламнан бұрынғы кезеңдерде арабтарда сауда мен экономика саласы өте дамыған болатын. Меккелік саудагерлер Сирия және төңіректегі елдермен тығыз байланыс орнатқан-ды. Соған байланысты әр елдің ақшасын жақсы таныған арабтар әртүрлі ақша қолданып келген.

Мәуерди «*әл-Әхкәмус-Султания*» атты еңбегінде исламнан бұрынғы арабтардың Иранның «бағлия», «сәудаул-уәфия» және «табаратул-итқ» атты, Византияның «гераклия» немесе «қайсария» атты, сондай-ақ «химиярия» мен «магрибия» атты метал ақшаларын қолданғандығын айтады.<sup>624</sup>

Ал Бәлазури осы мәселеге қатысты Византия императоры Хемклианус тарапынан бастырылған ақшалар мен парсылардың «бағлия» атты дирхамы Меккеге жеткен уақытта, арабтар бұл дирхамдарға күміс кесегі ретінде қарап, алыс-берісте қолданғандығын жеткізеді. Мекке тұрғындары арасында көбі 22 қаратты құрайтын мысқал өлшемі қолданыста болатын. Ал 10 дирхам 7 мысқалды құрайтын-ды.<sup>625</sup>

Исламнан бұрынғы кезеңдерде Меккеде бір мысқал күміс «дирхам», алтын – «динар», ал мыс ақша – «фәлс» деп аталатын еді. Ол

---

622 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 280.

623 Д.Г.Б. *Ислам тарихи*, II, 281.

624 Мәуерди, *аталмыш еңбек*, 95.

625 Бәлазури, *Футухул-Булдан*, 374.



тұста бір мысқал күміс 4,5 не 5 грамды құрап, дирхамның салмағы 2,97 грамнан тұратын. Бұл мәліметтерге сүйене отырып, арабтар арасында айналымның таразыға негізделгендігін аңғаруға болады.

Алтын ақшаны арабтар неліктен «динар» деп атаған деген мәселеге келер болсақ, дереккөздерде, жалпы алғанда, «динар» сөзінің грек-латын тілдерінен шыққандығы, бұл тілдерде «денарион» немесе «денариус» деп аталғандығы, араб тіліне «динар» көпше түрінде (дәнаир) деп енгендігі туралы айтылады. Құран Кәрімде де бұл сөз кездеседі: «...(олардың) ішінде мол дүниені сеніп тапсырсаң, оны өзіңе қайтаратындары бар. Сондай-ақ, олардың ішінде бір динарды сеніп тапсырсаң, қашан басында тұрып алмағаныңша, оны саған қайтармайтындары бар...».<sup>626</sup> Жәһілдік дәуірде арабтар Сириямен жасалған сауда қатынастарында осы ақшаны пайдаланған. Ал кейінірек классикалық ислам ақшасы басылған уақытта алтын ақша «динар» деп атала бастаған-ды.<sup>627</sup>

Күміс ақшаның орнына жүрген «дирхам» грекше сөз болып табылады. Бұл сөз гректерден ирандықтарға өтіп, сауда қатынастарында жеңілдік болу үшін қолданылған. Ирандықтардан арабтарға өткен дирхам ислам мемлекетінде де күміс ақша бірлігі ретінде жұмсалған-ды.

Дирхамның көпше түрі дәрахим сөзі де Құран Кәрімде кездеседі: «Сөйтіп, (ағалары) олар одан құтылу үшін оны болмашы бағаға – санаулы дирхамға сатты».<sup>628</sup> Арабтар Иран және Византиямен тығыз сауда қатынастарын орнатып, көбіне, солардың ақшаларын қолданған болатын.

Арабтардың арасында, әсіресе, Сәба мемлекеті гректер мен византиялықтардың ақшаларына ұқсатып, өз мемлекеттерінің атынан алтын, күміс және мыс ақша бастырған екен. Олар металл ақшалардың алдыңғы бетіне мемлекет әміршісінің, ал артқы бетіне бұқаның басы мен жапалақ құстың суретін бастыратын болған.<sup>629</sup>

Иранда «кисрауия» атты динар басылған еді. Алайда, арабтар Византия ақшасын көбірек қолданатын-ды.

---

626 Әли Имран, 75.

627 Халил Сахиллиоглу, «Динар», DİA, IX, 352.

628 Юсуф, 20.

629 Ахмет Рыфат, *Умуму Тарих*, V, 17.

Әз.пайғамбардан кейінгі алғашқы екі дәуірде де Византия мен Сасани империяларының ақшалары қолданылды. Әз.Әбу Бәкір бұл мәселеге қатысты Әз.Мұхаммедтің сүннетін ұстанып, ақшаны ауыстыруға кірісе қоймады.<sup>630</sup>

Рашид халифалар дәуірінде мемлекет пен халық экономикалық тұрғыдан барынша күшейе түсті. Олжалар, фәйлер, өшір, жизия мен хараж сияқты салықтар, сыртқы сауда қаржы жүйесінің басты қайнаркөздерін құрады. Мемлекеттік қызметкерлерге жеткілікті жалақы белгіленді. Әсіресе, Әз.Омар кезеңінде зекет, өшір, хумус, фәй мен жизия сияқты табыс көздері мен сауда тауарларынан түскен кіріс «Диуан құрылымы» арқылы елді көркейту мен мемлекеттік жүйені қалыптастыру үшін жұмсалды.

Рашид халифалар дәуірінде халықтың әлеуеті артып, кісі басына шаққандағы табыс мөлшері өсті. Өмір сүру салты өзгерді. Иран, Византия, Сирия, Мысыр, Құдыс, Шам және басқа да аймақтарда қалыптасқан жоғары өмір стандарттарына ұқсас өмір салтын қалыптастыру әрекеттері байқалды. Мұсылмандар да өзгеше киім-кешек киініп, бір мезгілде әртүрлі тамақ түрін жеп, салтанатты үй-жайларда тұра бастады. Бұл жағдайды ысырапшылық пен сән-салтанатқа берілгендік деп бағалағандар да болды. Әбу Зәр сынды сахабалар мұндай өмір салтын исламға қайшы деп санап, дәулетті кісілерден өз байлықтарын қолында ұстамай, мұқтаж жандарға таратып жіберуін талап етті.

Византия мен Сасани мәдениетінің орталығы саналған мемлекеттердің, Ирак, Сирия, Иран, Палестина мен Мысыр сияқты топырағы құнарлы елдердің ислам мемлекетінің қоластына қарауы мұсылман қауымның материалдық жағдайының өсуіне ықпал еткен факторлардың бірі болды. Арабстан мен Месопотамияның әлемдік сауда қатынастарының үстінде орналасуы да ислам мемлекетінің басты табыс көздерінің бірін құраған-ды.

Рашид халифалар дәуірінде ел экономикасы «Диуан құрылымы», «бәйтүл-мал» тарапынан басқарылып, реттелген болатын. Әсіресе, Әз.Омар тұсында мемлекеттің табыс көздері мен салықтар жүйеге келтіріліп, олжа ретінде түскен кірістер, сонымен қатар зекет,

---

630 Мақризи, *аталмыш еңбек*, 4.

өшір, хумус, жизия, хараж салықтары мен сауда тауарлары басты кіріс түрлерін құрады. Исламнан өзге дін өкілдерінен жиналған салықтар мен кірістерді жүйелі түрде жинақтап, тиісті орындарға жұмсау мәселесімен Диуан құрылымы айналысты. Бұл міндет елді мекендердегі уәлилер, хатшылар, диуан хатшылары, хараж жинаушы қызметкерлер (сахибул-хараж), мемлекеттік қазына қызметкерлері (сахибул-бәйтил-мал уәл-ихдас) тарапынан атқарылған болатын.

Салық пен зекет жинаушы қызметкерлер, жалпы, «амил» деп аталды. Мұндай қызметкерлер зекет, олжа, жизия, хараж сияқты кірістерді жинау және тарату ісімен шұғылданды. Қазынашылар сол жердегі бәйтұл-малға жауап беретін. Бұл қызметке оқу-жазу білетін кісілер тағайындалып отырды.

Әз.Әбу Бәкірдің тұсында құрылған бәйтұл-мал мемлекет меншігіндегі барлық мал-мүлік пен қаражатты толық қамтыды. Ал Әз.Омар тұсында құрылымдық жағынан жүйеге келтіріліп, дами келе османдықтар дәуіріне дейін жеткен болатын. Садақа бәйтұл-мали және хараж бәйтұл-мали деген екі бөлім түрінде қызмет көрсетті. Аманатқа берілген заттар садақа бәйтұл-малиде сақталды. Мемлекет бұл бөлімде сақталған мал-мүлікті қолданбады, оларды сақтай отырып, иелеріне тапсырып отырды. Садақа бәйтұл-малиден «Тәуба» сүресінің 60-аятында көрсетілген сегіз түрлі топқа таратылған еді:

*«Анығында, садақалар (зекеттер) жоқ-жітікке, кедейлерге және оған (зекетті жинауға) қатысты жұмыс істеушілерге, жүректері бұрылатындарға (ислам дінін жаңа қабылдағандарға), құлдарды азат етуге, қарызы барларға, Аллаһ жолына және (жолда қалған) жолаушыға, Аллаһ тарапынан (белгіленген) бір парыз ретінде, (осыларға) тән. Аллаһ – 'Алим (бәрін Білуші), Хаким (аса Дана)».*

Хараж бәйтұл-мали – мемлекет меншігіндегі мал-мүлік пен қаражат сақталатын бөлім. Толықтай мемлекеттің жауапкершілігіне берілген бұл бөлімдегі қаражат қоғамдық қызметтер үшін жұмсалды. Өйткені қоғамдық қызметтердің шығыны бәйтұл-малдан қамтамасыз етілуі тиіс болатын. Зекет, садақа, олжа, фәй, жизия, хараж және мұрагері белгісіз мал-мүлік те бәйтұл-малдың осы бөліміне жинақталып отырды. Ислам мемлекетінде иесі белгісіз заттар да бәйтұл-малда сақталды.

Рашид халифалар дәуірінде экономиканың басты элементтерінің арасында жер меншігі мен сауда-саттық саласы да орын алды. Жер телімдерін меншіктену фәтх әрекеттерінің негізінде жүзеге асты. Соғыссыз алынған елдерде исламды қабыл етпегендігіне қарамастан, жер телімдері иесінің қолында қалдырылып, олардан өшір алынып отырды. Соғысу арқылы алынған елдердегі жер телімдері мемлекет басшысының шешіміне тәуелді болды. Мемлекет басшысы мұндай жер телімдерін сарбаздар арасында үлестіре отырып, жеке меншікке беруі де немесе бәйтүл-малға тапсыруы да, не болмаса, егін егіп, пайдалануы үшін бұрынғы иелеріне қалдырып, олардан салық алып отыруы да мүмкін еді. Алайда, алынған жер телімдері мен олжаның бестен бірін қайткен күнде де бәйтүл-малға бөлетін-ді. Ал соғыссыз фәтх етілген елдерде бәйтүл-малға еш нәрсе бөлінбеді.

Сауда мен сауда тауарларына салынған салық мемлекеттің ең маңызды кіріс көзін құрады. Исламда саудамен айналысу құқығы барлық кісіге берілген-ді. Дегенмен, сауда жасауда белгілі бір ұстанымдар мен ахлақтық ережелер белгіленген болатын. Алыс-беріс сауданың негізі ретінде қаралды. Сауданың халал жолмен жүргізілуі, кісінің ар-намысы мен еркіндігіне қол сұғуға жол берілмеуі маңызды саналды.<sup>631</sup>

Экономикалық жүйеде олжа да ерекше орын алды. Рашид халифалар олжаны үлестіруде «Әнфәл» сүресіндегі үкімді және Әз.пайғамбардың осы мәселеге қатысты шешімдерін басшылыққа алып, олжаның бестен бірін үшке бөліп, бір бөлігін мұқтаждарға, екінші бөлігін жолда қалғандарға беріп, ал үшіншісін бәйтүл-малға тапсырып отырды. Әз.Омардың Иракқа бағытталған фәтх әрекетін басқарған Сағд бин Әбу Уаққасқа жазған хаты олжаның осылайша үлестірілгендігін айғақтайды.

Рашид халифалар дәуірінде экономикаға қатысты маңызды оқиғалардың бірі ретінде Ирандағы Рей, Хемедан және Истахр сияқты елді мекен тұрғындарының, сондай-ақ Әзірбайжан мен Армения халқының салық төлеуден бас тартып, бүлік шығаруын айтуға болады. Әз.Осман бұл жағдайды кеңесе келе оларға қарсы әскер жолдап, бүлікті тоқтату нәтижесінде салықтарды жинатқан болатын.

---

631 Бакара, 282; Мутаффифин, 17.

Рашид халифалар дәуірінде орын алған экономикалық оқиғалар қатарына Федек атты жер телімінің Өз.пайғамбардың мұрасы ретінде қызы Фатимаға беріліп-берілмейтіндігі жөнінде өрбіген мәселе, Солтүстік Африкаға бағытталған фәтх әрекеттерінде түскен олжаның үлестірілуі, олжаның әскери қимыл мен фәтх әрекеттеріне ынталандыру үшін қолданылуы, осыған байланысты Мәруан бин әл-Хакам сияқты кісілерге олжадан үлес беруде басқаша жол ұстану, Әбу Зәрдің шешімі және т.б. мәселелер жатады.

Федектен түскен кірістерді Расулуллаһ қайда жұмсаған болса, Өз.Әбу Бәкір де сол орындарға жұмсаған еді. Федек кейінгі үш халифа тұсында да бәйтүл-мал құрамында қалып, сол мақсатта пайдаланылды.

Ислам тарихында алғашқы металл ақшаны басып шығарған тұлға ретінде танылған Өз.Омар мемлекеттің қаржы жүйесін қалыптастырып, құрылымдарын жетілдіруге, әлеуметтік әділдікті орнатып, кедейліктің деңгейін төмендетуге бағытталған маңызды іс-шараларды қолға алды. Оның тұсында мемлекет қазынасындағы қаражат халыққа жалақы белгілейтін дәрежеде мол болды. Мемлекеттік кірістер мен соғыста түскен олжаларды әрбір кісінің дәрежесіне қарай теңдей үлестірді. Ал өзі қарапайым өмір сүрді.

Өз.Омар әскер құрамындағы сарбаздардың егіншілік, сауда немесе басқа бір кәсіппен шұғылдануын қаламады. Сондықтан әскери қызметкерлердің қажеттіліктерін мемлекет қазынасынан қамтамасыз етіп, әскери дәрежелері мен көрсеткен қызметтеріне қарай оларға жалақы белгілеген болатын.

Өз.Әбу Бәкір тұсында кейбір мұсылмандардың зекет беруден бас тартуына байланысты туындаған оқиға әлеуметтік жүйеге, әділдік пен экономикалық жағдайға нұқсан келтіретіндей, қоғамдық тыныштықты бұзып, қарама-қайшылықтар туғызатындай, сүйіспеншілік, бейбітшілік пен ислам бауырластығын жойып, араға от салу және бүлік шығару арқылы дұшандыққа жол ашатындай сипатта болған-ды. Сондықтан зекет беруден бас тартқандарға қарсы соғысу, дін мен мемлекетке толық бойсұнғанға дейін олармен күресу жөнінде шешім қабылданған еді. Оларға қарсы әскер жолданып,

бүлік пен иртижа әрекеттеріне табандылықпен тойтарыс беріліп, тыныштық пен ішкі қауіпсіздік қамтамасыз етілген-ді.<sup>632</sup>

## Д. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ МЕН ІШКІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Ислам діні – әлеуметтік әділдікті бұйыратын, әлеуметтік жүйені әділдікке, теңдік пен бауырластыққа негіздеуді көздейтін дін. Ислам ізгілікке үндеп, жамандықтан тыюды, мал мен жан қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қоғамдық татулық пен тыныштықты орнатуды мақсат етеді. Бұл мақсатқа жету үшін бірқатар заңдар мен қағидалар белгілей отырып, сенімді, турашыл әрі үлгілі тұлғалардан құралған қоғам қалыптастыруға тырысады. Өз.Мұхаммед исламның әлеуметтік өмірге қатысты осы ұстанымдары мен қағидаларын мұқият ұстана отырып, қоғамдық татулық пен бірлікті сақтауға бағытталған жүйе орнықтырды.

Рашид халифалар дәуірінде әлеуметтік жүйенің негіздерін берік етіп қалау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл тұста ислам бауырластығы түсінігін күшейтуге, әлеуметтік өзара көмек пен қолдауды дамытуға, халықтың әлеуетін арттыруға, қоғамның тыныштығын бұзатын оқиғалардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар қолға алынды. Осы мақсаттарды іске арсыру үшін зекетті толықтай жинап, мұқтаждарға тарату, зекет беруден бас тартқандарға қарсы күресу, мемлекет кірістерін тиімді түрде пайдалану және салықтарды толық жинап, теңдей үлестіру сияқты істердің атқарылуына үлкен мән берілді. Зекет пен салық жинаушы қызметкерлердің қызметі бақылауға алынып, міндетін ойдағыдай атқарғандарға сыйақы төленіп, ал атқармағандар – жазаға тартылып отырды. Фәтх

632 Рашид халифалар дәуіріндегі қаржы жүйесі мен орын алған оқиғалар жөнінде кеңірек мағлұмат алу үшін қараңыз: Әбу Юсуф, *Китәбул-Хараж*, ауд. Әли Өзек. – Стамбул, 1970; Осман Зүмрүт, *Ислам Құрумлары*. – Самсун, 1998; Му-стафа Файда, *Хз.Өмер Дөнемінде Гайри Муслимдер*. – Стамбул, 1989; «Хз. Өмерін Диван Тешкилаты», Д.Г.С. *Ислам Тарихи*, II, 107, т.б.; М.Еркал, «Амил», DİA. – Стамбул, 1991, III, 59-60; М.Еркал, «Бейтүлмал», DİA, VI, 91-94; Әбу Убейд, *әл-Әмуал*. – Каир, 1353; D. Sourdel, *Le Vizirat Abbaside*. – Дамаск, 1960; Әли Ибраһим Хасан, *ән-Нузумул-Исләмиййә*. – Каир; Хамидуллаһ, *Ислам Пейгамбері*, I-II; Ибраһим Сарычам, *Хз.Ебу Бекір*. – Анкара, 1996.

әрекеттері барысында түскен олжа мен фәй, сонымен қатар жизия, хараж және өшір салықтарынан түскен кірістер халыққа әділдікпен таратылды. Әсіресе, Әз.Омар тұсында бай мемлекеттер фәтх етіліп, бәйтұл-малға өте мол қаражат түскен болатын. Осыған байланысты кедейліктің деңгейін төмендету мәселесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіліп, әрбір адамға белгілі бір жалақы белгіленіп, халықтың әлауқаты арта түскен-ді.

Рашид халифалар заманында әлеуметтік татулық пен тыныштықтың, қоғамдық ахлақ ережелерінің сақталуы үшін бірқатар шаралар қолға алынды. Кедей-кепшікке, әлсіздер мен жетімдерге қамқорлық жасалды. Сән-салтанат құру мен ысырапшылыққа қарсы күрес жүргізілді. Қоғам тыныштығын бұзғандар мен қылмыскерлер жазаға тартылды. Жеке құқықтар мен еркіндіктерге құрмет көрсетілді. Барша халықты бірдей дәрежеде азық-түлік, баспана және денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз етуге мән берілді. Осы істерді атқару мақсатымен диуандар құрылып, амилдер (зекет жинаушы қызметкерлер) мен қызметкерлер тағайындалды. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында мұсылмандар мен өзге дін өкілдерін алалап-құралауға жол берілмеді. Халықпен қарым-қатынаста әділдік пен түсіністік көрсетілді. Дегенмен, атқарылған іс-шаралар мен игі бастамалар аталған дәуірде бірқатар әлеуметтік оқиғалардың бой көтеруіне, ішкі келіспеушіліктердің туындауына, (мұсылман) бауырлар арасында қантөгістің орын алуына, ұрлық қылу, зина жасау мен кісі өлтіру сияқты қылмыстарға тосқауыл бола алмады. Өйткені кез келген қоғамда заң мен ережелерді қатаң түрде сақтайтындармен қатар, бұзатындардың да болатындығы, қалыптасқан мемлекеттік жүйені жоюды көздейтін, құқықты бұзатын, адамгершіліктен жұрдай әрекеттерге баратындардың да бар екендігі белгілі. Расулуллаһ тұсында да қылмыс жасап, жазаға тартылған сахабалар болған-ды.

Рашид халифалар кезеңінде орын алған маңызды оқиғалар қатарына, әрине, әлеуметтік оқиғалар мен ішкі қарама-қайшылықтарды да жатқызған жөн. Ислам тарихшылары да, сонымен қатар шығыстанушы ғалымдар да өз еңбектерінде Әз.Осман халифалық құрған екінші алты жылдық кезеңде басталып, Әз.Әли халифа болған тұста өрши келе соғысқа айналған әлеуметтік оқиғалар мен ішкі шиеленістер жөнінде ауқымды мағлұматтар беруге тырысты.

Дегенмен, бұл тақырыпта қалам тартқан авторлар мен тарихшылар оқиғаларды зерттеу және оларға түсініктеме беру тұрғысынан бір-бірінен өзгеше жол ұстанды. Өйткені оқиғаларды бағалауда риуаятшылар мен тарихшылардың идеологиясы, діни-саяси бейімділігі, дін мен мазһаб түсінігі ықпал еткен-ді. Мәселен, Өз.Осман кезеңінде орын алған оқиғалар мен ішкі қарама-қайшылықтарды Сәйф бин Омардың риуаяттарын негізге ала отырып зерттеген авторлар бұл оқиғалар мен шиеленістің туындауына Абдуллаһ бин Сәба мен оның жақтастары (сәба'ия) себеп болғандығын айтса, ал Әбу Михнаф пен Уәқидидің деректеріне сүйенгендер Өз.Айша, Өз.Әли, Талха мен Зубәйр сынды танымал сахабаларды анархия мен лаңкестік әрекеттерге айдап салушы бүлікшілер ретінде бағалады. Welhausen мен M.Watt сияқты шығыстанушылар да Рашид халифалар дәуіріндегі ішкі келіспеушіліктердің туындауына аталған тұлғалардың түрткі болғандығын алға тартты.

Мұндай жағдайда Өз.Осман мен Өз.Әли халифалық құрған кезеңдерде орын алған оқиғалар мен ішкі қайшылықтар жөнінде дұрыс мәліметке қол жеткізу үшін, ең алдымен, деректерді сын елегінен өткізіп, риуаятшыларына қарай топтастыра отырып, баға берген жөн. Негізінде, осындай көзқарас ғылыми әрі тарих әдіснамасына сай көзқарас болып табылады. Кез келген тарихи оқиға осы тұрғыдан зертелуі тиіс.

Шындығында, Өз.Әбу Бәкір халифа сайланған алғашқы күндерде мемлекет басшысын сайлау, иртидат пен иртижа әрекеттері сияқты бірқатар әлеуметтік мәні бар, көпшілікті қамтыған оқиғалар орын алғанымен, қоғамдық тыныштықты бұзатындай дәрежеде ұзаққа бармаған-ды. Өз.Омар тұсында да тыныштық, бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретіндей бір оқиға орын алмады. Ал Өз.Осман мен Өз.Әли кезеңіндегі әлеуметтік оқиғалар өрши келе, ішкі шиеленістер мен соғысқа айналған болатын. Өз.Әли дәуірінде бірқатар оқиғалар бой көтерді. Ол ішкі қарама-қайшылықтар етек алып, қоғамдық тыныштық бұзылған, үмметтің бірлігіне бөлінушілік қаупі төнген кезеңде мемлекетті басқарды. Яғни халифа сайланған тұста ішкі қайшылықтармен бетпе-бет келген-ді. Қоғамды Өз.Османның өміріне қастандық жасаған бүлікшілер билеген тұс болатын. III халифа Өз.Османның шейіт етілуі мұсылмандар арасын-



да ішкі келіспеушілікке, кек қайтару мен мазһаб қақтығыстарына, топқа бөлінушілік пен саяси билік үшін тартысқа апарып соқтырды.

Міне, осындай дау-дамай мен тартыстар етек жайған тұста саяси билік басына келген Әз.Әли, шын мәнінде, мемлекетті ислам ұстанымдарына сай басқару үшін халифа болған-ды. Мемлекеттік істерді жүргізуде тәжірибесі мол еді, өйткені Әз.пайғамбардың тұсында да, өзінен бұрынғы үш халифа дәуірінде де білімімен, дарындылығымен оларға кеңес беріп, ислам жолында белсенді түрде қызмет еткен болатын. Алайда, Әз.Османның шейіт етілуіне байланысты басталған оқиғаларға тойтарыс беру үшін бар күшін салғанымен, нәтиже ала алмады. Керісінше, ішкі қарама-қайшылықтар мен әлеуметтік проблемалар көпшілікті қамтыған соғыстар мен кек қайтару қозғалысына ұласты. Проблемалар шешілмеді, азаймады, қайта арта келе қоғамдық сипат алды. Әз.Әли қоғамды жайлаған бүлік әрекеттеріне тосқауыл қоя алмады. Оның тұсында орын алған ішкі қайшылықтар, мұсылмандар арасындағы тартыс пен қақтығыстар ақыр соңында оның да өміріне қастандық жасалып, шейіт болған халифалар қатарына қосылуына себеп болды.

Әз.Әли тұсында орын алған қайшылықтар мен мұсылмандар арасындағы қақтығыстардың себептері ретінде мына себептерді келтіруге болады:

1. Алдыңғы халифаны өлтіргендерді жазаға тарту мәселесі: Әз.Әли, бәлкім уақыт ұту мақсатымен болар, бұл мәселені қолға алуда асығыстық көрсетпеді. Соған байланысты бірқатар сахабалар Әз.Әлидің бұл әрекетсіздігін сынға алып, халифа Әз.Османды өлтіргендерді ұстап жазаландырмады, кейінге қалдырды деп айыптады;
2. Әз.Османды өлтіргендердің мемлекет астанасы Мәдинаны қоршауда ұстауы: бүлікшілер Әз.Османды өлтіргеннен кейін де Мәдинадан бірден шыға қоймады. Олардың, тіпті, саяси билікпен келісім жасай отырып, астанада қалуы бірқатар сахабалардың Әз.Әли мен оның билігіне қарсы оппозиция шебін құруына ықпал етті;
3. Бірқатар сахабалардың, соның ішінде Муғауияның Әз.Әлиге серт бермеуі: жиырмадан астам сахабаның, Сирияның бас уәлиі мен шамдықтардың Әз.Әлиге серт бермеуі қайшылықтар мен соғыстың жаршысы болғандай еді;

4. Өз.Әлидің бүлікшілер мен Өз.Османды өлтіргендерді өз әскеріне алуы: Өз.Әли Өз.Османның өміріне қастандық жасағандар мен бүлікшілерді Мәдинадан шығарудың орнына «Жамал» мен «Сыффын» соғыстарында олармен біріге отырып, ортақ шеп құрды;
5. Өз.Осман тағайындаған уәлилер мен амилдерді қызметтен босатуы: Өз.Әлидің өз кеңесшілері мен туыстарының насихатына қарамастан, шұғыл түрде Өз.Османның уәлилері мен амилдерін қызметтен алып тастауы оған қарсы оппозиция мен дұшпандықты арттырды;
6. «Тәхкимге» (төреші белгілеуге) ризалық көрсетуі: «Сыффын» соғысын тоқтату үшін Өз.Әлидің төреші сайлау жөніндегі қарсы жақтың ұсынысын қабылдауы оның әскеріндегі кейбір топтардың наразылығын туғызды. Олар Өз.Әлиді діннен шықты деп айыптап, әскерден бөлініп, Харурада дербес өкімет құрды;
7. Ислам фәтх әрекеттерінің тоқтауы: ислам фәтх әрекеттерінің тоқтауы халықтың табыс көздерінің азаюына, халықтың әл-ауқатының төмендеуіне, жұмыссыздар тобының қалыптасуына, өсек-аяңның етек жаюына, қанды қақтығыстардың шығуына ерекше ықпал етті.

Рашид халифалар дәуірінде орын алған оқиғалардың, қалыптасқан жүйенің маңызды салдарлары мен ықпалы көптеген саланы қамтыды:

1. Мұсылмандар Өз.Мұхаммедтен кейін жаңа бір кезеңге аяқ басып, қолынан келгенінше қажамын нық басуға тырысты. Осы мақсатта мүртедтер, мүртежилер, бүлікшілр мен арандатушыларға қарсы соғысты. Ислам қоғамының бірлік пен ауызбіршілігін қайта нығайтты;
2. Мемлекет құру, жүйеге келтіру және құрылымдарын жетілдіру дәстүрі қалыптасты;
3. Өз.пайғамбар дүниеден өткеннен кейінгі кезеңде саясат пен билік мәселесі күнтәртібіндегі басты мәселеге айналды;
4. Сайлауға негізделген халифалық жүйе орнықты;
5. Құрайыш ақсүйектері тайпалық дәстүрге және ансарлардың ішкі құрылымына байланысты туындаған әлсіз тұсын

пайдалана отырып, саяси билікті өз қолдарына алды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы сан алуан династиялар құру арқылы билік жүргізді;

6. Сәида ұлдары шатырында өткізілген мемлекет басшысын сайлау демократиялық әдістермен жүзеге асырылған болатын. Сөйтіп, алғаш рет еркін сайлау ұстанымына негізделген билік жүйесі құрылған-ды;
7. Әз.Әбу Бәкірдің өзінен кейін орнына Әз.Омарды халифа ретінде тағайындауы, сондай-ақ Әз.Омардың халифа сайлау мәселесін тек құрайыштықтардан тұратын алты кісілік комиссияға тапсыруы Құрайыш ақсүйектері мен бюрократтары биліктің тізгінін өздерінен басқа мұсылмандарға бергісі келмеді деген пікір туғызды. Бұл жағдай Әз.Осман тұсында бүлікшілер қозғалысының белең алуына, Әз.Әли кезеңінде бірқатар араб тайпаларының «харижилер» атты жаңа саяси, әлеуметтік және діни топ құруына, Құрайышқа қарсы оппозициялық шептің қалыптасуына, тіпті, соғыс арқылы болса да, саяси билікті өз қолына алу үшін күрес жүргізуіне себеп болды.
8. Саяси билік үшін болған талас-тартыс ішкі қарама-қайшылықтар мен қанды қақтығыстарға алып келді. Сонымен қатар саясатты дін негіздеріне жатқызып-жатқызбау мәселесі сан алуан пікірталастың туындауына жол ашты;
9. Қандай себеппен болсын, Құрайыштың халифалықты өз қолында ұстауға тырысуы, сондай-ақ ансарлар мен басқа да араб тайпаларының саяси билікке қол жеткізу үшін күресуі үмметті басқару құқығының Құрайышқа ғана тән еместігін айқын түрде көрсетті. Сонымен қатар бұл жағдай халифаны (мемлекет басшысын) тағайындау мәселесі, шииттер айтып жүргендей, нас пен өсиет арқылы емес, халықтың еркін қалауына негізделгендігін дәлелдеген болатын;
10. Рашид халифалардың тағайындалуы мен елді басқаруы исламда мемлекеттік биліктің теократиялық еместігін көрсететін айқын дәлел болып табылады;
11. Халифат – мемлекеттік билік жүйесінің бір түрі. Бұл билік тікелей халықтың еркі мен үстемдігіне сүйенеді. Қасиет

- тұтылатын жүйе емес, сондықтан заман талабына қарай құрылымы өзгеріп отырады;
12. Рашид халифалардың мемлекетті басқаруы мұсылман халықтар мен мемлекеттер үшін үлгі ретінде саналғанымен, әмеуилер кезеңінен бастап салтанатқа айналған-ды;
  13. Саяси билік үшін жүргізілген талас-тартыстар мұсылман үмметтің бірлігі мен тұтастығын бұзған басты фактор болды. Теократиялық және демократиялық көзқарастарды қатар ұстанған сайлаушылар, насшылар, біріктірушілер мен т.б. топтарға бөлініп, шииттер, харижилер мен әһли сүннет сияқты саяси-діни топтар қалыптасты;
  14. Бір-бірінен өзгеше саяси пікірлер білдіру, топтар құру немесе халифалық-имамдық түсініктері мұсылмандар арасында ақидаға қатысты мазһабтардың туындауына жол ашты;
  15. Көптеген діни танымдарға анықтама беруде, сондай-ақ үлкен күнә, қадар (тағдыр) мен қаза (тағдырдың іске асуы) мәселелеріне түсініктеме беруде саяси-идеологиялық көзқарастар ықпалды болды. Өйткені саяси көзқарастар мен айырмашылықтар түрлі жолдар арқылы діни сенім мен амал саласына әсер етті. Бастапқыда саяси аяда өрбіген мәселелер мен айырмашылықтар уақыт өте келе ой-пікір мен дінге қатысты сипат алып, ақидаға байланысты мәселелер арасында қарастырыла бастады. Мәселен, харижилер мен шииттер туралы мәселе осы мәселелер қатарына жатады. Әһли сүннет (сүнниттер), шииттер және харижилер (хауариж) ұғымын тек саясат пен саяси ұғымдар шеңберінде ғана түсіндіріп, анықтама беруге болады;
  16. Өз.пайғамбар дүниеден өткеннен кейін сахабалар арасында саяси қайшылықтар мен қанды қақтығыстарға апарып соқтырған билік үшін тартыстың орын алуы исламдағы саяси жүйенің дінге негізделмейтіндігін, сахабалардың да күнәсіз еместігін көрсетті. Шындығында, ислам діні басқару жүйесі мен оның атауын белгілемеген, бірақ мемлекеттің басты ұстанымдарын айқындап, әділдік, кеңес, аманат, біліктілік сияқты мәселелерді саяси жүйенің негізі ретінде алған тартқан болатын;

17. Халифалықтың мерзімін болжауға қатысты деректер мен сахабаларды күнәдан пәк жандар ретінде көрсететін риуаяттар, негізінде, мұсылмандар арасындағы ішкі тартыс, шиеленіс пен қақтығыстардың сылтауы іспеттес риуаяттар болып табылады;
18. Фәтх әрекеттері дінді күштеп қабыл еттіру, яғни исламдастыруды емес, ислам үндеуін әлемге жаюды, Арабия түбегінен тыс жатқан халықтар мен мемлекеттердің есігін жаңа дінге ашуды мақсат етті;
19. Фәтх әрекеттері мұсылмандар үшін материалдық-рухани тұрғыдан пайдалы болып, ислам мәдениеті мен өркениетінің дамуына үлес қосты;
20. Фәтх әрекеттері арқылы жалғыздық ('узләт) кезеңінен шығып, аралас (ихтилат) кезеңіне аяқ басқан мұсылмандар барлық салада қарқынды түрде өзгеріске ұшырады;
21. Әз.Осман мен Әз.Әли тұсындағы қанды оқиғалар мен соғыстар мұсылмандар мен ислам мемлекетінің бірлігі мен тұтастығына зиян келтіріп, сүнниттер, шииттер және харижилер сияқты топтарға бөлінуіне жол ашты.



## БИБЛИОГРАФИЯ

- Абдух Мухаммед, *Тафсири Жуз 'ил-Амма*. – Мысыр.  
*Тевхид Рисалеси*, ауд. Сабри Хизметли. – Анкара, 1986.
- Афзалуррахман Мустафа, «Аср-ы Саадетте Орду ве Саваш Стратежиси», *Бүтүн Йөнлерийле Аср-ы Саадетте Ислам*. – Стамбул, 1998.
- Ағырман Мустафа, *Хз.Мухаммед Девринде Месжид ве Фонксийонлары*, Стамбул. – 1997.  
*Хз.Мухаммедин Саваш Стратежиси*. – Ерзурум, 1992.
- Ахмед Жевдет Паша, *Тарихи Жевдет*. – Стамбул, 1972.
- Акбулут Ахмет, *Сахабе Деври Сияси Хадиселеринин Шекиллендирдийи Келам меселелери*. – Стамбул, 1992.
- Акыл Нәбих, *Тәрихул-Арабил-Қадим уә Асрир-Расул*, Дарул-Фикр. – Дамаск, 1403/1983.
- Аксой Билал, *Хз.Пейгамберин Медине Дөнemi Иктисади Дурум* (Жарияланбаған магистрлік диссертация), А.У.Исламтану факультеті. – Анкара, 1999.
- Алгүл Хусейн, *Ислам тарихи*, I. – Стамбул.
- Армүш Ахмед Ратыб, *Әл-Фитнәту уә Уақғатул-Жәмәл*, Дарун Нәфаис, 1391/1972.
- Arnold T.W.6 *Интишәри Ислам тарихи*, ауд. М.Халил Халид. – Анкара, 1982.
- Аскери Муртаза, *Наки-и Аише дер Тарих*, Парсы тіліне ауд. Ата Мухаммед Сердар, Ния. – Тегеран, 1340.  
*Устурату Абдуллаһ б. Сәбә фи Әсарәтин-Ухра*. – Нежеф, 1375, 17-83.
- Атар Фахреттин, *Исламда Адлийе Тешиклаты*. – Анкара, 1982.
- Аййаши Жемаледдин, *ән-Низамул-Ижтимаифил-Ислам*. –Тунис, 1973.
- Әбу Давуд Сулейман б. Ел-Ешаш, *Әс-Сүнән*. – Стамбул, 1992.
- Әбу Убайда Касым б. Селлам, *Китәбул-Әмуал*, зерт. Мухаммед Халил Херас. – Каир, 1981.
- Әбу Юсуф Якуб б. Ибраһим, *Китабул-Хараж*, ауд. Али Өзек. – Стамбул, 1970.
- Әбул-Фида, Исмаил Имамуддин, *әл-Мухтасар фи Тәрихил-Бәшәр*. – Каир, 1351.

- Багдади Әбу Жафер Мухаммед б. Хабиб әл-Хашими, *Китәбул-Мухаббәр*, зерт. Pze Lichten. – Бейрут.
- Бакыр Абдулхалк, *Хз.Али Дөнөми*. – Анкара, 1991.
- Barthold- Көпрүлү, *Ислам Медениети Тарихи*. – Анкара, 1977.
- Бавезир Саид Ауаз, *Мәалиму Тәрихил-Жәзиратил-Арабийә*. – Аден, 1966.
- Байрам Микаил, *Фил Олайынын Махийети ве Фил Сүреси*. – Кония, 1998.
- Бәлазури, *Әнсабул-Әшираф*. – Йерусалим, 1936-1938.  
*Әнсабул-Әшираф*, ред. М.Хамидуллах. – Мысыр, 1959.  
*Футухул-Булдан*, De Goeje баспасы. – Лейден, 1863-1866.  
*Футухул-Булдан*, зерт. Рыдуан Мухаммед Рыдуан. – Мысыр, 1932.  
*Футухул-Булдан*, ауд. Мустафа Файда. – Стамбул, 1987.
- Bernheim E., *Тарих Илмине Гириши: Тарих Методу ве Фелсефеси*, ауд. М.Шүкрү Аккайа. - Стамбул, 1936.
- Blachere Regis, *Introduction au Coran*. – Париж, 1959.  
*Le Probleme de Mahomet*. – Париж, 1951.
- Болай Сулейман Хайри, «Кураны Керимин Тарихе Бакышы», *Түрк Күлтүр Араштырмалары*. – Анкара, 1985.
- Bucaille M., *Китабы Мукаддес Куран ве Билим*, ауд. Суат Йылдырым. – Измир, 1981.
- Бухари Әбу Абдуллаһ Мұхаммед б. Исмаил,  
*Әл-Жәмиғус-Сахих*. – Стамбул, 1992.
- Булач Али, «Аср-ы Саадетте Медине Весикасы», *Аср-ы Саадетте Ислам*. – Стамбул, 1994.
- Бути Саид Рамазан, *Фиқһус-Сира*, Али Нар-Орхан, Актөпе. – Стамбул, 1992.
- Gibb H.A.R., «Тарих», *IA*, XI.
- Goldziher, *Muhammedanische Studien*, I. – Halle, 1889-90.
- Гүналтай М.Шемседдин,  
*Исламда Тарих ве Муверрихлер*. – Стамбул, 1991.  
*Ислам Өнжөси Араблар ве Динлери*, қысқ. М.Сөйлөмөз – М.Хизметли, Аркара, 1990.  
*Ислам тарихи*, Стамбул, 1922.  
*Якын Шарк*, I-IV. – Стамбул, 1937-51.
- Дөрвезе Иззет, *Курана Гөре Хз.Мухаммеддин Хайаты*, I-III, ауд. Мехмет Йолжу, АУ Сосиял Билимлер Енститүсү. – Анкара, 1998.



- Девалиби М., *Исламда Девлет ве Иктидар*, ауд. М.С.Хатибоғлу. – Стамбул, 1995.
- Динауари Әбу Ханифа, *Әхбарут-Тыуал*. – Бағдат, 1959; Мысыр, 1330. *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, I-II. – Стамбул, 1992.
- Dozy, *Essaie sur l'histoire de l'Islamisme, Trad, par V.Chauvin*. – Париж, 1924.
- Дури Абдулазиз, *Илк Дөнем Ислам тарихи*, ауд. Х.Южесой. – Стамбул, 1991.  
*The Irak School of the Nineth Centure. Historians of the Middle East*. – Лондон, 1954.
- Dilthey, *Meaning in History*. – Лондон, 1965.
- Емин Ахмед, *Духал-Ислам*, I-III. – Каир, 1984.  
*Фежрул-Ислам*, ауд. Ахмет Сердароғлу. – Анкара, 1976.
- Ераслан Садык, *Сосиял ве Политик Сонучлары Итибарийле Хз.Өмер Деври Фетих Харекетлери*, АУ, Сосиял Билимлер Енститүсү (жарияланбаған докторлық диссертация). – Анкара, 1997.
- Ержан Явуз, *Тарих методоложиси*. – Анкара, 1997.
- Еркал М. «Амил», DIA, III, 59-60. – Стамбул, 1991; «Бейтулмал», VI, 91-94. «Жизйе», DIA, XIII, 42-45, 1995.
- Езраки Әбу Велид, *Ахбару Мекке*, басп. Р. Ес-Салих Малхас. – Мекке, 1415/1995.
- Жахиз Әбу Амр Осман б. Бахр,  
*Китабул-Османийе*; ред. Х.Абдусселама Харун. – Мысыр.
- Жеррахоғлу Исмаил, *Тефсир Тарихи*. – Анкара, 1988.
- Жевад Али, *Тарихул-Араб Қабләл-Ислам*, I-VIII. – Бағдат, 1949.
- Зебиди Зейнуддин Ахмед, *Тежрид-и Сарих Тержүмеси*, ауд. Ахмед Наим-Камил Мирас. – Стамбул, 1991.
- Зеху М.Мұхаммед, *әл-Хадис уәл-Мухаддисун*. – Каир, 1958.
- Зүмрүт Осман, *Ислам Курумлары*. – Самсун, 1998.
- Ибн Абди Раббих, *әл-Иқдул Фәрид*, I-IX. – Бейрут, 1987.
- Ибн Абдил-Хакем, *Футуху Мысыр ве Ахбаруха*. – Лейден, 1922.
- Ибн Асакир, *Мухтасару Тарихи Димашқ*, I-II. – Рияд;  
Абдулхамид пен жолдастары. – Дамаск, 1984.
- Ибн Әби Бәкір, *әт-Тәмхид уәл-Бәйан фи Мәқтәли әш-Шәхид Осман*. – Бейрут, 1964.
- Ибн Әбил-Хадид, *Шерху Нехжил-Белага*, I-IV. – Бейрут, 1954.
- Ибн Хажер, *Техзибут-Тәхзиб*. – Бейрут, 1968.

- Ибн Халдун, *Муқаддима*, ауд. З.К.Уган, I-III. – Стамбул, 1990.
- Ибн Ханбел Ахмед, *Мүснад*. – Бейрут.
- Ибн Хишам, *Хз.Мухаммедин Хаяты (эс-Ситәрун-Нәбиййә)*, ауд. И. Хасан – Н.Чағатай. – Анкара, 1971.
- Ибн Исхак, *Сира*, зерт. Мухаммед Хамидуллаһ. – Кония, 1981.
- Ибн Кәсир,  
*әл-Бидәйә уән-Нихәйә*, I-IV, Бейрут, 1988  
*әл-Бидәйә уән-Нихәйә*. – Мысыр, 1932.  
*әл-Бидәйә уән-Нихәйә*, XIII. – Бейрут, 1988.  
*Сирәтун-нәбәуийә*, зерт. Мустафа Абдулвахид. – Каир, 1384/1964.
- Ибн Кутәйба, *әл-Имамә уәс-Сиясә*. – Бейрут, 1985.  
*Әл-Маариф*, зерт. Сервет Уккаше. – Мысыр, 1969.
- Ибн Манзур, *Лисанул-Араб*. – Бейрут.
- Ибн Недим, *ел-Фихрист*. – Бейрут, 1978.
- Ибн Сағд, *Табақат*. – Бейрут, 1985.
- Ибн Зенжевейх, *Китабул-Әмуал*, I-III, Шакир З.Фейяз. – Рияд, 1986.
- Ибнул-Әсир, *әл-Кәмил*. – Бейрут, 1965.  
*Усдул-Фабә*, М.Ибраһим ел-Берна баспасы, I-VII. – Каир, 1970.
- Ибнул Кәлби, *Китабул-Әснам*, ауд. Б.Дүшүнген. – Анкара, 1969.
- Кәфияжи, *Китабул-Мухтасар фи Ильит-Тарих*,  
Тарих ғылымының ұстанымдары бөлімі (Rosenthal F., *Илмут-Тарих индәл-Муслиминнің ішінде*).
- Капар М.Али, *Хз.Мухаммедин Мүшириклерле Мүнасебетлери*. – Стамбул, 1987.  
*Исламын Илк Дөнеминде Бейат ве Сечим Системи*. – Стамбул, 1998.
- Кара Исмаил, *Исламжыларын Сияси Гөрүшлери*. – Стамбул, 1994.
- Караман Хайреддин, «Адалет», D1A, I, 343-344. – Стамбул, 1988.
- Казыжы Зия,  
*Ислам Медениети ве Муессеселери Тарихи*. – Стамбул, 1999.  
*Хз.Мухаммедин (с.а.с.) Ешлери ве Аилехайаты*. – Стамбул, 1991.
- Кеххале Өмер Рыза, *Мугжәму Қабәлил-Араб*, I-V. – Бейрут, 1991.  
*Жографийету Шибхи Жезиретил-Араб*. – Каир, 1964.
- Китапчы З. Йени *Ислам тарихи ве Түркистан*. – Стамбул, 1986.
- Көксал М.Асым, *Ислам тарихи*, I-XI. – Стамбул, 1981.
- Көкташ М.Е., *Дин ве Сиясет, Сиясал Давраныш ве Диндарлык*. – Анкара, 1997.

- Көстүклү Нури, *Сосиал Билимлер ве Тарих Өгретими*. – Кония, 1998.
- Курт Хасан, *Таберинин Хайаты ве Тарихчилийи*, О.М.Ө. Сосиал Билимлер Енститүсү, «жарияланбаған магистрлік диссертация). – Самсун, 1991.
- Куртуби, *Әл-Жамиғ ли Әхкәмил-Қуран*. – Мысыр, 1369/1950.
- Кутуб Сеййид, *Фи Зиләлил-Қуран*, ауд. Бекир Карлыға – М.Емин, Сарач-И.Хаккы Шенгүл. – Стамбул, 1974.
- Тарихте Дүшүнже ве Метод*. – Стамбул, 1985.
- Lammens H., *La Mecque a la Veille del'Hegire*. – Бейрут, 1924.
- Laoust H., *Les Schismes dans l'Islam*, Payot. – Paris 1977.
- Levin B., «Диневери». – Ел, 593-594.
- Lewis Bernard, *Тарихте Араблар*, ауд. Х.Д.Йылдыз. – Стамбул, 1988.
- Lings Martin, *Хз.Мухаммед(с.а.с)ин Хайаты*. – Стамбул, 1958.
- Lowith K., *Meaning in History*. – Чикаго, 1958.
- Макдиси Әбу Абдуллаһ, *Әл-Бәдғу уәт-Тарих*. – Париж, 1899-1903.
- Маверди, *Китабул-Әххамис-Султаниййә*. – Мысыр, 1298/1881.
- Мәсғуди, *Муружус-Зәһәб*. – Бейрут, 1989.
- Мәудуди, *Тәфхимул-Қуран*, ауд. Комиссия. – Стамбул, 1991.
- Недви С. Сүлеймен, *Асры Саадет-Бүйүк Ислам тарихи*, ауд. Али Генжели, әзір. Ешреф Едип. – Стамбул, 1339-1969.
- Нешшар А.С., *Нәшрату Фикрил-Фәлсәфә фил-Ислам*. – Каир, 1994.
- Өнқал Ахмет, *Ресуллұллаһын Давет Методу*. – Кония, 1994.
- «Ақабә Биатлары» *DIA*. – Стамбул, 1988.
- Парет Р., «Табири», ИА.
- Pellat Ch., *Le Millieu Basrien et la formation de Ğahiz*. – Париж, 1953.
- Раи Мустафа Садык, *Иғжәзул-Қуран*. – 1375/1956
- Рази, Ф., *әт-Тәфсирул-Кәбир*. – Мысыр, 1278.
- Рейс Мухаммед Зияйеддин, *әл-Ислам уәл-Халифә фил-Асрил-Хадис; Нақд Китабил-Ислам уә Усулил-Хукм*. – Каир, 1976.
- Решид Абдуллаһ, *Исламда Орду ве Комутан*, ауд. Е.Гүненч, С.Емре. – Стамбул, 1992
- Rosenthal F., *Илмут-Тарих индәл-Муслимин*, ауд. Салих Ахмед әл-Али. – Бейрут.
- Seatani, *Annali deli islam*, (Тарихи Ислам Түркче тержүмеси), I, 90.
- Тарихи Исламийет*, ауд. Абуллаһ Жевдет. – Мысыр, 1908.

- Сәхауи Мухаммед ибн Абдурахман,  
*Әл-Иғлән бит-Тәубих ли-Мән Зәммәл-Тарих*, зерт. Rosenthal F.  
 – Бейрут, 1989.
- Сахиллиоглу Халил, «Динар», *DIA*, 1990.
- Санғани, *әл-Мусаннаф*, зерт. Хабиб әл-Азами. – Бейрут, 1971.
- Sanhaury A., *Le Califat*. – Париж, 1924.
- Сарыжам Ибраһим, «Хашим», *DIA*. – Стамбул, 1990.  
*Хз.Ебу Бекир*. – Анкара, 1996.  
*Емевн Хашими Илишкилери*. – Анкара, 1997.  
 Ве Мустафа Өз., «Хашим-Бени Хашим», *DIA*. – Стамбул, 1990.
- Серинсу Ахмет Недим, *Куран Недир?* – Стамбул, 1996.
- Сезгин М. Фуад, Тариут-Турасил-Араби. – Мысыр, 1977.  
 «Ислам тарихинин Кайнағы Олмак Бакымындан Хадисин Ехеммийеті», *Ислам тедкиклери Енститүсү Дергиси*. – Стамбул, 1953.
- Сыддыки Мазхаруддин, *Куранда Тарих Каврамы*, ауд. Сулейман Калкан. – Стамбул, 1982.
- Sourdel D., *Le Vizirat Abbaside*. – Дамаск, 1960.
- Spengler O., *The Decline of the West*, ауд. С.Ф.Атkinson. – Лондон, 1954.
- Суйути Желаледдин, *әл-Итқан*. – Каир, 1317.
- Сухейли Әбул-Касым А, *әр-Раузул-Унуф*. – Каир, 1932.
- Суләми Мұхаммед б.Шамил,  
*Мәнһәжу Китәбәтит-Тарихил-Ислами уә Тәдрисиһи*. – Каир, 1408/1988.
- Табари, *Тарихул-Умәм уәл-Мулук*. – Бейрут, 1967.
- Ташкөпрүлүзаде Ахмед, *Мифтахус-Саадә уә Мисбахус-Сиядә фи Мәудуатил-Улум*. – Бейрут, 1405/1985; Хайдарабад, 1328-561.
- Терзи М.Зеки, *Хз.Пейгамбер ве Хулефаи Рашидин Дөнөминде Аскери Тешикат*. – Самсун, 1990.
- Тоған З. Велиди, *Тарихте Усул*. – Стамбул, 1969.  
 «Ортачағ Ислам Алеминде Тенкиди Тарих Телаккиси», *Ислам Тедкиклери Енститүсү Дергиси*. – Стамбул, 1953, 1/1-4.
- Тоунбе А., *A Study of History*. – Лондон, 1956.
- Туан, *Le Notariat dans la Pratique du Droit Musluman*. – Бейрут, 1959.
- Учар Шахин, «Тарих Араштырмаларында Метод Меселеси», *Милли Күлтүр Дергиси*. – Анкара, Ақпан, 1991.
- Үчок Бахирийе, *Исламдан Дөнөнлер ве Йаланжы Пейгамберлер*. – Анкара, 1967.

- Watt M., *Модерн Дүниада Ислам Вахйи*, ауд. Мехмет С. Айдын. – Анкара, 1982.
- Хз.Мухаммед Меккеде*, ауд. А.Юксел, Р.Айаш. – Анкара, 1986.
- Wellhausen J., *Исламын Ен Ески Тарихине Гириш*, ауд. Ф.Ышылтан. – Анкара, 1964.
- Watt M., *Модерн Дүниада Ислам Вахйи*, ауд. Мехмет С.Айдын. – Анкара, 1982.
- Fack L.6, *Ibn Ishaq: Sein Leben und Seine Werke*. – Frankfurt-an-Main, 1925.
- Файда Мустафа, «Айша», *DIA*, II, 201-205; «Жаһилийе», *DIA*, VII, 17-19. – Стамбул, 1993; *DIA*, XII, 511-513. – Стамбул, 1995.
- «Хз.Өмерин Диван Тешкилаты», *Доғуштан Гүнүмүзе Кадар Бүйүк Ислам тарихи*, II.
- Исламийетин Гүней Арабистана Йайылышы*. – Анкара, 1982.
- Фазлуррахман, *Куран Вахйи*, ауд. Мехмет Айдын. – Анкара, 1986.
- Феййуми М.Ибраһим, *Фил-Фикрид-Динийил-Жэхили*. – Мысыр, 1982.
- Фиглалы Етхем Рухи, «Хасан» *DIA*, XVI, 282-284. – Стамбул, 1997.
- Хадрауи, *эл-Мәдина фи Садрил-Ислам*. – Бейрут, 1984.
- Халил Имадуддин, *Исламын Тарих Йоруму*, ауд. Ахмед Ағыракча. – Стамбул, 1988.
- Halkin Leon-E., *Тарих Тенкидинин Унсурлары* (Elements de Critique Historique), ауд. Б.Йедийылдыз. – Анкара, 1989.
- Халлаф Абдулауххаб, *Әс-Сиясәтуш-Шәрғийә уә Низамуд-әуләтил-Исламийә фиш-Шуунид-Дустуриййә уәл-Харижийә уәл-Мәлиййә*, Дарул-Ансар. – Каир, 1977.
- Хамауи Якут, *Мүғжәмул-Булдан*. – Каир, 1906.
- Хамидуллаһ Мухаммед,  
*Ислам Муессеселерине Гириш*, ауд. Ихсан Суреййа Сурма. – Стамбул, 1984.
- Мәжмуатул-Уәсаиқис-Сиясиййә*  
*Ислам Пейгамбери*, ауд. С.Туғ, I-II. – Стамбул, 1980.
- Ресулуллаһ Мухаммед*, ауд. С.Туғ. – Стамбул, 1973.
- Хасан Али Ибраһим, *ән-Нузумул-Исламиййә*. – Каир.
- Хасан Ибраһим Хасан, *Сияси, Дини, Күлтүрел, Сосиал Ислам тарихи*, ауд. Исмаил Йигит, Садреттин Гүмүш. – Стамбул, 1987.
- Хатипоғлу М.Саид, «Хилафетин Курейшлилиги», АУИФД, XXIII. – Анкара, 1978.

- Хаттаб Махмут Шит, *Комутан Пейгамбер*, ауд. Ахмет Ағыракча. – Стамбул, 1988.
- Хавва Саид, *эл-Әсас фис-Сүнне Сирәтин-Нәбәуийә*, ауд. Комиссия. – Стамбул, 1991.
- Хамадани Әл-Хасан б. Ахмед,  
*Сифати Жәзиратил-Араб*, басп., Мухаммед б. Али әл-Әқуа әл-Хауали. – Рияд, 1394/1974.
- Хайсеми әл-Хасан б. Ахмед, *МәмәулзЗәуаид*. – Каир, I-IX, 1352-53.
- Hitti Philip K., *Сияси ве Медени Ислам тарихи (History of The Arabs)*, ауд. Салих Туғ. – Стамбул, 1980.
- Хизметли Сабри, «Тарихи Ривайетлере Гөре Хз.Османын Өлдүрүл-меси», АУИФД, XII. – Анкара, 1985.  
«Китабул-Османийейе Гөре Жяхызын Имамет Анлайышы, АУИФД, XXVI, 681-716. – Анкара, 1983.
- Horovitz J., *Әл-Мәғазуил-Ула уә Муәллифуха*, ауд. Х.Нассар. – Каир, 1369/1949.
- Hourani A., *A Vision of History*. – Бейрут, 1961.
- Чағатай Нешет, *Ислам Өнжеси Араб Тарихи ве жахилийе чагы*. – Анкара, 1982.
- Чам Нусрет, *Исламда Санат, Ресим ве Мимари*. – Анкара, 1994.
- Челеби Ахмет, *Исламда Ейитим Өгретим Тарихи*, ауд. Али Ярдым. – Стамбул, 1983.
- Чил Халит, *Хз.Өмер Дөнеми Орду ве Ордугахлар* (жарияланбаған магистрлік диссертация), АУ, Сосиял Билимлер Енститүсү. – Анкара, 1998.
- Шемседдин М., *Исламда Тарих ве Муверрихлер*. – Стамбул, 1342/1923.
- Шенгүл Идрис, *Куран Кыссалары Үзерине*. – Измир, 1994.
- Шимшек Мехмет Сайт, *Куран Кыссаларына Гириши*. – Стамбул, 1993.
- Ышш Юсуф, *әд-Дәуләтул-Әмәуийә*. – Дамаск, 1385/1965.
- Юрдайдын Х.Гази, *Ислам тарихи Дерслери*. – Анкара, 1989.

**Сабри Хизметли**

**ИСЛАМ ТАРИХЫ**  
**Алғашқы кезең**

*Оқулық*

Басуға 17.11.2014 ж. қол қойылды. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «Times». Пішімі 60х90<sup>1/16</sup>. Баспа табағы 36,75.  
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 700 дана.  
Тапсырыс № 1177.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, zakaz@dauir.kz